



**МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ, «АҚЫНДАР МЕКТЕБІНІҢ ҰСТАЗЫ»,
АЙТЫСКЕР АҚЫН ИСАҚОВ АЙТМҰХАНБЕТ ҚҰТТЫБАЙҰЛЫНЫҢ
60 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «АЙТЫС
ӨНЕРІНІҢ АҚБЕРЕНІ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ
9-10 қазан, 2024 ж.**

Тараз, 2024

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫ
Ш.МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ**



**МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ, «АҚЫНДАР МЕКТЕБІНІҢ ҰСТАЗЫ», АЙТЫСКЕР
АҚЫН ИСАҚОВ АЙТМҰХАНБЕТ ҚҰТТЫБАЙҰЛЫНЫҢ 60 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА
ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ АҚБЕРЕНІ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ
9-10 қазан, 2024 ж.**

Тараз, 2024

УДК 811.701.122 (0938)

ББК 81.2 Каз-974

Б 81

«АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ АҚБЕРЕНІ» атты облыстық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз, 9-10 қазан, 2024. – 360б.

ISBN 974-65-3321-00-9

Жинаққа 2024 жылдың 9-10 қазан аралығында өткізілген Мәдениет саласының үздігі, «Ақындар мектебінің ұстазы», айтыскер ақын Исақов Айтмұханбет Құттыбайұлының 60 жас мерейтойына орай ұйымдастырылған «Айтыс өнерінің Ақберені» атты облыстық ғылыми-әдістемелік конференцияда тыңдалған баяндама материалдары енгізілді.

Облыстық ғылыми-әдістемелік конференцияның мақсаты – айтыскер ақын Исақов Айтмұханбет Құттыбайұлының айтыстары бойынша пайымды тұжырымдарын негізге ала отырып, «Айтыс – қоғамдық ойды қозғаушы күш», «Филология ғылымының даму аспектілері», «Педагогикалық ғылымдардың қазіргі жағдайы мен дамуы», Гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары» бойынша тың баяндамалар жинақтау.

Конференция жинағына еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының ғалымдары мен жас ғалымдардың, магистранттар мен студенттердің, сондай-ақ, мектеп мұғалімдері мен оқышылардың ғылыми жұмыстары енгізілді.

Редакция алқасы:

Саурықов Е.Б. – ф.ғ.д., профессор – төраға; Сарыбеков М.Н.– п.ғ.д., профессор Мүшелері: Пертаева Э.Қ. – ф.ғ.к., доцент м.а., Беркенова Р.А. – ф.ғ.к., доцент м.а., Белботаев А.Б. – ф.ғ.к., доцент, Кәрібаева А.Ө. – ф.ғ.к., доцент, Әбілов М. – ф.ғ.к., доцент м.а., Кужаева М.Т. – ф.ғ.к., доцент м.а., Шормақова С. М. – ф.ғ.к., доцент, Өзбеков А.Ө, Кенжебаева Ф.С., Қазжанов Ғ.Т. – п.ғ.м., Архабаева Г.Е. – аға оқытушы, Игиликова Э.С. – аға оқытушы, Сарсенбаева М.Б. – аға оқытушы, Саржаев О.Т.– аға оқытушы, Стамкулова Б.Ш. – п.ғ.м., Тлепова Б.П.– аға оқытушы, Семембаева Г.Ә. – оқытушы, Құрманбекова А.Т. – оқытушы, Байлыбеков Ғ.

ISBN 974-65-3321-00-9

Құрметті Айтмұханбет Құттыбайұлы!

Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Қайталанбас бітім-болмысы мен адами қалпы тұтастай адалдық пен шынайылықтан тұратын талант иесі – республикаға танымал айтыскер ақын, Мәдениет саласының үздігі Айтмұханбет Исақовтың мерейтойы құтты болсын.

Ақын деген жаратылыстың бойында қаншама қасиет пен өнер қатар жүретінін біреу білсе, біреу білмес. Ақынның ақындығы бір төбе! Тал бойын жамандық атаулыдан биік ұстайтын бекзат болмысы бір төбе. Адамгершілігі мен мейірімділігі, ұқыптылығы мен қанағатшылдығы, үлкенге құрметі мен кішіге деген ізет-ілтипаты, шәкірттеріне деген жанашырлығы, қамқорлығы, олардың өнерін бағалап қана қоймай, қисығын түзеп, ақылын айтып, дұрыс жолға салуы – көргенді, текті адамның ісі.

Талай шәкіртті тәрбиелеп, жамбылдық айтыс мектебінің негізін қалауға өзіндік үлес қостыңыз. Одан бөлек әрбір туындысы мен әндері де туған жеріне деген ыстық ықыласпен өріліп, көптің жүрегіне жол таба білдіңіз.

Туған елге деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік ізбасарларыңызды тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрініп келесіз.

Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығаюына өзіндік үлесі зор. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей!

Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін!

ӨЗБЕКОВ АХМЕТЖАН ОРЫНБАСАРҰЛЫ

Жамбыл облыстық айтыскер ақындар,
жыршы-термешілер орталығының директоры, мәдениет саласының үздігі,
Халықаралық айтыскер ақындар мен жыршы-термешілер одағының
Жамбыл облысындағы филиалының төрағасы

АҚЫНДАР МЕКТЕБІНІҢ ҰСТАЗЫ ИСАҚОВ АЙТМҰХАНБЕТ ҚҰТТЫБАЙҰЛЫНА
ПОЭТИКАЛЫҚ АРНАУЛАР

ЖАЛҒАНҒА КІМДЕР КЕЛІП КІМ КЕТПЕГЕН

Жалғанға кімдер келіп кім кетпеген
Дүние өтіп кетер дүрмекпенен
Қасықтап жинап терген абыроймен
Еңбегің еленеді тірнектеген
Ағамның алпыс жасы құтты болсың
Ары түгіл көйлегін кірлетпеген
Алланың ақ жолынан айнымастан
Қайттыңыз қажы болып бір меккеден
Айтыста төл шәкіртің болмасам да
Ұстаз деп өзіңізді үлгі еткен ем
Әкіміңіз қадірлеп кеш өткізіп
Тойды да атқарды ғой күнде өтпеген
Ал бүгін ақындардың басын қосып
Айтыс жасап беруді міндеттеген
Айтамын шексіз алғыс ағайынға
Әр басқан қадамынан гүл көктеген
Жамбылдың жаны жайсан елі аман ба
Ақының тірісінде құрметтеген

Алдыға жетелейді пендені арман
Алайда өте шығат демде жалған
Айтаға аты шулы айтыскерсіз
Ауырған жүректерді емдеп алған
Аңшылықта бар еді бойыңызда
Мылтығын асылып ап белге барған
Өзіңіздей балықшы жігіт едім
Қолына қармағын ап көлге барған
Ұстаздар көп болса екен өзіңіздей
Ел үшін кең маңдайын терге малған
Ағамның өзі мерген сөзі мерген
Өлеңімен олжасы төрге барған
Бір ауызбен айтқаны елде қалған
Қос ауызбен атқаны жерде қалған.

Ернұр Бейсен

ТӨСІНДЕ ТУҒАН ТАЛАЙ ҰЛАНЫҢ БАР

Жамбылым сәт бергенде оңтайлы Алла
Абройың асқақ маған шанхайданда
Төсінде туған талай ұланың бар
Шіреніп мақтанатын шалқайғанға
Айт аға еңбегіңді елге айтайық

Өнерге тиді емеспе зор пайданда
Мұхаммеджан айнұрлар бастап кеткен
Шәкірттердің ортасы ортайған ба?
Шапағаттар шәкірт боп ілескенде
Елуде ақ жүзіңнен әр тайған ба?
Пенсияға шығарып салып біздер.
Нұрисламдар жетектер қартайғанда..
Ақынды тот баспайды дейді халық,
Мерейі мерейтоймен марқайғанда..

ЕЛІБЕК НҰРМАХАНБЕТОВ

Қақ жарып шыққанындай емен тасқа
Додаңа кіріп келді дөнен қасқа
Алпыстың асқарына шыққан ақын
Өлеңменен тыныстап дем алмаспа
Ұлағатты ұстаз деп сізді айтамын
Жыр айдында тимепті кемең тасқа
Бүгінгі мерей тойың құтты болсын
90 жаста Кенендей өлең баста
Менде ұстаз жоқ еді сенен басқа
Сенде шәкірт көп еді менен басқа
Жүзге жуық шәкірттің бағын ашып
Жырдан жүйрік мінгіздің өрен жасқа
Жамбылдан шыққан ұстаз жетіңізшы
Жамбыл бабам жасаған кемел жасқа

АЯТ БӘТЕЙ

Жырыңнан шашу шашып қайманаға
Жөн сілтеп жол бермедің қай балаға
Айт аға алпысыңыз құтты болсын
Қуаныш силап жатқан айналаға
Қаншама шәкірт баптап өсірдіңіз.
Ұстазы осал болса бәйгі алама
Мұхаммеджан Айнұрлар сізді айтады
Сұхбат беріп отсада қай қалада
Сіз ауылда қалдыңыз туған жерде.
Аласұрып қайтем деп айдалаға.
Пионер болғанымен бұрынғы аты
Қазақша ат бердіңіз жайғап аға
Қаншама жыл жүгіріп алысқансоң
Ашшыбұлақ болыпты сай бағаңа
Пионерді қазақша қылам деп те,
Пенсионер болдың ғой қайран аға

ДАРХАН ӘБДИМАНАТ

ЖАҚЫНДАТЫП АЛЫСТАҒАН АРМАНДЫ ІРІ

Жақындатып алыстаған арманды ірі
Ақынның байқалмайды аңғалдығы
Айтмұхамбет ағаның тойы бүгін
Сөзінің ешқандай жоқ жалғандығы
Жастайынан нағашыдан домбыра алып
Тебіrentіп айтатын толғауды ірі
Аса жайлы күмбірлеп ән шығарған
Басшылықтан табылып қолдауды ірі
8 қырлы бір сырлы ағам еді
Аңшылығы, балықшы, бағбандығы
Облыстың бас ақыны сіз боп тұрсыз
Құрметтейміз дәл сіздей заңғарды ірі
Кәзіргі айтыс шырақшысы сіз деп білем
Ел үшін болып тұрған зор қадірі
Негізі шырақшыға байланысты
Шырақтың ұзақ лаулап жанғандығы

Адам еңбек етпесе шөп өтпейді
Семіріп шөп өспесе төл өспейді
Шәкіртті шығаруға келген кезде
Айтағаммен еш адам теңеспейді
Мұхаммеджан Айнұрдың әр теңеуі
Бұл күндегі жастарға кеңес дейді
Ғани менен Маралбек әншілерің
Олар да бір алынған белес дейді
Шапағаттың жырлары қуат берсе
Ол адамның беделі неге өспейді?
Елібек Жанерке мен Бакнұрлардың
Жетілуі теп тегін емес дейді
Осылардың бәріне қорған болған
Ағамызға неге жылы жел еспейді
Ұстаз деген кім десе біреу маған
Көзіме Айтағамыз елестейді

Дәл сізден жыр Жамбылдың көрем кейпін
Айдыңға жүзіп шықсам өлең дейтін
Сіз шыққанда сахнаға халық бар ма?
Жырға қанып қуанышқа бөленбейтін
Барлық ақын айтады ағамызды
Теңеуге келген кезде шебер дейтін
Себебі ағамызда қасиет бар
Өлеңі ешқашанда көнермейтін
Жас ақындар топтасса жан жағына
Айтыстың болашағына сенем дейтін
Сізді алып бәйтерекке теңер едім
Тамыры талай жылға тереңдейтін

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ

АЙТМҰХАНБЕТ ИСАҚОВТЫҢ СУРЕТКЕРЛІК, САЗГЕРЛІК КЕЛБЕТІ

ӘБІЛОВ МЕНДІБАЙ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Менеджмент академиясының (Павлодар) профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

О баста қассақтар деп аталған қазақ халқы желкілдеп өскен құрақтай өсіп келе жатқан ұрпақтарын ән бесігінде, күй бесігінде тербетіп, оларды өнерден рухани ләззат алуға баулыды. Ежелгі дәуірлерде өмір сүрген Тоғанас жырау мен Молақсай жыраулар өздерінің шығармалырын әуен бесігіне бөлеген, әуенмен мұңайған ел-жұртты жұбатқан, Қорқыт ата мен Кетбұға күйшінің өнердегі байланысы біздің ән тарихымыздың көне замандардан басталатынын дәлелдейді. Ал, әншілік, сал-серілік өнер ежелгі дәуірден аманат болып, ғасырдан ғасырға жетті.

"Көңілге түрлі ой салар, әсем ән мен тәтті күй" деп Абай атамыз айтқандай әннің де, күйдің де киесі бар екенін ұмытпайық. Ал әннің сөзін де, әнін де шығаратын таланттарды киелі, дарынды емес деп қалай айта аламыз? Көне дәуірде ән-би десе арқасы қозып, тобылғы сапты қамшысымен бойына шабыт шақырған, дүйім жұрттың делебесін қоздырып, магиялық күшке толған тұла-бойындағы алапат тылсым күшті жындарға қарсы қолданған бақсылардың қасиетті биі көшпенділерге рухани күш беріп отырғаны, бақсылар биінің талантты жанның тұла бойына өнер дарытқаны рас еді. Айналып келгенде ақын да, жырау да, жыршы да, биші де, әнші де, күйші де бір бұлақтан сусындаған, Алла тағалам бойына өнерді ұялатқан.

Белгілі әдебиетші ғалым Берік Жүсіпов: "Бабалардан жеткен аманат өнерден бас тарта бастаған ХХІ ғасыр тыңдарманының көңіл-күйін Абай осыдан жүз жыл бұрын тамыршыдай тап басыпты. Айтушысы мен тыңдаушысы таразы басын теңестірген Абай заманының көтерер мәселесі ме еді, осы? Ақын алдағы күмәнді күнді болжап, есіл сөзін келешекке арнап айтыпты..."

Өнер үйреткен ғазиз бабалар сол өнерді қалай тыңдап, кайтіп кәдеге жарату керектігін үйретпеді дей алмас едік. Шерлі Абай: "Әнді сүйсең менше сүй" демеді ме? Өлең-сөздің бекзадасы қанша айтса да ескермеппіз... Дін бұзылса, тек таратушыдан ғана бұзылатыны сияқты, ән мен жыр да тыңдаушысының талғамсыздығынан семе бастайды... Бүгінде тыңдаушысы жоқ әнші мен жыршы "жетім". Тыңдаушысынан пана таппағасын емес пе, ұлттық танымға жат, болашағына балта шауып, ұрпақ санасын улап жатқан әулекі әуен түрлерінің босағасына жалданып жүргендері. Кім болып, неге айналып барамыз?

Киелі өнерге құлақ түре білген ел едік қой..." - деп рухани қазынамыз құлдырап бара жатқанын күйзеле жазды (*Б. Жүсіпов, "Ойтұмар", әдеби-көркем сын, эсселер мен сұхбаттар, Алматы, "Арна" баспасы, 2009-жыл, 3-4-беттер*).

Біздің ақын-сазгеріміз Айтмұханбет Исақов техногендік өркениетке қарсы күресте өлең жазып, әнін шығаруды таңдапты. Алла тағала оны осындай қызықты әрі қиын, зор еңбек етуді, мұңайғанды жұбатуға, қайғыға батқан жүректі әнімен тербетуге дағдыландырыпты.

Халық сазгерлері Абай, Біржан сал, Жаяу Мұса, Ақан сері, Мұхит, Майра, Балуан Шолақ, Мәди мен Естай әндері, Әсет пен Шашубайдың, Мариям Жагорқызының, Жарылғапбердінің, Кененнің әндері халықтың рухани қазынасына айналды.

Бұл дәстүрді жалғастырушылар-сөзін де, әнін де өзі жазып, халқымыздың рухани қазынасын көңіл төрінде аялап, көңілдің ажары болған әндерін қазіргі таңда өскелең ұрпақтар тамылжыта шырқап жүр. Көне дәуір дәстүрін өз халқына ұсынып, әншілік өнерді ұрпаққа аманат етіп қалдыра білген Сәкен Сейфуллинді ("Тау ішінде"), Қасым Аманжоловты ("Туған жер", "Дариға, сол қыз"), Құрманбек Жандарбековті ("Туған елім"), Мұрат Ыбыраевты ("Аңсап келем, туған жер", "Сағындым, сәулем, бал кезді"), Кеңес Алпысбаевты ("Арманымның ақ құсы"), Илья Жақановты ("Әсел", "Жайлаукөл кештері", "Көгілдір көлме"), Бәкір Тәжібаевты ("Ақбұлақ",

"Туған жер, өзің дегенде"), Мұхтар Шахановты ("Мен саған ғашық едім", "Жұбайлар жыры"), Кәкімбек Салықовты ("Аққу жеткен"), Исрайыл Сапарбаевты ("Сағыныш сазы"), Бақытжан Әзірбаевты ("Наз", "Құштар көңіл", "Бал күндер"), Сапарбек Медеуовты ("Ақ қайың"), Бекділдә Алдамжаровты ("Шулаңдаршы, қайыңдар", "Күндерім менің", "Шырқа әніңді", "Сағындым өңді"), Қажытай Ілиясовты ("Туған жер", "Әкеме", "Қаршыға", "Кешіктің неге сен?"), Орысбай Әбділдаевты ("Солдат сағынышы"), Жарылқасын Тұрлыбековті ("Ана туралы ән", "Ақ күріштің анасы"), Тұтқабай Иманбековті ("Сыр ашу", "Сүйген жар", "Аңсау", "Сағыныш сазы"), Тынышбай Рахимовты ("Махаббат көктемі", "Жас шофер әні", "Қымбаттым", "Жарыласын Боранбаевты ("Ғұмыр туралы жыр", "Бақытым сен екенсің"), Жарылқасын Тұрлыбековті ("Жан жарым", "Аңсау"), Сағит Садықовты ("Шағаласы жанымның", "Құстар-ай"), Қарабай Әбуовті ("Үміттеніп жүрейін") т.б. атап айтуға болады.

"Қазіргі таңда қазақтың ән-жырларынан гөрі еуропалық дәстүрдегі жеңіл әуендердің кең көлемде насихатталып келе жатқаны жасырын емес. Тәуелсіз еліміздегі радио мен телеарналарды шетел музыкасының жаулап алғаны соншалық, қазақтың әні мен күйін сирек еститін болдық. Төрімізге бөтен жұрттың мағынасыз әуендері шығып, қазақтың дәстүрлі өнері есіктен сығалап қалған жәйі бар. Сондықтан ұлттық рухымыздың түлеуіне кері әсерін тигізер осындай түйінді мәселелер төңірегінде әңгіме қозғап, ой бөлісудің мезгілі пісіп-жетілген сияқты..." деп жазды белгілі әдебиетші, фольклоршы Б.Жүсіпов (*Б. Жүсіпов, "Ойтұмар", әдеби-көркем сын, эсселер мен сұхбаттар, Алматы, "Арна" баспасы, 2009-жыл, 237-бет*).

Ақын және сазгер Айтмұханбет Исақовтың әнге жазылған өлеңдері табиғат, туған жер, махаббат туралы.

Айтмұханбет Исақовтың "Ащыбұлақ-ауылым" атты әнге жазған өлеңі ақынның ұлан-ғайыр жерге ие болған кең байтақ еліміздің өсіп өркендеуіне дәнекер болған ауылдың таңғажайып көркін назым сөзбен өрнектеп, әуенмен әрлеген:

Бойында қатар қонған Қарасудың,
Тамаша талай күнді таң асырдым.
Ауылым Ащыбұлақ елді мекен,
Кешегі көзін көрген бар асылдың.

Немесе:

Айкүміс, Миялы өзек, Шайданасы,
Ежелгі Ащыбұлақ айналасы.
Аққұм мен Ботақара Көктөбенің,
Төскейді төрт түлікке бай баласы,-деп өріледі.

Әсел Назаралымен бірігіп жазған "Аса-асыл әнім" атты өлеңінде суы мөлдіреп ағатын Аса өзені туралы тебіреніп: "Айша бибі қонған жер жағасында // Қыз Әулие тілегі қабыл болып // Аңыздар қалған талай даласында..."-деп өлеңге тарихи тұлғаларды ендіреді.

Әйгілі Кенен атамның "Қызыл қайнар" атты әнінде:

Ұзынсу мен Иірсу, Қызылқайнар,
Қыз, бозбала жиналып күліп -ойнар...
Сұлу қыздай керілген Сұлутөрім,
Ән шырқатып, айтысып жүрген жерім... немесе:

Басынан Алатаудың ұлар ұшқан,

Ой жүйрік қалыспайды ұшқан құстан...-деп туған жердің табиғатын махаббатқа ұластыра

жырлайды:

Қызылқайнар, Шөлқайың,

Су ағады сай - сайын.

Сен сағынсаң ай сайын,

Мен сағынам күн сайын.

"Керегенің көзіне қол жалғасып,

Шәй орамал ұсынған кербездерім..." немесе:

Көзінен керегенің жүзік беріп,

Құрбыларым едіңдер қолды қысқан...-деп табиғат пен нәзік сезімді қабыстыра жырлайды.

"Сенің бейнең", "Құрбым-ай" атты өлеңдері жүректі шымырлатады, махаббат айдынына құлаш ұрып кете барасың. "Сенің бейнең" атты өлеңінде:

Жастығымның жалындаған,

Шырағысың жағылмаған.
Сенің бейнең жаным маған,
Табынуға табылмаған.
Сені бақыт құсым десем,
Көктен күнім түсірмес ем.
Қол созбасаң түсімде сен,
Шын сүюді түсінбес ем.
Күннің нұры ерте -кеші,
Күлімдеші, еркелеші.
Сезімімді тербегесін,
Тек жанымды өртемеші.
Ерте мезгіл ертегі еткен,
Күлімдейді ерке көктем.
Нәзік гүлім еркелеткен,
Шуағымсың өртеп өткен...

деп рухани ләзатқа бөлейді.

"Бозұйден таң алдында күйеу шығар,
Артынан қалар жары бетін басып.
Келгенше енді айналып кім бар, кім жоқ,
Ей, қалқа тіліңді әкел, аузыңды ашып.
Тісіңмен сары мойның жаудырасың,
Тіліңнен жан шөлімді қандырасың.
...Аршын төс, алма мойын шаһизада,
Төсектен сүмбіл шашың салбырасың,-

-деп ақын һәм сазгер Жарылғап бердіше жырламағанмен

Сейдана мен жүзіңе жарасымды,
Сендей қайдан табармын жаны асылды.
Секем алып көңілім болмашыдан,
Сен соққандай жүрегім аласұрды, –

деп әйгілі Шығыс ақындарының ширатпа шумағын еске түсіретін "Құрбым-ай" атты ән-өлеңі ақынның нәзік сезімінің жалт еткен таңғы шықтай көрінісі болып, жүректі шымырлатады.

Дарынды ақын – сазгердің болашаққа қойған арман-мақсаттарының биік екенін сеземін. Сол биікке самғап жете бер деген тілегімді білдіргім келеді. Әніңіз бен өлеңдеріңіз рухани қазынамызға айнала берсін, Әумин!

ЖАМБЫЛ ӨҢІРІНДЕГІ АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ АЙТМҰХАНБЕТ ИСАҚОВТЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

МАҚАШЕВ БАҚЫТЖАН МАХАНҰЛЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің аға оқытушысы,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі, ҚР Білім беру ісінің үздігі, әдебиеттанушы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Қазақ ауыз әдебиетінің, оның ішінде айтыс өнерінің көне дәуірлерден бастау алатыны белгілі. Бүгінгі кеш иесінің шығармашылығына шолу жасамас бұрын осы өнер түрінің өңіріміздегі өткен кезеңдері мен бүгінгісіне бір көз жіберіп алғанды дұрыс көріп тұрмын. Уақыт бейнесі мен бедерін, елдік қарым-қатынастарды, руаралық талас-тартыстарды, тұрмыс-тіршілік түйткілдерін, жеке адамның бойындағы артықшылықтар мен кемшіліктерді безбенге салып, оны көпшілік алдында қопара айтып, қоғам шындығын шырқыратып көрсететін айтыс жанрының қазақ руханиятындағы орны әрдайым ерекше болған. Алтайдан Атырауға дейінгі ұлы даланың ғасырлар бойы сыншысы да, жыршысы да, ел намысын қорғап, ер абыройын асқақтатқан дарын иелері-осы айтыс ақындары екенін ешкім жоққа шығара алмаса керек-ті.

Біздің Әулиеата өңіріндегі айтыс өнері мен ақындар мектебінің тарихы туралы сөз қозғағанда ауыз толтырып айтуға болатын рухани мұраларымыздың мол екенін айтқым келеді. Жамбыл облысының 80 жылдығына байланысты «Тараз мұралары» сериясымен шыққан 80 томдықты, оның ішінде айтысқа арналған екі кітапты құрастыру барысында менің бұған көзім анық жетті. Әдебиетші ғалымдарымыз бен өнерге жанашыр азаматтардың жылдар бойы жинаған еңбектерін саралап, құрастыру барысында Шу-Талас бойында өткен ғасырларда үлкен айтыс мектебінің қалыптасқаны белгілі болды.

Ұлбике бастаған Шәшкел, Назым, Жаңылдық, Мәдина, Қадиша, Салиха, Фатима, Самалық, Шәрбан, Күлжамал, Мәйке, Баян сияқты үлкен ақын қыздардың шоғыры мен Жамбыл, Майкөт, Кенен, Ашаның алты салы, Бармақ, Қалыбек, Шерім, Төребай, Төреқожа, Жылысбай, Мизамбай, Қорақожа, Исабек, Балабек, Бұралқы, Дуанбек сынды арқалы ақындардың айтыстарын сұрыптап, құрастыру барысында бізде өзге өңірлерге үлгі боларлық ақындар мектебі қалыптасқанын айқын сезіндік.

Әрине, әр дәуірдің өзіне тән талабы, мәдениеті мен тұрмысының өзгеруіне орай ерекшелігі болады, уақыт сұрқылтайы-ақындардың да кезеңге сай талант болмысы, шығармашылық шеберлігі жаңғырады, шыңдалады, бейімделеді.

20-ғасыр қазақ үшін қиындықтар мен нәубетке толы дәуір болғаны белгілі. Осы уақытта «руаралық талас-артысты қоздыратын өнер түрі» деген өлшеммен айтыс ондаған жылдар бойы мәдениет алаңынан аласталып та кетті. Тек қазақ зиялыларының 1943 жылы әр өңірден ақындарды жинап, республикалықкөлемде үлкен айтыс өткізгенінен соң ғана бұл бағыттағы сең қайта жылжи бастады. 40-60 жылдары Әбденбек, Қазыбай, Құдайберген, Есдәулет, Тілеуқабыл, Қуат, Жақсыбай, Әбдіғапар, Өкім, Дулат, Шекербек секілді ақындардың аттары белгілі болса, 70-жылдары Аяз, Байзақ, Шырын, Айтқұл, Кәріпжан, Тоқтархандар облыстық айтыс сахнасына шықты. Ал, 1980 жылдардың басында Шорабек, Серік, Жамбайбек, Рзыхия, Әлсейіттер танымал болды. 1980 жылдардың соңына қарай Шорабек, Серіктердің ізін басқан, кейбірі өздерін оларға шәкірт санаған бір шоғыр ақындар айтыс алаңына келді. Олар Үміт, Ербол, Асқарбек, Бауыржан, Әзімбек және бүгін алпысқа келіп отырған кеш иесі Айтмұхамбет Исақовтар еді. Мен өзімді бұл топқа қоспай-ақ қояйын. Сол жылдары осылармен қатар айтысып, айтыстың ауыр жүгін бірге көтеріскеніммен менің бір себептермен бұл саладағы шығармашылық ғұмырым қысқа болды.

Аймақ мәдениетінің дамуынан хабары бар азаматтар білер, осы топ өңір айтысының дамуына соны серпін, тың леп әкелді. Әр ауданда, облыс орталығында жиі жүйелі айтыстар ұйымдастырылды. Бұрынғы жаттанды, жазба үрдістен, суырып салу, қысқа қайырып қағытпа қалжыңдар қосу, тарихқа тереңдеу, ақтаңдақтарды айту, тіпті билікті сынау осы кезең ақындарының еншісіне тиді. Бізден кейін Мұхаметжан, Айнұр, Алтынкүл, Ахметжан, Райхан, Біржан, Шырынбек, Есеттер келді. Қарап отырсақ кешегі Майкөт, Ұлбикелерден бүгінгі Асхат Қылышбек, Алина Айдаралы, Қанат Мырзахандарға дейін Әулиеата айтысының ұзақ жылдарға жалғасқан арналы жолын, айшықты дәстүрін көреміз.

Енді бірер сөз – бүгінгі кеш иесі туралы. Айтмұхамбет Исақов – жоғарыда мен айтқан шоғырдың ішінде суырып салып, суреттеп айтатын, ойына сөзі, сөзіне мақамы үйлесіп, тапқыр қалжыңды қыртысты қара өлең үлгісімен шебер жеткізе білетін ақын. Сол уақытта айтысқа келген қай-қайсымыз да білім-білігімізге, құдай берген қабілетімізге орай өзімізге тән өрнегіміз бен қолтаңбамызды ала келдік. Шорабектің шоқ тілі, Серіктің тапқырлығы, Бауыржанның сал-серіге тән сұлу сөздері, Әзімбектің әзілдері, Үміттің мағыналы, мазмұнды, ал Ерболдың екпінді жырларымен қатар Айтмұхамбеттің түйдек-түйдек тіркестері мен тың теңеулері сол кезең айтысының естен кетпес ерекшеліктері болатын.

Мен осы баяндаманы жазу барысында Айтекеңнің екі-үш айтысын тауып, қарап шықтым. Кезінде сахнадағы айтыстарының біразына куә болдық қой, дегенмен ол уақытта өзіміз де домбыра құшақтап, қарсыластың қапысын қарап жүріп, онша тиянақты тыңдамаған екенбіз. Қадау-қадау шумақтар, қиыннан қиыстырылған өлең қатарлары көп екен. Қалжың сөздерінің өзі тиіп салма жай әзіл емес, қазақи бояулы, тапқыр, тосын теңеулерге толы. Үмітпен айтысында:

Қарайсың биіктерге биігіңнен

Қашып шыққан жайын бар үйіріңнен.

Азуы алтын қарыс қасқа айғыр

Бүлкілдеп келіп тұр ғой бүйіріңнен,-

деп құрдастық қалжыңмен қағытса, шәкірті Мұхаметжанмен айтысында:

Мен дағы айтыстағы ақ алмаспын,
Бірақта саған сілтеп бара алмаспын.
Бір құлатсам ар болар өзіме де,
Түбі түссе көтеріп сала алмаспын.
Тоқсан әйел толғатып ұл тапса да,
Ішінен дәл сендей ұл таба алмаспын, –

деп ағалық ақ жүрекпен інісінің мерейін асыра айтады. Ал Алтынкүлмен айтысында;

Алтынкүл сен жайында пайымдададық,
Мен сенің түсінемін жайыңды анық.
15 жастан айтысқа түсіп едің,
Қазақстан бойынша мойындалып.
Тойға піскен тоқаштай томпақ едің,
Секілді болдың қазір жайын балық.
Алтынкүл жатпай – тұрмай осы күні,
Бушудоға жүрсің бе дайындалып, –

деп, өткірлеу әзілдеп, ақындық азуын да байқатып қояды. Жалпы Айтмұхамбет шығармашылығында қазақ айтысына тән мұндай ұлттық қалжыңдар мен сәтті сатиралық үлгілер көптеп кездеседі. Мен тек көзіме көрінген, қолыма ілінген бір екеуін ғана тілге тиек еттім.

Бұлай дегенде Ақанайды тек әзілқой ақын екен деген ұғым тумаса керек-ті, оның ел жайын айтқан, тарихты толғаған, өткеннің өкінішін, бүгінгінің бас ауруын сөз еткен, тіпті билікті сынаған сындарлы, салихалы жырлары жетіп артылады.

Сөзімнің бар тұзы да, шекерлері,
Таратсам талай жұртқа жетер тегі.
Ақтамберді жыраудай жыр толғасам,
Ел-жұртым жиылар ма шетелдегі?
Алыста жүрген сонау бауырлардың,
Жатқа тұрақ болып жүр мекендері,-

деп, әлі елге көш басталмаған уақытта сырттағы қандастардың мәселесін қозғайды.

Бір айтысында:

Кеттік қой батырға да батыр демей,
Ашты ғой ақиқатты ақыр көмей.
Кешегі нәубеттерде, ақтаңдақта,
Ақынды жау деп білдік, ақын демей.
Хан мен би, бек қараға қосылған соң,
Етті ғой Голошкекин тақыр кедей,-деп өткен дәуірдегі нәубеттерді, 30-жылдардың ойранын

айта келе,

Жыл өтті, айың да өтті, күнің де өтті
Көпті өкініп, ал азды күлімдетті.
Жылқы мінез қазақтың асаулары,
Ноқта түсіп басына бұрын кетті-

деп, арманда кеткен ұлт тұлғаларының тағдырымен түйіндейді.

Біз білетін Айтмұхамбет жуас, біртоға, адуындықтан ада момын азамат қой, бірақ оның кейбір айтыстағы шумақтарынан асаулық, тіліп түсер тікмінез бен теуіп тастар тарпаңдық та аңғарылып қалады.

Жай сөзден әркімнің-ақ жел еседі,
Оған да жібермеспін мен есені.
Халық егер ақынын ардақтаса
Ал ақындаржұртыменкеңеседі.
Жұртыма артық айтуға қосылармын,
Елбасы елден артық демес едім,

-деп, кешегі күн көсемнің заманында-ақ екінің бірі айта алмайтын сөзді айтып, биікке құрып,сілтеп, жіберетіні де бар.

Жалпы Айтмұхамбет Исақовтың айтыстағы өрелі өрнегі мен қуатты қолтаңбасының дәлеліне мысал көп. Әдеби талдау мен ғылыми пайымдауларға арқау боларлық өлең үлгілері

жетерлік. Республикалық аламандарда топ жарып, дода бұзбаса да аймақ айтыстарының ақтан кері болған бұл азаматтың шығармашылығын насихаттау ісі жалғасын таба берсе дейміз. Сонау бір жылдары айтысқа ауыздығын шайнап келген арда құнан бүгінде алпыстың асқарына шығыпты. Аз-көп жыл аталы жырдың ауырын арқалап, Айнұр мен Мұхаметжандай шәкірттер биелеген ұстаз-ақынның мерейлі жасы құтты болсын! Деніне саулық, отбасына амандық тілеймін!

МҰХАМЕДЖАН ТАЗАБЕКОВ ПЕН АЙТМҰХАМБЕТ ИСАҚОВ АЙТЫСЫНДАҒЫ ОЙ БАРЫМТАСЫ МЕН СӨЗ ҚАРЫМТАСЫ

МУРАТОВ ДАНАБЕК ДАУЫЛБАЙҰЛЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Айтыс – қазақтың ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігі, ақындардың шығармашылық шеберлігін және өнердегі бәсекелестігін білдіреді. Мұхамеджан Тазабек пен Айтмұхамбет Исақовтың айтысы осы дәстүрдің бірегей мысалдарының бірі. Айтыс барысында екі ақынның дарындылығы, шешендігі, және айтысу шеберлігі айқын көрінеді.

Айтмұхамбет Исақов – қазақтың атақты айтыс ақындарының бірі. Ол өз шығармашылығында халықтың мұңын, жоғын, тарихи шындығын терең жеткізген. Исақовтың айтыстары – оның өміріндегі маңызды кезеңдерді, қоғамдық мәселелерді, және халықтың өмірін сипаттайды. Ақынның шешендігі мен таланты әрдайым тыңдармандарды таң қалдырып, олардың көңілінен шыға білді.

Айтыс барысында Айтмұхамбет Исақов өзінің ақындық шеберлігін, шешендігін және мұқият ойластырылған жауаптарын көрсетті. Мысалы, оның Мұхамеджанға айтқан:

АЙТМҰХАМБЕТ:

Тағы да шығып қалдың кекіл кертіп,
Неде болса, ал Мұха, еркінделік!
Ұстаз-шәкірт екеуміз қалып қойдық,
Қоржынның екі басы секілденіп.
Жасқанбас қыран таудың күз-тасынан,
Шәкір талғыр болмағы ұстазынан.

Бұл үзіндіде Айтмұхамбет Исақов шәкірті Мұхамеджанға арналған сөздерін айтып отыр. Ол шәкірті мен теңдей айтысқа түсуге дайын екенін көрсетеді, әрі ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынаспен байланысқа ерекше назар аударады. «Қоржынның екі басы секілденіп» деген сөз арқылы олардың бір-біріне тең екенін айтады.

«Ағанды болып отсың сыйлағандай,
Сыйлап тұрып түп-тура қинағандай.
О, тоба, қайрап жүрген өз қылышым,
Қынабына боп отыр сыймағандай»

Бұл жерде Айтмұхамбет өзінің шәкірті Мұхамеджанның өнерін жоғары бағалап отыр. Ол Мұхамеджанның күшті айтыскер екенін мойындап, оны «қайралған қылышқа» теңейді. Мұнда Айтмұхамбет өзінің шәкіртіне деген мақтаныш сезімін білдіріп, оның өнерін ашық түрде мойындайды.

«Осындай мықты ақынды өсіріппін,
Бүгін өліп кетсемде өкінбеспін».

Бұл сөздер Айтмұхамбеттің өзінің мақсатына жеткенін, шәкіртінің өнерінің биік деңгейде екенін мойындайды. Ол өзінің тәлімгерлік рөлін сәтті орындап шыққанын, енді шәкіртінің жетістігімен мақтана алатынын айтады.

«Ақындар елдің жайын ойлайды екен,
Қазағым қасиетін жоймайды екен.
Дегендей «Ер кезегі үшке дейін»,
Ізетке найза бүгін бойлайды екен»

Бұл сөздерде Мұхамеджан өзінің ақындық мақсатын ашық білдіреді. Ол ақындардың қоғамдағы рөлі туралы, елдің жағдайын ойлайтынын айтып отыр. Сонымен қатар, «Ер кезегі үшке дейін» деген қазақ мәтелін қолдана отырып, айтыстағы өз кезегінің келгенін меңзейді.

«Мен сізге ақыл айтар жан емеспін,

Шынаша құстай алма сөз шынтағын.

Ағамда маған кесір бола алмайды,

Дауыл боп інісіне соға алмайды»

Бұл жерде Мұхамеджан өзінің жеке тұлғар етінде тәуелсіз екенін білдіреді. Ол ағасы Айтмұхамбетке деген құрметін сақтай отырып, өзінің де айтысқа дайындығын көрсетеді. «Шынаша құстай алмас өз шынтағын» деп, ол өзінің ақыл айтудан аулақ екенін жеткізеді.

«Өйткені, қазағымның бір сөзі бар,

«Өткір пышақ өз сабын жона алмайды».

Мұхамеджан бұл жерде қазақтың атақты мақалы арқылы ойды тереңдете түседі. Ол адамдардың өзіндік кемшіліктерін айтып, әркімнің өз мәселелерін шешу қабілетін шектейтінін көрсетеді.

Айтмұхамбет Исаков пен Мұхамеджан Тазабек арасындағы айтыс терең ойлар мен астарлы мағыналарға толы. Әрбір айтылған сөз халықтың рухани байлығын, ақындардың шеберлігін және қоғамдағы өзекті мәселелерді қозғайды. Айтмұхамбеттің шәкіртіне деген мақтанышы мен Мұхамеджанның ұстазына деген құрметі айтыс өнеріндегі терең моральдық құндылықтарды көрсетеді.

АЙТЫС – ҚОҒАМДЫҚ ОЙДЫ ҚОЗҒАУШЫ КҮШ

РИНАТ ЗАЙТОВ ПЕН ҚЫРҒЫЗ АҚЫНЫ ТУТКУЧЕВ ААЛЫНЫҢ ЕЛ ТУРАЛЫ АЙТЫСЫ

ЕСЕНОВ ШАПАГАТ НУРГАИНОВИЧ

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ҒАНИҚЫЗЫ БАЛНҰР

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның 10 сынып білім алушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Айтыстың тәрбиелік мәні мен міндеттері өте зор. Ол тек өнер түрі емес, жастарды тәрбиелеудің тиімді құралы. Міне, айтыстың негізгі тәрбиелік мәні мен міндеттері.

1. Ұлттық құндылықтарды насихаттау

Мақсаты: Жастардың ұлттық мәдениетке, дәстүрлер мен салттарға деген құрметін арттыру.

Міндеті: Тарихи оқиғаларды, батырларды, халықтық өнерді сөз ету.

2. Шығармашылық қабілеттерді дамыту

Мақсаты: Жастардың шығармашылық ойлау, өнерге деген қызығушылығын арттыру.

Міндеті: Сөз өнерінде өзін-өзі көрсету, жаңа идеяларды ұсыну.

3. Әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру

Мақсаты: Жастарды қоғамдық мәселелерге, елдің болашағына жауапкершілікпен қарауға шақыру.

Міндеті: Қоғамдағы өзекті проблемаларды көтеру, жастарды белсенді азаматтық позицияға бағыттау.

4. Тіл байлығын арттыру

Мақсаты: Қазақ тілінің сөздік қорын, поэтикалық құрылымдарын меңгеру.

Міндеті: Тілді мәнерлеп, бай да әсерлі сөйлеу дағдыларын дамыту.

5. Патриотизмді нығайту

Мақсаты: Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілікті арттыру.

Міндеті: Ел тарихын, мәдениетін, табиғатын мадақтау.

6. Сахнада сөйлеу дағдыларын дамыту

Мақсаты: Жастардың көпшілік алдында сөйлеу, өз ойын ашық білдіру қабілетін арттыру.

Міндеті: Сахна мәдениетін, өзін-өзі ұстауды үйрету.

7. Ұжымдық жұмыс пен достықты қалыптастыру

Мақсаты: Жастар арасында достық, ынтымақтастық рухын дамыту.

Міндеті: Айтысқа қатысу арқылы командада жұмыс істеуге, пікір алмасуға үйрету.

Айтыс – жастарды тәрбиелеудің қуатты құралы. Ол ұлттық мәдениетті, рухани құндылықтарды сақтап, жастардың шығармашылық әлеуетін ашуға, қоғамда белсенді, жауапкершілікті азаматтарды қалыптастыруға бағытталған. «Айтыс» – қазақтың дәстүрлі ауызша поэзиясының бір түрі, халықтың мәдениетінде және ұлттық идентификациясында үлкен рөл атқарады. Оның қоғамдық күшті қозғаушы факторлары көп. Айтыс барысында ақындар өзара пікір таластырып, қоғамның өзекті мәселелерін көтереді, дәстүр мен жаңашылдық, мораль мен этика, патриотизм мен ұлттық құндылықтар туралы ойларын жеткізеді. Айтыс жастардың бойында шығармашылық қабілеттерді дамытуға, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті арттыруға, және әлеуметтік мәселелерге жауапкершілікпен қарауға көмектеседі. Сонымен қатар, айтыс халықтың бірігуіне, ұлттық бірегейлікті нығайтуға және қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпал етеді. Қысқаша айтқанда, айтыс – тек өнер түрі ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани және әлеуметтік өміріндегі маңызды элемент.

Айтыс арқылы жастарға білім беріп, ел қамын ойлатуға қатысты кесте:

Тәрбие аспектілері	Мақсаттары	Айтыс үлгілері	Қорытынды
Ұлттық мұранысақтау	Жастардың ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігін арттыру	Тарихи тақырыптар, ұлттық дәстүрлер	Жастар өз мәдениетін қадірлейді
Тіл дамыту	Қазақ тілінің байлығын меңгеру	Сөз саптау, поэтикалық құрылымдар	Тіл байлығы артады
Әлеуметтік жауапкершілік	Қоғамдағы мәселелерге назар аударту	Қоғамдық проблемалар, әлеуметтік әділет	Жастар әлеуметтік жауапкершілікті сезінеді
Шығармашылық ойлау	Жас ақындардың шығармашылық қабілетін дамыту	Сөз жарысы, креативті шешімдер	Шығармашылықәлеуетіөседі
Патриотизм	Отанына деген сүйіспеншілікті ояту	Ел, туған жер, ұлттықбірлік	Жастардың патриоттық сезімі күшейеді
Көпшілік алдында сөйлеу	Сахнада өзін-өзі ұстау дағдыларын дамыту	Айтыс форматында өз ойын жеткізу	Сенімділік артады

Бұл кесте айтыстың жастарға тәрбие беру және білім беру процесіндегі маңызын көрсетеді. Айтыс – жастардың рухани, шығармашылық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін құнды құрал. Ринат Зайтов пен қырғыз ақыны Аалының ел туралы айтысы – қазақ-қырғыз мәдениетінің бірегей көрінісі. Бұл айтыс ұлттық мәселелерді, мәдени

құндылықтарды және елдің болашағын талқылауға арналған.

Ринат Зайтов пен қырғыз ақыны Туткучев Аалының айтыстағы негізгі тақырыптары

Ұлттық бірлік: Ақындар өз халқының тарихы мен мәдениетіне тоқталып, халықтың бірлігі мен татулығының маңыздылығын атап өтеді.

Елдің болашағы: Жастар мен келешек ұрпақтың жауапкершілігі, білім мен тәрбие мәселелері қозғалады. Елдің дамуы жастардың қолында екендігіне назар аударады.

Мәдениет пен дәстүр: Қазақ және қырғыз мәдениетінің ерекшеліктері, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы сөйлеседі, бұл халықтың өзіндік идентификациясын көрсетеді.

Табиғат пен туған жер: Ақындар өздерінің туған жерінің сұлулығын, табиғи байлықтарын мадақтап, оны қорғау қажеттілігін еске салады.

Айтыстың мәні

Бұл айтыс – екі халықтың өзара сыйластығы мен мәдени байланысты нығайтуға арналған. Ақындар ұлттық мәселелерді шебер әрі шығармашылықпен жеткізеді, тыңдаушыларды ойлануға және өздерінің патриоттық сезімдерін арттыруға шақырады.

Айтыс – халықтың сөз өнері арқылы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан құндылықтардың, дәстүрлердің және ұлттық мүдделердің көрінісі. Қос ақын екі ел арасындағы кейбір тарихи оқиғаларды айтысқа арқау етті.



Ринат Зайытов Қазақстанның "жиырма жыл ішінде жеткен жетістіктерін" Қырғызстандағы саяси төңкерістермен салыстырды.

– Еңселі қала көтердім,
Есілдің мынау бойында.
Қарсы шығып патшама,
Жыққан жоқпын сойылға.
...Он үш-ақ жылда, көрдің бе,
Қандай Астана салдырдым.
«Шүкіршілік» деп айтам,
Шілігімді тал қылдым,
Тұғырымды тау қылдым.
Жоқ нәрсемді бар қылдым.
Қайтейін, қырғыз бауырым,
Сен бар нәрсеңді дал қылдың.

Ұрыны да хан қылдың,
Қараны да хан қылдың.
Ол аз болғандай соңында,
Әйелге тізгін алдырдың.
...Қырғыздың тең жартысы,
Базарында қазақтың,
Ас-киімін тауып жүр.
Біраз қызың біз жақта
Саудаға тәнін салып жүр.
Еркектерің ентігіп,
Құрылыста жанын бағып жүр, – деді Ринат Зайытов.

Аалы Туткучев қарсыласы бетіне мін етіп басқан саяси оқиғаларды керісінше мақтан тұтатынын айтты:

– Біз сондай қырғыздар
Еш заңыңа көнбеген,
Алатаудың қасқыры.
Ақиқатты айтып ерлікпен,
Жасаған бұл өзі,
Қырғыздардың дәстүрі.
Басшыдан қорықпайды қырғызым,
Қырғыздан қорқады бастығы.
Міне, осындай емес пе,
Егемен елімнің шаттығы.

Тегінде бұл, бұлбұлдай ән салған, қырандай қалықтаған, нөсердей төккен, ақтүтек борандай ұйытқып соққан, найзағайдай көкке тік шаншылған, бұлттан шыққан күндей ашылған, сарқырамадай төгіліп аққан ағыл-тегіл төкпе өнерді ойлап тапқан ата-бабаларға мың сан алғыс айтуымыз керек. Алайда жекелеген ақындардың шығармашылығын немесе айтыстарын зерттеген еңбектер болмаса, қазақ-қырғыз айтысының тарихын тұтастай кешенді түрде зерттеу жоқтың қасы. Тек қазақ-қырғыз ақындарын ауыр кезең әдебиеті тұрғысынан қарастырған Бауыржан Омарұлының «Зар заман әдебиеті» (2005) зерттеуі мен қырғыз ғалымы Батма Кебекованың

«Қырғыз, қазақ ақындар шығармашылығының байланысы» (1985) еңбегінде ғана біраз дүние қамтылған. Қазақ пен қырғыз ақындар айтысының тамыры тереңде жатыр. Әсіресе, «төсекте басы, төскейде малы қосылған» Жетісу өңірінің ақындары қырғыздармен жиі араласып, Алатаудың күнгей бетіндегі ас-тойларға жиірек ат шалдырып тұратын болған. Біздің айтыс тарихынан білетініміз, Жетісу ақындары Сүйінбай, Сарбас, Майкөт, Бақтыбай, Құлмамбет, Қаңтарбай, Майлықожа, Жамбыл, Үмбетәлі, Кенен, т.б. ақындар қырғыз жеріндегі астарға барып, жиі айтысқа түсіп отырған. Қырғыз ақындарының қазақ жеріне келіп айтысқаны туралы да деректер аз емес.

Мәселен, Сүйінбай мен Қатағанның, Сүйінбай мен Арыстанбектің, Қаңтарбай мен Арыстанбектің, Сарбас пен Қалмырзаның, Жамбыл мен Балықтың, Жамбыл мен Молда Бағыштың, т.б. сөз қағысулары сөзімізге дәлел. Бұл айтыстардың көбінде көршілес екі елдің ынтымағы мен таулығы, бірлік-берекесі жырланады. Қазақ пен қырғызды «екі өркеші түйенің, екі үрпі биенің» деген тіркестер сол айтыстардың үстінде айтылған еді. Негізінен, қазақ пен қырғыз арасындағы айтыстардың мәтіндері көлемді емес, дені қысқа қайырылады. Екі жақтың ел ағаларының шешімі нәтижесінде ерте аяқталып отырған. Ондай айтыстарға Сүйінбай мен Арыстанбектің, Қаңтарбай мен Арыстанбектің айтыстарын жатқызуға болады. Айтыс ауызша жаралып, ауызша таралатын өнер болғандықтан кейбірінің мәтіні өзгеріске түсіп, бізге толық жетпеуі де бек мүмкін. Қорыта келе, қазақ елі Тәуелсіздік алғаннан кейін айтыс өнерінің дамуы күрт жылдамдады. Бұл тұста азат тіліміздің тұсауы кесіліп, айтыс ақындарының еркін ой толғап, кең көсіле шабуына ерікті жол ашылды. Әр аймақтағы ақындық мектептердің тамырына қан жүгірді. Біз бұнымен «айтыс» атты өнердің қадірін кетіруге, аяқасты қылуға талпыныс жасап жатқанымыз жоқ.

Керісінше, айтыстың Ел атты, халықтың мызғымас махаббаты атты қорғаушысы бар екенін сезіне отырып, тек сол махаббатқа сызат түспеуін тілейміз. Ол үшін аса көп нәрсе де керек емес: ақындар өзара келісіп алып айтысуды қойса, құлқынға тәуелді болмаса, ел мүддесін есеп-қисапсыз емес, орнымен айта білсе, сыпайылықты анайылық, тапқырлықты құйтырқылық басып кетпесе, ақындар инкубатордың балапандарындай бір-бірінен аумай кетуден сақ болып, өздерінің тұлғалық имидждерін қалыптастырса, бір-бірін қайталамай, әркім өз мақам, өз келбет, өз ұстанымымен танылса, тұрмыстық шындықтан көркем шындықты биік қойса, тіл тазалығын сақтаса... Адал болса!

Айтыс өнері қай ғасырда болмасын, өзінің мән-маңызын жоғалтпасы анық. Егер осы аталған өлшемдерді ескермесе, жазба поэзияның бағын байлап, қоғамның ой-өрісін артқа тартпаса екен дейміз...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтыс / Құраст. Мұқанов С. - Алматы: Қазбiрмембас, 1942. – I том. - 248
2. Қазiргi айтыс / Құраст. И.Нұрахметұлы, С. Дүйсенгазин. – Астана: Күлтегiн, 2004. – I том. – 312 б.
3. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы, 1976. – 185 б.
4. Мақпырұлы С. Адамтануөнерi. – Алматы: Арыс, 2009. – 214 б.

ӘОЖ 82.789.21

АҚЫНДАР АЙТЫСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

ДЖАНАБАЕВА ДАНИЯ АБСАМАТОВНА

Д.М.Карбышев атындағы №16 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ХАСАН-ХОДЖАЕВА КАМИЛЛА АЗИЗОВНА

Д.М.Карбышев атындағы №16 орта мектебінің 10 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается изучение жанра айтыса.

Summary. The article deals with the study of the genre of aitys.

Әдебиет өзінің қалыптасу үдерісінде сан қилы әлеуметтік-қоғамдық жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Соның ішінде айтыс өнері де басқа елдердің көркемдік өрісімен өріліп өрілмейді. Тіпті ұлттық негізде пайда болған әрбір жанр эволюциялық даму жолында сыртқы мәдениеттің әсерінен жетілдіріледі. Қазақ халық, поэтикалық, шешендік өнер ежелден қалыптасқан дәстүрлерден туған, бірақ оның жанрлық формалары бірнеше халықтардың әдеби-мәдени тарихымен тығыз байланысты дамыды. Осыған байланысты қазақ әдебиеті тарихында өте күрделі ғылыми мәселелер бар. Олардың бірі-жазбаша айтылымды зерттеу мәселесі.

Кеңес дәуірінде қаралған шығыс әдебиеті мен ислам дәстүрінің қазақ ақындарына әсері ғылыми тұрғыда жаңа ізденістермен толық қарастырылған жоқ. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында Бұхара, Тәшкен, Уфа, Қазан, Орынбор медреселерінде шығыстың классикалық әдебиетінен сусындап, ілім-ғылым негіздерінен терең білім алған Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Шәді Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Нұржан Наушабайұлы, Жүсіп Ешнияұлы, Омар Шораяқұлы, Қарасақал Ерімбетұлы сынды және т.б. көркем сөз иелерінің туындыларында шығыстық сарындардың елеулі орын алғаны белгілі. Сондықтан олардың шығармалары көптеген жылдар бойы жарияланбаған. Шығыс поэзиясына үлгі болған Ұлы Абайдың ізбасары Шәкәрімнен бастап көптеген қазақ ақындары өздерінің тақуалықтары үшін ғана ата-баба жүйесінің бастауына айналды.

Қазақ ақын-жазушылары ежелгі және ортағасырлық түркі әдебиетін, араб-парсы классикалық әдебиетін өздеріне үлгі етіп қана қоймай, өздерінің дүниетанымы негізінде ең үздік, інжу-маржанды шығармаларды жаңаша жаңғыртып шығарды. Медреселерде оқыған қазақ шайырлары Алтын Орда, Мысыр қыпшақтарының (XIII – XIV ғ.ғ.) әдебиетімен де жақсы таныс бола отырып, Орта Азияда қолжазба күйінде көп тараған классикалық үлгілермен танысты. Соның негізінде олар қазақтың жазба айтысын дамытуға орасан зор үлес қосты. Соның бірі – мүшәйра. Бұл әдеби жанр Шығыс поэзиясында ежелден келе жатқанымен, қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың екінші жартысында қайта жаңғырды десе де болады. Сондықтан мүшәйраның шығу тегінің түп-төркіні, жанр ретінде қалыптасып дамуы, көркемдік құрылымдық жүйесі мен Шығыс әдебиетімен типологиялық байланысы арнайы зерттелуді қажет етеді.

Ғасырлар қойнауынан азып-тозбай, өзінің асыл қасиеттерін сақтап бүгінгі ұрпақпен қауышқан қазақ поэзиясы жанрларының бірі – мүшәйра. Оның туу, қалыптасу тарихында айтыс өнерінің маңызы ерекше. «Айтыс» – «айт» етістігінен туған зат есім. Өз мағынасында алғанда, «айтыс» – екі кісінің сөйлеуі. Бұлай сөйлесу қазақ тұрмысында қара сөз түрінде де болған. «Бәлен шешен мен түген шешен айтысыпты» деген сөз қазақ арасында көп ұшырасады. «Айтыс» кейде «талас» мағынасында қолданылып, біреумен біреу таласса, жанжалдасса «пәленше мен түгенше айтысып қалыпты» деп те айтады. Айтыстың мағынасы осындай кең болғанмен, «айтыс» ұғымындағы сөздердің ішіндегі ең басымы – өлеңмен айтысу» [1, 144б.], – дейді академик С.Мұқанов.

Айтыс жанрының түп-төркіні сонау қадім заманғы салттық өлеңдерден, «бәдік», «жар-жар» секілді тұрмыстық жырлардан бастау алатыны белгілі. Айтысты жоғары деңгейге көтеріп, ұлттық поэзияның алтын қорына үлкен олжа салған ақындардың еңбегін М.Әуезов былай бағалайды: «Қазақ халқының ақындық қабілет-дарыны өмірде ақынның ерекше типін туғызды. Бұл – біздің заманымызға жеткен, бұрынғы ақындық қазыналарды сақтап келген әрі жыршы, әрі импровизатор ақын. Халық поэзиясындағы таңдаулы үлгілердің туып, таралып және осы уақытқа дейін сақталып жеткені үшін біз осынау ақындарға борыштымыз» [2, 157б.]. Әрине бірақ ертедегі ақындардың ешбір айтысы сақталмағандығын тек кейінгі жазу-сызу дамыған дәуірлерден бастап қана айтыс мұраларын сақтап, жарыққа шығаруға, сөйтіп бүкіл қазақ даласына таратуға мүмкіндік туды.

Бұл арада С.Мұқановтың «XIX ғасырға дейінгі тарихта аты мәлім айтыс ақындарын қазақ әдебиетінің тарихы әлі білмеуі және білу мүмкіндігі қиын да. Себебі, XIX ғасырға дейінгі қазақ поэзиясының қай түрін алсақ та, қағаз бетіне түскен, жазылып алынғаны жоқ». [1, 45], – деген пікіріне қосылуға тура келеді.

«Айтыс» жанры қазақ әдебиетінде біршама зерттелген. Атап айтқанда А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхаммедұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Сейфулин, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Р.Бердібаев, Е.Тұрсынов, М.Дүйсенов, М.Жармұхамедұлы, Б.Адамбаев, Ә.Дербісәлин, Н.Төрекұлов т.б. қазақ ғалымдарының еңбектерінде айтыстың тууы, қалыптасуы және жанрлық ерекшеліктері хақында түрліше ой-пікір, бағалы байыптаулар ұшырайды. С.Мұқанов, Е.Исмайлов, Е.Тұрсынов,

М.Жармұхамедұлы жүргізген зерттеу еңбектерінде айтыстың генезисі мен оның ұлттық поэзиядағы маңызды ролі жарқын мысалдармен дәлелденгенін ерекше атап өткен жөн. Сондықтан қазақ поэзиясында поэзия дамып келеді, соңғы кезде мүшайраның жанрлық шығу тегі, стилі мен тақырыптық аспектілері, сондай-ақ оның отандық әдебиеттегі басты өкілдері туралы сөз болып отыр.

Айта кету керек, айтыс тарихында кейбір шығыс терминдерін қолдануға қатысты асығыс, үстірт пікірлер бар. Бұған дейін М.Әуезовтің айтыс туралы мақаласында кейбір араб сөздерін зерттеу және тексеру мүмкін еместігі айтылған болатын. Осы мақалада ғалым: «Орта ғасырлардағы келттерде – фильдердің терістік Францияда – труверлердің, Орталық Еуропадағы – мейстензингерлердің, Скандинавия еліндегі – скальддердің, орыс еліндегі – скоморохтардың, ертедегі Иран, Үнді елдеріндегі «мүшәйра» мен Аравиядағы «мұғаллақатқа» қатысқан ақындардың бәрінің де суырып салма айтысқа өрендігін, бұл өнердің қазақтағы айтысқа барынша ұқсас» екендігін атап көрсеткенді [3, 12 б.]. Дегенмен «мүшәйра» ұғымының этимологиясының өзі айтып тұрғандай, әу баста араб елдерінде пайда болды деген нақты тұжырымға келуге болады.

Енді, егер мүшайраның нақты жанр ретіндегі басты белгілеріне (өлшемдеріне) тоқталатын болсақ: біріншіден, ол жазбаша түрде, яғни хат алмасу арқылы немесе таза өлеңмен іске асырылады; екіншіден, жазбаша түрде, бірақ жұртшылық алдында ол барлық айтыскер ақындарға тән ауызша шешендік арқылы іске асырылуы тиіс; үшіншіден, конкурсқа тек екі ақын ғана емес, бірнеше ақын да қатыса алады; төртіншіден, мүшайра айтысына қатысатын ақындар ортақ тақырып төңірегінде сөз сөйлей алады, мысалы, мүшайра айтысына діндер, ілім-ғылым түрлеріне байланысты туындайтын әртүрлі тақырыптар; бесіншіден, бірнеше ақындар бір поэтикалық өлшеммен дауласады, бұл тенденция әсіресе араб-парсы әдебиетінде жиі кездеседі, мысалы, рубаидің төрт өлшемді айтысы немесе байит жолдары газалдың аруз өлшеміндегі канондық конвенциялардан аспауы керек.

Қазақ поэзиясындағы айтыс өнері – оның өз ұлтымен, халқымен қалай өмір сүргені, өз елімен "туылып, бірге өскені", ежелгі дәуірде тамыр жайғанының бір мысалы. Қазақ мемлекетінің көпғасырлық қоғамдық-саяси, тарихи-мәдени өзгерістері мен оқиғалары біздің әдебиет тарихымен тығыз байланысты. Қазақ хандығының ежелгі сақ, ежелгі түрік, Қарахан және Алтын Орда кезеңдерінде өз дәуіріне лайықты хас белгілері сақталған. Олардың кейбірінде, қандай да бір ғасырда біз ауызша және жазбаша әдебиеттің қатар дамып, қатар өмір сүргенін көреміз. Мысалы, ежелгі ғұн аңыздары мен сақ жазулары, ауыз оғыз-қыпшақ әдебиеті мен түркі сына жазулары, Дешті Қыпшақ әдебиеті мен жыраулар поэзиясы осыны айғақтайды.

Қазақ хандығы кезінде барлық ақындардың сауатсыз, білімсіз болғанына ешкім сене алмады. Ел билеушісінің жанында әрдайым елшілік жұмысын, көрші халықтармен хат алмасуды жүзеге асыратын бірнеше тілді білетін хатшылар болды. Олардың көпшілігі негізінен шешендер, ділмарлар, билер мен жыраулар. Дәл осындай үрдіс ХІХ ғасырдың басында жалғасты. Енді ғана жазушылық әдебиетке бет бұрған, қалам ұстап, өшпес мұра қалдырғысы келетін сауатты, білімді таланттар көбейе бастады. Кезінде Алаш зиялылары айтқандай жазу әдебиетіміздің тез қалыптасуына және кеңеюіне ықпал етті. Шығыс классикасынан, түркі-шағатай әдебиетінен бастау алып, оны Еуропа мәдениетімен байланыстыра отырып, Абай поэзиясы жаңа қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуында көшбасшы болды, шайырлар да Шығыс дәстүрлеріндегі назиральды бағытты ұстана отырып, ұлттың рухани қорына баға жетпес үлес қосты.

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы біздің әдебиет тарихындағы ерекше құбылыс ретінде бағаланған "қисашыл", "кітап" ақындары жүздеген әңгімелер жазумен бірге Ташкент, Орынбор, Қазан, Уфа қалаларының баспа мекемелерінен ондаған кітап шығара алды. Діни-ағартушылық, тарихи, фантастикалық, тұрмыстық-әлеуметтік және махаббат тақырыптарынан тұратын бұл шығармалар Назира үлгісінде туған әдеби-фольклорлық шығармалар болып табылады. Ақын Абай шәкірттерінің арасында аса ірі қазақ философы, талантты композитор, ислам мәдениеті мен Шығыс классикалық әдебиетін терең меңгерген Шәкәрім Құдайбердіұлын ерекше атап өтеміз. Қожа Хафиз Ширазидің шығыс әлемінің ұлы шайырының үлгісіне айналған Шәкәрім түпнұсқадан парсы ақынының бірнеше ғазелін аударғанын және Физулидің "Лейли-Меджнун" поэмасын жасағанын білеміз ғой.

Сондай-ақ, қазақ жерінде жерсіндірілген Ежелгі Үнді-Иран әуендерін жырлаған дүйім атақты шайырлардың Шығыс медресесінен қазақтарға тәлім беріп, ортағасырлық парсы, араб, түркі-шағатай ақындарының дәстүрінде көптеген көрнекті шығармалар жазғаны белгілі. Шығыс

стилі, поэтика, Нұржан Наушабайұлы, Ақан сері, Кете Жүсіп, Данмұрын Кенжебекұлы және т.б. тәсілдерді қолдана отырып, діни-ағартушылық бағыт ізімен дарындарда назар аударуға лайық.

Қорытындылай келе, осындай ерекшеліктерге назар аудара отырып, мүшайра жанры көп қырлы, күрделі, синкретикалық және симбиозды жанр деп айтуға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: «Қазақстан», 1974. – 236 б.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығ.жинағы. 17-том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 348 б.
3. Әуезов М. Айтыс өлеңдері // Айтыс. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1965, 9-51 б.б.

ӨОЖ 82.345.21

АЙТЫС – БАБАЛАР МҰРАСЫ

ТӨЛЕНДІ НҰРАЙЫМ ӘЗІМХАНҚЫЗЫ

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, филология ғылымының магистрі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Статья "Айтыс - бабалар мұрасы" рассматривает значение, историю и особенности айтыса в казахской культуре. Айтыс – это жанр устного народного творчества, в котором сочетаются голос, ритм, риторика и элементы художественного искусства. В статье обсуждается передача искусства импровизатора из поколения в поколение, его роль в формировании национальной идентичности.

Summary. The article "Aitys - Heritage of Ancestors" explores the significance, history, and uniqueness of aitys in Kazakh culture. Aitys is a form of oral literature where voice, rhythm, rhetoric, and artistic elements come together. The article discusses the transmission of aitys as an art form from generation to generation, its role in shaping national identity, and the creative works of contemporary aitys performers.

Айтыс – қазақ мәдениетінің маңызды бір бөлшегі, халықтың рухани байлығын, тілінің құдіретін және өнерінің даралығын көрсететін дәстүрлі поэзиялық өнер түрі. Бұл мәдени феномен тек қазақ халқының тарихында ғана емес, әлемдік деңгейде де назар аударарлық өнер ретінде танылады. Айтыс – екі ақынның бір-бірімен қарсыласа отырып, ұстаздық, тәрбиелік, философиялық, әлеуметтік, тарихи және музыкалық аспектілерді қамтитын шығармашылық жарысы.

Айтыстың тамыры тереңде жатыр. Ол қазақтың көшпелі өмірінің шартында қалыптасып, дамыған. Бабаларымыздың ауадай қажет еткен өнері айтыс – ел бірлігін, ұлттық рухты нығайтуда маңызды рөл атқарған. Айтыс барысында айтылған сөздер, өлеңдермен қауымдастықтың әлеуметтік мәселелері, салт-дәстүрлері, моральдық құндылықтары туралы айтылған ойлар – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келетіні сөзсіз.

Айтыстың шығу тарихы орта ғасырларға қарай өн бойы жалғасып келеді. Ол кезде айтыс өнері тек қазақтың ғана емес, жалпы түркі халықтарының мәдениетінде де үлкен орын алған. Айтыс – екі ақынның бір-бірімен өнер жарыстырып, шешендік, тапқырлық, логикалық ойлау қабілеттерін сынасатын алаңы. Бұл өнердің түпкі мақсаты – ұлттық рухты көтеру, әлеуметтік мәселелерді қозғау, адамгершілік, ізгілік сияқты қасиеттерді насихаттау.

Айтыс – қазақ халқының ана тіліне, әдебиетіне, философиясына деген шексіз сүйіспеншілігінің тұнбасы. Бұл өнердің басты ерекшелігі – сөздің мәйегін, июлі мен терең мағынасын шебер жеткізе білуде. Ақындар арасындағы айтыс тек өнер жарысы ғана емес, сонымен қатар, халықтың көкейкесті мәселелерін талқылауда, әлеуметтік проблемаларды көтеруде үлкен платформа болып табылады.

Бүгінгі таңда айтыс – тек дәстүрлі өнер емес, сонымен қатар, қоғамдағы түрлі мәселелермен өзгерістерді бейнелейтін заманауи формаға ие болды. Заманауи айтыс ақындары халық арасындағы сипаттама мен сыни ойларды өзінің шығармашылығында көрсетуді жалғастырып

келеді. Сөз өнері арқылы олар қоғамға, оның рухани және әлеуметтік сұраныстарына жауап беруде.

Айтыс – ұлттық дәстүріміздің асыл қазынасы. Өзінің тарихи тамырларын сақтап, жаңаша мән мен мазмұнға ие болып, бүгінгі таңдағы қазақ қоғамында маңызды рөл атқарады. Бұл өнер түрі біздің мәдениетімізді, халықтық бірлігімізді нығайтуда, келер ұрпаққа ұлттық рухымызды дарытуда аса қажетті. Айтыс – шынайы таланттың, шығармашылығы мен батылдықтың, теңдессіз күрестің аренасы.

Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, "ұлттық мәдениетіміздің негізі – айтыс". Бұл өнер қазақ халқының рухани байлығын, тілдік әр алуандығын, халықтың идеялық мұрасын дәріптейді. Айтыс – бабалар мұрасы, ол тек өткеннің естелігі емес, қазіргі жастарға, ұрпаққа керемет сабақ, тәрбиелік мәні зор үлгі. Айтыс мұрасын сақтау, жаңарту және дамыту – біздің міндетіміз.

Сондықтан, "Айтыс – бабалар мұрасы" депа талатын бұл өнер түрін сақтау, дәріптеу және одан әрі дамыту – біздің міндетіміз. Ол болашақ ұрпақтарға ұлттық мұрамызды жеткізу, мәдениетіміз бен тілімізді дамыту жолындағы маңызды бастама болып табылады. Айтыстың әрбір сөзі, әрбір әуені – біздің тарихымыз, мәдениетіміз бен даналығымыз. Ұрпақтар сабақтастығы арқылы бұл мұраны жалғастыру тек біздер – бүгінгі ұрпақтың ғана емес, сонымен бірге, ертеңгі еліміздің жарқын болашағының кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қабдолова, З. "Айтыс өнері: тарихи және әдеби тұрғыдан". Алматы: Қазақ университеті, 2015.
- 2.Сыздықова, Р. "Қазақ айтысы: дәстүр және қазіргі кезең". Астана: Foliant, 2018.
- 3.Медеуов, А. "Қазақ айтысының ұлттық мәдениеттегі орны". Алматы: Ғылым, 2020.Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186б.

ӘОЖ 82-1(574)

АЙТЫС ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУ

МҰСАБЕКОВА МӘДИНА ДАНИЯРБЕКҚЫЗЫ

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ҚАЗЫБАЙ АЙША РҮСТЕМҚЫЗЫ

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның 9 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается об одной из основных функций айтысского искусства – развитии патриотизма личности. На исторических этапах каждой эпохи воспитание патриотизма имеет свои интересы. Как и коренные народы, наш сложившийся язык, литература, история, традиции, обычаи, искусство, система информации о быте народа (знак, символ), прошла через каждый исторический период и послужила сохранению национальных ценностей нации несмотря на размах между настоящим и прошлыми веками, национальная идентичность, традиции, устное творчество народа, искусство айтыса еще не утратили своей актуальности в народном русле. В этой связи мы можем рассматривать эту информационную систему как элементы, составляющие содержание наших современных этнокультурных ценностей.

Summary. The article describes one of the main functions of Aitys art – the development of personal patriotism. At the historical stages of each epoch, the education of patriotism has its own interests. Like the indigenous peoples, our established language, literature, history, traditions, customs, art, information system about the life of the people (sign, symbol) has passed through every historical period and served to preserve the national identity of the nation. despite the scale between the present and the last centuries, national identity, traditions, oral creativity of the people, the art of aitys have not yet lost their relevance in the national mainstream. In this regard, we can consider this information system as elements that make up the content of our modern ethno-cultural values.

Айтыс – қазақ халқының ауызекі әдеби-музыкалық өнерінің көлемді және аса құнды салаларының бірі. Ол суырып-салма ақындық өнердің жемісі болып табылады. Айтыста халықтың әдеп-ғұрпы, тұрмыс-салты, дүниетанымы, эстетикалық, рухани, философиялық және әлеуметтік көзқарасы, ұлттың психологиялық болмысы, қалыптасуы байқалады. Айтыстың түрлері, көтерілетін тақырыптары сан алуан. Егер де айтыстың ең ежелгі түрі “Бәдік” айтысының негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, кейіннен айтыстың кемеліне толған ең күрделі түрі – ақындар айтысының тақырыптары әлденеше тарау болып, бұтақталып кетеді және де сол бұтақтардың бәрі халықтың өмір-тұрмысын жан-жақты көрсетіп, барынша толық бейнелейді [1, 7бет].

Айтыс қазақ даласында негізінен XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап айрықша кең өріс алып, мол серпінімен дамыды. Бұған сол тұстағы көшпелі өмірі, әдет-ғұрып, салт- дәстүрі басты себеп болды. Оны тудырған да, дамытқан да ақындар болған. Бұл өнер түрі қазаққа ағайындас, тұрмыс- тіршілігі, шаруашылығы, қоғамдық өмірі ұқсас келетін қырғыз, түркімен, қарақалпақ халықтарында да кездеседі. Басты ерекшелігі - оның суырыпсалмалы түрде орындалуы [2, 44бет].

Айтыс қай кезеңдерде де филолог, фольклортанушы және саяхатшылардың назарынан тыс қалмаған. Оның әртүрлі үлгілерін қазақ арасынан XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап В.Радлов, Ш.Нұрмағамбетұлы, Т. Сейдалин, С. Жантөрин, Ж.Шайхысламов, Ә.Диваев, С.Сейфуллин және т.б. жинап, жарыққа шығарса, солармен қатар, құнды ойлар мен деректер А.Васильев, А.Левшин, Ш.Уәлиханов, А.Янушкевич, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, С.Қирабаев, М.Мырзахметов, С.Қасқабасов, М.Жармұхамедұлы және т.б. жұмыстарында орын алады.

Айтыс өзінің туу, айтылу дәстүрі мен табиғаты жағынан халық әдебиеті мұраларының қатарына жатады. Ілкі замандардан келе жатқан аталмыш өнердің кейбір үлгілері түркі ғалымдары Махмұт Қашқари мен Жүсіп Баласағұн шығармашылықтарынан байқалады.

Әрине, XIX-XX ғасырларда саяси жағдайлардың өзгеруі ақындық өнерге де өз әсерін тигізгені анық. Академик В.В.Радлов «настоящий акын тот, кто захватывает слушателей своей стремительной искусной импровизацией», - дегендей XIX ғасырдағы атақты айтыскер-ақындар – Тұрмағабет, Ырысты, Сапарғали, Әсет, Нұржан, Шөкей, Балдырақ сері, сұлу Саржан, Сүйінбай, Жамбыл, Майкөт, Құлманбет, Бақтыбай, Сарыбас, Кенен және тағы да басқалары тыңдармандарды өз шеберлігімен таң қалдырған.

Айтыс түйіні – шындық. Қандай жүйрік, желқабыз, тапқыр ақын болса да шындықтан жалтарып құтылып кете алмаған, оның бәрі де тек шындықпен суарылған аталы сөзге тоқтап бас иетін болған. Бұл тартпас уәж, шындыққа құрылған бір ауыз сөздің жеме-жемде айтыс тағдырын шешіп кететіні де осыдан. Бұл сипаттарымен айтыс өзіміздегі шешендік сөздерді еске салады. Әдетте, айтыста көптеген мәселелер көтеріліп, бір тақырыптан екіншісіне ауысып отырады. Айтысқа түсуші ақынға қойылар шарт:

-біріншіден, ойынан құрастырып өлең шығаруы тиіс;

-екіншіден, айтысушыға қарсы ақынның аяқ астынан қойған талап, сұрағына өлең мен ұтымды жауап беріп, сөз қайтару қажет;

- үшіншіден, ақындар өлеңді мықымына келтіріп, домбыра немесе қобыз, сырнайға қосып айтуы керек.

Айтыстың мазмұны белгілі бір тақырыпқа поэтикалық бәсекелесу, сайысу болып табылады. Айтыстағы өлеңдерге деген халық махаббаты – айтыс ақыны үшін қуатты стимул. Қазақтың халық өлеңдері, ақындары, жыраулары бәрі импровизациялық типке жатады, барлық халық ақындары өздерінің шығармалары арқылы халықтың жүрегін жаулап алып отырған. «Айтыс қазақ даласында негізінен XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап айрықша кең өріс алып, мол серпінмен дамыды. Бұған сол тұстағы қазақтың көшпелі өмірі мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрі басты себеп болды. кітап бастыру мен театр өнері қалыптаса қоймаған елде айтыстың қалың халық бас қосып ден қоя тындап, одан эстетикалық ләззат алатын сауықшылдық сипаты да ерекше еді. Мұның үстіне ол қолма-қол суырып салып айтатын тапқырлық, өткірлік қасиеттерімен де дараланады. Әлеуметтік мәні ұшталған бір алуан айтыстарды («Ақсұлу мен Кеншімбай», «Молда Мұса мен Манат қыз», «Ұлбике мен Жанкел», «Шөже мен Балта», «Орынбай мен Арыстан», «Әсет пен

Брысжан», «Біржан мен Сара», «Сүйінбай мен Қатаған», «Жамбыл мен Құлмамбет» т.б.) ел өмірінің көркем шежіресі, жинақталған энциклопедиясы деуге де болар еді [3, 56-59 бет].

Ақындар айтысы күні бүгінге дейін әлем ғалымдарын таң қалдырып, өзінің сиқырлы да қасиетті дүниесімен тәнті етіп келе жатқан киелі өнер. Қазақ халқының рухани дүниесінің түпқазығы, өзекті арнасы - импровизаторлық ұлы сөз өнерінің ерекше қасиеттілігінде екені ежелден-ақ белгілі. Айтысты тіпті сонау ерте замандарда өзге әлем бас иіп тағзым етіп, үлгі тұтса, Еуразия материгі күні бүгінге дейін таң-тамаша қылып келе жатқаны шындық.

Айтыстағы тапқырлықтың, қиыннан қиыстырып өлең шығарудың, шешендіктің небір ғажап үлгілерін Біржан-Сара айтысынан, атақты ақындар үлкен айтысқа түсіп, елге танылғанға дейін ауыл арасында болып жататын сансыз бұхаралық мәдени жаттығу кезеңінен өтуін Жамбыл ақынның өмірінен, ал әдеттегі екі ақынның белгілі бір рулардың атынан сөз сөйлеп, өз тұсындағы мол шындықты ақтарып айтып салатындығын Біржан-Сара, Ысқақ-Қадиша, Сауытбек пен Ақбөпе айтыстарынан мысалдар келтіріп түсіндіруге болады. Басқы ұлттар сияқты біздің де ұлтымыздың қалыптасқан тілі, әдебиеті, тарихы, салт-дәстүр дини сенімі, әдет-ғұрпы, өнері, халықтың тұрмыс тіршілігі (белгі, таңба) ақпараттар жүйеміз, әрбір тарихи кезеңдерден өтіп, ұлттың ұлттық имунитетінің сақталуына қызмет етті. қазіргі уақыт пен өткен ғасырлар арасының алшақтығына қарамастан, ұлттық болмыс салт-дәстүр, халықтың ауыз екі творчествосы, айтыс өнері халық арнасында өзектілігін әлі жоғалтқан жоқ. Осыған орай біз осы ақпараттар жүйесін бүінігі этномәдени құндылықтарымыздың мазмұнын құрайтын элементтер ретінде қарай аламыз.

Этномәдени құндылықтарды бала санасына сіңірудің тәрбиелеудің құралдарына тоқталсақ, бұл жерде тек бала ғана емес бүкіл халықтың санасына сіңіру жағынан да қарастырсақ: бірінші, тіл, халық ауыз екі творчествосы, ұлт тарихы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, қол өнері, сәулет және музыка туындылары, бірінші тәрбие құралы тіл дедік. Тіл тек ауыз екі қарым-қатынас құралы ғана емес, әрбір жағна ұрпаққа сол ұрпаққа тиеселі ақпаратты сақтап жеткізудің негізгі құралы. Салт-дәстүр дегеніміз – адам қажеттілігін өтейтін барлық материалдық әлеуметтік және рухани құндылықтардың тоғысы, әрбір ұлттың ұлттық өмір сүру ережесі.

Басқы ұлттар сияқты біздің де ұлтымыздың қалыптасқан тілі, әдебиеті, тарихы, салт-дәстүр дини сенімі, әдет-ғұрпы, өнері, халықтың тұрмыс тіршілігі (белгі, таңба) ақпараттар жүйеміз, әрбір тарихи кезеңдерден өтіп, ұлттың ұлттық имунитетінің сақталуына қызмет етті. қазіргі уақыт пен өткен ғасырлар арасының алшақтығына қарамастан, ұлттық болмыс салт-дәстүр, халықтың ауызекі творчествосы, айтыс өнері халық арнасында өзектілігін әлі жоғалтқан жоқ. Осыған орай біз осы ақпараттар жүйесін бүінігі этномәдени құндылықтарымыздың мазмұнын құрайтын элементтер ретінде қарай аламыз.

Этномәдени құндылықтарды бала санасына сіңірудің тәрбиелеудің құралдарына тоқталсақ, бұл жерде тек бала ғана емес, бүкіл халықтың санасына сіңіру жағынан да қарастырсақ: тіл, ұлт тарихы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, қол өнері, сәулет және музыка туындылары қарастырылады. Тіл тек ауыз екі қарым-қатынас құралы ғана емес, әрбір жаңа ұрпаққа сол ұрпаққа тиеселі ақпаратты сақтап жеткізудің негізгі құралы. [5,32бет].

Айтыс өнерінде негізгі атқаратын функциясының бірі – тұлғаның патриоттық құндылығын дамыту болып табылады. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, "ұлтжаңдылық", "Отансүйгіштік", "патриотизм" ұғымдары сол заманның ақиқаты — наным-сенімінен туындайды.

Қорыта келгенде, ақындар айтысының өміршендігі көнермейтін дәстүр екендігі шындық. Айтыс өнері арқылы этномәдени құндылықтарды дамыту айтыс өнерін кең көлемде дәріптеу яғни халыққа нәсихаттау, Айтыстар ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылуы керек. Шығармашылық таланттың қайнар көзі-халықтың ішінен шыққан жаңа талап жастардың айтыскер ақындардың қатарын үздіксіз толықтырып отыра береді. Яғни айтыс мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретіні айтыстың зор өміршендік күшін әйгілейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әуезов М.О. Шығыс жинағы.- Алма-Ата: жазушы 1995.
- 2.Жармұхамметұлы М. Қазақ поэзиясындағы айтыс жанры, тегі мен дамуы. -Алматы, 2001ж.
- 3.Айтыс жанырының типологиясы (қазақ және түрік халықтары материалдары негізінде). -Алматы, 2010ж.

4.Лабаева А.П. қазақ шешендік өнерінің көркемдік ерекшелігі. -Алматы, 2009ж.

5.Асанов К.ДАйтыс өнерінің публистикалық сипаты. -Алматы, 2010ж.

ӘОЖ 82.785.23

АЙТЫС – ҚОҒАМДЫҚ ОЙДЫ ҚОЗҒАУШЫ КҮШ

ШНАЛИЕВА АСЕЛЬ АРАПОВНА

Көктал орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ НАЗГҮЛ

Көктал орта мектебінің 8 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы,

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматривается значимость айтыса как общественного явления и его роль в формировании общественного сознания казахского народа. Айтыс выступает не только как форма поэтического искусства, но и как мощное средство выражения народных мнений, критики социальных и политических проблем, защиты справедливости и правды. В ходе исследования раскрываются примеры исторических и современных айтысов, где поднимаются вопросы социальной справедливости, гендерного равенства, прав женщин, проблем земли и языка.

Summary. The article explores the significance of aitys as a social phenomenon and its role in shaping the public consciousness of the Kazakh people. Aitys is not only a form of poetic art but also a powerful means of expressing public opinion, criticizing social and political issues, and advocating for justice and truth. The study highlights historical and contemporary examples of aitys where issues such as social justice, gender equality, women's rights, land disputes.

Айтыс – қазақ халқының төл өнері, мәдениетінің ажырамас бөлігі әрі ұлттық құндылығы. Бұл өнер тек сөз сайысы емес, ұлттың қоғамдық ой-санасын бейнелейтін, халықтың пікірін, мұнын, ойын ашық жеткізетін рухани күш. Айтыс арқылы қазақ қоғамы өзекті мәселелерді ортаға салып, әділдік пен ақиқаттың жолын іздеді. Оны «қоғамдық ойды қозғаушы күш» деп атау орынды, себебі айтыс ақындары халықтың ортасында туындаған проблемаларды ашық айтып, соларды шешу жолдарын ұсынған.

Айтыстың тарихы өте тереңде жатыр, ол қазақ халқының тұрмысы мен өмір салтына негізделген. Айтыс өнері халықтың қоғамдық, саяси және әлеуметтік мәселелерін көтергенін ескерсек, бұл өнердің қоғамдық ойды қозғаушы күш ретіндегі рөлі айқындалады. Ежелден айтыс қазақ қоғамында батылдық пен еркін ойдың символы болды.

Айтыстың қоғамдық маңызы

Айтыс – еркіндік пен сөз бостандығының символы. Бұл өнер түрі халықтың ой-пікірін, көзқарасын жеткізуге мүмкіндік берді. Қазақ қоғамында билер мен хандардан бастап қарапайым халыққа дейін айтыс ақындарын тыңдап, олардың пікірлеріне құлақ асқан. Айтыста көтерілген мәселелер қоғамдық өмірде елеулі орын алып, халықтың сана-сезімін қалыптастыруға әсер етті. Айтыс ақындары тек көркем сөзбен ғана шектелмей, қоғамдағы әділетсіздік пен келеңсіздіктерді сынға алған. Мысалы:

XIX ғасырда өмір сүрген Сүйінбай Аронұлы мен Қатағанның айтысы айтыс өнерінің қоғамдық рөлін жақсы көрсетеді. Бұл айтыста екі ақын да тек өздерінің шеберлігін көрсетіп қана қоймай, елдегі саяси және әлеуметтік мәселелерді көтереді. Сүйінбай Қатағанға қарсы тұрып, қазақ халқының бірлігін, ел ішіндегі әділдік пен ынтымақты сақтаудың маңыздылығын баса айтады. Осы арқылы Сүйінбай тек ақын ғана емес, қоғамдық қайраткер ретінде көрінеді [1, 9 б.].

Әлеуметтік әділеттілік мәселесі

Айтыс өнері қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікті ашық айтып, қарапайым халықтың мүддесін қорғаған. Ақындар байлар мен билердің әрекеттерін сынап, кедейлердің ауыр тұрмысын жырлаған. Мысалы:

XIX ғасырда өмір сүрген Шөже Қаржаубайұлы мен Орынбай Бертағыұлы арасындағы айтыс – әлеуметтік мәселелерді қозғаған айтыстардың бірі. Шөже өз айтыстарында халықтың ауыр тұрмысын, байлардың әділетсіздігін сынаған. Ол билік пен байлықты қолында ұстаған байлардың қарапайым халыққа жасаған әділетсіздіктерін ашық айтып, әділдікті талап еткен. Бұл айтыс қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті көрсеткен нақты мысалдардың бірі болды.

Ел бірлігін насихаттау

Айтыс тек әлеуметтік мәселелерді ғана емес, елдің бірлігін сақтап, оны нығайтуға бағытталған құрал ретінде де қолданылған. Ақындар халықты елдің бірлігіне, ынтымақтастыққа шақырған, бұл әсіресе елдің ішкі саяси мәселелерінде маңызды болған.

Мәселен, XIX ғасырда Махамбет Өтемісұлы мен Жәңгір хан арасындағы айтыс елдің бірлігі мен тәуелсіздігін қорғауға арналған. Махамбет бұл айтыста Жәңгір ханды сынап, оның саясатындағы кемшіліктерді ашып көрсетеді. Махамбет айтыстары арқылы халықты өз елінің егемендігін қорғауға, бірлікті сақтауға үндеген. Махамбет сияқты ақындар айтысты елдің рухын көтеріп, ішкі бірлікті сақтау құралы ретінде пайдаланды [1, 156.].

Жер дауы мен қоғам құқықтары

Айтыс ақындары қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – жер дауы мәселелерін көтерген. Қазақ халқы үшін жер – ең маңызды құндылықтардың бірі болғандықтан, айтыста жер дауының әділ шешілуі үшін ақындар батыл сөздер айтқан. Мысалы, XX ғасырдағы атақты айтыс ақыны Құлмамбет пен Жамбыл Жабаевтың айтысында Құлмамбет байлардың жерді әділетсіз бөліп беруін сынайды. Жер дауы қазақ халқының тарихында маңызды орын алғандықтан, бұл айтыс ел ішіндегі жерге байланысты құқықтардың дұрыс сақталуын талап еткен ақындар үшін қоғамдық ой қозғаушы күш болды. Жамбыл бұл айтыста халық мүддесін қорғап, қоғамдағы әділдікті талап етеді.

Тіл мен діл мәселелері

Тіл мен діл – қазақ халқының рухани тірегі, ұлттың болмысы мен мәдениетінің негізі. Тіл – халықтың ойы, тарихы, дүниетанымы, салт-дәстүрі сақталған қазына. Ал діл – ұлттық сананың көрінісі, адамдардың болмысы мен рухани құндылықтарының айнасы. Осы екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты, және олардың сақталуы ұлттың тіршілігі мен дамуының кепілі. Қазіргі заманда тіл мен діл мәселесі қоғамда өзекті болып тұр, себебі жаһандану мен мәдениетаралық ықпалдастық кезеңінде ұлттық ерекшеліктердің жоғалуы қаупі туындауда.

Ал, айтыс сол заманда қазақ тілін, салт-дәстүрін сақтау және ұлттың мәдени мұрасын қорғау үшін де маңызды құрал болды. Айтыс ақындары ұлттық құндылықтарды насихаттап, қазақтың ана тілі мен ділін қорғауға шақырды. XX ғасырдың екінші жартысында кеңестік кезеңде өткен айтыстарда қазақ тілінің сақталуы, ұлттық салт-дәстүрлердің жойылмауы маңызды тақырыптардың бірі болды. Сол кездегі айтыс ақындары халықты ұлттың тілі мен мәдениетін сақтауға шақырып, ұлттығы жойылып кетпеуіне қарсы тұрды. Мысалы, Мұқағали Мақатаев пен Қалихан Алтынбаев арасындағы айтыстарда қазақтың тілі, дәстүрлері, ұлттық бірегейлігі туралы сөз қозғалған [2, 106.].

Кеңес дәуірінде қазақ тіліне қысым жасалып, орыс тілі басымдыққа ие болды. Бұл кезеңде көптеген қазақтардың ана тілін меңгеру деңгейі төмендеді. Бірақ сол заманда да қазақ зиялылары мен айтыскер ақындар тілдің маңыздылығын көтеріп, оны қорғау үшін күресті. Мысалы, Жамбыл Жабаев өз өлеңдерінде қазақ тілінің ұлылығы мен оны сақтаудың маңыздылығын жиі айтып отырған.

Тәуелсіздік алғаннан кейін тіл мәселесі қайтадан өзекті болып, қазақ тілін мемлекеттік тіл деңгейіне көтеру үшін көп жұмыстар жасалды. Бірақ тілдің күнделікті өмірде кең қолданылуы әлі де өз шешімін толық тапқан жоқ. Бұл мәселе қазіргі заманда да маңызды тақырыптардың бірі болып тұр.

Жалпы тіл мен діл бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Тіл арқылы діл қалыптасып, сақталады. Егер тіл жоғалса, діл де әлсірейді. Сол себепті қазақ халқы үшін тіл мен ділді сақтап қалу – ұлттық болмысты қорғау деген сөз. Тіл мен ділдің сақталуы ұлттың бірлігін қамтамасыз етіп, оның болашағына сенім береді.

Айтыс өнерінде тіл мен ділдің байланысы жиі көрініс тапқан. Мысалы, қазіргі ақындар Айнұр Тұрсынбаева, Ринат Зайытов және Балғынбек Имашев өз айтыстарында тілдің ділмен тығыз байланысын айқын көрсетіп, халықты өз тілін құрметтеуге, ұлттық болмысты сақтауға

шақырады. Айнұр Тұрсынбаева айтыстарында тілдің мәдениетті сақтау құралы екенін айтып, қазақ тілінің құндылығын насихаттайды.

Ұрпақ тәрбиесі және білім беру

Айтыс өнерінде ұрпақ тәрбиесі мен білім беру мәселелері де кеңінен қамтылған. Ақындар халықты білімге ұмтылуға, жастардың дұрыс тәрбие алуына шақырып отырған.

Айталық, Аманжол Әлтаев пен Балғынбек Имашев арасындағы айтыстарда ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтардың маңызы туралы жиі сөз қозғалады. Балғынбек Имашев өзінің айтыстарында ұлттық тәрбиенің маңызын, отбасы институтының рөлін, қазақ баласының тілі мен діліне берік болуын насихаттайды. Бұл айтыстарда білімге ұмтылу мен тәрбиенің қоғамды алға жетелейтін басты фактор екендігі баса айтылады.

Қазақстанның білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту мен оны қолдану қажеттілігі артып келеді. Десе де, қазақ тілінің күнделікті тұрмыстағы қолданысы әлі де өзекті мәселе болып тұр. Тіл мен ділдің сақталуы үшін жастарды өз тілін құрметтеуге, ұлттық мәдениетке баулу қажеттілігі туындап отыр. Айтыс өнері осы мәселені көтеріп, қазақ тілінің қоғамдық өмірде кеңінен қолданылуын насихаттауда.

Гендерлік теңдік және әйелдер мәселесі

Айтыс арқылы қазақ қоғамында әйелдердің құқықтарын қорғау және гендерлік теңдікті сақтау мәселелері де көтерілді. Әйелдерге қатысты әділетсіздіктерді айтыс ақындары батыл сынап, оларға теңдік пен құқық беруді талап еткен. Атап айтар болсақ, XIX ғасырдағы Сара Тастанбекқызы мен Біржан сал арасындағы айтыста Сара әйелдердің қоғамдағы орны, олардың құқықтары мен тұрмыс жағдайы туралы ашық айтады. Ол әйелдердің қоғамдағы құқықтарын қорғауға шақырып, теңсіздікті батыл сынайды. Бұл айтыс қазақ әйелдерінің жағдайын жақсарту мәселелерін көтерген алғашқы мысалдардың бірі болды [3, 206.].

Айтыс өнерінің басты ерекшелігі – әділдікке ұмтылу. Айтыс ақындары әрдайым әділеттілік үшін күресіп, қоғамдағы теңсіздік пен әділетсіздікті сынға алған. Халықтың тұрмыс-тіршілігі мен мұң-мұқтажын жырлау арқылы ақындар әділдікті талап етіп, қоғамды дұрыс жолға шақырған. Бұл сөзімізге дәлел, XX ғасырдағы Шашубай Қошқарбайұлы мен Кенен Әзірбаевтың айтыстарында байлар мен билердің әділетсіздігін сынап, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту қажеттігін ашық айтады. Шашубай өз айтыстарында қарапайым халықтың мүддесін қорғап, кедейлердің мұңын жырлады. Бұл айтыстар әділдікке, теңдікке ұмтылған қазақ халқының қоғамдық ой-санасының айнасы болды.

Айтыс өнері – қазақ қоғамындағы ең маңызды мәселелерді батыл көтеріп, шешімін іздеген қоғамдық ойдың қозғаушы күші болды. Әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, жер дауы, тіл мен діл мәселелері, ел бірлігі және ұрпақ тәрбиесі секілді маңызды тақырыптар айтыста кеңінен қамтылған. Айтыс ақындары тек өнер иелері емес, халықтың мұңын айтып, елдің болашағы үшін күрескен қоғамдық қайраткерлер болған. Сол себепті айтыстың қоғамдық маңызы қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтыс өнері және оның тарихы. Әуезов, М. – Алматы: Ғылым баспасы, 1965.
2. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Жұбанов, Қ. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.
3. Тілдің тарихы мен ділдің маңызы. Сүлейменов, О. – Астана: Елорда, 2010.

**ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ДАҒДЫЛАРЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

КОБЛАНДИНА М.И.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье анализируются лингводидактические основы формирования навыков красноречивой речи.

Summary. The article analyzes the linguodidactic foundations of the formation of eloquent speech skills.

Шешендіктің (риториканың) әлеуметтік маңыздылығы антика дәуірінің өзінде де жоғары бағаланған. Платон риторика туралы «жан-дүниені сөзбен жаулап алу» деп айтқан. Аристотель сөйлей білу өнері – табиғаттың сыйы, дарыны деп көрсетті. Оның пікірі бойынша, «шешен» сөзінің табысы «этосқа», яғни сөйлеушінің адалдығы мен ізгілік ниеттеріне, «логосқа», яғни сөйлеу қисынына және «пафосқа» яғни шешеннің азаматтылығына, көңіл-күйіне, берілгендігіне байланысты болады. Көріп тұрғанымыздай, мақсаттың ізгілігі, адамгершілігі көне уақыттан бері сөз бен ықпал етуді бағалаудың критерийі болып саналған.

Қазіргі заманғы іскерлік шешендікті қарастыруға көшуден бұрын, риторика туралы жекелеген жалпы түсініктер берейік. Платон, Аристотель, Демосфен заманындағы шешендік өнерге қойылған талаптар мәңгілік емес, оларды догма ретінде қарастыруға болмайды. Мысал келтіретін болсақ, бұрынғының ұлы шешендері үшін өз сөздерінде қолдарын қатты сермеу, қатты ышқыну, айғайлау, ыңырсу, орнында тұрып секіру, үстіндегі киімін жырту және төбесіндегі шашын жұлу секілді әдеттер қалыпты жағдай болып есептелген. Қазіргі таңда осындай мәнерді басшылыққа алған менеджерді, оның жиналыста немесе іскерлік кеңесте өзінің айтып отырған ойларының дұрыстығына қатысушылардың көз жеткізуіне осылайша ұмтылуын көз алдымызға күлкісіз елестету мүмкін емес. Риторика, сөйлей білу өнері, шешендік – тарихи құбылыс болып саналады, оған қойылатын талаптар дәуірдің ерекшеліктерімен тығыз байланысты болған [1, 48 б.].

«Риторика» сөзі грек тілінен енді. Оның синонимдері латынның «шешендік өнері» мен қазақтың «шешендік» сөздері.

«Шешен» сөзі қазақ тілінің этимологиялық сөздігінде: «Шечан, сәсен сөзі қырғыз, қарақалпақ, өзбек, башқұрт тілдерінде де қазақ тіліндегідей мағынада қолданылады [2, 215 б.]. Бұл сөздің мағынасы алдында шешіліп сөйлейтін түйінді мәселелерді шешіп сөйлейтін данышпан, ақылгөй, дана деген ұғымдармен өзектес. Шешен сөзін халықаралық терминмен атасақ, «оратор» деген сөз. «Оратор» латынның «очаче» – «айту», «сөйлеу» деген сөзінен шыққан. Дальдің түсіндірмелі сөздігінде «оратор» вития (ділмар), краснослов (қызыл сөз), речистый человек (сөзшең адам), мастер говорить (сөйлеудің шебері). Осының бәрінде де шешен (оратор) әсерлі, әдемі, бейнелі, көркем, ойлы сөйлей алатын адам деген мағынаны білдіреді» [3, 915 б.]. Көпшіліктің алдына шығып сөйлеуге қалай дайындалу керек. Шешендік өнерді меңгеру – өзімен көп жұмыс істеуді және сөйлеудің үлкен тәжірибесін қажет ететін ұзақ үдеріс. Сөйлеуге күнделікті дайындалу, өзінің сөз шеберлігін күнделікті жетілдірудің маңызы зор. Күнделікті дайындық – бұл ғылымның, техниканың, өнердің әртүрлі салаларынан жаңа білім алу және бір мезгілде сөйлеу техникасын меңгеру, сөйлеу мәдениетін арттыру.

Қазіргі риторикада сөйлеуге дайындалудың мынадай кезеңдері қарастырылады:

- тақырыпты таңдау және мақсатты бағдарды анықтау;
- материалды іріктеу, оны зерделеу және талдау;
- сөйлеу жоспарын әзірлеу;
- композицияға жұмыс істеу;

- сөйлеу мәтінін жазу.

Көпшілікке сөйлейтін сөздің әмбебап ережесі жоқ: әрбір шешен өзінше қайталанбас бірегей шешен. Тыңдаушылардың құрамына қарай, шешеннің алдында тұрған тақырыпқа, міндет пен мақсатқа қарай сөйлеу композициялары өзгеріп отырады.

Көпшіліктің алдында шешен сөйлеу үшін арнайы біліктіліктер мен дағдыларға ие болуы тиіс. Шешен сөйлеу дағдыларына мыналар жатады:

- қажетті әдебиетті іріктеу және зерделеу дағдысы;
- жоспар жасау дағдысы;
- сөйлеу мәтінін жазу дағдысы;
- аудитория алдында өзін-өзі ұстау дағдысы;
- уақытқа бейімделу дағдысы.

Алынған дағдылардан төмендегідей біліктілік қалыптасады:

- сөз сөйлеуді дербес дайындауды;
- материалды анық және сенімді беруді;
- тыңдаушылардың сұрақтарына жауап беруді;
- аудиториямен байланыс орнату және ұстап тұру;
- техникалық, аудио бейне құралдарын, көрнекілікті т.б. қолдану.

Егер де сөйлеушінің қандай да бір дағдылары мен біліктілігі болмаса, онда оның сөзі тиімсіз болуы мүмкін. Көпшіліктің алдында сөйлеу табысы – сөйлеушінің сөйлеу тақырыбын білуіне байланысты болады. Егер де шешен өз сөзінің тақырыбын жақсы білсе, онда ол көп қызық нәрсені айта алады және тыңдаушылардың ынта-ықыласына бөленеді.

Бүгінгі заман талабына сай жоғары мектепте болашақ мектеп мұғалімдерін даярлау ісінде шешендіктанудың лингводидактикасын оқыту маңызды. Бұл әдістеме – жоғары мектепте оқытудың жалпы мақсаттарымен тығыз байланысты. Шешендік тануды оқыту мәселесі қазіргі кезде терең зерттеуді қажет ететіні белгілі. Осыған орай, шешендіктану жалпы тұтас оқу үрдісінің бір бөлігі болып табылатындықтан, мұнда дидактиканың негізгі заңдылықтары мен қағидаттары басшылыққа алынады. «Дидактика» деген сөздің өзінің грек тілінен аудармасы – оқыту, түсіндіру, дәлелдеу дегенді білдіреді, сонымен қатар «оқу» дегенді танытады. Біздің негізгі мақсатымыз – оқушыларды, яғни болашақ педагогтарды шешендіктану табиғатынан хабардар ету, келешек мұғалімнің сөйлеу, соның ішінде кәсіби-педагогтық сөйлеу шеберліктерін қалыптастыру, жетілдіру және дамыту, оқушылардың кәсіби-педагогтық шешендіктерін, бейімділіктерін дамыту. Аристотель риториканың табиғатын түсіндіре келе, мынадай пікір айтады: «Шешендік өнер – дәрігерлік өнерге ұқсас, дәрігерлік өнер барлық адамды бірдей сауықтыра алмайды, бірақ мүмкіндігінше, сауықтыруға жақындатады. Сонымен қатар мүлде айықпайтын адамдарды тәуірлендіреді» [4].

Бұл орайда біз де бес аспап шешен мұғалімдерді қалыптастырып тастаймыз деп айта алмасaq та, педагогтар бойына педагогикалық шешендік шеберлікті сіңіру, дарыту, аз да болса өз үлесімізді қосу деп білеміз. Жалпы педагогикалық риторика ғылымында адамгершілік заңдары, педагогтық этика бірінші орында тұратыны белгілі. Сонда педагогикалық шешендіктану пәні – заман талабына сай, оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуына апаратын бірден-бір жол. Ал оқушының жан-жақты дамуы – барлық дидактикалық жүйелердің басты мақсаты. Дидактикалық заңдылықтардың ішінде басты орын оқыту мақсатына берілетіні белгілі. Осымен байланысты шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың мақсатына тоқталып өтсек. Шешендік тану пәнінің мақсатын талдауда педагогикалық шешендік танудың танымдық рөлінің бірінші орында тұратынын айта кеткен жөн. Себебі, болашақ педагог маманның тіл байлығы мол, шешендік шеберлігі дамыған болса, ол соғұрлым қоршаған ортадағы нәрселер мен құбылыстарды, сондай-ақ педагогикалық ұжымда өзін де, айналасындағыларды да, олардың қасиеттерін де толығырақ тани алады. Оларды түсіне тұра, кәсіби шешендік тереңіне бойлай түседі, соның әдістерін меңгереді, сөйтіп шешен сөйлеу дағдылары мен шешендіктің сырын ғана емес, педагогикалық ойлаудың да тереңдей түсуіне мүмкіндік жасайды. Оқушылардың бойында педагогтық қасиеттердің қалыптасуы, сол қасиеттердің шешендік өнерді тануы арқылы өркендеуі біздің пәніміздің басты мақсаты болып табылады.

Атақты рим шешені Марк Фабий Квинтилианның (б.з.д. 35-100 жж.) «мұғалімнің сөзінде шектен шыққан еш нәрсе болмауы керек» деген пікірінің астарында сөз әдебі жатса керек, «қарапайымдылық, сабырлылық, шыдамдылық – мұғалімнің оқушылармен сөйлесу барысында

ұсталуы тиіс талаптар» дегені біздің ойымызбен тұспа-тұс келеді. Дидактика үшін басты мәселелердің бірі – оқылатын дүниеміздің ұлттық шеңберге сәйкес болып келуі. Шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың лингводидактикалық негіздерін меңгеру барысында кәсіби шешендіктің шеберліктерін жетілдіру қажет. Шешендіктану бағдарламасы дегеніміз – тек қана тақырыптардың жай ғана жиынтығы емес, оқушылардың іс-әрекеттер мен амалдарды орындауы [4]. Оқыту мазмұнының белгілі бір құрылымы, жүйесі ретінде бағдарлама ерекше құжат екенін көреміз. Бағдарлама оқытудың теориялық концепцияларына сүйенеді. Сонымен қатар оқытудың бағдарламасы өзі өмір сүріп отырған қоғамның, мемлекеттің сұранысына, талаптарына сай жасалады. В.Оконьның көрсетуінше, барлық мемлекеттер мен қоғамдарға тән ортақ критерийлер бар, соның негізінде жекелеген мемлекеттердің оқу жүйелерінің, дербес пәндерінің бағдарламалары жасалады [5].

Адамның дамуы оның тілінің дамуымен тығыз байланысты екені белгілі. Сондықтан да болашақ мұғалімдердің даму ерекшеліктеріне сәйкес, олардың кәсіби тілдік білімдерін қалыптастырып шешендіктануға баулу курсының бағдарламасы қажет-ақ. Дидактикалық негіздің келесі маңызды бөлігі – осы бағдарламадан туындайтын – оқытудың нақты үрдіс ретіндегі мазмұны, яғни пәннің мазмұны. Дидактикада оқыту мазмұнын – формальдық тұрғыдан қарастыру – бұл негізінен жоғары оқу орындарының оқу жоспарымен тығыз байланысты. Осыған орай, шешендіктанудың өзіндік ерекшелігі оның тіл жүйесінің бірліктерінің ерекше қызметі туралы білім берумен, студенттердің сөйлеу үрдісіндегі жеке ерекшеліктерін жалпы адам бойындағы сөйлеудің шешендік түріне қатыстылық дәрежесін анықтау мен адамның дүниетанымын өзгертуге, қалыптастыруға, дамытуға шешендік өнердің ықпалы зор екендігін меңгертумен байланысты анықталады.

Оқушыларға шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда тіл білімінің барлық ғылыми салаларының нәтижелеріне, әсіресе жаңа салаларына (стилистика, коммуникативтік лингвистика, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика т.б.) ерекше көңіл бөле отырып, лингводидактикалық талаптарға сай меңгерту жолы көзделді. Сондықтан да оқушылар ана тілінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға қол жеткізіледі. Шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін, біріншіден, жүйелі ұйымдастырылған практикалық іс-әрекеттер жасалуы керек, екіншіден, оқушыларды белгілі бір заңдылықтар мен қағидаттарды білуге дағдыландыру керек, сондай-ақ, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмысын ұйымдастыру, өзіндік ізденіс белсенділігін арттыру бағытында қарқынды жұмыс жүргізілуі тиіс. Шешен сөйлеуге дағдыланатын адамның эрудициясы мол, көп оқығандығы, ғылым мен техниканың, әдебиет пен өнердің, саясат пен юрисдикцияның әртүрлі салаларынан хабардар болуы тиіс. Көпшілік алдына сөз дайындаған кезде шешеннің алдында өз сөзін сөзбен қалай жақсы ресімдеу, оның жазбаша мәтінін міндетті түрде жасау керек пе деген сұрақ тұрады.

Қорыта келгенде, шешендік шеберліктің антикалық теоретиктері сөйлейтін сөзді жазуды оны дайындаудың жалғыз лайықты тәсілі деп санаған: «кімде-кім жазба жұмыстарына әдетімен шешендік өнерге кірсе, сол адам тіпті, жазылуы бойынша ешбір дайындықсыз сөйлеу қабілетін әкеледі» – деп Цицерон айтқан болатын. Біздің заманымыздың көптеген тәжірибелі шешендері, белгілі саяси қайраткерлері сөйлейтін сөздің мәтіні алдын ала жазылуы тиіс деп санайды. Алдын ала дайындалған сөздің мәтіні шешенге сенімділік ұялатады, оған сөйлеу алдындағы толқуды жеңуге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Матюшкина Т.П. Культура и деловое общение: учебное пособие. – Белгород, 2012. – 68 стр.
2. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы: «Білім», 2004. – 260 б.
3. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
4. Қалимұқашева Б.Д. Студенттерге шешендік өнерді үйрету әдістемесі. Автореферат. Дисс. филология ғыл. канд. – Алматы, 2000.
5. Оконь В. Введение в общую дидактику. – М., 1990. – 210 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ТАРИХИ-ЭТНОМӘДЕНИ ТҮРҒЫДАН ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

НЕСІПБЕРГЕНОВА Ә.Қ.

Керімбай атындағы №12 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, филология магистрі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье антропонимы в казахском языке рассматриваются с исторической и этнокультурной точки зрения.

Summary. The article examines anthroponyms in the Kazakh language from a historical and ethnocultural point of view.

Қазақ тіл біліміндегі тіл мен мәдениет сабақтастығына негізделген қағидаға сәйкес жүргізіліп жатқан зерттеулерде мәдениеттің өзі метатіл деп анықталып, оның коммуникативтік, кумулативтік, әлеуметтік қызметтерін талдауға қазақ тіл білімінде ерекше назар аударылуда. Осы тұрғыдан қарағанда, мәдениет метатілін этномәдени негізде сипаттайтын өзекті арнаның бірі жалқы есімдердің (антропонимдердің) әлеуметтанымдық жүйесі.

Тарихи дереккөздердегі, эпостық жырлар мен фольклордағы, прецеденттік жүйедегі тілдік деректердің ұлт санасындағы ізін анықтау мәселесі – қазақ тіл біліміндегі антропонимдердің әлеуметтік бағытындағы зерттеулердің негізгі арқауы. Осымен байланысты ұлт пен тіл, ұлт пен мәдениет сабақтастығын қарастыратын үрдіс тіл табиғатын зерттеуде жаңа сапаға көтерілуде.

Халық есімдерінің жасалу, пайда болу тарихында маңызды орын алатын мәселенің бірі тарихи-әлеуметтік жағдайлар. Халық тарихындағы бұл елеулі оқиғалар түрлі қоғамдық құрылыстағы әр түрлі діни ағымға байланысты болса, кейде көрші елдермен жасаған алуан түрлі мәдени қарым-қатынас, достық байланыстармен ұштасып жатады. Әдетте, бұл тарихи-мәдени байланыстардың тіліміздегі есімдер құрамының молая түсуіне, антропонимдердің әлеуметтік мәнінің жетілуіне зор ықпал жасағаны аян.

Қазақ тіл білімінде социоллингвистика ғылымы тілді зерттеудің бір саласы ретінде кейінгі кезде қалыптасқаны белгілі, бірақ бұл бағыттың қазақ тілінде негізі бар екеніне Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінде назар аударылды. Бүгінгі таңда социоллингвистика – (қазақша – әлеуметтік лингвистика) – тіл білімі, әлеуметтану (социология), әлеуметтік психология және этнография ғылымдарының қиылысқан жерінде дамитын, тілдің әлеуметтік табиғаты мен қоғамдық қызметін, әлеуметтік фактордың тілге әсер ету тетігін және қоғам өміріндегі тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі коммуникативтік қызметін зерттейтін тіл ғылымының бір саласы ретінде қалыптасты. Осы тұрғыдан А.Байтұрсынұлының осыдан бұрын тілге берген анықтамасы социоллингвистикалық сипатты деп бағалауға болады: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», – деді [1, 141б.].

Себебі қоғамдағы тілдің мәні мен қызметін күнделікті өмірден өзінің ерекше тілдік тұлғалық зердесімен байқаған, сезе білген Ахмет Байтұрсынұлының тілдің әлеуметтік қызметін айрықша қабылдауы, түйсінуі – заңды құбылыс. Ал, социоллингвистика болса, тіл мен қоғамның өзара байланысын динамикада, қызмет барысында зерттейді.

Сондықтан да әлемдік социоллингвистика ғылымы тілдің даму сипатын үш бағытта анықтаса, тілдің таңбалануы (графизация), тілдің жаңаруы (модернизация) және тілдің қалыпқа түсуі, нормалануы (стандартизация) Ахмет Байтұрсынұлы тіл дамытарлық осы үш бағытта бірдей қалам тартты.

Осымен байланысты кез келген тілдің лексикалық қорының мәнді бір қабатын жалқы есімдер құрайды. Оларсыз адамзат қоғамының қарым-қатынас қызметі іске аса алмайды.

Тіл қызметінің ерекше бір саласы – ономастика. Жалқы есімдердің жинақтық атауын лингвистикада *ономастика* дейді де, оны зерттейтін ғылым *ономосиология* деп аталады. Ономастика – кез келген жанды және жансыз заттарды не құбылыстардың есімін зерттейді. *Ономастика* грек сөзі «ономия» (грек тілінде «*ονομα*» есім, ат) *onomastika* – ат қою өнері, яғни

атауларды зерттейтін ғылыми сала. Ономастиканы (кісі аттарын, жер, су, ру, тайпа аттары т.б.) зерттеудің теориялық-әдістанымдық негіздері мен тілмен сабақтастықта қарастырылатын ұлттық этномәдени, әлеуметтік сипатын анықтаудың қажеттілігін В.В.Радлов, В.В.Бартольд, Н.Катанов, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Қ.Жұбанов, І.К.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ә.Қайдар, Т.Жанұзақов, Ә.Абдрахманов, Е.Жанпейсов, Қ.Рысбергенова, Г.Мадиева, А.Жартыбаев т.б. ғалымдар өздерінің еңбектерінде жан-жақты көрсетті. Ономастика өз ішінде бірнеше салаға бөлінеді: топонимика (жер, су, қала атауларын зерттейтін ғылым), антропонимика (адам аттарын зерттейтін ғылым), этнонимика (ру, ел, халық аттарын зерттейтін ғылым), зоонимика (хайуандар аттары), идронимия (теңіз , өзен, су, көл атауларын зерттейді) т.б. [2, 45б.].

Түркі тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы – антропонимика. Антропонимика кісі аттары, әке аты patronim (отчество), фамилиялар, лақап аттар (прозвища), бүркеншік аттарды (псевдонимы) зерттейтін ономастиканың бір саласы.

Қазақ ономастикасының зерттелу тарихына аналитикалық шолу жасаған еңбекте бұл саладағы зерттеулер 4 кезеңге бөлінген. Соның ішінде жалқы есімдерге қатыстылары мыналар:

1 кезең: 1950-1970 ж.ж. (Т.Жанұзақов «Лично-собственные имена в казахском языке» 1961ж; «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» 1965ж; «Қазақ есімдерінің тарихы» 1971ж.);

2 кезең: 1970-1990 ж.ж. (Т.Жанұзақов «Очерк казахской ономастики» 1982; Е.Керімбаев «Атаулар сыры» 1986; «Қазақ есімдері» 1988; В.Махпиров «Собственные имена в памятнике X в. «Дивану лугат ат-турк Махмуда Кашгарского»» 1980 ж. канд. дисс.);

3 кезең: 1990-2000 ж.ж. (В.Махпиров «Имена далеких предков» 1997; М.Мұсабаева «Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаты» 1995ж канд. дисс.; У.Мусабекова «Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков» 1996 канд. дисс. Е.Керімбаев «Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен» 1992ж. док. дисс; К.Головина «Сопоставительный анализ идиоэтнических топонимов и антропонимов русского и казахского языков»; К.Жаппар «Эстетические функции имен собственных в поэзии О.Сулейменова» 2000ж);

4 кезең: ХХІ ғасырдың басы, жаңа кезең (Б.Көшімова «Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі» 2001 ж; Б.Досжанов «Қазақ тіліндегі көне антропонимдер» 2003ж; Д.Керімбаев «Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипаты» 2004ж; Г.Аубакирова «Идиоэтническая семантика и лингвостилистическая функции собственных имен в художественном тексте» 2004; А.Бахамова «Уйгурские прозвища и их этнолингвистическая характеристика» 2004).

Сонымен қорыта айтқанда, бірге ономастикалық лингвокультуремалардың ұлттық мәдени ерекшеліктерді танытуда атқаратын қызметі ерекше. Себебі, ономастика өзінің бойына лингвистикалық, тарихи, өркениеттік және мәдени деректерді жинаған ерекше лингвомәдени бірліктер жүйесі болып табылады. Олар халықтың бітім болмысы мен өмірге көзқарасынан хабар береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1999. –141б.
- 2.Гумилев Л.Н. Древни тюрки. М: Наука,1967. 90-91с.

ӘОЖ 82'07.341

Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНДЕГІ ТІЛДІК ДӘСТҮР КӨРІНІСІ

АЛТЫНБЕКОВА М.Ж.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье анализируется отражение языковой традиции в притчах Б.Момышулы.

Summary. The article analyzes the reflection of the language tradition in the parables of B.Momyshuly.

Қазіргі кезде ХХІ ғасырды «жаһандану дәуірі» деп атау жиі кездеседі. Адамның ақыл-ой құндылықтарының, ақпараттың, қаржының, капиталдың әлемнің бір нүктесінен екінші бір нүктесіне қас қағымда жетіп бару мүмкіншілігінің орнығуы, яғни жаһандық қауымдастықтың ашық сипат алуы дүниенің бүгінгі дидарына, болашақтағы болмысына байыппен қарауды талап етеді. Бүгінгі уақыт Абайдың: «Жаңа жылдың басшысы – ол, Мен ескінің арты едім...» – деген өлеңін еске түсіреді. Осы орайда егемен еліміздің ертенін ойлаған әрбір ұлтжанды азаматқа үлгі-өнеге болар Бауыржан Момышұлының нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні зор болмақ.

Баукеңнің өз сөзімен айтқанда: «... Ата мұра деген бар. Ол барлық мұраны іріктеп, сұрыптап, ең жақсысын, өз заманына лайықтысын алып, дәстүрге айналдыру. Өткеннің бәріне менсінбестен қарау жөн емес» [1]. Бауыржан нақыл сөздері гуманизмге толы, адам бойындағы адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына әсер етеді. Бауыржан Момышұлының тұлға туралы, оның іс-әрекеті туралы түсінігі, оны көрсету жолдары сан қырлы. Бұл тұрғыда оған бірден-бір әсер еткен, өскен ортасы, «ұшқан ұя» тәрбиесінен бөлек, Абайдың көзқарастары да болуы керек. Өйткені, Баукең Абайды тек ақын ретінде ғана қабылдамаған. Оған Баукеңнің мына бір сөздерін дәлел ретінде келтіруге болады: «Мен Абайды ақын деп қана емес, ойшыл, философқа балап оқыдым. Барлап қараған және әскери көзбен қараған кісіге Абайдың өзі қып-қызыл соғыс...» немесе «Абайдың жақсы әйел туралы «ойыңа ой қосады ақылдассаң» дегені кемегерлік сөз [2].

Ұлы Абайға еліктеп, өзіндік сара жол салып, қиналып, қысылған сәттерінде сол қысылшан кезден қалай құтылғанын оймен өрнектеп, сөзбен кестелеген, тұжырып қысқа бейнелеген Баукеңнің нақылдарына біраз ой жүгіртсек, сол арқылы нақыл сөздеріндегі тілдік дәстүр көрінісін ашуға тырысып бақсақ.

«Арлы адам ардақты, ар – ардақтың анасы», «Елін сыйлаған ер жұтамайды», «Халқымның қарапайым бір ұлымын, Жанымды арым үшін құрбан еткен» – дейді Баукең [1]. Осындағы «ар», «елді сыйлау», «қарапайымдылық», «халықтың ұлы», «арға жанның құрбандығы» – бәрі де қорғасындай салмақты адамгершілік құндылықтар емес пе? «Жаным – арымның садағасы» деген атам қазақтың сөзін өміріне үлгі етіп, өз елінің намысын аяққа таптатпай, халық ұлы бола білген ер Баукең саясатынан қан иісі мұңкіген сұм заманда орыстандыруға, «сылап-сипаған» отарлауға бой ұсынбай, өз кеудесін «қазақтың Момышұлы Бауыржанымын» деп қаққаны барша қазаққа үлгі.

«Ананың әлдиін білмеген – ұл болмайды», «Тексізден тезек артық, арсыздан айуан артық» деген сөздерінің астарында қаншама ой бар [2]. «Ана құрсағындағы сәби сыртта болып жатқан құбылыстардың барлығынан да хабардар болады екен. Өмір есігін ашқан сәттен бастап, олар анасының даусын басқа адамдардың даусынан, туған тілін өзге тілдерден ажырата алады, яғни әр ұлттың баласы өз тілінде жылайды. Бабаларының тілін игере отырып, олардың көңіл-күйімен, тарихымен, тұрмысымен танысады. Ал жат тілде құйылған сөз – баланың жанына жасалған басқыншылық, оның сан ғасырлық болмысына көрсетілген қысастық» [3]. Ананың әлдиін естімеген баланың жат бауыр, безбүйрек болатындығы да осыдан болса керек.

Бауыржан Момышұлының нақылдарында ерекше орынды «әділдік» құндылығы алады. Баукең – ХХ ғасырдағы шындықтың символы болса, оның нақылдарының символы да шындыққа келіп тіреледі. «Екіжүзділіктің балын татқаннан, әділдіктің ащы уын ішкен артық», «Өтіріктің қанатын қомдағанша, ауыртпалықтың жүгінен бүгілген артық», «Бәрі де өтеді, кетеді, тек шындық қана қалады» – дейді Баукең [2]. Енді шыншылдықтың қадірін түсіну үшін өтіріктің астарында не жатқанын зерттеп көрелік. Өтірік неден туындайды? Шындықты айтудың қорқынышты сезімінен, қорқыныш сезімі орын алған шынтуайт жағдайдан туындайды. Қорқыныш қорқақтыққа, қорқақтық өз-өзіне сенбеушілікке, пассивтілікке, қызғанышқа әкеп, тұлға дамуындағы психикалық әр түрлі ауытқуларға кеп тіреледі. Нәтижесінде жеңілі – өзіне сенімсіз тұлға болса, ауыры – қылмыскерлік, суицид.

Бауыржан Момышұлы – жалпы адам баласының, абзал қасиеттері бар азамат тәрбиесін отыз ойланып, тоқсан толғанған парасатты ойшыл. Мәңгілік даңқ тұғырына қондырылған Алаш елінің жиырмасыншы ғасырдағы бас батыры, біртуар ардағы Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан Соғысы кезінде үлкен ерлік көрсетіп, артына өшпес із қалдырды. Батыр бойындағы намыс пен өр мінез оның қайталанбас ерлігінен ғана емес, шығармаларынан көрініс табады. Осы орайда «Қазақты тану үшін, алдымен, Абай мен Бауыржан ілімдерінен сусындау керек...» деген ғалым Мекемтас Мырзахметұлының сөзін еріксіз еске түсіресің. Баукең соғыс тақырыбындағы шығармаларда соғыс көріністері кейіпкер әрекеттерімен ашыла түсетінін айта келе, ұрыста адамға тән барлық:

жоғары және төменгі қасиеттерді білдіретін сөздерді екі топқа бөліп, соғыс барысында олардың адам бойында пайда болу себептері мен мәнін аша түседі, әрқайсысына жеке тоқталып, өз ойын тұжырымдайды:

<i>Жоғары сезімді сөздер</i>	<i>Төменгі сезімді сөздер</i>
Парыз	Опасыздық
Адамгершілік	Ұждансыздық
Ержүректік	Үрей
Ерлік	Қорқыныш
Батырлық	Шошу т.б.
Қаһармандық т.б.	

Ұлы Отан соғысының тәжірибесі жеңіске рухтың күштілігімен, жетуге болатынын, әскерлердің моральдық-адамгершілік күшіне тәуелді екендігін дәлелдеді. «Ана үшін аянба – ант ұрады, Бала үшін аянба – бетің күйеді» – дейді Баукең. Бала – ертеңгі күннің иелері. Тумысынан асқан дарынды өзі үшін мүлде қиын да күрделі, халық даналығында айтқандай «Инемен құдық қазғандай» азапты тірлікке бет бұрып, сәтті туындыларды сыйға тарта білді. «Адам қайраты», «Қанмен жазылған кітап», «Москва үшін шайқас», «Ұшқан ұя» шығармаларымен қатар, естелік кітаптар мен газет-журналдарда жарияланған нақыл сөздері мен мақал-мәтелдері көптеп кездеседі. Батырдың нақыл сөздерін тақырыптық топтарға топтастыруға болады. Тақырыптарының өзі халықтық тәлім-тәрбиеге үндейді. Аз жазса да, саз жазатын, жазушылық бағытқа жәй келсе де, көп дүние қалдырған шығармаларында Бауыржан Момышұлының жүрегі «Әр қазақ – менің жалғызым» деп соққаны айқын көрінеді. Айталық, «Адам қайраты» кітабында «Түсі жақсыдан түңілме», «Төртеу түгел болса төбедегі келеді», «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді», «Көз қорқақ, қол батыр», «Білек бірді, білімді мыңды жығады» секілді халқымыздың даналығы жиі айтылады [4].

Батырдың артына қалдырған өсиет сөздерін топтай келе, тақырып жағынан ауқымы кең екендігіне көз жеткізуге болады. Отан, өмір, батылдық, тіл тағдыры, еңбек, оқу-білім т.б. тақырыптарда өзінің дара, дана ойын жеткізуге тырысқан.

Ерлік пен жау жүректік туралы

Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді.

Күш – әкесін танымайды.

Азаматқа өмірден де ар қымбат, өлімнен ұят күшті.

Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.

Жығылған үстіне жұдырық.

Көз қорқақ, қол батыр.

Адам туралы

Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді.

Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек.

Баланы бастан.

Түсі жақсыдан түңілме.

Кісідегінің кілті – аспанда.

Қорыққанға қос көрінеді.

Түсі тәуірден түңілме.

Балалы үй ұрлығын жасыра алмайды.

Көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра.

Аяз би әліңді, құмырсқа жолыңды біл.

Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа.

Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі.
Ұлың өссе ұлы жақсымен, қызың өссе қызы жақсымен ауылдас болғын.
Бір құмалақ, бір қарын майды шірітеді.
Он үште отау иесі.
Жетіге келгенше, бала жерден таяқ жейді.
Айбарлы адам тек айбарлы адамды ғана сыйлай алса керек, оның жасық жанды құрметтемесі әбден заңды.

Ел, Отан туралы

Отаның үшін отқа түс – күймейсің.
Тәуекелсіз – жеңіс жоқ.
Тәртіпті елдің ұлы.
Ежелден ер тілегі – ел тілегі.
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.
Солдаттың анасы – Отанның анасы.
Ел қадірін білмеген ер қадірін білмейді.

Еңбек және бірлік туралы

Еңбек түбі – рақат.
Төртеу түгел болса төбедегіні алады.
Білім, ақыл және ізгілік, адамгершілік туралы
Білек бірді, ақыл мыңды жығады.
Қалауын тапса қарда жанады.
Қаға білсең киіз қазық та жерге кіреді.
Өлімнен ұят күшті
Жаным – арымның садағасы.

Ақиқат пен шындық туралы

Өтіріктің балын жұтып тірі жүргенше,
Шындықтың уын ішіп өлген артық.
Шын айтпай, сын айтпа.
Өтірік – зиян, кесір.
Өтірік – барып тұрған зиянды у.
Шындық ақиқатты түсіндіруші.
Біздің нақты болмысымыз – шындық.

Ұлттық рух туралы

Ұлттық рух – ұлы адамның және тұтастай алғанда ұлттың да асыл қасиеті.
Ұлттық мақтаныш – ұлт ішіндегі жеке адам үшін мызғымас әрі қасиетті заң.
Халықтардың бауырмалдығы ұлттық мақтанышқа негізделген.

Тіл және сөз құдіреті туралы

Сөз жүйесін, мал иесін табады.
Жылататын да, жұбататын да сөз.
Жаман айтпай – жақсы жоқ.
Сөз тапқанға қолқа жоқ.
Жақсы сөз – жарым ырыс.
Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді.

Ақылды кісінің сөзі де, өзі де сүйкімді [5].

Б.Момышұлының рух берер даңқты сөздері біздің ұлтымызға, келер ұрпағымызға керек. Даңқты батырдың рухымен, даналық өсиет сөздерімен тәрбиеленген ұрпақ осал ұрпақ болмасы анық, оның нақыл сөздері ұрпаққа өнеге болып қалары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоразов Т.А. Бауыржан Момышұлы: өлеңдер, нақылдар, ой-өрнектер, әскери-патриоттық тәрбие туралы. Ақтөбе, 2000.
2. «Жалын» журналы. Алматы, №6, 2010.
3. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Алматы, Атамұра, 2003.
4. Бауыржан Момышұлы: Екі томдық шығармалар жинағы. 2 том. «Жазушы» баспасы. Алматы, 2004.

ӘОЖ 82.369.21

АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ШЫҒЫСҚА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

АДАМКУЛОВА Ш.Д., ҚАНАТҚЫЗЫ Д.

Абай атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы

Резюме. В статье рассмотрены вопросы определения восточного образца в стихотворении Абая.

Summary. The article discusses the issues of defining the Oriental pattern in Abai's poem.

Абайтану саласының қиын да күрделі бір арнасы ол – сөз жоқ, Абай шығармаларындағы Шығыстық қайнар көздер.

Абай мұрасының Шығысқа қатысы жайлы баспасөзде алғаш жарияланған пікірлер Кәкітай Ысқақов пен “Уақыт” газетіндегі (1908, № 388) мақала еді.

Абай шығармаларындағы шығыстық сипаттарды зерттеу үлкен әзірлікті қажет ететін күрделі мәселе. Бұл ең әуелі, жалпы мұсылман Шығысы мәдениетін, философия тарихы мен классикалық мұраны түпнұсқадан оқу деген сөз.

Осы тұрғыда Абай шығармаларының Шығысқа қатысы жайын түбегейлі қарастырып, ғылыми деңгейге көтерген Мұхтар Әуезовтің әр уақыт оралып соғып, жаңа таным, соны пікірі ұсынып, мәселені тереңнен зерделеп отырғаны белгілі. Абайдың Шығысына байланысты М.Әуезов пікірлері үздіксіз, жанды ізденіспен толығып, байып, дамып отырды.

М.Әуезов Абай шығармаларының Шығысқа қатысы жөнінде алғашқы пікірін өте ертеде жазылған Абай өмірбаяны жайлы еңбегінде білдіреді.

Абай мұрасының шығыстық белгілері жайлы абайтану саласында М. Әуезов ең алғаш мақсатты түрде мәселені қойды.

«Ол Абайдың жастық шағынан басталып, өмірінің соңына дейін өзекті желідей созылған шығыстық белгілердің ақын дүниетанымы мен көркемдік шеберлігінің қалыптасу, даму, өсу жолындағы түрлі кезеңдерін ерекше ден қойып зерделеп отырды» [1, 276.].

М.Әуезовтің Абай мұрасының Шығысқа қатысы жайлы зерттеулері, ондағы ғылыми ойының қорлану, жетілу, жаңа сапа тауып түбірлі пікірлерге бет алу жолына ой жіберсек, әр кезеңде әр түрлі таным тұрғысынан келіп отырғанын, түрлі ой-толғаныспен елеп-екшеп, сұрыптап отырғанын көреміз.

1934 жылғы “Абай ақындығының айналасы” атты зерттеуінде Мұхтар Әуезов ақынның шағатай әдебиетіне қатысына сәл жатырқай қарайтыны белгілі.

1945 жылы М. Әуезов Абай мұрасының нәр тартқан үш бұлағы жайлы аса күрделі танымын алғаш рет айқын танытқандай.

Абайдың шығыстың көркем классикалық поэзиясымен шығармашылық қатынасы жайлы бір айтса, Абайдың ақындық кітапханасының шығыстық арналарын қарастыруында және де бір үлкен мәселе етіп Абайдың тарих, философия жөніндегі сусындаған бұлақтары Шығыс ойшылдарының еңбектері де болғандығын айтты.

М. Әуезов Абайдың Шығысын абайтанушы М. Мырзахметовтің көрсетуінде мынадай төрт салаға топтастырды.

- 1.Абайдың ақындық кітапханасының көлемі мен жайы.
- 2.Абай және Шығыс классиктері.
- 3.Абайдың исламиятқа қатысы.
- 4.Абай және мораль философиясы.

Бұл пікірлер, әрине, М.Әуезовтің Абайдың Шығысқа қатысын зерттеуді орынды көтеріп, түрлі нәтижелерге қол жеткізудегі сатыларын, қамтыған мәселелерін ауқымын айқындауда,сонымен бірге Абайдың Шығысын тануда белгілібір уақыттарда қажеттілігі болған пікірлер. Біздіңше, Әуезовтің Абайдың Шығысын ашуын әлде де қарастыра түсу арқылы аталған

мәселелердің ар жағынан Абайдың Шығысын зерттеуді тереңдете түсер көп қисындар табуға болады.

Абай шығармаларының Шығысқа қатысын бұрмалау, теріс бағалау, үстірт қана шолып өту, тіпті кейде тарс етіп, жұмған ауызды ашпай өте шығу сияқты түрлі ахуалды абайтану ілімі бастан аз кешкен жоқ. Сондай құбылыстар Абайдағы айқын көзге ұрып тұрған шығыстық белгі, шығыстық сарындарды басқаша тануға, тануға итермеледі.

Абайдың Шығыс әдебиетіне қатысы жайлы қазақ әдебиеттану ғылымында М.Әуезовтен кейін С.Мұқанов, Қ.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Сыздықова, Қ.Өмірәлиев, М. Мырзахметов, Т.Әлімқұлов, А.Қыраубаева, Ө.Күмісбаев, Ғ.Есім, А.Жақсылықов, т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылып отырды.

Бүгінде Абайдың Шығыс әдебиетімен, Шығыс мәдениетімен байланысын қарастырған біршама толымды зерттеулер бой көрсетіп отыр. Абайда, Абайдың Шығыс әдебиетінен алғаны, үйренгені туралы оның өлең өлшемі, сөз қолданысы, дүниетаным пікірлерін аша түсер нақытылы зерттеулерге бару – қазіргі абайтанудың ендігі кезектегі күрделі міндеттерінің бірі.

Абайдың ақындық айналасы мәселесі – абайтанудың өзекті арнасы. Абайдың Шығыс мәдениетіне, әдебиетіне қатысы жайлы әріден айтылып келеді. Абайдың Шығысы дейтін мәселенің аясында Абайдың исламиятқа қатысы да, Шығыс поэзиясы үлгілерінен үйренуі де, Шығыс философиясына бойлауы да белгілі бір дәрежеде айтылып, қамтылып отырды.

«Абайдың Шығысқа қатысы жайлы баспасөз бетінде алғаш жарияланған дүние “Семипалатинский листок” газетіндегі Әлихан Бөкейханов жазған азанама болса керек. Абайдың өмірі мен шығармалары жайында Кәкітай Ысқақұлынан алған деректерді Әлихан Бөкейханов Абай ақындығы жайлы өзіндік наным-таныммен құнарландырып, жүйелеп баяндап бергендігі белгілі» [2, 326.].

Ислам дінінің далаға орнығуының пайда-зиянына орай жаңа заманның талабымен Абай білімге ден қойып, араб, парсы түркі тілдерін кітап арқылы үйренеді. Табандылығы мен бейімділігінің нәтижесінде өз бетімен араб, парсы тілдерін еркін меңгеріп, қасиетті біліммен сусындады. Молда мен қожалар туралы далаға кең таралған “аңқау елге арамза молла” деген мақалға орай олар өздерінің жан дүниесінің пасықтығын әшкерелеуден қорқып Абаймен кездесіп, сұхбаттасудан қашқақтап жүретін. Осы арада Абайдың ислам дініне қатынасын да айта кету лазым” – деген Әлихан Бөкейханов абайтанудағы үлкен бір мәселенің жайын алғашқылардың бірі болып қозғаған еді.

Әрине, Абайдың қасында болып, не оқып, не білгенін көбірек көріп, таныған Кәкітай Ысқақұлының мына бір деректерін Әлихан Бөкейханов пайдаланды: Уақытында аз да болса ислам діні, ғылымы кіріп келе жатқан жаңа заманның ретімен Абай ғарапша, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымынан үлкен хабардар болды. Сол талаппенен қырда ғарапша, парсышаға Абайдан артық білетін ешкім болмады.

Өзге жерде өтірікті-шынды жұртты өзіне қаратып жүргенде, Абай алдында надандығы білініп масқара болып қалам ба деп шала оқыған ғылымы бар молда-қожалар Абайдан қашып жүруші еді.

Нәзір Төреқұлов “Қазақ” газетінің 1916 жылғы 9 ақпанда шыққан №164 санында жарияланған “Әдебиетімізге көз салу” дейтін мақаласында әдебиет, тіл мәселелерін қозғай отырып, тілді байыту мәселелеріне үнілуге тартады.

Қазақ тілі, анықты да гибкость – икемділігінде, плавность – ағымы тегістігінде Радлов секілді түршілердің ойынша Европа тілдерінен франк тілімен тең. Бірақ қошаметіне мәз болып, тілімізді ескерусіз тастай алмаймыз, һәрдайым тіліміз үшін бар күшімізді жұмсап, ажарларымыз, байытуымыз тиіс.

Бұл пайда негізді қай жерге құрайық, жетпеген сөздерді, терминдерді, мағыналарды, әдебиетті, жаңа түрлерді қайдан алайық? Міне осы мәселелерді шешпеншілік. Соның үшін басқаларға бір көз жіберелік дей отырып, Абай Европа мәдениетіне; әдебиетіне бой ұрып, қазақ әдебиетін түрлендірді, әйтпесе ол үшін араб, ғажам жолы да ашық еді деп, Абайдың Шығысқа қатысын арнайы сөз студі қажет деп таппайтындай байлам жасайды.

Жалпы, абайтану тарихында Абайдың Батысын басым айттық. Абай қазақ өлеңіне әкелген жаңалықтың барлығын орыс, Европа әдебиетінің ықпалы деп қана қарастырған жағдайларымыз басым болды. Абайтануда Абайдың Шығысы саяси ағартушылардың ықпалынан ұзақ жылдар бойы ұдайы шектеліп отырды. Қазіргі кезеңде, кезінде абайтанудағы “ақтаңдақтар” болып дамуға

мәжбүр болған көптеген жазба дерек, тұжырым-танымға тыйым салу тыйылған кезде, Абайдың Шығысы жайлы тынымымызды кеңітуге, байытуға, дамытуға өріс ашылып отырған уақытта, сол, бір замандарда “жабық” қалған жазбалардың құндылығы арта түсіп отырғаны даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 2020. – 464б.
2. Дербісәлин. Ә.Қазақ әдебиетінің бастаулары.–Астана: Фолиант, 2015.–287 б.

ӘОЖ 81.405.37

ҮСТЕУЛЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

АДИЕВА Ж.Ш., ҚЫЛЫШБЕКОВА К.С.

Иван Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматриваются словообразовательные подходы к современному казахскому словосочетанию, некоторые процессы модернизации, применяемые в последнее время в их сочетании с различными морфологическими изменениями и другими классами слов, синтаксической деятельности в предложении.

Summary. The article discusses word-forming approaches to the modern Kazakh phrase, some modernization processes used recently in their combination with various morphological changes and other word classes, syntactic activity in the sentence.

Үстеу сөз табы – өзіндік қыры мен сыры жан-жақты толық ашылмаған күрделі сала. Қазақ тіл білімінде үстеуге байланысты бірнеше ғылыми-әдістемелік еңбектер жазылды. Алайда, бұл зерттеулердің көпшілігі үстеулердің лексика-семантикалық топтарын ажыратып, оларды морфологиялық жағынан түрленбейтін сөз табы ретінде көрсетумен шектеліп отырды. Ал үстеулердің басқа сөз таптарымен тіркесу қабілеті, сөйлемдегі синтаксистік қызметі, олардың морфологиялық өзгерістерге ұшырауы кейбір авторларда бір-екі сөйлеммен айтылып кеткені болмаса, ғылыми негізде терең зерттелініп, толық бағасын алған жоқ. Сондай-ақ үстеулердің сөзжасамы жайында да әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Кейбір ғалымдар бұл мәселені қамтып, көрсетіп кеткенімен, ол еңбектер бүгінгі ғылым тұрғысынан біршама өзгертулер мен толықтыруларды талап етіп отыр.

Сөз таптары – сөздердің құрылымдық-семантикалық немесе лексика-грамматикалық топтары. Олар бір-бірінен білдіретін мағыналары, морфологиялық белгілері, сөзжасамдық және сөзөзгерімдік қасиеттері мен синтаксистік қызметі жағынан ажыратылады. Сөз таптарының өзіндік ерекшеліктері, ортақ белгілері, өзара байланыстары мен даму жүйесі бар. Тілдегі осындай сөз таптарының бірі – үстеу. Үстеу сөздер дербес сөз табы ретінде өзге грамматикалық категориялардан кейін қалыптасты. Соған орай кейінгі жылдары үстеу сөз табына байланысты көптеген зерттеулер мен оқулықтар, ғылыми еңбектер дүниеге келді. Бұл бағытта, әсіресе, Л.Н.Харитонов, С.Ф.Фузайлов, А.Ысқақов, А.Шукюров, З.З.Абсалямов, С.А.Гочияева, С.А.Давлетова, О.Джамалдинов сияқты ғалымдардың еңбектерін ерекше атауға болады. Үстеулердің сөз табы ретінде алатын орны және атқаратын қызметі, лексика-грамматикалық ерекшелігі бір жүйеге түсіп, оның пайда болуы мен қалыптасуы, даму факторлары, тарихи құрамы мен мағыналық құрылымы және адвербиалдану процесі біршама зерттелінді. Соған қарамастан үстеу сөз табының, әсіресе, қазақ тіліндегі үстеулердің әлі де толығырақ зерттеуді қажет ететін – олардың ішінара тұлғалық өзгерістерге ұшырауы ғалымдар назарынан тыс қалып келеді.

Қазіргі тіл білімінде жаңа коммуникативті-прагматикалық, функционалды-семантикалық бағыттардағы зерттеу жұмыстары кеңінен жүріп жатқаны белгілі. Бірақ олар үнемі бір нәрсеге арқа сүйейді. Ол – тілдің құрылымдық жүйесі, тілдің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық,

синтаксистік бірліктері. Олардың қолданыс үстіндегі қызметін, сонымен байланысты мағыналық реңктердегі өзгерістердің себебін анықтау барысында ғылыми ойдың қозғалысында кері қайту тілдің құрылымдық жүйесінде жатқан негізгі қозғаушы күштерді ашу, солардан іздеу сияқты процесс байқалады. Ал қазақ тілінің лексика-грамматикалық құрылысында басы ашылмаған сондай мәселелердің біріне үстеу сияқты сөз табын құрастырушы тіл бірліктерінің толық ашылмауы жатады.

Түркі және қазақ тілдеріндегі үстеу сөздерді дербес сөз табы ретінде зерттеу нысанына алып, зерттелу тарихын, қалыптасу жолдары мен даму ерекшеліктерін, лексика-семантикалық топтарын айқындаған зерттеуші-ғалымдардың ғылыми-тұжырымдарына талдау жасау – жалпы үстеу сөз табының пайда болу тарихы мен қалыптасу жолдарын айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақ және басқа да түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының даму, қалыптасу жолдары басқа сөз таптарына қарағанда мүлдем ерекше. Әртүрлі сөз таптарынан түрлі жолмен ауысып келген лексемалар үстеулердің дербес сөз табы ретінде қалыптасуына ықпал етті. Бұл бағытта Н.К.Дмитриев, С.Фузайлов, А.Ысқақов, А.Шукүров, М.Ф.Сариева, Л.Н.Харитонов, А.М.Щербак, Ә.Ибатов және т.б. ғалымдардың жасаған теориясының маңызы ерекше орын алады. Белгілі бір сөз таптарының сөйлем ішінде пысықтауыштық қызмет атқаруы үстеулердің өз алдына дербес сөз табы болып қалыптасуына мүмкіндік туғызды. Ондай сөз таптары функциялық қызметіне байланысты контексте және дара семантикалық мағынасын өзгертіп, өзге сөздер қатарына өте бастады. Мұндай сөздер тобы грамматикалық табиғатына байланысты үстеулер деп аталды.

Қазақ тіліндегі үстеулер қимылдың алуан түрлі белгілерін, жай-күйін немесе сапаның дәрежесін білдіретін грамматикалық құбылыс. Үстеу сөздердің басқа сөз таптарынан ерекшелігі – оның негізінен қимылдың белгісі мен заттың сынының белгісін білдіріп, сөйлемде пысықтауыштық қызмет атқаруы мен морфологиялық жағынан түрленбеуі. Алайда тілдегі болып жатқан эволюция мен түрлі даму процестері үстеу сөздерге де әсерін тигізбей қалған жоқ. Морфологиялық жағынан еш түрленбейді деп есептелетін үстеу сөздер қазіргі қазақ тілі мен түркі тілдерінде коммуникативтік қызметі мен мағынасына қарай түрлі формаларға ие болып қолданылып жүр. Мәселен, кейбір үстеулердің сөйлемдегі қызметіне қарай көптік, тәуелдік, септік жалғауларын қабылдап заттанып, жіктік жалғауын қабылдап предикаттық қызмет атқаруы көркем әдебиет пен баспасөз беттеріндегі қолданыстарда жиі кездесетін процесс болып отыр. Үстеулер мұндай түрлі формаларға ие болғанымен, өзінің үстеулік мағынасынан мүлдем алшақтап кетпейді. Ол өзінің семантикалық мағынасын сақтай отырып, белгілі бір контексте ғана заттың немесе предикаттық мағына беріп тұрады.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамның тіл білімінің дербес бір саласы екені анық. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, соның ішінде үстеулердің де сөзжасам жүйесі қарқынды даму процесіне ие. Сөзжасам процесінде түбір сөздің лексикалық мағынасы пайда болатын сөздің жаңа мағынасында негіз болады. Тілде пайда болған жаңа сөз түбір тұлғаның негізінде жасалады және олардың мағыналарының арасында белгілі дәрежеде байланыс үзілмейді. Үстеулердің де басқа сөз таптарын қалыптастырудағы өз орны бар. Бұл, әсіресе, зат есім, етістік, шылау сөздердің сөзжасамынан анық көрінеді. Қазіргі қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде синтетикалық тәсілмен үстеу сөздерден жасалып, жеке реестр сөз дәрежесіне жеткен туынды зат есім, етістік, сын есімдер молынан кездеседі.

Қазақ тілінің сөзөзгерім жүйесі аналитикалық және синтетикалық тәсілдер арқылы жасалады. Сөзөзгерім қосымшаларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. I. Тұлғажасам қосымшаларға зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтары мен иелік мәнді жұрнақтары, реттік сан есім жұрнақтары, сын есім мен үстеулердің шырай жұрнақтары, етістіктің етіс, болымсыздық, шақ, рай, есімше, көсемше категорияларының жұрнақтары және көптік жалғаулар жатады. II. Сөзөзгерім қосымшаларына тәуелдік, септік және жіктік жалғаулар жатады.

Конверсия – сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі. Сөздердің белгілі бір грамматикалық категориядан ауысып, өзге лексика-семантикалық, сөз табындық дербестікке ие болуы конверсиялық сөзжасамның нәтижесі. Субстантивация конверсия құбылысының бір формасы. Заттанатын негізінен мезгіл, мекен, мөлшер және кейбір қимыл-сын үстеулері. Олар морфологиялық тәсілмен, яғни тәуелдік, септік, көптік жалғаулары арқылы заттанады. Синтаксистік тәсіл арқылы заттанатын үстеулер де кездеседі. Тіліміздегі субстантивтенген үстеулерді уақытша контекстік субстантивтену тобына жатқызамыз. Өйткені қазіргі сөз қолданысымызда толық субстантивтеніп, жаңа мағынаға ие болып, реестр сөз дәрежесіне жеткен

үстеулер байқалмайды. Ал уақытша субстантивтенген үстеу сөздер қазіргі тілімізде кең қолданысқа ие болып отыр.

Қорыта айтқанда, үстеулер сөзөзгерім қосымшаларын қабылдап, ішінара морфологиялық өзгерістерге ұшырайды. Үстеулердің тұлғалық өзгерістерге ұшырауы белгілі контексте, коммуникативтік қызмет өрісінде ғана кездеседі. Үстеудің тұлғажасам формалары ретінде шырай жұрнақтары мен көптік жалғауды атауға болады. Үстеулер сонымен қатар тәуелдік, септік, жіктік жалғаулар арқылы да өзгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. -444б.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. -384б.
3. Мергенбаев Е. Қазақ тілінің сөзөзгерім жүйесі. – Алматы: Санат, 1994. -228б.
4. Жұмағұлова Ө.А. Қазақ тіліндегі көсемшенің мағынасы мен қызметінің дамуы. Филол. ғылым. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссер. Авторефератф. – Алматы, 1999. -24б.
5. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. -304б.
6. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. 308б.
7. Аманжолов А. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. -320б.
8. Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаев Б. Практикалық қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. -272б.

ӨОЖ 81.235.11

ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМДЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ САБАҚТАСТЫҒЫ

ОРМАНОВА Н.А.

№15 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается преимущество языка и культуры при изучении казахских антропонимов.

Summary. The article examines the continuity of language and culture in the study of Kazakh anthroponyms.

Қазақтың кең даласы – мәдениет пен тіл бірлігі, әдет-ғұрып, салт-сана тұтастығының негізі. Мысалы, бұл көзқарас қазақтардың балаға ат қоюында өзіндік ерекшеліктерінің бар болмысымен көрінеді. Себебі олар бұл рәсімде ұлт болмысының барлық этномәдени, элеуметтік сипатын басшылыққа алып отырған.

Мысалы, тіл мен сөздің магиялық күшіне сенген олар әдетте қарғыстан, балаларын мақтаудан қорыққан. Соның нәтижесінде *Күшікбай*, *Жаманбала*, *Салбыр*, *Қасым*, *Сағал*, *Кенесары* сынды жалқы есімдер дүниеге келген. Олар «көз тимесін», «балам аман болсын» деген ырымнан туған болуы керек. Немесе дүниеге келген балаға *Артықбай*, *Несібелі*, *Бекенбай*, *Мырзагелді* сияқты ат қою арқылы оған белгілі бір қасиеттерді дарытуды көздеген мақсат қойылған. Ал, *Тілеміс*, *Тұрлыбек*, *Сағындық*, *Есенгелді* лингвокультуремалары ұл күту, бала тілеу, балалары тұрақталмаған себебінен туған антропонимдер.

Антропонимика (кісі аттары) –тіл тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуде құнды да бағалы мұра. Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-элеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді. Мәселен, төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер. Немесе қазақ халқының ұлттық әдеті бойынша жас келіндер күйеуінің жақын туыстарының, ата-енесінің аттарын атамайтын. Сөйтіп жас келін күйеуінің ағасын, інісін я қарындасын тура атымен атай алмай, жанама ат қойып алатын. Атап айтқанда, қайын сіңілілерін *-шырайлым*, *бикеш*,

бойжеткен, әке қыз, еркем, ержеткен, ерке қыз, ал ер адамдарды *төрем, шырақ, мырза жігіт, молда жігіт* т.б. деп атайды.

Әйелдер күйеуінің атын атамай «әлгі», «біздің үйдегі», «от ағасы» немесе баласының атымен атау (Баймырзаның әкесі деп) дәстүрінің қалдығы әлі де кездеседі. Тіпті күйеуінің құрдастарының аттарын атауды да ұят санап *құрдас, замандас* немесе *аттас* деп атау дәстүр ұстанған. Сөйтіп, жаңадан түскен жас келін болсын, оның абысын-ажындары болсын ат тергеуді міндет санаған.

Ат тергеу салтында түрлі әдістің болғаны байқалады. Кейде адамдарды түр-келбеті, дене пішініне қарай: «бауырсақ», «айыр сақал», «бай семіз», «мес», «төрт сақал», «саққұлақ» деп атау болған. Кейде кісі есімдерінің басқы әріптерін өзгертіп айту дәстүрі де болған. Мысалы: Мәмбет орнына Сәмбет, Әли – Сәли, Тұрсын – Мұрсын, Ахмет – Сахмет, Жақып демей Мақып деп атаған. Жас әйелдер мен егде әйелдерге туыстас адамдардың атын атамау былай тұрсын, жалпы кісі аттарын тура атауға тиым салынып отырған. Ат тергеуде әйелдердің мәндес сөздерді шебер қолданғаны байқалады. Бұның өзі әйелдердің ой-өрісінің кеңдігін және тіл байлығының байтақтығын көрсетеді. Ат тергеу дәстүрінде олардың ерекше тапқырлығы, ойының ұшқырлығы, қара сөзге дес бермейтін шешендігі көрініп тұрады.

Сөзге тиым салу дәстүрі тек әйелерге ғана тән ғұрып болмаған. Бұл жағдайды ер адамдар өмірінен де анық аңғаруға болады. Әсіресе жастар жасы үлкен адамдар мен беделді ақсақалдардың немесе лауазымы жоғарылардың аттарын тура атамай «ата», «жәке», «отағасы» және лауазымына сай, «би ата», «төре», «болыс аға», «сұлтан», «батыр» деп атаған.

Осымен байланысты эвфемизм мен табу ерекше назар аударды да, антропонимдердің лингвомәдени, әлеуметтік т.б. аспектілерінің архетиптік сипатын көрсетеді. Яғни, эвфемизм – бір затты немесе құбылысты тікелей өз атымен емес басқа сөзбен атау. Айтуға дөрекі, қолайсыз сөзді сыпайы сөзбен ауыстырып айтудың негізінде шыққан. Оның тілдік көріністері қазіргі қазақ тілінде көптеп кездеседі. Мысалы *өтірік айту -қосып айту, ұрланыпты –қолды болыпты, өлді –қайтыс болды, үзілді* т.б.

Ал, табу ерте замандардағы адамдардың мифтік танымына сәйкес кейбір заттардың аттарын тікелей айтуға қорқып, тыйым салынуынан қалыптасқан. Бұл құбылыс әдетте *табу* деп аталады. Бұл проблеманың қазақ және түркі тіліндегі табиғаты, тілдік көрінісі Ө.Ахметовтің еңбегінде арнайы зерттелген. Солардың нәтижесінде оның дәстүрлі мәдениетпен сабақтастығы, оның генезисі анықталады.

Тілші-ғалым Ө.Хасенов эвфемизм мен табу құбылысын лексиканың қалыптасып, баю барысындағы тарихи тұрғыдан семантикалық тәсіл қатарында қарастырып, нақты антропонимдерге қатысты былай деп көрсетеді: - кісі аттарына байланысты эвфемизм мына сықылды болып келеді: ауылдағы үлкен кісінің аты *Жаман* болса -*Соқпақ жол, Сүттібай* болса – *Желінді уыз, Бұқабай – Сүзербай, Өгізбай, Қарабас – Боран шеке, Сарыбас – Шикіл шеке, Сары – Шикіл, Бейсембі – Күн жұма аттас, Кәжекбай – Қоян ата, Үзікбай – Дөдеге, Жамантай – Жайсыз тай, Ақбай – Қылаң ата, Тұңлікбай – Қайырма, Қозыбақ – Кене, Жусанбай- Сыбақ, Қойлыбай – Жандық ата, Қамшыбек – Ат жүргіш, Бүйенбай – Жуан ішек, Еламан – Халық есен, Асубай – Тарпаң, Асыл – Бекзат ата, Ақылбай – Ой ата, Мергенбай – Атқышыл, Жылқыбай – Туар т.б. [1, бб.].*

Әлем халықтарының көпшілігінде, оның ішіндегі қазақ тілінде де жалқы есімдердің көбі табуға айналған. Ш.Саадиевтің мәліметі бойынша, әзірбайжанда күні бүгінге дейін шын аттар жасырын болған. Түркіменстанда «әр баланың чын ады –шын аты және ямен ады – жасырын аты бар». Сібірдің солтүстігінде ер адамдарда екі ат болады, оның бірі –шын ат, ол сирек қолданылса, ал екіншісі күнделікті қолданыстағы ат болып саналған [2,42б.]. Қазақ жалқы есімдерін – антропонимдерді зерттеуші Т.Жанұзақ былай дейді: «Запрет некоторых слов (табу) имел свое влияние и во сфере личнособственных имен. Казахские замужние женщины давали свои имена *Төрем, Шырақ, Жарқын, Тетелес, Мырзажігіт, Шырайлым, Бикеш* и др» [3, 5б.].

Оңтүстік Сібірдегі Түркілердің дәстүрлі дүниетанымын А.Самойловичтен кейігі зерттеушілер күйеуі мен оның туыстарының атын айтуға тыйым салыну некелік қарым-қатынастың сипатына байланысты деп есептейді. Әйел басқа тектен (әлемнен) болғандықтан күйеуінің жағында оған бірқатар сөздік тыйымдар салынады: «Большинство запретов, которыми было окружено её поведение во время сватовства и свадьбы, постепенно снимались, но оставался минимум символов, который на протяжении всей ее жизни на земле мужа подчеркивал особый

стаус женщины – пришелицы, единственного существа «со стороны», находившегося в роде. Она не имела права произносить в слух имена своих старших родственников. Для нее их имен словно бы не существовало, равно как имена мужа» [4, 151б.]

Антропонимдер мен жалқы есімдерді қолданған кезде мұндай сөздік тыйымдар (табу), жоғарыда атап өткендей, қазақ әйелінің де сөздік ғұрпында болған. Қазақ әйелінің сөздігіндегі табуға айналған жалқы есімдер эфемизмдермен алмастырылған. Профессор Т.Жанұзақов былай деп жазады: «Личные имена заменялись нарицательными по определенной системе. Мужчин старше мужа женщины называли қайынаға (деверь) . При запрете личное имя определенного человека употреблялось в искаженной форме, например вместо *Али – Сали, Турсын – Мурсын*. Для замужней женщины являлись запретными и нарицательные имена» [3,45б.].

Академик А.Н.Самойлович XX ғасырдың бас кезінде-ақ бұл проблеманың әлеуметтік, этномәдени аспектісіне мән беріп, түркітанудың болашағы өзекті мәселелерінің бірі ретінде мән берген: «чтобы исследователи разных тюркских народов обратили особое внимание на личные имена, о том, что следовало бы составлять полные алфавитные списки личных имен, как мужских, так и женских, по отдельным народам и племенам с подробными указаниями, в каких случаях, в какую историческую эпоху, кому и почему давалось то или иное имя, что в последствии позволило бы произвести весьма интересные в культурно-историческом отношении сравнительное исследование личных имен всех тюркоязычных народов»..

Қазіргі қазақ тіліндегі антропонимдерді тарихи-этномәдени, әлеуметтік тұрғыдан анықтап, зерттеу олардың тамырының көне түркі (қыпшақ) кезеңімен сабақтасып қана қоймай, түркі тілдерінің басқа халықтарымен мәдени-тарихи байланысын, қарым-қатынасын да деректейді. Сондықтан белгілі ономаст-ғалым В.А.Никонов антропонимика саласының негізгі міндеттерін кезінде былай деп анықтаған: «Антропонимия может служить драгоценным источником, помогая выяснить былой этнический состав и миграции населения в прошлом, датировать, локализовать письменные памятники и т.д... Антропонимика образует в языке особую подсистему, разобраться в которой бессильны методы только лингвистики без неразрывного единства с этнографией, историей, социологией, правом».

Қазақ тіл білімдегі ономастика, антропонимика саласын қалыптастырушы ғалым Т.Жанұзақовтың антропонимдердің қалыптасуын, даму кезеңдерін басқаша жіктегенін байқаймыз. Атап айтқанда: 1) Ескі түркі кезең (V-Xғғ.) пұтқа табынуға байланысты жалқы есімдер. 2) Ортағасырлық кезең (X-XVIIғғ.) – туыстық атаулар, тайпа, ру атауларымен, жануар мен өсімдіктер, астрономиялық атаулар, қымбат тастар мен материалдық мәдениет пен тұрмыс, әлеуметтік-саяси терминдермен байланысты. 3) XVII – XIXғғ. Кезең – негізінен аппелятивтік лексикамен байланысты қалыптасқан жаңа атаулар: *Жібек, Баршын, Қамқа, Шекер, Алау* т.б. 4) Кеңес кезеңі – жаңа дәуірге сәйкес жаңа ұғымдармен байланысты есімдер көріп отырғанымыздай, бұл зерттеудің нәтижесі, тілдік деректердің мазмұны нақтылығымен дәйектелген.

Сонымен бірге Г.Ф.Саттаровтың мақаласында татар тілінің антропонимиясының ежелгі қабаты көне түркі және ежелгі бұлғар кезеңіне қатысты анықталып, ежелгі түркілердің наным-сенімдеріне сәйкес - аспанға табиғатқа табынуды сипаттайтын есімдермен көрсетіледі: *Таштемир, Бикташ, Тәңгеребирде, Кугәй, (Кук+ай), Айсылу, Чултан* т.б.

Сол сияқты түркімен тілінде де ежелгі антропонимдер ретінде атмосфералық ылғал, күн, ай, флора мен фаунаға байланысты қалыптасқан есімдер көрсетіледі. Мысалы, *Ягмур*, (жаңбыр) XI ғасыр Түркіменнің қолбасшысының аты.

Академик В.А.Гордлевскийдің түркі антропонимдер жүйесінің түркі қабатын мұсылмандыққа дейінгі деп анықтауы көптеген түркі тілдері бойынша антропонимист ғалымдардың пікірлерінде қолдау тауып жалғасты. Нақты айтқанда, осы зерттеулердің нәтижесінде танымдық, мифотанымдық сипаттама космоимдік лақап аттардың т.б. негізі осы қабатқа тән.

Башқұрт антропонимиясындағы қыпшақ қабатын зерттеуші Г.М.Гариповтың пікірінше, барлық түркі тілдеріне ортақ, байырғы, түсінікті этностың терең қайнарларынан деректер беретін тарихи көздер.

Түркі тілдерінің лексикологиясын салыстырмалы түрде зерттеуші К.Мусаевтың еңбегін антропонимияға қатысты топтастырудың 7 принципін береді.

Өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен дәстүрдің бірі осы ат қоюмен байланысты. Бұл қазіргі тіл білімдегі, соның

ішіндегі қазақ тіл білімдегі тілді сол тілде сөйлеушінің мәдениетімен, тарихымен т.б. тығыз байланысты зерттейтін антропоцентристік бағытқа, оның ішіндегі лингвомәдениеттануға, этнолингвистикаға сай келеді.

Халықтың әдет-ғұрып, тарихи, дәстүрлері мен кісі аттарының арасында байланысы бар екені ономастикада дәлелденген. Ал оның этномәдени тәні ерекше екені жоғарыда атап өтілген. Мұны қазақ тіл білімдегі антропоцентристік бағыттағы лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық, әлеуметтанымдық зерттеулер дәлелдеп отыр. Мысалы, балаға ат қоюда ерте кездің өзінен-ақ ырым мен әдет-ғұрыпты сақтаушылық болған. Ал, ырым мен әдет-ғұрып Ш.Уәлиханов атап көрсеткендей, салт-санаға тән. Мысалы: ұлы жоқ үйлерде қыз туатын болса, онда ол қызға *Ұлтуған* немесе *Ұлболсын* деп ат қояды. Ондағысы «кейігі бала ұл болса» деген ырым-сенім.

Демек, қазақ халқында ат қою ұлттық тарихымен, рухани мәдени өмірмен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Ал, ұлттық тарих, әдет-ғұрып, салт-дәстүр деген ұғымдар мәдениетпен байланысты. Мәдениет дегеніміз адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, сондай-ақ олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі.

Тіл мен мәдениетті сабақтас зерттейтін ғалымдар соның ішінде қазақ ғалымдары Ө.Қайдаров, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, т.б. мәдениетті тілден бөліп алып қарамай, тіл – мәдениеттің бір көрінісі, ол екеуінің арақатынасы ерекше де маңызды деп санайды. Себебі, кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп көрінетіні, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі. В.Гумбольдт айтқандай «Ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігіне сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл».

Осы тектес тұжырымдардың қалыптасуында, тілді зерттеудің барысында ұлттық мәдениеттің, дәстүрдің ерекшеліктері ескеріледі. Әсіресе, ұлттық рухымыз жаңғырып, салт-дәстүрлеріміз қайта жанданып жатқан қазіргі қазақ қоғамындағы рухани-әлеуметтік құбылысты дұрыс бағалап, негізін түсіну үшін осындай тілдің дамуының ішкі формасынан туындайтын жалпы заңдылықтарды адам рухымен байланысты түсіне білудің маңызы зор. Себебі, дәстүр әркімнің жеке басының жағдайына байланысты емес, ол халықтың әлеуметтік-психологиялық мәдени, тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасқан - жалпыхалықтық құбылыс. Екіншіден, дәстүрдің тағы бір сипаты – оның тұрақтылығы. Ол оңайлықпен өзгере салмайды, тіл арқылы ол ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Сол арқылы ұлт өмірінің желісі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі. Сол себепті әртүрлі ұрпақ болғанымен, бірін-бірі түсініп бір ұлтқа жатады. Осы жайт түркі соның ішінде қазақ антропонимдерінің тілдік табиғатына да тікелей қатысты.

Сонымен коммуникативтік қызметімен ерекшеленетін антропонимдердің әлеуметтік мәнін ашу қазіргі тіл біліміндегі антропоэзеттік бағытпен сабақтасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хасенов Ө. Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1985. – 66 б.
2. Саадиев Ш.М. Основные правила выбора имен для новорожденных (по азербайджанской антропонимии) // Личные имена в прошлом, настоящем, будущем. Проблемы антропонимики. М: Наука, 1970 . с 185-187
3. Жанузаков Т.Дж. Лично-собственные имена в казахском языке. Автореферат дисс.кан.филол.наук. – Алма-Ата. 1960. С 565
4. Самойлович А.Н. Запретные слова в языке казак-киргизкой замужней женщины // Живая старина. 24, – Петроград, 1915 с. 151.

ҚАРСЫ МӘНДІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КӨПМАҒЫНАЛЫҚ ПАРАДИГМАТИКАСЫ

БОЛМАШ Д.К.

Әлихан Бөкейханов атындағы №1 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛДОҢҒАРОВА Қ.Е.

№31 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается парадигматика многозначности разнозначных фразеологизмов.

Summary. The article examines the paradigmatics of polysemy of different meanings of phraseological units.

Фразеологизмдердің көпмағыналарының антонимдік қатынасқа түсуі өзекті мәселердің бірі болып табылады. Тілдегі лексикалық антонимдер туралы М.И.Фомина, Р.А.Будагов, Е.Н.Миллер, қазақ тіл білімінде Ж.Мусин, А.Жүсіпов еңбектерінде құнды пікірлер мен тұжырымдар айтылған, А.Жұмабекованың антонимдер сөздігі құрастырылған. Ал фразеологизмдерге қатысты бұл мәселе қарастырылмаған. Олай болса, фразеологиялық антонимдердің полисемия құбылысымен байланысын анықтау орынды болып табылады.

Зерттеуші Р.Будагов: «Когда антонимы выступают как разные слова противоположного значения, тогда проблема антонимов в одном пункте сближается с проблемой синонимов так же опирающейся на анализ разных слов, связанных между собой семантический; а когда же антонимы выступают как различные значения одного многозначного слова, тогда проблема антонимов сближается с проблемой полисемии» [1, с. 143], – деп тұжырым жасайды.

Қазақ тіліндегі антонимдердің полисемиямен байланысы жөнінде Ж.Мусин былай дейді: «Антонимияның полисемия құбылысымен шектесуі сөздің контекстік мағынасы, ауыс мағынада қолданылуы, оның экспресивтік-стильдік синонимдік мәні т.б. жайттармен қат-қабат байланысып жатады» [2, с. 18]. Сонымен қатар фразеологизмдердегі қарама-қарсы ұғымдардың берілу жолдарын сөз еткенде бір құбылысты әр зерттеуші түрліше түсіндіретіндігі байқалады. Мысалы, *бағы таяу – бақ қону* тіркестеріндегі қарама-қарсылықтың берілу жолын зерттеуші Ж.Мусин: «Антоним жұп құрайтын фразалық тіркесте мағынаға өзек боларлық бір сөз қайталанып келіп отырады», – деп түсіндіреді. Ғалым Ә.Болғанбаев: «тұрақты тіркестердің өз ішіндегі компоненттерді басқадай сөздермен алмастыру» арқылы жасалған [2, 113 б.], – дегенді айтады.

Көпмағыналылық есімді тіркестермен қатар етісті тіркестерде кездесетіндігі қарама-қарсы парадигмасына да мысал бола алады. Олардың компоненттерінің біреуі жеке тұрғанда қарама-қарсы ұғымды білдіріп, тіркес құрамына енгенде де сол қалпын сақтау құбылысы байқалады. Құрамындағы сыңарлардың ешқайсысы қарсы мәнде айтылмаса да, қарама-қарсылықты білдіретін фразеологизмдер жиі кездеседі: *бармағын бүгіп қалу – ағынан жарылу; ит жеместі жесісу – ауыз жаласу; итаяқтан сары су ішкізу – аузынан ақ май ағызу*. Бұл тіркестердегі қарама-қарсылық ұғым компоненттерден емес, бүкіл тіркес бойынан танылып тұр. Бірақ қарама-қарсылық ұғым үнем дәл беріле бермейді, лексикалық антонимдегідей қарама-қарсылық тепе-теңдігі сақталмайды. Осы топтағы «*қабырғасы қайысу*» – қатты қайғыру, уайымдау, «*төбесі көкке жету*» – қатты қуану, мәз болу ұғымымен қарама-қарсы мағынада қолданылып тұр. Дегенмен дәл осы жұп үнемі бірге айтылып тұрақталмағын. Бұлар *қабырғасы қайысу* – жүрегі жарыла қуану, *қабырғасы қайысу* – «бөркін аспанға лақтыру» түрінде де контекске сай өзгеріп отыруы ықтимал.

Қарсы мәнді фразеологизмдердің ерекшеліктеріне сәйкес оларды қарама-қарсылықты жуықтап көрсететін фразеологизмдер деп топтастырған жөн. Олар негізінен үнемі бір-біріне қарама-қарсы мағынада жұмсалмағандықтан пайда болады. Қарама-қарсылықтың бірде дәл, бірде жуықтап берілуі – оның берілу тәсілінде.

Осыған байланысты қарама-қарсы фразеологизм жасаудың мынадай жолдарын көрсетеміз:

1) компоненттердің біреуі қарама-қарсы ұғымда айтылуы негізінде жасалады;

2) компоненттердің мағыналық жиынтығынан туындайтын қарама-қарсылық негізінде жасалады.

Байқалатын ерекшеліктің бірі антонимдік құбылыс фразеологиялық тізбектерде жиі кездеседі, сонымен қатар қарама-қарсылық салмағы тең әрі дәл, ал бұл құбылыс фразеологиялық бірлік пен фразеологиялық тұтастықтарға тән, бірақ мағына тұтастығы берік болған сайын, антонимдік жұптың дәлдігі солғындайды.

Лексикалық антонимдердің полисемия құбылысына қатысы жөнінде А.Жүсіпов формула арқылы көпмағыналы сөздердің антонимдік жұпқа түскендігі семантикалық аражігін ажырату үлгісін ұсынады. Автордың пікірінше: «Антонимия мен полисемияның ара қатынасын объективті түрде беру үшін полисемияның ауқымы кең екенін ескерген жөн, сондықтан қарама-қарсылық полисемияға байланысты, ал полисемия өз кезегінде антонимияны күрделендіру үшін қажет, әркез сөздердің тура, қарама-қарсы қойылуын қиындатады» [3, 16 б.]. Бұл лексикалық антонимдерге қатысты айтылған ой. Фразеологизмдердің көп мағыналарының антонимдік жұбын анықтауда да, әр мағынаға қарама-қарсы қойылатын фразеологизмдерді іздестіреміз. Мысалы: *бой бермеу* деген фразеологизмнің беретін мағыналары: а) айтқанына көнбеді, жеңістік бермеді; б) ырық бермеу, күші жетпеді. Бұл фразеологизм бірінші мағынасында тұрып, *айтқанына жүріп, айдауына көну* деген тұрақты тіркеспен антоним болады.

Сол сияқты *зәрі қайту* деген фразеологизм а) уы қайтты, тарады; ә) жыли бастады; б) ашуы басылды деген мағыналарды білдіреді. Аталған фразеологизм соңғы мағынасында тұрып *кәріне міну* фразеологизмімен антонимдік жұп құрайды.

Антонимия құбылысы көпмағыналы фразеологизмдердің әр мағынасының арасында да кездеседі. Атап айтқанда. 1) көпмағыналы фразалық тіркестің мағынасы келесі көпмағыналы тұрақты тіркестердің мағыналарымен антонимдес болады. Мысалы,

Есін жинау – 1) есі кірді; 2) өз-өзіне келді.

Есінен адасу – 1) есінен тану; 2) есі ауысты.

Бірінші тіркестегі бірінші мағына мен екінші тіркестегі бірінші мағына антонимдес, екінші мағыналар жайы да осы сияқты болып келеді: яғни: *есі кірді – есінен танды; өз-өзіне келді – есі ауысты.*

2) Көпмағыналы фразалық тіркестердің әр мағынасы бір мағыналы тұрақты тіркеспен антонимдес бола алады. *Жөніне көшу* – 1) дұрыс жолға түсті; 2) жайына отырды. Бірінші мағынадағы «дұрыс жолға түсу» тіркесі – «жолдан таю» тіркесімен, екінші мағынадағы «жайына отыру» тіркесі «құйысқанға қыстырылу» тіркесімен антонимдес.

Сол сияқты *белшесінен [белуардан] батты* 1) үлкен олжаға кенелді – антонимі – құр алақан қалды (пайдадан құр алақан қалды, дүние қызығынан құр алақан қалды). (Бұл фраза кейде келемеж, мазақ түрде айтылады).

...Алмат қиял тұңғиығына белшесінен батып, көзге көмескі, көңілге аян ой төмпешіктеріне сүріне-қабына құлай жаздайды.

2) Қайғы-дертке, қиын жағдайға душар болды.

Оспанның Оразбайға не істегенін есіткенде, Абай: – Бұның арты белгілі – екі жуанның бас араздығы, бәсекесі болады да қалады. Енді мол бәлеге белшесінен батқан деген осы... Бірақ жазалауын жазалапты. Оразбайды енді босатып жіберсін, – деген – антоним ретінде «қуанышқа кенелді» тіркесін алуға болады.

Ж.Мусин: «Фразалық тіркестер антонимдік жұп құрағанда олардың көп мағыналарының бірі ғана антонимдік мәнде көрінеді» [2, 20 б.], – деген пікір айтады. Зерттеу барысында жинақталған материалдар негізінде фразеологизмдердің көп мағыналарының бірі ғана антоним болып қоймайды. Бұл туралы қарсы мәнді фразеологизмдерді зерттеуші Г.Сырлыбаева олардың тағы да төмендегідей ерекшеліктерін негіз етіп топтастыру қажеттілігін айтады:

1) Көпмағыналы фразеологизмнің бір мағынасының антонимі болуы;

2) Көпмағыналы фразеологизмнің әр мағынасының бір мағыналы фразеологизммен антоним болуы;

3) Көпмағыналы фразеологизмнің мағынасы келесі көп мағыналы фразеологизмнің әр мағынасына қарама-қарсы келуі [4, 64 б.].

Тіліміздегі фразеологизмдердің көп мағыналарының саны екеу немесе үшеу ғана, ал лексикалық антонимдердің беретін мағыналары өте көп болып келуі тілдегі ерекшелік деп танымыз. Көпмағыналы фразеологизм мағыналарының біріне қарсы мәндегі фразеологизмді олардың семантикасына сүйеніп анықтай аламыз.

1) Фразеологизмдер антонимдік жұп құрағанда олардың көп мағыналарының біреуінің ғана антонимдік мәнде көрінуіне төмендегідей мысал дәлел: *Қолға түсу* – а) ұсталды, тұтқындалды – қолдан шығып кету; ә) тап болды, табылды.

Сол сияқты *дедек қағу* фразеологизмінің 1) «зыр жүгірді», «алды артына қарамай зытты»; 2) «қорқып қалтырады» сияқты көп мағыналары бар. Бұл фразалық тіркес бірінші мағынасында тұрып, «табан аудармай отыру» деген екінші бір фразеологизммен антоним болады.

Немесе *жанын жалдау* тұрақты тіркесінің беретін мағыналары: 1) өтірік айту, алдау; 2) «ептеп-септеп күн көру»; Бұл фразеологизм алғашқы мағынасында тұрып *ағынан жарылу* фразеологизміне қарсы мәнде жұмсала алады.

Тілімізде көп мағынаға ие фразеологизмдердің бірі *аузымен құс тістеу*, беретін мағыналары 1) жүйрік, ұшқыр (жануарға қатысты), 2) сөзге шешен (адамға қатысты). Аталған фразеологизм сөзге шешен адамға байланысты мағынаға ие болған жағдайда *екі сөздің басын құрай алмау* деген фразалық бірлікпен антонимдік жұп ретінде жұмсалады.

2) Көпмағыналы фразеологизмнің әр мағынасы бір мағыналы фразеологизммен антоним болуы да жиі кездеседі. Мысалы, *беті бері қарау* – 1) аурудан жазыла бастау қарсы сары жамбас болу; 2) райдан қайтты, ашуы тарады, қарсы ашуға булығы. Сол сияқты *салт басты, сабау қамшылы* фразеологизмі 1) «жалғыз басты» (кісі), 2) «жарлы, кедей, малы жоқ» мағыналарын білдіреді.

Осы берілген мағыналардың әрқайсысы мынадай тұрақты тіркестермен антонимдік жұп құрайды: *салт басты сабау қамшылы* – үйлі-баранды, отбасы бар, *салт басты сабау қамшылы* – төрт түлігі сай (малға байыды. Дәл осы сияқты *бүйірі шығу* тұрақты тіркесінің беретін мағыналары; 1) қарны кампиып тойды; 2) жарыды, жетісті. Осындай көп мағынаға ие болу нәтижесінде мынадай антонимдік жұптар құрайды; *бүйірі шығу* – өзегі талу, *бүйірі шығу* – тақия тамтығы қалмау. *Жөніне кету* фразеологизмі 1) «дұрыс жолға түсу»; 2) «жайына отыру», «ешнәрсеге араласпау» мағыналарын білдіре тұрып, төмендегідей екі антонимдік жұпты құрайды: *жөніне кету* – жолдан таю, *жөніне кету* – құйысқанға қыстырылу. *Мойнына су кету* фразеологизмінің беретін мағыналары: 1) жүдеп-жадады; 2) қысылды, ұялды, осы мағыналар негізінде *мойнына су кету* – гүлдей жайнау, *мойнына су кету* – беті бүлк етпеу фразеологиялық омонимдері жасалып тұр.

3) Көпмағыналы фразеологизмнің мағынасы келесі көпмағыналы фразеологизмнің әр мағынасына қарама-қарсы келеді. Бұл ерекшелік тілде сирек ұшырасатынын ескерген жөн. Мысалы, *сабасына түсу* – су бұрынғы қалпына келді – су ернеуінен асу; *ашу ызасы басылды* – ашу-ыза кернеді. Келтірілген *сабасына түсу-сабасына сыймау, есін жимау-есінен адасу* фразеологизмдері антонимдік қатынасқа түскенде көпмағыналарының барлығы да өзара қарама-қарсы мәнге ие болып тұр. Фразеологизмнің көпмағыналылығы тек мысал сөйлемдер арқылы, контекст ішінде ғана көрінеді. Олай болса қарама-қарсы фразеологизмдердің мағыналарын сөйлем арқылы келтіре отырып ажырату қажет:

– *Олардың жаман ойы біздің үйге ауыл жақтан кісілер келмесін, есігімізді бірде-бір жан ашпасын, араласпасын деген ой, – деп Ұлтарақ сабасына сыймай ашуға булыққан болатын.* (Ә.Шәріпов) *сабасына сыймау* – «адамды ашу-ыза кернеу» мағынасында жұмсалған/.

– *«Бақсы-құшынаш боп, басы шайқақтап, сарнап кетем бе!» – деп қорқушы еді. Құдай сабасына түсірді* (Ә.Кекілбаев). Мұнда *сабасына түсу тіркесі* – «өз-өзіне келу, ашуы тарқау» мағынасында қолданылған.

Зерттеуші Д.Шмелев: «Антонимия синонимия құбылысы сияқты көп мағыналы сөздермен тығыз байланысты. Көпмағыналы сөздің әр мағынасының өзінің синонимдік және антонимдік қатары бар» – деп көп мағыналы сөздің синонимдер, антонимдермен қат-қабат байланыста болатынын атап көрсеткен.

Ғалымның пікірін басшылыққа ала отырып, көпмағыналы фразеологизмдердің антонимдік-синонимдік қатысын анықтай аламыз. Осы тұрғыда, фразеологиялық антонимдердің полисемия құбылысына қатысты бір ерекшелігі – көпмағыналы фразеологизм бір ғана мағынасы бар фразеологизммен антонимдік жұп құрағанда, екінші жұптың (бір мағыналы жұптың) синонимдік

қатарға бай болуы ұшырасады. Нәтижесінде синонимдік қатардағы әр фразеологизм бірнеше антонимдік жұп құрай алады. Мысалы: *қарны ашу* (тамақ ішкісі келу, бір нәрсеге көңілі толмады, разы болмады) – бүйірі шығу, *қарны ашу* – сылқия тою, *қарны ашу* – кекірік ату, *қарны ашу* – аузы мұрнынан шыққанша тою. Сол сияқты бас сұғу тіркесі. *Бас сұғу* (бір жерге бару, кіріп аялдау, өзгенің ісіне көлденең кірісті) – ат ізін салмау, *бас сұғу* – аяқ баспау.

«Сөздерді антонимдік қатарға енгізгенде еске алатын нәрсе – сөздердің лексика-семантикалық сипаты... Антонимдер бір сөз табына енетін сөздер аралығында болады да, бір лексика-семантикалық топтың құрамында өмір сүреді», – дейді М.Оразов. Осы пікір фразеологизмдерге де қатысты. Сонымен фразеологизмдегі антонимия құбылысы көпмағыналыққа ие болғанда да әдеттегідей бір лексика-семантикалық топтың ішінде өрістейді. Оны фразеологизмдердің түрлі сөз таптарына қатыстығынан табуға болады. Мысалы: *Айырып алғысыз* 1. Өте ұқсас, егіздің сыңарындай. 2. Бөлектеуге қимайтындай. Мұндағы тіркес сын есімнен болғандықтан беретін мағыналары да сын есімнен жасалып тұрса, келесі мысалдан етістікті тіркесті танымыз.

Етек-жеңін жинау – 1) есін жиды; 2) шаруасы, тұрмысы түзелді.

Қ.Мақанов пен белгілі қаламгер ... Ә.Қарағұлұлының мақалаларын қатар жариялай отырып, осы әңгіменің етек-жеңін жиганды жөн көрдік. Кейбір жоғарырақ қызметтегілер бұдан секем алып, етек-жеңдерін жия бастаған..

Сонымен қарама-қарсы фразеологизмдер көпмағыналылық құбылысымен тығыз байланысты екенін түрлі тұжырымдарды пайымдау арқылы көз жеткіздік. Көпмағыналы фразеологизмнің ұғымдық сипаты негізінде фразеологиялық антонимдер саны да молайып отыратындығын, көпмағыналы фразеологизмдердің антонимдігі синонимия құбылысымен тығыз байланыста келіп, нәтижесінде фразеологиялық антонимдердің қатарының көбеюіне, күрделенуіне себепші болатындығын байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Будагов Р.А. Борьба идей и направлений в языкознании нашего времени. – М. 1978.– 143 с.
2. Мусин Ж. Антонимы в казахском языке: автореф. ... канд.филол. наук. – Алма-Ата, 1970. – 24 с.
- 3.Жүсіпов А. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары: филол.ғыл. канд. .. дисс. – Астана, 2004. – 154 б.
- 4.Сырлыбаева Г. Қазақ тіліндегі қарсы мәнді фразеологизмдердің парадигмалары: филол. ғыл. канд. ... дисс. - Алматы, 2006. – 133 б.

ӘОЖ 82.111.63

ЗЕЙІН ШАШКИННИҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫ

ИГЛИКОВА Г.О.

57 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КОПАТЬ Ю.Д.

57 орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются прозаические произведения Зейна Шашкина.

Summary. The article examines the prose works of Zane Shashkin.

Жазушы Зейін Шашкин шығармашылығы белгілі дәрежеде күрделі құбылыс болып табылады. Қаламгер тек әдеби тұлға емес, ұлттық рухани болмысында үлкен өзіндік орыны бар дарынды, ойшыл тұлға.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы ең бір күрделі, әрі даулы кезең біздіңше – XX ғасыр.

XX ғасыр әдебиеттің түйін боп тұрған жерлері көп, бұл әсіресе кеңестік идеологиялық зардаптарға қатысты болып келеді. Алаш Ордалық әдебиеттің де қазіргі заман көлемінде идеялық және көркемдік тұрғыдан саралайтын тұстары баршылық. Алайда, осы бір көркемдік ізденістер көп уақыттар бойы руханият әлемінен тыс қалып келеді. Ұлттық әдебиетте азаттық-ағартушылық идеяны арқау еткен ардагерлердің шығармашылығын зерттеуге тыйым салудың қазақ әдебиеттануына көп зиянын тигізгені тарихи шындық.

Жазушы Зейін Шашкиннің шағын жанр–әңгімеден бастап, повесть, романдарына дейінгі көркемдік ізденістерінің де оны осы себептерге орай ғылыми тұрғыдан талданбаған. Суреткер қаламынан туған шығармалардың мазмұны мен құрылымын, көркемдік ерекшеліктерін шеберлік сырларын зерттеу – қазақ әдебиеттану ғылымы үшін аса маңызды істердің бірі болып табылары сөзсіз. Сондықтан да біз аталған жазушы шығармашылығындағы көркемдік ізденістер сырын ашуға тырыстық.

Қаламгер Зейін Шашкин шығармаларының дені прозалық туындылар. Оның суреткер ретінде өнімді еңбек еткен саласы да, қол жеткен табыстары да осы проза саласында. Сондықтан зерттеушінің туындыларын алғанда жазушының прозалық туындылары әсіресе әңгімелерін талдай отырып, оның жаңа адамның қалыптасуы проблемасы шешу жөніндегі суреткерлік ізденістеріне баса назар аударамыз.

3.Шашкин шығармашылығында әңгіме жанрының алатын орны зор. Ол заман жайлы, замандастар көзқарасын, тебіренген ойларын әдебиеттің осынау шағында оңтайлы жанры арқылы білдіріп отырды. Оның «Ақбота», «Қойшы серігі», «Дәрігердің қатесі», «Сүйкімді дауыс», «Әкесі» сияқты әңгімелері – жазушының айналасындағы өмірден көрген-түйгендері. Жазушы бірде өзіне үйреншікті дәрігерлер өмірін сөз етсе, бірде малды ауылдың тірлігін тілге тиек етеді. Енді бірде әртіс, жазушы өмірінен суреттеулер береді. Тақырыптары әр алуан болғанмен, бұл әңгімелердің барлығына ортақ бір қасиет бар, ол – бүгінгі өмір шындығын замандастар өмірін жырлау.

«Сүйкімді дауыс» дейтін әңгімесінде жазушы ән құдіреті, дәрігер қызметінің ізгілігі жайлы пікір қозғаса, «Әкесі» дейтін новеллада ананың ардақ образын жасайды, өмір жайлы кесек ойлар толғайды. Сабыр Ахановтың образы, тағдыры арқылы жазушы өмірге, әсіресе ер мен әйелдің арасындағы махаббат мәселесіне жеңіл-желпі қарамау керек, жеңсік-қойлық опа бермейді деп ескерту жасағандай болады. Бақыт деген атак, абырой, дәрежеде ғана емес, бала сүю, азамат өсіру бақыты да – зор бақыт деген түйін айтады. Қаламгер өз әңгімесінде жазушының көзімен көрген, сол уақыттың тынысы мен тіршілік қоғамдағы адамзат істейтін, онымен өмір сүретін уақыт мәңгі жасайтын проблемалар жайлы айтылады. Шығарма арқауы ұлт өресінде ойлау демекші «жердің ауыратынын» мал екеш малға жайылым қалдырмай аяусыздар жыртылған даламыздың сырқатқа тап болғанын жазушылар арасынан алдымен ширыға шымырқана аңғарған осы жазушы суреткер Зейін Шашкин болатын.

Қаламгердің қазақ жерінің құнарлығын мәңгі сақтау жолындағы ойлары даламыздың ата-бабадан біздерге жеткен сұлу сымбатын сүю сезімдеріне ұласады. Жазушы шеберлігі сол – ол әр адамға тән жеке тағдырды көпшілікпен ұштастыра алған әңгімелерінің тілі, сөйлем құрылысы жеңіл, автордың айтайын деген ойы мақсаты кейіпкердің өмірде прототипі бар.

Қазақ әңгімелері замананың үлкен шындығы, терең астарлы алуан құбылысын кеңінен суреттеп, халыққа эстетикалық тәлім, идеялық тәрбие таратуда бағалы қызмет атқарып келеді. Оларда халқымыз бастан кешірген ірі оқиғалардың, өмір мен істегі сана мен мінездегі түбірлі өзгерістердің, сілкініп жаңарулардың, өктем өрлеулердің ұзақ шежіресі шертілген. Жазушының өміріндегі оқиғалар сабақтасып жатады. Ол халқы үшін, елі үшін ертеңгі ұрпақтары үшін көпшілік халыққа елең еткізу үшін тікелей экологиялық тақырыбы қаламгер Зейін үшін жаңа тақырып емес, адам тағдырына, ауылға әсері зияны көп екендігі барынша қайшылықтарын көрсетуге тырысты. Қазіргі заман үрдісіне қатысты көзқарасын адамдардың бүгінгі рухани кейпін бейнелеудегі автордың жаңа қадамы екендігі байқалады. Адам тұлғасынсыз көркем әдебиет жасалмайтынын ескерсек, қандай да бір өмір құбылыстарының адамдарға әкелетін ықпалы тұрмысында ғана емес, оның дүниетанымы мейлінше ескеру керек. Жазушы әңгімелерінде әдебиеттің өзекті тақырыбы жер мәселесі дәуір ақиқаты маңызды болып табылады. Бірсыпыра сыншылар мен әдебиет зерттеушілері Зейін Шашкиннің сюжет құруға шеберлігін, сондықтан да оның шығармалары тартымды, ширақ келетінін атап айтады. «Зейін Шашкин өзі жете зерттеп, оның таныған материалдан сюжетке арқау боларлық оқиғалар желісін тартымды, қызық жазушы, ол оқиғаны ширақ, жеті дамытады» – деп көрсетеді, белгілі әдебиеттанушы, жазушы З.Қабдолов [1, 183б.].

Қазақ халқы – көшпелі тұрмыс кешкен халық. Сол себепті де болар, олар табиғатты ерекше жақсы көрді. Табиғаттай табиғи, таза дүние танымы жаңа қоғам, жаңа өмір – отырықшылық келіп орнағанда да осы қасиетін жоғалтпаған еді. Алайда техниканың өркендеуі, ғылымның жетілуі адам санасына да көп өзгерістер алып келді. Нақтырақ айтатын болсақ, адам өз қолымен жасаған істің зардабын – табиғат пен адам тартатындығы белгілі. Оның нәтижесі – экологиялық жағдайдың ушығуынан т.б. айқын көрінеді. Яғни, табиғаттың қыр сырын жетік білмесең, әйтеуір қолдан жасаған кеселді аяғы адам кінәлі болатындығы белгілі. Адам – табиғаттың бір бөлігі. Сондықтан, адам табиғатпен бірге өмір бойы сүретіндігі, яғни жер анағада мейіріммен қарау қажет. Әйтпесе, табиғаттың құдіретті тепе-теңдігі бұзылып тіршілігімізге мол қауіптер төнеді.

Міне, Зейін Шашкин пейзажды, әдетте осы тұрғыда береді. Бұдан байқалатыны ол табиғат көріністерін сипаттағанда тау-тасын, сай-саласын, ұзақ-түйегімен түгендеп, теңеулер іздестіріп жатпайды. Дымқыл тартып бусанған жер ...жылымшылап аққан қар суы... бірлі- жарым қылтиған қазғалдақ... секілді елеулі сыпаттарына зер салады. Соның өзінен-ақ көктемгі дала иесін оқушы көз алдына келтіре біледі.

Ол әдебиетке жастай араласқанымен ұзақ уақыт, творчестводан қол үзуге мәжбүр болды, туған халқының, ана тілінің ортасынан шалғайда жүрді, сондықтан да үлкен прозаға келердегі алғашқы шығармасын орыс тілінде жазды, содан соң бірте-бірте барып, ана тілінде жазуға көшті. Сондықтан, оның өте-мөте алғашқы шығармаларында орысша құрылған сөйлемдердің және басқа олақтылықтың көріністеріне таңдануға болмайды. Оның үстінде оның өмірден көргені-түйгені, айтары көп еді. Сондықтан қомағайлана, асығыс жазуға тиіс болды. Зейін Шашкиннің осындай ерекшелік сипаттарын сұңғыла дана Мұхтар Әуезов дәл байқаған. Белгілі жазушы Тахауи Ахтановқа жазған хатында ол былай дейді: «Екінші бір өнім топ – Мұхаммеджан, Хамза, Зейін. Бұларды сендер көбірек түсіне ойласандар әділ болады. Олар жастай кетіп, ұзақ заман тұсалып қалған, жігерлі талант. Өмірге қомағайлық (жақсы мағынада) ала келген. Шығармашылық шабытқа да сондай қомағайлар. Өнімді еңбек етеседі. Сендердей, осылардай адамдарға байланысты болашақты үдей басатын, алғыдан асатын болашақты ойламасақ, кім боламыз? »... Зейін творчествосын дұрыс түсініп, лайықты бағалау үшін кемеңгер Мұханның бұл пікірін есте ұстаған мақұл – дейді ғалым әдебиетші Сапар Байжанов [2, 214 б.].

«Ақтұяқ» дейтін әңгімесінде жазушы Дәулет дейтін шопанның өр тұлғасын, ащы да аянышты тағдырын суреттейді. Дәулет образы З.Шашкин шығармасында ғана емес, соңғы жылдардағы көптеген әңгімелер ішіндегі есте қаларлық кесек тұлға деуге болады. Жазушының бұл әңгімесі сезім көрігіне бөленіп отырып жазылған, шынайы суреткерлік өнер туындысы қатарына қосылады. Даланың жұпар желі, ащы жусанды шөбі, жұлдызды түні, асыр салып ойнақтаған қозы-лақ, көл жағасында жарбиған қараша киіз үй, маңыраған қой, шықылықтаған құс үніне құлақ түріп, дала күйіне жаны елтіген ақтұяқты шопан, қысқасы, малды ауыл өмірінің жанды суреті елес береді. Аңдамай бассаң, дала жидегі мен тау бүлдіргенін жаншып кететіндей нәзік сырлы әсем ауызды дала көркі мен күйін шырқын бұзып алатындай ұлпа сезімге бөленесің... Өнекей ұзақты күн жел қағып, күнге күйіп, шаршап келген шопан ата қараша киіз үйдің іргесіне таяғын сүйеп, «уһ» деп отыра кетті. Оның осынау бір кейпінде кейістің емес, сүйеніштің, өз ісіне, өз еңбегіне, мәртебеленудің нышаны бар. Жазушы Дәулет шопанның бойындағы осы бір қасиетті ұсақ детальдар арқылы там-тұмдап отырып, оқырман зердесіне ұялатады. Оқырман көңілінде шопан туысқан еңбегіне ризалық мақтаныш сезімі алаулайды. «Ақтұяқ» әңгімесі – шын мәніндегі азаматтық туынды, З.Шашкиннің әңгіме жанрындағы сәтті табысы.

Жазушы шығармаларында өзі өмір сүрген дәуірдің шындығын, замандастарының бейнесін бедерлеу керек дейтін талап бар. Көңілге әбден қонымды, заңды талап. Өйткені шын мәнінде көркем шығарма тудыру үшін суреткер сол жазып отырған тақырыбын, өмірдің қат-қабат құбылыстарын жетік білуі керек. Ал, адам өзі өмір сүрген заманды, өзінің өскен ортасын, өзінің күнде көрісіп, дәйім араласып жүрген замандастарын жақсырақ білетіні, ол жайында еркін де батыл жазуына болатыны даусыз ақиқат. Жазушының өз заманын бейнелеу жөніндегі талабы жемісті де, игі нәтижесін беретінін ғасырлардан келе жатқан әдебиет тарихы да дәлелдеп отыр.

Соған қарамастан кейбір жазушылар қазіргі заман тақырыбына бара бермейді. Көркем шығарма, айталық повесть, роман дегендер газет мақаласы емес, бүгін көргенді бүгін суреттеп жаза салуды көтермейді, өмір фактілерін талғап, екшеу керек, ойлап, толғау керек, уақыт ерекшелігін, замандас тұлғасын дәл беретін, ең мәнді мағыналы оқиғалар мен құбылыстарды ғана бедерлеу керек, бұл үшін уақыт керек, араға уақыт салу керек дейтін пікірге сүйенеді.

Ал, екінші бір жазушылар олай етпейді. Ешқандай уақыт салмай-ақ, бүгінгі өмір, айналасындағы замандастары жайында көлемді де, көркем шығармалар жасай біледі. Жазушы Зейін Шашкин осы соңғы топқа қосылады. Ол өмірді біліп, жақсы жазу үшін бір колхозға, не бір өндіріске барып ұзақ жыл тұру керек, болашақ қаһармандарының ішінде жүру керек дейтін пікірді де, осы заманды жазу үшін араға уақыт салмай болмайды дейтін «дистанция теориясын» да қостамаған. Бір жерде ұзақ тұрғанда жазушының сезім-санасы, көз-құлағы сол айналасындағы өмірге әбден үйренісіп, оның мәнді-мәнсізін екшей алмайтындай күйге келетінін айтады. Осы заманды, бүгінгі өмірді жазу үшін өндіріс орталығына, колхоз-совхоздарға әлденеше рет барып, араласып, көрген-білгенінің ізін суытпай, сұрыптап жазу оңды болатынын айтады. «Бейтаныс өмірмен араласқанда жазушы көзі көрген, жігі келеді, сол өмірдің ерекше сипаттарын, өзіне тән елеулі, мәнді оқиғалары мен құбылыстарын байқағыш көреді», – дейді жазушы. Сонан соң ол алған әсерлерін жедел қағазға түсіру қажет деп біледі, анағұрлым уақыт озған сайын, жазушы алған әсерінен айрылып қалуы мүмкін дейтін тұжырымды басшылыққа алады.

3.Шашкин шығармаларына тән ерекшеліктің бірі, әрі жазушының халық өмірінің даму белестерін тұтастай көрсету, сондай-ақ шығарманың шыншылдық қасиетін күшейтуге қолданған ұтымды тәсілі.

3.Шашкин шығармашылығының идеялық ерекшеліктері жөнінде сөз еткенде, оның шығармаларында халықтар достығы идеялары кең орын алатынын айтпай өтуге болмайды. 3.Шашкиннің көптеген шығармаларына тән бір қасиет – онда әр түрлі ұлттың өкілдері: қазақ, орыс, өзбек, татар, ұйғыр, еврей, дұңған сияқты алуан ұлттың адамдары аралас жүреді.

Қорыта келгенде, 3. Шашкин бүгінгі прозалардың ішінде тек өзіндік тіл байлығы, шешендігі, мәнер-машығы бар биік дәрежеге ие тұлғалардың бірі. Зейін Шашкиннің жазушы есебінде дереу ауызға ілінуі оның жазған шығармалары бүгінгі заман тақырыбына арналғандығы. Ол әдебиетімізге көптен қалыптасқан сүрлеуді қайталамай, өзінше көркемдік тәсілдер қолдануға әрекет жасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары 2 том –Алматы: Жазушы 1983-456
- 2.Байжанов С. Замандас туралы толғау – Алматы: жазушы 1973-183 б.

ӘОЖ 82.331.67

М.ӘУЕЗОВТИҢ ФОЛЬКЛОРТАНУҒА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

НАМЕТКУЛОВА Г.Н., НАУРЫЗБАЕВА З.Н.

№21 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассмотрены исследования М.Ауэзова касающиеся народной устной литературы

Summary. The article examines M.Auezov's research on folk oral literature

М.Әуезовтің қазақ ауыз әдебиетінің түрлі жанрларына арналған еңбектерінің ішінен ақындар айтысының ерекшелігін сипаттаған зерттеуі айрықша орын алады. Айтыс жөнінде басқа да зерттеушілер жазғаны белгілі және ол мақалалардың қай-қайсысының да өзіндік қызғылықты жақтары бар. Бірақ айтыс жанрының табиғатын терең ашып, классикалық қағидаларын тұжырымдаған М.Әуезов еңбегі өз алдына бір төбе.

Ғажайып өнер–айтыстың әлеуметтік шындықтарды көтерудегі, үлкен заманалық мәселелер қоюдағы, ақындық тапқырлық пен шеберлікті арттырудағы орны мен мәнін зерттеуші жан-жақты талдаған. Ол, ең алдымен айтыстың көркем сөз өнері, төкпе өлең шығарудың мектебі, дарындылық, білімділік, алғырлық, шыншылдық, батылдық саналатын сайыс тәсілі екенін атап өтеді. Бұл тұжырымына революциядан бұрын өмір кешкен көрнекті ақындар айтысынан мысал келтіреді. Екіншіден, ғалым айтыстың жанрлық ішкі жіктерін ашып жүйелейді. Қыз бен жігіт айтысының, түре, сүре айтыстардың ерекшелігіне тоқталады, жұмбақ айтыстары мен жазбаша

айтыстарға да көңіл бөледі. М.Әуезовтің назарын аударған тағы бір үлкен мәселе—айтыстың өмір шындығын толық ашуға қабілеттілігі. Ғалым айтыстың табиғатына тән ерекшеліктің бірі—қоғамдағы, жеке адамдар өміріндегі жақсылықты жарқыратып ашуы және кемшілік атаулыны аяусыз әшкерелей алуы деп түйеді. Өмірдің қат-қабатын аша алатындығы, ізденістерді ірі қомақты етіп, қауым алдына жайып салып, сұмдықтарды өшпестей етіп табалайтындығы айтыстың өзіне хас жанрлық өзгешелігі десе болады.

Бұл реттен алғанда айтыс ауыз әдебиетіндегі ең шыншыл жанрлар қатарына қосылады. Бұған мысалға көптеген әлеуметтік проблемаларды көтерген айтыстарды, соның ішінде Біржан мен Сара, Құлмамбет пен Жамбыл айтыстарын келтіре отырып, жалпы бұл жанрдың қазақ көркемсөз мәдениетінің жүйесіндегі маңызды орнын көрсетеді. Таптық, әлеуметтік қайшылық пен теңсіздік жайлаған ескі заманның небір ауыр дерттерін әшкере ете алуын, еңбекші халықтың көңіл түкпіріндегі мұңдары мен сырларын жұртшылық таразысына сала білуін айтыс ақындарының тарихи еңбегі санайды.

Айтыстың тағы бір ерекшелігін М.Әуезов ерекше бөліп көрсеткен. Ол ақындық тапқырлық сайысының көпшілік алдында өтетіндігі және айтыста жеңген мен жеңілгеннің бағасын халықтың өзі беретіндігі. Өнерді осылайша жұртшылық көзі көріп, құлағы естіп бағалайтындық дүниеде сирек кездесетін құбылыс. Өмірдегі орны, лауазымы, тегі мен дәулеттілігі қаншалықты зор немесе төмен болғанына қарамастан, айтыс, кезінде әріптестердің тек өнер қуаты бағаланған. Міне, осындай жанр «демократиялығы» айтысқа кез келген қабілетті адамның қатыса алуына мүмкіндік тудырған. Революциядан бұрынғы айтыста ерлермен қатар, әйелдердің де елеулі орын алуы осыған байланысты. Қоғамдық мәселелерде теңсіздік көрген әйел, қыздар айтыс кезінде кіммен де болса терезесі тең саналған. Қазақ арасында ақындық айтыстың соншалық үлкен орын алғанына қарап М.Әуезов «сол айтыстардың бәрін жия берсе, үлкендігі Алатаудай болар еді» деген[1, 123б.]. Бұл бейнелі сөздің тасасында шындық жатыр еді.

Ақындар айтысының көп қырлылығын, соның бірі оның тамашалық сипаты екенін де ғұлама талдап, анықтап берген. Мұндай өнер жарысында тек ақындық дарындылық қана байқалып қоймай, мәдениеттілік, біліктілік, сыпайылық, әріптестің қасиетін тани, бағалай білушілік, жүйелі дәлелге тоқтаушылық та сынға түседі. Демек айтыстағы ақын жеңісі шындықтың, парасаттың да жеңісі болып саналмақ.

«Айтыс жанрының ерте кезде өзінің негізгі сипаттарын сақтай отырып, жаңа өрнектерге ие болғаны да зерттеуші назарынан қағыс қалмайды. Ол ертедегі ру мен ру өкілінің жарысы ретінде өтетін айтыстың жаңа заманда әлеуметтік ауқымы кеңейе түскенін, ендігі жерде әріптестер белгілі бір аудан немесе облыс атынан шығып сөйлейтінін сонылық деп есептейді, айтыстың өмірдегі күллі жаңалықтардың жаршысы болып, кемшіліктерді күн тәртібіне қоятын қасиетін жоғары бағалайды, айтыстың сын мен өзара сын құралына айналғанын, жанрлық өрісі кеңейгенін көрсетеді. Бұл және басқа тұжырымдар ақындар айтысының қайта дамып келе жатқан қазіргі шағында өзінің ақиқаттығын айқындай түсіп отыр...» [2, 36б.].

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ауыз әдебиетінде ұқсас сарындар, үндес жерлер көп, елді қызықтырарлық ортақ ілгерішіл идеялар мол. Бұл мәселені ХІХ ғасырдағы ұлы ғалымымыз Шоқан Уәлиханов жіті аңғарып, туысқан көрші халықтар әдебиеті мен мәдениетіне көп көңіл бөлген еді. Осы дәстүрді саналы түрде жалғастырушының бірі— Мұхтар Әуезов. Мұны оның қырғыз халқының батырлық эпосы—«Манасты» зерттеуінен айқын көреміз. Бұл эпостың түрлі нұсқаларымен танысып, айтушыларын тыңдап, оның негізгі желісі мен жетекші сарындарын анықтауға ғалым бірнеше жылын жұмсаған. Соның нәтижесінде эпостың генезисі мен эволюциясын, құрылысы мен мәнін терең ашып, оның орны мен ерекшелігін көрсеткен. «Манасты» зерттеушілер бұл күнде аз емес, бірақ сонау отызыншы жылдардың өзінде-ақ жырдың халықтық белгілерін дәл нұсқап М.Әуезовтің ізденістері өз маңызын жоғалтпайды:

М.Әуезовтің фольклортанудағы дәстүрін оның әдебиет тарихшысы, сыншысы және теорияшысы қызметінен бөліп алып түсіну қиын. Ғалымның бұл саладағы еңбектерінің арасында тұтасқан желілік сипат бар. Соларды жинақтай сөйлегенде бүгінгі зерттеушілер үшін тағлым болып табылатын бірнеше мәселені екшеп айтуға болар еді.

1. Фольклор құбылыстарын бағалағанда оларда өз дәуірінің шындығы жинақталып, әсіресе, еңбекші халықтың арман-мүддесі, дүниедегі құбылыстарға бағасы мен көзқарасы елестеп отыратынына М.Әуезов айрықша көңіл бөлген. Мұның аты ауыз әдебиетін тарихилық принцип

тұрғысынан қарастыру болып табылатын. Осы дәстүрді жалғастыра, кеңейте түсу–қазіргі ғалымдарымыздың қасиетті борышы.

2. Ауыз әдебиетін жинау мен зерттеу М.Әуезов үшін жеке өзіндік мақсат болған емес. Ол халық әдебиетінен, Максим Горькийше айтқанда, тілдің тұнған байлығын, ел санасында екшелген, бағасын алып болған мотив-сарындарды, сөз меруертін іздеді. Соларды жаңа заман көркем әдебиетінің ғимаратын тұрғызуға жаратты. Демек, ол әдеби-көркем мұраның мәнін қазіргі дәуірдің мәдени мұқтажын қаншалықты өтей алатындығы тұрғысынан тексерді. Ол «Айман-Шолпан», «Еңлік-Кебек», «Қобыланды батыр» дастандарынан да осындай қуатты бұлақ-көздер тапты да. Әдебиеттің қазіргі кезеңдегі даму тенденцияларының біріне айналып отырған «фольклоршылық», көптеген шығармаларда мифтердің, тәмсілдердің, аңыздардың кеңінен орын алып отыру мысалы да бір кезде М.Әуезов жол салған дәстүрдің өміршендігін дәлелдейді. Фольклор мен жазба әдебиет дәстүрінің бірін-бірі байытып отыру заңдылығын тексеру бүгінгі таңдағы әдебиеттану мен фольклортану ғалымдарының ардақты міндеттерінің бірі. Өкінішке орай, мұндай тақырыпты ғылым мен әдебиеттің әліппе шарттарынан хабары жоқ, бірақ кітап шығару қолына алып отырған кейбір әсіресе белсенділер ескерген деген сылтаумен жоспардан сызып жүргенін де білеміз. Демек, ғылым сын шарттарын тек ғалымдардың жақсы түсінуі мүлде жеткіліксіз, осы ғылым мен сынды өсіретін, түсінетін творчестволық жағдай да керек...

3. М.Әуезов фольклор туындыларында өмір шындығынан көркемдік шындық жасалуының өзіндік спецификалық ерекшеліктері мол болатынын әр кезде ескертіп отырған. Ол ауыз әдебиетінде дәстүрлілік, коллективтік, қайталамалық сарындардың кең орын алатынын, онда бір заманның ғана емес, түрлі дәстүрдің наным-түсініктері қабаттаса жүруі мүмкін емес екенін, полистадиялық көріністері ұшырайтынын терең таныған. Сол үшін де ғалым ауыз әдебиеті шығармаларының қаһармандарын өмірде болғанның ізі, дәл көшірмесі деп қараған жоқ, фольклордың өзіндік көркемдік жинақтаушылық заңдылықтарын мұрат тұтты. Фольклорға деген осындай көзқарастың қалыптасуы біздер үшін қажет-ақ. Амал не, бізде ғылыми істерге тұрпайы түрде араласып, талқылау, талдау процесін мүлде тоқыратып қоюға күш салғандар бұрын да болған, әлі де бар. Мәселен, эпосымыздың үлкен бір шоғыры тек осындай, ғылымнан тысқары әрекеттердің салдарынан зерттеусіз жатыр. Ұлттық нигилистердің әрбір жаңа ізденістерді ғайбат нысанасына алып, тұтас еңбектен жекелеген сәтсіз сөйлем немесе дәл айтылмаған бірер ауыз сөзді ғана іздейтін, содан өзінше зор қорытындылар шығармақ болып жанталасатын әдеті жойылған жоқ. Осындай дерттен айығып болмай, біз фольклор байлығымызды толық игере алмаймыз.

4. Ғалымның мұрасынан оның өз халқының патриоты бола білумен қатар, басқа халықтардың рухани жетістігін қадірлей, бағалай білетін шын мәніндегі интернационалистігі де айқын аңғарылады. Өз халқының көркемдік табыстарын өзгелерге таныстыру, басқа халықтық даналықтарын туған елінің игілігіне айналдыру–М.Әуезовтің берік ұстанған ғылыми азаматтық принциптері. Ол еліміздегі халықтардың көптеген классиктерінің шығармалары жайында салдарлы зерттеулер жасады. Мұхтар Әуезовті қырғыз халқының ұлан-ғайыр эпосы «Манасты» зерттеуге ұмтылдырған да оның достық деп соққан ұлы жүрегі, халықтар ынтымағын жарастыруды көздеген асыл мұраты еді. Қазақ фольклорының көптеген қымбат ескеркіштерін орыс тіліне, басқа халықтар тіліне аударуды ұйымдастыру, басқа халықтардың фольклорын қазақ оқушысына толығырақ таныстыру М.Әуезов дәстүрін жалғастырудың нақтылы қадамы болар еді.

5. М.Әуезов фольклор дәстүрінің жаңғырып, жалғасып, жаңа жағдайда даму мүмкіндіктерін де көре білген. Ол халық ақындарының шығармаларын талдағанда ескі поэтикалық бейнелердің, жүйелердің жаңа дәуір шындығын асқақ жырлауға икемділігін көрсеткен. Қазір қазақтың көркем сөз мәдениетінің қазынасына қосылып отырған айтыс пен жыршылық, термешілік осыны дәлелдейді. Қазіргі заман қазақ фольклорының ерекшелігін, жаңа болмысын танып, тексеру де М.Әуезов дәстүрлерінің бірі. Осы байлықты толық жинап, қарқындырақ игеру де міндетіміз. Бірақ бұл жолда объективтік кедергілер бар. Осы күнге дейін бұрынғы және қазіргі ұшан-теңіз қазақ фольклорының тарихтық, теориялық, методологиялық, текстологиялық тағы басқа мәселелерін талқылап отыратын, мұраның үздік үлгілерін қалың жұртшылыққа ұдайы таныстыруға мүмкіндік беретін арнаулы орган жоқ, ол түгілі, ең болмаса, тоқсанда бір шығатын журнал жариялап отыру мәселесі де шешілмеген. Көп қызық материал ел арасында немесе архив тереңінде жатыр. Фольклорға дейін көзқарас түзелсе ғана, мұндай шаралар жүзеге асуы мүмкін.

Сонымен қорыта айтқанда, М.Әуезовтің фольклор мен әдебиеттану ғылымында салған дәстүрі ұзақ жасайды, жаңалықтарға жол аша беретін, зиялы қауымның азаматтық санасы

күшейген сайын қадірі арта беретін дәстүр. Өйткені, ол дәстүр терең ғылыми таяныштарға, ұлы ақиқаттарға, Отанға деген перзенттік адал мұратқа негізделген дәстүр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық. – Алматы: Жазушы, 1999. – XII т. – 536 б.
- 2.Әдібаев Х. Алыптың тұлғасы / Кітапта: Мұхтар Әуезов әлемі. Ред. басқ. З.Ахметов, Т.Әкім, Л.М.Әуезова. – Алматы: Жазушы, 1997. – 352 б.

ӘОЖ 81.421.36

КӨПМАҒЫНАЛЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

НАДЫРБАЕВА Б.З.

№44 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

ӘСКЕРБЕК А.А.

№44 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматриваются семантические группы многозначных фразеологизмов.

Summary. The article examines the semantic groups of polysemantic phraseological units.

Тіл – өз халқының өркениетін, мәдениетін, әлеуметтік құрылысын, дүниетанымын бейнелеумен қатар, келешек ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тіл білімінде соңғы жылдары басты назарда болып отырған антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің нәтижелері арқылы этностың өткендегі өмір сүру тәжірибесі мен қазіргі болмысының және табиғи, рухани, мәдени құндылықтарының тілдегі көріністері түрлі салаларда, әсіресе, лексикалық және фразеологиялық құбылыстарда кездесетіні дәлелденіп отыр. Сонымен қатар тіл біліміндегі антропоцентристік фактор тілді талдау жүйесінің аспектілерін, тілдік және сөйлеу категорияларының арақатынасын, қызметін жаңаша қарастыруға мүмкіндік беріп отыр. Бұл ретте ұлттық болмыстың, ұлттық дүниетанымның тілдегі нақты көрінісі болып табылатын фразеологизмдердегі көпмағыналылық құбылысы да ескерілуі тиіс.

Сондықтан қазіргі жаһандану кезеңінде қазақ тілінің болашағы жайлы түрлі тақырыптар қозғалып жүрген уақытта тіліміздің аса бай саласы фразеологизмдердегі көпмағыналылық құбылысын зерттеуді бүгінгі күн талабынан туған міндетті жағдай деп тануға болады.

Бүгінгі күнге дейін фразеологизмдер саласында жазылған еңбектер мен тұжырым, пікірлер, семантикалық топтастырулар біршама екендігі байқалады. Алайда қазақ тіл білімінде тілдік бірліктердегі көпмағыналылық жайлы арнайы зерттеу жұмыстары жазылғанмен, көпмағыналы фразеологизмдер мәселесі – зерттеушілер назарынан тыс қалған тақырып. Фразеологизмдердегі көпмағыналылық туралы ой қазақ тіл білімінде алғаш фразеологиялық сөздіктің негізін қалаушы І.Кеңесбаевтың пікірінен бастау алады. Академик көпмағыналылық құбылысы негізінен тілдік бірліктерде кездесетіндігі, сонымен қатар фразеологизмдерде де байқалатындығы, бірақ сөздерге қарағанда фразеологизмдерде көпмағыналылық аз кездесетіндігі туралы пікір білдіріп, мысал келтіріп өтеді. Ал орыс тіл білімінде аталған тақырып соңғы жылдары көптеп зерттелгендігі байқалады. Бұл туралы зерттеу жұмысымызда арнайы қарастырылады. Атап айтқанда: Л.Э.Биновичтің «О многозначности идиом» мақаласы, В.П.Жуковтың «К вопросу о многозначности фразеологии» еңбегі, Е.Ю.Федосованың «Полисемия русских фразеологизмов в когнитивном аспекте (на материале фразеосочетаний глагольного типа)» атты зерттеуі, І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» мен Г.Смағұлованың «Мағыналас

фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» атты зерттеу жұмыстарында арнайы ізденуге ой салатын нақты пікірлер мен тұжырымдар айтылады.

Қазақ тіл білімінде осы уақытқа дейін көпмағыналық құбылысы лексика саласында, яғни лексикалық бірліктердің аясында қарастырылып келді. Ал фразеологизмдердің мағыналық түрлері, семантикалық өзгешеліктері, танымдық бейнесі, узуалды, окказионалды қолданысы, фразеологизмдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері жеке зерттеу жұмыстарын жазуға негіз болғанымен, фразеологизмдердің мәнмәтінішілік семантикалық өзгерісі, көпмағыналық құбылысының пайда болу жолдары, жалпы фразеологизмдерде көпмағыналық бар ма деген арнайы мәселелер пікірлер аясында ғана қозғалғанымен, ғылыми тұрғыдан зерттеліп, айқындала қойған жоқ.

Тілдің әрбір құбылысына деген этнолингвистикалық көзқарас оның тілдегі орнын, таралу шеңберін, сөз байлығымыздағы салмағын, сол тілде сөйлейтін қауым тіршілігіндегі тілдің атқаратын қызметін анықтауды да талап етеді. Бұл тұрғыдан алғанда фразеологизмдердің семантикалық топтарын зерттеушілер өз еңбектерінде түрлі топтық тұрғыдан қарастырады. Ол зерттеу материалдарының қаншалықты зерттеу нысанымен үйлесім табатындығына да байланысты. Мысалы, орыс фразеологизмдерін когнитивтік аспектіде зерделеген Е.Ю.Федосова етістікті көпмағыналы фразеологизмдерді бірнеше топтарға бөледі. Атап айтқанда:

1.Адам ағзасы мен дене мүшелерінің түрлі қимыл компоненттерінен туған етістік мағыналы фразеологизмдер;

2.Адам қызметінің түрлі кәсіптік, профессионалдык жақтарын сипаттайтын көпмағыналы фразеологизмдер;

3.Кеңістікте орын ауыстыру, оның түрлері;

4.Түрлі тұрмыстық жағдайлар мен көріністерді білдіретін көпмағыналы фразеологизмдер т.б. [1, с. 57].

Бірақ қазақ фразеологизмдерінің пайда болуы мен даму аясы қазақ этносының өмірлік танымымен тығыз байланыста қаралатындықтан, жинақталған көпмағыналы фразеологизмдерді жүйелеудің өзіндік ерекшеліктері бар екендігін байқадық. Сонымен қатар академик І.Кеңесбаевтың: «Фразеологизмдердің семантикалық жүйесі жайында мынаны айтуға болады. Тіл иесі – халықтың басынан өткен, өмір шындығына сай туған сан-салалы фразеологиялы тіркестер әлеуметтік, шаруашылық, діни т.б. факторлар ауанымен пайда болған. Олардың құрылым жағынан қалыптасуында, компоненттерінің тіркесу амалдарында нақтылы бір заңдылығы болатыны тәрізді фразеологиялы етістіктің мағына тұрғысынан саралануында да тиянақты тәртіп, жүйе бар. Бұлай болудың себептері өзінен-өзі түсінікті. Өйткені олар әлеуметтік жағдайға жанасып, өз заманының талабына лайық туып жатады. Бұл тақылеттес талай дәуірден елес беретін фразеологизмдер тіл қорынан мықтап орын теуіп, әрдайым жұртшылық кәдесін өтеп отырады. ... әркілы экстралингвистикалық факторларға сәйкес туған фразеологизмдермен барабар жынысқа, мекен-мезгілге, өлшемге, көңіл күйіне, адамдардың өзара қарым-қатынасына, жас ерекшелігіне, мінез-құлыққа, салт-санаға т.б. байланысты топтастырылатын да фразеологизмдер бар» [2, 591], – деген пікірі басты назарда ұстадық. Әрі зерттеу мақаламызды жазу барысында жинақталған фразеологиялық материалдарды семантикалық топтарға бөлу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік. Олар:

1) Діни ұғымды білдіретін көпмағыналы фразеологизмдер;

2) Семантикалық фразеологизмдердің көпмағыналылығы;

3) Диалектілік фразеологизмдердегі көпмағыналылық;

4)Адам бейнесіне, мінез-құлқына байланысты пайда болған фразеологизмдердегі көпмағыналылық;

5) Зоонимдердің көпмағыналы фразеологиялық тіркес құрамында таңбалануы;

6) Өлшемдік ұғымдағы фразеологизмдердің көпмағыналық бейнесі.

Болашақта көпмағыналы фразеологизмдердің сөздігін жасау барысында аталған мағыналық топтар аясы кеңейе түседі деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, фразеологиялық тіркестер – тіліміздің сөздік қорын, байлығын танытатын лексика саласының бөлігі. Бірақ тілдің қоғам дамуы арқылы кеңейіп, сөздік қорының әр уақытқа сай толығып, ауқымдылыққа айналатынын ескерсек, тілімізде бұрыннан қалыптасқан тұрақты тіркестердің сан жағынан ғана емес, мағыналық өрісі, сапасы жағынан да дамуы, көпмағыналылыққа ие болуы заңды құбылыс. Фразеологизмдердің көпмағыналылығы сөздердің

көпмағыналылығынан бастау алады. Өйткені сөз мағынасы логика, философия, психология, лингвистика тәрізді ғылым салаларында қатар қарастырылады. Дәстүрлі тіл білімінде сөз жалпы лексикология тұрғысынан сөз етіледі. Сөз – тілдік элементтердің ішіндегі ең бастысы. Ол тіл жүйесіндегі барлық қатынасты (парадигмалық, синтагмалық, деривациялық) қамтиды. Яғни мағына (мағыналы бірлік) тіл жүйесіндегі басқа өзі тектес элементтермен байланыста болады. Синонимдік және антонимдік қатары бар сөздер мағыналарын өз қатарындағы (парадигмалық) элементтермен салыстыра отырып анықтайды. Сөздің жалпылауыштық мағынасы оның басқа мәнде қолданылуына мүмкіндік жасайды. Ұғымның жалпылауыштық қызметі нақты зат пен құбылыстың айқын белгілерін көрсету және оны ғылыми таным жүйесіне енгізу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Федосова Е.Ю. Полисемия русских фразеологизмов в когнитивном аспекте (на материале фразеосочетаний глагольного типа): дисс. ... канд. филол. наук.:10.02.01 – русский язык. – Воронеж, 2007. – 208 с.

2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

ӘОЖ 821.512.122:37.013

МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫН ҰЛТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОРНЫ

АЛПЫСБАЕВА С.К.

№31 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены место и роль поэзии Магжана Жумабаева в воспитании молодого поколения в национальном духе.

Summary. The article discusses the place and role of Magzhan Zhumabaev's poetry in educating the younger generation in the national spirit

Қазақ поэзия әлемінде айырықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған ақын - Мағжан Жұмабаев. Кеңес өкіметінің жетпіс жылдық билігі тұсында қазақ әдебиетінің тарихынан жазықсыз сызылып тасталған тұлғалардың бірі болып табылады. Талантты ақынның есімі де, маржан жырлары да бұл кезеңде идеологиялық қудалауға ұшырады. Азат өмірді, халқының тәуелсіз ел болған қалпын көруге ұмтылған, сол жолда білегіндегі күшімен де, жүрегіндегі жырымен де күресіп өткен қайраткер ақынның тағдары аса күрделі белестерді бастан кешірді.

Кеңестік жүйенің қуғын-сүргінінің құрбаны болған Жұмабайұлы есімін ақтау ісі тек **1958 жылы қолға алынды. Осы жылы ресми комиссия құрылып, ақынның таңдамалы лирикаларын жариялау** жөнінде ұйғарым жасалды. Бірақ одан нәтиже шықпай, Жұмабайұлы шығармалары басылмай қала берді. 1960 жылы Түркістан әскери округі әскери трибуналының алқасы шешімімен Жұмабайұлы толығымен, біржола ақталды. Жұмабайұлы есімі ақталса да, ол жөнінде Қазақстан Жазушылар одағы мен ғылыми мекемелерге хабарланбады. Осылайша, Қазақстан халқы ұзақ уақыт бойы Жұмабайұлы шығармаларымен жете таныса алмай келді. Түркияда ақын кітаптары жарық көргенімен, олар қазақ оқырмандары қолына тимеді. 1969 жылы Жұмабайұлымен қызметтес, таныс болған адамдар Жұмабайұлын ақтау, шығармаларын жариялау керектігі жөнінде Қазақстан басшыларына хат та жолдаған болатын.

Бірақ Жұмабайұлының шығармалары 1989 жылы ғана қайтадан жариялана бастады. 1995 жылдан М.Базарбаев, С.Қирабаев, Х.Абдуллин, Ш.Елеуқенов, Б.Дәрімбет, Ш.Сариев бастаған ғалымдар тобы Жұмабайұлының 3 томдық шығармаларын шығаруды қолға алды.

Жұмабайұлы шығармашылығын тереңірек зерттеу еліміздің егемендік алуынан бергі кезеңде ғана нақтылы жолға қойылды. Жұмабайұлы есімін мәңгі есте қалдыру бағытында да біршама жұмыстар атқарылды. Алматы және Петропавл қалаларында бір-бір көшеге Жұмабайұлы

есімі берілді. Петропавл қаласында және ақынның туған ауылында ескерткіш қойылған. Солтүстік Қазақстан облысының бұрынғы Булаев ауданы Мағжан Жұмабайұлы ауданы болып аталды.

2011 жылдың 16 тамызында «Жас Алаш» газетінің №65 санында Мағжан Жұмабаевтың 1938 жылы қайтыс болуына қатысты күмән келтіретін адамдар пайда болды. Бірі батыр атамыз Бауыржан Момышұлы, Сібірде жүргенде лагерьлердің бірінде тұтқындардың арасынан көрген. Сонымен қатар, ақын Хамза Абдуллин Мағжан Жұмабаевтың қайтыс болуы туралы ресми құжаттармен мүлдем келіспейді. Ол ақынның өмірбаяны мен шығармашылық жолын толығымен зерттеген. Хамза Абдуллиннің айтуынша «ақын Мағжан Жұмабаев өз өлімімен 1959 жылы қайтыс болған». Оған дәлел ретінде, ақсақал Абдулла Абдрахмановтың Мағжан Жұмабаев туралы естеліктерін мысалға келтіреді. Ақсақал Магадандағы сталиндік лагерьлердің бірінде ақын Мағжан Жұмабаевты 1948 жылы кездестіргендігін айтады. Кейінірек «Жас алаш» газетінің ұйымдастыруымен арнайы экспедиция құрылып, ақсақал Абдулла Абдрахманов бастаған топ Магаданға да барып қайтты. Бірақ ең өкініштісі, олар ақынның бейітін таппады [2, 36.].

Алайда құжаттарға сүйенсек, «Жұмабаев Мағжан Бекенұлының ату туралы шешім 1938 жылдың 19 наурызында іс жүзіне асырылған» деп 1938 жылдың 11 ақпан №277 СССР НКВД хаттамасында көрсетілген. Мағжан Жұмабаевтың ісіндегі құжаттарды қарастырсақ, оны 30 жылдардың аяғында Магадандағы тұтқындардың арасында көрдім деушілік шындыққа жанаспайды.

Әрине, біз оның тағыдыры туралы бүге-шүгесіне дейін білгіміз келеді. Сондықтан оған қатысты кез келген ақпаратты жан-жақты қарастырамыз. Кезінде оны орыс әдебиетіндегі ең білімді ақындардың бірі – Валерий Брюсовпен салыстырған. Себебі, көзінің тірісінде ақынды тек қазақ оқырманы ғана емес, сонымен қатар Ресейдің өзінде де жоғары бағалаған. 18 наурыз 2010 жылы Алматы басылымынан шыққан «Қазақстандағы сталиндік репрессия туралы» кітаптың авторы, тарихшы Мамбет Қойгелді Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын бірнеше жыл зерттеген. «XIX-XX ғасырдың ақыны Абай Құнанбаев болса, оның артынан Мағжан Жұмабаев пайда болды» дейді тарихшы.

Сол кезеңдегі XX ғасырдың бас кезіндегі шытырман оқиғалардың бәріне Мағжан Жұмабаев куә болды. Олардың бәріне ой елегінен, өлең өрнегінен өткізіп отырды. Қай кезде болса да ақын үлкен ой, ойлану, толғану үстінде жүрді.

Мағжан үшін ең негізгі мәселе-қазақ елі жерінің тағдыры ақын түсінігінде бәз-баяғы жүдеу қалпында. Қазан төңкерісінің даңғаза ұраны мен жалған насихатына ақын иланбады. Сондықтан да ақын ендігі үміті мен арманын жастарға артады:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін! [1, 52б.] - деп басталатын өлеңінде ақын, өзінің ертеңгі күннен үміт үзбейтіндігін, бүгінгі кеткен есенін, ұтылысты ертең-ақ «көздерінде от ойнаған, ар-намысты жандарынан да қымбат көретін» жастар қайратылығына кәміл сенеді. Жастардан күткен үміті ақталып келе жатыр деген ойдамыз.

Мағжан Жұмабаев - қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстана отырып, оны түрлендіре байытқан, адам жанының сұлулығы мен сыр-сымбатын жырлаған, осылайша қалың оқырманның жүрегіне жол ашқан халқының білікті де парасатты ақыны. «Мен өзімнің «менім» арқылы жасырмай, жаппай өмірімнің шежіресін жасап шықтым. Жанымның мұңы мен қуанышы – бәрі осында» деген екен Мұқағали. Бұл сөз - замандары басқа болса да, жүректерінің соғысы бір, өздерінің таза жаратылысымен ұрпақ жанын әлдилеп өтетін, сезімтал әрі адал ниетті қос азамат ақынның өзара ұқсас ақындық болмысы деп айтсақ артық болмас деп ойлаймыз. Өлмес өлең туғызып, артына өшпес із қалдырған осы бір Мағжан сынды ғажайып ақынымыздың әруақты жырына тағзым еткен абзал.

Оның бар жазығы жаңа ғасырдың көкжиегінен зор ақындық қуатпен жарқ етіп көрінуі еді. Мағжан тұрғанда, оның өлеңі ел құлағында жүргенде ақынмын деп, өлең жазамын деп айту әркімге оңай болмаған. Бұл ақынның мысы өзге өлеңшілерді басып кетті, өнердің төресі өлең өлкесіне Мағжанды таптап қана өтуге болатын еді, ақындықтың дәрежесін Мағжаннан асыру керек еді. Ол қиын міндет, бәлкім, мүмкін де емес. Демек, Мағжан тірі тұрғанда «терезеден қараймын, қарындашты жалаймындардың» бағы жанбайтын еді. Олар Мағжанның мүрдесін басып

қана, оның өлі денесін итеріп тастап қана орнын иеленуі мүмкін еді. Әйтпесе кеңес билігі тұсында Мағжан саяси күресті машық еткен емес, ешкіммен айтысып, тартысқан жоқ.

Патша заманындағы отаршыл өкімет не бәрі он тоғыз жастағы Мағжанның өз халқын теңдікке, азаттыққа үндеген даусынан қорықса, Кеңес өкіметі аты көпке танымал, «Қазақ жастарының ой-санасының әміршісі» деп С.Сәдуақасов айтқандай, Мағжанның үндемеуінен, жасасындап жар салмауынан сескенді. Ол ұлтшыл еді. Мағжан да, Алаштың басқа да көсемдері өздерінің ұлтшыл екендігін жасырған жоқ. Тіпті А.Байтұрсынов айтқандай: «Құл болған халықтан туып, құлдықтың зорлық-зомбылығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауруын азайту жолына жұмсасқа мүмкін емес» .

Мағжан Жұмабаев қазақтың аса дарынды ақиық ақыны. Мағжан Жұмабаев поэзия әлеміндегі қайталанбас жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Мағжанның рухы-қазақтың рухы. Мағжанның арманы – ұлттың арманы. Сондықтан біз қазақ ұлтына қызмет етуіміз қажет. Ал, ақынның мұрасын қорғау – әр қазақтың міндеті.

Мағжантанудың бел ортасында Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Жүсіпбек Аймауытов, Смағұл Сәдуақасов, Нәзір Төреқұлов, Ғаббас Тоғжанов, әрине Сәбит Мұқанов тұр. Осы тізімнің өзі-ақ аталған адамдардың қазақ тарихынан, қазақ әдебиетінен, ұлттық ақыл-ойдың тарихынан алатын орнына қарап-ақ Мағжанның бейнесіне, ақындығына деген ықыластың және қарсылықтың қаншалықты күшті болғанын шамалауға болады![3,196.].

Аласапыран дәуір, саяси төңкерістер, әлеуметтік өзгерістер, саяси ұрандар әдебиеттің барлық саласына ентелеп кірген заманның өзінде Мағжанның поэзиясы таза ақындықты сақтады, ол бір тақырыптың, бір кезеңнің, бір таптың жыршысы болып кетпей, уақыттардың желі құлата алмайтын алтын дінгек, өлмес туындылар берген ұлттық ақын болып қала береді. Мағжан Жұмабаев шығармаларының ең басты құндылығы, оның қазіргі таңдағы заманауи жастарға берер тәрбиелік мәні зор. Оның поэзиясы жастардың бойында жоғалып бара жатқан ұлттық болмыс, ұлттық санамыздың жоғалмауына септігін тигізеді. Сондықтан да біз, ұлттық ақын ретінде ұлылығын тану жолына түсіп, Мағжантану саласына өз үлесімізді қосуымыз керек.

Қай заманда болмасын азамат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ дүниеге әкеліп қана қоймай, оны тәрбиелеу.

XX ғасырдың алыптарының бірі, даңқты ақын, ел үшін ерінбей тер төккен, сол бір қиын заманның құрбаны болған ақынның тарихта үлкен ұстаз ретінде де қалды.

Қай заманда болмасын шәкірттер өз ұстаздарының бойынан көңілдеріне қонымды, талап-тілектеріне лайықты ұнамды қасиеттер көргісі келеді.

Қазіргі қала мектебіндегі оқушыларға көз жүгіртсек, ұлттық мінездің ұшқынын да байқай алмайсың. Әдептілік, сыпайылық, үлкенге құрмет, кішіге ілтипат жөнді көрінбейді, дөрекі сөйлеу белең алған, мұғалім мен оқушы арасындағы сыйластықтың жібі үзіліп бара жатқандай. Тіпті олардың санасында менің шегарам, менің кеңістігім деген түсінік қалыптасуда.

Осы кездегі Мағжан аңсаған ұлт мектептерінің жай-күйіне қарның ашқандай болады.

Ұстаздар мен оқушылар арасында дұрыс қалыптаспаған қарым-қатынастар тәлім-тәрбие істерінің жемісті жүргізілуіне елеулі нұсқан келтірді.

Қалың елім, қалың қара ағашым,

Қайраты мол, айбынды ел Алашым,

Өзіңе-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,

Ақымақтар, байқамаған шамасын, [1,196.] - деген дана болжамы тұп-тура орындалып, елімізде еркіндіктің есігі ашыла бастаған сағатта ұлы ақынның сүйген халқы сүйікті перзентіне құшағын айқара ашты. Ұмытылмас мұра қалдырған Мағжан Жұмабаев шығармашылығы соңғы жиырма жылдықтың ішінде егжей-тегжейлі зерттеле бастады. Көрнекті ғалым Ш.Елеуеновтің «Мағжан» монографиясы бұл бағыттағы елеулі еңбек болып танылып, лайықты бағасын алды. Алайда бүгінгі күнге дейін жарық көрген зерттеулердің көпшілігінде, негізінен, Мағжан Жұмабаев шығармашылығы әдеби-көркемдік тұрғыдан талданып келді. Ал оның жырларындағы терең толғаныстардың философиялық-дүниетанымдық астары, ақынды сан түрлі сезімге түсірген жағдайлардың әлеуметтік мәні зерттеушілер назарынан тыс қалып келеді.

Мағжан Жұмабаев – халқымыздың от жалынды, зор таланттарының бірі, аспан құлап, жер сілкінгендей аума- төкпе заманда өмір сүрген, ауыр тағдырды басынан кешкен, ақыры сталиндик репрессияда мерт болған есіл боздақ, ұлы ақын. Ол – поэзия әлемінде айырықша із қалдырған,

өзіндік үлкен өнер, өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп қалдырған ақын. Мағжан Жұмабаев - өнімді шығармашылық өнердің адамы. Өлмейтұғын жырларын қалдырған ақынымыз халық жүрегінде мәңгі сақталмақ. Бұл заңдылық Мағжанға да қатысты.

Мағжан поэзиясының мәңгі өлмес, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжу – маржаны – махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық стихиясының сан алуан тылсым, жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан толқып туған, адам жүрегіннің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласқан, ықшам, жинақы, жұп – жұмыр жауһар дүниелері. Өлеңдерінде жеке адамдардың тұтас тағдыры көзден жас, жүректен қан, тілден у ағызған сырлар болып төгіледі. Оның поэзиясындағы көкжал толқын, көгала ағыстың бірі - өмір мен өлім, тіршілік пен ажал шайқасы, екеуінің бетпе – бет келуі. Мағжан өз поэзиясының зеңгір көкпен, тәңір пайғамбармен, мәңгілікпен тілдескен заңғар шыңындай болып таза ақындықты сақтады. Бір тақырыптың, бір кезеңнің, бір халықтың, тіпті, бір таптың жыршысы болып кетпей өлмес туындылар берген ұлттық ақын, ғажайып суреткер болып қала берді.

Ақын туындыларының басты ерекшелігі – уақыт сынына төтеп берерлік тіл құнарлығы мен ой тереңдігі, сөз қолдану шеберлігі мен көркемдігі. Тәңірдің талантының, дарын табиғатының көрінісі оның осы бұлақтай мөлдір поэзиясынан көрінеді. Қаны да, жаны да қазақ топырағы мен ауасынан суарылған өлеңдері мінез бен құлықтың айырықша ұлттық ізет – сипатын аңғартатын сұлу жыртізбе болып табылады.

Тіл мәселесіне тоқталсам, Мағжан қазақ тілін сарқылмас кенішке бағалаған. Тіл аман тұрса, құлаған туың да қайта тігілмек. « Алтын күннен бағасыз белгі боп » көрінсе де, алынбас қамалың осы болуы керек. Бытыраған балалары болса, бауырына жинап алар да осы « Баба тілі – Нұрлы жұлдыз » дейді ақын. Бұдан Мағжан поэзиясының өміршеңдігін байқаймыз. Ана тілін біз сақтасақ, ана тілі бізді сақтайды. Мағжанның « Ана тілі – сарқылмас кенің » деген қағидасына біз де бас шұлғимыз. Оның өлеңдерін оқып отырғанда, сол өлеңді жазып отырған уақыттағы жан жүйесінің құбылысы, ішкі сезімінің толқыны көрініп тұрғандай болады. Қай сөз, қай өлеңін алсақ та елім деп егіліп, жерім деп емініп тұрады.

Мағжан – заман туғызған көшпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаған, жаңаны әлі мойындап болмаған ақын, терең күйдің ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны.

Адам ретінде, ақын ретінде Мағжан Жұмабаев қандай болған? Ол – ешкімге ұқсамайтын өзгеше, аса талантты біртума ақын, өз тілін, ел дінін, мәдениетін, тарихын, жер – суын жетік білетін ақын. Әр елдің, әр ауылдың көркі, тұтқасы, кіндігі, атағы осындай адамдарға тікелей байланысты дер едім. Біз, бәріміз де - өз жеріміздің патриотымыз, өз еліміздің перзентіміз. Біз, бәріміз де ешкімнің алдында именбестен жерімізді де, елімізді де мақтан тұта аламыз. Оларды өліп - өшіп сүйеміз, қадірлеп қасиет тұтамыз. Бірақ жер қонысыңды, ел – жұртыңды сүйсең, алаламай сүй. Ел мен жерімізді дәл осы Мағжандай бар шындығымызбен, ештеңені жапсырып жамамай, ешнәрсені жылтыратып боямай, сол қалпында талғаусыз сүйе аламыз ба? Сүйе алсақ, онда біз – бақыттымыз! Мағжаннан алған ең үлкен тағылымымыз бар. Ол тағылым: егер сен өз халқыңның перзенті болам десең, онда сен оның қасірет уын іш! Халқыңның сол қасірет уы бойыңа жайылғанда ғана сен оны шын сүйе аласың! Халқының қасірет уын бүкіл жанымен, қанымен ішкен Мағжан – дана азамат, ұлы ақын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. «Сүй, жан сәулем». «Атамұра» баспасы, 2002.
2. Жас Алаш №65, 2011.
3. «Аңыз адам» №1, 2012.
4. Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы, Білім 1996.

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ – МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛ БІРЛІКТЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ

МАНАПОВА Г.Е., КАСЕНОВА А.А.

№6 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматриваются проблемы лингвистической культурологии в казахском языкознании.

Summary. The article deals with the problems of linguistic cultural studies in Kazakh linguistics.

Мәдениеттің тілдегі көрінісі, ұлттық-мәдени сипаттардың тілдік құралдар арқылы белгіленуі ғылымда ретроспективалық ыңғайда этнолингвистика аясында қарастырылып келгені белгілі. Сонымен қатар, ғасыр соңындағы жана ғылыми бағыттарда қоғам, қоғамдық құрылым, жеке адамның қоғамдағы мінез-құлқы, табиғат құбылыстары, қоршаған табиғи орта, өсімдік, жан-жануар ерекшеліктері, сондай-ақ адамның антропологиялық келбеті, ішкі жан-дүниесі белгіленгендіктен, осыларды концептуалды немесе образды түрде атайтын тілдік құралдардың қай-қайсысында да лингвомәдени сипат, мәдениет пен тілдің қарым-қатынасы көрінетінін дәлелдеуге ұмтылыс күн санап артып келеді.

Тілдегі бірліктер халықтың дүние танымы, болмысы салт-санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті сол халықтың тіршілігінің өмір сүрген ортасынан, менталитетінен психологиясы мен әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс болып табылады.

Лингвомәдениеттану – мәдениет пен тіл бірліктерінің жиынтығын танып, жүйелі түрде қарастырады. Тілде бейнеленетін, тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтардың қолданылатын жүйесін зерттейді. Осыған байланысты тіл мен мәдениеттің элементтерін шоғырландыратын, яғни жинақтайтын, синтездейтін «лингвокультурама» түсінігі лингвомәдени өріс, лингвомәдени компетенция деген түсініктер аталып, түрлі объектермен жұмыс істеуде жиі қолданылып жүр. Бұл аталған терминдік ұғымдардың әрқайсысының арқалайтын жігі әртүрлі. Соның ішінде лингвокультурама терминін алғаш ұсынған – В.В.Воробьев. Ғалымның пікірінше, лингвокультурама–лингвистикалық және экстралингвистикалық ұғымдардың диалектикалық бірлігі болып табылатын кешенді деңгей аралық бірлік [1, 45б.].

Лингвистикалық мәдениеттану өзара шекаралас пәндер – мәдениеттану, лингвоелтану, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика пәндерінің қиылысуында пайда болып, олармен тығыз байланыста болуы және арнайы аспектісі тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәселесін өзінше қарастырады. Осындай ерекше белгілерге байланысты ғалым В.В.Воробьев лингвистикалық мәдениеттану пәніне төмендегідей анықтама береді: «Лингвокультурология – комплексная научная дисциплина синтеза-рующего типа, изучающая взаимосвязь и взаимодействие культуры и языка в его функционировании и отражающая этот процесс как целостную структуру единиц в единстве их языкового и внеязыкового (культурного) содержания при помощи системных методов с ориентацией на современные приоритеты и культурные установления (система норм и общечеловеческих ценностей)» [1, 36-37бб.].

Лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, эстетикалық, этикалық, саяси, адамгершілік, руханилық тұрмыстың қағидалар мен заңдылықтарды тілдік құралдар арқылы жеткізуді зерттейтін тіл білімінің бағыты. Осы тұрғыдан лингвомәдениеттанудың ең негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеуге болады.

Лингвистикалық мәдениеттану пәнінің мақсаты – халық мәдениетінің тіліне әсер етуін анықтау, олардың диалектикалық өзара байланысы мен дамуын жүйелі түрде қарастыру. Зерттеу объектісі – біртұтас жүйе түрінде туындайтын тіл мен мәдениеттің өзара әсері, өзара байланысы және осы өзара қатынас процесі. Демек, лингвомәдениеттанудың объектісі тіл білімі мен мәдениеттану пәндерінің қиылысқан жерінде зерттеледі. Зерттеу пәні ретінде төмендегідей объектілерді атауға болады:

лингвостану объектілері – эквивалентсіз лексика мен лакуналар;
аңыздар, ырымдар және салт-дәстүрлердің тілдегі формалары;
тілдің паремиологиялық қоры;
тілдің өзара қатынасы;
сөйлеу әрекеті;
сөйлеу этикеті және т.б.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәселесін алғаш рет көтерген ғалымдар. Я.Гримм, Р.Раск, А.Потебня. Бұл мәселелердің қайнар көзі – В.фон Гумбольдтің ғылыми еңбектері. Оларды ғалым мынандай ғылыми ой-тұжырымдар жасайды:

материалдық және рухани мәдениет тілге әсер етеді;
кез келген мәдениет ұлттық нышанға ие, мұндай сипат тілдік жүйеде айқын көрінеді;
тіл-адам мен қоршаған ортаны жалғастырушы буын;
тілге «халықтық рух» пен мәдениеттің белгісі-ішкі форма тән.

Қазақ тіл білімінде лингвистикалық мәдениеттану мәселелері түрлі аспектіде зерттеліп келеді, тіл мен этностың мәдени бірліктердегі көрінісі (Ә.Қайдар, М.Манкеева); ақын-жыраулар поэзиясындағы этномәдени дереккөздер (Р.Сыздықова); этномәдени атаулардың этимологиялық негіздері (Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, А.Алдашева, Г.Смағұлова, Р.Авакова, З.Ахметжанова, М.Копыленко, Исабаева).

Мәдениеттің тілдегі көрінісі, ұлттық мәдени сипаттардың тілдік құралдар арқылы қазақ ғылымында этнолингвистика аясында қарастырылып келгені белгілі. Бұл туралы Г.Смағұлова «Тіл арқылы мәдениеттанудың бір бірімен өзара тығыз байланысты жаңа ғылыми бағыттары қалыптасып келеді. Олар: 1)этнолингвистика; 2)елтану; 3)лингвомәдениеттану» деп аталған саланың бағыт-бағдарын саралайды [2,142б.].

Қазақ тіл біліміндегі аударма саласының лингвомәдениеттанулық сипатын зерттеп жүрген ғалым А.Алдашева аталған жаңа бағыттардың отандық тіл біліміндегі көрінісі туралы былай дейді: «Орта ғасырдың соңғы бөлігінде, ғасырлар тоғысқан тұста әлемдік озық лингвистика тілтанымның теориялық бағыттарын имманентті; структуралық лингвистикадан өзгешелеу жаңа арналарға яғни тілді жеке адаммен, оның ойлау өрісімен және рухани-практикалық қызметімен байланыстыра қарауға қарай бет бұрып отыр. Когнитивті, антропологиялық лингвистика деп аталатын мүлде жаңа салалардың қатарында соңғы жылдары «лингвокультурология» деп аталатын бағыт та аталып келеді. Бұлардың қай-қайсысы да – қазақ тіл ғылымы төселе қоймаған соны салалар» [3,221б.].

Лингвомәдениеттану бағытының ұлттық тілдің болмыс-бітімін айшықтап көрсетудің, дамытудың негізі екенін соңғы кездегі Г.Смағұлова, А.Алдашева, Ж.Манкеева, А.Салқынбай, Р.Авакова, Г.Сағидолдақызы, А.Сейсенова, Г.Қажығалиева, А.Сейілхан т.б. бірқатар ғылыми-зерттеушілік жұмыстар дәлелдейді. Бұл қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикадан басқа таза лингвомәдениеттану ғылымының пән ретінде қалыптаса бастағанын көрсетеді.

Фразеологияның этномәденилингвистикалық қалыптарын олардағы ұлттық психологиялық табиғатты зерттеп жүргені Р.Авакова:«Әлемді бір бүтін дамудың орталығы деп танытын мәдениет іспетті тіл де бізге өзінің қырлары мен сырларына, жұмбағы мен құпиясына толы шексіз қасиеттерін ашуда»–деп тұжырым жасаса [4,47б.], тілдік бірліктер туралы деректердің номинациясының маңызын арттыруда ұлттық мәдени өмірімен байланыстылығы жайлы профессор А.Салқынбай былай дейді: «Тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпы адами гуманитарлық, мәдени, өркениеттік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, бәрі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырылады [5,4б.].

Ал Г.Смағұлова лингвомәдениеттану пәнінің ерекшелігін: «Лингвомәдениеттану – этномәдени және этнопсихологиялық факторлар мен тілдегі ұлттық мәдени мағына компоненттерін тіл арқылы мәдениеттану бағытында зерттеп, тілдің дәл қазіргі қолданыс қызметін көрсететін, ұлттық ерекшелігін ешбір идеологиясыз заманға сай келбетін таныту. Бұл ретте тіл – ұлт – мәдениет дейтін үштік [триада] лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны болмақ» деп көрсетеді [2,147б.].

Аударматанудың лингвомәдени мәселелерін қарастырған А.Алдашеваның пікірінше: «Лингвомәдени ерекшеліктер – ұлттық мәдениетпен біте қайнасқан, ұлттық мәдениеттен бөлшектенбейтін тәл сипат-белгі [3,158б.].

Аталмыш пәндердің «тіл мен мәдениеттің» өзара байланысын зерттеудегі әдіс-тәсілдері, кейбір теориялық принциптері мен негіздері ұқсас болып келеді, қазақ тіл білімінде профессорлар Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Ж.Манкеева және Н.Уәлиев т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінің негізінде этнолингвистикалық зерттеулер ерекше қарқын алды. «Тіл мен мәдениет» мәселесі қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, Р.Сыздықова, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Қ.Рысбергенова т.б. еңбектерінде қарастырылған.

В.В.Воробьевтің пайымдауы бойынша, «дүниенің тілдік бейнесін жүйелі түрде суреттеуге» лингвомәдениеттану – мәдени құндылықтардың белгілі бір тәртіппен таңдалған және ұйымдасқан жиынтығын, сөйлеуді тудыру мен қабылдаудың коммуникативтік үрдістерін ұлттық ақыл-ой мен тілдік дербестік тәжірибесін зерттеп, дүниенің тілдік бейнесін жүйелі түрде суреттейтін жаңа филологиялық пән [1,39-40бб.].

Лингвомәдениеттану – тілде бейнеленетін, тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтардың қолданылатын жүйесін зерттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы. –Москва, изд. РУДН, 1997.
- 2.Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. –Алматы: Жазушы, 1998. –190б.
- 3.Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. –Алматы: Білім, 1998. –201б.
- 4.Авакова Р.Фразеологиялық семантика. –Алматы: Қазақ университеті, 2002. –152б.

ӘОЖ 821.512.122

Б.МОМЫШҰЛЫ – ЕРЛІК ДАСТАНЫ

ТҮЙМЕБЕКОВА АЛИЯ АБЗЕЛБЕКОВНА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. Будучи настоящим лидером, он открыто и остро критиковал раскрытые им недостатки в национальной литературе в целом и творчестве отдельных писателей. Кроме того, он никогда не забывал о проблеме национального воспитания подрастающего поколения. В связи с этой проблемой можно сказать о его публицистическом наследии. Его острая критика была направлена на то, чтобы сделать литературу качественной, поэтому многое решалось в пользу художника с благими намерениями.

Summary. As a true leader, he openly and sharply criticized the shortcomings he revealed in national literature in general and the work of individual writers. In addition, he never forgot about the problem of national education of the younger generation. In connection with this problem, one can say about his journalistic heritage. His sharp criticism was aimed at making literature qualitative, so much was decided in favor of the artist with good intentions.

Ерлік дегеніміз не? Бұл адамға туа біткен қасиет емес, дұрыс жүргізілген әскери тәрбиенің жемісі. Ержүректілік пен батырлықты найзаласқан қолма қол ұрыстан көргісі келетін адам қателеседі.

Ерлік табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзіңнің ар-намысыңды және азаматтың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен маскара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін – азаматтық парызын орындау үшін осындай адамгершілік, теңдікте өзіңмен сайысқа түсе отырып, тұтас коллектив өмірінің игілігін ғана емес, сонымен қауіп-қатерін де бөлісіп, жауды

барынша жою, жанға жанмен, қанға қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарыңды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр ету.

Батылдық – қимыл әрекет есебін тәуекел етумен үйлестіре алушылық» [2,27-28 бб],- дейді Б.Момышұлы.

Автор батылдықтың, ерліктің түп төркінін нақты өмір тәжірибесімен ұштастыра отырып түсіндіреді. Батылдық, ерлік қимыл кездейсоқ, табан астында бола қалатын әрекет емес, оның психологиялық негізі болады. Сын сәтте, тіпті өлім қауіпі төнген кезде сол психологиялық негіз, ішкі дайындық қана жауынгерді саналы ерлік әрекетке бастайды. Автордың айтуында, ол, ең алдымен, адамгершілік сезімі, намыс, ар-ұят деген категориялар. Осы бір қасиетті сезімдер адамды опасыздықтан сақтайды, масқара болудан өлімді артық санатады. «Соғыс психологиясында» осының барлығын теориялық-ғылыми тұрғыдан байыптаған Б.Момышұлы кейін өзінің соғыс тақырыбына жазған туындыларында көркем образбен, қайталанбас адам тағдырымен, оның жан сезімінің сыртқы белгісіне, нәтижесіне айналған арпалысты іс-әрекетімен, қасиетті өлімімен көрсетті.

-«Соғыс психологиясы», ең алдымен, ұрыс үстіндегі адам – солдат пен командир психологиясы туралы авторлық ой-толғам, қатал өмір тәжірибесіне құрылған терең сараптама. Автордың қайта-қайта қадап айтатын – жазушы соғыс шындығын терең білуі, басынан өткеруі, жан дүниесімен сезінуі қажет деген талабы да, біздіңше, осыдан туындайды. Соғыс адамын орта, уақыт шындығымен бірге тану, зерттеу керек. Соғыс психологиясы жазушыдан шындықты табуды, көркем жинақтауды, қорытуды қажет етеді. Бұл оңай емес. Суреткерден үлкен жауапкершілікті, ізденісті талап қылады. Б.Момышұлы кейін жазушылыққа бетбұрыс жасағанда, осы міндет оның бірінші қаламгерлік ұстанымына айналды. Б.Момышұлы туындыларындағы психологизм табиғатын осыдан іздесек керек;

-Лекция-дәрісте автор ұрыс адамының психологиясына жан-жақты талдау жасайды. Отан қорғаушының психологиясын түсіндіру үшін оның сезімдерін екіге бөліп жоғары сезімдер (парыз, адамгершілік, ержүректілік, ерлік, батырлық, қаһармандық т.б.) және төменгі сезімдер (опасыздық, ұждансыздық, үрей, қорқыныш, шошу т.б.) деп қарастырады. Әрқайсысына нақты ұрыс жағдайларымен байланыстырып сипаттама береді. Осы талдау, жан-жақты қарастыру мен қорыту Б.Момышұлының кейін соғыс тақырыбына жазған шығармаларының психологизміне негіз болды деп санаймыз. Әрине, материалды көркем туындыға айналдыру, әрқайсысы өз бітім-тұлғасымен көкейде сақталынып қалған қаруластарын образға түрінде өмірге қайта келтіру бейнеті мол, автордың дарын-талантын қажет ететін жұмыс. Бірақ өткен соғыс оқиғаларын уақтылы саралау, майдан жазбаларын жүргізу, қаруластарына дер кезінде сипаттама беріп отыру кейінгі шығармаларындағы кейіпкерлерінің жан дүниелік тұрғыдан даралануына айтарлықтай көмектесті деп ойлаймыз. Автор әсіресе ұрыс адамының бойында кездесетін екі түрлі кереғар сезім – қорқақтық пен батылдыққа терең талдау жасайды. Қорқу, сескену сезімін жоққа шығаруға болмайды дейді Б.Момышұлы. Қорқу, сескену сезімі барлық адамның бойында бар. Бірақ соғыс жағдайында ұрыс адамы оны ішкі және сыртқы күштің әсер-ықпалымен жеңеді, адамгершілік қасиет, намыс, ар-ұят, жауапкершілік, қасиетті парыз-міндет деген жайлар оны опасыздықтан, масқара болудан сақтайды. Өлімнен ұят күшті, жауды өлтірмесең, ол сені өлтіреді деген ұғым бірінші кезекке шығады. Жалпы, ұрыс адамын психологиялық тұрғыдан жан-жақты сипаттаған Б.Момышұлы әдеби туындыда да кейіпкер осындай күрделі, шынайы қалпымен бейнеленсін деген талап қойды, біржақтылықтан сақтандырды.

Автор бұра тартпай, жеңіл абырой-атақ іздемей, шындықтың қатал көзімен ұрыс психологиясын безбендейді. Бұл жағынан алғанда, оны жоғарыда айтқанымыздай мықты аналитик деуге толық негіз бар. Қорқыныш пен батылдықтың психологиялық иірімдерін тыңдаушысына терең талдап ұғындырған ол өз ойларын көбіне әдебиеттің, көркем шығарманың алдындағы келелі міндеттермен сабақтастықта түйіндеп отырды.

Б.Момышұлы әдебиеттегі айрықша толғандырған жайлардың бірі – солдат образы.«...Бүгінгі күні әділін айтсақ, әскери тақырыптағы барлық шығармалар мен заметкаларда солдаттың бейнесі ашылып көрсетілмей келеді, оның орнына жансыз қағаз адамның образы жасалынууда. Олардың шығармаларында солдат адамзаттың әлдебір жаратылысы бөлек перзенті сияқты суреттелінеді, сөйтіп солдаттың шынайы бейнесі шықпай қалады» [2,286],- дейді майдангер қынжылыспен.

Майдан туралы жазылған орыс әдебиетінің 60 проценті брак екенін, ал қазақ әдебиетшілері сол брактан бой тасалап, мүлдем жазбауға ұйғарғанын айтады. Бұл қиындықтан шығудың жолын майдангер жазушы былай деп жобалап көрсетеді:

1. Соғыс тақырыбына жазу қиын. Бірақ әзірше ұрыс оқиғаларының ізін суытпай, нобайын түсіріп қойып отыру қажет;

2. Алайда бұл жазудың өзінен адамның суретін салуға әрекеттенген талпыныс көрінетіндей болсын, кейін бұл материалдарды өңдеп, нағыз келбетіне, сипатына келтіре алатындай жағдай болуы тиіс.

Бауыржанның бұл талабынан жалпы соғыс тақырыбының күрделі болмысы терең аңғарылса керек. Б.Момышұлының осындай ойға бекуіне кезінде қолбасшы И.В.Панфиловтың ықпалы болғаны да байқалады. Себебі бірде Бауыржанның өткен ұрыс қимылдарын нақты, жүйелі баяндағанын сезген қолбасшы мұның мәнісі, оның майдан жазбаларын жүргізуімен байланыстылығын білгенде, жазбаларды ретке келтіруге қанша уақыт керектігіне қызығушылық танытып, ұрыстың ең сұрапыл кезінде де оған мүмкіншілік жасайтыны бар.

Соғыс тақырыбы мүмкіндігінше жан-жақты талданған әңгіме-дәрісте ұлттық әскери тәрбие және әскери мәдениеттілікті шыңдау жайы да сөз болады. Адамды ерлік қасиетке тәрбиелеудегі халықтың жауынгерлік, ержүректілік дәстүрінің орнын жоғары бағалап, сол кезде байқала бастаған өткенге жаппай тас лақтыруды, қаралауды, жатсына қарауды зиянды іс санайды.

«...Халықты жауынгерлік асыл қасиеттерге тәрбиелейтін дәстүрлерінен қалай айыруға болады? Игі дәстүрлерді архивтің сөрелеріне қаттап қоюға бола ма екен? Бұл пайда келтірер ме еді? Бұл бір ұлттық масштабта ғана емес, сонымен бірге халық сияқты мемлекеттік масштабта, әлемдік масштабта да өте үлкен зиян келтіреді. Егер біздер қазақ халқының барлық жақсы дәстүрлерін керегі жоқ деп қудалайтын болсақ, ата-бабаларымыздың кім екенін білмейтін болсақ, мұның өзі пайда бере қоя ма екен?» [2,37 б]

Ұлттық мақтаныш сезімі мен ұлттық рух жауынгерлік психологияның күретамыры. Сондай-ақ екінші бір шектен шығушылық біздің жауынгерлеріміз «ура» деп атой салса болды, немістерді алды-артына қарамай зыта жөнелетін су жүрек, қорқақ, қопал етіп көрсетушілік дейді. Автордың айтуында бұл екі жағдай да дұрыс емес, тіпті зиянды көрініс. Дұшпан туралы шындық нәрсені айту керектігін, тек шындық мысалдары негізінде жауға деген өшпенділікке және батылдыққа тәрбиелеуге болатынын баса айтады.

«Соғыс психологиясындағы» негізгі ой желісі адам тағдырына құрылған. Адамның жан дүниесі – ұрыста ең қатерлі, көзге көрінбейтін қару деп түсінген Б.Момышұлы оған өте жоғары мән береді. Батырдың пайымдауынша адамның жан дүниесіне қуаты жағынан теңесер ешқандай күрес құралы жоқ.

Б.Момышұлының жазушылардың алдына қояр талабының жиынтық мазмұнын саралай келе мынандай ой түюге болады:

-Әңгіме-дәрісте Б.Момышұлы көркем туындыдағы солдат образының бейнеленуіне айрықша мән береді. Сол кездегі шығармалар мен мақалаларда солдаттың бейнесі толық ашылып көрсетілмей, оның орнына жансыз қағаз адамның образы жасалынып жүргеніне қынжылады. Мұндай туындыларда солдат адамзаттың әлдебір жаратылысы бөлек перзенті сияқты болып суреттелініп, шындықтан алысқа жатады дейді. Автор солдат та адам, сондықтан барлық адамға тән табиғи нәрселер оған да қатысты дей келіп, солдатты мүлде басқаша танудың, суреттеудің дұрыс еместігін қатаң ескертеді. Солдатқа менсінбей қараушылық түбі жақсылыққа апармайтынын, ұрыстағы солдатты аман сақтап қалу басты мәселе екенін айтады. Сондықтан да армиядағы негізгі байлықты жоғалтып алмау үшін солдатты рухани, дене тәрбиесі жағынан үйрету, шыңдау, оны жақсы жауынгер етіп тәрбиелеу міндеті тұжырымдалады. Соғыстың ең бір қатал кезіндегі солдат туралы ой-толғаныстарынан Б.Момышұлының гуманизмі көрінеді. Бірақ бұл гуманизм соғыс жағдайындағы қатаң тәртіпке, әділдікке негізделген қарым-қатынас. Қаламгер ретінде Б.Момышұлы солдаттың шынайы да күрделі бейнесін жасауда қазақ әдебиетіне мол олжа әкелді;

-Командирдің әскердің миы, ұрысты ұйымдастырушы, жеңіске жеткізуші тұлға екеніне Б.Момышұлы ерекше мән беріп, оның басты сапалық белгілері мен қасиеттеріне талдау жасайды. Ойлау және ойлау, солдат шығынына жол бермеу командирдің негізгі міндеттерінің бірі дейді. Солдат пен командирдің қарым-қатысына айрықша қарап, арада әділ қарым-қатынастың орнығуына көңіл аударады. Қара қылды қақ жарар әділ командирдің қаталдығы

жауынгерлердің арасында танымал болуына негіз болады. Солдатты істеген ісі үшін оның адамгершілік абыройына тіл тигізбей, тимей жазалау қажет, мұндай жазалау зұлымдыққа жол бермейді және командирдің атақ-беделіне, абыройына нұқсан келтірмейді, солдат әділ жазалауға төзеді дейді Б.Момышұлы. Ұрыс жетекшісі қарамағындағы солдатты жөн-жосықсыз мақтамауы, не кінәсіз даттамауы қажеттігін, бір күннің сәтсіз тәжірибесі, келесі сәтті істің хабаршысы болуы тиістігін, өткен қателікті қайталамау үшін оның себеп-салдарын іздеу, анықтау керектігін баса айтады. Қолындағы билікті пайдаланып, орынсыз адам шығынына жол беру қылмыс саналады. Ұрыс адамының болмысын, шайқас кезіндегі психологиясын, қарым-қатысын терең зерттеп таныған Б.Момышұлы кейін шығармашылық жұмыста оны екішеп, қорытып, көркемдік шындыққа айналдыра білді. Б.Момышұлы туындыларында ұрыс үстіндегі командирлер образы бірішама көп суреттелгенмен, бір-біріне мүлде ұқсастай бөлек бітімді, тағдыры да өзгеше, мінездері де әр қилы. Әрқайсысы оқырманының көз алдына жеке тұлғасымен сақталынып қалады. Бұл – жазушы шеберлігі;

Автордың пайымдауынша, шығарма желісіне арқау болып отырған оқиғаны ойша өрнектеу негізінен жазушының майдан өмірін, ұрыс психологиясын жетік білмеуінен, айналып келгенде тақырыпты терең сезіне алмауынан туындап жататын құбылыс. Содан келіп қолдан сырлауға, боямалауға жол беріледі. Шындықтан артық көркемдік, сұлулық жоқ. Тек соны бар көрінісімен шынайы да, көркем жеткізе білу қажет. Б.Момышұлының ұстанымы осы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрпейісов Ә. Толғау. Әдеби портреттер. – Алматы: Жазушы, 1972. – 220 б.
2. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Ауд. М.Қазбеков. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 400 б.
3. Момышұлы Б. Көз алдымда бәріңсің. – Тараз, 2007. – 195 б.
4. Гиленсон Б.А. Эрнест Хемингуэй: Кн. Для учащихся. – Москва: Просвещение, 1991. – 192 с.
5. Елеуқенов Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Жазушы, 1977. – 300 б.)
6. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1991. – 572 б.
7. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 4 т. – Алматы: Жазушы, 1978. – 194 б.
8. Цейтлин А. Труд писателя. – Москва: Сов.Писатель, 1962. – с. 367.
9. Ақшолоқов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. – Алматы: Ғылым, 2001. – 430 б.
10. Қаратаев М. Шеберлік шыңына. – Алматы: ҚМКӘБ, 1963. – 296 б.
11. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. 1т. – Алматы: Жазушы, 2002. – 480 б.
12. Боров Ю. О комическом. – Москва: Искусство, 1957. – с. 119.
13. Майтанов Б. Сөз сыны. – Алматы: Ғылым, 2001. – 215 б.
14. Құлбарақов С.Т. Соғыс шындығы деректілік пен көркем жинақтау// Ұлт тағылымы, 2005 .№3, 305 б.
15. Уақыт және қаламгер. 13-кітап. – Алматы: Жазушы, 1989. 145 б.
16. Мәдібаева Қ. Уақытпен үндестік талабы тұрғысынан. – Алматы: Жазушы, 1989. 85 б.
17. Қирабаев С. Шындық және шығарма. – Алматы Жалын, 1981. 252-255 бб

ӘОЖ 82.235.27

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ

ДЖАСЫБАЕВА А.Р.

№16 жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

БІРӘЛІ А.Н.

№16 жалпы орта білім беретін мектептің 8 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. Статья рассматривает вопросы художественных образов творчества Мухтара Ауезова.

Summary. The article deals with the description of Mukutar Auevov s artistic facets.

XX ғасырдың биік шыңы – М.Әуезовтің артында қалған бай мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін әр дәуірдің, әр ұрпақтың айтар сөзі, таным-түсінігі болады. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің жетістігі. Ұлы суреткер шығармашылығы қазақ халқының әлем мәдениетінде ғаламат рухани самғауының шарықтап биікке көтерілуінің айғағы болды. Оның жазушы ретінде қалыптасуы туған халқының бостандығы мен елінің тәуелсіздігі жолындағы күреспен тығыз байланысты болды. Бұл күресте ол жай ғана бақылаушы болмай, рухани ұстаздары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, қаламдас әріптестері Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Сәбит, Ғабиттермен бірге Отанының жаңа сипаттағы рухани мәдениетінің негізін қалап, қарыштап дамуына өлшеусіз үлес қосты.

М.Әуезовтің шығармашылық қарымы ауқымды да бай. Романшы, драматург, ғалым, сценаршы, аудармашы–бұл ұлы қаламгер дарынының толық емес тізімі. Оның Абай туралы эпопеясы мен асқан шеберлікпен жазылған шағын әңгімелері, повестері XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алтын қорына мәңгілік енді.

М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы аз жазылған жоқ. Қаламгерге арналған мақалаларды былай қойғанда, зерттеу кітаптар мен монографияларды саралап, түсіндіру де бір еңбекке жүк боларлық. Уақыт өткен сайын суреткер туындыларының көптеген қырларының әлі де жете ашылмай жатқанын зерделейміз. Соның бір айқын көрінісі–жазушының суреткерлік қырлары.

М.Әуезовтің суреткерлік шеберлігі сан қырлы. Соның бір саласын, табиғатты бейнелеудегі ізденістерін, арнайы сараптағанда, оны шығарманың идеялық-тақырыптық негізінен бөліп қарастырмаймыз. Табиғат бояуларының сан түрлілігін сақтап, оны ажарлап нақыштаған қаламгер зейнеттіліктің адамдар үшін мәнді тағылым көзі екенін де дәлелдей білді. Жазушының бейнелеу құралдарын кемелдендіру өрісін, стиль бітімін ашу үшін де оның табиғатты бейнелеу саласындағы ізденістерін арнайы талдау мәні үлкен. Суреткердің әр сөзді орнын тауып қолдана білуін, соның нәтижесінде сөз бен сөздердің өзара ықпалға бөленуін, сондай-ақ шығармадағы сөз мағынасын кеңейту, ажарлау, құбылту, айшықтау, т.б. үлгілері үндестігін саралау бәрі қаламгер шеберлігін кең зерделеп ашуға бастайды.

М.Әуезов табиғаттың ерекше әсем қалпын да, әдеттегі күйін де қатар алып көрсете біледі. Сондай қарапайым суретті қаладан қайтқан бала Абайдың өз аулына жете берген кезінде ұшырастырамыз. «Көлемі аз бұлақтың айналасына жиі қонған ауылдардың үйлері де, шұбыртқан малы да, адамдары да кешкі мезгілде ыю-қию араласып жатқан сияқты. Жер ошақтардан шыққан түтіндері де біріне-бірі қосылып ұласып, тұтасқан көкшіл мұнардай тарайды. Үрген иттер, мал қайырған айқайлар, маңыраған қой, қозы шулары араласып жатыр. Кешкі суға келе жатқан қалың жылқының кісіней шапқан дүбірі, шаң-тозаңы болсын немесе оқта-текте азынай кісінеп, үйірін іздеп шапқан, мінуден босаған жас айғырлар дауыстары болсын–барлығы да осы отырған ауылдардың осы кештегі тіршілік тынысын білдірген сияқты. Баланың барынша сағынған көрінісі» [1;776].

Малдың шұбыруы, иттердің үруі, қой маңырауы, жылқы кісінеуі–бәрі әдеттегі, қалыпты көріністер. Мұнда ерекше тамашалайтындай сұлулық жоқ тәрізді. Әйтсе де бұл қарабайыр суреттер әрі кешкі ауылдың дағдылы тіршілігін реалистік мәнерде бейнелеу үлгісін, әрі болашақ ақынның сол әдеттегіден де қимастық таба білуін, әрі алдағы үлкен айқастар алдындағы сәттік тыныштық артықшылығын аялауға қызмет етуде. Бейнелеу деңгейі тұрғысынан келсек, «шұбыртқан» сөзі – мал көптігін және бірінің артынан бірі жүруі ретін, «ұласып тұтасқан» түтіннің, демек жер ошақтың жиілігін танытады.

Халық өміріне бойлаған ұлы эпопея халқымыздың тұрмыс-салтын, тіршілігін, әдет-ғұрыптарымен сурттеу ерекшеліктерімен қазірде таң қалдырады. Жазушының бай мұрасының қай-қайсысында болмасын жомарт талант, нағыз шалқар шабыт қолтаңбасының іздері сайрап жатыр. Ұлы суреткер өзінің ізденімпаздық жолында замандастарының жасампаздық өмірімен тығыз байланыста болды, өмір шындығының жаңа құбылыстарын сергек қадағалап, оған өз үлесін қосуға тырысты.

«Жазушының шығармашылық әлемі–дүниежүзі халықтар әдебиетінде өзіндік ерекшелігі бар құбылыс. Қаламгер әлем әдебиетінде қазақ қауымы атты елдің әлеуметтік және рухани өмірін, күресін, әдет-ғұрпын бар тұрмыс-тіршілігін суреттейтін тарихи зор панорамасын жасады. «Абай жолы» роман-эпопеясы осыған дәлел (1942-1956) [2; 166].

«Қорғансыздың күні» (1922), «Кім кінәлі?» (1923), «Ескілік көлеңкесінде» (1925) т.б. әңгімелерінде ол осы роман-эпопеяға апаратын жолды барлағандай көрінеді.

«Жетім» (1925), «Жуандық» (1926), «Барымта» (1925) деп аталған бір топ әңгімелерінде М.Әуезов кейіпкерлерін халықтың жуан ортасынан табады. Өмірді қарапайым адамдардың көзімен көруге тырысады.

«Оқыған азамат» (1923), «Кінәмшіл бойжеткен» (1925), «Сөніп жану» (1923) деп аталған әңгімелер тақырыбы қазақтың болашағынан дәмектен ізденістерге толы. Жазушы қалаға келіп «мәдениетке үйрене» бастаған қазақ жастарының тұрмысына енген өзгерістерді, сонымен қатар жастар тәрбиесі, құлықтылық, ар-инабаттылық проблемаларды алға тартады.

Мұхтар Әуезовтің 1920 жылдардағы әңгімелерінде кейіпкерлердің тартысы жалпы адамгершілік мәселелерін қозғайтын. Он жыл өтіп, ел 1930 жылдар табалдырығынан аттағанда қазақ прозасы көбіне көп әлеуметтік саясат мәселелеріне ойысты. Социалистік реализм әдісі жазушылар назарын тап күресі дейтінге бұрады. Бай мен кедейді қырқыстыру әдебиет ауа райын да бұзды. Саясат, солақай тұрпайылық белең алды. Осының алдында ғана түрмеден босаған М.Әуезов, большевиктердің дегеніне көнуге мәжбүр болды. Кеңес тақырыбына арнап «Үш күн» (1934), «Іздер» (1932), «Құм мен асқар биік» (1934), «Білекке-білек» (1933), «Шатқалаң» (1935), «Қасеннің құбылыстары» (1933), «Бүркітші» (1937) т.б. әңгімелерін жазады. Бұларда қазақ жеріндегі алғашқы совхоз құрылысы, соған байланысты туған тартыстар суреттеледі.

М.Әуезов әңгіме өрісін барған сайын кеңейте түседі. Әңгіме көлемі ұзарып барып көлемді прозаға ауыса бастайды. «Қараш-қараш» оқиғасы 1927-1928 жылдары жарық көрген. «Қараш-қараш» хикаясын автор ұзақ әңгіме жанрына жатқызды. «Бұл ұзақ әңгімені ертеде араб, латын әріптерімен жарияланған қалпынан автордың түзетіп, өзгерткен жаңа түрі» деген ескертпеге қарағанда, ол прозада өзін сенімді сезініп, енді суреттеу алаңын барынша кеңейтуге ұмтылғанын байқаймыз.

Жазушының бұл уақытта жазылған шығармаларынан «Көксерек» (1929) хикаясын ерекше атаған жөн. Бұл ұзақ әңгіменің тақырыбы басқа әңгімелерінен оқшау көрінеді. Онда қолда өскен, асыранды Көксерек атты бөлтіріктің тарихы. Құрмаш деген жас бала қасқырдың күшігін асырайды. Бөлтірік өсе келе қасқырдың табиғаты жеңіп, күндердің күнінде тағы тектестерінің үйіріне қосылып кетеді. Енді өзін өсірген ауылға маза бермей, малға тиіседі. Көксеректің жыртқыштық мінезі қатал берілді. Автор мұны ұтымды шағын деталь көмегімен ұтымды жеткізеді: «Ін ішінен жат иіс сезіп, Көксерек басы мен кеудесін сұғып «ырр» етіп кішкене күйкі күшікті тістеп суырып шықты. Бұны істегенде ақ қасқыр арсылдап тап берген еді, Көксерек сонда да тоқтамай көк күшікті жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын кірт-кірт сындырып өлтіріп тастады». Өз күшігін аямаған Көксеректен адамға қайырым қайдан болсын. Ақыры Көксерек өзін асырап Құрмашты ат үстінен жұлып ап, өлтіріп кетеді. Жазушы қасқырдың сүлдесінен мейірімсіз қарақшының тағылық мінезін таниды.

Мұхтар Әуезовтің артында қалған бай әдеби-ғылыми мұрасы – әдебиетшінің, оның қаламгерлік қарымының, ой арманы мен мақсат-мұратының биік мүдделері туралы сыр шертуге үлкен темірқазық. Жазушының шағын прозадағы үздік табыстары «Абай жолы» эпопеясының дүниеге келуіне бір жағы мықты әзірлік болды.

Ғалым Ш.Ыбыраев «Заманымыздың ұлы суреткері» атты мақаласында: «Мұхтар Әуезов–халқымыздың қайта өрлеу ауқымындағы ренессанстық тұлға. Ол өзінің энциклопедиялық құлашты білімімен, асқар талантымен рухани өмірдің көптеген салаларында жарқырап көрініп, бүкіл қазақ мәдениетіне ықпал жасады. ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамы қойған талаптар оны сол кезеңдегі басқа да аса көрнекті қазақ зиялылары сияқты әрі жазушы, әрі ғалым, әрі қоғам қайраткері болуға ұмтылдырды. Бұл қайта өрлеу дәуірінің міндеттері еді. Сол себепті де Мұхтар Әуезовтің сан қырлы таланты оның өнердің қазақтар үшін бұрын белгісіз болып келген түрлері мен жанрларын тұңғыш қалыптастырушылардың қатарынан көрінуіне айқын жол ашты», – дейді [3; 56]. Расында да, М.Әуезов өз бойында ренессанстық негізді жинақтаған, өз талантының сан қырлы байлығымен туған халқының рухани қуатын неғұрлым толық бейнелеген қайталанбас тұлға.

Жазушы-ғалымның өлмес туындылары ұлы суреткердің жеке басының зиялылығының, асқақ азаматтығының, қаламгердің шығармашылық қызметте де, өмірде де шексіз адал болуының жарқын өнегесі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. I том. –А., 1990. –534б.
- 2.Кекілбаев Ә. Ұлттық әдебиетіміздің қаһарманы. –А., 1994. №83
- 3.Ыбыраев Ш. Заманымыздың ұлы суреткері. Мұхтар мұрасы: Ғылыми мақалалар мен зерттеулер. –А., 1997. –352б.

ӘОЖ 821.512.122:37

М.Х.ДУЛАТИДЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

АБДЫХАНОВА Ғ.Т.

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің 2 курс докторанты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АБДЫҚАДЫРОВА Т.Р.

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің профессоры, п.ғ.д.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье анализируется поэма «Джаханнаме», доказывающая поэтическое мастерство средневекового ученого М.Х.Дулати. Ориентируясь на историю изучения поэмы, определяется основная цель автора при ее написании. Главы эпоса анализируются по отдельности, а внешнее проявление внутренних переживаний поэта уводит читателя в глубины философской мысли. Уникальной особенностью поэта при написании стихотворения является многостороннее слово.

Summary. The article analyzes the “Jahanname” saga, which proves the poetic skill of the medieval scientist M.KH.Dulaty. Based on the history of the research, the author’s main goal in writing it is determined. The chapters of the epic are analyzed separately, and the external manifestation of the poet’s internal experiences takes the reader into the depths of philosophical thought. A unique feature of the poet when writing a poem is the versatility of the word.

Қазақ халқының әдебиетін, төл тарихын «өз қолына ұстатып», оны терең танып-білуіне жол ашқан, халқымыз үшін теңдесіз мұра қалдырған ғұлама М.Х.Дулати «Тарихи-Рашиди» атты ғұмырнамалық еңбекпен қатар «Жаханнаме» атты поэма жазғаны бәрімізге белгілі. Бұл дастан оның ақындығын дәлелдейтін нақты құжаты екендігі де даусыз.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша М.Х.Дулати еңбектерінің әлем кітапханалары мен қолжазба қорларына шашырап кеткендігі салдарынан поэма көпке дейін жарияланбай, оқырман назарынан тыс қалған болатын.

Жалпы, «Жаханнаме» дастаны ұзақ уақыт қолжазба күйінде зерттелмей келгенімен, оның тарих қойнауында ұзақ жатуы халық жүрегінің ең түкпірінен орын алып, халқымен бірге мәңгі жасағанының, мазмұнымен қатар бағасының да құндылығын тереңдетті. Дастанды қазақ оқырманымен қауыштырған шығыстанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Дербісәлі болды. Ол поэманы ежелгі түркі (шағатай) тілінен Берлин нұсқасы бойынша жолма-жол аударып, оны Қашғар нұсқасымен салыстырып, ғылыми транскрипциясын жасады, алғысөзін жазып, сөздікті құрастырып, түсінік, ескерту, аннотация және көрсеткіштерін дайындап, 2006 жылы баспадан шығарды.

Ә.Дербісәлінің зерттеуі бойынша поэма сюжеттік желісі жағынан шартты түрде бірнеше бөлімге бөлінген. Алғашқы 110 бәйіт поэманың «Кіріспесі» ретінде қарастырылып, оны көтерген тақырыбы, ондағы тарихи жағдайларға қарай бірнеше тараушаларға таратуға болады.

1-14 бәйіттердегі автордың мұсылман шығысы әдебиетіндегі қалыптасқан әдеби, мәдени дәстүрге сай Жаратушыны жырға қосуы ерекше назар аудартады:

1. Санан жаһан афаринга бурун,
Ким андин емастур шин йашурун.
Мадақ - жаһанды жаратушыға бұрын,
[Ешкімнің де] емес одан ісі жасырын.

2. Неким адамның хийали йетар,
 Һар ишким улусдин неһки етар?
 Нендей [бір] адамның ақыл-ойы жетсе [де],
 Кімде-кім ұлыстан құпия етсе [де],
3. Бари аниң алдида йек сандурур,
 Ачук дашту Һар тире маскандурур.
 Бәри оның [Алланың] алдында бірдей болар,
 Ашық дала мен қара түнек болса да мекені.
4. Неким аламу аһлида бардур,
 Аниң кудрати анда зәһардур.
 Әлем жұртында ие болса да,
 Оның [Алланың] құдіреті онда [да] көрінеді.
5. Жаһанда неким жан, жансиздурур,
 Һавада учар, йарда йугруб йурур.
 Жаһанда не болса да, жанды, жансыз болар,
 Ауада ұшар, жерде жүгіріп жүрер.
6. Аниң кудратидин пар-о-бал ачар,
 Аниң кудрати бирла йугруб қачар.
 Оның [Алланың] құдіретімен қанат қағар,
 Оның [Алланың] құдіретімен жүгіріп қашар.
7. Дарақту, гулу, сабзеву хару-хас
 Аниң кудратидин унуб Һар нафас.
 Дарақ, гүл, шалғын, тікенек

Оның [Алланың] құдіретімен өсіп-өнер, - [1, 48] дей отырып, жаратылыстағы не нәрсе болса да, ол Жаратушының құдіретімен жасалатынын айтып, дүниенің опасыздығын, тағдырда әділеттілік жоқ екеніне тоқталып, мұнан кейінгі бәйіттерде хазіретті пайғамбарымыз Мұхаммед ғалайһисалам мен оның төрт серігіне (Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әлі) сипаттама беруге ойысады:

19. Тақи Хайдар – сахиби Зу-л-фағар
 Ки, ширим диган ерди Парвардигар.
 Тағы Хайдар – зулуфақардың егесі[н],
 Арыстаным деген еді Паруардигар.
20. Уларға вафа қилмади бу жаһан,
 Сину мандек аввараларға на сан!
 Оларға [да] опа қылмады бұл жаһан,
 Сенің мендей кезбеде [тағдыр-ау] нең бар?!
21. На шаһу, на дарвиш, на амму хас,
 Фалак жоуридин булған ермас халас.
 Шаһ та, дәруіш те, қараша мен ақсүйек те,
 Тағдыр жазмышынан құтылған емес, – [1, 50]

деп бұқара халықтың да, ханның да Жаратқан алдында қара екендігін, адамзат баласының маңдайына не жазылса, соның болатындығын айтып, өз тағдырына іштей ренішін аңғартқандай болады.

«Жаһаннаме» - философиялық сарында жазылған шығарма. Ұлы ойшыл өзінің ішкі толғаныстарын жай сөздермен ғана жеткізбейді, философиялық толғаулар жетегіне тереңдеп, өмірдің барлық мәні мен маңызын, жақсылық пен жамандық атаулының бәрін осы дастан арқылы толғап жеткізеді. Бұл дастан ақынның ішкі жан тебіренісінің сыртқы көрінісіндей күй кештіреді.

Жалпы, бұл туынды 1533 жылы дүниеге келген. Ақынның дастанды жазуына Саид хан қайтыс болып, мемлекет басына оның ұлы Әбдірашид (Рашид) хан болып отырысымен, әкесіне кереғар саясат жүргізуіне байланысты туған оқиғалар арқау болған. Рашид хан осы уақытқа дейін мемлекет тірегі болып келген Дулат әулетін қуғынға ұшыратады, ордада қалған туыстарының барлығын қырғынға ұшыратады. Осыған байланысты Мырза Хайдар Тибет жорығынан еліне – Моғолстанға қайтпай, Бабыр падишаһтың кіші ұлы Қамран мырзаның Лахордағы ордасына жетеді. Азапты күндерді артқа тастап, Бадахшанға келіп, М.Х.Дулати дастанды жазуға кіріседі.

Автордың ақындық шеберлігі сондай, «Тарихи-Рашиди» еңбегіндегі сан алуан оқиғаларды бар-жоғы он шақты бәйітке сыйдырып суреттейді. Дастанды оқи отырып, сол кездегі қоғамдық-

саяси жағдай, ел өмірі, халық басына келген қасіретті, Әбу Бәкір патшаның зұлымдығын, сол жаман қасиетінің өзіне ажал құштырғанын, жалпы, біреуге жасалған қиянаттың ешқашан опа бермейтінін философиялық тұрғыдан саралайды. Ақын Әбу Бәкір мен Саид ханды таразының екі басына салып, олардың әділеттілігін, парасаттылығын, керісінше, зұлымдығы мен қанішерлігін бір-біріне қарсы қоя отырып таразылайды.

Мұнан кейінгі бәйіттер Саид ханның таққа отырып, көңілі жайланғаннан кейін бұрынғы дұшпандарының көпшілігіне кешірім жасағандығы, оның кезінде ұлыстың мығым болып, әділеттілікпен халықты басқарғандығы, халықтың тұрмыс жағдайының, күн көрісінің түзеліп, ұлыс аумағының көлемін ұлғайтуға, нығайтуға әрекет жасаған ханның қайырымдылығы, қайраткерлігі, пайым-парасаты жайында баяндауға бағытталған.

Поэманың тақырыбы шынайы махаббатқа негізделгенін аңғару қиын емес. Образдар жүйесі де толыққанды шеберлікпен суреттеліп, өмірде кездесетін кейіпкерлер бойындағы қасиеттерді ашуда көркем сөз кестелерімен өрнектелген. Ақынның философиялық танымы, тағдыр турасындағы толғаныстары дастанның соңында шеберлікпен көрініс тапқан.

«Поэманың негізгі бөлімі 1290-бәйітпен біткен. Әрі қарай 1306-бәйітке дейін Мырза Хайдардың өмір, тағдыр жайлы философиялық толғанысы берілген. Ақын өзіне-өзі сауал қояды. Бұл ретте Мырза Хайдар өзін Аяз деп атап, «өміріңнің тұлпары кетіп барады, ал, сен кейде ояу, кейде ұйқылысың, бейқамсың. Уақытты бос өткізбей, тіршілік ет. Өйткені, өмір қамшының сабындай қысқа, тез өте шығады. Ал, артында еңбегің, игі істерің, қол жеткен табысың жеміс боп қалады. Сондықтан ешқашан бос жүрме» деген салиқалы да мәнді ойдың [1, 30] астарында қаншама тәлімдік өнеге жатыр?! Мұндай философиялық танымның ортағасырлық ғұламалардың еңбектеріндегі оймен үндестік табуы заңды құбылыс. Мысалы, Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанында:

Сен қонақсың, түстенген бұл жаһанға,
Еш мұршаң жоқ, керіліп көп жатарға.

Кешкен тірлік өте берер келгісіз,
Қалған тірлік қанша екені белгісіз.

Қалған күнді текке зая кетірме,
Өлімді күт, ибадат қып бекін де, - [2, 344]

деуі тағы да уақытты бос өткізіп, ғафіл қалмауға шақырады.

Дастанның соңғы 1314-1329 бәйіттерінде ол поэманың жазылу себебі мен аяқталған кезіне оралады.

1314. Кел, ей, мінезі ашық, жарқын көңілді,

Етемін (енді) «Жаһаннамемен» қоштасу.

1315. Көңіл тақтасынан көтеріп қайғыны,

Етемін тәмам енді бұл қиссаны.

1316. Осы қисса еді, сырлас дос

Болған, көңілімді көрген соң мұңлы.

1317. Сәйкес көріп оны өз халіме,

Ұқсас көрініп (ол) өз жағдайыма.

1318. Еттім қиял жақындатып,

(Оған) осы кез оқиғасы қосылып.

1319. Түзілді өлең болып қатар түсіп,

Тәмам болды негізгі (бөлімінен соң) жыл өтіп, - [1, 31]

деп, поэманың негізгі бөлімінің бұрын жазылғанымен, соңғы беттерінің арада жыл өткен соң ғана хатқа түсірілгенін еске салып өтеді.

Шынайы махаббатты арқау еткен дастан сүйіспеншілік пен адалдықтың туы болып көкте самғап, желбірейді. Сондықтан поэманы махаббат дастаны деп те атауға болады. Дегенмен, дастанда өмірдің өткіншілігі, тағдырдың қаталдығы, әділеттілік пен әділетсіздіктің үнемі қатар жүретіндігі көрініс тауып, автордың философиялық көзқарасын айқындап тұрады. Дастанның құндылығы осында.

«Жаһаннаме» дастанында Фирузшаһтың түс көріп, түсінде бір перизатқа ғашық болып, қайғы-мұңға батқанда, ішкі жан тебіренісін досы Фирузрайға жайып салғаны былайша суреттеледі:

Түсімнің оң болуын күтіп, жаныма дерт өтіп кетті,
Тұла бойымды бастан-аяқ тұтты мұң.
Ежелден атың сенің Фирузрай,
Көрейін, маған білдірер екенсің қандай рай!
Деді де айтты бар халін
Барлық көрген, есіткен жағдайын.
Бірақ, ол перизат ғашық жарын
Көре алмай шеккен қайғысын.
Деп айтып бітпей бүккен арманын,
Салар еді өртке мұңлы өз жанын [1, 15]

М.Х.Дулати өзінің дастанында Шаһсауар мен Фирузшаһ мемлекетінің халқы түркілер мен тәжіктер екендігін білдіру мақсатында түркілердің құда түсу, қыз ұзату, шашу шашу, қалыңдыққа жасау беру, бақилық болған марқұмды аза тұтып, жоқтау айту, оған ас беру сияқты әдет-ғұрыптарды суреттеген. Мысалы, Фирузшаһтың анасын жоқтағаны:

Бірақ, анасын Фирузшаһ
Әкесімен көрмеген соң етіп аһ!
Деді: «Ой, дарига-ай, ол қамқоршым тек,
Түк көрмеген мұң мен михнатымнан басқа.
Анам мейірбаным, қыблаам қайда,
Сұлтан әкеммен көрмедім оны!» [1, 154]
Қазақ әдебиетіндегі:
Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең, - [3, 50]

деген Абайдың тармақтары адам баласының туғаннан бастап өмірден өткеніне дейінгі өмірі ән, өлеңмен өтетіндігін меңзесе керек.

Бұл тұста ақын өз басындағы мұң-шерге орай философиялық ой толғап, өмір-өзенінің бір сәтке де тоқтамай, тек өз заңдылығына жүгінетіндігін, уақыты келіп, зауалы жетсе, ғаламдағы тіршіліктің бәрі бақилық болатындығын жазады. Осы тұста ақын әдебиет теориясындағы психологиялық параллелизм үрдістерінің шебері тәрізді. Табиғат аясындағы оның элементтері мен өмір заңдылықтарының элементтері арасынан үлкен ұқсастық, параллельді сәйкестік табуы да Дулатидің ақындық өнерінің өресінде жатыр деп ұғынуымыз қажет.

Дастанның мазмұнына терең еніп, ерекше ден қойып, түсініп оқымасаң, оның байыбына жету қиын-ақ дүние. Таза философиялық ой тізбегі берілген, күрделі тұжырымға толы. Түйінді сөзбен қорыта айтқанда, бұл дастан Мұхаммед Хайдар Дулатидың ақындық өнерінің биік шыңы деуге тұрарлық. Асқақ шабыттан туған көркем шығарма тек тіршілікте тәжірибесі мол, көрген-білгені көп парасатты жанның қаламынан туатынына ешкім дау-дамай туғызбайды. Түркі тілінде жазылған «Жаһаннаме» дастаны М.Х.Дулатидың ақындық төлқұжаты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (Аяз). Жаһан наме: (Дастан). [Құрастырған: Әбсаттар қажы Дербісәлі]. – Алматы: «Білім» баспасы, 2006.

2 Баласағұн Ж. Құтты білік (Көне түркі тілінен аударған және алғысөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев). – Алматы: Жазушы, 1986.

3 Құнанбаев А. Қалың елім, қазағым... – Алматы: «Атамұра», 2002.

А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТАБИҒАТ ТУРАЛЫ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ АУЫЛ ТҰРМЫСЫ

ОЛЖАБАЕВА ГУЛСИМ АТИШОВНА

№35 жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

БЕЙСЕНБЕК ГҮЛАЙЫМ МАЖИТҚЫЗЫ

№35 жалпы орта білім беретін мектептің 11 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассказывается о деревенской жизни в стихах А.Кунанбайулы о природе. В своих стихах о природе А.Кунанбайулы больше внимания уделял описанию казахского аула и народа.

Summary. The article tells about village life in A. Kunanbayuly's poems about nature. In his poems about nature, A.Kunanbayuly paid more attention to the description of the Kazakh village and people.

Табиғат Абайға, ақындық шабытына себеп болған үлкен дүние. Абай табиғатты құр пейзаж ретінде ғана суреттеп қоймайды. Ол адамды табиғаттың бір бөлшегі ретінде қарастырған, табиғатпен суреттеген. Ақын өзі өмір сүрген дәуірде қарапайым адамдардың табиғат аясындағы бейнетін, қуанышы мен қиындығы аралас тұрмыс-тіршілігін көрсете білді. Қазақтың кең даласындағы халық тұрмысы ақын өлеңдерінде әсерлі, тартымды да шынайы суреттелген. Мал бағумен күнелткен көшпелі елдің жазы жеңіл, қысы қатал болатынын анық көруге болады.

«Қазақ даласындағы табиғат көріністерін, оған бөленген қазақ даласындағы өмірді суреттеуге Абайдың көптеген өлеңдері арналған. Әсіресе, жылдың төрт мезгілін суреттейтін “Жазғытұры”, “Жаз”, “Күз”, “Қыс” өлеңдері көшпелі ауылдың күйі мен тіршілігін анық суреттейтін өлеңдер. Бұл өлеңдерде тек табиғат қана суреттелмеген, сол табиғат аясындағы адамның көңіл-күйі терең көрсетіліп бейнеленген» [1, 256.].

Табиғат туралы өлеңдерінде А.Құнанбайұлы қазақ ауылының, халқының тұрмыс тіршілігін сипаттап беруге көбірек мән берген. Табиғат тек халық өмір сүретін орта болып көрінген. Ақын көшпелі елдің өмір салтының қиыншылық кезеңінде, маз-мейрам қызықшылығын да көре білген. Мысалы, “Жаз”, “Жазғытұрым” өлеңдерінде ауылдың абыр-сабыр қызық өмірі сипатталады. Мұнда құлын-тайлардың шапқаны, қыз-келіншектердің сыңғырлаған күлкісі әсерлі суреттеліп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

«Ақын өлеңдерінде табиғат көрінісі басты шумағында ғана суреттеліп, қалған шумақтар ауылдағы елдің тұрмысын, шаруалардың күнделікті тіршілігін бейнелейді. Ал ақынның “Күз” өлеңі табиғаттың онсыз да жабырқау мезгіліндегі ауылдың күйбең тіршілігі, кедейлердің шарасыз күйін шынайы суреттеген.” Қыс” өлеңінде қыс мезгілі адам бейнесінде суреттелген. Бірақ бұл “адам” соқыр, мылқау “танымас тірі жанды” – деп суреттеледі. Түсі суық кәрі құда ауылға келіп “әлек салды”. Мұнда да шидем мен тондарын қабаттап киген малшылар ақша беттері албырап боранда мал соңында жүр. Қыстың келгеніне тек балалар маз. Беті-қолын үсік шалса да қарды қызық көрген олар қара суықты елемей уайым-қайғысыз ойнап жүр. Бұл өлеңде қыс мезгілі – шаруаның қатты қиналатын бір кезеңі. Қыстан адамдар малын аман сақтап қалу қамымен жүргені айдан анық. Абайдың табиғат лирикасына арналған өлеңдері оның қоғамдық өмірге көзқарасын да ашық көрсетеді» [2, 336.].

”Диханшылар жер жыртып, егін егер

Шаруаның бір малы екеу болып, –

деген шумақтардан шаруаның еңбегін, қарбалас күйбен тіршілігін көреміз. Бұл екі өлеңде А.Құнанбайұлы ауылды аса бір шынайылықпен, мейірімділікпен, көтеріңкі көңіл-күймен суреттеген. Табиғатты оқиғамен байланыстыра суреттеу халық ауыз әдебиетінде де болған. Бірақ қазақ әдебиетінде табиғаттың өзін жеке тақырып етіп суреттеу, әдемі бейнелеп жеткізу Алтынсарин мен Абайдан бастау алған. Әсіресе, оны биік сатыға көтерген – Абай. Абай дәуіріндегі қазақ ауылының сұлуда әсем табиғаты көз алдымызға бірден елестейді. Ауылдың қазақы өмірін сөзбен

суреттейді. Абай ландшафтты қазақтардың көшпелі әлеуметтік өмірімен ұштасқан табиғи тіршілік ортасы, адам өмірінің орны ретінде қарастырады. “Жаз” өлеңін оқығанда қазақтың кең жазира, дархан даласында думандатып жүргендейсің, көктемнің жаймашуақ күнінде күн сәулесі жарқыраған ауыл адамдарымен бірге күліп- ойнап қызу еңбекке кірісіп кетіп, бұлбұлдай сайраған құстар мен еріксіз ұшып жүрген көбелекті қуасың. «Қыс» өлеңін оқығанда, аязды қыстың суық лебі бетке тигендей болады.

«Табиғат тақырыбында жазылған бұл өлеңдері – ақынның асқан суретші екендігіне толық дәлел болып табылады. Абай жылдың төрт мезгілін ерекше суреттесе де, ең алдымен оның айқын, әдемі бейнесін береді. Жылдың төрт мезгіліндегі табиғаттың өз әдемілігінің мына жері кем қалыпты деп ешкім таласа алмастай етіп суреттелінеді. Ақын өлеңдерінде табиғаттың тек жалаң суретін ғана беріп қойған жоқ, оны адам өмірімен нық ұштастырып байланыстыра білді. Мал бағумен күн көріп, көшіп-қонып жүрген қазақ халқының өмір шындығын дәлме-дәл көрсетіп, жылдың әрбір мезгілінің мал баққан елге қалай пайдасын беріп ерекше әсер ететіндігін баяндады» [3, 426].

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың осы өлеңдері қазіргі өскелең ұрпақтардың ауыл өміріне деген көзқарасының түзу болып, “ауыл – алтын бесігімізді” ерекше құрметтеп, салт-дәстүрлеріміз бен тарихымызды ұмытпауға әсері мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай Құнанбаев. Таңдамалы өлеңдер / Абай Құнанбаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 176б.
2. Абай Құнанбаев. Қалың елім, қазағым: шығармалары / Абай Құнанбаев. – Алматы: Жалын, 1995. – 382 б.
3. Абай Құнанбаев. Айттым сәлем, Қаламқас: әндер мен күйлер / Құнанбаев Абай; Құраст. Б. Г. Ерзакович. – Алматы: Өнер, 1986. – 235б.

ӘОЖ. 82.404.(28)

АБАЙДЫҢ МӘДЕНИ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРІН АЙҚЫНДАЙТЫН АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ

НУРДИНОВА Т.Е., САРТАЕВА А.А.

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье приведены архивные документы, определяющие деятельность Абая в сфере культуры и образования.

Summary. The article presents archival documents defining Abai's activities in the field of culture and education.

Абай өмірінің соңғы жылдарынан біршама толық мәлімет беретін архивтік документтің бірі – патша өкіметінің жергілікті әкімшілігі тарапынан 1903 жылы 25 көкек күні ақын отбасына жүргізілген тінту іс-қағаздары. Бұл оқиғаға байланысты хатталған әр түрлі әкімшілік мекемелерінің жзбалары Қазақстанның Орталық мемлекеттік архивінде жинақталған. Қазіргі ғылыми ортаға белгілі болып отырған бұл үш архивтік іс (дело) Дала генерал-губернаторының канцеляриясы, Ақмола және Семей облыстық басқармаларының архив қорларында (фонд) сақталған.

Ал Абайдың ғылыми өмірбаянын жазу барысында аталған архивтік дерек көздерін қарастыруға ешқандай мүмкіндігі болмаған ұлы ақынның бас биографы М.О.Әуезов, тінту жұмысына қатысты оқиғаларды ел жадында ауызша сақталып жеткен естелік-әңгімелер негізіне сүйеніп жазған-ды. Сондықтан М.О.Әуезов: “... Елден Абайды жамандап түскен арыз болса, оны еркше ықыласпен тыңдайтын. Сондай жасырын шағым мына тұста да аз болмайды. Сондай шағымның бірін сылтау, себеп етіп 1903 жылы қырдағы Абай ауылына жандарал бұйрығымен Семейдің тыңшы кісілерінің бастығы полицмейстер өзі бастап, бір топ жандаралмен кеп, қатты

тінту жасайды. Ниеті Абайды бір жазаға іліктіру еді. Бірақ ақынның халық арасындағы зор атақ, даңқынан, қадірінен жасқанып, батыл әрекет жасай алмай кетеді” [1; 216] – деп жазып, саналы түрде тінтудің басты себебін басқа арнаға бұрып, советтік идеологияның қас жауы болып табылатын панисламизм, мұсылман діни қозғалысы сияқты “құбыжықтарды” айналып өтіп, “заманына қарай амалын тауып” ой-пікір білдіреді. Бұған қарап, М.Әуезов ұлы Абай басынан өткізген осы бір сойқанды оқиға туралы М.Әуезовке жоғарыдағыдай деп жазып, өзінше “маневр” жасауға тура келеді. Ол кезде басқаша істеудің басқаша ешқандай жолы да жоқ-ты.

Ақынның ғылыми өмірбаянын жазған екінші бір ірі тұлға – академик-жазушы Сәбит Мұқанов “Абай Құнанбаев” атты монографиялық еңбегінде осы тінту туралы: ”Құнанбай тұқымына өшіккендер Абайдың қайғысына елжіремейді, жала жабуын, түртпектеуін доғармайды. Сондай өшпенділікпен олар 1897 жылы Абайға екі түрлі қастық істейді. Біреуі – “үкіметке қарсы адамдар үйіне көп келеді” деп полицияға шағым береді. Бұл шағымсыз да Абай полицияның күдікті адамы болған. Оған себеп– Абайдың үйіне саяси қылмыспен жер аударылған адамдардың көп келуі, мәселен, орыс халықшылдары Михаэлис, Долгополов, Кавказдан қашып келген екі жігіт. Бұлар Абайдың үйінде айлап жатып, ат мініп, қаражат алып кететін болған. Полиция Абайдың бұл қылықтарын сырттан бақылап, тыңшы салып тексеріп жүрген. Осы күдікке Абайдың елдегі дұшпандары берген шағым қосылған соң, 1897 жылдың көктемінде Семейдің полиция бастығы Куприянов келіп, Абайдың үйін тінткен. Абай үйінің ұңғыл-шұңғылын түгел ақтарған полицияның қолына қазақтың белгілі ақыны, ауыз әдебиетінің үлгілерін иждиғаттап жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазған бір хаттан басқа күдікті ешбір зат түспеген. Бұл хатта Мәшһүр Жүсіп Абайға патша үкіметінің елге жасап отырған қиянаттары туралы жазып, оған қалай қарсы тұру жөнінде ақыл сұраған екен дейді. Полиция: ” Бұл хатқа не деп жауап бердің ?” – деп Абайды біраз айналдырып, Абайдан “ Жауап жазған жоқтан” басқа сөз ести алмаған соң, басқа байланысар дәлелі болмаған соң, Куприянов Абайды да жайына қалдырып жүріп кеткен” [2; 146] – деп ұзақ толғап, тәптіштей жазды.

Бірақ бұл ой-пікірдің де қисынға келмейтін, шынайы шындықтан тым алшақ кететін тұстары өте көп. Оларды қысқарта, жинақтай айтсақ, біріншіден, тінтудің мерзімі 1897 жыл деп қате көрсетілсе, екіншіден тінтудің басты себебі жаңсақ деректер негізінде баяндалған, үшіншіден болған оқиғаға ешқандай қатысы жоқ Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің есімі орынсыз қыстырылып кеткен, төртіншіден, тінту жұмысын Семей уездік полиция бастығы Куприянов жүргізді деп қателікке жол берген. Бұл жерде де, С.Мұқановтың дерек көзі ретінде ұлы ақын туралы естелік жазған Әрхам Ысқақов материалдарын пайдаланғаны байқалады.

Осы орайда ұлы ақынның басынан өткен көптеген оқиғаның куәгері болған, оның тәрбиесін көрген, білгені, естігені мол Ә.Ысқақовтың естеліктерінде абайтану ғылымына қосқан бағалы деректермен қатар кейінгі зерттеушілерді қателестірген жаңсақтықтары да баршылық екенін айта кету керек. Осы жаңсақ деректер, ұшқары пікірлер өз кезегінде абайтануда жалған таным-түсініктердің қалыптасып, орнығуына негіз болды. Сондықтан Ә.Ысқақовтың Абай туралы жазып қалдырған естеліктерін архив деректерімен салыстыра отырып, керекті тұстарын ерекше талғаммен пайдаланған жөн. Ал күмәнді, жалған пікір-тұжырымдарды дәйекті дәлелдер, архивтік айғақтар арқылы көрсете отырып, ақынның ғылыми өмірбаянынан алып тастау керек.

Абайтанушы М.Бейсенбаев ұзақ жылдардағы ізденістері нәтижесінде дүниеге келген зерттеу кітабында ол Абай отбасына жүргізілген тінту ісіне архив документтеріндегі дерек-мәліметтер негізіндегі былайша талдау жасайды: “... Қазақ жерінің әр түкпіріндегі дінбасы адамдары мұсылман дініндегі халықты біріктіргісі келіп, орыс елінен қазақ халқын алшақтату мақсатын көздеді. Аты дүйім қазақ еліне белгілі Абайды да тартып, сол арқылы халықты үгіттегісі келді. Осы мақсатпен сонау Көкшетаудан Қоңығұлов Шаймардан деген Абай атына қайта-қайта хат жазып, көмек сұрады. Абай оған ешқандай жауап хат жазып, оның пікірін қостамады... Сонымен патша өкіметіне саяси сенімсіз адам ретінде көрініп оған тінту жасады, жауаптар алынды” [3; 656.].

М.Бейсенбаевтың өзіндік ой топшылауының құндылығы сонда, ол отбасына жасалған тінтудің басты себебі–қазақ даласындағы мұсылмандық қозғалысқа байланысты екендігін алғаш атап көрсетті. Ал Ш.Қоңығұловқа жауап хат жазбауы арқылы Абай бұл қозғалысты қолдамады деуі, әрине, ұшқары пайымдау.

Енді Абай отбасын тінту жөніндегі мәселеге қысқаша тоқталып өтейік.

Қазақ халқын түпкілікті отарлап, көнгенін шоқындырып, көнбегенін мүлдем жойып, оның кең байтақ даласына мәңгілік иелік етуді көздеген отаршыл патша өкіметі өзінің 1868 жылы 21 қазанда бекіткен “ Временное положение об управлении в областях Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской” атты заң-ережелері арқылы қазақ жерін мелекет меншігі деп жариялап, жер иелігінен айырумен қатар дін басқару ісін де Орынбор муфтилігінен бөліп алып, жергілікті әкімшіліктің билігіне береді. Осылайша экономикалық жағынан тәуелді ету саясатын біржолата шешкен патша өкіметі енді өзі әуел бастан өте жымысқы жүргізіп келе жатқан рухани отарлауды жеделдете түсу жолында шешуші қадамдар жасады. Түпкілікті мақсатқа тезірек қол жеткізу үшін қазақ даласын басқару туралы заң-ережелеріне реформалар жасап, жаңа ел басқару институттарын енгізді. Осы реформалар негізінде қазақтың рухани дүниесіне біраз өзгерістер жасалып, ғасырлар бойы қалыптасып орныққан дін тұтыну, оқу-ағарту ісіне шектеулер қойылды, мүлдем “жаңа жобалар” ойластырылды. Қазақ арасында көптен орыс-қазақ училищелері, қазақ қыздарын орысша оқытуға арналған интернат-мектептері, миссионерлік шоқындыру мектептері ашылып, ұлттық ой-сана мен дәстүрлі мәдениетті жоюға күш салынды.

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың мәдени-ағарту саласындағы қызметінен мағлұматтар беретін архив документтері сан жағынан аз болғанымен деректерінің молдығымен, мазмұндылығымен ерекшеленеді. Сондай-ақ, бұл саладағы архив деректерін танып-білу ұлы ақын шығармаларында жүйелі желі тартқан қазақ халқының оқу-ағартуға қол артып, мәдениетті жұрт қатарына қосылу арманының сыр-сипатын ашуға септігі мол.

Ақынның мәдени-ағарту саласындағы қызметі әлі де болса тереңдей зерттеуді және архив қорларынан тың дерек-фактілерді іздестіруді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаев А. Шығ. екі томдық толық жинағы. –Алматы: Өнер, 1996. Т.2. –302б.
2. Мұқанов С. Шығармалар жинағы. 16 том. –Алматы: Жазушы, 1995. –320б.
3. Мұздыбаев Б. Абай және оның заманы. –Алматы: Жазушы, 2004. –186б.

ӘОЖ. 82.515.(31)

АБАЙДЫҢ ҮСТІНЕН ЖАЗЫЛҒАН АРЫЗ-ШАҒЫМДАРДЫҢ АҚЫН ӨМІРБАЯНЫН НАҚТЫЛАУДАҒЫ РӨЛІ

КОКЕНОВА Ж.И., ДЖЕЛДЕРБАЕВА Ж.Р.

№206 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. В статье рассматривается роль жалоб на Абая в выяснении биографии поэта.

Summary. The article examines the role of complaints against Abai in clarifying the biography of the poet.

Абайдың бірден-бір биографы болған ғұлама ғалым араға әр жылдарды салып, уақыт озған сайын оны толықтыра, байыта отырып ақын өмірбаянының төрт нұсқасын дүниеге әкелді. 1933, 1940, 1945 және 1950 жылдары жазылған ақын ғұмырбаянының өзіндік ерекшеліктері де бар. Уақыты мен дәуірі, қоғамдық қадағалаудың, белгіленген шеңберден шықпай, социалистік таныммен жазу қажеттілігінің ықпалы М.О.Әуезовке өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Сондықтан да болар осы өмірбаяндарда кеңестік қоғамның коммунистік көзқарасы үдесі тегеуірінімен көптеген жайлар толық жазылмағаны да ақиқат. М.О.Әуезовтің өзі: «Осы зерттеуде де ақынның өмірбаяны бұрынғы жазылғандардан бірталай өзгертіліп, тың редакциядан өтті», - деп төртінші нұсқасында жазғанымен де, ұлттық таным мен далалық өмір шежіресін, қоғамдық - әлеуметтік жағдайды, әке мен бала қарым-қатынасы мен олардың билік құру ерекшеліктерін, замана сипатын толық білсе де, оларды еркін жазу, кеңес халқына қазақы шындықты айту мүмкіншілігіне толық қол жеткізе алмады. Ғұлама ғалымның: «Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өрісіне жетіп, аяқталған жоқ. Абай өмірі туралы бұдан былай да ел аузынан жиналатын естегілер,

жалпы әңгімелер жамала беруге тиіс», – деуінің себебі де осы сөздерінде жатқан болар. Бұл ретте М.О.Әуезовтің ақын өмір жолын жазудағы теңдессіз, жанкешті еңбегінің маңызы орасан екендігін айта келе келе, ғалымның өзінен кейінгі зерттеушілерге қойған талап, тілегін де ескеруіміз керек. М.Әуезов «Абай юбилейі туралы» атты мақаласында: «Абайдың өмірін, ісін зерттеу ретінде де бірталай тың жұмыстар бар. Оның үлкені – Семейдің архивін тексеру. Жандарал, ояз кеңселері мен облыстық, ояздық соттар архиві Абай жәйінен көп мағлұматтар беруге тиіс еді. Әлі күнге дұрыстап тексерілмей келеді. Жалғыз Семей емес, Степной генерал-губернатордың тұрған жері – Омбы қаласының архивін де зерттеу керек», – дейді емес пе!!! Міне ғұлама ғалымның өзінен кейінгі Абайды зерттеушілерге қарата айтқан темірқазық сөзі.

Белгілі журналист, жазушы және қоғам қайраткері Сапар Байжанов «Абайға қатысты кейбір архив деректері» мақаласында: «...Бұлар халқымыздың ұлы перзенті Абайға тікелей қатысты архив документтерінің басы да, соңы да деп қарауға әсте болмайды. Түбегейлі іздеушісі, зерттеушісі келіссе, республикамыздың архивінен де, Ленинград пен Москваның, Омбы мен Ташкенттің, басқа да қалалардың архив қазыналарынан да әлі де талай-талай құндыда мәнді документтер табылары кәміл», – дейді.

М.О.Әуезовтің абайтанудың болашағы үшін жоғарыда айтқан сөздерін басшылыққа ала отырып, Ресейдің Мәскеу, Омбы, Татарстанның Қазан, Туркияның Стамбул қалаларына ғылыми іс-сапарларға шығып, архив және кітапхана қорларында жұмыс істедік. Бұл сапарлар нәтижелі де болды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында шыққан «Киргизская степная газета», «Семипалатинские областные ведомости» және «Отчет Семипалатинского статистического комитета» атты басылымдар да назардан тыс қалмады. Бұрын-соңды белгісіз болып келген көптеген тың құжаттар табылып, әдебиеттану, абайтану ғылымына жаңа мәліметтер қосылып, дерек қоры да молайып келеді. Абайға және оның туыстық, өнер айналасына табылып жатқан осы архивтік құжаттардың ғылыми маңызы ерекше екендігін ғылыми қауым өкілдері түсінеді деп ойлаймын. Және де осы зерттеулеріміз барысында Абай музейі қорына жинақталған Құнанбай, Абай, Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Ысқақ, Оспан, Әзімбай, Мұқыр болыстары жөніндегі соны мәліметтерді және осы елдегі білім беру ісі мен би, билік жайындағы жаңа құжаттарды болашақта абайтанушы ғалымдар, әдебиеттанушылар, ізденушілер зерттеу нысанына алады деп ойлаймыз.

Болыстық қызметтерді атқару Абай өмір жолындағы елеулі бір кезеңдерден тұрғандығын архив құжаттары мен естеліктерден көре аламыз. Абайдың болыстық қызметті таңдауының да өзіндік себебі бар. М.О.Әуезов сөзімен айтсақ: «1897 жылға шейін Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үмітте болған».

Ақын өзі де:

Болды да партия,

Ел іші жарылды.

Әуремін мен тыя

Дауың мен шарыңды.

Әділдік пен ақиқат негізгі ұстанымы болған Абайдың туған халқының жағымсыз, кереғар кейбір мінездерін, ұнамсыз қылықтарын тек әдеби мұрасы, өлең әлемі, ақыл-ойымен ғана емес, ел басқару арқылы түзу жолға салуды мақсат тұтқандығы айқын.

Түзетпек едім заманды,

Өзімді тым-ақ зор тұтып, –

деуінің себебі де осында. «Болыс болдым мінекей, бар малымды шығындап» деп болыстық жолды ащы әзілмен сынға алатыны да бар.

Абай Құнанбаев өмірбаянына қатысты бірқатар нанымды деректер беретін архивтік документтердің қомақты бір бөлігі қазақтардың жергілікті патша әкімшілік орындарына оның үстінен түсірген арыз-шағымдары болып табылады.

Бұл арыз-шағымдардың мерзімін хронологиялық жағынан жинақтай көрсетер болсақ, 1876-1901 жылдар аралығын, яғни оның Қоңыр Көкше елінде болыстық қызмет атқаруынан өмірінің соңғы жылдарына дейінгі кезеңді қамтиды.

Ақын үстінен әр жылдарда, әр түрлі адамдардан түсіп келген бұл арыз-шағымдардың жалпы мазмұны мен жазылу себептері бір арнаға саяды. Ол – патша өкіметінің отарына айналған қазақ халқының сол замандағы қоғамдық - саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлары

қалыптастырған тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқынан туындап жататын сан қилы дау-шар, айтыс-тартыстар.

Қолда бар архив деректерінің көрсетуінше, Абайдың үстінен алғашқы арыз-шағымдар оның Қоңыр Көкше елінде тағайындау тәртібімен болыстық қызмет атқарған (1875-1877) кезінде түсе бастаған. Алғашқы арызды Қоңыр Көкше болысының қазағы, молла Үзікбай Бөрібаев 1876 жылы 21 қыркүйекте Семей уезінің начальнигіне жолдаған. Міне, осыдан бастап Ү.Бөрібаев 1876-1884 жылдар аралығында Абайға неше түрлі өтірік жала жауып, жергілікті патша ұлықтарына оннан астам арыз түсіріп, ақынды оншақты жыл әуреге салған. Өкініштісі, оның арыздары архив ісінде (делода) түгелдей тіркелмеген, тек 1887 жылы 15 желтоқсанда Дала генерал-губернаторына жолдаған шағымы ғана істе сақталып қалған. “Ал түпнұсқасы жоқ арыздарда не жазылды?”, ”Абайға қандай жала жапты”, ”іс қалай ақталды?” деген сияқты сауалдарға жауапты, сол шағымдар негізінде қозғалған іс бойынша, тергеу жүргізген әкімшілік мекемелерінің қағаздары арқылы алуға болады. Бұл арада дерек көзі ретінде өте бағалы екі архивтік документті атап көрсеткен жөн. Оның бірі– Ү.Бөрібаев арыздары бойынша қорытынды пікір хатталған Семей облыстық басқармасының 1884 жылы 8 қазанда өткен мәжілісінің қолжазба журналы, екіншісі– Дала генерал-губернаторының канцеляриясын басқарушысы В. Лосевскийдің 1885 жылы 21 маусым күні губернатордың іспен танысуы үшін жасаған “О прекращении следствия над волостном управителем Кунанбаевым и Аюбаева и преданий суду киргиза Буробаева за ложный донос” деп аталатын көлемді, әрі мазмұнды баяндамасы. Осы дерек көздерінің көрсетуіне қарағанда Ү.Бөрібаев Абайдың үстінен төмендегідей арыздар түсірген:

Семей уезінің начальнигіне:

1876 жылы 21 қыркүйекте,
1876 жылы 23 қарашада,
1877 жылы 10 қазанда,
1879 жылы 28 тамызда.

Семей облысы әскери - губернаторына:

1877 жылы 10 қаңтарда,
1877 жылы 10 қазанда,
1878 жылы 14 желтоқсанда.

Батыс Сібір генерал-губернаторына:

1877 жылы 9 қаңтарда,
1877 жылы 15 желтоқсанда.

Дала генерал-губернаторына:

1879 жылы 27 қарашада.

Семей уездік сотына:

1879 жылы 22 ақпанда,
1883 жылы 27 көкекте, яғни барлығы 12 арыз түсірген.

Ү.Бөрібаев Семей уезі начальнигіне жазған алғашқы екі арызында (1876 жыл 21 қыркүйекте және 23 қарашада) Қоңыр Көкше елінің болысы Ибраһим Құнанбаев пен осы болыстың №9 ауылының старшины (ауылнайы) Мұса Аюбаевтың қызмет дәрежесін пайдаланып, өзіне әр түрлі қысымшылық жасап, талан-таражға ұшыратып, шаруашылығына зиян келтіріп отырғандығына шағымданады. Бірақ Абайдың нендей қысымшылық жасағанын, өзінің қаншалықты зиян шегіп отырғандығын ашып көрсетпейді. Сондықтан Семей уезінің начальнигі бұл арыздарды тексеруді Қоңыр Көкше болысының билер сотына жүктейді. Семей уезінің начальнигінің бұл шешіміне қанағаттанбаған шағымшы 1877 жылы 10 қаңтарда қазақ даласын билеуші ең жоғарғы әкімшілік – Батыс Сібір генерал-губернаторына арыз жолдайды. Онда Семей уезі начальнигінің бергенін тексермей, билер сотының қарауына тапсырғандығына реніш білдіре келіп, Абайдың заңсыз істерін тізіп, баяндап шығады. Ең алдымен, Абай Құнанбаевтың билер мен старшиналардың билігінде болатын мөрді өз еркінше пайдаланып, керегінше үкім (приговор), шешім (решения) шығарып отырғандығын, оған ықпал етіп, жағдай жасайтын адам №9 ауылдың старшины, әрі туысы Мұса Аюбаев екендігін көрсетеді. Сонымен бірге, ол Абайды заңсыз салық жинайды, қорқытып салық алады деп қаралайды, тіпті елден қорқытып алған салығының 3511 сом 44 тиын екендігін көрсетеді. Абайдың съезд сайын ел үстінен сойысқа деп 140 қойдан жинап, алты съезде 840 бас қой жинағандығын, сойыстан қалған малды да өзі пайдаланып кетті деп кінә артады. Және бұл қылмыстардың растығына көптеген ауыл адамдарын куәге тартады. Ү.Бөрібаев

арызында мұнымен де шектелмей, Ибраһим Құнанбаев “ Таймақкөл ” деген қонысымды туысы Мұса Аюбаевқа тартып алып берді деп пәле салады. Бұл арызды жоғарғы ұлықтардың тапсыруы бойынша Семей уезінің начальнигі тексереді, Абайды Семейге шақыртып алып жауаптайды. Абай тергеушіге: ”Как Буробаеву, так другим киргизам никаких притеснений не делал, законом представленною властью не злоупотреблял, никаких поборов не брал, никаких приговоров без ведома должностных лиц не составлял, о чем могут подтвердить сами должностные лица, при сборе-же общества на съезде приводились самими общественниками в пищу для себя и народа необходимое число баранов, не более на сутки” [1; 196] – деп жауап беріп, Ү.Бөрібаев арызындағы өзіне орынсыз жабылған жалалардың бет пердесін ашып береді.

Сондай-ақ Ү.Бөрібаевтың даулап жүрген қонысының (Таймақкөл) бұрын ешкімнің иелігінде болмаған, жалпы елдің жайылым ретінде пайдаланып келген жері екенін, оны Мұса Аюбаевқа қыстау үшін елубасылар арнайы ұйғарым жасап, шешім шығаруы арқылы берілгенін, бұл іске өзінің қатысы жоқтығын мәлімдейді. Арыз бойынша тексеру жүргізіп Абайдан, куәлерден жауап алған уезд начальнигі өзінің Семей обылысының әскери - губернаторына жолдаған рапортында: “Настоящая же причина подачи просьбы Буробаевым объясняется следующим, что волости образовалась партия, которая желала видеть управителем своего приближенного и не зная, что Кунанбаев и сам не желает служить, в виду предстоящих выборов подучили Буробаева подать просьбу на Кунанбаева, надеясь, что Кунанбаев попадает под суд и тем будет лишен возможности баллотироваться на будущее трехлетие” [2; 226] – деп жазып, Бөрібаевтің арызының жазылу себебі мен көздеген мақсатын әшкере етеді. Бірақ іс осы тергеумен байыз таппайды. Ү.Бөрібаев Абайдың үстінен өкімет орындарына толассыз арыз түсірумен болады.

Сонымен қорыта айтқанда, ақын үстінен әр жылдарда, әр түрлі адамдардан түсіп келген бұл арыз-шағымдардың жалпы мазмұны мен жазылу себептері бір арнаға саяды. Ол –патша өкіметінің отарына айналған қазақ халқының сол замандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлары қалыптастырған тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқынан туындап жататын сан қилы дау-шар, айтыс-тартыстар деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР ОМА, 64-қор, 2- тізбе, 143 -іс, 27 - парақ.
2. ҚР ОМА, 64-қор, 2- тізбе, 143 -іс, 30 - парақ.

ӘОЖ 821:758.1

САРБАС МАЙКӨТҰЛЫНЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

НАЗАРКУЛОВА УЛЖАРКЫН САТЫБАЛДЫКЫЗЫ

С.Абланов атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. За годы независимости нашей страны многие литературные и культурные наследия подверглись переосмыслению. В статье представлены сведения о жизни и поэзии Сарбаса Майкотулы, уроженца Жамбылской области, одного из народных поэтов, занявшего свое место в истории казахской литературы. Подробно анализируются споры и конфликты в сфере искусства.

Summary. Over the years of our country's independence, many literary and cultural heritages have been rethought. The article presents information about the life and poetry of Sarbas Maykotula, a native of the Zhambyl region, one of the national poets who took his place in the history of Kazakh literature. Disputes and conflicts in the field of art are analyzed in detail.

Қазақ халқы өзінің тәуелсіздігін алғалы бері оның тыныс-тіршілігі едәуір қарқынмен дамып, әлеуметтік, саяси-әдеби өмірінде көптеген тиімді өзгерістер болып, халқымыздың өз тарихын пайымдап, өткенін түгендеп, ертеңіне жоспарлы қадамдар жол ашуына терең мүмкіндіктер туғаны баршамызға мәлім. Халық тарихының соңғы кезеңдеріне көз жүгіртетін болсақ, тарихтың терең қойнауында қалған әдеби-мәдени мұраларымызға қол жеткізіп, зерттеп, зерделеп, болашақ ұрпақтың игілігіне жаратуға қол жеткізілді. Кезінде әр түрлі саяси идеологияның нәтижесінде

құғынқа ұшырап, нақақтан жала жабылған талай еліміздің атпал азаматтары, қайраткер тұлғалары ақталып, олардың соңына қалдырған мұралары қайта қаралып, өз оқырмандарымен қайта қауышқаны бәрімізді қуантады. Халқымыздың зиялы азаматтары, ғалымдары олардың шығармалары мен өмір жолын зерттей отырып, көптеген ғылыми-зерттеу еңбектерін дүниеге әкелді. Дейтұрғанмен, қазақ әдебиеті тарихынан өзіндік орын алған ақын-жыраулар, әнші-күйшілер, жыршылар секілді өнер майталмандары толық зерттелді деп айтуға негіз жоқ. Басқаларын былай қойғанда, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген көптеген халық ақындарының өмірі мен шығармашылығы атүсті зерттелді және олардың мұралары толық жарияланған жоқ десек, артық айтқандық емес. Олардың ішінде Қабан жырау, Жанак, Түбек, Шөже, Кемпірбай, Өске, Құл, Майкөт, Қарқабат, Досмағамбет, Жүсіпбек секілді ақындар тізімін жалғастырып айта берсек болады.

Осындай көрнекті ақын, Жамбыл өңірінің тумасы, белгілі тұлғалардың бірі – Сарбас Майкөтұлы (1843–1913) туралы айту өте қажет. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы, соның ішінде айтыс туралы сөз еткенде Сарбас ақын есімінің аталмауы мүмкін емес. Тәуелсіздік кезеңіне дейін Сарбастың өмір жолы, ақындық өнері, ақын ретінде даму, қалыптасу кезеңдері әдебиет тарихында терең мәлім болған жоқ. Оның негізгі себептері, беймәлім болуы басқа да халық ақындарының өмірі мен шығармашылығымен байланысты қарастырылады. Сарбастың Жамбылмен, Қуандықпен, Қалмырзамен және Саумал, Күлзия, Тұрсынай, Өзипа қыздармен сөз сайыстары айтыс өнеріндегі айтулы шығармалар ретінде хатқа түсірілген болатын. Сарбастың өнер саласындағы айтыстары, сөз қағыстырулары тек қазақ жерінде ғана емес, көршілес қырғыз еліне де молынан тараған.

Ақынның өмірі мен шығармашылығы тығыз байланысты болғандықтан, оның творчествосын жан-жақты зерттейтін болсақ, қазақ пен қырғыз елінде кеңінен танылған от ауызды, орақ тілді өнерпаздардың ірі тобын анықтар едік. Осы өнерпаздардың қатарында Қабан жырау, Сүйінбай, Қаңтарбай сынды үзенгілестерін; Жамбыл, Орақбай, Ұлбике, Әлмен, Құлмамбет, Бақтыбай, Қарқабат, Еркебай, Қуандық, Қаңтарбай, қырғыз ақындары Қалмырза мен Тоқтағұл сияқты Сарбастың ұстаздарын, Кенен, ағайынды Сауытбек, Сыбанбек, Дәурен сал, Жидебай, Әмір, Кенжеқара, Арқабай атты ізбасарларын: Кебекбай, Ноғайбай, Бөлтірік, Тілеміс секілді ауыздыға сөз бермеген би-шешендерді; Байсерке атты атақты күйшілерді тізбектеп айта берсек болады.

Әдебиет тарихында Сарбастың өмірі мен творчествосы ғалымдар тарапынан осы кезге дейін ғылыми тұрғыда жеке зерттелмеген болатын. Дейтұрғанмен, айтыс жанры сөз болғанда, Жамбыл, Қуандық, Қалмырза және Тұрсынай, Өзипа ақындардың жыр бәсекелері туралы зерттелген ғылыми жұмыстарда, Жамбыл, Кенен секілді жыр дүлдүлдерінің өмірі мен шығармашылығы туралы профессорлар - Е.Ысмайыловтың, М.Жолдасбековтің, С.Садырбаевтың, Н.Төреқұловтың монографиялық еңбектерінде сәл де болса Сарбас ақын туралы маңызды мәліметтер ұшырасады. Ғалым Мырзатай Жолдасбековтың еңбектерінде ақын туралы жаңа ақпаратта беріліп, әсіресе, оның ақындығы турасында пікірлер айтылып, терең талдау жасалады. Сонымен қатар, қазақ айтысының жанрлық ерекшеліктері туралы сөз қозғаған академик М.Әуезов, академик С.Мұқанов, М.Жармұхамедұлының сүбелі зерттеу еңбектерінде, айтыс өнерінің хас шебері Жамбыл ақынның шығармашылық өмірі айтылады және Сарбас сияқты ақындардың есімдері аталады. Сондай-ақ, М.Жолдасбеков, Н.Төреқұлов, С.Садырбаев сынды ғалымдар мен К.Ахметова, М.Төлепбергенев сияқты қаламгерлердің Сарбас Майкөтұлының айналасындағы ақындардың, әнші-күйшілер мен би-шешендердің соңында қалған мұраларын іздестіріп, жарық көруіне қолқабыс беріп, ғылыми-зерттеу еңбектерін жазып, ғылыми айналымға түсіргенін ерекше айту орынды.

Сарбас ақынның туылған өлкесі Жамбыл облысының Қордай өңірі екендігі тарихтан белгілі. Алатаудың екі жағында ауылы аралас, қойы қоралас жатқан көршілес қазақ пен қырғыздың суырып салып айтатын шешендік, ақындық тума таланты өрімдей жас бозбалаға әсер етпей қоймағаны анық және оны өрелі өнерге жетелеген де осы екі халықтың киелі қасиеті болса керек. Кезінде “жынды” деген ауылдастарының сөзін елемеген Сарбас біртіндеп өзінің бойындағы дарынды қабілетті байқап, соңында біржолата осы өнерге өзінің сіңісіп кеткенін де байқамай қалғандай еді. Алғашқы суырыпсалма ақындығы ауыл арасындағы тойларда, жиындарда сөз қағыстырудан басталады. Осындай қиын өнер жолын таңдауына Сүйінбай бастаған Құлмамбет, Бақтыбай, Бөлтірік, Майкөт, Жамбыл, т.б. жас ақындардың ықпалы зор болса керек.

Уақыт өте келе Сарбас тек Жетісу өңіріне ғана емес, көршілес қырғыз еліне де таныла бастайды. Ол біртіндеп ақындар айтысына да қатысып, өзінің қабілетімен Оңтүстік өңірдің біраз жерін аралап, одан Ыстықкөл маңына барып, Қаратау, Алматы, Талдықорған жақтағы ысты, шапырашты, албан-суан, жалайыр, найман елдерінде бағын сынап, жыр сайыстарына қатысады.

Айтыс ақындарының ел аралап, жер көріп, бағын сынауы өздеріне тән қасиет болып табылады. Олар өздерінің қарым-қабілетін, дүниетаным-көзқарасын қалыптастырып, дамыту үшін ел көріп, жер көріп ішкі дүниесін сәулелендіруі тиіс. Өйткені, олар сөз қағыстыру барысында қарсыласынан тайсалмай, оның кез келген сауалына жауап бере алатындай болуы қажет. Бұл – ақындық өнердің негізгі талаптарының бірі.

Сарбас ақынның айтыскерлігі туралы айтқанда сол замандағы тарихи-әлеуметтік, саяси ахуалды да айтып өткен абзал. Ол кезеңде орыс отаршылдары Жетісуды өз иелегіне алса да, жергілікті халық олардың үстемдігін рухани тұрғыдан мойындай қоймады. Ақындардың барлығы Сүйінбай маңына топтасып, ақындықтың шырқау биікке көтерілген кезеңі еді [1, 20]. Осы кезде дарынды жас ақын Сарбас Сүйінбай маңындағы топқа қосылып, қабілетінің, шеберлігінің шыңдалуына үлкен мүмкіндік туды.

Кебекбай, Ноғайбай сияқты сол кезеңдегі билік иелерінің алдында Сарбас өнерін көрсетіп жүрді, бірақ олардың басы байлаулы ақыны бола алмады. Аты аталған ел ағаларының азулы ақындардың арасынан Сарбасты бөле жарып, өздеріне тартуының астарында оның жыршылық-күйшілік дарынына, ақындық жолдағы даралығына, шынайылығына сүйсінгендік жатты. Сарбас шығармаларында байларды ел мен елдің арасын жалғастырушы дәнекер, халықтың көркі, сәні деп ойын астарлап жеткізеді. Осындай ел тізгінін ұстаған абыройлы қазақ атқамінерлері мен қырғыз манаптары Шабдан, Бәйткі, Қарабектердің қасында бірге жүруімен дүбірлі жиындар мен топтарда жыр бәйгесіне түсіп, көршілес отырған қазақ, қырғыз еліне өзінің аса шебер қабілетін, дарынын танытуға мүмкіндік алды.

Әдебиет тарихында бұрыннан кездесетін жайттардың бірі – Сарбастың да туған және өлген жылдарына туралы қарама-қайшы пікірлер айтылады. “Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы” жинақтарында оның өмір сүрген жылдары 1843-1913 жылдар деп белгіленсе, С.Бегалин еңбектерінде 1845 жылы туылды дегенмен, өлген жылы мүлде көрсетілмейді, Ж.Жабаевтың 1940 жылғы шығармалар жинағында 1858 жылы дүниеге келіп, 1913 жылы өмірден озған делінеді. Ал, кейінгі жылдардағы зерттеулерде, профессор С.Садырбаев Сарбасты 1849 жылы туылып, 1914 жылы 65 жасында дүние салған дейді [2, 226]. Айтылған пікірлердің ішінде ақынның өмір сүрген мезгілі туралы соңғы пікір шындыққа жанасымды келеді пікірге біз де тоқталғымыз келеді.

Автордың айтыстары мен өлең-жырлары уақтысында жиналмай, көбісі тарих қойнауында қалып кеткендігі мәлім. Сонда да, Орталық ғылыми кітапхананың сирек кездесетін кітаптар қорында “Байқара молдаға”, “Жолдықараға”, “Ақтайға” арнаулары, “Біліндім талай елге тілімменен (өлер алдындағы домбырасымен қоштасқаны)”, “Атандым Ұлы жүздің Сарбасы (туған-туыстармен қоштасқаны)”, “Байшора, қош аман бол, әзиз ағам”, “Оқ жыландай ысқырған”, “Кегімбайда құмған жоқ”, “Елу басы, он басы” секілді аздаған шығармалары сақталған. Қорда сақталған “Біліндім талай елге тілімменен” деген толғауының екі нұсқасын да бізге жеткізуші К.Әзірбаев болғандықтан, екеуінде оншалықты ерекшелік жоқ деуге болады.

Қоғамдағы адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекетіне қарап, ақын дәулет-мансапқа қызықпай, байлардың іс-әрекетін шебер де уытты тілімен сынап отырған. Кебекбай, Ноғайбай сияқты ел көсемдерінің істеріне ризашылығын білдіріп, сараң байларды сынаудан тілін тартып көрмегендіктен, ел алғысына бөленіп, халқының ақ батасын алған.

Дүмше молдалар да Сарбастың өткір сөздерінен қашып құтыла алмағаны мына бір мысалдан көрінеді. Байқара деген молда: “Ақын, сері – шайтан. Оларға берген арам болып есептеледі” деп, елді ақынға қарсы қоймақшы болғанда, Сарбас «елден алғанда алдына жан салмайсың, сұраса жоқтан басқа айтарың жоқ, сен халықты жылатып алсаң, мен күлдіртіп жүріп аламын, *“біреуден кісі өлсін” деп сен жүресің, “сөз тыңдайтын ұл тусын” деп мен жүремін*», құлқынның қамын ойлауды қашан қоясың?» деп Байқараның қандай имам екендігін суреттеп береді.

Бірақ, өмірде кедейліктің қамытын киген ақын орта жасынан аса ауқатты байларға күні қарап, кіріптар болатынын білмеді. Профессор С.Садырбаев: “Тапқыр, өткір, сын өлеңдерді Сарбас ақын жас шағында көбірек айтқан. Жасы ұлғайып, кедейліктің қорлығын көп көрген соң,

сынық қанат көбелек секілді барлықтың, байлықтың алдында аздап жасқаншақтыққа ұрынған. Алғашқы қайсарлықтан, шыншылдықтан біртіндеп беті қайта бастаған. Реті келсе, үстем тапты сынамай, болыстарды мақтауға икемделген”, - деп ақынның тұрмыс-тіршіліктің тауқыметін тартып, кедейшілік күйге түскендіктен де осындай әрекетке барғанын түсіндіріп айтады [2, 229].

Бір жыл бұрын дүние салған бүкіл Жетісу өңіріндегі қазақ, қырғызға тең танылған, жас кезінде айтыстағы жолын ашқан Ноғайбайдың асына бармау Сарбас үшін өліммен тең болғандықтан, қасына Құрабай деген інісін ертіп, дүбірлі жиынға жол тартады. “... тамыр дәрісін қоржынға салып, домбырасын ақ киізбен қаптап, мойнына мылтықша асып алып, Ноғайбайдың аруағы үшін бармай қайтып жатамын», – деген ақынның бұл сәтсіз сапарын профессор М.Жолдасбеков осылайша баяндайды [3, 28]. Бірақ жарты жолда науқасы асқынып, үйіне қайтып кетеді.

Ақын айдалада қыстауда жатып “Біліндім талай елге тілімменен (домбырасымен қоштасуы)”, “Атандым Ұлы жүздің Сарбасы”, “Байшора, қош аман бол, эзиз ағам” сияқты толғауларын жарық дүниемен қоштасар сәтінде шығарған. Оның “домбырасымен қоштасуын” тебіренбей, толқымай оқып шығып, сезімсіз қалу мүмкін емеседі. Жарық дүниемен қоштасар сәтінде тірлігінің бар ғұмырын електен өткізіп, жастайынан жетімдіктің қасіретін, азабын тартатын жалғыз ұлының ертеңін, жете алмай жалғызсырап қалған жайлаудағы ел-жұртын көруді қатты аңсайды. Өтпелі өміріне деген өкпесі, күйініш өмірі таусылып жатқан ақтық сәттерде жыр жолдарына айналып жатқан еді. «Жасым алпысқа келгенде әрең көрген Әбдікерімім-ау, енді сен қай есіктен қарап жүрер екенсің, жетім мен жесірді ешкімге көз түрткі қылмаңдаршы!» - деп ағайын-туыстарына аманат айтады.

Сарбас ақын ағайын-туыстарына, ауыл-аймағына, жора-жолдастарына айтатын аманатын, орындалмай қалған арман, мақсаттарын, ішкі уайым-күйінішін кестелі сөз өрнектерімен шебер жеткізе білген. Кез келген адамзат баласы сияқты ол да демі үзілер тұста бақи дүниенің қамын көбірек сөз етіп, Алладан иман тілейді. «Өмір - өткінші, құбылмалы» дей отырып, тура келген ажалға ешнәрсенің де араша бола алмайтынын түсіндіреді. “...Опасыз жаңа білдім дүние жалған”, - деп қызығынан қиыншылығы мол фәниді еске алып: қамығуы ешбір адамды ойсыз қалдырмайды. Дәл осындай сарынның (мотив) Кемпірбай, Шал, Майлықожа, Құлмамбет, Әсет, Шарғын т.б. шығармаларында кездесуі заңды құбылыс.

Бір сөзбен айтқанда, Сарбас ақынның толғаулары - өмірлік мәні зор, ертеңгі ұрпақты философиялық дүниетанымға жетелейтін ғибратты туындылар.

Сөзімізді қорыта айтқанда, Сарбас Майкөтұлы – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қанаттас қазақ, қырғыз еліне ортақ, көптеген азулы ақындармен жыр бәсекесіне түскен, сан түрлі адамгершілік қасиеттерді бойына жинақтаған көрнекті ақын, дарынды тұлға, жан-жақты сөз иесі. Бір өкініштісі, оның бізге жеткен туындыларының көбісі – айтыстар. Бұған қарап біз ақынды тек суырыпсалма ақындықты ғана игерген, поэзияның басқа түрінен еш хабары жоқ деген теріс пікірде болмауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы: Оқу құралы / Жалпы ред. басқарған Т.Кәкішов. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 1 кітап. – 470 б.
- 2 Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы: Зерттеулер. – Алматы: Білім, 1996. – 304 б.
- 3 Дербісалин Ә. Дәстүр мен жалғастық. – Алматы: Ғылым, 1976. – 203 б.
- 4 Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 192 б.
- 5 Исмадова С. Шу өңірі және ақындық дәстүр. – Тараз: М.Х. Дулати атындағы ТарМУ, 2005. – 114 б.

ӘРІП ТӘНІРБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ЖАНТАЙБЕКОВА МЕЙІР ШАЙДАЗИМОВНА

№35 жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

НҮРҒАЗЫ ІҢКӘР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

№35 жалпы орта білім беретін мектептің 7 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматривается творчество Арипа Танирбергенулы.

Summary. The article examines the work of Arip Tanirbergenuly.

Бүгінгі биіктен төл әдебиетіміздің тарихына көз тоқтатар болсақ, уақыт сілемі алыстаған сайын асқақтай түсер ұлы тұлғаларбейнесі төбе-төбе болып көзге шалынады.

Өз заманының саңлағы атанып, туған халқының атын әлемге әйгілеген ұлылар болашақ буынның ұранына айналып, күннен-күнге даңқы артып, үркердей жарқырай түспегі хақ.

Ұлылық пен ізгілік қатар дарыған қасиетті қазақ топырағыда осындай ренессанстық тұлғалардан кенде емес. Мәселен, Орта ғасыр, қазақ халқына Ахмет Иассауи әлемімен танымал болса, XV ғасыр әдебиетін Асан қайғы атымен атаймыз. XVIII ғасырыңыз буырқанған Бұхар жыры мен өрілсе, өткен ғасырдың аяғы – қазақ поэзиясының шыңы – ұлы Абай дәуірі екенін еш таласыңыз жоқ...

Тарихымызды тыңнан толғап, туған әдебиет төріне бүгінгі биіктен карасақ, ұлттық болмысы мен мәдени дамуы түбірлі өзгерістерге толы екі ғасыр тоғысында өмір сүрген, ұлы Абайдай поэзия Алатауының асқаралы шәкірттерінің бірі, қазақ әдебиеті тарихының өзіндік бір биігі – Әріп Тәңірбергенұлының әдеби мұрасы жаңаша пайымдаулар тұрғысынан жан-жақты, терең зерттеуді қажетсінеді.

Абай–өзінен кейінгі қазақ поэзиясының бағытын айқындар темірқазығына айналған ұлы құбылыс...

Қоғамдағы түбегейлі бетбұрыстар ұғым-түсінігімізге құрсау болып келген кешегі кеңестік идеологияның торын үзіп, рухани өрісімізге тың серпіліс әкелгеніне де біраз уақыт болды. Сондықтан да кешегі тарихымызға, әдебиет пен мәдениетімізге дәл қазіргі күн көмбесінен үңілгенде байқайтынымыз, қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша тұжырымдау–өскелең уақыт талабы. Кеңестік идеология келмеске кетіп, елдік тізгін өз қолымызға тиген тап қазіргі шақ қазақ әдебиеттану ғылымына қыруар міндеттер артып отырғаны сөзсіз.

Қоғамдық бетбұрыстар әдебиеттану ғылымының даму процесін жаңа бір бағытқа бұрды.

Әдебиет әлемінде аз уақытта атқарылған істер қазақ әдебиеттану ғылымы нақтандақ беттерден арылтуға беталды.

Әдебиетімізге қайта оралған ұлы тұлғалар мен қатар, кешегі тәжіке-таластардан тұралап қалған Абайдың ақындық мектебі еңсесін түзеп, керегесін бүтіндеуде. Абай балалары – Ақылбай, Мағауия, Тұрағұлдардың мұралары өз бағасын алып, Көкбай, Шәкәрім сынды шәкірттерінің шығармалары енді-енді көпшілік кәдесіне жаратылуда.

Алайда, батпандап кірген індетті әдебиет бетінен бір күнде сылып тастау мүмкін емес. Сондықтанда ғалым Т.Кәкішұлының сөзімен айтсақ: «...адамзат тарихында айрықша кезең есептелетін XX ғасыр қазақтың рухани мәдениетіне әкелген олжаларды жаңаша пайымдайтын уақыт келді, туды. Оны жасамасақ, ескі сараппен тарта берсе кел- жұрт алдында күнәкәр боламыз» [1, 62б.].

Қазақ әдебиеті тарихында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы өкілдерінің қатарынан орыналып келгенімен, Абайдың талантты шәкірті ретінде танылуы бертінге дейін көлегейленіп келген Әріп Тәңірбергенұлы тұлғасын жаңа тұғырдан танып, ақын мұрасының зерттелу ауқымын кемелдендіре түсудің кезі келгендей. Ұлы Абай мұрасына ғұмырын арнаған Мұхтар Әуезов кезінде «қоғамға жат» саналып, жарыққа шықпай қалған «Көкбайдың

ақындығы» деген мақаласында Тәңірберген ұлы турасында алғаш боп мынандай пікір білдіреді: «Абай мектебінің ақындарын айтқанда сол «Абай шәкірті» деген атаққа лайығы бар тағы бір топ ақындар жайын әзірше жазғамыз жоқ. Бұл қатарда алдымен аталатын Әріп ақынмен Әсет сияқты әдебиет, көркем өнер қайраткерлері бар екені даусыз... Бұл жерде, мысалы, Әріптің Көкбайға ұқсаған және одан гөрі демолырақ, таланттырақ шығармалар тудырған бағалы еңбектері бар екенін білеміз» [2, 117б.], – дейді. Әріптің ақындық қуатын алғаш танытып, ақын мұрасының кейінгі зерттелуіне тікелей қозғау салған қысқа ғана ой ұшығының келешекте кеңейіп, ғылыми түрде өрістеуіне уақыт қыспағыырық бермеді...

Қазақ әдебиеті тарихында XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы ақындар қатарында аты аталып, әдеби мұрасының кеңестік идеологияға жаққан тұсы ғана назарға ілігіп, ал нағыз ақындық тұлғасы бертінге дейін көмескі қалып келген Абайдың талантты шәкірті – Әріп Тәңірбергенұлы.

Әріп Тәңірбергенұлының ақындық қуат, ой тереңдігінің, сөз салымының, бір сөзбен айтқанда, суырыпсалмалық өнерінің бірден-бір куәсі – оның айтыстары мен сөз қағыстары.

Ақын мұрасының тағы бір қырын қамтитын бұл сала Әріп ақындығының аламан тынысын таныта түседі.

Айтыс өнеріне әдейілеп бет бұрмағанымен, Әріптің айтыс-қағыстары – тақырыптық тұрғыдан тың бағытталған, өзіндік соны нақышы бар ерекше дүние. Әріп негізінен жазба ақын. Әйтседе, табан астында суырыпсалма өнерге тым шебер, айтыс табиғатына бейім. Сондықтан да оның айтыстары жазылыпта, реті келген жерде тосыннан суырып салма күйде де туып отырған.

Әріптің алғашқы айтыс-өлеңдерін Көкбай естелігінен кездестіреміз. Ол заңды да. Ақын айтыстарының бізге жеткен ең көлемдіде, көрнектісі – өзінің нағашы туысы, әрі сыйлас досы Көкбаймен болған айтыстары. Көкбай: «Әріп екеуміз құрбы болатынбыз. Кездескен жерде әрқашан бірер ауыз өлеңмен жанасып қалатынбыз» [3, 161б.], – деген сөзіне қарағанда, бүгінгі ұрпақ екі ақын арасындағы асыл сөз жарыстарының бір үзімін ғана ұстап қалғанға ұқсайды, Әріп айтыстарына ғылыми түрде тоқталған Ө.Есназаров: «Әріп поэзиясының басқа жырларымен бірге осы айтыс жанрына да шын құмарта қараған, белсене араласып отырған. Бірақ Ө.Тәңірберген ұлының айтыс өлеңдерінің көбі сақталмаған. Әзірге қолда бары Көкбай, Қаумет, Қуанышбай тәрізді ақындар мен айтысы, Әсет, Сәдір, Бейсеке сияқты ақындармен сәлемдесу үстінде туған қалжың өлеңдері ғана бар. Бұл аталғандардың ішінде кейбіреуі толық емес» [4,15],– деген қынжылыс білдіреді. Сондықтан да біз ақын айтыстарының осыншалық жұтаңдық жайын ескере отырып, қолда бар деректермен кей тарихи мұраларды кірістіріп, ақынның айтыс-қағыстарын кеңінен сөз қылуға тырысамыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ақынның ең көп саналатын айтыстары Көкбай ақынмен болған. Олардың алғашқы айтыстары екеуде Семей қаласында орысша оқуда жүргенде басталған. Айтыс табиғатына келсек, екі ақын арасында ешқандай зіл, ауыр сөздер жоқ, керісінше, айтыс негізінен әзіл-қалжың, шымшыма, қисынды қағытпадан аспайды.

Жалпы, Әріп пен Көкбай айтыстарының өз еңбегіне енгендеріне Қ.Мұхамедханұлы барынша толық түсініктеме жасап, әдеби тұрғыда талдаулар берген. Сондықтан да біз зерттеушілер қозғамаған кейбір жайларға тоқталып, Әріптің айтыс өнеріндегі ақындық қуатын айқындай түсейік. «Бұрынғы халық ақындарының айтысынан сонауғұрлым жоғары, қисынды, көркем болып келеді», дегенмен, Әріп пен Көкбай айтыстарында алғашқы кездерде «өз руың, болмаса руының адамын көтермелеумен болды». Көкбаймен алғашқы айтыстарының бірінде Көкбай Найман еліне соқтығып, сол елден Семейде оқып жүрген Сымайыл, Шәкет және Әріптің өзіне соқтыға сөйлейді. Әріп оған жауабында:

Бұл жерде Найманды айтып жамандауға,

Сымайылдай алдырар жаман дауға, – дей келіп, надандық Найман ғана емес, Тобықтыны да жайлаған қасірет екенін тілге тиек етеді. Көкбайдың:

Енді бірі оқып жүр Шәкет жынды, Үйінде Айтқазының ол не қылды? Әйтеуір құрбылықтың жөні осы деп

Жас баладай шымылдыққа сиіп тынды, – деп сөккен сөзіне Әріп:

Шәкеттің шымылдыққа сарығаны,

Айтқазыға бір қыдыр дарығаны.

Белағаштың болысы мәстек жеккен,

Бұдан былай ауыатқа жарығаны, – дейді. Байқасаңыз, Әріп Сымайылдың надандығын мойындағанымен, Шәкетті қорғап, тіпті көтере сөйлейді. Өмірінде Әріппен Шәкет таныс-біліс, сыйлас адамдар болған. Кейіннен Шәкет құдай жолын ұстанып, Меккеге барған, қажы атанған адам. Қ.Мұхамедханұлының «Абайдың ақын шәкірттері» кітабындағы (III-кітап) «Жаналинға» деген өлеңі – Әріп пен Шәкеттің аралас-құраластығын қуаттайтын шығарма. Осы өлеңнің шығу тарихына тоқтала келіп Қ.Мұхамедханұлы: «Шәкет Әріппен құрдас. Екеуі қатты қалжындасатынболған» [5, 113б.], – дейді.

Өлеңнің шығу тарихы да осы құбылысты көрсете алады. Осы арада Шәкет қажының өмірінің соңғы жылдарына көңіл қойсақ, Шәкәрім қажы тағдырымен түйісіп жатыр. Шәкәрім Құдайбердіұлының өліміне куәгер болған, сол кездің қатарындағы милиционері М.Түңілікбаевтың айтуынша: «Кеңес үкіметінің қасақана қысымына қарсы болған Шәкетқажы 1930 жылы елін бастап көтеріліске шығу ниетімен Шәкәрімнен бата сұрай келеді. Дегенмен саяси салқынның ызғарын терең түсінген Шәкәрім бұл қантөгіске қарсы болады» [6, 15б.]. Шәкет қажы өмірінің соңғы сәттеріне куә болған тағы бір милиционердің естелігіне құлақ қойсақ: «30 жылдары Абыралы-Сарытаужерінде 200-250- дей халық жазықсыз қырылды. Сол қырғын кезінде ерекше бір адамның тағдыры әлі есімнен кетер емес. Екі милиция алпыстың ар жақ бер жағындағы бір қарт адамды милиция бастығы Есбай Бекқожинге алып келді. Алып келген екі милиция қызметкерлерінің қартты жақсылап тұрып соққандары айтпай-ақ белгілі болып тұр. Бетіндегі қамшының осып өткен жерінен қан тамшылайды...Қартты алып келген екі милицияның бірі: «Мына шал, мені Бекқожинге алып барындар, мені сол атсын деп сұраған соң тілегін орындап өзіңе алып келдік», –деп әлгі қартқа қарады.Қарт әлгі сөзден кейін еңсесін тез көтеріп: «Қарағым, Есбай, менің атым Сыбан Шәкетқажы. Тобықты мен Сыбан іргелес, бір құдықтан су ішіп, бір төбені бөліп жайланған ел еді. Мені Семейдің орыстары атсын, Семейдің түрмесіне жібер, сенен сұрарым осы ғана», – дейді.Есбай айдап әкелген екі милицияға мына кісіні ұрмай-соқпай Семей түрмесіне апарындар деп қағаз жазып берді. Одан кейін ол қарт туралы еш хабар білмедім.Естелік сөзі кезінде Әріп пен Көкбайдың айтысында сөз болған Шәкет қажы өмірінің соңы қаншалықты қасіретке айналғанынан хабардар етеді. Әріппен сыйлас, дос болған адамның туған халқы үшін басын оққа байлап, құрбан болған Шәкеттей өр тұлғаның тағдырын таныта түседі бұл естеліктер.

Әріппен айтысында Көкбай көбіне ата қуып, рушылдыққа салмақ сала сөйлейді. Тобықтының белдісі Айтқазының шашбауын көтере мақтап, Сыбанның жуандары Өзбекан, Жұмақан, Серікбай қажыларға тиісе сөйлейді. Қақтығыстың аяғында Көкбай Абайды алға тартып, Әріптің алдында бағын асырады. Өз руының ұранын шақыра, атақ қуа айтысқан екі ақынға бір кездерде Абай да төрелік айтқан. Бұл айтыс турасында Көкбай естелігінде толық нұсқасы бар.

Қорыта айтқанда, Әріп шығармашылығының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны ерекше.

ӘОЖ 22.70

ЗАМАН ХАЛІН ТАНЫТҚАН ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

АМИРХАНОВА АСИЯ БЕРДИБЕКОВНА

Нығметулла Киікбаев атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье поскольку эпоха нового времени является новым периодом в истории казахской литературы, письменная литература Казахстана начинает понимать состояние общества и оплакивать страну. Стихотворение не является развлечением, но оно начинает служить

обществу. Политические взгляды и чувства страны, такие как желания, цели и горести, объединяются и начинают формировать новую основу мысли и культуры.

Summary. In the article, since the era of modern times is a new period in the history of Kazakh literature, the written literature of Kazakhstan begins to understand the state of society and mourn the country. The poem is not entertainment, but it begins to serve society. The political views and feelings of the country, such as desires, goals and sorrows, come together and begin to form a new basis of thought and culture

«Зар заман» атауының мән-мағынасын ашып, әдебиеттанудың ұғымы ретінде орнықтырып, осы ағымның өкілдерінің шығармаларына жанашырлықпен қарап, жалықпай зерттеп-зерделеген жазушы - ғалым Сәбит Мұқановтың еңбегі өлшеусіз. Ол 1942 жылы жарық көрген «Қазақтың ХҮШ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабының бір тарауын «Зар заман» деп атады. Бұл топтың жұрт ұғымында қалыптасқан өкілдері – Шортанбай Қанайұлы мен Мұрат Мөңкеұлының қатарына Шернияз Жарылғасұлын қосты. Бірақ бұдан соң Шерниязды жаңағы шоғырға телу үрдісі қалыптаспағанын, түптеп келгенде ақын шығармашылығы зар замандық сарындардан аулақтау екендігін айта кеткенді жөн санаймыз. Сонау М.Әуезовтен желі боп тартылып келе жатқан «Зар заман» ұғымы жөнінде С.Мұқанов мынадай ғылыми байыптама жасады: «Бас бостандығынан, жерден айырылған, кедейленген халық, бұл зорлыққа қарсы басын көтере алмады, көтерем дегенге үкімет көтертпей, қозғала бергенде тарпа бас салып, орнында езіп тастап отырды. Осындай қолдан күш, бастан ерік кеткен кезде, қайғыдан тұншыққан халықтың зарынан туған көркем әдебиетін біз «Зар заман» әдебиеті дейміз.

Зар заман дәуірін Абылай тұсынан басталып, Абаймен аяқталатын жүз жылдық кезеңге әкеп тірейді. Зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиетіміз жазбаша сипат алатынын атап көрсетеді. Бұл еңбекте қазақтың зар заман ақындарының шығармашылығы әр қырынан алынып, талдап-таразыланды. Ұлы суреткердің алдымен баса назар аударғаны-олардың келешекке көргендікпен болжам жасауы. Заманның азғанын айқындап беретін көріпкелдік қасиетті бөле-жара атаған ғалым ақындарды «келер күннің жұмбағын шешкен» деп сипаттайды.

М.Әуезов зар заман ақындарының сары уайымшылдық сарынына да, қайраткерлік рөліне де айрықша тоқталады. Сары уайымшылдықтың халықтың мұң-мұқтажымен сабақтастығына, қайраткерліктің ұлттық рухпен өзектестігіне назар аударады. Жазушы «зар заманды» бір жағынан елді бүліншілікке ұшыратып, мұңды жыр айтқызған шерлі дәуір деп санаса, екінші жағынан қайғы басқа түскенде, қайраткер ақындардың ой-пікірі ортақтасып, рух шақырған, салт-дәстүрді сақтап қалуға үндеген, бірлікке бастаған ұйысу кезеңі ретінде де бағалайды.

Зар заман ақындарының жырларындағы қоштасу сарыны, дінді таяныш ету дәстүрі, жыраулық өнердің ықпалы, өршілдік пен өміршендік өрнектері, ой-пікір жаңалығы, бәрі, бәрі ұлы жазушының назарынан тыс қалған жоқ. Сөйтіп, М.Әуезов бағалаған зар заман өзгеше хал-ахуалға, сондай-ақ әдебиет дәуірінің келесі белесіне бастайды.

Қазақ әдебиетіндегі зар заманға ұқсас құбылыс қырғыз әдебиетінде де бар. Егіз елдің әдебиетін бір-бірінен бөле-жармай, елеп-екшеген М.Әуезов қырғыздың зар заман ақындары жөнінде де сындарлы көзқарас танытып, байыпты пікірлер айтқан. Екі жұрттың төлтума дүниелеріндегі сабақтастық замана ағымын жырлаудан көрінетініне баса мән берген. М.Әуезовтің: «Зар заман дәуірі қазақ әдебиетінің тарихында жаңағыдай кезең асқан дәуір болғандықтан, қазақтың жазба әдебиеті осылардан бастап әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтауға кіріседі. Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұң-зар сияқты сезімдерінің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт-санасын құрай бастайды. Бұл уақытқа шейін болмаған әлеуметшілдік сарыны, азаматтық нысанасы шығады» – деген тұжырымы тағдыр-талайы ортақ, тарих тағылымын бірге көріп келе жатқан екі елдің әдебиетіне де қатысты. Әсіресе қазақ пен қырғыздың зар заман ақындарының көрегендікпен айтылған болжамдары расқа айналып, ой-армандары орындалған қазіргідей кезеңде Әуезов қағидаларының құны арта түскені сөзсіз. Қандай мақсатпен, қандай көзқараспен болсын, бұл тақырыпқа бойлап көрген зерттеушілер ғалымның зар заман ақындары туралы пайымдауларын негізгі бағыт етіп ұстанды. Тіпті кейін кертартпа әдебиет тұрғысынан бағалаған оқулықтарға енгізілгенде де жыр жүйріктеріне Әуезовтің берген атауы өзгерген жоқ. Бүгін де солай. Қай кезде де зар заман ақындары болып қала бермек.

Сәкен Сейфуллин тікелей «зар заман ақындары» деп айдар тақпаса да, аталған айтулы шайырлардың шығармаларына өз зерттеулерінде біршама тоқталды. Ол өзінің еңбектерінде бұл дәуір өкілдері туралы бағалы пікірлер білдірді. Шортанбайдың шығармаларын жариялады. Мұрат ақынның мұрасын талдап-таразылады. С. Сейфуллин төңкеріске дейінгі әдебиетті билер дәуірі (Руды билеу), патша дәуірі (Қазақ елі орыс патшасына бағынған дәуір) деп екіге бөлді. Осының соңғысы – біздің тақырыбымызға өзек болған өлең-жырлардың туындаған кезеңі.

Шортанбай мен Мұраттың шығармаларын жинап, жұртқа кеңінен таныстырған С. Мұқанов олардың ардақты есімдерін әр түрлі дау-дамайдан арашалауға үлес қосты, 50-ші жылдардың қырағы көздері Шортанбайларды Абайға қарсы қою арқылы оларды әдебиет ауылынан аулақтатуға тырысқаны мәлім. Тіршіліктің бары мен базарын келелі келешектен емес, өткен өмірден іздейтін ақындардың өлең-жырларын тұншықтыру үшін бұл таптырмайтын тәсіл саналды. Әсіресе әдебиетшілер ілгері басудың орнына кейін тартып, жаңаны жирене қабылдаған зар заман жыршыларын орыстың оқуын оқып, тілін үйренген Абайдың қолымен таяқтатқысы келді. Көрнекті жазушы Абай өлеңіндегі Шортанбай шығармашылығына байланысты ой-тұжырымды талдау кезінде таптық таным шеңберінде қалып қоймайды. Мәселенің мән-жайына тілдік-көркемдік, эстетикалық тұрғыдан үңіледі.

Зар заман әдебиетін оның тұлғалы өкілі Шортанбай шығармашылығымен байланыстыра зерттеп, бұл кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін нақты көрсеткен әдебиетшілердің бірі — Қанипаш Мәдібай. Оның ғылыми ізденістері М. Әуезов дәстүрі бойынша зар заман ұғымын жан-жақты байыптамалармен байытып, әдеби ағым ретінде түйсініп-қабылдауға негізделген. Зерттеушінің: «Қазақ әдебиетінде сол бір айрықша көзге ұрып тұрған ағым, оның азулы да айтулы өкілдерінің мұрасы жайлы сөз қозғағанда сол бір қилы тарихқа – зар заманның әдеби ағым ретінде таралуы мен танылуының ұзақ жолына кідіріс жасамай ілгерілей алмасымыз даусыз. Ал зар заман әдеби ағымы – қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесімен, қазақ әдебиетінің өзіндік спецификасы мен іштей байланысып жатқан бір тұтас құбылыс», – деген пікірін осы тұрғыдағы бірқатар, пайымдамаларының негізгі түйіні деуге болады.

Зар заман әдебиетін зерттеу методологиясы тиянақтау үшін аталған ағымның тууына себеп болған қоғамдық-саяси ахуалды зерделеген осындай тұжырымдарға сүйенетініміз анық. Сондықтан ол Шортанбайдың бір қарағанда азаттық үшін тартыстап тысқары тұрғандай көрінетін, тізгінді тарта ұстап, ахуалдың аңысын андау сипатын аңғартатын өлеңдерінен өзгеше астар іздейді. Қайғы-шерге, зар-запыранға толы жырлардың бодандық бұғауынан босануға үндейтін тұстарына үңіледі. Ол бұл мәселеге қоғамдағы саяси элита мен ұлт мүддесінің ара қатынасы деңгейінде көзқарас танытады. Зар заман поэзиясының осы бір қыры жөнінде нақты түсінік қалыптастырады. Отаршылдық дәуірді бүге-шүгіесіне дейін зерттеген тарихшы-ғалымның зар заман әдебиетін дамытқан дәуір ахуалы туралы байыптамасына келсек, «XIX ғасырдың алғашқы жартысы –

Қазақстан үшін тарихи кезең, яғни саяси, мемлекеттік еркіндіктен біржола айырылып, отарлық ахуалдың, саяси тәуелділіктің дәм-тұзын тату кезеңіне қадам басу уақыты.

Зар заман ақындарына байыпты көз қарас философ-ғалым Ораз Сегізбаевтың «Қазақ философиясы» атты еңбегінде де көрініс тапты. «Патшалық езгіге, отаршылдыққа қарсы күрестің қажеттілігі мен әділеттілігінің идеялық негіздемесі не дегенге келсек, ол Кенесары Қасымовтың азаттық қозғалысының тікелей куәгерлері – «Зар заманның» көрнекті ақын-жырауларының шығармашылығына өзек болды», – дейді ғалым. Философтың ұғындыруы бойынша, ақындар «Зар заман» деп Қазақстанның Ресейге қосылған кезеңін атаған. О. Сегізбаев «зар заманның» көрнекті өкілдері ретінде Дулат Бабатайұлы мен Шортанбай Қанайұлын ғана атайды. Сөйтіп, бұлармен қоса әйгілі жыр жүйріктері Мұрат Мөңкеұлы мен Әбубәкір Кердері шығармаларын бірге талдайтын дәстүрлі көзқарастан ауытқиды. Ғалым бұл мәселеге өзі атап көрсеткендей, Кенесары қозғалысының куәгерлігі тұрғысынан үңілген болуы мүмкін, Хан Кененің он жылға созылған көтерілісі басталғанда Мұрат та, Әбубәкір де өмірге келген жоқ-ты. Қоғамның жаңаруының және прогресивті дәстүрлердің кәсіби деңгейге көтерілуінің алдындағы құбылыс туралы О. Сегізбаев «Зар заман» ақындары өмірдегі өткен соң ақындар шығармашылығы бірте-бірте өзінің философиялық, дүниетанымдық мазмұнын жоғалта бастады», – деп тұжырым жасайды.

Философ - ғалым Ғарифолла Есімовтің түсіндіруінше, зар заман – «билер, жыраулар заманы тозып, халық өзін-өзі билеуден айырылған кезде қазақ ақындары бойкүйездікке, сары уайымға ұшыраған» дәуірдегі «отаршылыққа қарсы бағытталған саяси рухани наразылық»,

Сондай-ақ қазақ философиясының пайда болу, қалыптасу және даму кезеңдерін зерттеп, ұлт мүддесін көздеген ой-санасының бастау-бұлақтарын іздеген ғалымдар А.Қасабеков пен Ж. Алтаев зар заман поэзиясына арнайы тоқталады. «Қазақ философиясы» атты сүбелі еңбектің бір тарауын «Зар заман ақындарының әлеуметтік философиясы» деп атаған олардың тұжырымын түйіндер болсақ, «зар заман ақындарының әлеуметтік-философиялық дүниетанымы, ойлары, қазақ халқының, ұлтының қоғамдық сана-сезімінің қалыптасуына, қоғамдық ойдың дамуына, кейінгі ұрпақты гуманистік, патриоттық, ұлтжанды рухта тәрбиелеуге үлкен әсерін тигізді».

Қазақ философтарының ішінен Х.Ақназаров зар заман поэзиясын алғаш рет қырғыз ақындарының шығармашылығы мен тығыз бірлікте қарастырды. Ол бұл ағымның негіздерін орта ғасырлық мұралармен, Сүлеймен Бақырғанидың «Ақырзаман» кітабының идеялық мұраттарымен, өткенді көкसेген өзбек ақындары Хазини мен Мұхиттың өлеңдеріндегі сары уайымшылдық сарындарымен байланыстырады, Әрине, философтың «Зар заман өкілдерінің пікірінше, дүниедегі құбылыстардың бәрі, әрбір адамның өмірі мен оның басынан кешетін уақиғалары құдайдың алдын-ала белгілеуімен «маңдайына жазылып» қойылған», – дегені талас туғызбайтындай тұжырым емес. Өйткені зар заман ақындарының бәрі бірдей әрекетсіздік пен шарасыздықты «жазымштан озмыш жоққа» балай бермейді. Халық басына түскен зауалды бірі Алланың ісі деп таныса (Шортанбай), екіншісі мұны адамның тірлігінен көреді (Мұрат). Сонан соң олардың қай-қайсысы да, маңдайға жазылған тағдырдың теперіштерін емес, отаршылдықтың өктемдігі өзгерткен замана ахуалының өзгерістерін жырлаған жоқ па? Осы тұрғыдан алғанда, Х.Ақназаров зерттеуінде жаңаша танымға үйлесе қоймайтын пікірлер бар екенін көреміз. «Зар заманды» идея, ағым ретінде бағалаған философ-ғалым еңбегінің маңыздылығы қырғыз зар заман поэзиясының өкілдері Қалығұл Байұлы, Арыстанбек Бұйлашұлы, Қылыш Шамырқанұлының шығармашылығы, дүниетанымдық көзқарастары, қоғамдағы рөлі жөнінде қазақ оқырмандарына мәлімет беруінде дер едік. Ол қазақ зар заман поэзиясы өкілдері есебінде Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармаларына тоқталды. Философ осы дәуір әдебиетінің табиғатына «... бәрі өзгерді, ешкімге сенуге болмайды, адамдар азды, ел тозды, алда терең ор жатыр, кері оралуға жол қалмады», – деп сипаттама берді, Бұл – ғалымның Дулат өлеңдерін оқыған соң түйген ойы.

Зар заман сарынын қазақтың күй өнерінен іздеу жөніндегі ой - пікірлер ара кідік айтылып жүр. Елдің мұң-шерін домбыраның тілімен жеткізіп, өткен дәуренді сағындыру, көз алдына көшпенді өмірдің сән-салтанатын елестетіп, зарлата-сарната күй төгу арқылы бүкіл тарихты баяндап беретін өрісті өнерімізді зерттеушілер бірқатар тұжырымдар жасайды. Қазақтың арғы-бергі дәуірін бірнеше зар заманға беліп, жіліктеп тұрып талдаған Әбіш Кекілбаев өз ойын күйшілік дәстүрмен астастыра толғай келіп, «Құрманғазының сонау кері кеткен кер заманның өзінде жер болып жектектеліп бара жатқан ұлттық сананы желпінтіп, қайратына қайта мінгізсердей дауылпаз күйлер шалқытатыны да содан», — деп қорытады, жыраулық-жыршылық дәстүріміз мен музыкалық өнеріміз жұртымыздың тарихымен тығыз байланыста дамитындығын ескерсек, бұл екеуінің бастау көздерінен, өсу-өркендеу арналарынан сабақтастық, ұқсастық табылуы заңды құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Мәдібай Қ. Зар заман ағымы. Алматы. Қазақ университеті, 1997 ж.
- 2.Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991 ж.
- 3.Қирабаев С. Зар заман шындығы. Қазақ әдебиеті, 1997, 23 қыркүйек.

ӘОЖ 82.236.08

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ АҚЫНДАР МЕН ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

КУЛАМАНОВА С.М.

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье подробно анализируется художественный характер творчества поэтов и жырауов в казахском фольклоре с точки зрения литературоведения. Кроме того, в качестве специальных фактов представляются отрывки из произведений поэтов и жырауов.

Summary. This article analyzes in detail the artistic nature of the work of poets and zhyrau in Kazakh folklore from the point of view of literary criticism. In addition, excerpts from the works of poets and zhyrau are presented as special facts.

Ұлттық әдебиетіміздің түп негізі поэзияда жатыр. Сондықтан поэзия – әдебиеттің үлкен жанры. Ол қашанда халықтың қалың ортасында туып-өсіп, өркендеп отырған. Сан ғасыр бойы қалың елдің көңіл-күйін, мұң-шерін білдіріп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп қалып отырған. Сахара поэзиясы да оның табиғаты іспеттес. Бірде сахараның боранды желіндей бұрқанып, борасынды болып келсе, бірде оның қоңыр самал желіндей жұмсақ, биязы болып келеді. Оның астарында бүкіл халықтың болмысы жатыр. Тарихы, тұрмыс-тіршілігі, көңіл-күйі, арман-мақсаты, биік мұраты, әттеген-айы мен алақайы, тұтаса келе поэзия деген ұлы дүниені құрайды. Ал оны көкірегінде пісіріп, дүниеге әкелетін ақын не жырау да, жүрегінен орын беріп, санасында сақтайтын халық. Демек, сол халықтың көкейінде жүрген даналық ой желілері поэзия арқылы сыртқа шығып, ұлттық құндылықтарымыздың рухани салмағын артырып келеді. Алайда қазақ ұлты өзінің даму тарихында түрлі кезеңдерді басынан өткізді. Жан түршігерлік алапат соғыстар, қанды қырғындар, бейбіт тұрмыс болғанымен, ел ішіндегі алауыздық қырғиқабақтар, отарлық езгі халқымыздың тарихындағы мұңды, шерлі кезеңдердің негізін құрапты. Сонда халықтың тоз-тоз болып, жойылып кетпей сақталып қалуына нендей нәрсе себеп болды деген сұрақ туындайды. Байқап қарасақ, оның басты себебі – халық санасында сақталған ойшылдардан қалған даналық сөздер екен.

Кез-келген жаулаушы ел бірінші кезекте жаулап алған елдің рухани дүниесіне соққы береді. Елдің жадын өшіріп, өткен тарихын жоққа шығарып, атадан балаға мирас болған даналық сөздерін ұмыттыруға тырысады. Бұл жөнінде танымал ғалым М.Мырзахметұлының «Қазақ қалай орыстандырылды...» атты кітабында тиянақты сипатталып жазылған.

Халқымыздың арғы-бергі тарихына зер салып қарасақ, бірнеше ірі-ірі басқыншылық соғыстар болып, соның барлығында елдің рухани санасына сызат түскендігін байқаймыз. Елімізге араб басқыншыларының келуімен ислам діні енгізілсе, Шыңғысхан басқыншылығы салдарынан ел басқару жүйесі өзгерді. Ал, Ресей империясының боданында болған бірнеше ғасыр ішінде ұлтымыздың рухани өмірінде үлкен өзгерістер болып өткендігі мәлім. Мысалы, Асан Қайғының Жәнібек ханға айтқан сөзінде:

Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы-қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан,
Қарағай басын шалмай ма,

Мұны неге білмейсің? – деп орыс патшасының шортан кейіптегі бейнесі мен әрекетін жырлайтын тұсы бар [1].

Кейінен үш ғасыр өткеннен соң Абылай хан Бұхар жыраудан «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» сөзінің мәнін сұрағанда, Бұхар жырау:

Қарағай судан қашып,
Шөлге біткен бір дарақ.
Шортан суға шыдамсыз,
Балықтан шыққан бір қарақ.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп.

Күн батыстан бір дұшпан,

Ақырда шығар сол тұстан, - деп Асан Қайғының болжамын шешеді.

Асан Қайғыға шейін одан кейін де бірде – бір ақын-жырау заман өзгерісін шортан балықпен ұштастырып, даналық оймен үйлестіре жырлаған емес. Қазақ ұғымында шортан балық төресі саналмайды. Тіпті қазақ халқы балықты мақұлық санап, оған мән де бермеген болатын. Қазақ ауыз әдебиетінде де шортан балық жайлы ешнәрсе кездестірмейміз. Ал орыс фольклорында, мифологиялық ертегілерінде шортан бейнесі көптеп кездеседі. Бірде ол кез келген тілекті орындайтын сиқыршы, жарылқаушы ретінде берілсе, бірде қарақшы, жыртқыш ретінде

суреттеледі. Өте жыртқыш және айлакер балық. Өз жемтігін алыстан торуылдап, ыңғайлы кезді күтуден жалықпайтын, сәтті уақытты дәл пайдаланатын балық. Демек, Асан Қайғы шортанның осы қасиеттерін жетік білген. Сондықтан оны Ресей империясының символы ретінде суреттеуінде қаншалықты шындық жатқанын аңғару қиын емес. Осы орайда Қ.Тәукетегі деген азаматтың «Тың трагедиясы» деген тақырыппен жарық көрген мақаласынан мысал келтіріп көрейік: «Жоғарыда осы айтылғандардың бізге қолданған сол кездегі саясатын жыртқыш шортанның ұсақ балықтарға жасайтын әрекетіне теңеуге болады. Шортанның ине сиықты тістері оның апандай аузының түкпіріне қарай жығыла орналасқандықтан, аузына іліккен балықтың кері бұлқынып шығуына мүмкіндік бермейді. Өйткені әлгі тістер оны кері жібермейді, өңешке қарай тартады да отырады. Сөйтіп шортан аузына түскен балықты жатық тістер үстімен тек көмейге қарай сырғытады да отырады. Империялық пиғыл да міне, құдды сол сияқты.» [2]. Орыс патшасының екі ғасыр өткеннен кейінгі отарлау саясатын жүзеге асыруы жемтік аңдыған шортанды көзге елестетеді емес пе? Патша тарапынан асықпай, алыстан торуылдап жүргізген отарлау саясаты ақыры мақсатына жетіп тынды. Қазақ деген тәкәппар, намысқой ел шортанның жемсауына қалай түскенін өзі де білмей қалды.

Жыраулар болжаған келешек елдің бодандық өмірі айна-қатесіз дәл келді. Тек жыраулар өз кезегінде бодандық заман келеді-ау деп болжап, содан сақтануды айтудай-ақ айтып өтті. Бірақ жыраулардың сөзін естір құлақ, түсінер сана болмады. Нәтижесінде қазақ елі бірнеше ғасырға созылған бодандық тауқыметін тартып өтті.

ХҮІІ ғасырдан бастап Ресей патшасының бодандық тұзағына іліккен қазақ халқы ХХ ғасырдың соңында ғана осы тұзақтан құтылу бақытына ие болды емес пе. Бірақ осы уақыт аралығында ұлтымыз өзінің табиғи даму арнасынан ауытқып, батыстық экспансияның ықпалына ұшырады. Бүгінгі таңда бірнеше ғасырға созылған бодандық заманда жоғалтқан дүниелерімізді қайта табуға бағытталған іс-шараларды қолға алу мәселесі күтіп тұр. Біріншіден, әлемді алаңдатып отырған экономикалық дағдарыс әйтеуір уақыты келгенде өз шешімін табады. Ол анық. Бұл сияқты дағдарыстар ара-тұра болып тұратын дағдылы процесс. Экономикалық дағдарыс ешқандай елдің тәуелсіздік беріктігін сақтауға кесірін тигізбейді. Оның үстіне қазақ елі сияқты табиғи ресурстары бар ел экономикалық дағдарыстардан қорықпаса керек. Ал рухани дағдарыс – қандай да болмасын алып елдің түп-тамырымен жоғалтып жіберуге апаратын төте жол! Осыдан сақтану керек. Яғни рухани дағдарыстан дін аман құтылған ел тарихта болған емес. Екіншіден, қазақ ұлты өзімен рухани жақын елдермен тарихи сабақтастығын сақтай отырып, оны одан әрі жандандыруға ұмтылғаны жөн. Шығыстық дүниетаным қазақтың ұлттық дүниетаныммен әлдеқайда жақын. Сонымен қатар әр мемлекеттің қолтығында жүрген түрік халықтары арасындағы туыстық рухани қарым-қатынасты орнату шешуші мәнге ие болмақ. Бұл жөнінде ХХ ғасырдың басында-ақ алаш қайраткерлері айтудай - ақ айтқан. Соны құлаққа ілетін заман келді. Үшіншіден, қоғамдық сананың қалыптасуы мен жаңғыруына тек қоғамдық ғылымдар мен гуманитарлық ғылымдардың ғана шамасы келеді. Басқа бірде-бір ғылым мұндай ауыр жүкті көтере алмайды. Әрине бұл ғылымдар ақша таппайды бірақ ұлттық мүдденің тағдыры шешілетін тұста қандай да болмасын қараңғы рухани түнектен елдің басын аман сақтап қала алады. Сондықтан балабақша табалдырығынан бастап бүкіл білім мен тәрбие беретін мекемелерде аталмыш пәндерге басымдық берілуі керек.

Неше ықылым заманнан бермен қарай бостандықты көксеген ата-бабаларымыздың арман-тілегі әсіресе төкпе ақындардың шығармаларында ерекше көрінгені талассыз. Қазіргі Алтай мен Атырау арасындағы байтақ жерді мекен еткен халқымыздың тарихындағы айрықша атап айтарлық, қайталанбас құбылыс – суырып салма ақындардың шығармашылығы. Көп қырлы осынау өнеріміздің қадір-қасиеті, тарихи қайталанбас маңызы әлі тиісті деңгейде зерттеліп, айқындалған жоқ. Әрине, қыруар ізденістер бар екені белгілі. Алайда тәуелсіздік алғанға дейін тарихи-әдеби мұраларымызды толық жариялау мен байыптауға мүмкіндік шектелгені жалпыға аян. Кезінде жарық көрген шығармалар мен архивте сақталған қолжазбаларды салыстырғанда, қысқартулар, түзетулер, өңдеулерден өтпеген ақындар жоқтың қасы екеніне көз жеткізесіз. Айтыстың ақиығы Сүйінбай Аронұлы туындыларының да толық жарыққа шығуына заманның салқыны тигені анық.

Ал, қазақ әдебиетінің тұтас контексті тұрғысынан қарағанда, айтқан сайын арқасы қозып, үдей беретін Сүйінбайдың арыны, қарсыласының есін жиғызбай еселене беретін екпіні, қазақ айтысының көркемдік тәжірибесін молайтуға қосқан зор үлесі айқын. Қазақтың авторлық ауызша

әдебиетін бала кезінен естіп-біліп өскен Мұхтар Әуезовтің Сүйінбайды Жетісу ақындарының алтын дінгегі деп бағалауы – ақын жырларына, айтыстарына сүйсініп, байыбына барып айтылған баға.

Жетісу өлкесінде кезінде Қабан жыраудың – Қабылиса Асанұлының шығармашылығы әсер еткенін Сүйінбай, Сарбас, Кенен, т.б. ақындардың сөзінен аңғарамыз. Мысалы, Арыстанбекпен айтысқанда, Сүйінбай:

Менин ата-тегим ыр болгон,
Бір менен күүга пир болгон,
Сөз чынына келели,
Силерде Кабандай ырчы ким болгон?!, [3] - дейді.

Ал, Сүйінбайдан бастап, Жетісу ғана емес, жалпы Оңтүстік өлкесінде ақындық өнердің өзіндік жаңалықты, арынды ағысын байқауға болады. Уақыт өте келе, қазіргідей ақпарат құралдары жоқ кезінде де ақын даңқы қазақтың байтақ даласының көп жеріне жетіп жатқан. Солтүстік Қазақстан мен Батыс Қазақстан аралығындағы жер-жерден шығармаларының түрлі нұсқаларының табылуын, архивте сақталуы - соның бір дәлелі. Ақын есімі мен шығармаларының бұлайша кең таралуы, әлбетте, ең алдымен айтыстарының, өлең-жырларының көркемдік қуаттылығына байланысты екені шексіз.

Айтулы жыр тұлпарларының екпіні елді сүйсіндіріп, жаңа өспірім жас ақындарды жігерлендірген, делебесін қоздырған, сөзінің селебесін оздырған. Бұл ретте Сүйінбай сияқты жалпыдан қара үзіп, андыздап алыс кеткен дүлдүл ақындар кейінгі буынның жас перілері үшін белгілі бір жинақталған көркемдік тәжірибе, эстетикалық меже, көркемдік нысана, үйренерлік үлгі қызметін атқарған. Осы орайда ақындық мектеп, шеберлік үлгілері, тәсілдері, қоғамдық-әлеуметтік ортамен сабақтастығы, көркемдік дәстүр мен жаңашылдық мәселелері ғылымның бүгінгі биігінен байыптауды қажет етеді...

Қазақтың төкпе ақындарының халық өмірінде атқарған орасан зор тарихи қызметі ғажап. Мұндай мол мұра әлем халықтарының ішінде қазақ пен қырғызда ғана бар. Әлем әдебиетінің ғажайып тарихи-көркемдік құбылысы ретінде зерттеу және дәлелдеу үшін қыруар жұмыс жүргізу қажет. Бұл орайда Білім және ғылым министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауы – уақыт талабына үйлесер еді.

Ауызша әдебиетіміздің аса көрнекті өкілі, айтулы дарындарының бірі – Сүйінбай Аронұлының бұл күнге жеткен шығармалары көп емес. Алайда сол аз болса да асыл мұраның өзінен-ақ айтулы ақынның адуын шабыттылығы, шешендігі, саналуан өмір құбылыстарының сырына бойлауы, сұңғылалығы, күрделі тарихи жағдайда күн кешкен замандастарының тағдыр-талайын біліп таразылауы, парасаты айқын көрінеді. Толғаулары, термелері, жыр-дастандары, айтыстарындағы көркемдік өрнектер ХІХ ғасырдағы қазақтың көркемдік ойлау әлемінің сыр-сипатын танытады.

С.Аронұлы өлеңдерінен өрлік пен ерліктің өшпес рухы естіледі. Бұған «Сұраншы батыр, «Жабай батыр» секілді біздің заманымызға жұрнағы ғана жеткен дастандары, Саурық батыр туралы толғанысы, т.б. куә.

Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен, -

деген секілді серпінді, асқақ рухты толғаныстар – ақындық ділінің айшықты айғағы. Тезек төреге, датқаларға, т.б. үн қатқанда, ел қорғаған батырларды алдымен айтқан ақынның елдің берекесін келтіретін қуаттарды мұқият ескерген [4].

Ақын шығармаларында дәстүрлі фольклор белгілері кездесуі – нәр алған дәстүрдің ықпалы, әрі кейінгі жеткізуші ақындардың «еңбегі» болуы қисынды. Үстемелетіп, төгіп сөйлегенде, аллитерация мен ассонанстардың жүйелі, сабақтаса құйылуы мен ырғақ, екпінінде қазақтың ғана емес, қырғыз фольклоры мен ауызша әдебиетінің де әсері қылаң береді.

Сүйінбайдың әсіресе даңқын шығарған – айтыстағы шеберлігі. Суырып салып самғата беретін, тоқтамай, толассыз төпей беретін ақындар қазақ пен қырғыз елінде де аз болмағаны тарихтан аян. Алайда Сүйінбай айтыстарында, әсіресе Қатағанмен, Арыстанбекпен айтысында, бұған дейінгі қазақ, қырғыз айтысында некен-саяқ ұшырасуы мүмкін, бірақ қарсыласын жеңудің ең тиімді, ең шешуші тәсіліне үнемі айнала бермеген – уәжді баспалдақтатып, бастырмалатып,

алдыңғы дәлелден кейінгі дәлелі асып түсіп, қарсыласын қашар жер, жасырынар қуыс қалдырмай, тықсыратын үдету тәсілі.

Осы тәсіл Тезек төреге айтқанынан да анық көрінеді:

Хан емессің, қиықсың,

Қалың елді айдап жеп,

Төріне зорға сиыпсың... – деп, басталып, тұйықсың, ұйықсың, «аққан судай сұйықсың», «Судан да сусын қанады, Оппа балшық сықылды, Жұтқыш ылай былықсың» деп, алдыңғы ағынның арынын асырып, тасқындата түседі. Осындай үдету Сүйінбайдың қырғыз ақындарымен айтысында ғана емес, «Менің пірім – Сүйінбай...» деп, толғанған Жамбылдың Құлмамбетпен айтысында да қолданылған. Қазақтың басқа ақындарының айтыстарында, арнауларында нақ осылайша озғындату, өршітіп өрлеу жиі кездесе бермейді.

Сүйінбай ақынның мұраларын кейінге жеткізуде шәкірті, топтан озған жыр жүйрігі Жамбылдың еңбегі, әрине, алдымен айрықша. Бұл орайда әсіресе Сүйінбайдың шөбересі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанғали Садырбаевтың ақын бабасының қазыналарын өмір бойы жинап, әр шығармасына мұқият карап, баспаға дайындағанын, зерттеумен айналысқанын атап айту керек. Жеткізушілер кімдер деген сұраққа жауапты марқұм Сұлтанғали ағамыздың «Сүйінбай Аронұлы. Шығармалары». «Жазушы», «Сұлу, сырлы сөздері» атты алғысөз-мақаласынан табамыз: «Сүйінбай мен Қатағанның айтысын Жамбылдан басқа Кенен, Үмбетәлі, Өтеп, Өмірзақ, Арғынбай, Қарабек, Мақыш, Шүкітай секілді белгілі Жетісу ақындары да жатқа білген». Айтысты түгел болмаса да, үзінділерін, сонымен қатар басқа да өлең-толғауларын жатқа білетін кісілер Жетісудың әсіресе Алматы аймағындағы ауылдарда көп кездесетін. Бұдан нағыз ақынның өлмес өлеңдері ел арасына кең таралып, әркімнің өз көкірегінен шыққандай жатталып қалатынын, Сүйінбайдың есімі мен өлеңдері кең тарағанын көреміз. Ендеше ақын жырларын сақтаушы да, кейінге жеткізуші де – халық. Сол халықтың бел баласы Жамбыл бастаған ақындардың бұл орайдағы қызметі ересен.

Сүйінбай Аронұлының, айтушылардан жазып алынған шығармалары негізінен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапханада, сондай-ақ Бішкекте сақталған.

Арыстанбек Бұйлашұлының туғанына 170 жыл толуына байланысты шығарылған кітапқа Сүйінбаймен айтысы құрастырушы, қырғыздың белгілі ғалымы Батма Кебекованың ұсынуымен Қабай Абдрахманұлы қолжазбасы бойынша сақталған нұсқасы енгізіліпті.

Қабай ақсақал Мұраталы Күренкейұлынан жазып алған. Ал Мұраталы Арыстанбектің шәкірті Солтобайдан үйренген. «Солтобай: «Арстакем Сүйүмбайдан сөзүн казакча эле айтуучу. Мен тилимди буруп жүрөмбү деп, кыргызчалатып ырдап жүрдүм», - деген екен.

Кезінде Сүйінбай Қатағанмен айтысты деп келдік. Ал кейін Қатаған – рудың аты, Арыстанбек Бұйлашұлы сол Қатаған руынан болып шықты. Осыған байланысты бұрын көмескі, таласты шындық біраз ашылды. Әрине, бұдан 160-170 жыл шамасы өтіп кеткен айтыс туралы толық мәлімет беру мүмкін емес екені айқын [5].

Біздегі ғылыми деректер бойынша Қатағанның шын аты Арыстанбек Бұйлашұлы деп айтылады. Бұлай деуге себеп – бертінге дейін Арыстанбек шығармаларының жеке жинақ болып жарыққа жарияланбауы. Сол сияқты Қатағанның да өмірбаянына қатысты деректердің аздығы. Осы ретте қырғыз және қазақ ақындарының шығармашылық байланыстарын арнайы зерттеген ғалым Батма Кебекованың пікірлері назар аударарлық. Ақынның жинағын дайындау алдында ол көп ізденді, қазақ айтыстарын, қолжазбаларын қарады, қазақ зерттеушілерінің еңбектерімен танысты. 1985 жылы «Қырғыз, казак ақындарының чыгармачылык байланышы» атты ғылыми зерттеуін шығарды. Осы еңбегінде ғалым аталған айтыстың түрлі нұсқаларымен танысып шығып, өз пікірін айтады. Бұл жайында ғалым ағамыз Сұлтанғали Садырбаев та, Сүйінбай шығармашылығынан кандидаттық диссертация қорғаған, «Пірім менің Сүйінбай», «Сүйінбай» атты монографиялар шығарған Мүбәрак Үмбетәев та, қазақ-қырғыз әдеби байланыстары туралы кандидаттық диссертация жазған Т.Омаров та басқа да зерттеушілер де өз ойларын ортаға салған. Оның барлығын бұл арада шолып жату мүмкін емес, жеке әңгіменің еншісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. - Алматы: Санат, 2006. - 904 б.
- 2 Қазақ әдебиетінің тарихы он томдығы. 3-том. - Астана, - 2006. -354 б.

- 3 Жеті ғасыр жырлайды. Құр. Дүйсенбайұлы Е. - Алматы: Жазушы, 2008. 1 - том. - 400 б.
4 Жеті ғасыр жырлайды. Құр. Дүйсенбайұлы Е. - Алматы: Жазушы, 2014. 2 - том. - 528 б.
5 Оразалин Н. Үш томдық таңдамалы туындылар. 1-том. Жыр кітабы. - Алматы: Жазушы, 2006.-368 б.

ӘОЖ 82.789.91

М.МЫРЗАХМЕТҰЛЫ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

БЕКЕТАЕВА ГУЛБАНУ ТУРГАНОВНА

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье излагаются некоторые особенности национальной системы мышления в духовном наследии выдающегося ученого-абаоведа М. Мырзахметовича в взаимосвязи с наследием Абая. Кроме того, всесторонне рассматривается вопрос нравственности в наследии Абая и анализируется на научной основе.

Summary. This article describes some features of the national system of thinking in the spiritual heritage of the outstanding scientist-Abai scholar M. Myrzhakhmetovich in connection with the heritage of Abai. In addition, the issue of morality in Abai's legacy is comprehensively considered and analyzed on a scientific basis.

«...Абайды тану – өзіндік өзің танудың алғышарты. Абай мұрасын ғылыми зерттеу мен ақынды көркем бейнеде сомдауда, әлемге танытуда Мұхтар Омарханұлы Әуезов екендігі баршаға белгілі. Абайтанудың әр кезеңінде қоғамдық ахуалдың ықпалымен алуан түрлі көзқарастағы пікірлер болды. Олардың көбі идеологиямен өкіметтің ұстанған бағытына қарай жазылса да, астарлы ой сілемдері оқырманға дұрыс бағыт беретін танымдық мазмұнымен құнды еді» [1, 13 б.].

Қазақ әдебиетінің іргетасына айналған абайтанудың ғылымдағы зерттелу кезеңін абайтанушы-ғалым М.Мырзахметұлы үш түрлі тарихи кезеңге бөледі: “Бірінші кезең яғни абайтанудың бастапқы дәуірі 1889 жылдан 1934 жылмен бітеді. Екіншісі 1934 жылдан 1961 жылдың аралығындағы Мұхтар Әуезов бастатқан соны танымдардың дәуірімен тұйықталады. Үшіншісіне 1961 жылдан бастап Абай мұрасына тереңдей ден қойған заманменмен жалғасады. Ұлы ақын мұрасын тану жолындағы «абайтану» және «абайтанудың тарихы» аталатын екі түрлі ғылыми саланың пайда болуын дәлелдейді” [2, 40 б.].

Ақын шығармаларының зерттелуі тым ертеректен басталғанымен, екі түрлі арнамен жүргізілді: Біріншісі «Абай шығармаларын әр түрлі көлемде жариялау, оларды бір ізбен толықтыру, ақындық мұраның тұрақтанған түпнұсқасын халқына, шет тілдеріне аудару арқылы тану; Екінші күллі әлемге танылған Абай шығармаларын арнайы зерттеу нысанасына алып, әр алуан ғылым салаларында зерттеу жүргізумен қатар шығармашылық мұра жөніндегі түрлі деректер көзін жинастырып, топтастыра беру» [2, 3 б.].

Бастапқыдағы ақын мұрасының зерттелу тарихы туралы жанама түрде, соңына қарай ілкі ізденістер бастама болды. Бірақ ақынның әдеби мұрасының зерттелу тарихы жөнінде арнайы зерттеу жұмыстар нақтылы назарға алынбады. Х.Сүйіншәлиев «Абайтану тарихынан» арнайы курс және семинарға арналған бағдарламасын жасады. Бұл туралы ғалым М.Мырзахметұлының өзі: “...қазақ әдебиетінде бұл тақырып алғаш «Абайды тану», «Абайды тану тарихынан» деп, қысқаша шолу М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, М.С.Сильченко, Ә.Жиреншин тарапынан қозғалысқа түсті. Ақырында М.Әуезов пен Қ.Жұмалиев екеуі тақырыпты арнайы зерттеуге алыну қажеттілігін ұсынды» [3, 5 б.]

Абайтануда өзіндік ой өрнегімен, ғалымдық қарымымен танымал М.Мырзахметұлы аталған мақсат-міндеттер мен ғылым асқарынан өзіндік жаңашылдығымен танылды. Бұл жайында айтылған пікір көп. «Мировая общественность по решению ЮНЕСКО широко отмечает в эти дни 150-летие поэта реформатора, мыслителя и гуманиста Абая Кунанбаева... Учеными изданы также фундаментальные монографии и сборники научных статей, среди которых книги академика З.Ахметова «Поэтический мир Абая», доктора филологических наук, профессора

М.Мырзахметова «Нравственные идеалы Абая», «История абаеведения», «Абай и Восток», «Восхождение Мухтара Ауэзова к Абаю...», – деген ой мазмұнынан бірталай құнарлы мәліметтер аламыз. Әдебиет марғасқасының табиғи болмысы мен оның еңбектерінің маңызы жайында Ә.Кекілбай: «Бұл кісі әскет адам. Демек, сұраншақтығы жоқ, сыпайы, таза, жұмысқа адалынан берілген нағыз ғалым, аса көрнекті филолог. Сондай бірегей ғұламаның қадіріне өз деңгейінде жете алмай жүрміз. Бұл кісінің ғылыми танымдық еңбектерін, қазір бағалауымыз керек. Ертең бәрібір жабылып іздейсіздер». Өте дәл айтылған бұл пікір мырзахметовтануда маңызды және берілген баға да әділ. Ұлтының руханиятына талмай беріліп қызмет қылып, өз үлестерін қосқан және қосып та келе жатқан осындай майталман еңбек иелерінің, олардың атқарған жемісті жұмыстарының лайықты бағасын беру бүгінгі саналы ұрпақтың азаматтық борышы.

Ал қаламы қарулы жазушы Е.Әлімжан болса: “...жарықтық Асқар Тоқпановтың «Бізге Абайды білетін үш – ақ адам бар. Оның біріншісі – Мұхтар Әуезов, екіншісі – менмін, үшіншісі – Мекемтас Мырзахметов. Ал қалған басқалары әншейін бетінен қалқып жүр” деп, айтқан сөзі туралы да естігенім бар еді. ...Мекең баппен сөйлейді, бірақ байыбына жеткізе айтады. Мінезі дағынан да тым биязы, бірақ азаматтық позициясына келгенде сондай берік. Құлаққа жағымды естілетін үні жұмсақ болғанымен, бірақ рухы соншалықты күшті. Асықпай жүрегенімен, бірақ бәріне де үлгереді. Маңайындағылармен неғұрлым кішік сөйлеседі, ал ойы ұлылармен үндеседі. Кейде бір білместікпен артық-кем айтып қалған жағдаыңа кешірімді, ал енді қиянатың болса, көкірегіндегі ой қылышын кідірместен суырып алып, атақ-даңқына қарамай кесіп түсетіні бар” [4, 29 б.], – деп ғалым ағамыз жайлы кеңірек сермейді ойын. Расында да М.Мырзахметұлы ғылыми өмірінде абайтанудың көшбасшыларының бірегейі ретінде танылған адам. Өзінің жан-жақты ғалымдық қарымымен мәнді мәселелерді кеңінен қозғап, өзі де соған талмастан үлесін қосып келе жатқан ерен еңбектің иесі.

Журналист-жазушы Мархабат Байғұт: «Ең бастапқы ерлігі деп айырықша абайтанушылық қырын айтсақ екіншісі, М.Мырзахмет – мұхтартанушылардың алды және сол мерейлі мектептің бас тәлімгері ретінде де жұлдызды тұлға. Бұл әуел бастан-ақ дәлелденген ақиқат. Сосын Мекең миссионерлікке қатысты түсінігімізді түбірімен өзгертіп, қиғаш қағидасымақтардың өтірігін шығарып, тағы ерлік жасады...”, – деген пікірі бар. Айтылған ой тізбегі ғалым еңбектерінің қайталанбас құндылығын танытады. Ұлттық мұралардың көзін ашып, ұлт үлесіне маңдайалды туындыларымен пайдасын берген М.Мырзахметұлының абайтануға қатысты еңбектері сала тарихында өлшеусіз орны бар рухани игілік. Әдебиеттанушы И.Жеменейдің: “Біздің пайымдауымша, профессордың Абайдың өмірі мен шығармашылығы жөніндегі жазғандары, ғылыми еңбектеріндегі ашқын жаңалыққа толы идеяларының жиынтық көлемі оншақты томнан асып жығылады” – деген ойы абайтану саласының ғылыми деңгейінің биіктеуіндегі үлкен профессор еңбектерінің мәні мен көлемінің арасалмағы өзара тең түсетіндігін әйгілеп тұр.

Ақын мұрасын зерттеуде М.Әуезов бағыт-бағдарын басшылыққа алып, оның айта алмаған тұстарын таратып береді. Абайтанудың ғылым салсы ретінде тууы, қалыптасу, дамуы жолын зерттеп, сарапқа салудағы негізгі табан тірер тұғыры академиктің жазған зерттеу еңбектері. Бұл қадамы ғалымның ғылым жолындағы методологиялық ұстанымының әрдайым дұрыс болуына көмегін тигізді. Ақынның өмір сүрген заманында-ақ әдеби мұрасын насихаттап, танып бағалауда қарама-қайшылықты пікірлердің болғаны белгілі. Мұндай кереғар таным, әсіресе, рушылдық санада қалып қойған жыршы, тобықтының ақыны Қуанышбай шығармаларында көп. Сол ақын Абайды жеке рулық мүддесін қорғаушы ретінде бағалап, қоғамдық-әлеуметтік келбетін барынша көмескілендіріп көрсетуге тырысады.

Баласы Құнакемнің Ибраһим,

Найманға не қылғаны жұртқа дайын.

Пысқырған пысығының мұрнын кесіп,

Мың-мыңнан айып алды топ басы сайын,– деп,

шындықтың өңін теріс айналдырғаны бар. Ақынның қоғамдық-әлеуметтік келбетін бүркемелейтін рулық санадағы осындай сыңаржақ ойларға қарсы халықтық турашыл көзқарастардың да қатар жүруі заңды. Мәселен, Біржан салдың: Момынға зәбір, жапа қыласың деп,

Жіберген жер аударып залымдарды [5, 12 б.], – деп, ақын мұрасын халықтық тұрғыдан бағалауға ұмтылған тұңғыш пікірі де тарихта болды. Ғалым сол Абайды танудың әуелгі кезеңдерінің түп бастауында осындай өрнегі қалың ой жоталарының төе көрсеткендігін ғылыми

негізде баяндайды. Осыған байланысты «Абайдың өнерпаздығын әділ бағалау Біржаннан басталады десе болғандай. Біржан сал Абайды өз заманынан анағұрлым жоғары кеткен, асқан ойшылы, көркем сөз өнерінің шебері ретінде танығандығы: Абайдай тумас адам сөзге зерек,

Зейіні түпсіз дария көзің жетпес», – дегенінен байқалады. Осындағы өзара кереғар ұғымдағы пікірлер ақын дәуірінде көрініс теріп беріп, абайтану тарихының бұдан кейінгі де ұзақ сонар даму жолдарында жалғасын тауып жатты. Себебі, абайтану деп аталатын алып арнаның қалыптасуы мен даму жолы сан тарау. Онда жалпы халықтық және рушылдық принципті жақтаған екі айрық ой толғамдардың қақтығысы барысында қалыптасты.

Абай өнерпаздық туындыларының алғашқы кездері, нақты айтқанда ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығы жайында нақтылы хабар беретін жазба деректердің қатарына – «Дала уәлаяты» газеті еде жатады. М.Мырзахметұлы абайтанудың тарихында тарихи негіз болған деректер көзін іздеп табуда, осы талған баспасөз құралының салмағы айтарлықтай болғандығын айқындай келе тарихи деректер тереңіне үңіледі. Өйткені ақынның ең алғаш рет «Жаз», «Болыс болдым, мінеки» дейтін екі өлеңі осы газет бетінде жарияланған. «Газеттің 1889 жылғы шыққан кезекті бір санында Абайдың «Жаздықүн шілде болғанда» өлеңі «Семей оязы, Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай ауылының Бақанас өзенінің маңындағы Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» деген атпен берілген» [6, 11 б.]. Ғалым осы бапға шыққан өлеңдердің тағдыр-тарихын зерттей редакция тарапынан елеулі түрде «өңделгендігін», яғни идеялық, мазмұндық жағынан анағұрлым жұмсартылғандығын айқын ажыратады. Соған байланысты: «Бұл редакциялау жағдайы бекер құбылыс емес. Ол Абай өлеңдерінің тақыптық бағыты газеттің қоғамдық ұстанымына қарама-қайшы келуге байланысты туындап отырған жайт деп қабылдаймыз. Газет редакциясының ресми отаршылдық саясатты уағыздауына Абай поэзиясының тақырыбы, идеясы, рухы, ондағы халықтық сарындардың қайшы келгендігі түсінікті» – деп, ақиқаттың жәйін мәлімдейді.

Ғалым пайымдауларына сүйенсек, олардың көшбасында: “... Әлихан Бөкейханов, Зейнелғабиден ибн Әміре, Кәкітай Ысқақов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Самат Әбішұлы секілді төңкеріске дейінгі қазақ қауымының қоғамдық ой-санасының интеллигенттер тобы тұрды”. М.Мырзахметұлы осы беталыспенен абайтанудағы ең көп назар аударылып, көпшіліктің дауын туғызған келеді мәселелерді дұрыс анықтай білуінің нәтижесінде ғалымға тән қырағылықпен көлеңкелі тұстарға ой сәулесін түсіріп елге жариялады. Мысалы Абай туындыларын баспа құралдары арқылы насихаттаушылардың қатарындағы – Зейнелғабиден ибн Әміреге қатысты жаңалықтар. Зейнелғабиден ақынның бір топ өлеңдер топтамасын інісі Кәкітайдан бұрын жариялаған. Ол сол кездің өзінде ақын туралы мәселе көтеріп, мұраларын туыстас татар халқына насихаттап таныстыруды мақсат етті. Оның Уфадағы «Шарқ» баспасынан шыққан «Насихат Қазақия» (1909ж.) атты еңбегінің абайтануға қатысы орасан. Біріншіден Зейнелғабиденнің әрекетімен Кәкітайдың Петерборда бастырған Абайдың тұңғыш жинағынан бұрын жарияланған кітапта, Абай халықтық тұрғыдан бағаланады. М.Мырзахметұлы ғылымдағы табанды тәжірибесінің негізінде осы Зейнелғабиденге қатысты айтқан Ә.Жиреншиннің пікірі дәйексіздігін анықтап береді. Ә.Жиреншиннің үш түрлі жаңсақтыққа ұрынғандығына байланысты: «Зейнелғабиденнің Абай өлеңдеріне көңіл бөліп, жариялауға атсалысуына себеп, оған Кәкітайдың материал беруі деген Ә.Жиреншиннің сөзі шындыққа үйлеспейді. Анығында Абайдың кейбір өлеңдері «Кнэз блэн Зағифа», «Сұлу қыз», «Насихат-Қазақияда» жарияланып келді., Бұл жағдай төңкеріске дейін таралу жағдайлары ақынның шын мәніндегі халықтық тұлға, ел ақыны ретінде танымалдылығын дәлелдей түсетін деректер деп білеміз... Осы – Абай өлеңдерінің Зейнелғабиденнің қолына Кәкітайдан емес, ел арасына ауызша түрде таралған, немесе ауызша айтылудан барып қолжазба түріне енген күйінде жеткендігінің дәлелі».

Осыған қарап, Ә.Жиреншин мәліметтеріндегі жіберілген олқы деректер М.Мырзахметұлының ғылыми қалыпта жүйелеп, беймәлім тұстарды ашып кешенді зерттеуінен кейін өз жөнін тапты деген ойдамыз. Зейнелғабиден – Абай мұраларын насихаттаушы қазақ интеллигенті дегенді толық құптаймыз.

Төңкеріске дейінгі кезде Абай әлемін, ғұмырын насихаттауда ерен еңбек еткендердің ішінде Кәкітай Ысқақұлының есімі аталады. Кәкітайдың қолынан шыққан деректер ақын өмірбаяны, мұрасы жайынан тың ақпарат айнасы. Зерттеуші оның маңызына тоқтала: “Кәкітайдың жіберген олқылығы – Абайдың көркем шығармаларын түгелімен қамти алмауы дегені болмаса, өлеңдерін тақырыптарға бөліп, жіктеуі жағынан орынды. Кәкітай қазақ қауымының ой-өрісін ескеріп,

тақырыптық принципке сүйенген. Бүкіл қазақ Абай шығармалары, өмірбаяны туралы дерекпен тұңғыш Кәкітай арқылы ғана танысты”, – деп еңбектің шикілеу жақтарын да атап өтеді.

1916 жылы Орынборда шыққан Самат Әбішұлының “Абай термесі” еңбегінің қызметі орасан. Ерекшелігі 1909 жылы Петербургте шыққан Кәкітай бастырған жинақтан басқа бұрын баспа бетін көрмеген туындылары қамтылуы. Оның үстіне автордың қолындағы Абай өлеңдері жазбаша қолжазба деректер үлгісінде жеткізілген.

Профессор С.Әбішұлының қызметін Мүрсейіт қолжазбаларымен текстологиялық тұрғыдан салыстыра келе, бір-бірін асқан дәлдікпен қайталайтын ерекшеліктерді байқайды. Сонымен қоса еңбекті Абай шығармаларының екінші жинағы деп көрсетеді. Зерттеушінің: «Абай термесіндегі» өлеңдер ұлы ақын шығармаларының бастапқы нұсқа қалпын дәлме-дәл қайталайтын ерекшелігімен де ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Өйткені, Самат шығарған жинақ пен Мүрсейіт қолжазба көшірмелеріндегі өлеңдер мен қарасөздер мәтіні жағынан бірдей келіп жатуы – екеуінің де бір түпнұсқа мәтінге негізделгенін айғақтайды” [6, 41 б.], – деуі тарихи шындық. Сол себепті Абай қарасөздерінің бар қазаққа осы С.Әбішұлының еңбегі яғни екінші жинақ арқылы жеткендігіне ешкім дау айтпайды. Олай болса, абайтану тарихында «Абай термесі» санға қосылғанымен, ол жайында бұған дейін пікір білдірілген емес. Зерделеушілер 1909 жылы Петерборда Кәкітайдың бастырғанын ғана тілге тиек етісті. 1916 жылы Орынборда жарияланған жинақ “Абай термесі” хақында ешкім тіс жармады. Шындығында бұл абайтану тарихына соны серпін, кең жол көрсететін екінші дереккөз. Аталмыш жұмыс абайтанушылардың зерттеулерінен тысқарылап қалып, онсыз да белгісіздік көп мәселенің бояуын қалыңдата түсті. 1909 жылы жарияланып, текстологиялық ауытқуға кез болған ақын өлеңдерін Мүрсейіт көшірмесіне негізінде С.Әбішұлы еңбегімен қатар салыстыра қойғанда еңбектің абайтанудағы орны заңғарлана түседі.

Профессор ешбір ғалым көтермеген өзекті мәселені, қазіргі абайтанудың күн тәртібіне қойып, С. Әбішұлының “Абай термесі” атты сүбелі еңбегінің парқын даналықпен пайымдап, елеусіз қалған еңбектің сонылығын дәлелдеді. Абай қарасөздерінің тұтас қазаққа танылғандығын тауып, Мүрсейіт қолжазбаларымен сабақтастыра қарап, ғылыми зерттеулері нәтижесінде сенімді жазба деректердің көзін ашты. “Абай термесінің” авторы С.Әбішұлының абайтанудағы орнын айқындап, “Сегізаяқ” өлеңінің үлгісімен “Ойлы жұртым” өлеңін жазған ақынжанды азаматтың тұлғасын таныта білді.

Бұл – М.Мырзахметұлының өзгеге ұқсамайтын зерделеушілік қасиетінің, қырағы қалпының бір қыры ғана десе болғандай. Ғалымның өз тілімен айтар болсақ: “Самат Әбішұлы 1916 жылы Орынборда жариялаған “Абай термесі” жинағы – абайтану тарихында ұлы ақын мұрасын революцияға дейінгі дәуірде қалың бұқараға тарату, насихаттау саласында өзіндік орны бар елеулі еңбектердің бірі... Самат құрастырған “Абай термесіндегі” Абай өлеңдері сөзсіз Мүрсейіт көшірмелерінің біріне сүйенуі себепті абайтану тарихында өзіндік елеулі орны бар ерекше құбылыс. Осы себепті де бұл “Абай термесі” жинағы 1909 жылы жарияланған тұңғыш жинақтан соң, Абай шығармаларының екінші жинағы болып енуімен-ақ, жалпы абайтану тарихында өзіндік орны бар елеулі басылым ретінде бағалана бермек”.

Абайдың орыс әдебиетімен танысуын біз, көп жағдайда, оның орыс достарымен қатынасынан бері қарай деп білеміз. М.Мырзахметұлының келтірген деректеріне жүгінсек: “Абайдың орыс әдебиетімен танысуы тым ертеректен басталған, оған Потаниннің Абайдың немере туысы Халиолла туралы айтқаны дәлел. Ол бұл мәліметінде Халиолланың Тургенев, Лермонтов, Толстой, Белинский, Добролюбовтарды өз жерлестеріне насихаттаушының бірі болғаны туралы қызық деректер келтірген. Олай болса, жас кезінде-ақ Абай орыс әдебиетінің прогресшіл өкілдерімен алғаш рет туысы арқылы танысқан деуге әбден болады... Жоғарыда айтылған мәлімет бұған негіз бола алады”,- деген тұжырымында тарихи ақиқат бар. Ғалымның пайымдауынша, Абай өзінің шығармалары туралы алғаш бағаны орыс зиялыларынан алды. Ол келтірген деректер бойынша осы жайлы тұңғыш пікір 1903 жылы Петербургте Петр Петрович Семенов-Тянь-Шанскийдің редакциялауымен басылған “Россия. Біздің Отанымыздың географиялық баяны” деп аталатын ғылыми кітапта Абайды қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың өкілі ретінде қарастырған. Бұл 1903 жылғы аталмыш еңбекте ақын жайлы өткір де бағалы пікір айтылады.

М.Мырзахметұлы өзінің ғылыми ізденістеріндегі абайтанудың қалыптасу кезеңінде өзіндік орны бар еңбектер мен тағылымды тұлғалардың бейнесін жаңа деректермен үнемі толықтырып отырады. Бұл абайтанудың қалыптасуындағы тың бетбұрыстардың қаншалықты деңгейде

жүргізілгендігін анықтауымызға септігін тигізетін табыс. Күллі қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму заңдылығын тануда өз үлесін қосатын тың туындыларды алдымызға жайып береді. Солардың қатарында Абай шығармаларын орыс тіліне аудару проблемасын көтерген ағайынды Белослюдовтар абайтанудағы өнегесі мен ғылымға қосылған тамаша тамаша тұжырымдары деуімізге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Машанов, А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994ж.
- 2Қыдырәлі, Д. Маржани дүниетанымы және Абай // Ислам және қазақ мәдениеті. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Алматы, 2018ж.
- 3 Оразалиев, С. Абай және Ғұламаһи Дауани: филол.ғыл.канд. автореф. – Алматы, 1997ж.
- 4 Мырзахметұлы, М. Абайтанудың бүгінгі таңдағы міндеттері // Евразия KZ. – 2005. – 7-қазан.
- 5 Ғабдуллин Н. Абайдың нәзира үлгісі // Абай және қазіргі заман. – Алматы: Ғылым, 1994ж.
- 6 Мырзахметұлы, М. Бауржанның нашіясы // Жамбыл. – 2005. – №4. – 28-33 б.

ӘОЖ 82.123.05

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР МЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

ШОРТАНБЕКОВА НУРСУЛУ МЕДЕТБЕКОВНА

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены и научно-познавательны проанализированы данные об использовании крылатых слов и фразеологизмов в стихах Абая. Кроме того, широко представлены данные о месте фразеологизмов в литературоведении.

Summary. The article examines in detail and scientifically and cognitively analyzes the data on the use of winged words and phraseological units in Abai's poems. In addition, data on the place of phraseological units in literary criticism are widely presented.

Қазақтың ескіден келе жатқан ауыз әдебиетін алсақ, үлкен бір саласы болып саналатын түр ақыл, нақыл сөздер деуге болады.

Ақыл, нақыл сөздер аты белгісіз халық даналарының өмірді бақылай келіп айтқан үлкен ой, терең пікірлердің жыйынтығы. Тәрбие жемісі нақыл сөздерді де түгелдей халық туғызады десек қате болар еді.

Бізше, күні бүгінге дейін, мақал-мәтел, нақыл сөз делініп келген не олай деп айтылынбаса да сол тектес сөздерді мағынасына құрылысына қарап, ақыл сөздер (дидактикалық сөздер), нақыл сөздер (афоризмдер) деп екіге бөліп қарау керек тәрізді, мақал-мәтелдер өзінің мазмұнына қарай, кейбіреуі ақыл сөздер тобына, кейбіреулері нақыл сөздер тобына жатуға тиісті. Бұл екеуінің айырмасы қайсы. Бізше біреуі өмірді танытады, екіншісі өмірге жетектейді.

Ақыл сөздер халықтың кейінгілерге қалдырған өсиет ақылы, өмір тіршіліктеріне жетекші басшылық. Сондықтан, оның мағынасы ашық, ұғуға жеңіл көпшіліктің бәріне түсінікті, аз сөзге көп мағына сыйғызып, көркемдеп айтылған үлгі насихат [1].

Нақыл сөздер үлкен ой, терең пікірге құрылған, өмір туралы айтылған ел санасының қорытындысы. Ащы мен тұщы, алыс пен жақын, жақсы мен жаман осылар сықылды өмірдің әр түрлі жақтарын ой елегінен өткізіп, олар жөніндегі халықтың шығарған үзілді-кесілді өкімі өмірдегі әр алуан құбылыс, іс әрекеттерді өзінше, әбден бақылап, сынап келе, қатесіз өмірде тап осылай болатындығына көздері жетіп, өмір шындығына айтқандары дәл келетін етіп кейінгі ұрпаққа қалдырған халық даналығының сәулесі, ой түйіні.

Нақыл сөз, мағына жағын алғанда, ақыл сөз тәрізді, мынаны істе, жақсы, ананы істеме, жаман демейді. Өмірдегі өзінің көргенін, сезгенін, бақылағанын қорытып айтады да қояды.

Жаманға жүзің салма,

Малды екен деп,
Жақсыдан қолыңды үзбе
Жарлы екен деп.

Өнерлі жігіт өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер соғар.

Алдыңғысында адамның кімнен қашып, кімнен қол үзбеу керектігін айтса, соңында ол жоқ. Өнерлі жігіт пен өнерсіз жігіт туралы өзінің бақылай келе қорытқан пікірін айтады. Мынаны ал, мынаны алма демейді. Оқушы тыңдаушы өзінше ойлап, өзінше түйюлері керек [2].

Ауыз әдебиеті болсын, Абай алдындағы тарихи әдебиет болсын ақыл, нақыл сөздерге бай. Өмірдің әр түрлі жақтарын қамтыған неше алуан түрлерін ауыз әдебиеті, тарихи әдебиетінен кездестіруге болады.

Ақыл сөз
(Ауыз әдебиеті)
Жамандық көрген жеріңнен
Еңбекте де қаш.
Жақсылық көрген жеріңе
Еңбекте де жет.

Нақыл сөз
(Ауыз әдебиеті)
Көкті бу көтереді
Сүйрікті су көтереді
Ауырды нар көтереді
Өлімді бар көтереді.

Ауыз әдебиеті, Абайдың алдындағы XVII-XVIII ғасырлардағы тарихи әдебиеттеріндегі ақыл, нақыл сөздердің негізгі үлгілері осы келтіргендер.

Ауыз әдебиеті немесе, Абай алдындағы әдебиеттерімізде ақыл, нақыл сөздердің басым жатуы заңды. Абай алдындағы қазақтың тарихи әдебиетінің сарыны да негізінде ақыл, нақыл сөзге құрылады. Сондықтан оларды дидактикалық поэзия деп атасақ артық болмайды. Ақыл, нақыл сөздердің не әдемі, не терең мағыналы түрлері Абайдың өз өлеңдерінде де көп. Табиғатты, ел өмірін, сүйіспендік, өнер, ғылым тағы басқа өмірдің басқа саласына арналған ақынның жай, көркем сұлу лирикаларымен қатар өз кезіндегі шет көрген мінез құлықтарды қатты сынаған улы сатираларымен қатар, өз кезіндегілерге сабақ, кейінгілерге үлгі ретінде айтқан өлеңдері де Абайда аз емес. Бұл өлеңдердің де идеялық мазмұны, характері ақыл, нақыл сөзді керек етті.

Абай өзінің әлеумет өміріндегі ролін жақсы түсінді. Ол өзін, өз кезінің ақыны ғана емес, ұстазы екенін білді. Сондықтан ол өмірдің барлық саласынан жұртының бүгінгісіне де келешектегісіне де сабақ беруді адамдық борышым деп ұқты. Ақынның онысы дұрыс та, орынды да еді. Өйткені, қазақ тарихы Абайдан артық ойшыл, онан оқымысты, онан асқан ақындық талантты білмейді. Жалғыз қазақ емес, Абайды өз кезінде шығыста теңдесі аз табылатын ақын десек, асырып айту болмайды [3].

Сөйтіп, өз заманының ұстазы, өмірді оқушыларына үйретуші, танытушы ақын Абай ақыл, нақыл сөзге көп көңіл бөлді. Бұған өз өлеңдерінен және қара сөздерінен мысалдар келтірелік.

Ақыл сөздер.
Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та бар қалан.

Бұл келтірілген үзінділерде ақын өнер, ғылым, еңбек, достық, әділдік, өсек, өтірік, жауыздық, рақымшылық, талап, ар ұят тағы басқа бірнеше нәрселердің бетін ашып, не нәрсені адам қасиет біліп үйрену, не нәрседен қашу керектігіне басалқалық жасап, даналық ақыл береді. Осылар тәрізді өмірдің әр саласын алып аз сөзге көп мағына сыйғызып жұртшылыққа айтқан Абайдың өнегелі осы келтірілгендеріміз де жеткілікті. Сондықтан, оның нақыл сөздерінен үзінділер келтірілек.

Нақыл сөздер

Жарлылық, жалынышты, жалтаң көздік
Сүйкімді икемі жоқ, шалдуарлық

Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Нақыл сөздер Абайдың қара әңгімелерінде де кездеседі. Ғылымдар Академиясының Қазақ филиалы 1940 жылы бастырған 11 томында, Отыз жетінші сөз деген атпен басылған қара әңгімесінде жиырма төрт түрлі нақыл сөз (афоризм) бар.

1. Көңілдегі көрікті ойдың, ауыздан шыққан өңі қашады.

2. Кісінің баласы адамның дұшпаны,
Адамның баласы бауырың

3. Адам баласын заман өсіреді,

Кімде кім жаман болса,

Оның өздерінің замандастары виноват.

4. Биік мансап, биік жартас ерінбей еңбектеп жылан да

шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады. Жікшіл ел жетпей мастанады, желөкпелер шын деп ойлайды.

Біз жоғарыда ауыз әдебиеті, Абай алдындағы тарихи әдебиет Абайдың шығармаларынан ақыл, нақыл сөз деп нені ұғамыз, бұл екеуінің бірлігі, айырмасы қайсы, ауыз әдебиеті, тарихи әдебиет, Абайдың өз өлеңдерінде жиі кездесуінің себебі не деген сұрауларға өзімізше жауап бердік. Енді Абайдың бұл жөнінде ерекшелігі қайсы, соған келелік.

Абай алдындағы ауыз әдебиеті, тарихи әдебиеттегі ақыл, нақыл сөздерді құрылысы жағынан қанша көркем, мағына жағынан қанша терең десек те, не түрі, не мазмұны ұлттық шеңберден аса алмайды. Қазақтың не терең деген нақыл сөздерін алсақ та, мағынасы терең болса да түрі бұрынғы байырғы қалпында қала беретін.

Елу жылда ел жаңа,

Жүз жылда қазан

деген нақыл сөзін алып философиялық мәніне көз жіберсек, өмір өзгеріп отырады деген ұғымға жақын келеді. Бірақ сол философиялық пікір қазақтың Қара қазаны арқылы берілген.

Арымас тұлпар болмас,

Қажымас сұңқар болмас.

Еттің бәрі қазы болмас,

Иттің бәрі тазы болмас

деген нақыл сөздерді алсақ та, үлкен ойды, жабайы түрде бергендігін көру қиын емес.

Үлкен ойға орайлы сөз тауып, нақыл сөздерді мәдениетті биік сатыға көтерген қазақ тарихында бірінші ақын Абай болды. Оның даналығы, үздік суретші таланттарының үстіне әрі өз елінің, әрі шығыстың орыстың мәдениеттерімен қаруланған адам болуы өзіне шейінгі қазақ әдебиетіндегі ақыл, нақыл сөздердің үлгілерін мазмұны жағынан да түр жағынан да философиялық ұғым дәрежесіне жеткізді.

Абайдың өлеңдерінен жоғарыда келтірілген үзінділерді былай қойғанда, Абай өзіне шейінгі қазақ әдебиетіндегі болмаған сөз образы арқылы шын мәніндегі үлкен-үлкен философиялық пікір айту әдісін жоғарғы сатыға көтерді. Қазақ тілі, қазақтың сөзімен де қиюын тауып қалай білсе, мәдениетті елдердің тіліндегі философиялық ұғымды өз дәрежесінде айтуға болатындығының үлгісін көрсетті [5].

Осыны оқып ойлай бер, болсаң зерек,

Еңбекті сат, ар сатып неге керек.

Үш ақ нәрсе адамның қасиеті

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Ақыл мен, жан мен өзім, тән менікі,

Мен менен менікінің мағынасы екі.

Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

Менікі өлсе, өлсін, оған бекі [5].

Фразеологизмдер – тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі. Өзінің көнелеу жағынан да, стиль жағынан да оларға тән ерекшеліктері бар.

Тілімізде көкейге қонымды, көркем орамды алуан түрлі сөз тіркестері кездеседі. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес тізбектерді халық орынды пайдаланады.

Мақал - мәтелдермен бара бар жоғары бағалап, оларды қастерлей сақтап келді. Тіл тілдің өзіне лайық ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине тиянақты сөз тіркесінен де анық көрінеді.

Фразеологизмдер – өз мағынасында қолданыла келе, өзін көмкеріп тұрған әрқилы субъективтік, ситуативтік контекст қоршауында мағына мазмұны жағынан жетіле шындала түседі.

Қыл қаламның ұшынан талай сыйқырлы туындылар туғызған жансыз дүниеге жан, тілсізге тіл бітірген Абай фразеологизмдердің орнын тауып қолданған. Бұл тек қана Абай сияқты ұлы суреткердің, үлкен талант иесінің қолынан келеді. Киген киімнің, мінген аттың да күтімі әр басқа болғаны сияқты, сөз айшықтарын соның ішінде фразеологизмдерді өз орайы, өз ретін тауып сөйлеуде үлкен мән жатыр.

Абайдың озық ойы, үздік идеясы шығармаларына терең де нәрлі мазмұн берсе, ол мазмұнға емшек сүтімен бірге шыққан – ана тілі жайлы төсеніш, жарасымды форма бола алды. Бұған, әрине, Абайға біткен дарындылық, өзгеше қабілет, асқан талғампаздық әрі жетек әрі, тірек болды.

1. Абиыр табу – жақсы атаққа ие болу.

Осы да есеп бола ма
Ар, абиыр тапқанға
Миың болса жолама
Бос желігіп шапқанға

2. Көз майын ағызу – ақын бұл жерде махаббат сезіміне қатты бой ұруды айтып отыр.

Жылайын, жырлайын
Ағызып көз майын.
Айтуға келгенде
Қалқама сөз дайын

3. Ажым басу – бетке көп сызат түсу.

Мен дағы көп есіттім жастық назын
Қол жетпеске қол созар бар ма лажың
Боламын деп жүргенде болат қайтып
Жалын сөніп, жас жүзін басады ажым

4. Көңілге ажым салмау – ренжітпеу, кемітпеу

Екі қыз кетіп бір күн, қалды Әзім,
Салған жоқ қыздар оның көңіліне ажым.
Тал түсте бағанағы кірме деген
Есікке кіріп кетті бар ма лажың

5. Азабын тарту – бейнет шегу, ауыртпалығын көтеру

Ел тамағын,
Жұрт азабын,
Жеке тартқан кетті гүл.
Сондай ерді,
Алла берді,
Табар ерді біздің ел!

6. Азат болу – құтылу, босану

Жазу жаздық,
Хат таныдық,
Болдық азат молдадан.
Шала оқудан,
Не жарыдық,
Қалғаннан соң құр надан.

7. От азаю – куаты кему
Қартаң тартқан адамнан от азаймақ
От азайса, әр істің бәрі таймақ,
Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып
Жолың тайғақ, аяғын тартар маймақ

8. Тілге азу – сөзге еру
Ұрыны тыю да оңай болар еді
Бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын
Азатұғын байларды кім тыяды

9. Айға талпыну – ақын бұл жерде қол жетпеске ұмтылу, талаптану деген мағынада қолданып отыр.

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі алданыш.
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс.

10. Айғай салды – дауыстау, айқайлау
Келді ойбай
Салды айғай
Түк қоймай боқтады.

11. Зар айту – іштегі шерін шығару, мұңын шағу
Ұрыңнан асырдық
Сұм тілді қарыңды
Жасырдым, жасырдым
Енді айттым зарымды.

12. Сәлем айту – сәлем жолдау
Айттым сәлем, Қаламқас
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Е.Жампейісов. «Абай жолы» роман-эпопеясының тілі, Алматы, 1995 ж.
2. А.Нұрқатов. Абайдың ақындық дәстүрі. «Сенім», Астана, 1999 ж.
3. Б.Шалабаев. Қазақ романының қалыптасуы мен дамуы, Алматы, 1994 ж.
4. Ғ.Мүсірепов. Қазақ әдебиетінің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи ролі (мақала) «Суреткер парызы». Алматы, 1999 ж.
5. А.Құнанбаев. Өлеңдер жинағы. Алматы, 2001ж.

ӘОЖ 81.569.29

Ғ.МҮСТАФИН ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

АЮБАЕВА Р.К., ШАХМЕТОВА Г.Ж.

Амангелді атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В докладе повествуется о языковых значениях фразеологизмов в творческих произведениях Г.Мустафина.

Summary. The linguistic character of phraseology in G.Mustafin's works word will be.

Атадан балаға мирас болып келе жатқан ана тіліміздің болашағы жайлы әртүрлі пікірлер айтылып жүрген бүгінгі таңда тілдік қорымыздың өте бай саласы – тұрақты тіркестер және оның көркем шығармада қолданылу жайын қарастыру заман талабынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі екендігін жасыра алмаймыз.

Кезінде фразеологизмдерді қарастырған орыс ғалымдары болашақта фразеологияның орны тіл білімі ғылымында фонетика, синтаксис, морфология тәрізді салалармен тең тұрғыда зерттелетіндігін баса айтқандығы белгілі. Жалпы қазақ тіл білімінде фразеологиялық тіркестер өткен ғасырдың орта тұсынан бастап ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастырыла бастады. Оған осы салада қомақты зерттеу еңбектері мен тиянақты тұжырымдар білдірген белгілі ғалымдар: І.Кеңесбаев, К.Аханов, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев, М.Серғалиев, Р.Сыздық, М.Оразов, Ә.Болғанбайұлы, М.Белбаева, Ж.Мусиндердің еңбектері дәлел болады. Ал ұлттық болмысымызды, рухани құндылықтарымызды сақтауды мақсат тұтқан қазіргі кезеңде ұлттық мәдениетіміздің бір айғағы тұрақты тіркестер тілші ғалымдардың назарын өзіне аударуда. Оның дәлелі ретінде Ғ.Сырлыбаева, Г.Н.Смағұлова, Б.Қ.Момынова, Р.Барлыбаева, Р.Садықбеков, Ғ.Қалиұлы, А.Айғабылов, Р.Ә.Авакова, Ұ.Қайырбекова, С.Сәтенова, тағы басқа ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын атап көрсетуге болады.

Тұрақты тіркестер – келешекте жастарымыздың тілдік қорын байытуға, ойлау қабілетін дамытуға ықпалы зор айшықты да, өткір, мәнді тілдік қазына болып табылады. Осыны жақсы түсінген ұлттық руханиятымызда орны ерекше көркем сөз шеберлері, қарымды қаламгерлеріміздің бірі – Ғ.Мұстафин өз туындыларында тұрақты тіркестерді мейлінше кеңінен, орнымен қолдана білген. Қаламгер шығармаларында ақ дегені алғыс, айызы қану, ала жіпті аттамау, ат кекілін кесіп кету, аузының суы құру, әкесін таныту, бармағын тістеу, бет моншағы үзілу, жүрек жұтқан, ит өлген жер, көзігіп алу, көз аларту, көз бояушылық жасау, көңілі суу, абыройын айрандай төгу деген тұрақты сөз тіркестер молынан кездеседі. Сондай-ақ, жазушы қолданысында синоним, омоним, көп мағыналы сөздер мен архаизмдерден жасалған тұрақты тіркестер де аз емес.

Ғ.Мұстафиннің шығармашылығында үстеулік мағыналы фразеологиялық тіркестер де мол ұшырасады. Мысалы, «Он бес қара бордақылауға, оны **қара өзек** шақта сойып сатуға бекіді» деген сөйлемді алайық [1]. Мұндағы жазғытұрым ұғымын **қара өзек** тіркесі беріп тұр. Ол бұл сөзге синонимдік қатар жасайды. Айта кетер бір жай, **қара өзек шақ** тіркесі бірде үстеулік мағынада келсе, кейде заттық мағынада да қолданылады. Мәселен, қара өзегін қақ жарып шыққан шындық дегенде заттық мағына береді.

Қаламгер шығармаларында тұрақты тіркестердің орын алуы мәселесін қарастыру барысында байқалған бір нәрсе – етістік тобына кіретін тұрақты тіркестердің семантикасы әр алуан екендігі. Ғ.Мұстафин шығармаларында етістік тобына кіретін тұрақты тіркестердің ішінде нақты іс-әрекетті көрсететін фразеологизмдер көп. «Бала бақылаусыз, бала үйдегісін мектепте де істейді дегенде, Жантас **кірерге жер таппаған**. Жомарт **жақ ашпады**. Ермектің өзі **бет бақтырмайды**. Қалай тұрсаң, олай тұр, мен мұныңды **ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына жаям**» [2,266.]. Осында алынған бірінші сөйлемдегі **кірерге жер таппаған** тұрақты тіркесі ұялды деген мағына берсе, екінші сөйлемдегі **жақ ашпады** деген тұрақты тіркес үндемеді мағынасында келіп тұр. Ал **бет бақтырмайды** мойындамайды деген мағына берсе, **ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына жаям** деген тұрақты тіркес хабарлау, тарату мағынасында қолданылған.

Тұрақты тіркестер өзінің ұйытқы сөзіне орай әртүрлі семантикалық мәнге иелік жасай алады. Бірде тұрақты тіркестердің құрамындағы жеке дара сөздер өзінің түпкі мағынасынан ажырамаса, кейде мағынасы сақталмастан, метафоралы ауыспалы мағынада жасалады. Ал кейбір тұрақты тіркестерде сөздер негізгі мағынасынан түбегейлі ажырап қалады. Бұларды ғалым Х.Қожахметова етістік тобындағы фразеологиялық тұтастықтар деп атайды[2].

Оларға бірінші, нақты іс-әрекет, қимыл-қозғалысты көрсететін құрамындағы сыңарлары түпкі мағынасынан айрылмаған фразеологиялық бірліктер жатады. Осы фразеологиялық бірліктерге мысалға «Миллионердегі» «Сол жатқаннан түн ортасына дейін **тұяқ серіппеді**» деген сөйлем мысал болады. Осында **тұяқ серіппеді** деген тіркес оянбады деген мағына үстейді[1]. Сөз

таптарының ішінде етістік тобына кіретін келесі бір тұрақты тіркестер психологиялық жай-күйді көрсетеді. Мысалға, «Миллионердегі»: «Жанат мұңайғанда, Ырысжанның **жаны шығып кете жаздады**. Осы үш пәледен құтылсам дегенде **көкірегі қарс айрылды** Бейсеннің» деген сөйлемдердегі тұрақты тіркестер, «Қарағандыдағы»: «Не дерін білмеді, **жүрегі аузына тығылды**. Осыны айтқанда Әлібек бар **қанын ішіне тартып алған** екен» деген мысалдардағы тұрақты сөз тіркестері белгілі бір немесе, нақты іс-қимылды атамайды[1]. Мұндағы **жаны шығып кете жаздады** аяу мағынасын, **көкірегі қарс айрылды** уайымдау мағынасын, **жүрегі аузына тығылды** қорқу мағынасын, **қанын ішіне тартып алған** ызалану мағынасында қолданылған.

Ауыспалы, келтірінді ұғымды беретін психологиялық жай-күйді білдіретін етістік тобындағы тұрақты тіркестерге тағы бір мысал келтірейік: «Соны қайсың бердің? – деп, **жанымызды суырып ала жаздады**. Кеудесіне нан пісіп сендерге бұдан былай пысырмаймын да деп отыр» [2,28б.]. Осы сөйлемдердегі **жанымызды суырып ала жаздады** тіркесі қысу мағынасын, **кеудесіне нан пісіп** тіркесі дандайсу мағынасын үстейді.

Тұрақты тіркестер қолданылу қызметіне қарай сөйлемде тұрлаулы да, тұрлаусыз да мүшелер болып келеді. Ғ.Мұстафиннің тілдік қорында тұрақты тіркестер әсіресе баяндауыш қызметін көптеп атқарады. «Алыстан келіпті, **жаным ашыды**» [1] деген сөйлемде **жаным ашыды** тіркесі айдым мағынасында қолданылып, баяндауыштық қызмет атқарып тұр.

Ғалымдардың пайымдауынша, біріншіден, тұрақты тіркестер «лексикалық бірлік түрінде, тізбектелген түрде жай сөйлемдердің ішінде келіп, баяндауыш қызметін орындайды. Ондай тұрақты тіркестер етістікше түрлене алады. Кей жағдайларда осындай тұрақты тіркестер күрделі баяндауыштың құрамында да ұшырасады». Ғ.Мұстафиннен алынған: «Өлгі ант ұрғанмен де **түс шайысып қалдым**. Екі өкпеңізден қысып **жаныңыз мұрныңыздың ұшында тұрғандай болдыңыз ғой**» [1] деген сөйлемдердегі **түс шайысып қалдым**, **жаныңыз мұрныңыздың ұшында тұрғандай болдыңыз** деген тұрақты тіркестер көмекші етістіктермен қабыса отырып, күрделі баяндауыш қызметін атқарады.

Екіншіден, байқап қарасақ, Ғ.Мұстафин шығармаларында қолданылған тұрақты тіркестер сөйлемдегі орналасу ретіне қарай сөйлемнің басқа мүшесі де қызметін атқара алады. «**Жүнің жығылып** неғып отырсың? **Көз байлана** қалаға енді екеуі. Мейраммен алғашқы кездескен жерде-ақ **апшысып қуырған** өткір келіншек – осы Балжан» [1] деген сөйлемдерде **жүнің жығылып**, **көз байлана** деген тұрақты тіркестер баяндауыштың жай-күйін анықтып, пысықтауыш қызметінде келсе, **апшысып қуырған** деген тіркес анықтауыш қызметін атқарып тұр.

Үшіншіден, етістік тобындағы тұрақты тіркестер құрмалас сөйлемнің құрамында орын алып, бірде басыңқы, ал келесіде бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметін де атқарады. «Миллионердегі» «Жанат мұңайғанда Ырысжанның **жаны шығып кете жаздады**» деген сөйлемде жаны шығып кете жаздады деген тұрақты тіркес баяндауыш қызметін атқарып тұр[3].

Қаламгер туындыларына зер салсақ, тұрақты сөз тіркесі мезгіл бағыныңқы құрмалас сөйлемнің бағыныңқысының баяндауышы да қызметінде келе береді. «Миллионердегі» «Қонағының **ішіне ел қонған кезде**, Жанат шым-шымдап сыр тартуға кірісті» [3] деген сөйлемде **ішіне ел қонған кезде** деген тіркес құрмалас сөйлемнің бірінші бағыныңқы сөйлемінің баяндауышы болып тұр. Ал, «Дауылдан кейіндегі» «**Сапты аяққа ас құйып, сабынан құрауыл қарайтын болсаң**, қызмет теу өте ауыр» деген сөйлемде тұрақты сөз тіркесі шартты бағыныңқының бағыныңқы сөйлемінің күрделі баяндауышының құрамында да орын алған. Кей тұстарда Ғ.Мұстафиннің шығармаларына зер салсаңыз, тұрақты сөз тіркестері алғашқы сөйлемдегі айтылмақ ойды жалғастыра өзі жеке-дара сөйлем құрайды. «Соны қайсың бердің? – деп, **жанымызды суырып ала жаздады**. **Ақ безер де көк безер бола бердік**» деген мысал осыған айғақ болады [4]. Осы мәселені қарастыра келіп, біздің байқағанымыз, қимыл, істі білдіретін тұрақты тіркестер етістік сөз табында жұмсалады. Яғни, бұл дегеніміз, тұрақты тіркестердің баяндауыш қызметінде келетінді. Болмаған жағдайда етістік ретінде күрделі баяндауыш болады. Ғ.Мұстафиннің шығармаларында тұрақты сөз тіркестерінің пунктуацияға байланысты кездесетін мәселесі де айрықша назар аударады. Үтір – тыныс белгілерінің ішінде ең мол қолданылатындарының бірі болып табылады. Қаратпа сөздерге байланысты қойылатын үтірге Ғ.Мұстафин шығармасынан алынған: «**Кәрі тарлан, шапқан сайын үдейсін**» [3] деген сөйлем мысал болады.

Сондай-ақ, Ғ.Мұстафин шығармаларындағы тұрақты тіркестердің табиғатына көңіл бөлсек, метафора, метонимия, синекдоха, теңеу, эпитет гипербола, литота, градация, қайталау, тағы басқа

тілдік суреттеме көркемдегіш құралдар көптеп орын алғандығына куә боламыз. Қаламгердің тілдік қолданысында олар кей тұстарда жай тіркестерден құралса, енді бір жерлерде тұрақты тіркестерден жасалады.

Мысалы, құбылтудың бір түрі – аллегорияны алайық. Әдебиетші-ғалым З.Қабдолов аллегория терминіне тоқтала келе, ол туралы «ұғым қалпында тұрған дерексіз нәрселер кәдімгідей көзге көрінер деректі нәрсеге ауыстырылады» деп қорытынды жасайды [5,234б.]. Айтпақ ой астарлап берілетін, дерексіз ұғымдар деректіге айналатын құбылтудың бұл түрінің тұрақты тіркестерден болып келуі Ғ.Мұстафиннің сөз саптауында шебер жасалған. «**Тышқан ініне кіре алмай жүріп, құйрығына қалжауыр байлайды**» деген мысал осының айғағы [3].

Ғ.Мұстафиннің туындыларында мақал-мәтелдердің орын алуы мәселесі ерекше көңіл бөлерлік жағдай. «Дауылдан кейін» романының өзінде «Адасқанның айыбы жоқ, қайтіп үйірін тапқан соң», «Ел құлағы елу», «Байтал шауып бәйге алмас», «Бұйырған кетпес», «Біреуге мал қайғы, біреуге бас қайғы» деп келетін жалпы саны жетпіске жуық мақал-мәтел кездеседі [2]. Ғалым Х.Қожахметова Ғ.Мұстафиннің қаламынан «Бабын таптаған еңбек, құмға құйған су сияқты. Бабын тапсаң, ана сияқты. Ие береді, ие береді», «Көз сәулесінен көңіл сәулесі күштірек» сияқты сөз мәйегі – мақал-мәтелдерге ұқсас келетін айтуға жеңіл, мазмұнға бай қанатты сөздердің де көптеп туындығындығын жазады [2].

Ойымызды түйіндей келгенде, ана тіліміздің өте бай, маңызды бір бөлігі – тұрақты тіркестерді көрнекті жазушы Ғ.Мұстафин өз мәнінде, табиғи қалпында пайдаланумен қоса оларды асқан шығармашылықпен жаңғырта жаңартып, өзіндік рең үстеп, түрлендіре қолданған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. Т.2. 1982. – 424б.
2. Қожахметова Х.Қ. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1972. – 112б.
3. Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. Т.1. 1982. – 348б.
4. Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. Т.3. 1982. – 424б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп. 1976. – 275б.

ӘОЖ 82.897.24

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТІМІЗДІҢ ДАРА САҢЛАҒЫ

ИСМАМБЕТОВА ЛАЗЗАТ МАРАЛОВНА

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БАЙШОНОВА ИНДИРА ШАРИПБЕКОВНА

Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается о том, как Беимбет Майлин своими и произведениями поднял нашу национальную литературу на безупречную высоту, свидетельством чему он создал замечательную галерею национальных героев, а имя его великого таланта никогда не померкнет из памяти, сердце страны, даже спустя годы и столетия.

Summary. The article discusses how Beimbet Mailin, with his works and his works, raised our national literature to an impeccable height, as evidenced by which he created a wonderful gallery of national heroes, and the name of his great talent will never fade from memory, the heart of the country, even after years and centuries.

XX ғасыр – ел тарихындағы өте күрделі әлеуметтік қайшылықтарға толы кезең болды. Өткен ғасырдың басынан бастап, сталиндік репрессияға дейінгі уақытта жер, отаршылдық, оқу-білім жайы, сауатсыздықты жою, әлеуметтік теңсіздік, әйел құқығы деген мәселелер алдыңғы орында болды. Әлеуметтік проблемалар немесе қоғамдық мәселелер – бұл адамға тікелей немесе жанама әсер ететін және қоғам мүшелерінің айтарлықтай бөлігінің көзқарасы бойынша оларды

жеңу үшін ұжымдық күш-жігерді қажет ететін жеткілікті күрделі мәселелер мен жағдайлар десек, бұл уақыттағы әлеуметтік мәселелердің бүгінгі таңда да өзіндік жаңаша сипат пен маңызға ие болуы заңды. Әлеуметтік мәселелер мен қоғамдық жағдайдың нәтижелі шешілуіне әдебиет те өз үлесін қосты. Бұл дәуірдің ұлт-азаттық қозғалысы қазақ әдебиетіне бостандық идеясы мен ұранын әкелді. Әдебиетте бұл ең алдымен надандық пен қараңғылықтан бүкіл халық болып құтылу, азаттық алу идеясы арқылы көрінсе, екінші жағынан, жеке адамның бас бостандығы үшін күресінен көрінеді. Жеке адам үшін күрес қоғамның бұл кезге дейінгі бас еркі жоқ мүшесі болып келген қазақ қызының тағдыры төңірегінде өріс алады. Бұл заңды құбылыс еді.

Жалпы алғанда, XX ғасыр прозасында Б. Майлиннің өзіндік үлесі де, қайраткерлік белсенділігі де аз емес. Өзі қызмет атқарып, сөзі жоғары шыңда болды. Оның шығармашылығында белгісіздік мәселелер аз емес. Оны жоғарыда айтып өткеніміздей, жазушының көптеген дүниелерінің бүркеншік атпен жариялануымен байланыстырамыз.

Қазақ жазушылары бүркеншік есімдерді алуда ұлттық ерекшеліктерді ескерген, өзіндік сипат қалыптастырған. Көптеген ақын-жазушылардың бүркеншік есімдерін талдай отырып, былайша жіктеуге болады:

1. Автордың туған жері мен руының алынуы;
2. Аты-жөнінің бас әріптерінің алынуы;
3. Тек атын ғана көрсетуі;
4. Қоғамдық мақсатын көрсетуі;
5. Жақындарының есімдерін көрсетуі, т.б.

Осылардың көріністерін Б. Майлин шығармашылығынан айқын көреміз. Алғашқыда ұзақ уақыт бойы көркем туындыларының соңына «Шаңқан» деген бүркеншік есімді қолданған. Ал, Шаңқан жазушының дүниеге келген аймақтағы шағын төбенің атауы болған.

Көркем дүниелері секілді қарапайымдылығы адамдығының басты қасиеті болған. Қысқа ғұмырында қаламынан көптеген көркем дүниелер жазылған жазушы көп ретте бүркеншік аттармен берген. Бейімбеттанудың басында тұрған Т. Нұртазин өзінің зерттеуінде, Б. Майлиннің әлі де табылмаған көркем шығармаларының көп екендігін айтқан болатын. Оның себебі ретінде көбіне жазушының бүркеншік есімді көп қолданғандығын, 21 псевдонимі мәлім болғандығын жеткізген. Кейінгі зерттеулерде оның саны да артып отырды. Бейімбеттанушы Тоқтар Бейісқұловтың жұмысында 74 бүркеншік есімі жарияланды.

Ұлттық әдебиетіміздің дара саңлақтарының бірі Бейімбет Майлиннің өмір жолы да қиындықта өтті. Балалық шақтың бал дәмін сезіне алмаған жазушы сталиндік зұлматтың құрбаны болды. Бұл турасында жазушының қызы Разия Бейімбетқызы былай деп тебіренеді: «Ардақты әкем Бейімбет Сталиндік репрессия кезінде 1937 жылы қазанның 6-сында жазықсыз «халық жауы» деген жаламен қамауға алынып, 1938 жылдың 26 ақпанында НКВД-ның түрмесінде атылды. Ал 1938 жылдың 13 сәуірінде шешем «халық жауының әйелі» ретінде 8 жылға сотталып, лагерьге айдалды. Ал, біз, балалары – Мереке, Еділ және мен Семейдегі балалар үйіне жіберілдік. Ал екі жасар кенжеміз – Гүлсімді Алматыдағы сәбилер үйіне орналастырды. Бұл уақытта үлкен ағамыз Әукен Қостанайда болды. Біздің балалық шағымыз өте ауыр, қиын жағдайда өтті. Ол кезде мен 12 жасар баламын. Әке-шешеден тірідей айырылған бес баланың тағдыры не болушы еді. Біздің көргенімізді, көл болған көз жасымызды адамның басына бермесін!».

Осы бір үзіндінің өзі-ақ, өткен ғасырда халық үшін бастарын бәйгеге тіккен, руханияттың жоқшысы болған біртуар азаматтарымыздың ұсталғаннан көрген азаптары, ұрпақтарының тағдыр теперішіне ұшырап, қудаланғандығы, жалпы сол уақыттағы адамдардың өмірлік жолдарын айқын танытады. Бейімбет Майлин де әлеуметтік мәселелердің жоқшысы болды. Сол үшін жазалы болды.

Бейімбет Майлин шығармалары бүкпесіз, шынайы қалпында елестейді. Оның туындыларында өмірден алынған іс-әрекеттер, адам мінездері осы юморлық қолданыстар арқылы сөйлейді. Суреткердің өмір диалектикасына толы туындылары Қазақстанда социалистік құрылыстың қандай қиындықтарды бастан кешіргенінен мол әрі анық дерек береді. Оның суреткерлік қуаты айрықша танылған, қазақ әдебиетінде ірі құбылыс болған «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» әңгімесіне назар аударайық. Әңгіменің өзі юморлық баяндауға толы. Мына бір үзіндінен сол уақыттағы шолақ белсенділер заманы шынайы аңғарылады: «Алғабас» артелінің мүшелері мектепке жиналсын деп хабар айтылған. Жұрт бірен-сарандап келіп жатыр.

Артелье ұйымдасқан 63 үй, қоныстары төрт бөлек: бір ауыл мен екінші ауылының арасы 8-10 шақырым.

– Көлік арық, көбі көтерем, жаяу-жалпы үлгіре алмай жатыр ғой, деседі. Артель жиылысы екі күннің бірінде болады. Өкіл қаптап кеткен кезде күніне екі рет жиылысы болып қалуы да мүмкін. Сонау 10 шақырым жердегі мүшелер бұл жиылыстың бірінен де қалмайды.

Жасыбай былғыр «кәлаунияға» кіргізгенде, адам күші мен жұмыс көлігі ғана ортақ болады деп еді. Ауданнан бір дудар бас өкіл келіп (өзін «төтенше өкіл» деді ме – бірдеме деп еді) «Малың да ортақ, жаныңда ортақ, үйің де ортақ» деп әлекті салды. Бұзау-торпақта, көк сиыр да ортаға түсіп кетті де барды... Әңгіме – малдың бәрінің ортаға түсуінде емес, мына тұқымды табуда болды. «Осының жөні қалай, біздің тұқымымыз дайын еді ғой?» деп күңкіл десеміз. «Жоқ, табасың!» деп өкіл қыса түседі... Тағы бір қызығы бар; мен өзім басқа тапшы адаммын. Бір үйде жеңгенмен екеуіміз ғанамыз. Жаның аз болған соң, бір-екі малың, бір-екі десе жерің болған соң салыққа ілігіп кетеді екенсің, бір сом 70 тиын салық түсті маған. Осы салық қырсық болып жабысып, тұқымды салық тартқандарға пай қылып бөлгенде, маған 21 пұт тұқым қоры түспесін бе! Ал, Дайрабай, енді белсенді болып көр! 21 пұтты төлеп құтылмасаң белсенділік қайда? Жан мұрынның ұшына келді. Сатып алуға ақша жоқ, айналдырған екі қараны коллектив жазып қойған, маңына да бара алмаймыз. Қатынның үйінен келген көнетоз кілемі бар еді, сатайын десем қатын бажылдап маңына жуытпайды. Енді не қылмақ керек...

Осы юмор, сатира арқылы автор күнделікті өмірдегі адамдар арасындағы қарым-қатынастар арқылы көрінетін кейбір мінездер сөз болады.

Бұдан басқа жазушының «Ұлбосын» әңгімесіндегі Ұлбосын, Шарипа, Досбол, «Тұяқ өлі кісіндегі» молла, Түлкібай, «Тасболаттағы» Тасболат, Амандық, «Серттескендердегі» Маржанбике, Айжандардың, «Оңай олжадағы» Степанның, «Раушан-коммунисттегі» Айранбай, Раушан, «Берен», «Күлтай болыс» әңгімелеріндегі кейіпкерлердің бәрі де типтік бейнелер. Астарында зілі жоқ жеңіл күлкі, халықтық юмор арқылы шынайы ауыл тұрмысын, замана болмысын суреттеген шығармалардың бір шеті халықтық этикамен ұштасады.

Бейімбет Майлин шығармаларындағы көркем образдарды талдай отырып, қазақтар арасында сақталған ұлттық салт-дәстүрлерді, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды көркем сипаттайды.

Жазушының қай кейіпкерін алсақ та, өз заманының шынайы бейнесін көрсетеді, ойыны, әзіл-қалжыңы араласып, үнемі бірлік пен татулықты ұнатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейісқұлов Т. Ақиқатты айналып өтпеген жазушы // Аңыз адам.- 2014.- №11.- 5-11бб.
2. Мұқанов С. Есею жылдары. – Алматы: Ғылым, 1970
3. Нұртазин Т. Бейімбет Майлин творчествосы / Нұртазин Т. – Алматы: Жазушы, 1966.- 47-48б.

ӘОЖ 82.491 (023)

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАДАҒЫ КӨРКЕМ ХАРАКТЕР

ҚЫРҒЫЗБАЙ СӘУЛЕ ДӘНЕҒҰЛҚЫЗЫ

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА ҚҰЛИБАЙҚЫЗЫ

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, профессордың ассистенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается проблема художественного характера в литературном произведении.

Summary. The article examines the problem of an artistic nature in a literary work.

Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық әдебиеттің негізі болып табылатын реалистік, романтикалық және модернистік жағдайлар арқылы образ жасаудағы, характер бейнелеудегі авторлық тұрғыны

шартты түрде беруде жаңа проза элементтерін қолданып жүрген қаламгерлеріміздің қатарына Д.Әшімхановты, Р.Мұқанованы, А.Алтайды, Н.Оразды, Қ.Аманжолды, Қ.Түменбайды, С.Оспановты, Қ.Жиенбайды, Т.Ахметжанды, Д.Рамазанды, А.Кемелбаеваны, Д.Амантайды жатқызуға негіз бар. «Батыстың кейбір жазушылары болмысты кейіпкердің сана-сезіміндегі күрделі толқыныстар арқылы беру тәсілін ұсынады. Рухани жалғыздықтан тартатын жапасын, өмірдің мәнін іздеуден тұратын ізденісін терең ашады. XX ғасырдағы көркем ойдың үлкен жаңалығы осы» [1, 53б.] деген пікірде осы кезең жазушыларының прозасындағы жағдай мен характердің байланысының жаңа қырларын табуға негіз бар.

Бұлардың дені әдебиетке қайта құрудың қатысушылары және тәуелсіздік куәгерлері болып келді. Олар ел өміріндегі өзгерістерді өздері сезе отырып, оны түсінуге, тануға, бағалауға мүдделі болды. Қаламгерлердің осы жолда әлемдік әдебиеттегі көркемдік ізденістерге жиі жүгінгені жасырын емес. Бұл орайда мынадай тұжырымға назар аударуға болады: «Қазіргі кезде дүние жүзі көркем әдебиетінде өмірді бейнелеудің әдіс-тәсілдері, көркемдік машықтары, әдеби-тәжірибелер бой көрсетті. Олардың бірқатары қалыптасу үстінде. Модернизм, авангардизм, мифологизм, эксизтенциализм, сюрреализм сияқты ағымдар өркениетті елдер әдебиетінің тарихында өз ізін қалдырды. Енді осы әдіс-тәсілдерге үрке қарауды қою керек сияқты. Көркемдік ізденістері алуан түрлі егемен еліміздің ешкімге ұқсамайтын жаңа дәуірінің ұлттық әдебиетін жасау алдымызда тұрған зор міндет» [2, 122б.]. Жастар прозасында осындай ізденістер баршылық.

Көркем әдебиет нұсқалары өзінің табиғаты мен ерекшеліктеріне орай қоғам келбеті мен қазіргі өмірдегі мінездері әр алуан дәреже деңгейде өрнектейтіні анық.

Адам тіршілік етіп отырған әлеуметтік қоғамның болмысы кез келген көркемдік түрден және әдеби үрдістен әлбетте бай болып келеді. Уақыт барысының, адамдар ұғымының, қоғамның саяси-әлеуметтік, ұждандық сипатына сәйкес әдебиет пен өнердің де түрленетіні туралы аз айтылған жоқ.

Әдеби амал-тәсілдердің белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар тоғысуында, мінездер алмасуда өзгеріп, дамитыны заңды құбылыс. Олардың дүниеге келуі мен бірте-бірте дамуы үшін нақтылы әлеуметтік тарихи жағдайлар қажет. Сондай-ақ өмірді көркемдік тұрғыдан тану тәсілдері де қаламгерлердің өз ерекшелігі, табиғаты, талантының шама-шарқына қарай әр алуан екені түсінікті.

Осындай пікірдің қалыптасуына қоғам мен адам, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты, қайшылықты құбылыстарды философиялық тұрғыдан тереңірек суреттеуге деген ұмтылысы бар шығармалардың көптеп көрінуі қызық болып отырғандай.

Қазіргі заман тынысын, ондағы құбылыстар мен өзгерістер адам бойына қандай сезімдер мен әсерлер дарытты, қандай қайшылықтар тудырды, таным-түйсігіне, ойлау бағытына қалай әсер етті. Міне осы жағдайлар бүгінгі қазақ әдебиетінің күрделі мәселелерінің бірі болып табылады.

«Соңғы жылдарда өлеңде, прозада әсіресе, жастардың шығармаларында тәңірге табыну, Аллаға сыйыну, «Құранды», «Інжілді» көбірек тануға, білуге деген ұмтылыс басым. Өмірдің бүгінгі қым-қуыт қиындықтарынан шығар жол іздеп жанұшырған жүрек пен ойдың құдайға жалбарынуы, ғарыш әлемімен тілдесу тәсілі етек алып келеді.

Бұл – осыған дейін тану мен таразылаудың басты өлшем құралы болып келген коммунистер ілімінен түбегейлі қол үзген дәуірдің мінезі» [3, 117б.] деген пікір де ойлантарлық.

Ұзақ жылдар бойы әр түрлі себептермен өзінің тілі мен дінінен, тарихынан, шыққан тегінен жырақтап қалған ұлттық көркем ой осының бәрін қайтадан өз бойына жинақтап, одан нәр алу үшін терең ой-толғамдарды, көркем әдіс-тәсілдерді игеріп жатқаны байқалады, жазушылар заман тынысы мен замандас бейнесінің жаңа бір қырларын өрнектеуге ұмтылуда. Олар көркемдік-философиялық тың проблема көтерерлік әлеуметтік өрісі кең тақырыптарға ойысты. Қоғам дамуының сырын сездірерлік соны жәйттерді шығармаға өзек ету, характер эволюциясын сипаттау мақсатында пішіндік жаңалықтарға өріс беру сияқты ізденімпаздық рух бой көтерді.

Адамдардың рухани мәдениетінің қалыптасу жағдайлары – аумалы-төкпелі заманымыздың ең маңызды мәселесі. Өйткені қоғамның рухани болмысы адамдарды алаңдатуда. Ол адамдардың, саяси-моральдық азып-тозуына елдің әлеуметтік-экономикалық құлдырауына әкелуі мүмкін.

Ұлттық құндылықтарды бағалаудағы салғырттық, бойкүйездік, енжарлық қаламгерлерді толғандыруда. Бұл жөнінде «... ұлттық идея – бегілі бір ұлтқа тән... ұлттық идея – ұлттың болмыс – қасиетінің бейнесі іспеттес. Ұлт тағдыры дегенді игі қазақ тағдыры деп ұғамыз...» деген орынды пікір сол кезең қаламгерлерінің бағытын айқындағандай.

Бір қоғамдық жүйе екіншісімен ауысқанда мұндай жағдайлар жиі кездеседі. Қазіргі уақытта етек жайып, белең алып бара жатқан адами өзімшілдік, қатыгездік сияқты мінез-құлықтарды бейнелеу үшін соған сәйкес жағдай көрсеру керек. Рухани мәдениет және өркениет жағдайлары бір-біріне сай бола бермеуі де мүмкін. Ғылыми-техникалық жетістіктердің адамға ізгілік сыйлауымен қатар бақытсыздық әкелетіні де өмірде орын алып отырған шындық. Бүгінгі тіршілік етіп отырған қоғамымыздағы жағдай халықтың әлеуметтік тұрмысы, күн көріс қамы, олардың ел болашағы, ұлттық мүдде, азаматтық парыз бен қарыз деген келелі ұғымдар жайлы ойлауға, оған өз үлесін қосуға, ниет білдіруге, талап қылуға мүмкіндік бере бермеуде. Адам баласы терең ойлап, кең пішетін санадан, адами және рухани құндылықтардан күннен-күнге жатсынып бара жатқаны жасырын емес. Адамзат баласының әлеуметтік жағдайының қиындауы оның мінезіне көптеген өзгерістер әкеледі. Ішкі жан дүниесінен бастап, сыртқы бет-бейнесі, іс-әрекеті, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына дейін белгілі бір өзгерістерге, құбылуларға ұшырайды. Бұның бәрі оның дүниетанымына да әсер етеді.

Ал Д. Әшімхановтың «Шымырбайдың шындығы» әңгімесінде жағдай басқа – басты кейіпкер Шымырбай қарт өмірде әділдік барлығына сенеді. Ахмет сияқты ол өз қоғамынан, ортасынан түңілген жоқ. Сол қоғам үшін еңбек етіп, қызмет қылудан жалыққан емес. Әңгіме өзегіне адам мен қоғамның жаңа жағдайлары арқау болған.

Әңгімеде Шымырбай қойшы мен ол туралы хабар дайындамақ ниетпен келген журналист жігіттің бейнесі берілген. Шымырбай қойшымен сұхбаттасып, өзіне қажет материал жинап қалаға қайтқан журналистің бағдарламасын Шымырбай қойшы асыға тосып отыр. Бұл сәт әңгімеде былайша суреттеледі: «Қалай ойласа да Шымекеннің бүгінгісі өзіне ерсі сияқты. Ерсі емей немене, таңертеңнен бері атам заманғы ақ сағатына кем дегенде қырық рет қараған шығар. Оған қанша қараса радиоқабылдағышының құлағын да сонша бұраған болар. Пендешілік те бәрі, әйтпесе жасы жер ортасынан ауғанда мақтан бұның не теңі?.. «Қой өрісті бір айналып қайтайын» [4, 99б.]. Қойшының бұл бағдарламаны асыға тосуына басты себеп «Әбизәтілнә жазып ал» дегендерін есту еді. Осы бір «жазып ал» деп ерекше тоқталған жағдайлары қойшының жанын күйзелтетін әділетсіздіктер болатын. «...Оны ойласам қазір де жүрегім ауырады, балам. Тек айтқанымды әбизәтілнә жазып алшы... Биылғы жазда алыс жайлауға көшкенбіз. Көшіп барысымен алты қойым бірден айналма деген ауруға ұшырап, өрістен қалды да қойды. Сосын сраз ауылда жатқан беттехниктерге сәлем айттым. Бірақ апта өтті, ай өтті хабар болмады. Ақыры біртіндеп малдарым өле бастады» [4, 106б.].

Журналист жігіт Сағидолла Шымырбай шындығын түсінбеген. Шындықтың беті ашылады деп асыға күткен Шымырбай сенімі көкке ұшты. Тұлғасын қанша аспандатқанмен, оның тұрмыс тіршілігі, ішкі жан-дүниесі ескерусіз, елеусіз қалған еді. Барлық адамнан тек қоғам үшін еңбек етуді, аш-жалаңаш жүріп ер болуды талап еткен қоғам Шымырбай сияқты шопандарды өзінше тәрбиелеген. Сондықтан да Шымырбай санаға сіңген әдетпен журналист жігітке өзінің балалық шағы туралы «әкеден ерте қалған ол ақ таяқты он жасында ұстап еді, бірде аш, бірде жалаңаш жүріп ер жеткені жайлы басымырақ айтқан еді. Тіпті соғыста жараланып госпитальда есін жинай алмай сандырақтап жатып «қой», «қозы» деп күбірлеген еді» [4, 102б.] деп тым асқақтатып жіберген пікірі шындықпен қабыса қоймайды. Шымырбай туралы жазылған очерк сыртқы жағдайға ғана мән берген. «Өмір шындығы мен көркемдік шешім диалектикасының нәтижесінде қол жететін шынай шеберлік үлгісін көркем бейнелеудің барлық құралдарының өзара ұйымдасып, тұтасуы ғана қамтамасыз ете алады» [4, 28б.] дегендей автор ішкі және сыртқы жағдайдың үйлесімін бере білгендіктен, кейіпкер характері сенімді шыққан.

XX ғасырдың соңғы кезеңіндегі ұлттық әдебиет философиялық, эстетикалық мәселелерді жаңаша пайымдау үшін көп ізденген. Сонымен бірге ғасырлар тоғысындағы көркем проза жалпы адамзатты тән зәру тақырыптарды замана тұрғысынан, ұлттық мүдде үдесінен, егеменді ел мақсатына сәйкес көтеруге күш салғанына мысал жетерлік. Көркем мәтінде өте күрделі жағдайлар көрінді, адам мінезінің, болмысының бұрын байқала бермеген қырлары оның болмысының қалыптасуын, өмірлік бағыт-бағдарын, құндылықтарын айқындауға көп күш салды, яғни прозадағы жағдай мен мінездің арасындағы байланыстардың барлық типтері белгілі бір пішінге ие бола бастады. Символикалық шартты жағдайлар мен реалистік характер. Нақты болмыстағы мифтік образдардың бейнеленуі байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байжанов С. Замандас туралы толғау: Монография. – Алматы: Жазушы, 1973. – 223 б.
2. Дәдебаев Ж. Дүниетаным және шығармашылық. – Алматы: Жазушы, 1978. – 189 б.
3. Ораз Н. Қазығұрт оқиғалары. – Алматы: Санат, 1995. – 238 б.
4. Алтай А. Қыр мен қала хикаялары. – Алматы: Санат, 1998. – 192 б.

ӘОЖ 82.491 (023)

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҮКІБАЙ НҮРЖАМАЛ СҮЛТАНБЕКҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА ҚҰЛИБАЙҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, профессордың ассистенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются художественные особенности казахской прозы.

Summary. The article discusses the artistic features of Kazakh prose.

Гротеск және күлкі – түпкілікті тамыры халық танымы мен шығармашылығының сонау архаикалық қабатынан орын тепкен ежелгі құбылыс. Олардың қайнар көздері миф, ритуал, мистерия, магия мағынасының саласында жатыр. Гротеск категориясының көркемдік мағынасының аптудасының құрамына трагедия мен комедия да, рационалды мен иррационалды да, логикалық және абсурд та енеді. Гротесктің жанрлық мүмкіндігі нақтылы авторлық көркемдік жүйелердің интерпретациясы кезінде жанрлық канонның өзгерімділігіне бағыт ұстанатын отандық және шетелдік әдебиеттерде де қатар зерттелген. Жалпы әдістемелік тұрғыда М.Бахтиннен бастап гротескінің ойнамалы табиғатына баса назар аударылуы өте құнды болып табылады.

Қазіргі қазақ прозасында Т.Шапайдың «Үйдің иесі» атты туындысы – гротескілік әңгіме. Бұл әңгіме ә дегенде ұсақ-түйек оқиғаға құрылғандай көрінеді. Кейіпкер өзі туралы айтқанда, «орташа» деген ұғымға екпін түсіреді. Бұл ойдың астарында иллюзия бар. Т.Шапай прозасы – қазақ әдебиетіндегі саяси гротескінің ерекше үлгісі. Үйдің иесі – бұл қожайын емес, біздің қоғамның аллегориялық бейнесі. Қаламгер аталмыш шығармасында тұрмыстық, заттық, этнографиялық портреттік детальдар арқылы кейіпкердің рухани әлеміне тереңдей үңіліп, адам психологиясын ашады. «Детальдар арқылы кейіпкердің қоршаған ортасы, халық тұрмысы шыншылдықпен бейнеленуі және сол дәуірдің мәдени-тарихи, тұрмыстық ерекшеліктері айқындалары хақ» [1, 271б.]. «Бұл пәтер бүгінде – сайтанның сауық үйі. Өзгелер бұл үйді Сайтан – клуб дейтін көрінеді». Сол сәт сөрелер қайғыдан «опырылып түсті». Бұл – күшті деталь. Қоғамның дерті күшті, ішінен іріп жатыр. Ал, бұл қоғамның рухани азғындап, іріп-шіруі қашан басталған?! «Сіз кітап оқуды қойғалы бері (яғни, не заманнан бері) осы үйді жын иектеді...», – дейді үй иесіне қарсы сотта кітап шкафы. Жазушы заттарға адами кескін береді. Сыландаған сұлу қасық, күлімкөз рюмкалар – сайтанша арбайтын сұлудың өзі. «Алтын қасық аузыма кіріп шыққан сайын мадақ айтады, күміс қасық құлағымға жағымды тәтті өсектермен сыңғырлайды» – бұл ер-азаматтың асыл қалыбына көлеңке түсіретін, қазақ қоғамын өрмекшінің торындай торлап алған жағымпаздықтың персонификациясы, яғни тұлғалануы. Өзі тұтынған заттар үй иесін жан-жағынан қаумалап, қарғыс айтады. Сол сәт тәубесіне түскендей болған ол «қайран алтын күндерім» деп, көкірегі қарс айрылады. Бұл өкініштен Шәкерім қажының тура осылай зарлағаны, жастық шағын сағына, алаңсыз күндерін аңсап құса шеккені еске оралады. Абайда бұл өкініш – ұлттың, этностың ащы өкініші: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» – қазақтың көп игіліктен кенже қалуы.

Бұл әңгімеде заттар адамдардың мінез-құлқын қабылдап алған. Оқиға үй ішінде өтеді, пәтер – мемлекеттің символы. Қазақтың қазіргі мінезі заттарға көшкен: «Мен – қонақ шақырғанды, той-

домалақты сүйетін адаммын». «Өзім жетелеп әкеп, кәделі мүлік қатарына қосқан орындықтарым опасыз болып шыққанда, қалғаны мені жұлып жер, сірә». Бұл да қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың аллегориясы. Енді пәтердегі зат атаулы бұрынғы құлдық, құлшылық мінездерінен жаңылып, қожайынды соттайды. Гротеск, сарказм әдісі, Рабле прозасының ықпалы байқалады. Көркем шығармадағы көркемдік құндылықтардың бірі осы заттар әлемі екендігі сөзсіз. «Сенің бар мәдениетің осылар» – дейді кітап шкафы, яғни руханияттың тұлғалануы үй иесіне ыдыс-аяқтарды нұсқап. Жемір қоғамда қарын мен қара бастың қамы мемлекеттік, отаншылдық мүддеден биік тұрады. «– Сенің аузыңа, құлағыңа, қарныңа қызмет ететіндер ғана бағалы, сыйлы, қоңды-күйлі. Сенің миың мен жаның ұйықтағалы біз азып-тозып, бітіп барамыз! Сен көресің бе осыны?.. Ұғасың ба... нағылет?!». Бұл енді памфлетке ұқсайды. Сатиралық проза осындай пафосты сүйеді. «Ол, ол ма, осы үйдің еденін шаршылап бөліп, сатып жібере жаздаппын! Әлі де ол ойдан қайта қоймасам керек. Шешен шәйнек қанша дүние шашқанымды, қанша затты жалға бергенін қылға тізіп айтады». Бұл жердің сатылуы мен ұзақ мерзімге шетелдіктерге жалға берілгеніне тұспал. Үйдің төбесін өрмекшінің торы басқан. Біздің қоғам да сол сияқты. Былық пен шылық. Үйді ол қараусыз қалдырғандықтан, қоғамнан аласталады – енді жаңа үй іздеуге мәжбүр. Қоғам тазару мен жанаруды күтеді. Әңгімедегі гротеск ащы әжуадан туады. Бұл тұста Аристотельдің катарсис идеясы айқын сезіледі.

Қ.Әбілқайырдың «Қағаз қаласы» атты әңгімесіндегі әлеуметтік сатира айқын. Баспанасыздық дерті қазақ қоғамын шырмауықтай шырмап алды. Жастар үшін бұл үлкен кедергіге айналды. Өзіне-өзі сенбеу, келешегіне күмәндану содан басталады. Қазақ халқы, оның өсіп келе жатқан ұрпаққа ие болатын бөлігі мұның зарын сұмдық тартты. Бұл қоғамда тамыр-таныстық, жағымпаздық дертін тудырды. Өзін-өзі кемшін сезіну енді нәсілдік, ұлттық ерекшелікке айналып үлгеруге шақ тұр, талайлардың тауын шақты. Әңгіме бірінші жақтан баяндалады. Гротеск пен гипербола мол, әңгіменің көркемдік құнын арттыратын да – сол. Автордың алып отырған суығы, жылуы жоқ үй әлеуметтік жағдайы жоқ суықтық. Қаңғыбас кім? Жазушы даладан келіп, қаладан ұядай орын таппаған сансыз қазақтың мұнын көрсетіп отыр. Баспанасыздық зарын тартқан қазақ ұлттық болмысына тиетін зиян мен зардапты шегіне жеткізе суреттейді. Бұл пәтер неге аспанда? Риторикалық сауал емес, пәлсапалық нышан. Пәтер құны аспандап кеткен заман, қазақ үшін ұсынса қолы, жетпейді. Бұл тақырыптық жағынан Қ.Мұбарактың «Пәтер» атты әңгімесімен үндес. Тіпті бір гротеск тәсілді екі жас жазушы қатар қолданады. Екеуі де жер бетіндегі пәтер емес, көктегі пәтерді яғни, қиялда ғана, тіршілікте болмайтын байлықты көксейді. Ел болу үшін мұндай әлеуметтік теңсіздіктің жегі құрттай зияндығын ашады. Яғни, шығармада бүгінгі әлеуметтік шындық, қазақ тағдырындағы шешуін күткен түйінді мәселе – баспана мәселесі негіз болады. Әңгімедегі аллегория пәтерсіздікті ишаралау үшін алынған. Пәтерлер пәтер сияғы жоқ, бұл да фантастикалық детальдар арқылы әсірелене суреттеледі. Бұл да – ишара, қазаққа жақсы, құны жоғары үй бұйырмайды деген түңілісті сарыннан туған. Басшылар төменді менсінбейді, жоғарыны ғана көреді. Мәтінде «жағымпаз үкімет, көз жұмған депутат» деген тіркестер бар. Жазушының қаламы солай жазуға тиісті. «Ауа райы ешбір министрлікке бағынбайды», – екен деп, таң қалысады» – бұл да – жалдамалы құлдық психологиясы құрсаған бүгінгі қазақ қоғамының сиқы.

Қазақ әдебиетінің эпикалық тегімен байланысты, лирикалық проза немесе прозалық өлеңдер кездеседі. Проза XVII ғасырдың ортасына дейін сөз өнерінде поэзиямен аралас өмір сүрді. Тарихи шежірелер, жылнама, трактаттар, естелік, сапарнама, діни уағыздар, т.б. өлең жанрына тән шығармалар болып есептеледі. Шын мәніндегі проза қайта өрлеу дәуірінде қалыптасып, поэзиядан бөлініп шықты. Осы кезден бастап әдебиеттің дамуында проза жетекші орынға ие болды. Рабғузи, Бабыр, М.Сервантес, Д.Дефоның шығармаларынан бастау алатын проза сөз өнерінің дербес, айрықша түрі ретінде қалыптасты. Сөз өнері тарихында проза поэзиямен тығыз байланысты дамыды. Прозада өмір құбылыстары, адам характерлері кең ауқымды қамтылып, жан-жақты суреттеледі.

Өлең тілінің формасы мейлінше алуан түрлі. Ол егжей-тегжей зертелінді. Өлеңтану дегеніміз – өте жақсы қарастырылған әдебиеттану пәндерінің бірі болып табылады. Осы салаға қатысты байыпты ғылыми зерттеулерге сілтеме жасап отыратын байыпты оқу құралы бар. Сондықтан да, өлеңтану ұғымдары мен терминдері (өлең өлшемінің жүйесі, бунағы, тармағы, шумағы, ұйқасы және оның түрлері) біздің кітабімізде сөз етілмейді. Өлең формасының (ең алдымен буанағы мен өлшемі) өзінше эмоционалды айтылуға ие болып, мағынамен толығады.

Заманалық беделді өлеңтанушылардың бірі М.Л.Гаспаров, өлең өлшемдері семантикалық теңдесімді болмайды. Бірқатар метрикалық формалар қатарына белгілі бір «семантикалы ореол» тән деп тұжырымдайды.

Қ.Мұбарактың «Пәтер» атты әңгімесінің де негізгі тәсілі гротескмен берілген. Тақырыбы – қазіргі қазақ жастарының әлеуметтік жағдайы. Әңгіме қызықты оқылып, оқырманды тең баурап алады. Себебі, бұл – ауылдан, кең даладан қым-қуат тіршіліктегі қалаға келген қара көз қазақ баласының бір баспанаға зар ауыр халі. Әңгіме кейіпкер атынан баяндалған. Диалогқа құрылған. Қазақ жастарына мынау нарық заманында үлкен, кіші қалалардан жайлы пәтер алу – арманнан ары, жеті қат көктегідей қол жетпес қиял деген сөз. Мақалда: «Кісідегінің кілті аспанда», – дейді. Жас автор осы мақалдан өз әңгімесінде метафора жасайды. Үй бағасы шырқап тұр, оған қарапайым халықтың қолында қаржысы өлсе жетпес. «Ақымақ, – дейді көршім. – Ақымақ, үйдің кілтін алудан бұрын ұшуды үйренуін керек», – деп қайтадан лып етіп көкке көтерілді де кетті» [2]. Әңгіме осылай аяқталады. Гротескілік сипат әңгіменің негізгі идеясын ұқтыру үшін қызмет атқарады. Шындық өмір мен қиял шектесе алмай қиналады. Ащы әжуа авторға қоғамдық үкімді, қарғысты астарлап, айту үшін қажет болған. Және ол ниетіне жеткен. Әңгіме соңындағы өз ернін өзі қыршып, қаны бұрқ еткен кейіпкердің көңіл-күйі – Қазақстандағы талайларға етене таныс ауыр әлеуметтік зардап суреті.

Т.Нұрмағамбетовтің «Ұлттың дерті» атты әңгімесінде де қазіргі заманғы демократия мен демографияны әшкерелеу үшін автор гротескіні таңдайды. Мылжыңдық, құр сөзді сапыру, теңіздей тасыған бос сөздер – мұның бәрі өтірікті пір тұтып, көз бояуды амал қылып алған кез-келген қоғамның малданары. Әңгіме кейіпкері зейнет жасына шыққан соң осы көк мылжың дертке ұшырады. Ұзамай дерт асқынып, ұлына, одан немересіне жұғады. Ақыры ұлттың өзегіне түскен жегі құртқа айналады. Біз – әсіре дақпыртшыл халықпыз. Оған көңіл жықпастық тағы қосылады, жағымпаздық мүлдем буып тастайды. Өтірікті пір тұту рухани құндылықтары азайған қоғамды меңдуанадай шырмап тастайды. Автор әңгіменің соңына шейін үміт қалдырмайды. Әлеуметтік сауалдар қазақ қоғамын сансыз сұрақтармен шырмап отырғаны рас. Автор бұл әңгімені асқан отансүйгіштікпен жазады. Асыра сілтеп кететіні содан. Мына әңгіме түңілдіріп жібереді де. Ал, ұлт туралы туындыны олай қара бояуға мала беру аса қатерлі құбылыс екенін ұмытпауымыз керек.

Қорыта келгенде, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі өмір мен өлім концептісі сан арналы түрлі пішінде бейнеленеді. Әсіресе, өзін-өзі өлтіру сарыны – шешуі жоқ күрмеулі тақырып болса да, қазақ қаламгерлері өзіндік көркемдік шешім табуға тырысқан. Аталмыш тақырыпта қарастырылған әңгімелер әртүрлі болғанымен, қаламгерлердің айтары бір. Ол – әрқашан да, тіпті өлім алдында өзінің болмысыңды төмендетпей биік ұстау. Авторлардың ұсынатын тұжырымдамасы – нендей жағдай болса да, осалдық танытып, күнәһар болып, өзіне-өзі қол салудан жирендіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сарыбай Б. Рауғаш ерте гүлдейді. Алматы: Жалын, 2009. – 160 б.
2. Пірәлиева «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.

ӘОЖ 82.236 (45)

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

РЫСҚҰЛ ӘДЕМІ ЖАМБЫЛҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА ҚҰЛИБАЙҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, профессордың ассистенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается история исследования народной устной литературы.
Summary. The article discusses the history of research into folk oral literature.

Ауыз әдебиетін зерттеу соғыс жылдарында да ілгері дамыды. Соғыс жылдарындағы фольклористикамыз біріншіден, халықтың ерлік, патриоттық дәстүрін зерттеуді басты мәселе етіп көтерді. Сонымен қатар ауыз әдебиетінің жанрларын мифологиялық көлемде зерттеу ісін қолға алды. Бұл ретте қазақтың айтыс өлеңдері туралы С.Мұқановтың, М.Әуезовтің, Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайыловтың қазақ халқының эпостық жырлары туралы Ә.Марғұланның, Б.Кенжебаевтың шешенік сөздер туралы еңбектері жарық көрді.

Кеңес үкіметі кезеңінде М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Н.Смирнова және де басқа көптеген ғалымдар ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісіне қатысты. М.Әуезов, М. Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаевтар тарихи фольклор түрлерін жеке жанрлық тұрғыдан қарастырып, тарихилық сипатын ашуға жол салған.

Соғыстан кейінгі жылдары қазақ фольклористикасы әдебиеттану ғылымының басты бір саласына айналды. Осы кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы құрылды. Әдебиет институты ашылды. Бұл институт қазақ әдебиеті тарихын жан-жақты алып зерттеуді жүргізе бастады, бірнеше зерттеулер жарияланды.

Халық мұрасын зерттеу ісі М.Тынышпаев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, сияқты зерттеушілер назарынан тыс қалмаған. Х. Досмұхамедұлы қазақ халық ауыз әдебиетіне айрықша маңыз беріп, қарымды еңбектерін арнаған оның қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің ерекше бір естелігі іспеттес құбылысы екендігіне баса назар аударған.

Осы бағытта айтулы еңбек қалдырған ғалымдардың бірі Ә.Х.Марғұлан «Қазақ эпосының сипаты мен тарихи шарттылығы жайлы» атты еңбегінде ол батырлар жырының шығу тарихын зерттей отырып, жырларды кезеңдерге бөледі. Ғалым XIX ғасыр жырларының тарихи іздерінің айқын екенін көрсетіп, ендігі жерде тарихи өлең пайда бола бастайды деген болжам айтады.

Қазақстандық кәсіби тарихшы-ғалымдардың ішінде бірінші болып халықтың дәстүрлі шығармашылығы деректерін тарихи зерттеулерде пайдаланған Е.Бекмаханов болды, осы сипаттағы деректердің қазақ тарихын жазудағы маңызының айрықша зор екендігін атап: «Тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан- ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан» [1, 42б.]. Аталып өткен ғалымдар қазақтың тарихи ескерткіштеріне үлкен мән беріп, ғылыми зерттеулеріне деректік негіз етіп алу әрекеттерін жасағанымен, күшінде болған саяси-идеологиялық шектеулер себебінен бұл жұмысты атқара алмады, осындай еңбектері үшін кейбірі кудалауға ұшырады.

Бұл мәселені теориялық жағынан дәлелдеп, арнаулы еңбек жазған көрнекті кеңес фольклоршысы Б.Н.Путилов «... В широком смысле под типологией следует, очевидно, понимать закономерную, обусловленную рядом объективных факторов повторяемость в природе в обществе, которая обнаруживает себя в предметах и явлениях, в свойствах в отношениях, в элементах и структурах, в процессах и состояниях», – деп көрсетеді [2, 12б.]. Түптеп келгенде, салыстырмалы-тарихи әдістің мақсаты жеке фактілердің ұқсастығын немесе сәйкестігін анықтау ғана емес, ортақ заңдылықтар мен процесстерді табу болмақ.

«Фолькор» – ағылшын сөзі. Ол–халық творчествосы, халықтың ауызша тудырған көркем шығармасы, халық даналығы деген ұғымды білдіреді. Ғасырдан ғасырға өтіп, мұра болып келе жатқан ауыз әдебиеті немесе фольклорының маңыздылығы сонда, ол халық тарихымен тығыз байланысты дамып, белгілі кезеңдегі тарихпен тығыз байланыста болып, белгілі бір кезеңдегі халықтың тарихи оқиғаларын, әдет-ғұрпын елестетеді.

Міне, сондықтан ауыз әдебиетін зерттеу, оны бүгінгі заман тұрғысынан бағалау әдебиет тарихы үшін де, қазақ халқының тарихы мен этнографиясы үшін де өте маңызды болмақ. Қазақ халқының ауыз әдебиетінің туындылары жайында сөз еткенде, ең алдымен, ауыздан-ауызға ауысып, жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келе жатқан тамаша эпостық жырларымызды, ұмытылмас ертегілеріміз, нәзік лирикалы өлең-әңгімелерімізді еске аламыз. Ал, осы таусылмас, ортаймас асыл қазынаны ұрпақтан- ұрпаққа жеткізушілер, ұзақ жылдар бойы оны ойында мүлтіксіз сақтап келушілер кімдер деген мәселе жайында көп айта бермейміз.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қазақ әдебиетінің жанрлық формаларын топтап, жіктеп берудегі ғалым даналығына таң қаласын. Эпосты–әуезге, лириканы толғау, драманы–айтыс деп бір қайырып алып, сала-салаға жіктеп әкетеді: шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме, тарихи әңгіме, саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошамет шешен сөз, ділмар шешен сөз, уағыз, көсем сөз (публицистика).

Ауыз әдебиеті түрлері былай жіктеледі: ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш бұлар бір топ. Батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, терме-бұлар екінші топ. Мысалы, ділмар сөз, тақпақ, мақал-мәтел бұлар үшінші топ. Тойбастар, жар-жар, некеқияр, беташар, жоқтау, жарапазан, бата – бұлар төртінші топ. Жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыры – бұлар бесінші топ. Сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап, саралауға мүмкіндік беретін сауықтама, сырдама, салттама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымдарға өзі сұранып тұр. Ауыз әдебиетіндегі қазақ тарихының зерттелу мәселесіне келетін болсақ, бұл бұрыннан келе жатқан тарихы бар көп қырлы, әр дәуірде өз актуалдығымен көрінетін бірден-бір «мәңгілік» проблема, құбылыс.

Революцияға дейінгі және кеңес дәуірінде, әсіресе тәуелсіздік алған жылдардан бергі уақытта фольклортану ғылымы осы проблеманы зерттеуге мүмкіндік беретін көптеген материалдар жинады. Бұл заңды да, себебі, фольклордан шығу көзі туралы, оның тарихқа, мәдениетке және халық тұрмысына қатынасы туралы мәселе – фольклор туралы ғылымның негізгі мәселесі десе де болады, оны дұрыс түсіну фольклористиканың көп проблемасын шешуге байланысты.

Өткен ғасырда қазақтың шалқар сахарасын аралаған саяхатшылар, этнограф ғалымдар қазақ ауыз әдебиеті, өнері, тарихы туралы жазған жазбалары, хаттары, күнделіктері, этнографиялық еңбектерінің өте бағалы екендігін айтқан жөн. Мұнда, әсіресе, Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, М.Ж.Көпеев, Ә.Диваев сияқты озық ойлы азаматтар қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-санасы, ауыз әдебиеті жайында тарих, этнография ғылымы үшін маңызды пікірлер қалдырды.

Қазақ халқы ықылым замандардан ауыз әдебиетін, өнерін, өте жоғары бағалаған. Оған дәлел ретінде Шоқанның досы Г.А.Потанин «Қазақтың соңғы ханның үйінде» деген мақаласында өнер иесінің, яғни ақын, жыршы, хиссашылардың өзге адамдармен халық алдында беделдерінің артық екенін, оларды көпшілік қауым құрмет тұтып, ардақтайтынын жазады.

Қазақ халқының өткен ғасырдағы күн көрісі, әдет-ғұрпы туралы құнды деректер қалдырған адамдардың бірі–поляк демократы Адольф Янушкевич. Ол 1830-1831 жылдары Польша ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқаны үшін Сібірге жер аударылған болатын. Айдауда жүрген ол қазақ даласында болып, халқымыздың ауыз әдебиетіне бай, өнерге бейімді екенін жазумен қатар ақындар айтысын, халық тұрмысын, мейрам салттарын, ауруды емдеу әдістерін, халықтың діни-сенімдерін жазды. Сол А. Янушкевич «бұратана» халықтың көкірек тынысын, жүрек дүрсілін түсіне білген. Күнделігі мен хаттарында мынандай сөздер қалдырды:

«...Осыншама қабілет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп жарқырап сәуле шашатын болды. Сормандай құл-құтандарды менсінбейтін Үндістан жоғары касталары сияқты өзінен жоғары қарайтын халықтар арасынан бұл көшпенділердің де құрметті орын алатын кезі болды» – деп үлкен көрегендікпен халқымыздың келешегіне зор сенім білдірген еді.

Халқымыздың өткен өмірі шежіресі іспеттес болған фольклорды зерттеудің негізін қалаған XIX ғасырда қазақ халқының өз ішінен шыққан ғалымдары Ш.Уәлихановты, Ы.Алтынсаринды үлкен мақтанышпен айта аламыз. XX ғасыр бас кезінде қазақ ауыз әдебиеті, ондағы тарихи оқиғалар жөнінде еңбектер біршама көбейді. Өткені, ол кезде Орынбордың архив комиссиясы, Императорлық орыс география қоғамы қазақ халқының әдет-ғұрпы, өнерін, ауыз әдебиетін үлгілерін зерттей бастады. Мерзімді баспасөз беттерінде ауыз әдебиеттеріндегі тарихи жырлар, эпостар, олардағы тарихи оқиғалар жөнінде мақалалар жарыққа шықты. Сол кезде газет-журналдар, 1989 жылы шыққан «Этнографиялық шолу» журналы, «Орынбор өмірі» газеті, «Айқап» журналы тарихқа, этнографияға қатысты ауыз әдебиеті үлгерін жиі жариялап тұрды.

XIX ғасырдың аяғында Қазан, Орынбор кітап баспаларынан халық аузынан жинақталған батырлар жыры шыға бастады. Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен фольклорын жинауда, зерттеуде

орыстың алдыңғы қатарлы озық ойлы ғалымдары В.В. Радловтың, Г.Н.Потанинның, Ә.Диваевтың еңбектері өте көп.

Ауыз әдебиеті мұраларын жинауда Ә.Диваевтың еңбегі зор. Оның қолымен жүздеген мақал-мәтелдер, тарихи жырлар т.б. ауыз әдебиеті үлгілері жазып алынды. Ә.Диваев ауыз әдебиеті нұсқаларын тарихпен, этнографиялық материалдармен байланыстыра жинады. Ол халық әдебиетін халықтың тұрмысын, тарихынан бөле қарауға болмайды деп біледі. 1920-1922 жылдары Ә.Диваев бастаған Жетісу, Сырдария экспедицияларының іс-тәжірбиелері осыны айғақтайды.

В.В.Вельяминов-Зерновтың «Исследование о Касимовских царях и царевичах» деген еңбегінде шығыс дерек көздеріндегі қазақ халқына қатысты деректерді орыс тіліне аударып, пайдаланған және алғашқылардың бірі болып, деректерде сақталған тарихи фактілер негізінде қазақ хандығының тарихын жазу шарасын қолға алған.

Қазақтың шығу тегін зерттеп, осы салада халықтық деректерді мол пайдаланып, деректік маңыз берген А.Н. Харузин, Н.А. Аристов, А.П. Чулошников, М.П. Вяткин еңбектерін атап өту қажет. Белгілі шығыстанушы В.В. Бартольдтың ғылыми ортада беделі зор еңбектерінде Қазақстан тарихынан мәлімет беретін шығыс тарихшыларының деректері қорытындыланып, талданып, зерттелген.

Жоғарыда аталып өтілген саяхатшылар, әкімшілік қызметкерлер, ғалымдар мен шығыстанушылар еңбектерінде қазақтың ауызекі тарихи дәстүрінің қалыптасқан түрлерінің барын атап өтті, алғашқы болып нұсқаларын жинақтап, жазбаша сақталуына зор үлес қосты, өз шығармаларында қажетті деп санаған дәрежеде пайдаланды. Бірақ, бұл ғалымдар халықтық ауызекі дәстүр деректері мәліметтерінің шынайылығына, сенімді дерек көз бола алатындығына күмәнмен қарады. Дәстүрлі тарихи ауызекі деректерді шығыстық жазба деректерімен, батыстық тарихи дәстүрмен сабақтастыра зерттеген алғашқы деректанушы ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Ол қолжазбаларды жүйелеуде, сұрыптауда, кезеңдерге бөлуде, хронологиялық жүйе ретімен баяндауда батыс үлгісін, тарихты баяндау барысында шығыстық тарихи дәстүрді негізге алған.

Соңғы жылдарда кейбір шығыстық дерек көздердің ашылып, зерттелуі қазақ халқында ауызекі тарихи білімнің, атап айтқанда, нақты тарихи оқиғалардан мәлімет беретін аңыз-әңгімелердің болғандығы туралы тұжырымдар жасалуына алып келді. Халықтың ауызекі тарихи шығармашылығының бұл саласын М.Қ.Әбусейітова ішкі (жергілікті) деректер деп атайды, оларды сыртқы деректерге (шығыстық жазба және шет ел мұрағат құжаттары, саяхатшылардың естелік-жазбалары, хаттар т.б.) қарағанда тарихи фактіні бағалауда әділетті болып келеді – деп, жоғары бағалайды.

Қорыта айтқанда, ауыз әдебиетіндегі қазақ тарихының зерттелуі мәселелері әсіресе Кеңестік дәуірде, тәуелсіздік жылдарда жаңа методикалық шептерге шыға бастады. Ә.Марғұланнның «Ежелгі жыр, аңыздар» (Алматы, 1985), «Қазақ фольклорының типологиясы» (Алматы, 1981), «Қазақ фольклористикасының тарихы» (Алматы, 1988) , «Фольклор шындығы» (Алматы,1990), Айтаева Р.Т. «Ауызша тарих айту дәстүрі бойынша XVIII ғасырдағы қазақ қоғамы тарихының мәселелері» (Алматы, 1992), Е.Е.Ысмайылов, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, С.Мұқанов, Ш.Ибраев, М.Әуезов, С.Мұқанов, және көптеген ғалымдардың еңбектері ауыз әдебиеті мұрасын толық әрі жан-жақты меңгеруге көмектесті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бекмаханов Е. Жеті томдық шығармалар жинағы. 5 том. (Ғылыми мақалалар жинағы). –Павлодар: ЭКО, 2005. – 266б.
- 2.Путилов Б.Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. Л., 1976. С.9.

ЭДГАР АЛЛАН ПО – ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫНЫҢ АТАСЫ

АЙБЕРГЕНОВА ЖАНАР ҚУРАЛБАЙҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті»
білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕКҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,
ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье проанализированы труды Эдгара Аллана По в жанре детектива в художественной литературе.

Summary. The article analyzes the works of Edgar Allan Poe in the genre of detective fiction.

Детектив (латын тілінен *detego* – әйгілеу, әшкерелеу) – тылсым жағдайларда орын алған оқиғалардың себептері мен оларды шешудің жолын қарастыратын әдеби жанр [1]. Әдетте мұндай оқиғалар ретінде қылмыстық істер қарастырылады және детектив жанры оны зерттеу мен кінәлілерді іздеудің шым-шытырық жолдарын суреттейді. Детективтің жанр ретіндегі басты белгісі де осы.

Детектив жанрында алғаш қалам тербеген Эдгар По деп есептеледі. Оның 1840 жылдары жазылған туындылары жанрдың іргетасын қалады деседі. Алайда, детектив элементтері одан да бұрынғы авторлардың туындыларында кездесіп отырды. Мәселен, Уильям Годвиннің 1794 жылы жазылған «Калев Вильямстің бастан кешкендері» романы әуесқой-ізкесушінің бейнесін көз алдымызға келтіреді. Сонымен бірге, Э.Видоктың 1828 жылы жарыққа шыққан «Жазбалар» туындысы да детектив жанрының озық үлгілерінің қатарынан табылады. Алайда, әдебиет жазушы Еремей Парновтың айтуынша алғаш рет нағыз ізкесуші бейнесін жасаған ол – Эдгар Аллан По болды. Оның атақты «Морг көшесіндегі кісі өлімі» туындысындағы Дюпен бейнесі, одан келіп Шерлок Холмс, Браун, Леккок және мистер Каффаның ұмытылмас образдары туындады. Нақ сол Эдгар По сюжетке алғаш жеке ізкесуші мен қауіпсіздік қызметкерін қатар қосады. Мұнда әрине жеке ізкесуші әрдайым жоғарғы орыннан көрінеді.

Детектив жанры Англияда У.Коллинздың «ақ киімді әйел» және «Айлы тас» романдарынан кейін кең танымалдылыққа ие болды. Ал жалпы детективтің алтын ғасыры болып ХХ ғасырдың 30-70-жылдары саналады. Осы кезеңде А.Кристи мен Ф.Биддингтің туындылары жарыққа шыға бастады. Олар өз кезегінде жанрды одан әрі дамытты [3].

Эдгар Аллан По «детектив жанрының атасы» атағына әбден лайықты. Ол тек детективті-фантастикалық жанрдың негізін қалаушы ғана емес, әдебиеттегі психологиялық туындыларға алғаш қалам тартқан жазушы ретінде белгілі. Біртуар қаламгер атану үшін қиыншылық көру керек деп жатады. Автордың өмірінде ауыртпалықтар жеткілікті болды. Ол 1809 жылы 19 қаңтарда Американың Бостон қаласында дүниеге келеді. Ата-анасы ел аралап өнер көрсететін әртістер Элизабет Арнольд По мен Дэвид По жазушы небәрі екі жаста болғанда дүниеден өтеді. Содан Эдгар Поны Джон Аллан есімді саудагер асырып алады. Оның балалық шағы молшылықта өтті. Асыраушы ата-анасы одан ештеңені де аяған емес. Болашақ дарынды қаламгердің таланты ерте кезден көзге түседі. Бес жасында оқып, сурет салған, түрлі жазулар жазған, ат құлағында ойнайтын болған. Жастайынан тұрақсыз, жалынды, қызба мінезімен танылған. Десе де оның мінез-құлқындағы өзгешелікті көпшілігі байқайтын болған деседі. Ерте жастан өлең жазып, адам миына кіріп шықпайтын фантастикалық жоспарлар құрып, өзіне және өзгеге психологиялық тәжірибелер жүргізіп жүрген. Байлықтың астында шалқып өмір сүрген Эдгар Поның өмірі 17 жасында күрт өзгереді. 1826 жылдың күзінде әкелі-балалы екеуінің арасында келіспеушілік туындайды. Кім кінәлі екенін анықтап жату қазір қиын. Осыдан кейін Эдгар По өмірінде көшпенді тіршілік басталады. Алландар үйінен кеткен соң, туған қаласы Бостонға келеді. Сонда Бостондық деген атаумен өлеңдер жинағын жазады. Бірақ ол жинақ сол күйі баспа бетін көрмейді. Қолындағы қаржысының бәрі таусылған соң Эдгар аса жауапты қадамға барады. Жататын жері болмағандықтан, әскер қатарына қосылады. Тіпті жақсы қызметі үшін сержант-майор шенін де иемденеді.

Сөз жоқ жастық шағын Эдгар По бос өткізбей көп еңбектенген. 1833 жылдың күзінде Балтимор газеті ең үздік әңгіме мен өлеңге бәйге жариялайды. Эдгар По алты әңгіме мен «Колизей» өлеңін жібереді. Әділқазы алқасы Эдгардың екі туындысын да жақсы деп таныса да екі сыйақыны да бір адамға беруді жөн көрмей, «Шөлмектегі қолжазба» туындысымен ғана жеңімпаз атанады. Авторға 100 доллар сыйақы тапсырылады, ақша дер кезінде келген болатын. Өйткені автор ашығып жүрген еді. Өмірінің соңы автор үшін тым ауыр болды, жұбайы қатты науқастан көз жұмады. Ал оның өлімі тіпті жұмбақ. Ричмонда лекция оқыған жерінен Эдгар По қалтасында 1500 долларымен кетеді. Өзінің әдеттегі ауруының әсері ме, әлде ұрлықшылардың әрекетінен бе екен ол ес-түссіз жатқан жерінен табылады. Оны Балтимор ауруханасына алып келеді. Сол жерде талантты жазушы 1849 жылы 7 қазанда дүниеден өтеді. Оның өмірде көрген барша қиындығы артына өшпейтін мұра қалдыруға кедергі болмады.

Эдгар По өзінің атақты «Морг көшесіндегі кісі өлімі» туындысында ізкесуші Огюст Дюпеннің бейнесін дүниеге әкелді дедік. Бірақ, біз, кей сыншылардың айтуынша «ойлаушы машина» аталған Дюпеннің адам ретінде қандай қырларын білеміз? Мәселен, оның түр-тұлғасы қандай? Ол қалай киінген? Түп-тамыры қайда жатыр?

Дюпен - жұмбақ та тылсым кейіпкер. Ол бекзада тұқымынан тараған жас жігіт. Сонымен бірге біздің оның тиын-тебеннің басын құрап күнелтіп жүрген тіршілігінен де аздап хабарымыз бар. Сондай-ақ оның қызығушылығы мен өмір салтынан да хабардармыз. Оның түнге ғашық екенін, ымырт үйірілсе болғаны сенімді серігімен бірге кітаптар оқып, оқиғалар хақында қызу талқылауға түсетінін, салмақты, түсі суық, жүзін үлкен жасыл көзілдірігінің артында жасыратынын, кейде көзілдірікті байқатпай мызғып алу үшін қолданатынын «Морг көшесіндегі кісі өлімі» және «Мари Роженің құпиясы» туындыларынан көреміз. Оның жұмбақ бейнесі «Жоғалған хатта» аздап айқындала бастайды. Жазушы оқырманын жаңа мәліметтермен толықтыра түсті. Бұл кезеңде Дюпеннің алдындағыдай күнкөрісі нашар емес, өйткені үйінде байқаусызда алтын қобдишаны ұмытып кетеді. Осыны оқи отырып Дюпенді ақ жейде мен әдемі костюмге киіндіріп қойғың-ақ келеді. Осылай ол сымбатты болады ма? Біздіңше, жоқ. Оның көз алдымызға елестейтін түр әлпеті мен киім-киісінің өзінде-ақ бір тартымдылық бардай. Ол тартымдылық – шынайылықта. Көптеген әдебиет сыншылары Дюпен мен Эдгар Поның портреттері бір-біріне жақын деп көрсетеді. Жазушының атақты портреттерінде бейнеленгендей: солғын жүзді, терең қайғы мен шерге толы жанар өңменіңнен өтіп кетеді. Жоқ, ауыртпалық көрмеген Дюпеннің мінезі оған қарағанда әлдеқайда жарқын. Әрине, оған Эдгар По секілді аштықтың азабын көру жазылмаған. Өттең, жазушы өз өмірінде алтын қобдиша секілді бағалы дүниені тауып алып, молшылыққа кенелген емес. Ол америкалық жазушылардың ішіндегі сіңірі шыққан кедейі болды. Сол кезеңдерде оның тамаша туындылары қазіргідей өз бағасын алмаған. Ал, Дюпен мен екеуінің ұқсастықтары - олардың логикалық ойлаулары мен түйсіктерінде. Осы екеуі арқылы ешқандай құпияның беті ашылмай қоймайды.

Сонымен, әуесқой-ізкесуші Дюпен бізге дедукция мен индукция әдісін іс жүзінде көз алдымызға келтіреді. Алайда, бұл аналитикалық әдістерді По бірінші рет 1836 жылы «Южный вестникте» жарияланған «Мельцельдің шахмат ойыншысы» атты очеркінде айтып өтеді. Сонау 17 ғасырда ғалым барон Кемпелен шахмат ойнайтын құрылғы құрастырып шығады. Құрылғыға ағаш адам орнатылған, ол екі аяғын айқастырып, қорапшада отыратын көрінеді. Құрылғы іске қосылған сәтте, ол қорапшада отырып сол қолымен шахмат тастарын қозғалтып, ойынды бірінші бастайтын болған. Аңызға қарағанда ағаш шахматшының таланттылығы сондай, ол Екатерина II, Бенджамин Франклин, Наполеон сынды тарихи тұлғаларды да жеңген көрінеді. Кемпелен дүниеден озғаннан кейін, шахматты Мельцель иемденіп, оны Америкаға әкеледі. Ойын құрылғысының шеберлігі миға сыймайтын құпияға толы болды. Бірақ Эдгар По оның құпиясын ашады. Оның пайымдауынша, шахмат ойыны мінсіз болатындай құрылғыға көне алмайды. Өйткені, ойын барысында күтпеген бұлтарыстарға құрылғы дайын болуы мүмкін емес. Айналып келгенде ол машина емес пе?! Сонымен ол мынадай қорытындыға келеді: құрылғының ішінде шахматтан сирек ұтылатын ойыншы адам отырады. Құрылғының сыйымдылығы сондай бір адам сиятындай етіп жасалады да, қызыққан көпшілік ішіне үнілгенде қара матамен қапталған тегіс беттен басқа ештеңе көре алмайды. Соған қарағанда ішіндегі кісі адамдарға көрінбей жасырынып, ойын басталғанда ағаш адамның иығында қондырылған тетікті оң қолымен басқарып, сол қолымен ойынды жүргізген. Оның құпиясы осындай еді [3].

Поның очерктегі логикасы дәл Дюпеннің түйсігімен бірдей. Осындай ұқсастыққа қарамастан неге оқиға орны Франция да, бас қаһарман француз деген сұрақ туады. Себебі қарапайым, ол кезеңде Америкада әлі де мемлекеттік іздеу-тергеу мекемелері болмаған еді. Ал Францияда бұл сала өз дәрежесінде дамып жатты.

Әдебиет зерттеушілерінің көпшілігінің пікірінше жазушы Дюпеннің прототипі шын өмірде болған деседі. Олар Францияда 14 ғасырда үлкен танымалдылыққа ие болған Андре Мари Жан Жак Дюпен мен Франсуа Шарль Пьер Дюпен есімді ағайындылар. Үлкені ұзақ жылдар сот төрағасы қызметін атқарып, өзінің жүргізген істері жөнінде көзқарастарын жинақтап, кітап етіп шығарады. Ол бірнеше тілдерге аударылып, 1839 жылы Эдгар По тұрып жатқан Бостан қаласында да баспа бетін көреді. Сол себепті, жазушының кітаппен танысып шығуы ықтимал [3]. Ал кіші Дюпен математикалық есептерді жаңғақша шағатын танымал экономист болды. Соған қарағанда, Эдгар По екі ағайындының осы ерекшеліктерін кейіпкер Дюпенге біріктірген сыңайлы. Бұдан өзге жазушы білімді ғалымдар Кювье мен Лапластың еңбектерімен де танысып, әдебиет қана емес, химия мен жаратылыстану ғылымдарынан жинақтаған білім қорымен мақтана алатын еді. Осы білімдерді ол Дюпеннің бейнесіне қоса жинақтады. Сол себепті Дюпен кез-келген әдеби туындыдан цитаталар келтіріп, тергеудің алгебралық тәсілін көрсетіп беріп тұрғанда оған тең келер ізкесуші болған емес. Детективтің мінсіз болуы үшін осы ғасырға дейін жазушылар нұсқаулықтар ұсынып келді. Мәселен Ван Дайн С.С. детектив жазудың жиырма әдісін жазып шықты [4]. Э.По да детектив туындыларын жазудың өз формуласын ұсынады:

1. Туындының өзегі жасалған қылмыстың құпия себептерін ашу болуы тиіс. Ол кісі өлімі болуы міндетті емес.

2. Құпияны шешумен әуесқой-ізкесуші айналысады. Оның қасында істің қалай өрбігенін хабарлап отыратын сенімді серігі болады. Серігі қарапайым адамша ойлайтын, сонымен бірге ізкесуші досының іс-әрекетін түсініп, бағамдай алатын өзіндік ақыл иесі. Қандай әрекетке болса да дайын белсенді образ.

3. Тапсырма, яғни құпияның да өзіндік шешімі болады, әр шешімге жеткізер шарттар қатар жүреді. Оқиға басталған сәтте ізкесуші де оқырманнан асып ештеңе біле қоймайды. Ол шешімге жеткізер жолда оқырманды бәсекеге шақырғандай болады.

4. Түйсігі жоғары дәрежеде дамыған әуесқой-ізкесуші тек заттай дәлелдер жинап, содан қорытынды шығара алмай қиналатын қауіпсіздік қызметкерлерін шаң қаптырады.

5. Тапсырманың алғышарттарын баяндау, әдетте, ізкесушінің бөлмесінде, досымен әңгіме түрінде беріледі.

6. Тергеу барысында көп жағдайда әділетсіз жала жабылған адам немесе кінәсі жоқ күдікті кездеседі.

7. Құпияның шешімі әрдайым таңқалдыруы тиіс.

8. Автор күрделі секілді көрінген құпияның қарапайым шешімін ұсынғаны дұрыс болады.

9. Кей жағдайда ізкесуші күдіктінің немесе қылмыскердің шындығын айтқызу үшін көрініс те құра біледі.

10. Соңғысы - қорытынды түсіндіру. Ол әдетте, оқытушының тақырыпты түсінбей қалған студентіне қайта оқыған лекциясына ұқсайды және көбінше ізкесушінің жеке бөлмесінде жүзеге асырылады [3].

Бірақ детектив жанрының іргетасын қалаушы ретінде ол өзінің туындыларын тұжырымдарына сүйеніп жазды ма? Мәселен, осы тұжырымдарын «Морг көшесіндегі кісі өлімі» туындысында қалай жүзеге асырады. Ең алдымен шығарманың прологы беріледі: «Аналитикалық тәсілді керемет меңгерген талантты ізкесуші бір нәрсенің құпиясын ашып, соны түсіндіруден ләззат алады. Оның ойлау дәрежесі таңғажайып дүние секілді көрінеді» [4.]. Осыдан келіп, шымылдық көтеріліп, нағыз оқиғаға көшеді. Дюпен мен оның досы «Сот газетінің» кешке шығатын санының «Құлақ естіп көрмеген қылмыс» мақаласынан жасы келіп қалған мадам Дэспане мен оның қызының хайуандықпен өлтірілгенін оқиды. Кісі өлімі бесінші қабатта болады, бір қызығы пәтердің есігі жабық, терезесі берік бекітілген. Қауіпсіздік қызметкерлері бір кездері Дюпенге қол ұшын берген Лебонды тұтқындағанда, ол осы тылсым оқиғаны тергеу жұмыстарына кірісуге бел байлайды. Әлбетте, оның досы Дюпеннің кісі өлімі жайындағы ойын білуге құштар. Дюпен оның бұл қызығушылығын қанағаттандыруға асықпайды. Десе де, қылмыскердің терезеден ғана қашып шығуы мүмкін екенін жобалап айтады. Мұнымен қауіпсіздік қызметкерлері келіспейді, олардың ойынша берік жабулы терезеден қашу мүмкін емес, оның үстіне пәтердің

бесінші қабатта орналасқанын ескерсек, бұл ой ақылға қонымсыз секілді. Егер, Дюпен айтқан тұжырымға сүйенетін болсақ, терезеден түсу адамға тән емес ептілікті талап етті. Одан өзге қауіпсіздік қызметкерлері терезе ашылуы мүмкін деген ойды миларына да алғысы келмеді. Ал, Дюпен болса ұсақ мәліметтердің өзін ескеріп, қылмыскер аса күшті, сондықтан ол адам емес, маймыл деген ой түйеді. Бұл тұжырымын мадам Дэспаненің сіресіп қалған қолдарынан бір уыс түсініксіз жүннің қалдығымен сабақтайды. Сол маймылдың иесі кім болуы мүмкін? Ол алыс сапардан келген матрос болуы ықтимал. Міне, сол матрос Дюпеннің бөлмесіне кіріп келіп, жан түршігерлік оқиға қалай болғанын баяндап береді.

Сонымен, жазушының шығарған формуласы көзге көрініп тұр. Алдымен достар газеттен қайғылы оқиға жайында естиді. Дюпен өзіне және оқырманның алдына қылмыскерді әшкерелеу тапсырмасын қояды. Ол қауіпсіздік қызметкерлеріне сенімсіздікпен қарап, кісі өлімі болған жерді мұқият зерттеп шығып, құпияның шешіміне алып баратын дәлелдер жинақтайды. Ойын қорытындылап, оған өзінің көзі жетпейінше досына жақ ашпайды. Содан келіп, көптен күткен, Вольтерден бастап күллі детектив жанрының майталмандарына мирас болып келген істің мән-жайын түсіндіру басталады. Тергеудің бұлтартпас ережесі – неге болса да күдікпен қарау. Дюпен соны еске алып, қылмыстың жабық терезе күйінде болуы мүмкін емес деп күдіктенеді. Соның негізінде Эдгар Поның күрделі сияқты көрінген құпияның қарапайым шешімі деген формуласы жүзеге асады.

Эдгар По аз ғана ғұмыр кешсе де детективті қалыптастырып, өзге жанрларға да қалам тартып өшпес мұра қалдырды. Оқырмандар сүйікті жазушысының өміріне қатысты қызықты мәліметтерді жинастырды. Эдгар «Конхиологтың бірінші кітабы» (1839 жылы шыққан) атты реферат күйінде жазылған еңбегін тек ақша табу мақсатында жазады. Эдгар По «Бейл криптограммасы» атты мистификацияның авторы. Оның кітабындағы криптограммалар әлі күнге дейін шешімін таппаған. Оның құрметіне Меркурийдегі кратер аталған. Роджер Желязны есімді америкалық фантаст-жазушы Поның биографиясын толық қамтитын «Қара тақ» атты роман жазған. Балтимордағы Эдгар Поның мұражайында бір ғана қызметкер жұмыс істейді. Қаржының тапшылығынан мұражайдың жабылып қалу қаупі бар. 1988 жылы Милен Фармер есімді француз әншісі өзінің «Ainsi soit je» атты альбомында шыққан «Allan» әні Эдгар Поға арналған. The Alan Parsons Project тобының 1976 жылы жарық көрген «Tales of Mystery and Imagination» альбомы По шығармашылығы мен өміріне арналған. Америка футболында өнер көрсететін «Baltimore Ravens» (Балтимор қарғалары) командасы Эдгар Поның «Қарға» өлеңінің құрметіне қойылған. Битлз тобының «I Am The Walrus» әнінде Поның есімі аталады. Сондай-ақ, По туралы Green Day тобының «St.Jimmy» әнінде де айтылады. Габриэль Витткоптың «Үлгілі Өлім» кітабының бірінші бөлімінде Эдгар Поның соңғы күндері туралы жазылған. Америкалық жазушы Рэй Брэдберидің «Марстағы жазбалар» еңбегінің «Сәуір 2005. Эшер II» деп аталатын тарауында да Поның алғашқы әңгімелері туралы айтылып өтілген. Тим Бертонның «Винсент» анимациялық туындысында Эдгар Аллан Поның «Қарға» өлеңі бірнеше рет айтылады. Тим Бертонның ақынға деген қызығушылығын осыдан байқауға болады. «Қарға» фильмі автордың туындысын еш өзгеріссіз толықтай көрсете алған. Гарольд Шехтер есімді фантаст-жазушы өз романдарын Поның жазу мәнеріне келтіруге тырысқан. Эдгар Аллан По есімді детектив Гарольдтың романдарында негізгі кейіпкер болып табылады. Сьюзан Хаббарттың «Өзге» атты еңбегінде Поның «Аннабель Ли» өлеңінен үзінді келтірілген. Жапон жазушысы Эдогава Рампо өзінің әдеби лақап атын Эдгар Поның атына ыңғайлап алған. Америкалық жазушы Луи Байярдтың «The Pale Blue Eye» романындағы басты кейіпкерлердің бірі По есімді жасөспірім болады. Луи аталған туындысы үшін Эдгар Аллан По атындағы әдеби сыйлыққа ие болған. Бұдан фантаст жазушы өз заманында еленбесе де, болашақты болжай жазған туындыларының арқасында оқырман жүрегінде мәңгі қалатынын көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: Аруна, 2010. – 211 б.
- 2.Балқыбек Ә. Детектив жанры неге кенже қалып отыр // Ана тілі. - 2001.- №40. – Б.
- 3.Тугушева М. Под знаком четырех. о судьбе произведений Эдгара По, Артура Конан Дойла, Агаты Кристи, Жоржа Сименона. – М.: Книга, 1991. - 290 б.
- 4.По Э.А. Убийство на улице Морг: рассказы: пер. Англ. / По Э.;ил. С.А. Соколова. – М.: Правда, 1987. – 115 б.

ОҚУШЫЛАРҒА ЕРТЕГІЛЕРДІ ОҚЫТУ

ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА СЫМБАТ ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті»
білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕКҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,
ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье проанализированы труды Эдгара Аллана По в жанре детектива в художественной литературе.

Summary. The article analyzes the works of Edgar Allan Poe in the genre of detective fiction.

Азат елдің ендігі жас ұрпағын халқын сүйер, туған елін қадірлейтін, ата салтын ардақтайтын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, жан-жақты азамат етіп қалыптастыруда бастауыш сыныпта оқытылатын ана тілінің атқаратын қызметі зор.

Кезінде кеңестік мектептерде жақсы да сапалы білім берілгенмен, оқушының шығармашылық, тұлғалық, «ұлттық» шарықтау мүмкіндігі шектеулі болды. Ол кездегі оқулықтардың қай-қайсысы да халықтық рух-болмысымызбен қабыса бермеді.

Ұстаздың мақсаты – «үйрету үшін үйрену». «Үйренуден жалықпа, үйретуден аянба» деген қағиданы берік ұстанған мұғалім өз сабақтарында оқушыларға оқу және таным әрекеттерінің мақсатын, оның орындалуы барысында нені меңгеретінін айқын жеткізуге тиісті. Берілетін тапсырма түрлері сабақтың барлық кезеңдерінде оқушылардың жеке пікірлерімен, қалауларымен толықтырылып, өзгертіліп, оқушы қызығушылығына негізделіп, лайықталып отырылады. Сабақты проблемалық сұрақтар мен ізденістерге құрып оқыту, оқушыны әртүрлі шешімдер мен көзқарастар айтуға үйрету, өз тұжырымдарын дәлелді түрде жеткізе білуге дағдыландыру – оқушыларға сабақ беретін мұғалімдердің бірден-бір міндеті. Әдебиет пәнінің басты қызметі – оқушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыру, дамыту. Нені оқып, қандай кітаптарды талғау құқын баланың өзіне қалдырған күнде де, оның өзге пәндерді игеруіне, интеллектуалды мәдени дамуына негіз бола алатын оқырмандық белгілерін айқындап, оқушыны дұрыс бағыттап отыру – ана тілі ұстазының төл парызы.

Мұғалімнің түпкі мұраты – баланың жеке тұлға ретінде өсуіне басшылық жасай алу. Ол үшін оқушы дүниетанымын, шығармашылық қабілетін дамытуды үнемі жадында сақтап жүретін ұстаздың іс-тәжірибесі жинақталып, күнделікті сабаққа қажетті үлгі-жоспарлар, тапсырма, шығармашылық ізденіс жұмыстары болуы керек.

Адам баласының болашаққа, келер күнге ұмтылған ұшқыр қиялы, осы жолдағы ұлан-ғайыр еңбегі мен бастан кешкен сан қилы оқиғалары, бір сөзбен айтқанда өткені мен бүгінгісі және келешегі көркем әдебиетте бейнеленеді. Көркем әдебиет – көркемөнердің сан түрлі салаларының ішіндегі баға жетпес асылдарының бірі. Онда адам тағдыры болмыс-бітімімен көрінеді. Бұл туралы ғалым З.Қабдолов «Сөз өнері» атты еңбегінде: «Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» деп жазады. Адамның ой-қиялын, сезім, жандүниесін баурап, бұл жолда сан-салалы із қалдыратын әдебиеттің сөз өнері екендігін дәлелдей келіп, ғалым былай дейді: «Өнердің кәусар туындысы халық өмірінің терең және мөлдір қайнарынан шымырлап шығады да, сол халықтың рухани сусынына айналады»[1].

Міне, өнер туындысының танымдық, тәрбиелік мәні осында жатса керек. Бұл ретте бастауыш сыныптардағы ана тілі пәні бойынша қамтылатын көркем

шығармалардың ролі тіпті зор. Сөз өнерінің көркем айшығын жас ұрпақ санасына жеткізу, оның тереңіне бойлап, сыр-сипатын таныту – басты мәселе. Бастауыш мектепте өтілетін барлық пәндердің ішінде ана тілі пәні баланы әсемдікке ынталандырып, рухани көкжиегін кеңейтетін қасиетімен ерекшеленеді. Әр пәннің өзіндік ерекшелігі, өз тілі болатындығын, әрқайсысы өз өрнегімен сөйлейтіндігін түсіндіре келе ғалым Т.Ақшолақов: «Әдебиет - өнер туындысы; әдебиет сабағы - өнер сабағы» десе[2.], әдіскер мұғалім Қ.Бітібаева: «Әдебиет пәні баламен нағыз қарым-қатынастың пәні, баламен нағыз достықтың, ынтымақтастықтың пәні», - дейді[3.]. Ал әдебиеттің ең алғашқы баспалдағы ана тілі екендігі белгілі. Ана тілін оқыту, одан өрісті білім беру үшін оқушының кез келген шығарманы жан-жақты эстетикалық талдау жасай білуге дағдыландыру қажет. Сонда ғана ол көркем туындыға тереңдей үңіліп, ондағы адамгершілік, эстетикалық проблемалардың байыбына бара алады. Шәкірттерге шығарманы оқыту барысында сөз сырына бойлатуға мүмкіндік жасау қажет. Бастауыш сынып оқушыларын сөздің алуан түрлі сырына үңіле білуге үйрету – ана тілінде берілетін көркем шығарманы танытудың басты жолы.

Егер бала әр уақытта өнер мен әдебиетке жақын болса, көркем шығармадан әрдайым сусындап отырса, оның бірте-бірте дүниеге, өмірге көзқарасы, эстетикалық сезімі қалыптасады. Ал эстетикалық сезім әдебиет пен өнердің, заттар мен құбылыстардың ғажап қасиеттерінің әдемі әсерінен оянып, оқушының ішкі рухани қасиетін, рухани қазынасын байытып, нәрі санада өмір бойы сақталады.

Ана тілі – шындықты эстетикалық тұрғыда танытуға үйрететін пән. Көркем шығарма арқылы оқушы айналасындағы өмірді, қоршаған ортаны кеңірек тануға, идеялық ұстамдылыққа үйренеді; адамгершілік биік сапаларға ие болады; әсемдікті түсінуге мүмкіндік алады. Мұғалім – оқушыларды ана тілін оқыту арқылы олардың өмірге және әдеби шығармаға деген ұғымын, талғамын өсіретін, бір сөзбен айтқанда, баланы бүкіл болашақ саналы өмірге дайындайтын адам. Ана тілі сабағында ол баланы әсемдік пен әдемілікті ұғынуға, қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынастардың сырын түсінуге, әдеби шығарманы талдауға сол өмірдің шын жағдайы арқылы келуге үйретеді. Шығарманы түсініп, талдап үйрену, негізінен, оқушы еңбегіне байланысты. Ал мұғалім оқушыға шығарманы нақты түсінуге, оның оқиғаларын бастан бірге кешіп, кейіпкерлер тағдырына, күйініш-сүйінішіне ортақтаса білуіне көмектесуі керек. Осындай кейіпкермен бірге кешкен сезім күйі ғана баланы жақсы мінезге тәрбиелейді, көркем шығарманың эстетикалық күшін бала сонда ғана нақты сезінеді. Осы тұжырымдарды саралай келе диплом жұмысының осы тарауында бастауыш сыныптағы ана тілі сабағында ертегілерді оқытудың мәселелеріне тоқтала кетпекшімін.

Ертегілерде көрінетін халықтың арманы мен тілегі, әділдік пен жақсылықтың қастандық пен зұлымдықты жеңетіндігі, шығарма қаһармандарының жағымды, жағымсыз болып бөлінетіндігі, ондағы тартымды, қызықты оқиғалардың тәрбиелік мәні бар. Халық даналығы бала ұғымына өте жақын. Оның жанрлық ерекшелігі, оқиғасының бірден-бірге сатылы дамуы оқушылардың қызығушылығын, ынтасын арттырады, жаттап алып, жадында сақтайды.

Мектепте ертегілерді оқытудың маңызы өте зор. Жаңа буын оқулықтарында «Ертегілер» тақырыбына едәуір орын берілген. Оқулықтардағы жалпы ауыз әдебиетіне арналған тараулардың тақырыптарының өзі ерекшеленіп тұрады. Баланың қызығушылығын арттыруға мұның да әсері болуға тиіс. Мысалы, халықтық шығармалар берілетін тарау 5-сыныпта «Асыл сөз», 3-сыныпта «Сарқылмас қазына», 4-сыныпта «Арналы бұлақ – асыл сөз» деп аталады. Ертегілерді әр тарауға жинақтауда балалардың жас ерекшелігі қамтылған «Байлық пен ақыл», «Ұр тоқпақ», «Жақсылық пен Жамандық» ертегілерімен оқушылар 5-сыныпта танысады. Енді бір ертегі сабақты өткізу әдісіне тоқталайын.

Жаңа сабақты әруақытта кіріспе әңгімемен бастаймыз. Өйткені ол оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын арттырады. Жаңа сабақты өткенмен байланыстыру оқушылардың жаңа сабақты қиналмай, сапалы меңгеруіне көп әсерін тигізеді. Кіріспеде ертегілердің пайда болуын, түрлерін айта келіп, қазіргі өмірмен байланыстырамыз. Осы ертегіге ұқсас және қандай ертегілер оқығанын қысқаша сұрақ-жауап әдісімен естеріне түсіреміз. Үйге оқып келуге «Ұр тоқпақ» ертегісі берілген. Ертегінің оқиға желісіне, көркемдік дәрежесіне, жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің іс-әрекетіне тоқтала келіп, шалдың аңқаулығын, ақ көңілдігін айтып, «Ақ көңілдің аты арымас» мәтелімен қорытындылап, жаңа сабақпен байланыстырып, «Жақсылық пен Жамандық» ертегісін түсіндіреміз. Ертегінің мазмұнын түсінікті әрі жеңіл тілмен баяндап, айтып береміз. Оқушылар оқиғаға өздері араласып жүргендей әсер алады. Ертегіде шындық пен өтіріктің, ақылдылық пен ақымақтықтың қатар көрсетіліп, жаман мінезге жақсы мінездің қатар қойылатынын дәлелдейді. Ақылдылық пен ақымақтық, әділеттілік пен әділетсіздік қатар бейнеленеді. Арамзалық пен жауыздық апатқа ұшырап, жеңіліп, жақсылықтың жеңіске жетуі халықтың бақытты бейбіт өмір аңсағанын көрсетеді. Ертегіні оқыту барысында қандай қиыншылық болса да қарсы тұра білу, еңбек адамын қадірлеу сынды биік адамгершілік қасиеттер дәріптеледі.

Ертегілердің ұғымды болуы, кейіпкерлер әрекеттерінің әдеттегіден тысқары қимыл-әрекетке батыл баратындықтары әрі олардың көздеген мақсаттарына түрлі кедергілерді жеңіп барып жететіндіктері, олардың ақтық, пәктік қасиеттері, мақсат-мүдделерінің көп тілегімен үндестігі, соның арқасында олардың дұшпанынан досының көп болатындығы, әділдіктің әділетсіздікті жеңетіндігі оқушыларды мәтінді қызығып оқуға жұмылдырады, ертегілік қасиетінің бала қиялымен ұштастығы олардың қанағаттанарлық сезімдерін оятады.

Ертегілерді оқыту 5-сынып мұғалімдеріне көп еңбек сіңіруді қажет етеді. Бастауыш сыныптардың ана тілі оқулықтарында ертегілердің қара сөзбен жазылған түрлерімен қатар өлеңмен жазылған түрлері де берілген. Қай жанрда жазылған ертегі болмасын, балалар оны ерекше қызығушылықпен оқиды. Балаларды тартатын – оның қиял-ғажайып оқиғалары, бас кейіпкерлердің басынан кешетін небір қызықты істері, батырлығы, жүректілігі сияқты қасиеттері. Оқиға қызығымен кететін балаларға ертегі арқылы қандай білім беруге болады, икем-дағдысына қандай талаптар қою керек? Міне, осы мәселелер әр мұғалімді толғантуы, ойландыруы тиіс. Ертегілерді оқытуда ең басты мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

- Ертегілер туралы түсінік беру;
- Сюжеті мен композициясындағы жымдастық, тұтастық, өзіндік ерекшеліктерді білдіру;
- Тіл құрылысы ұйқаспен, тақпақпен келуі, баяндау, суреттеу, портреттеу шеберлігі, бейнелі сөздердің мол келуі, оқиғаларының қызықтығы, жатықтығы;
- Ертегі негізінде халқымыздың асыл арманы, ұшқыр қиялы, гуманизмі, адамдық мінез-құлқының, тыныс-тіршілігінің айнымай көрінуі. Қай ертегі болмасын, халық арманына, тілегіне сай, тек жақсылықпен, бақытқа жетумен аяқталады.

Балалардың дамуына ең алдымен оқыту мазмұнының ерекшеліктері (ертегілердің нақтылық теориялық сипаты, жеңілділігі мен күрделілігі, т.б.) әсер етеді. Баланың ертегілерді оқуына күшті әсер ететін себептердің бірі – мотивтер. Мотивтер деп белгілі әрекетке итермелейтін, бағыттайтын себепті айтады. Мотивтер баланың оқуға деген жағымды сезімдері мен эмоцияларын тудырады. Осындай танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады.

Ертегілердің дамытушылық сипаты барысында таным белсенділігі артады. Мектеп жасындағы балалардың таным ынтасын қалыптастыруда ертегілер арқылы білім беру тәсілдерінің ерекше маңызы бар. Оларды оқу барысында балалар түрлі заттардың, құбылыстардың мәніне, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарын терең

түсінуге, алған теориялық білімдерін практикада еркін білуге үйренеді. Оқушылардың таным белсенділігінің артуы олардың шығармашылық іздену қабілетіне, мұғалімдердің теориялық сауаттылығы мен шеберлігіне байланысты. Ертегілерді оқығанда оқушыларда ғажайып өзгерістер болып жатады. Өз ісіне шебер педагог бұл өзгерістердің барлығын қалтқысыз қадағалап, бала бойында жақсы қасиеттердің артуына үлес қосуы керек.

Ертегілер – жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытатын, оларды адамгершілікке тәрбиелейтін тәрбие құралы. Ол балалардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын тануға септігін тигізеді. Балалар ертегі оқығанда қиял-ғажайып ертегілер мен шыншыл ертегілердің өзіндік ерекшеліктерін ашуға назар аударады. Демек, халық педагогикасы балаларды ойлана, іздене білуге, қиял қанатын ұштап, асқақ армандарға талпындыруды нысана еткен.

Ертегілерді оқытуда қандай әдіс-тәсілдер, оқу формалары, сабақ типтері тиімді саналады?

Ең алдымен оқушыларға ертегіні оқып беру, содан соң оқыту, мазмұнын толық меңгерту мәселесін ойластыру керек. Мазмұнын меңгерте отырып, оның негізіндегі идея, айтайын деген терең ой туралы сөз қозғау. Мазмұнын меңгертуде мәнерлеп оқу, әңгімелеу, баяндау, сұрақтар, тапсырмалар жүйесін ойластыру, оқушылардың қабілетін, икем-дағдысын арттыруға байланысты жұмыс түрлерін жүргізу, соның ішінде өтілгелі отырған ертегіге сәйкес ертегілер құрастыруға баулу, пікір айта білу, өз беттерімен талдауға дағдыландыру, мәтінге жуық мазмұндату, басты оқиғаларды ғана қамтып мазмұндату мәселелерін ойластыру.

Әдебиет оқулықтарында берілген ертегілерді оқып, талдап болған соң қорытынды сабақ ретінде салыстыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Бұндай жұмыс оқушылардың ертегілерді жанрлық жағынан бір-бірінен ажырата білулерін, ортақ, ұқсас мәселелерін, үндестіктерін, өзіндік ерекшеліктерді тереңірек түсінуге көмегін тигізеді. Мұндай сабақты «Ертегіде қонақта» (сабақ үлгісін композициялық сабақ ретінде алуға болады) немесе «Ертегі кейіпкерлері сыр шертеді» деген тақырыптармен өткізуге болады. Бірнеше ертегіден шағын көріністер көрсету (оқушылар өздері дайындайды), ертегіні ертекшіге бастату (оның ролінде де оқушылар болады), ертегілер бойынша суреттер салғызып (қабілеттеріне қарай), сабақта оны пайдалану балалардың әдебиетті сүйу, халық туындыларына деген құрметін, қызығушылығын арттырады.

Халық ертегілерімен қоса оқулықтарда әдеби ертегілерге де орын берілген. Бұған мысал ретінде 5-сыныптың әдебиет оқулығында берілген С.Көбеевтің «Еңбекпен ел көгерер», О.Әубәкіровтің «Сүт қалай ұйықтайды?» ертегілерін айтуға болады[4]. Осы сияқты әдеби ертегілерді оқытқанда мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

- әдеби ертегінің халық ертегісінен айырмашылығы (авторының бар екені, кейде халық арасына тараған аңызға құрылатыны);
- ұқсастық, үндестік жақтары;
- көтеретін негізгі мәселелері;
- ертегінің маңызы, тәрбиелік мәні.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұстафина М. Сөз өнерінің құпияға толы әлемі. Алматы, 2005.
2. Ақшолоқов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. Алматы: Мектеп, 1993
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы: Рауан, 1997. - 285 б.
4. Қазақ әдебиеті. 5-сынып. Оқулық.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРІНІҢ МАҒЫНАСЫ

МӘДИЕВА ІНЖУ МАРЖАН

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті»
білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕЛБОТАЕВ АЛМАСБЕК БАТАНҰЛЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті,
ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье проанализировано значение имен жестов в современном казахском языке на основе исследований ученых.

Summary. The article analyzes the meaning of gesture names in the modern Kazakh language based on research by scientists.

Адам баласы жаратылыстағы құбылыстар мен заттарды, олардың бір-бірімен байланысын, өзара қатысын бірте-бірте танып біледі. Күнделікті іс-тәжірибесінде процестер мен оның нәтижелері, зат атаулары жайында ұғым қалыптастырады да, тілдік бірліктер арқылы белгілейді.

Өмір сүретін материяның барлығы да қозғалыста, дамуда, тіршілік үшін күресте, еңбек етуде болатындықтан да, іс-әрекетті, қимыл-процесті білдіретін сөздерді зерттеу, танып-білу, оның негізгі ерекшелігі мен ішкі мағынасына тереңдей үңілу – тіл білімі үшін ең маңызды мәселелерінің бірі. Дат ғалымы О.Есперсен: «Глагол дает жизнь предложению и поэтому он важен для построения» - деп етістікке тапқырлықпен анықтама берген [1,95б.]. Шынында да табиғаттың сан-салалы құбылыстарын, ондағы алуан түрлі іс-әрекеттер мен қимыл процестерді білдіретін сөз табы – етістіктің тіл білімінде алатын орны ерекше.

Лингвистикада семантика термині екі түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, семантика тіл білімінің бір саласы деген мәнде жұмсалса, екіншіден семантика термині – тілдік бірліктің ішкі ерекшелігін, жеке мазмұнын белгілейді. Бұл жағдайдасемантика термині мағынамен шектес, мәндес.

Тіл жай дыбыстар комбинациясы емес, белгілі идея мен ойды белгілейді. Ондағы бірліктер әртүрлі мағынаға ие. Семантика жөнінде алғаш құнды пікірлер айтқан ғалымдардың бірі, Швейцария лингвисті Ф.де.Соссюр тілді бір парақ қағазбен салыстырады, яғни мағына – оның бергі жазар беті болса, дыбыс – артқы беті. Қағаздың бергі бетін артқы бетінен бөліп, қиып алуға болмайды. «Тілдік белгі зат пен оның атауын байланыстырмайды». [2,147б.].

Түркі тіл білімінде семантика туралы пікірлер, әсіресе қазақ тілінде, бір ізге түсіріліп, тұжырымды, бір ғылыми аңғарға ойыспағаны байқалады.

Семантика негізінен жоғарыда айтылғандай, сөздің мағынасын белгілейтіні белгілі. Десек те, тіл білімінде «Сөзжасам семантикасы», «туынды сөз семантикасы», «Синтаксистік семантика» т.б. сияқты терминдер де кездеседі. Сонымен, семантика – тілдік бірліктердің ішкі мағынасы мен мазмұнын, мағыналық бауы мен тарылуын, сөздердің әр түрлі семантикалық топтарға жіктелуін т.б. зерттейтін тіл ғылымының бір саласы.

Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Семантика-тілдегі жеке сөздер мен жеке сөз тіркесінің мағынасы, мәні. Семантика деген гректің «көрсетуші», «белгілеуші» деген сөзінен шыққан мағына деген ұғымда қолданылады», - деп жазылған [3,263б.].

Қазақ тілінің бүгінгі аумақ деңгейін бажайлап байқағанда, сөздердің, сөз тұлғаларының, сөйлемнің мағыналық қырларын ашу, семантикалы топтарға жіктеу, олардың сөйлемдегі қолданылу аясы мен қызметін көрсететін бірнеше салмақты да салдарлы бар екені аян. Әйтсе де, семантика саласының бүгінгі таңда кенже қалып отырғаны кім-кімге де болса да жаңалық емес. «Семантика» деген сөздің өзін кезінде түрпідей көріп, шеттетіп, идеализмге алып барар бағытта баға берген кез де көз алдымызда тарих болып отыр.

Қазақ тіл білімі, көбінесе, формалық деңгейде зерттелді де, семантикалық жағы көзге ілінбей, тереңіне бойлатпай келді. Тек соңғы уақытта ғана семасиологияға ат басын бұрып, ғылыми еңбектер жазыла бастады.

Етістік семантикасын алғаш рет жүйелей зерттеген ғалым Мейірбек Оразов кез-келген семантикалық зерттеудің шарты ретінде ең алдымен, сөздің лексикалық жағын және грамматикалық мағыналарын белгілеу қажеттігін атап көрсетеді. «Грамматикалық мағынасыз лексикологиялық мағына жоқ. Сөйлеу барысында лексикологиялық мағына өзінің бір бөлшегі ретінде үнемі грамматикалық мағынаны қажет етеді. Грамматикалық мағынамен байланысқа түспейтін лексикалық мағына болмайды»[2,76], - деген ғалымның пікірі де, В.И.Арнольдтың «Грамматическое значение не может существовать в отрыве от лексического»[4,35б.] деген ойымен іштей үндес. Лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның арасында абсолюттік айырмашылық жоқ, бір-бірімен өте тығыз байланысты. Кез келген сөз лексикалық және грамматикалық мағынаның бірлігі арқылы жасалады да, белгілі бір мағынаны және мазмұнды білдіріп, белгілі бір қызметте жұмсалады. Сөз құрамында бұл екі мағына жымдаса бірігеді. Тіпті тіл тарихында лексикалық мағынаның грамматикалық мағынаға ауысуы, трансформациялану фактілерінің кездесуі де мұның айқын дәлелі бола алады.

Түркологиядағы семасиологияға байланысты жазылған еңбектерді қарап байқағанда, әсіресе лексикалық семантиканың жақсы зерттелгенін байқауға болады. Э.Т.Тенишев, А.А.Юлдашев, Кучкартаев, Г.К.Багиров, А.А.Гасанов, Б.И.Татаринцев, Т.Н.Васильева және т.б. Қазақ тілі бойынша екі докторлық диссертация қорғалды: М.Оразов, Е.З.Қажыбековтер. Бұдан басқа З.С.Зейналованың /1986/ кандидаттық диссертациясы бар.

Түркі тілі бойынша бұл мәселені ең алғаш қозғаған ғалым, біздің шамалауымызша, Н.А.Баскаков. 1979 жылғы монографиясында және 1985 жылғы өткен Фрунзедегі түркологтардың бас қосуында жасаған. «Морфемный состав тюркского слова и проблемы морфосинтаксиса, морфонологии и морфосемасиологии» /1985/ атты баяндамасында кез келген морфеманың өзіндік мағынасы болатынын, сондықтан да әрбір морфеманы «семантикалық аяда» қарастырып зерттеу ләзім дей келіп, автор морфеманың семантикасын зерттейтін ілім жүйесі «морфосемасиологияны» қалыптастыру қажет деген идеяны айтады. «Морфосемасиология – способствует уточнению семантического анализа как простых, так и более сложных понятий» - дей келіп, түркі тілінің жалғамалық табиғаты сөздерді формалық бөлуге қалай ыңғайлы болса, жеке семалық бөлуге де сондай ыңғайлы, себебі әрбір морфемада белгілі бір ұғымдық мағына бар екендігін айқын көрсетеді /5.78/.

Сондай-ақ Г.П.Мельников «Семантика и проблема тюркологии» атты мақаласында семантикалық зерттеу түркі тілінің жалғамалық табиғатында жақсы нәтиже беретінін ерекше атап өтеді[6.]. Профессор М.Т.Томанов мақалаларының бірінде синхрондық зерттеудің нәтижесінде диахрондық деңгейдің бағытын анықтайтынын айта келіп, семантикалық зерттеудің мәнін былайша атап көрсетеді. «Грамматика любого языка тогда может считаться грамматикой, когда она наряду с описанием форм их изменений содержит и объяснение их семантики»[6.].

Алайда грамматикалық морфеманың мағыналары оқулықтарда ішінара ғана атап өтілгені болмаса, жеке зерттеу объектісі бола қойған жоқ. «Соотношение собственно семантического плана грамматического-нетронутая тема в тюркской сопоративистике», - деп жазды Е.З.Қажыбеков [7,13б.].

Форманың қыры мен сырын терең ұғынып, салиқалы ой тую үшін, ең алдымен, оның семантикасын зерттеп, құрылысын анықтап, форма мен мағынаны үнемі біріктіре, байланыстыра қарау шарт. Сөздің материалдық белгісі – оның құрылысы. Қ.Қ.Жұбанов оны «сөз бұйымы» деп атаған. «Әрбір ауыз сөз – бір бүтін бұйым. Мұны жасайтын материал - дыбыс» [8,136 б.].

Сөздің екінші қасиеті – ішкі мағыналық белгісі. Ал мағына – айналадағы өмір шындығының сәулеленген бейнесі. Көріп-сезіп, білу нәтижесінде адам санасында қалыптасқан белгілі бір ұғым қоғамдық ара-қатынаста адамның сөйлеген сөзі арқылы екінші кісіге беріледі. Зат танылады, оның түр-түсі, қимыл-әрекеті т.б. сөзбен өрнектеледі, бір-бірімен табиғи байланысы аңғарылады. М.Оразов сөздің дыбыстық байланысқа түспей, тек мағына арқылы байланысатынын айтады[2,5 б.].

Сөздің семантикасы құрамындағы морфеманың мағынасына тікелей байланысты, себебі әрбір морфема белгілі семаға ие делік. Әр түрлі морфемалардың бірлесуі мен олардың мағыналық ыңғайластығынан сөздің морфологиялық құрамы, оның мағынасы келіп шығады. Ал грамматикалық морфеманың мағынасы тек сөзге талдау жасау барысында, лексикалық единицамен байланыста қарағанда ғана анықталады. Кез келген грамматикалық форманы мағыналы бөлшек ретінде қарастырғанда, жеке дара бөліп алып зерттеуге болмайды.

Морфеманы сөзден, сөзді сөз тіркесінен, сөз тіркесін сөйлемнен, сөйлемді контекстен бөле-жара қарап, зерттеу жұмысын жүргізу дұрыс нәтиже бермейді. «Тілді оның бір бөлшегі тіл дыбыстарын тексергенде «тіл семьясы қорғанына» бір қамайтын болса, тілдің әрбір бөлшегін басқа бөлшектеріне жолатпай сол бөлшектің өз ішіне екі қамайды. Сөйтіп, қос қорғанды қамалға қамап, тіл байғұсқа жарық көрсетпейді. Өйткені тілдің өсуін, дамуын ұштасқан шеңберден шығарса, бір семьямен екінші семьяның қатынастарын қараса, артта қалған тілдердің ілгері кеткен тілдермен табиғаты бір, о да жетісіп, ілгері қатар тілдердей бола алады деген болар еді»[8,131 б.]. Сондықтан да кез келген морфеманың семантикасын ашқанда, оны бүтіннің бір бөлшегі ретінде қарастырамыз.

Грамматикалық морфеманың сөзден ерекшелігі – оның толық лексикалық мағынасы жоқ. Морфеманың мағынасы, әдетте, сөзбен тіркесу нәтижесінде ашылып, айқындалады. Жеке тұрып өзіндік өзгеше мағына бере алатын форма болмайды. Көрнекті ғалым К.Аханов бұл жөнінде былай деп жазады: «Аффикстік морфемалар әрқашан сөз құрамында қолданылады. Олар сөзден тыс ешқандай мағынаны білдіре алмайды. Аффикстік морфемалар сөз құрамында қолданғанда ғана белгілі мағынаны білдіреді» [9,22 б.].

Ендеше, сөздің морфологиялық структурасында атқаратын мағыналық қызметіне байланысты ғана жеке морфеманың синтаксисі жөнінде айтуға болады.

Біздің байқауымызша, грамматикалық бірліктерді семантика аясында зерттеп, оның ішкі мағынасын ашуды ұсынған алғашқы ғалымдардың бірі – ағылшын тілінің білікті маманы – А.И.Смирницкий. Ғалым «Лексическое и грамматическое в слове» деген мақаласында тілдегі грамматикалық бірліктерді айқындағанда оның сыртқы формасы мен ішкі мағынасы қатар зерттелуі тиіс екенін ерекше атайды: «Недооценка внутренней, смысловой стороны при определении специфики грамматических явлений большею частью выражается в том, что значения словообразовательных аффиксов и значения грамматические рассматриваются как «оттенки» основного корневого значения, как вносимые в него видоизменения»[10,22 б.]. Шынында да, егер грамматикалық мағынаны жоққа шығарсақ /ондай пікірдегі ғалымдар да бар/, онда тілдің негізгі бірлігі – сөз де өзінің дұрыс бағасын ала алмас еді.

Бір сөздің екі түрлі грамматикалық формасының өзгешелігі немесе түбірлес екі сөздің айырмашылығы, тек біреуінің әр түрлі нышандары ғана болса, онда сөз бен оның морфемалары, туынды сөз бен сөз тудырушы ұяның арасында принципті айырма қалмас еді. Сөз ерекше единица ретіндегі сөздік қасиетінен айрылып, әртүрлі жасалымдарға бөлініп кетер еді. Сондықтан да мына жайтты айқындау шарт: грамматикалық форма негізгі /форманы/ мағынаның нышанын білдірмейді, әртүрлі ойлау жүйесіндегі мағыналық қатынасты көрсетеді. Автордың пікірінше, грамматикалық семантика формативтік грамматиканың жетістіктеріне сүйене отырып, грамматикалық мағыналарды классификациялауды және жүйелеуді, барлық формалардың беретін негізгі мағыналарын айқындауы тиіс.

Сонымен тілдік жүйеде мағынасыз, мазмұнсыз бірлік жоқ. Кез-келген грамматикалық форманың тек өзіне тән ерекше мағынасы болады. Ол сөзге не сөзформаға жалғану арқылы өзіндік мағынасын айқындай алады. Сөз болғалы отырған етістіктің қимыл есім категориясының мағынасы, қасиеті, қызметі осы тұрғыдан қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ганиев Ф.А. Суффиксальное ловообразование в современном татарском литературном языке. Казань, 1974.
2. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, 1991.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.- Алматы. 8 том. 1986.
4. Арнольд Д.И. Семантическая структура слова в современном английском языке и методика ее исследования.-Л., 1966.
5. Карашева Н.Б. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века /на материале журнала/ Айқап. Автореферат к.л., Алма-Ата, 1959, 11 б.
6. Советская тюркология. 1976-1988, бірнеше №.
7. Кажыбеков Е.З. Семантика тюркского слова. -А., 1989.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- А., 1966.
9. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері.- А., 1972.
10. Смирницкий А.И. Лексикология английского языка. -М., 1956.

ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

ТУЛЕПОВА МӨЛДІР АБЫЛҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

САРСЕНБАЕВА МАЙРА БЕКБОСЫНҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы. Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье проанализировано значение имен жестов в современном казахском языке на основе исследований ученых.

Summary. The article analyzes the meaning of gesture names in the modern Kazakh language based on research by scientists.

Грамматикадағы белгілі бір жеке тұлғаға берілетін ереже сол тұлғаның морфологиялық, синтаксистік, жалпы алғанда, грамматикалық белгілері бойынша жіктелуі – ең негізгі шарт. Ал ондай тұлғалардың грамматикалық атауы, термині, оларға берілетін ережеге қарағанда екінші орындағы мәселе болғанмен, сол тұлғалардың мазмұнына сай болуы орынды. Соңғы ғылыми еңбек «Қазақ тілі грамматикасындағы» – у жұрнақты тұлғаны етістіктің «рай категориясы» тақырыбынан алып, өз алдына жеке «тұйық етістік» деп қараған бастаманы, ондағы негізгі ережені қуаттай отырып, бірақ оның атауы «тұйық етістік» емес «қимыл есімдері» деп аталуын дұрыс деп санаймыз. «Қимыл есімдері» деген атаудың ана тілімізге ешбір жаттығы, өрескелдігі жоқ. Осындай атаулар туыстас башқұрт /есім қимыл/, татар /есім фиғыл/ тілдерінде де кездеседі.

Қимыл есімі / кейде тұйық етістік, қимыл атауы/ етістіктің мағына жағынан да, түрлену жүйесімен де ерекшеленетін функциялық формаларының бір түрі.

Барлық етістік формалары жіктеліп, жақтық, шақтық мағынаны аңғартса, қимыл есімінде ондай белгі жоқ. Керісінше, есімдерше көптеліп, тәуелденіп, септеліп қолданылады.

Қимыл есімінің етістіктің бір түрі болып тұрып мұндай ерекшелікке ие болуы қимыл әрекеттің өзін емес, сол әрекеттің аталуы ретінде қолданылуына байланысты.

Қимыл есімі жоғарыда айтқанымыздай, түбір етістік пен туынды түбір етістікке *-у/-ұу,-үу/, -ыс/-іс/, --мақ/-мек, -бақ, -бек,- пақ,-нек/* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Қимыл есімнің жұрнағы жалғанбайтын бірде-бір түбір не туынды етістік жоқ. Демек, барлық қимыл-әрекеттің атауы болады екен.

Мысалы; бар-бару, барыс, бармақ, өзгер-өзгеру, өзгеріс, өзгермек.

Демек, қимыл есімін қимылдың өзін емес, атауын білдіреді десек те, оның етістік шеңберінен шығып кетпейтінін, /конверсиялауды есептегенде/ етістіктің функционалдық формасы болып қалатынын аңғарамыз.

Қимыл есімі үш түрлі жұрнақ арқылы жасалғанымен, мағыналарында айырмашылық болмайды. Бәрі де қимыл- әрекетті білдіретін етістікке жалғануына қарай сол қимыл-әрекеттің атауын ғана білдіреді. Дегенмен, қазақ тілінде бұл үш жұрнақтың етістікке жалғануы, қолданыс аясы бірдей емес. Сондықтан қимыл есімдерін жасайтын жұрнақтарға жеке-жеке тоқталуға тура келеді. Етістік категорияларының ерекшеліктерін айқындамас бұрын соларға негіз болатын тұлға - етістік түбірінің ерекшеліктерін анықтап алу қажет, өйткені, кейінірек көрсетілгендей, етістік түбірдің түрленуінде, сөйлемде қолданылуында басқа сөз таптарынан ерекшеліктері бар: лексикалық мағына білдірсе де, сол күйінде сөйлемде қолданыла алмайды, тікелей жіктелмейді т.б.

Қазіргі қазақ тілінде етістік - ең күрделі сөз табының бірі. Бұл оның лексика-семантикалық ерекшелігінен, түбір тұлғасы мен оған үстелетін грамматикалық формаларының қат-қабаттылығынан және олардың ара-қатынасынан, грамматикалық категорияларының әр түрлілігінен, жаңа сөз жасау жүйесінен, қолданылу аясынан, сөйлемде атқаратын синтаксистік қызметінен т.б. лексика-грамматикалық қасиеттерінен байқалады. Етістіктің зат есім сияқты көне сөз табы екендігі, басқа сөз таптарын жасауға негіз болатындығы, яғни тарихи- генеалогиялық ерекшеліктері өз алдына бір төбе.

Ең алдымен, етістік семантикалық жағынан тілімізде қимылды, процесті, әр түрлі өзгеріс, құбылысты білдіретін сөздер болып табылады.

Қазіргі кезде сөздерді топтастырудың лексика-семантикалық, морфологиялық түрлену жүйесі, синтаксистік қызметі сияқты үш түрлі ұстанымның үлгілері етістік деп танылып жүрген сөздердің өн бойынан айқын байқалады да солардың негізінде етістіктің жеке сөз табы болып бөлінуі ешбір күмән тудырмайды.

Етістіктер басқа да мағыналы сөз таптары сияқты түбір күйінде де, өзіне тән әр түрлі грамматикалық тұлғаларда да қолданылады деп асығысайтып жүрміз. Бірақ, етістіктің осындай түр-тұлғаларының қолданылуында бірден сырт көзге іліне бермейтін ерекшеліктер бар екенін көрсеткен жөн. Ең алдымен, ол ерекшелік етістіктің түбір тұлғасының лексика-грамматикалық сипатымен байланысты. Қазіргі қазақ әдеби тілінде етістіктің түбір тұлғасы /негізгі түбір болсын, туынды түбір болсын/сырт қарағанда етістіктің кейбір грамматикалық категорияларының формаларымен, атап айтқанда, бұйрық райдың 2-жақ анайы тұлғасымен сәйкес келеді. Бірден ескертетін жайт-егер бұйрық райдың /2-жақ/ формасы бірінші және үшінші жақ тұлғаларын жасауға негіз тұлға болса, онда ол 2-жақ бұл парадигма жүйесіне кірмеуі керек, яғни бір грамматикалық түрлену жүйесінің түрлері, бір жағынан, бір-бірінен функциялық, мағыналық, тұлғалық сияқты өзіндік ерекшеліктері арқылы ажырайтын, екінші жағынан бір-бірімен тең дәрежедегі тілдік құбылыс болып саналады.

Олай болса, бір ұғымды, яғни етістіктің белгілі бір тұлғадағы грамматикалық мағынасын және оны білдіретін грамматикалық формасын бірде - етістіктің түбір тұлғасы деп, екінші бірде - бұйрық райдың жекеше, анайы екінші жақ тұлғасы деп, екі түрлі атаудың қаншалықты қажеттігі бар? Біріншіден, бұл екеуі бір ғана грамматикалық құбылыс болса, оны бір-ақ түрінде ғана атау керек. Екіншіден, бұйрықтық, жақтық /екінші, анайы/ мағына етістік түбірге тән мағына болса, онда ол тұлға етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясының /райынын/ бір грамматикалық түрі, көрінісі /бұйрық рай/ бола алмас еді. Етістіктің түбірі білдіретін жалпы грамматикалық мағына етістіктің барлық басқа тұлғаларында сақталып тұратын қимылды білдіру мағынасы да, ал 2 жақтық, бұйрықтық мағына - етістіктің белгілі сөздермен /сен деген бастауышпен/ сөйлемде белгілі /жақтық, жекешелік, бұйрықтық/ қарым-қатынасқа түсудің және соның негізінде белгілі тұлғада жұмсалудың нәтижесінде пайда болатын мағына. Яғни бірінші мағына толық мәнді сөз болғандықтан лексикалық мағынаның жалпылануы /жалпы грамматикалық/ негізінде /сөз табы ретінде/ қалыптасқан, түбірге тән қимылды білдіру - жалпы грамматикалық мағына да, екінші - сөйлеу процесінде сен деген сөзбен байланысқа түсу нәтижесінде /субъектілік-предикаттық қатынасқа түсу нәтижесінде/ пайда болатын мағына. Мысалы, қимылды білдіру етістік түбіріне тән болса, зат есім түбіріне заттық мағына, сын есім түбіріне заттың әр түрлі сынын, сапалық, қатыстық белгісін, түсін т.б. мағыналарды білдіру тән болып келеді. Сөздің түбір тұлғасы білдіретін негізгі жалпы грамматикалық мағынасы сөз табына қарай топтаудың бір межесі болып табылады да, ол сөз сол сөз табының грамматикалық тұлғалары арқылы түрленудің нәтижесінде кейін сөйлеу процесінде пайда болатын категориялық грамматикалық мағыналармен қатар өмір сүреді. Яғни түбір тұлғаға жаңа грамматикалық форма жалғанып, оған жаңа /категориялық/ грамматикалық мағына үстелгеннен түбір білдіретін негізгі жалпы грамматикалық мағына жоғалып кетпейді.

Түбір не туынды түбір етістікке қимыл есімдерінің жұрнағы жалғанғанда қимылдың атауы ретінде қолданылғанымен, салт және сабақтылық мағынасы толық сақталады. Сондықтан түбір етістік пен туынды түбір етістіктің септік формадағы сөзді меңгеруі қимыл есіміне айналғанда да сол қалпын сақтайды. Мысалы; *далаға бар- далаға бару, үйді көр-үйді көру, үйде демал-үйде демалу*.

Демек, қимыл есімін қимылдың өзін емес, атауын білдіреді десек те, оның етістік шеңберінен шығып кетпейтінін, /конверсиялауды есептегенде/ етістіктің функционалдық формасы болып қалатынын аңғарамыз.

Қазақ тіліндегі қимыл есімдер жайын сөз етуден бұрын негізгі қимыл есімдерін жасайтын тұлғалар туралы айтып олардың сыр-сипатына, тілдегі алатын орнына, мағыналарына арнай тоқтаған жөн. Бұл тарауда – осы ұсынылып отырған жұмыста *қимыл есімдері* деп танылып отырған, кейбір қазақ тілі грамматикаларында *тұйық рай* деп аталып жүрген – у жұрнақты тұлға мен етістіктердің *мақсатты келер шақ* түрі – мақ тұлғаларының зерттелу тарихы, *қимыл есімдері* деп аталу себептері жайында сөз болады.

Қимыл есім - етістікке тән шақтық қасиеттен де, жіктелу, райлық қасиеттерден де тысқары тұратын, есімдерше түрленетін етістіктің ерекше бір түрі. Етістіктің райлары шаққа қарай түрленіп, жіктеліп сол арқылы қимылдың иесімен жақ жағынан байланысқа түсетін болса, Қимыл

есімде ондай қасиет жоқ. Ол есімдерше септеледі, тәуелденеді, бірақ етістіктерше жіктелмейді, шақ пен жаққа қатысы болмайды, мағыналық жағынан қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіреді. Сондықтан да бұл қимыл есім деп аталады. Қимыл есім етістіктің негізгі, туынды түбірлеріне, болымсыз түрлеріне және етістерге - у жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, бару, келу, жүру, санау, бұрғылау, алмау, қалмау, жуыну, тарану, алғызу, сөйлесу т.б. Қимыл есім қимыл, іс-әрекеттің атын білдіріп, солардың атауы болатындықтан, заттық мағынада, зат есім мәнінде жиі қолданылады, тіпті кейбір Қимыл есімдер белгілі бір заттың атын білдіріп, зат есімге айналып кеткен. Мысалы: егеу, қашау, көсеу. Мұндай сөздердің бір қатары әрі етістік, әрі есім ұғымын білдіретін омонимдік сипат алған. Бұлар мағынасына қарай былайша топталады: 1. Үй бұйымдары атаулары: жабу, жасау, бояу, сабау, тіреу. 2. Құрал атаулары: егеу, қашау, көсеу. 3. Мекен-жай атаулары: қыстау, жайлау, асу. 4. Деріксіз ұғымдық қасиеті бар зат атаулары: оқу, тергеу, жоқтау, нұсқау т.б. Қимыл-есім тұлғалы омонимдердің зат есімге айналған түрі контексте айқындалады: ағашты қашау, қашау — таптырмайтын құрал, қаңылтырды бояу, дүкенде бояу сатылып жатыр, кітап оқу, оқу инемен құдық қазғандай т.с.с. Қимыл есімдер түрленуі жағынан болсын, мағынасы жағынан болсын зат есімге жақын жатқанымен, ол өзінің бастапқы етістікке тән мағынасынан қол үзбейді, яғни Қимыл есім етістік мағынасын сақтай отырып, әр түрлі қимылдық қатынастарды білдіреді. Мысалы: сөйлеуді ұнатады, бояу өң береді, айтуға келді, мақсат-өнімді арттыру, тұрмысты жақсарту. Қимыл-есімдер керек, қажет тәрізді модальдық сөздермен тіркескенде, предикаттанып, баяндауыш қызметін өтей алады. Предикаттану, көбінесе қимыл-есімнің тәуелденіп, оның белгілі бір жаққа тән екендігінен байқалады. Мұндай синтаксистік құрылымда қимыл иесі ілік септігінде тұрады. Мысалы: Менің баруым керек. Сенің баруың керек. Оның баруы керек. Қимыл есімнің модальдық сөздермен тіркесуінен туындаған предикаттану оның сөйлемдегі синтаксистік қызметіне тікелей байланысты. Қимыл-есімнің керек, қажет, тиіс сөздерімен тіркескен түрі міндеттілік мәнді білдіріп, жақсыз сөйлемдер құрауға түрткі болады. Мысалы, Біздің жиналысқа баруымыз керек. Сіздің осында келуіңіз қажет. Қимыл есімдер тиіс модальдық сөзімен тіркескенде предикаттанып, баяндауыш қызметін атқара алады. Мұндай жағдайда қимыл иесі атау септігінде тұрады да, қимыл-есім көбіне барыс септік жалғауын қабылдайды. Мысалы: Біз келуге тиіспіз (тиістіміз). Сіз келуге тиіссіз (тиістісіз). Ол келуге тиіс (тиісті). Қимыл есімдерге - лық, - лік әсіресе - шы, - ші жұрнақтары жалғану арқылы туынды зат есімдер жасалады. Мұндай жағдайда қимыл-есім туынды түбірге негіз болады. Мысалы: жазушы, сатушы, оқушы, оқулық, жалғаулық т.б. Сонымен, Қимыл есімдер тиісті тұлғада түрленуіне қарай, белгілі сөздермен тіркесуіне орай сөйлемде дербес мүше де бола алады, күрделі мүшенің құрамына да ене алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. I- бөлім. Алматы, 1967.
2. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, 1991.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология.- А., 1991.
4. Қасымова Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер.- А., 1996.

ӘОЖ.81.696.56

ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СИНТАКСИСТІК ДЕРИВАЦИЯСЫ

ҚАМЫСБЕКОВА ДАНА НҮРҒАЛИҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

САРСЕНБАЕВА МАЙРА БЕКБОСЫНҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы. Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно освещены исследования лексической и синтаксической деривации имен жестов.

Summary. The article highlights in detail the research on the lexical and syntactic derivation of gesture names.

Қимыл есім - етістікке тән шақтық қасиеттен де, жіктелу, райлық қасиеттерден де тысқары тұратын, есімдерше түрленетін етістіктің ерекше бір түрі. Етістіктің райлары шаққа қарай түрленіп, жіктеліп сол арқылы қимылдың иесімен жақ жағынан байланысқа түсетін болса, Қимыл есімде ондай қасиет жоқ. Ол есімдерше септеледі, тәуелденеді, бірақ етістіктерше жіктелмейді, шақ пен жаққа қатысы болмайды, мағыналық жағынан қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіреді. Сондықтан да бұл қимыл есім деп аталады. Қимыл есім етістіктің негізгі, туынды түбірлеріне, болымсыз түрлеріне және етістерге - у жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, бару, келу, жүру, санау, бұрғылау, алмау, қалмау, жуыну, тарану, алғызу, сөйлесу т.б.[1.].

Қимыл есім қимыл, іс-әрекеттің атын білдіріп, солардың атауы болатындықтан, заттық мағынада, зат есім мәнінде жиі қолданылады, тіпті кейбір Қимыл есімдер белгілі бір заттың атын білдіріп, зат есімге айналып кеткен. Мысалы: егеу, қашау, көсеу. Мұндай сөздердің бір қатары әрі етістік, әрі есім ұғымын білдіретін омонимдік сипат алған. Бұлар мағынасына қарай былайша топталады: 1. Үй бұйымдары атаулары: жабу, жасау, бояу, сабау, тіреу. 2. Құрал атаулары: егеу, қашау, көсеу. 3. Мекен-жай атаулары: қыстау, жайлау, асу. 4. Деріксіз ұғымдық қасиеті бар зат атаулары: оқу, тергеу, жоқтау, нұсқау т. б. Қимыл-есім тұлғалы омонимдердің зат есімге айналған түрі контексте айқындалады: ағашты қашау, қашау-таптырмайтын құрал, қаңылтырды бояу, дүкенде бояу сатылып жатыр, кітап оқу, оқу инемен құдық қазғандай т. с. с. Қимыл есімдер түрленуі жағынан болсын, мағынасы жағынан болсын зат есімге жақын жатқанымен, ол өзінің бастапқы етістікке тән мағынасынан қол үзбейді, яғни Қимыл есім етістік мағынасын сақтай отырып, әр түрлі қимылдық қатынастарды білдіреді. Мұндай қимылдық қатынастарды білдіруі қимыл есімнің тұлғалық жағынан түрленуіне байланысты. Қимыл есімдер септелуге байланысты толықтауыш, бастауыш, пысықтауыш қызметтерін, кейде өзінің бастапқы қалпында тұрып, баяндауыш қызметін де атқара алады. Мысалы: сөйлеуді ұнатады, бояу өң береді, айтуға келді, мақсат-өнімді арттыру, тұрмысты жақсарту. Қимыл-есімдер керек, қажет тәрізді модальдық сөздермен тіркескенде, предикаттанып, баяндауыш қызметін өтей алады. Предикаттану, көбінесе қимыл-есімнің тәуелденіп, оның белгілі бір жаққа тән екендігінен байқалады. Мұндай синтаксистік құрылымда қимыл иесі ілік септігінде тұрады. Мысалы: Менің баруым керек. Сенің баруың керек. Оның баруы керек. Қимыл есімнің модальдық сөздермен тіркесуінен туындаған предикаттану оның сөйлемдегі синтаксистік қызметіне тікелей байланысты. Қимыл-есімнің керек, қажет, тиіс сөздерімен тіркескен түрі міндеттілік мәнді білдіріп, жақсыз сөйлемдер құрауға түрткі болады. Мысалы, Біздің жиналысқа баруымыз керек. Сіздің осында келуіңіз қажет. Қимыл есімдер тиіс модальдық сөзімен тіркескенде предикаттанып, баяндауыш қызметін атқара алады. Мұндай жағдайда қимыл иесі атау септігінде тұрады да, қимыл-есім көбіне барыс септік жалғауын қабылдайды. Мысалы: Біз келуге тиіспіз (тиістіміз). Сіз келуге тиіссіз (тиістісіз). Ол келуге тиіс (тиісті). Қимыл есімдерге - лық, - лік әсіресе - шы, - ші жұрнақтары жалғану арқылы туынды зат есімдер жасалады. Мұндай жағдайда қимыл-есім туынды түбірге негіз болады. Мысалы: жазушы, сатушы, оқушы, оқулық, жалғаулық т.б. Сонымен, Қимыл есімдер тиісті тұлғада түрленуіне қарай, белгілі сөздермен тіркесуіне орай сөйлемде дербес мүше де бола алады, күрделі мүшенің құрамына да ене алады[2.].

Қимыл есімдерінің кейбір түрлері қолданылу процесінде субстантивтер мен адъективтерге айналып кетті, біразы вербализацияға ұшырады. Вербализацияға ұшырағандар біздің бүгінгі тілімізде есімше деп ұғынылатын топтар -галы тәрізді бірен-саран тұлғалар ғана көсемшеге айналды. Ал субстантив пен *турур* (тур етістігінің есімше тұлғасы) етістігінің тіркесі жаңа дәуірде осы процеске ұшыраса, жатыс жалғаулы қимыл есімдерінің вербализациясы біздің заманымызда қалыптасқан құбылыс: *жеңудеміз, жетуде-міз*, т. б.

Қимыл есімдерінің семантикалық жіктелісі әрбір тұлғаның бір мәнде тұрақталып, басқа мән-мәнерден ажырау жолымен жүрген. Бұл процестің сыпаты жеке тілдерде бірыңғай болмаған. Сондықтан да рай түрлерінің жеке тілдерде қолданыс мәні мен қызметі де бірдей бола бермейді. Айталық, *-асы* тұлғасы қазақ тілінде тек қана қимыл есімі, ал якут тілінде рай жасайды, азербайжан тілінде істі істеуге ниеттілікті білдірудің тәсілі болып қолданылады. Тілдің даму

барысында қимыл мен күйдің атауы болған қимыл есімдерінен қосымшасыз түбір тұлғалы етістіктер ІІ жақ бұйрық мәнін беретін семантикалық топ болып жіктеліп шықты. Мұның нәтижесінде тіл құрамында атау тұлғасына негізделген есімдер мен ІІ жақ бұйрық рай тұлғасына негізделген етістіктер жүйелері сараланды, ал етістіктің өз ішінде бұйрық рай мен ашық рай жүйесі жіктелді. Кейінгі даму барысында ІІ жақ бұйрық рай тұлғасы, яғни, қосымшасыз тұлға басқа рай түрлеріне негіз болды[3.].

Қимыл есімдерінің ашық райлы етістік ретінде біржолата қалыптасуына екі түрлі құбылыс себеп болды. Ол, біріншіден, сөз қолданудың қатаң орын тәртібі немесе сөздердің позициялық қолданыс заңдылығы. Тілдің әлі балаң дәуірінде тіркестер есімдер негізінде құралды да, компоненттерінің арасындағы қатынас сыпаты сөздердің орналасуы, орын тәртібі және айтылу интонациясы арқылы айқындалды. Қимыл есімдері зат, сын атауларымен салыстырғанда семантикалық жағынан предикативтілікті білдіруге әлдеқайда бейім болды. Ондай сөздердің семантикалық осы айрықшылығы сөйлем соңында тұрақты қолданылу арқылы предикатив қызметінде бекінуіне себеп болды. Сөйтіп бұл жерде сөздің семантикасы мен оның қолданыс орны тұтасып келіп вербализацияға негіз болды. Қимыл есімдерін предикативтілікте тұрақтандырған екінші құбылыс — оларға жіктеу есімдіктерінің тіркесуі. Сөйлемнің жақтық мәні оның соңында айтылған жіктеу есімдіктері арқылы белгіленген. Предикатив қызметіндегі қимыл есімінің грамматикалық көрсеткіші қызметінде айтылған жіктеу есімдіктері айтылу интонациясының әсерімен тұлғалық өзгерістерге түсіп, қимыл есім құрамына еніп, жақ пен санды білдіретін тәсіл болып қалыптасты. Сөйтіп бұл процесс қимыл есімін қимыл мен әрекет мәнінің белгілі бір уақыт пен жаққа қатысын білдіретін сөздердің грамматикалық класына айналдырды, екінші сөзбен, ашық райлы етістік немесе етістіктің жіктелетін тобы қалыптасты[4.].

Тілдің даму барысында есім мен етістіктің ара жігін ашып, таза етістік қасиетін молайта түсетін жаңа категориялар қалыптасты, болымды-болымсыздық категориясы, сабақтылық пен салттық мәнінің грамматикалық тәсілдер арқылы жіктелуі, қимыл-әрекеттің объектілік және субъектілік қатынасы, таза етістік жасайтын аффикстер тобы, т. б. категориялар жіктеліп, жүйеге айналды. Сонымен қатар, қимыл есімдері де предикатив қызметінде тұрақты да актив қолданылумен қатар, есім мәнін де жойған жоқ. Қазіргі тілдегі есімшелердің басым кешілігі есімдерше түрленеді, сонымен бірге предикатив қызметін атқарады, етістіктерге тән тұлғалар бойынша өзгереді. Оған орай есімшелердің синтаксистік қызметі де көп түрлі: есімдерге тән қызметте де, етістіктерге тән қызметтерде де қолданыла алады.

Деривация (лат. *derivatio* - жасалу) – бастапқы тіл бірліктерінің негізінде басқа тіл бірліктерін (дериваттарды) жасау процесі. Дериваттар аффикстер дін көмегімен түбірді «кеңейту» немесе сөздерді біріктіру, тіркестіру арқылы жасалады. Соған байланысты деривация кейде сөз тудыру, сөзжасам ретінде қаралады. Неғұрлым кеңірек көзқарас бойынша, деривация сөз түрлендіру мен сөзжасам терминдерінің жинақты атауы немесе тілдегі екінші белгіні (түбірді, сондай-ақ сөйлемдерді де) жасаушы процесс атауы ретінде түсіндіріледі. Деривация процесінде бастапқы тіл бірліктерінің құрылымы мен семантикасында өзгеріс туып отырады.

Деривация ұғымын ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында Е.Курилович енгізген. Оның лексикалық және синтаксистік деривацияларды: лексикалық деривация бастапқы тіл бірлігінің лексикалық мағынасының жаңаруына (*мал–малшы*), ал синтаксистік деривация – оның тек синтаксистік қызметінің жаңаруына (*мал –малдың, малды*) бағытталған. Кейін бұл бағыттар сөздердің үлкен топтарына байланысты қолданылатын болды. Деривация процесі тіл бірліктерінің екінші рет жаңаруымен аяқталмайды, онда сонымен бірге ерекше деривациялық қатынастар пайда болады. Тілдегі негізгі мағыналы бөлшек - сөз екені аян. Тілдік механизмде сөз негізгі әрі маңызды бірлік болып табылады. Грамматикалық тұлғалардың мағынасының ашылуы да сөзге тікелей тәуелді. Оны жеке дара бөліп алып қарастыруға болмайды. Кез-келген грамматикалық тұлға тек сөзге жалғанғанда ғана «жанданады», сөзбен бірігіп барып, сөз күдіретін, қасиетін таныта алады. Грамматикалық бірлікті сөзден бөліп қарастыру ешқандай нәтиже бермес еді. Ол сөзге жалғанып барып, лексикалық бірліктің мағынасын өзгерте, түрлендіре алады, сөйтіп өзінің де негізгі мағынасын ашады.

Кез келген тілдік құбылысты семантикалық деңгейде зерттеудің бір артықшылығы оның мүмкінділігін айқын әрі толық көрсетіп, сол бірліктің мағыналық және мазмұндық қасиетін, басқа бірліктермен байланысын, белгісін, синонимдік не омонимдік қатарын т.б. ажыратып айқын

көрсетеді. Сондықтан да, қазіргі таңда тіл білімінде семантикалық теорияның актуальдылығын көптеген тілші ғалымдар айқын көрсетіп отыр[5].

Сөз болып отырған қимыл есімі жөнінде де осыны айтуға болады. Грамматикалық тұлға ретінде, жеке тұрғанда -у-дың ешқандай мағынасы жоқ. Оның негізгі мағынасы мен мәні сөзге байланысты.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі етістіктері рай категорияның ішінде «тұйық рай» деп танылып келген – у жұрнақты тұлғаны рай категориялары қатарында емес, қазақ тілі грамматикасының мектептерге қазақ тілі сабағына арналған оқу бағдарламаларында өз алдына «қимыл есімдері» деген жеке тақырыппен беріліп және осы тақырыптың ішінде ол тұлғаның өзіндік белгілері / септелуі, тәуелденуі, көптік жалғауын қабылдауы, сөздер тіркесіндегі мағыналары, олардың туынды тұлғалары т.б. / жинақталып, түгел қамтылса, қазақ тілін оқыту жүйесінде болсын, ғылыми жұмыста болсын өте ұтымды болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. Алматы, 1982.
2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы, 1989.
3. Ахметжанова З.К. Функционально – семантические поля русского и казахского языков. Алматы, «Наука», 1989, 106 с.
4. Жакупов Ж.А. Сложные синтаксические единства в современном казахском языке. Автореф. Дисс. Канд. Филолг. Наук, Алма – Ата, 1990, 22 с.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология.- А., 1991.

ӘОЖ 82.051.20

ҚАЗАҚ ЖАҢЫЛТПАШТАРЫНЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ БАСҚА ДА ҮЛГІЛЕРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

ТАНЕКЕЙ ҚАРАҚАТ АРДАҚҚЫЗЫ

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ИГИЛИКОВА ЭЛЬМИРА САУЫТБЕКҚЫЗЫ

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы. Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается связь казахских заблуждений с другими образцами устной литературы: пословицами и поговорками, загадками и заблуждениями, перечислениями.

Summary. The article examines the connection of Kazakh misconceptions with other examples of oral literature: proverbs and sayings, riddles and misconceptions, enumerations.

Қазір әлемдік аралас-құралас күшейіп, жаһандану үрдісі қарқын алған сайын дүние жүзі халықтары өздерінің ұлттық төлтумалығын сақтап қалуға, отаншылдық сезімдерін шындай түсуге айрықша көңіл бөлуде. Әсіресе, білім беру жүйесінде халықтық педагогика атауы ұғым ретінде ғана емес, білім беру мен тәрбиенің өзекті ұстанымына айналуда.

Қазақтың жазу мәдениетінде Қорқыт атаның тәрбиелік мәні зор жырлары мен мақал-мәтелдері, Әл Фарабидің ұлттық мәдениет пен ғылым, білім, поэзия, музыка жөніндегі тұжырымдары, Ахмет Яссауидың діни тәрбиенің мәні туралы ойлары, Жүсіп Баласағұнның кемелді болу жолдарын көрсетуі, Мұхаммед Хайдар Дулатидың ұлы тәлімгерлік ойлары, Абайдың өсиеттері, Ыбырайдың педагогикалық ойлары, Шоқанның ел мәдениетін арттыру үшін істеген әрекеттері, Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық білім беру жүйесі, Мағжан Жұмабаевтың қазақ педагогикасын түзеуі, Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ психологиясы ғылымын зерлей бастауы, кейінгі ғалымдардың қазақ этнопедагогикасын ғылым ретінде қалыптастырып, пән ретінде оқытуға ұсынуы халық педагогикасының дамып, қалыптасу жолдарын көрсетеді.

Халықтық педагогика – халқымызда ертеден жинақталған игі істердің зерделі ұрпақтың болашағына дұрыс жөн сілтеп, нақты бағыт беріп, олардың зиялылар санатына қосылып, әдемі отау тігіп, баянды бақыт құруына септігін тигізетін ежелгі үлгі, қанатты да қадірменді сөз, байырғы қасиетті де киелі дәстүр.

Қазақ халқының өте әрідегі ата – бабаларының өмір сүрген кезінен (Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика. «Халықтық педагогика, – делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында – тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, жанұя тәрбиесінің тәжірибелері т.б. жатады. Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан ұрпаққа қалдыру» [1, Б:88-89.].

Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиені жас буын жадына біртіндеп сіңіретін арнаулы жолдар, тиісті тәсілдері де бар. Мәселен:

1) Мақал-мәтелдер – адамгершілік, имандылық, еңбек тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарды насихаттайды. «Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ», «Өнер алды - қызыл тіл», «Ақыл көкке жеткізеді, өнер көпке жеткізеді», «Өнерлігің қолы алтын» т.б. мақал-мәтелдері мен қанатты сөздерінен әсемдік пен сұлулықты, шешендік пен шеберлікті, ақылдылық пен даналықты қадірлеген халық даналығын танимыз. Мақал-мәтел – ата-ананың, көпті көрген көненің, қоғамның ойлы, білімді, ақылды адамдардың балаға, жасқа айтар тәжірибесі мен ақыл-кеңесі, өсиет насихаты;

2) Жұмбақтар мен айтыс термелер, жаңылтпаштар, шешендік сөздер – ақыл-ой тәрбиені көрсетеді. Мысалы, жаңылтпаштар тіл ұстарту, сөздің дыбыстылығын дұрыс, тез айта білуге жаттықтыру, сөздің мағынасын түсіне білу мақсатымен пайдаланады. Көбінесе жаңылтпаштар баланың дүниетану қабілетін дамыту, тапқырлыққа баулу үшін үйретіледі. Бала жаңылтпашты тындап қана қоймай, оны қайталайды, сол арқылы тілі дамиды, жаңа сөздермен танысып, дүниетанымын кеңейтеді, есте сақтау қабілеті мен тілін жаттықтырады. Өйткені жаңылтпаш қарапайым ұқсас сөздердің жиынтығы ғана емес, ол – көркем сөзбен кестеленген тәрбиелік, тағылымдық мәні ерекше шағын поэтикалық шығарма [2, 136.].

Жаңылтпашта терең философиялық ой жатады. Дыбыстық ұқсастық пен әуезділікке көмкерілген сөздердің астарында терең мағынаның жатқандығын аңғарған абзал. Балаға жаңылтпашты айтқызу барысында өлең астарында жатқан мағынаға үңіліп, оны анықтай білу қажет.

Қара бүркіт томағасын түсірді,
Оны мен томағаламай,
Кім томағалайды?

Бұл жаңылтпаш болумен қатар ата-баба дәстүрін насихаттап, салт-дәстүрдің ерекшелігін ұқтырады.

Жаңылтпаш – көркем поэтикалық туынды болғандықтан баланың ойы мен қиялын ұштаумен қатар оған эстетикалық тәрбие беріп, көркем сөз табиғатына үйретеді әрі баулиды, тілін дамытады.

Жаңылтпаштың басқа жанрлармен байланысын зерттеу, оның қалыптасуы, даму жолдары, көркемдік ерекшеліктері жайлы ғылыми еңбектер жазу әдебиеттану ғылымына қосылған нәтижелі іс деп білеміз. Жаңылтпаштар фольклордың басқа жанрларымен де тығыз байланысты. Халықтық шығармаларды басқа жанрларымен салыстырудың өзгешеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Басқа жанрлармен байланысты зерттеу арқылы жаңылтпаштардың тарихи шығу жолын, даму және өзгеру жолдарын байқаймыз. Кейбір шешендік сөздер мен қанатты сөздердің және ертегілер мен мақал-мәтелдердің төркіні осы жаңылтпаштармен де ұштасып, жалғасып жататынын көруге болады. Жаңылтпаштардың басым көпшілігі халық өлеңдерімен байланысты айтылады. Тіпті аллегориялық сипатта айтылатын халық өлеңдері көбіне жаңылтпаштарға жақын болады. Әсіресе, қазақ халқының айтыс өлеңдерінде жаңылтпашпен айтылатындары өте көп.

Мақал-мәтелдердің жаңылтпаштардан айырмашылығы өміршеңдігі – тілінің көркемдігі мен мазмұнының тереңдігінде, аз сөз бен көп мағына беретіндігінде, еске сақтауға оңай болатындығында. Сондықтан да халық – Сөздің көркі – мақал, «Мақал – сөздің мәйегі» деп бағалаған. Мақал-мәтелде көбінесе ортақ ой, анықталған қағидалар айтылады, формасы жағынан тілге жеңіл, ырғақ, ұйқасқа құрылады. Ал жұмбақ – халық шығармаларының ішіндегі ең көнесі және барлық елдің фольклорында кездеседі. Жалпы жұмбақты – сөз образының кілті ретінде тануға болады. Жұмбақ негізінен балаларға арналған жанр болып табылады. Жаңылтпаш – астарлы сөз, әсем жыр. Жаңылтпашта қарапайым халықтық тіл өрнектеледі. Олай болатын себебі

– белгілі бір құбылыс, зат жаңылтпашталғанда, оның сипатын, кескін-кейпін, мейлінше түсінікті тілмен беру көзделеді. Жаңылтпаш – бала тілін дамыту құралы. Жаңылтпаш ықшамдылық талабына мейлінше бұлтартпастай жауап береді. Мінсіз жаңылтпаш – мінсіз суреткерлік жемісі әрі оның дарындылық белгісі. Бұдан шығатын қорытынды, жаңылтпаш қай жанрға болса да ортақ, ағайындас есепті, солардың бәрімен де қатар дамып, халық ойының данышпандық асыл қазыналарын өз бойына жинаған мұра. Міне, осындай қазақ фольклорының күллі мәселелеріне арналған еңбектерде де әр қырынан қарастырылса да, әлі күнге дейін біртұтас құрылымы сараланған жоқ. Сондықтан қазақ халқының бай фольклорлық мұрасын зерттеу фольклортану ғылымындағы кезек күттірмес мәселенің бірі болып табылмақ.

Жаңылтпаш – қазақтың ұлттық құндылығына да, ауыз әдебиетінің құндылығына да тән мұра. Жаңылтпаштар балалардың тілін дамыту және оларды жан-жақты тәрбиелеу қажетінен туып, бала тәрбиесі үшін қызмет еткен. Жаңылтпаштардың ықпалы, тәрбиелік күші жағынан жасөспірімдерді тәрбиелеудің ең маңызды белесіне айналды. Жаңылтпашты зерттеуші ғалымдардың ой-пікірлеріне, ғылыми тұжырымдарына қарағанда жаңылтпаш та жұмбақ, мақал-мәтел сияқты фольклордың шағын жанрына жатады. Жаңылтпаш сөздер мен дыбыстарды қиындата қайталау, айтқанда тілді мүдіртіп тұтықтандыратын сөйлемді немесе сөйлемнің бөлігін шапшаң, жиі қайталау арқылы тіл ширатуға, тіл ұстартуға лайықталады. Жаңылтпаш жанрының дәстүрлі тәлімдік-тәрбиелік мектебіне айналу мәнісі, әрине, оның танымдық қуаты мен тәрбиелік маңызынан, көркем бояулы эстетикалық күшінен, ойлы-сезімді тереңдігімен айқындалады деп түсінеміз. Сонымен қатар, дүние сырларын танытып, білім берерлік, білік-дағды қалыптастырарлық ерекшелігі де бар. Жаңылтпаш ана тілінің бай қорын, мол мұрасын бала жастан игеруге, жатық сөйлеп, тіл саздылығын тануға көмектеседі, көркем сөзді қастерлеуге тәрбиелейді. Бала танымын кеңейтумен қатар, тілін ұстартып дұрыс сөйлеуге үйретуде жаңылтпаштың орны ерекше. «Жаңылтпаш – ауыз әдебиетінің балалардың тілін жаттықтыру мақсатындағы жанры. Бала тілінің жетігіп-жетілуіне, оралымды, анық сөйлеуіне, ана тілінің үн сұлулығын мінсіз меңгеруіне, шебер сөз саптауына баулиды», – деген анықтама берілген [3,134б.].

Ал, жұмбақ – бейнелігімен, қысқалығымен, ойнақылығымен ерекшеленетін белгілі бір поэтикалық пішінге негізделген асыл мұра. «Жұмбақ өзге фольклорға қарағанда бітімі бөлек, ерекше затты деректі сөз. Сол деректілікті сүйетіндіктен жұмбақ әр заттың жағдай, бөлім-бөлшектеріне көбірек көз салады. Сонда және халық өзіне керекті жақындығы бар заттарды көбірек жұмбақ етеді», – дейді М.Әуезов [4.163б.]. Жұмбақ әдемі ұйқасы, құрылысы жағынан аз сөзбен көп нәрсені қамтитындығы жөнінен балаға көп эстетикалық әсер береді. Жұмбақ – көркем поэтикалық туынды болғандықтан, ол баланың ой-өрісі мен арман-қиялын шындаумен қатар, оған эстетикалық тәрбие беріп, көркем сөз табиғатына үйретеді. Бұл орайда жұмбақтың ерекшелігіне байланысты айтқан ғалым Ш.Керімнің ғылыми тұжырымына сүйенеміз: «Жұмбақ көне дәуірлерде дүниеге келген. Ғалымдар оның тегін тыйым сөздер – табумен байланыстыра қарайды. Ол адамды табиғат құбылыстарын түсініп болмаған, айналасындағы қас күштердің қастандығынан қауіптеніп, оларды алдау керек, сондықтан астарлап сөйлеу керек деп иланған уақытта шыққан. Қазақ жұмбағының алғашқы пайда болғаннан бүгінге дейін басып өткен эволюциялық даму жолын қалпына келтіру үшін этнографиялық мағлұматтарға, басқа жұрттардың мәліметтеріне арқа сүйеу абзал. Ескі кезеңдерде магиялық қызметі басым болса, қазақтың көшпелі қоғамында эстетикалық-сауықтық жүкті арқалаған. Қазіргі уақытта жасөспірімдердің сүйспеншілігіне бөленіп, тәлімгерлік міндетті көтеруде». Сөйтіп, ұлттық дәстүрлі бояулардан ажырамаған байырғы жанрлық жүйелер үлгілерін жоғалтпаған фольклордың өміршең болмысы бүгінгі және болашақтағы ұрпақтарды өзіне табындыра береді. Осылайша қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерінің барысында баланың ой-санасы да, интеллектісі де, дүниетанымы да, логикасы да ұштала, жетіле түседі. Жұмбақ пен жаңылтпаштың астарында жатқан ойды аңғарып, ой қорытындысын жасау алғашқы кезде балаларға қиынырақ болуы мүмкін. Бірақ үлкендердің көмегімен бала тұспалды мағынаны тануға бірте-бірте үйрене бастайды. Соның нәтижесінде кейін бала әрбір жұмбақ пен жаңылтпаштың, немесе өзге де жанрлардың байыбына барып, мазмұнына терең үңіліп, қорытынды байлам жасауға төселе бастайды. Бұл бір жағынан баланың ақыл-ойын, санасын, логикасын дамытып, екінші жағынан оған рухани, эстетикалық тәрбие береді. Ауыз әдебиеті жанрлары сияқты мақал-мәтелде халық даналық ойларын балаларға арнады. Мысалы, «Бала – бауыр еті, көздің нұры» деп босқа айтпаған. Халықтың бұл тәріздес мақалдары жас ұрпаққа арналған үгіт, ақыл-өсиет болып отырады.

Бізде «бес» ала алатындар да бар,
Ән сала алатындар да бар.
Мал баға алатындар да бар.
Нан соға алатындар да бар.
Дәмді шөпті таңдаған,
Дәмді шөпті талғаған,
Дағдысынша дуадақ
Даланы еркін шарлаған.

«Адам болар баланың кісіменен ісі бар, адам болмас баланың кісіменен несі бар» деп баланы дұрыс бағытқа жөн сілтеп, тәрбиелі болуға үгіттеп отырған. Баланы тәрбиелеудегі негізгі мақсат оны алдымен білімге, өнерге баулу, еңбек үдерісімен таныстырып, еңбек етуге үйретуді көздейді. «Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес» деп қай нәрсенің де еңбексіз қолға түспейтінін балаға ой салып, өмір танытады. Мақал-мәтелдер поэтикалық құрылымы жағынан жұмбақтарға ұқсас. Әсіресе қазақтың мақалдары мен мәтелдерінің көбі өлең сөзден құралған десек, артық айтқандық емес. Жалпы мақал-мәтелдер дүниетану жолында баланы ойға, қиялға шомдыратын, іске, әрекетке баулитын жанр. Егер қазақ балалар фольклорының бай мазмұнды, поэтикалық өрнегі тұрғысынан қарасақ, мақал-мәтелдердің ішкі құрылымы, өзіндік ерекшеліктері сан-салалы, біз оның балалар әдебиетіндегі бір қырына ғана тоқталдық. Бала тәрбиесіндегі санамақтар да үлкен орын алады. Санамақтар туралы Ә.Табылдиев былай дейді: «Санамақтарды халық, негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі сан үйретеді, әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп, оның үстіне жаңадан қосыла береді». Санамақтар баланы әдемі сөйлеуге дағдыландырса, жаттау қабілеттерін, танымдық ой-өрісін дамытады. Санамақ тәртібін бұзбай айту балаларды аңғарымпаздық қасиетке баулиды. Санамақ балалардан белсенділік пен алғырлықты талап ететін жанр. Өйткені санамақ қарапайым сандар мен сөздердің жиынтығы ғана емес, ол – көркем сөзбен кестеленген тәрбиелік, тағылымдық мәні бар шағын поэтикалық шығарма. Санамақтар көп ретте реттік сандармен басталады.

Бір дегенім – бесік,
Екі дегенім – есік,
Үш дегенім – үміт,
Төрт дегенім – мүлік....,

Елге қорған болған! – дегенде атау ұйқастырып санау арқылы бала әрі сан үйренеді, оның үстіне санға аты ұйқасқан заттарды танып біледі. Екіншіден, саусақ ойыны баланы сан үйренуге ынтықтырады.

Бір дегенің – білеу,
Екі дегенің – егеу,
Үш дегенің – үскі,
Төрт дегенің – төсек....,

Санамақтардың түпкі негізі осылай халықтық педагогикамен байланысып жатады. Санамақтардың да өзіндік туу заңдылықтары бар. Олар бала өмірінің қажетін өтеу үшін туады да, баланың әр кездегі жас мөлшеріне, психологиясына лайықталып айтылады. Жоғарыда алынған үзінділердегі санамақ бала санасына сіңіп, оның ұғымын, түсінігін де кеңейтеді. Санамақ жыры балаға сан үйретуден басталады. Мұнда сандар жеке айтылмай, кейде атауы ұқсас екінші бір затпен қосақталып, («Бір дегенім – білеу, Екі дегенім - егеу» деген сияқы), кейде сан тәуелдік және атау түрінде өзара тіркесіп «Бірім-білім, екім-екі, үшім-үш» түрінде қайталанды. Мұның бәрі жас баланың санды тез жаттап алуына қолайлы болуын көздейді. Бала ұғымын, түсінігін кеңейтуде, оның тілін, ойын дамытуда, оларды үлгілі істерге тәрбиелеуде санамақтар да маңызды рөл атқарады. Санамақтар құпиясы баланы әрқашан қызықтырып, ілгері жетейді. Сол негізде санауға үйретеді. Мұндай санамақтар бала ойын ұштайды. Ақын Әбдіраштың Жарасқаны санамақтарында балалардың іс-әрекетінен туатын оқиғаға құрап отырып, бала ұғымын өсіру мен тілін дамытуды тереңдете түседі.

Қиын пәннен сұралып,
Қалады Қанат «бір» алып,
..... «Озатымыз» қашанғы –
Орақ болса «бес» алды.

Жауап таппай қиналып,
Жасыма сен осалдық.
Барлығымыз жиналып, –
Айтып берші, неше алдық?

Автор бала психологиясын жақсы біледі. Санамақтарында ақын оның бала тәрбиесіне қажетті сәттерін тап басып, тапқырлықпен суреттейді. Балаларға арналған мұндай санамақтарды тек ауыз әдебиетінен ғана емес, жазба әдебиетінен көптеп кездестіреміз. Сондықтан балаларға лайықталған ауыз әдебиетінің түрлері олардың ой-өрісінің кеңеюіне, бірте-бірте заттар мен құбылыстарды тануына, тіл ұстартуына өлшеусіз әсер етеді [5,51б.].

Жаңылтпаштар кейде басқа жанрлармен бірге келетіндігі бар (мысалы, ертегі эпикалық шығармалардың ішінде, жоғарыда айтылған мақал-мәтел, жұмбақ, санамақтармен де астасып жатады) бұл тұрғыдан алғанда поэтикалық образды түзуде негізгі бейне қатары, көркем бояу беріп тұратын рөлді атқарады. Жаңылтпаштарды халықтық шығармалардың басқа жанрларымен салыстыру оның өзгешеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Басқа жанрлармен байланысты зерттеу арқылы жаңылтпаштардың тарихи шығу жолын, өсуін және өзгеріс жолдарын байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұзақбаева С. Қазақ халық шығармашылығының балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие берудегі мүмкіндіктері. – Алматы. 2014. 84-89 б.
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 2015. – 220 б.
3. Дәуітұлы Т. Жаңылтпаш – тәрбие құралы // Ұлағат . – 2019. – Б. 130-136.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 2011. – 240 б.
5. Мухина В. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. – Алматы: Мектеп, 2016. – 231 б.

ӨОЖ 82.563.45

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ М.МАҒАУИННИҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

ЕСЕНОВА ДАРИҒА ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ИГИЛИКОВА ЭЛЬМИРА САУЫТБЕКҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы. Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно проанализированы научные труды М. Магауина по изучению истории казахской литературы.

Summary. The article analyzes in detail the scientific works of M. Magauin on the study of the history of Kazakh literature.

Қаламгер М.Мағауин үлкен ізденіс нәтижесінде хандық дәуір әдебиетін зерттей отырып, дәйекті деректер келтіріп, қазақ әдебиетін қай дәуірден бастауын бір жолата өз арнасына қойды. Қай халықтың болмасын әдебиетінің пайда болуы және қалыптасуы өте күрделі құбылыс. Қазақ әдебиеті де өзінің бүгінгі биігіне, қазіргі өрісіне бір күнде жете салған жоқ. Талай асу-қиялардан, талай бел-белестерден өтті. Әлденеше жүз жылдар бойы сан қилы тарихи оқиғалардың сәулесін бойына сіңіріп, өткен күн, озған дәурен, көне заманның шежіресі болды. Қаламгер «Алдаспан» антологиясында: «Қазақ әдебиетінің түп негізі қадым ғасырлар – түрік қағанттары дәуіріне тіреледі. Заманына сай біршама мәдениеті болған, сөз өнерін ерекше қастерлеген, төл жазуы болған ата-бабаларымыз VII-VIII ғасырдың өзінде мәңгі өлмес мұралар жасады. Ғылымда «Орхон-Енесей жазулары» деп аталатын, түрік тайпаларының байырғы қоныс, мекендерінен табылған бұл ескерткіштер қазіргі адамзат мәдениетінің даму тарихындағы ең елеулі жәдігерліктердің бірі деп саналып отыр. Әйткенмен де қадым заманда – түріктер, татарлар, қазақтар, қырғыздар, түркмендер, әзірбайжандар, өзбектер, қарақалпақтар өз алдарына отау көтеріп, жеке халықтарға айналмай, аралас-құралас жүрген кезде жасалған ескерткіштер тегіс осы түрік тектес халықтардың бәріне ортақ мұралар болып

саналады. Қазақ әдебиетінің түп тамыры сонау VII-VIII ғасырлардан басталады дегенде осы жағын да естен шығармауымыз қажет» - деп ой тастайды [1, б б.]. Осындай тұжырымдар жасай келіп М.Мағауин қазақ әдебиетінің тарихи даму белесін XV ғасырдың орта шеңінен бастады. «Қобыз сарыны» кітабында: «Бұған себепкер болған жай – 1456 жылы Шу бойында қазақ халқының аренаға шығуы», – дейді [2, 136.]. Бұдан көретініміз халық тағдыры мен әдебиет тағдыры ортақ, олар тікелей тарихи байланыста және оларды бөле қарауға келмейтініне көзіміз жетеді. Әдебиет – халық тарихының көркемдік көрінісі. Осыған сәйкес қаламгердің «әдебиетіміздің тарихын әріден, яғни XV ғасырдан қазақтың халық болып қалыптасқан дәуірінен бастаймыз» деген концепциясын дұрыс тұжырым деп білеміз. Соның нәтижесінде ұлттық әдебиетіміздің тарихы хронологиялық тұрғыдан алғанда ежелгі дәуірдегі әдебиет, XV-XVIII ғасырдағы әдебиет, XIX ғасырдағы әдебиет, XX ғасыр басындағы әдебиет, қазіргі қазақ әдебиеті деген дәуірлерге жүйеленді.

XVIII ғасырдың аяғында Қазақстан жерінің біршама бөлігі Россия құрамына енеді, ал XIX ғасырдың 60-жылдарында қазақ даласы тұтасымен жауланып империяның құқығы кем, бас билігі жоқ езілген отарына айналады. Қазақ жұртының мың жарым жылдық ұзақ тарихындағы ең ауыр кезең басталады. Бірақ рухани өмір толастамайды. Отарлық дәуірге, зар заманға орай ел мұнын мұндаған, күреске шақырған, жарыққа жол іздеген жаңа әдебиет қалыптасады. Сонымен қатар, халық тәуелсіз заманындағы көркем сөз үлгілерін аялап сақтап, келер ұрпаққа мұрат етіп жеткізеді.

Кейінгі ұрпақ әулие танып, аңыз кейіпкеріне айналдырған, ал Шоқан Уәлиханов «көшпенділер философы» атаған Асан қайғы өз заманының ойшылы еді. Ол көптеген нақыл сөздердің, афористік, философиялық толғаулардың авторы. Керей, Жәнібек хандардың ақылшы биі болған Асан қазақ руларының орда көтеруін жақтайды, қазақтар Шу, Сарысу бойына орналасқан соң ел іргесі берік ағайын ұжымы күшті болуын үндейді. Өз өлең толғауларында хандық үкіметті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажетін насихаттайды. Жәнібек ханды табысқа мастанбауға, елдің түбегейлі болашағын ойлауға шақырады. Феодалдық қоғамдағы әдет-ғұрып, мінез-құлық мәселелерін көтереді. Өзінің ақындық күшін туыстас руларды бір орталықты, қуатты мемлекет етіп ұйыстыру жолына арнайды. Біздің заманымызға жеткен толғауларынан Асанның қилы кезең табиғатын жыға танығаны, тіпті Алтын Орданың орнына пайда болған хандықтарының бәрінің құрып бітетіне дейін болжай алғаны көрінеді.

Көне дәуірдегі қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілі – Шалкиіз жырау шамамен (1465-1560). Өзінің ұзақ өмірінде Дешті-Қыпшақтың төрт бұрышын түгел торлаған заманның бірінші ақыны танылып, үлкен даңққа бөленген жырау бүкіл өмірін күрес үстінде өткізді. Өз тұсындағы әміршілердің ешқайсысының да шашбауын көтермейді, турашылдығын танбайды. Жырау туындылары көңіл пернесін деп басар әсерлілігімен, көздегенін орып түсер өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу сазды көркемділігі, асау серпінді қуатымен ерекшелінеді. Жыраудың ғасырлар көгінен өтіп, біздің дәуірге жеткен шағын көлемді, шымыр толғауларынан көне заман таңбасы - түз тұрғынының дүние танымы, адамдық табиғаты, мінез ерекшеліктері, моральдық, этикалық, қағидалары айқын аңғарылады. Жырау дүниеде мәңгі, тұрақты ештеңе жоқ деп біледі. Әлем бір қалыпта тұрмайды. Сол сияқты, адам да тіршілікте талай қилы кезеңдерді өткермек. Басы жұмыр пенденің бәрі өз жолын өліммен аяқтамақ. Алайда жырау өмірдің өтпелілігін табиғат заңы деп біледі, тіршілік мұраты – еркін, азат ғұмыр деп санайды. Шалкиіз ислам дінінің қағидаларын жақсы білгенімен де, ата-баба дінін жоғары тұтқан сияқты, ал алла атынан гөрі тәңірі атына көбірек ден қояды. Жыраудың пайымдауынша, адамның адамдық қасиеті оның ата тегінде, қоғамдағы орнында емес, жеке басын жақсылығы, жаманды сипатында, Досқа адал, дұшпанға айбар, ағайын-жұртқа мейірлі, туған елге қайыры тиер жігіт қана азамат атануға тиіс. Адам үшін ең қымбат нәрсе - отаны. Жырау өнернамасынан ерлік рухқа, асқақ романтикаға толы жырлар да өзекті орын алады. Жорықшы жырау ғана емес, батыр жауынгер де болған Шалкиіздің бұл тараптағы шығармаларының дені дабылды ұрыс күндерінде туғанға ұқсайды. Жырау аламандарды дұшпанын еменбеуге, қанды ұрысқа тайсалмай кіруге шақырады, ерлікке үндейді. Шалкиіздің бұл мазмұндас толғаулары қазақ жорықшы жырауларының ақындық келбетін мейлінше айқын сипаттайды. Шалкиіз қазақ поэзиясын көркемдеу тәсілдері, өлең өрнегі саласында да айрықша байытты. Негізгі қадым замандарда белгілене бастағанымен, Шалкиіз және Доспамбет

өнернамалары арқылы қалыпты жүйеге түскен жыраулық өлең мөлшері көне шығармаларында және батырлар жырында үш ғасырдан астам уақыт кеңінен қолданылды.

Қазақ халқы ерлік күреске толы күн кешкен XVII ғасырдан біздің заманымызға Жиёмбет, Марғасқа жыраулардың аттары жетті. Екеуінің де өмір жолы XVII ғасырдың алғашқы жартысында, Есімхан тұсында болған тарихи оқиғаларға тікелей қатысты. Жорық жыршысы Марғасқа жырау Есім ханның бір орталыққа күшті ұйысқан феодалдық мемлекет құру туралы идеялардың ұраншысы қызметін атқарса, ел билеуші ірі шонжарлар әулетінен шыққан Жиёмбет жырау хан үкіметіне оппозицияда болады. Бұлардың екеуі де сөз өнерін жете меңгерген арқалы жыраулар еді. Марғасқа мен Жиёмбеттің біздің заманымызға жеткен санаулы ғана толғаулары XVII ғасырдағы қазақ поэзиясының сын-сыпаты, даму бағдары ежелгі арна, байырғы дәстүр ауқымында болғандығын танытады.

XVIII ғасырда әдеби өмір жандана түседі. Ғасырдың алғашқы ширегінде топандай басқан жоңғар шапқыншылығы және ақтабан-шұбарынды, алмағайып кезең, қырғын соғыстар мен жеңісті жорықтар, саяси және қоғамдық өмірдегі өзгерістер бұл кездегі қазақ поэзиясының идеялық бағыт-бағдарына, тақырып аясына ықпал етті. Ел өміріндегі елеулі оқиғалардың барлығы да ақын-жыраулар өнернамасында өзінің көркемдік шешімін табады. Жоңғар басқыншылығына қарсы күрес сарыны әсіресе Ақтамберді жырау (1675-1768) шығармаларынан айқын көрінеді. Ақтамберді өз толғауларында жау қолында қалған жерлерді азат етер күнді аңсайды, исі қазақ болып атқа қонуды, ойраттарға күйрете соққы беруді армандайды., жұртшылықты ерлікке үндейді, жауға тайсалмай шабуға жігерлендіреді. Ақтамберді өнернамасындағы отаншылдық, патриоттық сарындар XVII- ғасырдағы қазақ поэзиясының бағыт-бағдарын, өзекті ойларын айқын танытады.

Осы кезеңде өмір сүрген тағы бір талантты жырау Үмбетей (1706-1778) мұрасындағы жетекші тақырып – сырт жауларға қарсы күресте қозға түскен ел қорғаны батырларды мадақтау. Әсіресе жыраудың Бөгембай батыр атына қатысты жырлары халық арасына кең тарады. Бұл шығармаларында Үмбетей Бөгембайдың жеке басының ерлігін, қолбасшылық қызметін, адамгершілік қасиеттерін, әсіресе патриотизмін негізге ала отырып, халық бақыты жолындағы күрескер, ел тұлғасы-азаматтық биік бейнесін жасайды. Сонымен қатар Үмбетей әр түрлі тақырыптағы тұрмыстық өлеңдерге де көңіл бөлген. Жырау қазақ аулындағы барымташылдық, зорлықшылдық, ру таласы сияқты жарамсыз мінездерді сынайды.

Үмбетейдің замандасы, жорық жыршысы болған Тәтіқара ақын өзінің 1756 жылы Қазақстан шегіне басып кірген Цин әскерлеріне қарсы күрес күндерінде туған жырларымен аты шығады. Қазақ халықының шүршіт басқыншыларына қарсы ерлік күресіне, қолына қару алып қатысқан Тәтіқараның ұрыс-соғыстар үстінде, от жалында туған патриоттық мазмұндағы жырлары өз кезінде жұртты тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдыруды игілікті қызмет атқарды.

XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең соқталы өкілі – Бұқар жырау (1668-1781). Арқалы жырау, қабырғалы би Бұқар өз тұсындағы қазақ хандығының бас идеологы болады. Ісімен де, жырымен де Абылай хан саясатын мейлінше қолдайды. Хандықтың нығаюы, хан үкіметінің берік болуы жолында күреседі. Өз шығармаларында Абылайды сырт жауларға қарсы күресте айрықша қайрат көрсеткен қайтпас батыр, ел қамын жеген көреген көсем ретінде бейнелейді. Тәуелсіздік жолындағы соғыстарда ерлігімен дараланған батырларды мадақтайды.

Бұқар өзінің таңдаулы шығармаларында қазақ қауымы үшін мәні зор әлеуметтік мәселелерді көтереді. Бұлардың ең бастысы – ел бірлігін ту ету, ішкі, сыртқы жаулардың қандайымен болса да бітіспес күреске үндеу. Бұқар Абылайға арнаған және халық атына қарата айтылған толғауларында Цин империясының түпкі саясаты-қазақ даласын жалмап жеу екендігін ашып көрсетеді. Ел шетіне енген шүршіт басқыншыларының осының алдында ғана еңбектеген жасы мен кәрісіне дейін тегіс қырып, Жоңғар мемлекетін жер бетінен қалай жойғанын мысалға келтіреді. Цин саясатшыларының алдамшы сөзіне сенбеуге тәуелсіздік үшін ақырына дейін шайқасуға шақырады. «Шүршіт келсе жарамас, –Ай-түйіңе қарамас», – дейді жырау. Сонымен қатар жырау өз шығармаларында Россиямен жауласпау, онымен тату көршілік сақтау керектігін насихаттайды. Алайда Бұқар патша өкіметінің түпкілікті мұратын – отаршылдық екенін де нақты пайымдалған болатын.

Бейнелі суретке бай, ұлттық бояуы қанық, көркемдігі кемел. Дәстүрлі жыраулық поэзияның көркемдеу тәсілдерін жете меңгерген Бұқар туындыларының өлең өлшемі өте

күрделі. Міне, осының бәрі Бұқар жырауды көне қазақ поэзиясының ең тұлғалы өкілдерінің қатарына көтереді. Бұқар өнернамасы әлденеше ғасырлық тарихы бар жыраулар поэзиясының қорытынды түйіні іспеттес болды. Бұдан былай қазақ поэзиясындағы жетекші роль ақындардың үлесіне көшеді.

XVIII ғасырдағы ақындар поэзиясының ең көрнекті өкілдері – Көтеш және Шал ақындар. Жарлы ортандан шыққан, өмір бойы жоқшылық тартып өткен Көтеш (1745-1818) өлеңдеріндегі негізгі сарын - кедейлік тақырыпты, тағдырдың әділетсіздігіне наразылық. Ал Шал ақынның (1748-1819) біздің заманымызға жеткен мұрасы тақырыптық жағынан алғанда біршама бай. Бұлар: дін, этика, мораль мәселелері, байлық пен кедейлік, о дүние мен бұ дүние жайы сөз етілетін философиялық-дидактикалық үлгідегі туындылар, көшпенділердің күнделікті өміріне, шаруашылығына қатысты тұрмыстық өлеңде, жеке адамдарға арналған эпиграммалар, арнау жырлар мен әр түрлі жағдайда туған экспромттар. Жан-жақтылығы, өмірге жақындығы, елгезектігі, жыраулар поэзиясында қамтылмаған жаңа тақырыптарға баруы Шал шығармаларының қазақ қауымының барлық саласына кеңінен тарауына ғана себеп болған жоқ, қазақ поэзиясының өрісін кеңейтті, қазақ топырағында реалисттік дәстүрдің өркен жаюына септесер алғы шарттар жасады [3, 10 б.].

Монографияда көңілді аударатын жаңа жайттардың бірі – зерттеушінің Бұқар жырау Қалқаманұлының туған жылын оның өз айтқандарына сүйене отырып, тарихи оқиғалардың негізге алып анықтағандығы. Бұл да әдебиет тарихы үшін елеулі маңызы бар мәселе, құнды анықтаудағы негізсіздікке көз жұмып қарауға болмайды. Рас, Бұқар жырау жақында біраз жазылды, ал Мұхтар Мағауин тек соларды ғана қайталап қоймаған, өз тұрғысынан келген. Атап айтқанда, Бұқар жырау өзіне дейінгі жасаған далалық көшпенді сөз зергерлерінің табиғи-тарихи жалғасы екендігіне, онда өткенмен, яғни Шалкиіз сияқты жыр алыптарының поэзиясындағы стихиялы философия мен т.б. ұстанған әдеби дәстүрмен іштей байланысқан, тереңнен жалғасып тұтасып жатқан сабақтастыққа тоқталған.

Тағы бір айта кететін жайт, М.Мағауин қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетті зерттеумен шектеліп қалмай, ұлтымыздың әдеби және рухани мұрасын кеңінен насихаттау ісімен де айналысты. Атап айтқанда, «Алдаспан» атты поэзиялық жинағын жазды. Қазақ ордасының тарихына арналған «Қазақ тарихының әліппесін» жазды.

«Алдаспан» антологиясына қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулардың өлеңдері еңгізілген. Әдебиетіміздің тынысын кеңейтіп, шеңберін ұлғайтып, жасын ұзартқан жаңа еңбектермен, жаңа көзқарасымен әдебиетке батыл келген жазушының бұл жинағы – әдебиетімізде елеулі құбылыс болады. Жұрт ризашылықпен жылы қабылдағанмен, партиялық жетекшілер, идеологиялық басшыларымыз, өз халықының дәстүрін, әдебиет пен өнердің көне үлгілерін талқандауда үлкен еңбек сіңірді. Сол кездер шәйт болған «Алдаспан» ғалымның өжеттілігі мен қайтпас қайсарлығы арқасында бірнеше рет қайтара басылып, ескі қазынамыз халқымызға қайта оралды. «Табанды күрес, аяусыз айқастың алғашқы кезеңінде Илияс аға Есенберлин және мен – Мұхтар Мағауин екеуіміздің қанымыз судай ақты дер едім? – дейді [4, 205 б.]. «Ал қазақ халық тарихының әліппесі» атты еңбегі ғылыми байыптау, дербес ұлттық мемлекеті - Қазақ ордасының тарихына арналған. Алтын орда, Ақ орда, Көк орда тарихымен жалғасып жатқан Қазақ ордасының қалай құрылғаны, ерлікке, өрлікке толы тарихына баға берілуі еді. Жазушы аталмыш еңбегінің алғы сөзінде былай деді: «Жас кездегі «Қобыз сарыны» мен «Алдаспан» жасамыс шақтағы «Аласапыран», жазу кезегінде тұрған, жүзеге аспай жатқан қаншама тарихи тундылар – сол үлкен мұраттың жекеленген көріністері ғана» [5, 3 б.].

Шындығында, осының бәрінің самғап шығып, сануалы қалыпта бүгінгі жұртшылық алдына тартылуы нәтижесінде Қазақ ордасы заманындағы Ата мұра өзінің қалыпты аясын тапты. Қазақ рухы, қазақ мәдениеті, қазақ әдебиеті өзінің ұлттық, мемлекеттік дәуірі – XV-XVIII ғасырдағы шынайы кейіпшімен тарихқа енді. Ғалым өзінің зерттеуі жөнінде былай дейді! «Қазақ хандығы дәуірінде жасалған мол мұраның шағын бөлігі ғана біздің заманымызға жетті. Алайда, қолда бар үлгілердің өзі халқымыздың сөз өнері биік деңгейде болғандығын көрсетеді. Хандық дәурдегі әдебиет төрт ғасыр бойы сан қилы тарихи оқиғалардың сәулесін бойына сіңіріп, өзіндік үн, өзгеше баяу-нақыш, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Қашанда ел өміріндегі күрделі оқиғаларға үн қосып, заманының көкейкесті мәселелерін көтеріп отырды, өткен күн, озған дәурен, көне тіршілік шежіресі болды. Үнемі халық жағынан табылып, елдің

бүгінгі ғана емес, болашағы үшін де аса мәнді идеялардың ұраншысы қызметін атқарды. Еркіндік, егемендік кезеңдеріндегі қазақ әдебиетінің үлгілі дәрісі, үлкен тағылымы да осында [6, 174 б.].

Сонымен қорыта айтатын болсақ, бұл құнды зерттеу жұмысы «Қобыз сарыны», «Алдаспан» кітаптарының ғана емес, Мұхтар Мағауиннің де бүкіл ғұмыр тағдыры шешілген еді. М.Мағауин деген пенденің бар игілігінің басы еді. Мұхтар Мағауинсіз қазіргі қазақ руханиятының аспаны әлде қайда көмескі көрінер еді. Асқақ талабына асқан таланты, биік мақсатына берік табандылығы, көл-көсір біліміне көсем көзқарасы лайық айтулы суреткердің алдағы алар асуларын былай қойғанда, қазірдің өзінде тындырғанымен-ақ ұлттық мәдениетімізге арғы-бергінің көп сүлейлерінен асыра үлес қосқан классик жазушымыз, озат ойшыл ғалымымыз, қажырлы да қайсар қайраткеріміз екендігін мақтана да, масаттана да айтала аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Сартаева Д.Қ. Бейсембай Кенжебаев – қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. –Алматы, 2019. – 21 б.

2 Алдаспан. Көне қазақ поэзиясының антологиясы. Құрастырып, баспаға әзірлеген, алғы сөзін, түсініктерін жазған Мұхтар Мағауин. –Алматы: Жазушы, 2020. -347 б.

3 Мағауин М. Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырлардан жасаған қазақ ақын, жыраулары. Монография. –Алматы: Жазушы, 2014. – 254 б.

4 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық /Құрастыр: М.Мағауин, М.Байділдаев. –Алматы: Жазушы, 2015. – 376 б.

5 Есенберлин І. Жан сырым: Ойлар, нақыл сөздер. Естеліктер. –Алматы: І.Есенберлин атын. қор, 2013. – 218 б.

6 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Деректі толғам. – Алматы: Ана тілі, 2017. – 208 б.

ӘОЖ 84.7.44

Ш.МҰРТАЗАНЫҢ ЖАЗУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

БАЛТАБАЙ БИФАРУЗА АЛМАСБЕКҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕКҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно проанализированы научные труды М. Магауина по изучению истории казахской литературы.

Summary. The article analyzes in detail the scientific works of M. Magauin on the study of the history of Kazakh literature.

Ш.Мұртаза шығармашылығының жаңару жолындағы қазақ қоғамында, әлеуметтік ортада, ойлы кеңістікте, бүкіл түркілік қоғамдастықта алар орны бір төбе. Олай дейтініміз, қаламгердің өз заманында қозғаған тақырыптары мен проблемалары бүгінгі күннің өзекті тақырыбына айналып отыр. Қоғамның кертартпа құбылыстарымен күресудегі нысанасына дәл тиетін өткірлігі мен көркем тілі, ойды орамды берудегі публицистік шеберлігі қазіргі қаламгерлер үшін үлгі аларлық шеберлік мектебі.

Ш.Мұртаза – тек алғыр журналист, шебер прозашы, дарынды драматург қана емес, публицистика жанрында да елеулі еңбек еткен талантты сөз зергері. Қара басының камын ойламай, мансап қумаған ардагер жазушы қандай жоғары дәрежедегі қызметтерді атқарса да өз ұстанымынан танбай, үнемі халық камын, ұлт мүддесін жоқтап, шындықты жалтармай, тура айтқан Шер-ағаның өмірден теперіш көрген сәттері де жоқ емес.

«Қазақ көркем әдебиетінің тарихында Шерхан Мұртаза ағамыздың орнына ешбір ақын – жазушы таласа алмайды», - деген болатын ақын апамыз Ф.Оңғарсынова. Ия, бұл айтылған ой шын мәнінде дәлелденген де сияқты. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе», «Бесеудің хаты», «Бір кем дүние» деген шығармалары Тәуелсіздікті орнату мен нығайту үшін қару алып, майданға шыққанмен бірдей ерлік екенін бүгінгі жастар бағалай алады.

Шерхан Мұртаза жаһанда жан баласына бас иіп, тізе бүгіп көрмеген. Мұны біреу ерлік дейді, біреу әділдік дейді, үшінші біреу кемеңгерлік дейді. Бәрінің де сөзінің жаны бар. Байырғы қазақ кемеңгерлері иілмейтін бастың, бүгілмейтін тізенің болмайтынын айтады. Шынында бұл кісінің тізе бүгіп бас иетінінің бірі – құдайдың алды, екіншісі – халықтың алды. Сондықтан Шерағаң дара тұлғадан, дана тұлғаға айналды. Жақсылықтың жағында болды, әділеттіліктің туын көтерді, даналықтың сөзін сөйледі. Шығармашылық қызметінде жақсылыққа жар болды, үзілгенді жалғады, өшкенді жандырды, өлгенді тірілтті.

Қоғам қайраткері, халық қалаулысы болған Ш.Мұртазаның елі мен халқы үшін еткен еңбегі өте көп. Оның әрбір шығармасының бізге айтары көп.

Шерхан Мұртазаның педагогикалық көзқарастарын зерделей отырып, тек жазушы, қоғам қайраткері ғана емес, көптеген қанатты сөздердің авторы екендігін түйсіндік. Ш.Мұртаза бүкіл жазушылық жолында осы өмір туралы жазған. Сондықтан да, тәлім-тәрбиелік ойлар оның барлық шығармашылығын қамтиды. Нақыл сөздерінің тақырыптары өте көп.

Шерхан Мұртазаның нақыл сөздерінің тақырыптары сан алуан. Оларды оқыған оқырман түрлі ойға қалады. Себебі, жазушы ашпаған тақырып қалмаған сияқты. Дәлірек айтсақ, тойымсыздық, мейірімсіздік, нысапсыздық, әділетсіздік, кемдік, санасыздық, сауатсыздық, ғашықтық, жетіспеушілік, достық, өкініш, білімсіздік, сағыныш, еліміздегі демографиялық жағдай, қанағатсыздық, төзімділік, имандылық, заман теңсіздігі, аңдар мен табиғатты қорғау, асыра сілтеушілік, дін мен салт-дәстүрді дәріптеу, репрессия құрбандарын жоқтау, жемқорлық пен паракорлық, билік басындағы басшылардың саяси сауатсыздығы мен жіберген кемшіліктері, жауапсыздық, ақылсыздық, ана тілін қадірлеу, т.б. Бұл аталған тақырыптарды – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелері деуге болады. Сол тақырыптарды жазушы ешкімнен тайсалмай жазады. Өзі де жалынды публицист ретінде мәселені дөп басып, дәл айта білді. Солардың ешқайсысынан көпірме қызыл сөзді кездестірмейсіз. Әр сөзінен мірдің оғындай нақтылықты, шешеннің сөзіндей тапқырлықты, сонымен бірге адамның шабытын қамшылайтын, намысын оятатын қанатты ойларды аңғарасыз. Бұл ерекшеліктің бәрі жалпы жазушы шығармашылығының өн бойына созылып жатыр. Жазушының көптеген нақыл сөздері мақал-мәтелдермен тамырлас және халық арасында көптеп қолданылады. Өйткені, Ш.Мұртаза «Егемен Қазақстан», «Жас алаш», «Қазақ әдебиеті» секілді үлкен газеттердің және «Жалын» мен «Жұлдыз» журналдарының бас редакторы болған. Бірнеше рет депутат болып сайланған. Осы себепті де, Шерхан Мұртаза халықпен көп араласып, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтаған. Нақыл сөздерінің барлығы да ұлттық мәселелерді қозғаған. Жазушының біреудің көңіліне қарап әңгіме жазбайтындығын да аңғару қиын емес. Керісінше, оның қаламынан туған көсемсөздің барлығы ел мүддесіне, халық қамына арналған. Содан да шығар, Шерхан ағамыз жазған шығармалар біреуге түрпідей тисе, біреудің айызын қандырады, ал қалың оқырман оның әрбір сөзін Тәңірдің сөзіндей асыға күтіп, құныға оқиды. Осы жерде мен Шерхан Мұртазаның мына бір сөзін келтіргім келеді: «Жастарға айтар ақылым – ұлтты көбейтуді ойлау керек. Тәуелсіз еліміздің болашағын сақтап қалу үшін өзгелермен иық тіресетіндей болуымыз қажет. Халықтың болашағын, еліміздің ертеңін бүгіннен ойлайық» [1, 251 б.]. Бұл – аға сөзі, аға ақылы.

Сондай-ақ, Ш.Мұртазаның «Қазақтың Шерағасы» деп аталуының өзі оның ана тілдің тағдыры талқыға түскен уақытта «Қос тіл тек жыланда ғана болады» немесе «Қазақша сөйлемейтін қазақтар – анасын буындырып өлтіргендер», «Өз ана тілін менсінбейтіндер – өз ұлтын үш рет өлтіргендер» деп ашық айтып, халықтық мәселелерді көтере білуінен болды.

Ана тіліміз – тәуелсіздігіміздің басты белгісі, оны құрметтеп, сақтауымыз керектігін үнемі айтудан шаршамаған Ш.Мұртаза нақыл сөздерінің негізгі арнасы – осы ұлттық діліміз, туған тіліміз бен жерімізге, адамгершілік мәселелеріне арналды. Мәселен:

Тіл деген бізге өткен дәуірлерден қалған асыл мұра. Бізді жаратқан ата-бабаларымыз өткен. Олар бізге, өзгесін қойғанда, мұралыққа тап-тамаша тіл қалдырған. Ол тіл атамыздың ақылынан, анамыздың сүтінен жаралған.

Адам жүрегін елжіретер құдірет тек әдебиет пен өнерде ғана бар. Абайды жаттап қана қоймай, оны жан-тәнімен түсінген адам жаманшылыққа әсте бармас, адалдық жібін аттамас. Халықтың ұлттық рухы сөнген күні – халық халық болудан қалады [1, 238 б.].

Нақыл сөздерін талдап отырып, Шерхан Мұртазаның – үлкен ойшыл, өмір ұстазы екендігін бағамдауға болады. Жас кезінен-ақ көп қиыншылықты басынан кешірген, әкесіз өскен жазушы өзінің түйгендері бойынша өмірдің түрлі қиындықтары мен күрделі мәселелерін баяндайды. Бірқатарына тоқтала кетейік:

Өмір деген алысу, еркелетпес сипап ол.

Бұл ғұмырда бәрі де өлшеулі.

Құдайға сыйынған құстай ұшады, Адамға сыйынған мұрттай ұшады.

Бұл өмірде ештеңе де мәңгі емес, бір Алладан басқа мәңгі ешнәрсе жоқ.

Шаңырақ болмай, шарана да болмайды.

Адамда бәрі де бар болуы мүмкін. Әйтеуір бірдене жетпей тұрады.

Уақыт деген мәңгілік.

Жер – адамзаттың анасы.

Небір дерттің бәрін жазатын ұлы уақыт екен [1, 238-241 бб.].

Ал, нақыл сөздерінің енді бірқатарлары ізгілікті, адамгершілікті, жамандықтан жиреніп, жақсылыққа ұмтылуды дәріптеуге арналған.

Шерхан Мұртаза жазушылық шығармашылыққа өзінің ресми редакторлық мамандығын, кейіннен қайраткерлігін қатар алып жүріп қалыптасты. Бұл жолда жазушының өзінің алдындағы аға толқын жазушылармен етене араласқаны - өз алдына үлкен тақырып. «Шын шығарма – перзент. Толғағы жеткенде туады. Публицистиканың жөні басқа. Көркем әдебиет – ауыр артиллерия болса, публицистика – кавалерия. Оның да еңбегі елеулі» - деп санайтын Ш.Мұртаза публицистиканы халыққа өте қажет деп біледі.

«Қорқыттың қобызы қалғып кеткенде» деп аталатын мақаласында жас мемлекетіміздің болашағы үшін қауіпті саналған батыстық мәдениеттің бүлдіргіш сипатына тоқталып, рухани әлем болып саналатын мәдениеттің жай-күйі таразыланады. Батыстың «жаппай мәдениеті» жастарымызға нені уағыздайды, неге баулиды? деген сауал төңірегінде: «қос қолынан қаны сорғалаған қатыгездік, адамгершілік ардан жұрдай арамдық, жатырынан қағынған зинақорлық, адам өмірі шыбын құрлы саналмайтын неше түрлі сұмдықтардан» басқа берері жоқ деп шорт түйіп, былайша қапаланады: «Әруағынан айналайын асыл ағаларым: Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Бауыржан, Тахауи, Ғафу! Мұндай қорлықты көрмей кеткендеріңе кейде қызығамын. Ұлттық руханияттан ұрық қалмаған ұрпақ 2020-шы жылы қандай болмақ? Оларда Отан деген, ұлт деген ұғым бола ма? Бұрын советтік патриотизм деген идеология бар еді. Енді Отын сүйер деген идеология жоқ. Қазіргі біздің идеологиямыздың арқасүйері ортаншы тап. Яғни, саудагерлер, бизнесмендер, коммерсанттар. Ал, оларда Отан деген, Ұлт деген ұғым, сезім тапшы» [2, 339б.].

Ш.Мұртазаның өнердегі інісі, арқалы ақын Ұлықбек Есдәулетовке жауап хат ретінде жазылған «Парламентте жаңалық көп» мақаласы зерделі ойға, әлеуметтік-саяси мәселелерге, ұлттық жағдайға арналған.

«Менің бір қиналып қалғаным: өлеңмен жазған хатыңа өлеңмен жауап бере алмаймын. Баяғы-баяғы бозбала шағымда «Терезеңнің алдынан күнде өтемін» деген сияқты өлеңдер жазып көріп едім. Бірлі-жарымы жас ақындар жинағына да ілінген. Ілінгені бар болсын: Зейнолла Серікқалиев деген сыншы сойып салып, содан бері өлең жазғанды қойғанмын. Жазсам, Әкім Тарази, Кәрібай Ахметбеков, Уәлихан Қалижан сияқты замандастарға, інілерге арналған әзіл-бәдік өлеңдер ғана жазамын. Бірақ оларды жариялауға болмайды.

Сондықтан, Ұлықбек бауырым, қара сөзбен жазған хатымды қанағат тұтарсың» [3, 226 б.] - деп бастаған өз хатында Ш.Мұртаза жер сату, мемлекеттік тіл, т.б. турасында шынайы шындықты жайып салады. «Ұлттық сана-сезім торқадай тозған жерде ұлттық патриотизм де жетімсірейді. Отанының патриоты тек өз қарақан басының қамын ғана, қу құлқынның қамын ғана ойламай, халық қамын мүдделесе – сол ел бақытты» - деп тағы да ұлт мәселесіне ойысады.

Публицистиканың елеулі міндеті – қоғамның тыныс-тіршілігін, саяси-экономикалық жағдайы мен рухани өмірін халыққа жан-жақты жеткізіп, ой талқысынан өткізіп, талдап береді. «Журналист – әмбебап болуы керек» деген ұғымның маңыздылығы сонда кез келген тілші публицистика жанларының барлығын бірдей меңгеріп, жаза білгені дұрыс. Ш.Мұртаза өзі басқарып, шығаруға қатысқан газет-журналдарға шағын заметкадан бастап көлемді мақала, эссе,

очерктер жазды. Сонымен бірге газет – аса күрделі саяси құрал екендігін білген ол қысқа көлемге барынша үлкен идеялық мазмұн сыйдыру керектігін де жақсы түсінді. Осыған орай идея мен форманың, тақырып пен фактінің, проблема мен пайдаланылатын деректі материалдардың саймасылығы ерекше маңызды деп түсініп, не жазса да нақты дерекке сүйенді. Оның публицистикалық туындылары деректілігімен, нақтылығымен, жедел үн қосушылығымен, бағыт сілтеушілігімен ерекшеленеді. «Лениншіл жас» газетінде тілші, жауапты редактор қызметтерін атқарған қаламгердің журналистік шеберлігі шындалып, өткір де қомақты мәселелерді жаза бастады. Газет шығару мен оны басқарудың өзі арнайы үйренерлік мектеп. Басылымдардың жауапты редакторы болған Ш.Мұртаза газет бетіне өзіндік қолтаңбасын қалдыра білді. Бірнеше тұрақты айдарларды ашып, оқырманын ойға қалдыратын келелі мәселелерді сөз етті. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып тұрғанда Ә.Сәрсенбаев секілді белгілі жазушының Ресейге қарайтын Астрахань облысында тұратын қазақтардың хал-тұрмысы, сонда жерленген ұлы күйші Құрманғазының бейіті туралы, ұлттық рухани азық туралы тебірене жазғанын бастырып, нәтижесінде Қазақстаннан тысқары жүрген ағайын арасындағы жансыз тамырға қан жүгіріп, мектептер ашылып, қазақша оқулықтар, әдебиеттер мен кітаптардың жіберілуіне жағдай жасайды. Ол басылымның мазмұн жағынан үйлесімді болуын қадағалады. Мәселен, ауыл шаруашылығы, саяси мәселелер, әдебиет, жастар, шаруалар тұрмысы туралы көлемді мақалалардан сол заманның тыныс-тіршілігін байқаймыз.

Ш.Мұртаза жазу өнерінің шын шеберіне айналды. Халқымыздың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан шешендік өнерін бойына сіңіріп, асқан шеберлікпен қадір тұтты. Ш.Мұртаза публицистикасына тән басты ерекшелік – өткір тілі мен тапқыр ойы. Қаламгерлік қабілетін айқындайтын екінші ерекшелігі – тақырып ауқымының кеңдігі мен оны жазудағы шеберлігі. Үшінші ерекшелігі – жанрды жете меңгеруінде жатса керек. Өйткені, публицист дерек көзінің ыңғайына қарай жанрын және оны түрлендіріп беруде шынайы шеберлігін көрсетті. Төртінші ерекшелігі – қаламгердің сыншылық көзқарасының қырағылығында.

Шерхан Мұртаза жазушылық кеңістігінде адамзат үшін әрқашан өзекті болып саналған заман шындығы, адамгершілік, махаббат, адалдық тақырыптарын көптеп жазды. Ең бастысы, адам баласының бойындағы адалдық, Отанды сүю, ұлтын құрметтеу, еңбексүйгіштік қасиеттерінің тұлғалық қалыптасуда ерекше маңызды екендігін өз шығармаларында шебер де сенімді жеткізе білді.

Оның қаламгер ретінде халқына қалдырған көлемді туындыларының бірегейі саналатын еңбектері:

- «Қызыл жебе»;
- «Ай мен Айша»;
- «Мылтықсыз майдан»;
- «Қара маржан»;
- «Сталинге хат»;
- «Бесеудің хаты»;
- «Бір кем дүние»;
- «41-жылғы келіншек»;
- «Ноқтаға басы сыймаған»;
- «Бұлтсыз күнгі найзағай»;
- «Жүрекке әжім түспейді»;
- «Жүз жылдық жара»;
- «Қаңғыбастар мен шағалалар», т.б.

Жазушы жас кезінде аздап өлең жазған. Ол өлеңдеріне сындар айтылған екен. Содан қайтып өлең жазбағандығын айтады жазушы. Бұл да болса, өз кезегінде жазушының өз талантын таныған көрегендігі мен азаматтық болмысының бір сырын білдіреді. Ақын болуды армандағанымен кейіннен өзінен жақсы ақын шықпасын түйсініп, шығармашылықтың басқа қырына ойысады. Ең алдымен, Шерхан Мұртаза – тамаша журналист. Ол қазақ журналистикасының өркендеуіне сүбелі үлес қосты. Қазақтың марқасқа ұлы Өзбекәлі Жәнібеков Ш.Мұртазаға үлкен үміт артып, 30 жасында «Жас алаш» газетіне алып келеді. Газет арқылы қоғамдық келеңсіздіктермен ұлы күресті бастаған Ш.Мұртаза бұл үшін таяқ та жейді. Тамырланып кеткен жең ұшынан жалғасып жатқан әділетсіздіктерге, дүмбілез кадрлар мен тоңмойын шенеуніктерге қарсы шығады. Тәуелсіздік алғаннан кейін-ақ Мұртазаев деген фамилиясындағы «–ев» дегенді алып тастап, жалпақ елге

қазақпын деп жар салған да Шерхан Мұртаза. Құлдық таңбасы деп бағалаған «-ев», «-ов» дегендерден әлі де құтыла алмай келеміз. Осындай болмысымен өзінің алдындағы Бауыржан Момышұлы, Шона Смаханұлы ағалардың ізбасары болды. Ұлттық мүдде жолында үлкен үміт артқан бір шоғыр таланттардың танылуына үлкен қамқорлық жасады. «Жас алашқа» бас редактор болып келгеннен кейін Шерхан Мұртаза осы газеттің Маңғыстау облысындағы тілшісі етіп Фариза Оңғарсынованы, Оңтүстік Қазақстан облысына Мұхтар Шахановты, ал Қарағанды облысына Ақселеу Сейдімбекті алады. Бұлардың жазған бір мақаласынан-ақ Шерхан Мұртаза осындай шешемге келеді. Шалғай ауданда жүрген Оралхан Бөкей мен 5-курс студенті Әбіш Кекілбаевты да жұмысқа қабылдап, үлкен жауапкершілік алады. Бұнысы үшін үстінен арыз жазылады.

Дегенмен, батылдығы мен қайсарлығы ұлтына деген сүйіспеншілігімен ұштасып жатқан Шерхан Мұртаза еш қаймықпайды. Қызметті «Төлегеннің көк жорғасы, көрінген Бекежан келеді де, мініп кете береді» деп ұғынған Шерхан Мұртаза «Журналистиканың Жуковы» деп атанса, жазушылығында өз талантына талайларды тәнті етті. Қайда барса да, өз ұстанымынан айныған жоқ, ұлттың жарқын болашағы үшін, егемендігіміз үшін жан-тәнімен еңбек етті. Онымен сұхбаттасқан журналистердің пікірлері де көбіне қайраткерлігі мен ұлтына деген сүйіспеншілігінің шексіз болғандығын байқатады. Мәселен: «Шерағанның ұлтқа сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Өз басым Шерағанның қайраткерлігі мен азаматтық биіктігін тек Алаш қайраткерлерімен (А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Т.Жүргенев, С.Сәдуақасов және т.б.) ғана салыстырар едік. Одан төмендесек, Шерағаңа обал болар еді. Өзіне емес, әрине. Еткен еңбегіне. Төккен теріне, Мемлекетшілдігіне, Көшбасшылығына. Ірілігіне. Азат мінезі мен бостан рухына. Тағылымына. Өнегесіне. Отаншылдығына [4, 23 б.], - деген пікірдің өзі Шерхан Мұртазаның тұлғалық болмысының қыр-сырын айқындап тұр.

Шерхан Мұртаза – өз заманының дара, дана тұлғасы. Әділдіктен айнымаған ұлттық рухтың жанашыры туралы көптеген жазушылар, қаламдас әріптестері мен ғалымдар оң пікірлерін білдіріп, оның қаламгерлік болмысы мен қайраткерлік тұлғасын аса жоғары бағалаған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәмесейіт Т. Шерхан Мұртаза: [Қаламгерлік, қайраткерлік ғұмырбаян] – Астана: Елорда, 2002. – 280 б.
2. Тәуелсіздіктің жолы қатты, дәмі тәтті. Қазақтың Шерағасы. 2 том. – Тараз, 2011. – 212б.
3. Мұртаза Ш. Ақындар мен әкімдер. – Астана, 2002. – 566б.
4. Мұртаза Ш. Не жетпейді? – Алматы: Жазушы, 1990. -264б.

ӘОЖ 81.456.23

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

ОҢЛАСЫН АРУЖАН БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АРХАБАЕВА ГҮЛНҰР ЕРМАХАНҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье проанализированы парадигматические и синтагматической характеристики словообразовательных пар и словообразовательных этапов производных слов внутри глагольно-словообразовательного гнезда, показано, что четкость семантической мотивации между ними, смысловая структура слова зависит от значения корня слова.

Summary. The analyzes the paradigmatic and syntagmatic characteristics of word-formation nest, and shows that the clarity of semantic motivation between them, the semantic structure of a word depends үркі the meaning of the root of the word.

Бір буынды түбірлердің тілдік табиғаты өте күрделі. ең басты ерекшелігін айқындайтын олардың синкреттілік қасиеті. Бұл туралы А. М. Щербак «Очерки по сравнительной морфологии тюрских языков (глагол)» атты зерттеуінде: «Как известно, в тюрских языках есть значительное количество корней, выступающих и в качестве именных, и в качестве глакольных основ» деп жазады [1, 197].

Түркі тілдеріндегі бір буынды сөздердің синкреттілігі туралы ғылыми – теориялық мәселе П. М. Мелиоранскийден бастап, Э. В. Севортян, Н.К. Дуитриев, И.А.Батманов, Б. М. Юнусалиев, П. И. Кузнецов, М. Томанов т.б ғалымдар еңбектерінде терең талданған. Біз жұмысымызда синкретті түбірлердің тарихи дамуына қатысты ғылыми-теориялық мәселелерге тереңдеп мәселелерге тереңдеп бармай, олардың сөзжасамдық негіз (түбір) ретіндегі мағынасын анықтауға талаптанамыз.

Түбірлердің есім не етістіктегі мағынасы негізінен контексте аңарылатыны белгілі. Яғни сөздер синтагматикалық қатынасқа түсіп, белгілі мәнде жұмсалғанда олардың негізгі семалық құрамы анықталып отрады. Мысалы: аш-сын етістік, ашық-сын есім әрекетінің нәтижесі, ашық-сын есім(түсті білдіреді), аш-сын есім.қат етістік, қат зат есім (қат-қат жинау, қат-қат- зат есім) осы түбірден: қатай, қатыр, қатқыл, қатан, қатқақ, - әрі етістік, әрі есім жасалған. Қат - етістік (тамаққа май қат), осы түбірден: қатық - зат есім) тамақтың қатығы жоқ)

Есім мен етістік негіздерінің синкреттілігін зерттеуші ғалымдар олардың арасындағы мағыналық байланыстың да бар екенін анықтаған. Түбір сөз негізден тұлғалық жағынан ғана емес, мағыналық жағынан да ажыратылады. Бұл өзгешелік, әсіресе, түбір сөздің бөлінбейтін, бөлшектенбейтін семантикалық құрылымынан анық та айқын байқалады. Ал негіз немесе туынды сөз себепші негіз бен сөз тудырушы тұлғалардың мағынасы арқылы нақтыланып, айқындала түседі. Сондықтан түбірдің мағыналы негізбен салыстырғанда көп мағыналы болады.

Етістіктің мағыналық құрылымын терең айқындап алу үшін, ең алдымен, “семантика” деген терминнің мәнін ашып алған дұрыс болады. Қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген “Тіл білімі сөздігінде” семантика терминіне мынадай анықтама берген: Семантика - (грек. Semantikos - таңбалаушы, ағылшын тілінде - Semantikus француз тілінде Semantique) 1.Тіл арқылы немесе оның басқа бір формалары (сөз, сөз формасы, сөйлем) арқылы берілетін мазмұн;

2.Осы мазмұнды зерттейтін тіл білімінің саласы (Семасиология); 3. Семиотиканың бір саласы. Семантика тікелей қарастыратын ұясы толық мағыналы сөз [1, 36].

Жеке ғылым саласы ретінде семантика XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап В.Фон Гумбольдт идеяларынан кейін дами бастаған. Зерттеушілердің пайымдауынша, К. Штейнталь, А. Потенция, В Вундт жасаған лингвистикалық гносеологиялық тұжырымдапалар семантиканың дамуындағы бірінші кезең ретінде танылады. Бұл кезде мәдениетке эволюциялық көзқарас қалыптасқан елі, тіл семантикасы халық психологиясымен тығыз байланыста қарастырылды. Семантиканың ортақ болуы - бүкіл адамзатқа тән психологиялық заңдылықтармен, ал ерекшеліктері - халықтардың “психологиялық” ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Кез-келген халықтың өзіне тән тарихы, мәдениеті болады. Осы ұлттық мәдениет, қоғамдағы өзгерістер мен жаңалық атаулының бәрі тілде көрініс табуы - заңды құбылыс. Оның себебі, тіл - халықтың рухани және материалдық мәдениеттің, тарихының, барлық бітім-болмысының айнасы іспетті. Сондықтан да болар, В.Гумбольдтың: “Халықтың тілі барда оның қиын” - деп айтқаны осы ойымызды негіздей алады [2,236].

Семалардың табиғатын және олардың арақатынасын тіл мамандары әртүрлі түсіндіреді. Тілдік мағынаның берілуінің екі түрлі жолы бар екені белгілі:

1. Парадигмалық мағына;
2. Синтагмалық мағына.

Осы көрсетілген түбірлердің ішінде, біздің пайымдауымызша, қазақ тілінде сөз жасамдық тұлға ретінде белсенді қызмет атқарып, ең өнімді болатын түбірлер ГС үлгісі мен СГС үлгісі. Бұл тектес түбірлер етістіктің негізгі сипатын анықтап, сөзжасамдық ұяның негізгі көрсеткіші ретінде таныла алады. Ал СГСС үлгісіндегі түбірлер негізінен еліктеуіш сөздердің құрылымына тән. Бұл түбірлердегі еліктеуіштік мәнді сөздер арқылы туынды етістік жасалып, содан кейін ғана етістікті сөзжасамдық ұяға енетін екіншілік мағыналы туынды сөздер жасалады. Туынды сөздердегі жаңа атау - түбір сөздің әрі күрделі, әрі көп мағынасының әрбір қырының ерекше көрінуі мен жіктелуінің нәтижесі. Мысалы: “Ат” деген себепші негіздің мағынасын талдап көрелік. Көне түркі тілінің сөздігінде “ат” сөзінің мынадай мағыналары берілген:

АТ - имя; титул; звание; название; наименование. АТ - лошадь, конь; АТ - бросать; АТ - биться, [ДТС,64]. «АТ» түбірінің мағыналары бойынша анықталған:

I. Ат- зат. 1 Үйірге түспейтін, піштірілген, ақталған жылқы; 2. Көлік ретінде салт мінілетін, арба шанаға жегілетін және әр түрлі шаруашылық жұмыстарға пайдаланылатын ерке жылқы. II. Ат - зат. Шахмат. Аттың басына ұқсастыра жасалынған шахмат фигурасы. III. Балаға қойылған есім, нысаны. IV. Ат. Ет. Оқ шығару, оқ жұмсау, от беру. Ат: насыбай атты - ерніне насыбай салды [ҚТТС, 404-414]. Бұл “ат” сөзінің негізгі мағыналары. Бұдан өзге көптеген ауыспалы, келтірінді мағыналары да көрсетілген. Көне түркі тіліндегі негізгі мағынасы мен қазіргі қазақ тіліндегі негізгі мағыналарының бір-бірінен оншалықты айырмашылығы жоқ екенін аңғарамыз. Ал осы ат сөздері сөз заттық мағынасы негізінде жаңа туынды сөздер жасауға қатысқанда, олар арқылы жасалатын сөзжасамдық ұядағы мағынаға назар аударып көрелік.

Етістіктердің мағынасы абстрактылы екені белгілі. Қазақ тіліндегі етістіктер кезкелген күрделі ұғымды атауға мүмкіндік алған. Әсіресе аналитикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің мүмкіндігі орасан. Мысалы “күл” етістігі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяға енетін атаулардың мағыналары мен мағыналық құрылымын талдап көрелік. “Күл” себепші негізінің мағынасы - адамның көңіл-күйінің көтеріңкі болуы, қуану, шаттану т.б.

Синтетикалық тәсіл тәсіл арқылы “күлу” сөзі арқылы мынадай туынды сөздер жасалған, сөзжасамдық ұяға енеді. Күл - күлгір, күлгірлік

Күлгірсі, күлгірсу

Күлгіш, күлгіштік

Күдгіштеу

Күлдір, күлдіргі, күлдіргілеу

Күлдіргіш, күлдіргіштік

Күлдіріт, күлдірткіз

Күлкі, күлкілеу т.б

Сонымен бірге «күлу» етістігі арқылы аналитикалық тәсіл арқылы да көптеген атаулар жасала алады. Бұл туынды сөздер де бір сөзжасамдық ұяда жатады. Мысалы: жаны күлуге, күле қарау, күле кіріп, күңірене шығу, миығынан күлу, күлкі болу, күлкіге қалу, күлкі қысу, қыран топан күлкі, өз күлкісіне өзі қарық болу, күлкі-мазақ, күлкі-сықақ, күлкі-ойын, күлкі-думан, күліп-ойна, күлсір-сыңқылдас, күлім қағу т.б

Бұл жерде ерекше атап көрсететін нәрсе, сөзжасамдық ұяға енетін туынды сөздердің мағыналық құрылымы тек «күлу» етістігі арқылығы ғана таралатындығы. «Күл» сөзімен ононим болып келетін өзге мағыналар мен олар арқылы жасалған туынды сөздер бұл сөзжасамдық ұяға ене алмайды. Олар өзінше жеке сөзжасамдық ұя болды. Бұл мәселеге аса мән берген дұрыс деп бағалаймыз.

Жаны күлу, күле қарау, күле кіріп, күңірене шығу, миығыннан күлу, күлкі болу, күлкіге қалу, күлкі қысу, қыран топан күлкі т.б. сияқты аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің мағыналық құрылымы күрделі. Бұлар тілдің күрделі барысында жаңа ұғымды белгілеуде ауызке сөйлеу тілінде бірте-бірте қалыптасқан күрделі атаулар. Атақты қазақ ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы былай деп жазған еді: «Сөздің көбі өз мағынасын жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында түк ұқсастығы жоқ екі нәрсенің ететін әсері бірдей болса, біріне қас қамалды екіншісінен ауыстырып айтамыз» Біз бұл жердегі ғалымның «өз мағынасы» - ойын сөздің тура, негізі мағынасы деп пайымды аламыз. Сонда етістік негізі көптеген туынды тұлғалардың мағынасының өзіндік ерешелігін айқындауға негіз ашылады. Мысалы: «күлкі болды, күлкіге айналдырды, күлкі қылды, қыран күлкі» - деген күрделі сөздердің мағыналық құрылымы осындай құрылымы осындай мағыналық дамудың тікелей нәтиже ретінде түсіндіріле алады. Бұл тұлғаның мағынасын айқындау аса оңай шаруа емес. Күл - күлкі сөздерінің негізі мағыналары жағымды болса да, күлкі болу құранды етістігінің семасының өзіндік ерекшелігі бар. Бұл жерден біздің байқайтынымыз, күлкінің әжуалы, мазақ, мысқылды болуы мүмкін.

Адам баласы өзін қоршаған ортадан әртүрлі жақындықты, үйлесімділікті, ерекшелік пен байланысты таниды да, оны сол өздері ұқсатқан, жақындатқан атаудың таңбасымен белгілейді. Осыдан барып сөздердің мағыналары кеңейе түсіп, дамып, әртүрлі метафоралық, метанимиялық ауыспалы мағыналар жасалады.

Себепші негіз етістіктер арқылы жасалған көптеген туынды сөздердің мағынасында осындай ауыспалы мағыналар жиі кездеседі. Мұндай туынды сөздердің жасалуын айқындауында сөзжасамдық дефинция ұғымы қолданылады. Етістіктің негізді туынды сөздің мағыналық құрылымын анықтаудың басты жолы семантикалық белгіні тану. Өйткені көптеген ғалымдардың пайымдауынша, туынды сөздің дефинциясын айқындауда түбірдің мәні ерекше болса, мағынасын саралауда оның өзіндік мағынасын пайымдаудың маңызы өте зор.

Ономасиогиялық аспектіден туынды сөздердің қалыптасуы жолындағы белгілі бір уақытты дәл анықтап нақты айтып беру оңай емес, әрі ол шартта емес, әрі ол шарт та емес. Біздің пайымдауымызшы, бұл жердегі негізгі мәселе туынды сөздердің мағыналық ерекшеліктерінің тіл дамуында бірте-бірте пайда болғандығын бағамдау. Номинация процесі Белгілі бір уақыт деңгейінде болғандықтан, әрине оған тәуелді болып саналады. Бұл туралы профессор А.Б.Салқынбай өзінің монографиялық зерттеу еңбегінде былай деп жазады: « номинациялық процестің уақыт мөлшерінде өтетіндігіне уақыт мөлшерінде өтетіндігінде байланысты оны екіге бөліп анықтауға болады: алғашқы номинация және екіншілік номинация» [3, 506.]. Ғалымның айтуынша, алғашқы номинция тек тарихи аспектіде сөздердің этимологиялық шығу төркінін зерттеу барысында айқындалатын атаулардың ең көне мағыналы сипаты ретінде бағаланады. Ал екіншілік номинация – әр түрлі сөзжасамдық тәсілдер негізінде жасалады. Екәншәләк номинацияда заттар мен құбылыстардың танымдық ұғымы мен белгісі, дамыған, толыққан сипатта көрініс табады. Қазақ тілінде барлық түбір етістіктер себепші негізбола алады. Тіпті себепші негіз алмайтын бір буынды етістіктер жоқ деп айтуға толық негіз бар .

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдаров А Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алматы, 2016, - 322
2. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімді сөзжасам жүйесі.-Алматы,2018.
3. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы.Алматы,2015.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, Алматы,2019.

UDC 811.512.122:811.1

SOCIAL ASPECTS OF KAZAKH ALPHABET TO LATIN GRAPHICS

MYRZABAEVA BALMIRA,

PhD student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,

NAURYZBAYEVA ASSEL,

teacher of the English language №28 at the school named after A.Moldagulova,
Taraz, Kazakhstan

Abstract.The research paper examines the political and social aspects of transition of the Kazakh alphabet to Latin script, as well as presents various views and conclusions of people of Kazakhstan regarding the transition of the state language to Latin. As we know, since the independence of Kazakhstan, there have been widespread discussions about the need for language reform on Latinization. Public opinion on this issue can be conditionally divided into two groups: supporters of the Latinization reform believe that it contributes to the integration of our country with the Turkic-speaking peoples; the second group opposes the transition of the Kazakh language to Latin alphabet, arguing that the reform intended for the language will lose the cultural heritage of the Kazakh people and lead to illiteracy in the XXI century. In general, scientists come to the following conclusion, that the transition to Latin graphics has a deep historical meaning, according to them, in the modern era of digital technologies, our country needs a language modernization.

As soon as the Republic of Kazakhstan gained its sovereignty after the Soviet collapse, the issue of transition to Latin alphabet began to be hotly debated in society again. On the one hand, it was closely related to forming the national state of Kazakhstan, and on the other hand, the identification of national

identity was behind it. Language, history, national values and national consciousness can be mentioned in the science of Ethnology as factors forming the national identity. It is obvious that we will not be able to restore our national identity until we identify the main aspects of the named nation. Therefore, the transition to the Latin alphabet is associated with the eliminating the policy of Russification of Kazakh society and the forming a new political culture. In this regard, the Kazakh political scientist R.K. Kadyrzhanov (2009) notes: “Today Kazakhstan society faces two different choices: to introduce the Latin alphabet or to remain in Cyrillic. Supporters of the transition to the Latin alphabet believe that it is possible to strengthen national unity in Kazakhstan through rapprochement and unification with the Turkic world. And the anti-Latin group believes that it is necessary to remain in Cyrillic, for sixty years the society has adapted quite well to this type of writing and there is no need to change it and transition to Latin” (p.189).

The issue of the transition of the Kazakh language to Latin alphabet began to be raised in the first years of independence, namely in the 1990s. In some post-Soviet countries, such as former allied Uzbekistan, Azerbaijan, Turkmenistan and Moldova, Latinization began as soon as the Soviet Union collapsed. First of all, as soon as it gained independence in Azerbaijan, it began to carry out a language reform. This reform helped clear the Soviet consciousness and remnants of Soviet political culture for the Azerbaijani people. Because along with Cyrillic, interest in Russian culture and language also went away. Instead, interest in Turkish culture and Western civilization began to appear. In connection with the transition to the new alphabet, all books written in Cyrillic were transferred to Latin graphics for the younger generation and re-printed. As one of the Turkic-speaking countries that successfully switched to the Latin alphabet, today we can mention the experience of Azerbaijan. This is because almost all of the population uses the Latin alphabet. The next neighboring Turkic-speaking fraternal state, Uzbekistan, began to switch to Latin when it gained independence in the 90s. However, in practice, Cyrillic was not able to completely disuse society in this country. Today, along with Latin, Cyrillic is used in parallel in society. The older generation, educated and brought up in Soviet times, still supports the use of Cyrillic in everyday life, because the transition to new Latin alphabet creates difficulties for this Soviet generation. Even the authorities widely use the old alphabet in their activities. Only the younger generation easily accepted the transition to Latin and quickly mastered it. Therefore, the experience of Uzbekistan is considered by many foreign experts as an unsuccessful experience. However, a number of politicians in the country who pursue language policy believe that Latin will become stronger over time, and only with the exchange of generations will this situation change. In Turkmenistan, as soon as the era of the communists ended, they took up the transition to Latin. In this country, as a result of the forced implementation of the language policy by the authorities, the transition to Latin was implemented in a short time. Mainly in history, the process of Latinization (the history of Latinization) in Turkic-speaking peoples began in the 20-30s of the last XX century. In the Fraternal Republic of Turkey, the transition from the Arabic alphabet to Latin took place as soon as Mustafa Kemal Ataturk came to power within the framework of the policy of Europeanization. This caused controversy in Turkic society, being considered, on the one hand, a permanent rejection of the heritage of the old Ottoman Empire, based on the Arabic language, and on the other hand, a separation from Islam. However, thanks to the perseverance of the Ataturk government, Turkish society has completely switched to the Latin alphabet and is now enjoying the fruits of this language policy. The complete transition to Latin did not cause much trouble for the Turkish society, which at that time was considered massively illiterate. This language policy took the form of a fight against mass illiteracy that has established itself in the country. In Turkey, work is underway to transfer the heritage written during the Ottoman Empire to the Latin script to this day.

The topicality of this scientific work is due to the fact that if we consider the history of the transition to the Latin alphabet in Kazakhstan, we can see that it is associated with completely different and contradictory political conditions. Until the 20-30s of the XX century, the Arabic alphabet was freely used in Kazakh society. At the same time, due to the massive transition of the Turkic peoples to the Latin alphabet, in 1924, some Kazakh intellectuals, led by AlashOrda figures, began to take a critical look at the Arabic alphabet and often think about the transition to the Latin alphabet. At the same time, a group of Kazakh scientists led by AkhmetBaitursynovich, who was considered a reformer of the Kazakh language, voluntarily adapted the Kazakh language to the Latin alphabet and began to present their versions to society. However, the deepening penetration of Soviet colonial policy into the countries of Central Asia paved the way for the widespread spread of the Russian language. In this regard, in 1921, Decree No. 19

“On the use of Kazakh and Russian languages in the Republic state institutions” was issued. In accordance with this, it was obliged to conduct office work in all regions of the Republic, the circulation of documents in Russian. In Kazakhstan society, since 1929, the Arabic alphabet and the Latin alphabet have been used simultaneously for ten years, but in 1940 the Kazakh language was completely converted to Cyrillic. This initiative was organized on November 13, 1940, in accordance with the decree of the Council of people’s commissars of the Kazakh SSR No. 773, at the fifth meeting of the Supreme Council, “The law on the transfer of the Kazakh script from Latin to new Russian graphics” was adopted. To comply with the requirements of the law, 10-day courses were organized for teachers in all cities and centers, settlements and villages (Dathaev&Sayatova, 2018, p.5). Thus, in the last century, at a time when Soviet imperialist policy was growing in colonial countries, the Kazakh script was converted to Cyrillic.

Today, the Republic of Kazakhstan is a sovereign state in its own right, having gained independence. The policy of reviving national consciousness and historical values and the formation of national identity also re-opened the issue of returning to the Latin script. In this regard, the first president of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev (2017, n.d.) in his program article “Looking to the future: modernization of public consciousness”, “We need to start work on the gradual transition of the Kazakh language to Latin. We have been preparing for this issue in every possible way, taking into account the needs of society since getting its independence. There is a deep meaning in the transition to Latin. This is closely related to the current technological environment and communication needs in accordance with the requirements of the XXI century.” This year, the decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated October 26, 2017 No. 657 "on the transition of the Kazakh alphabet from Cyrillic to Latin script" was approved. In accordance with this decree, specific instructions were given to the government to ensure the gradual transition of Kazakh alphabet from Cyrillic to Latin script (adilet.zan.kz, 2017).

In this scientific article, “What is the political and social meaning of the transition to Latin? Is there any benefit to Kazakh society in reforming writing? How does the Kazakh society perceive the Kazakh alphabet based on the Latin alphabet? Will the new alphabet replace the linguistic flaws underlying the old alphabet?” we will analyze the collected materials and bring our own conclusions.

The study of the political and social aspects of the transition of Kazakh alphabet to the Latin graphics may pursue various goals due to the need to understand and analyze the consequences of such significant linguistic and cultural changes. Some general objectives of research on this topic include issues such as:

- Comparative analysis. Here is a comparative study to identify the best practices of other states concerning the transition to Latin.

- Cultural and linguistic influence. Here is a study of how the transition period affects the preservation and promotion of the cultural and linguistic identity of the Kazakhs. Comparison of the influence of the Latin alphabet on the cultural heritage of the Kazakh language in comparison with Cyrillic.

- Communication and integration. Here is an assessment of the effectiveness of using the Latin alphabet to improve communication within the global community and promote international integration. To study the advantages of transition to Latin to make the Kazakh language more compatible with digital communications and world standards.

- Political reasons and public opinion. Here is a study of the political reasons for the decision of transition to Latin and how it fits into national politics, and an analysis of the role of political leaders and institutions during this period. Studying perception, attitudes, and resistance between different demographic groups.

- Consequences and costs of education in the new Kazakh alphabet. Here is a study of the difficulties and achievements in ensuring the continuous transition of education to the Latin alphabet. As well as an assessment of the costs of updating educational materials, official documents and public signs.

- International relations. Here is a study of how Kazakhstan is perceived by other states during the transition period and how the transition period affects diplomatic relations. For example, to assess whether there are practical consequences for international trade, diplomacy and intercultural communication.

- Long-term consequences. Here to study the level of literacy in Kazakhstan and the cultural landscape as a whole.

Obviously, the first writing graphics of the Kazakh people were based on the runic inscriptions used by the ancient Turks. It met the spiritual needs of the nomadic people and contributed to the hatred of oral literature from generation to generation. Later, the spread of Islamic civilization in Central Asia led to the assimilation of the Arabic alphabet into society. The Arabic alphabet also made a huge contribution to the further development of Kazakh people's culture, the spread and establishment of religious beliefs. However, we can also emphasize that today the Latin alphabet is the language of modern science and education, new digital technologies that are the key to the civilization of the world, including the basis for the development of the economy. The next factor is closely related to the need to reconnect with the Turkic peoples, who have a common history and origin, to connect our source with them culturally and spiritually. This is a world that comes from the relationship between mutual peoples through a common writing tool. At the same time, it is obvious that the transition to the Latin graphics will create conditions for the development of Kazakh economy in accordance with the global competitiveness, a worthy participation in the process of globalization. In primary education institutions, it is clear that if a young student can write in Latin graphics, he will definitely be fluent in English (Nurlanova&Chunkurova, 2021). Mainly in the Kazakh language, the modified Cyrillic alphabet, which now consists of 42 letters, is used. If in the Latin alphabet to move only 32 letters. Some sounds will be written using apostrophes. This change was planned to be fully implemented by 2025.

As mentioned above, the main advantage of switching to the Latin alphabet is that it facilitates the use of modern technologies based on digitalization. In addition, the Latin alphabet is used by about 70 percent of all countries of the world, which undoubtedly makes it an important part of communication around the world, especially in the field of Technology, Business, Science and education. Another important factor is that the national composition of the state of Kazakhstan is multiethnic, so it is important to maintain interethnic peace and harmony. Therefore, the parallel use of the Russian language in society along with the Kazakh language, the fact that the Russian language remains the official interethnic language, undoubtedly, somewhat hinders the process of Latinization. There are also reasons why the change in language is recognized in the political aspect of Kazakhstan as an attempt to move away from Russian influence and promote nationalism. According to the 2009 census, only 62% of the population knew the Kazakh language in writing and orally. 85% of the population speaks Russian fluently. Thus, the transition from Cyrillic to the Latin alphabet is clearly evidence of Kazakhstan's efforts to move away from the heritage of the Soviet Union and create a personal and unique national identity. "Many Kazakhs associate Cyrillic writing with Soviet control," says AnarMuratovnaFazylzhanova, a linguist who is involved in the implementation of reforms related to the transition to the Latin alphabet to the Government (2017).

Although the consequences of the legacy of the Soviet Union are felt throughout the country today, most young people in Kazakhstan are ready to accept the changes that arise from changing the alphabet. AnarMuratovna's 2016 study shows that 80 percent of respondents aged 18-25 support the transition to the Latin script (45 p.). Several works devoted to the analysis of Alphabet replacement often pay maximum attention to the economic impact that such a change will bring to the country. Although the numbers vary, the Government of Kazakhstan estimated that the transition will require about.664 million, which is 90 percent of the budget needed to update the country's educational programs in a new way. In 2018, President Nazarbayev's office faced public criticism after instructing Kazakh ministers and deputies to work in Kazakh at public meetings or speeches. Since the collapse of the Soviet Union, most intellectuals in Kazakhstan have become accustomed to speaking Russian, forgetting their native language (the MCGILL international review, 2021).

The main wealth of any nation is the native language. Its origin is one of the most complex topics in modern linguistics. The history of the Kazakh language graphics is deep. The writing of the Central Asian people and the origin of the Kazakh language originated in the early Middle Ages. The ancient Turkic runic script, known in science as the Orkhon-Yenisei letter, originated and functioned in Eurasia in the VI-VII centuries and early Middle Ages. Since the 5th-15th centuries, the Turkic language has been the language of interethnic communication in a large part of the territory. Under the Mongol Khans Batyi and Munke, all official records in the Golden Horde and international correspondence, except for Mongolian, were conducted in Turkish. Central Asian and Kazakh spiritual and secular schools used Arabic graphics. Columns, cornices, building domes and structures are decorated with beautiful ornate Arabic calligraphy. Scientists and poets wrote their works in Arabic and decorated their pages with drawings. All the works of prominent scholars of the East are written in Arabic and Persian (Persian),

since these languages were considered international. Arabic graphics have been used on the territory of modern Kazakhstan for almost 900 years, from the X-XX centuries (Omirgazy, 2020, n.d.).

The history of the Kazakh alphabet is largely determined by specific political reasons. Last year, the Kazakh alphabet was again discussed by politicians and scientists, Kazakh and foreign media, academics and ordinary people. From the first days of independence in 1991, the head of state paid special attention to the development of the Kazakh language. In 2006, at the 12th session of the assembly of people of Kazakhstan, he raised the issue of translating the alphabet into Latin graphics. Six years later, Nazarbayev announced the country's readiness and need to switch to the Latin alphabet. In 2017, he published a large-scale political article "looking to the future: modernization of Kazakhstan's identity", in which he focused on the phased transition to the Latin alphabet. The discussion ended with his decree of October 26 on the replacement of the existing Kazakh alphabet with the Latin script. "In order to ensure the transition of Kazakh alphabet from Cyrillic to Latin, I am issuing an order to approve an additional alphabet of the Kazakh language based on the Latin graphics. The government of Kazakhstan should create a National Commission for the transition of Kazakh alphabet to the Latin script, organize a phased transition to Latin graphics by 2025 and take other measures to implement this resolution, including organizational and legislative measures," the document says (Sydyknazarov, 2014, pp. 111-113).

In 2019, the president of the Republic of Kazakhstan was replaced, and the process of transition to Latin was slowed down. The main reason for this was that the new president of our country K.Zh. K.Tokayev noted that the reform of the Kazakh script should not be rushed. He stressed that it is necessary not to allow campaigning and haste in reforming the writing, but to reconsider this issue to scientists and expect a weighty opinion (kaz.inform.kz, 2019).

In 2020, President Kassym-Jomart Tokayev chaired a meeting on the transition of the Kazakh alphabet to Latin graphics: "The problem is not in the transition from Cyrillic to Latin, it means a large – scale reform of the Kazakh language. We must also take into account the financial issue. The work on the introduction of the Latin alphabet should be carried out gradually. In principle, it can be said that this graphics is designed for the younger generation. It is they who should see its benefits, first of all. Therefore, this process needs to be implemented in a planned way, gradually," again proposes to revise the process of transition to Latin (akorda.kz, 2020).

In the implementation of this instruction, scientists of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov revised the alphabet of the Kazakh language based on the Latin script, made changes in the composition of the alphabet, and suggested that it was improved.

In the transition of Kazakh alphabet to Latin, various views and scientific articles related to the reform are published among the Kazakh intelligentsia. Let's analyze a number of them below.

Timur Dadabaeva's article "Language policy in Kazakhstan: transition to the Latin alphabet" (2019) discusses the political reasons for the decision to switch to the Latin alphabet and its consequences for national identity and language policy in Kazakhstan.

Nargis Kasenova (2018) "Reforming the alphabet of Kazakhstan: a new step towards sovereignty?" the political context of the transition to the Kazakh alphabet and its relationship with the themes of sovereignty and national identity are studied.

Saule Khamzina's article "Language Policy and identity formation in post-Soviet Kazakhstan" (2018) analyzes language policy in Kazakhstan, including the transition to the Latin graphics, in a broader context of State Building and identity building. Aliya Sartbayeva (2018) in the research article "changing the alphabet in Kazakhstan: between panturkism and new writing" discusses the role of panturkism in making decisions on the transition to the Latin alphabet and its impact on national and regional identity.

Aliya Kozhabekova (2018) in her article "Discourse on language policy and language honesty in Kazakhstan" explores the socio-political dynamics and linguistic integrity associated with the transition period, which shows how different segments of the population perceive changes and respond to them.

Zhanar Nagaeva (2018) in the article "From Cyrillic to Latin alphabet: consequences for the Kazakh language and identity" examines the consequences of the transition to writing in the Kazakh language, paying special attention to linguistic aspects and how the new writing corresponds to the phonetics of the language.

Gaukhar Mukhametzhanova (2018) in her book "Romanization of the Kazakh language: is there a change in the system or uniqueness?" studies the social consequences of the transition to the alphabet, its impact on identity and communication within and outside Kazakhstan. And in a comparative study by Sanat Karimov (2019) "The transition of the alphabet in Kazakhstan and Uzbekistan: an analysis of

political discourse”, the political discourse associated with the transformation of the alphabet in Kazakhstan and Uzbekistan is analyzed, which gives an idea of political causes and consequences. KarlygashOralbayeva (20, 2019) in her article “Language Policy and the role of the state in Kazakhstan” considers the transition to the Latin alphabet and the role of the state in the formation of language policy.

In order to achieve the goals set in writing this work, methodological approaches were used that have found widespread application in social science. In particular, the historical method, the method of comparative analysis, the results of systematic, sociological research, content analysis, the historical method made it possible to identify the advantages and disadvantages of the analysis of the historical experience of the Turkic-speaking countries that have switched to the Latin alphabet so far. This, in turn, will make it possible to use in the practice of Kazakhstan the best examples of the Latinization policy of Turkic-speaking countries and not to repeat the shortcomings. The study, comparing the experience of Turkic-speaking countries, creates conditions for identifying similar aspects. Another emphasizing approach is that the method of content analysis of mass media helped to determine the direction of Kazakhstan's public opinion and classify them in connection with the transition to the Latin script. Develop and conduct surveys to collect quantitative data on the perception of the transition of the population to the new alphabet. We considered including questions related to personality, linguistic integrity and attitude to the Latin script in the questionnaire.

In addition, a linguistic analysis was carried out to study how the transition to the Latin alphabet affects the phonetics and morphology of the Kazakh language. The linguistic features of Cyrillic and Latin were compared.

The new version of Latin alphabet caused an ambiguous reaction from users and was actively discussed on social networks. Some users did not like the new alphabet and expressed the opinion that the version should be developed further. On February 19, Nazarbayev amended his first decree, replacing apostrophes with diacritical marks and digraphs. The deadline for completion of the transfer was approved as until 2025. Chairman of the MazhilisNurlanNigmatulin (2017) believes that the modern world is the world of the Latin alphabet. In his opinion, “The problem of changing the Kazakh alphabet did not arise by chance. This question has long been discussed in society by both professional philologists and public experts. The transition of the Kazakh language to the Latin script is a scientifically based process and includes a set of interrelated activities aimed at training teachers and various segments of the population, developing textbooks and teaching aids and transferring the office management and information space to the Latin alphabet. None of the stages can be ignored. The transition to the Latin script should be carried out dynamically, excluding incidents of haste and ill-conceived coercion,” he said. Some people rejected this project, but they said that the rejection of Cyrillic reduces the literacy of Kazakh language and popularizes Russian-speaking schools.

Others believe that these changes will weaken the position of the Russian language in Kazakhstan. The president noted that this transition will not affect the rights of Russian-language citizens in any way, since the use of the Russian language in Cyrillic will remain unchanged. The transition to the Latin graphics is a matter of time. However, we only realize this when we come into direct contact. For example, some time ago, Kazakhstan began to publish its own textbooks, and a lot of criticism was received. However, as practice shows, they are topical. Everything requires practice. This will take some time. Everything falls into place, and the same Latin alphabet is successfully implemented. Contrary to popular belief, Turkic languages sound more organically in Latin graphics than in Cyrillic due to the specifics of their phonetics. Most of the Kazakh citizens are in a positive state and are looking forward to new changes in the alphabet. They believe that it is important to move to attract attention in the modern world, where the majority of the population uses Latin graphics.

In order to teach the population the alphabet of the Kazakh language and the rules of spelling based on Latin graphics for free, a website will be opened "Alipbi.kz ". This site can be accessed through any Internet browser. Through the Website, you can get acquainted with the new alphabet and learn the rules of spelling.

References.

Kadyrzhanov, R.K. (2009). Alphabet choice is the choice of identity. *Izvestia NANRK. Series public science*, №5, 97-110.

Dathayev, U.M., Sayatova, A.S. (2018). The transition of Kazakh language to Latin graphics students-doctors speak “For”. <https://kaznmu.kz/press/wp-content/uploads>

Nazarbayev, N.A. (12.04.2017). Spiritual revival, orientation to the future. The newspaper "Egemen Kazakhstan".

Decree №657 on the transition of Kazakh alphabet from Cyrillic to Latin graphics. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000569>

Nurlanova, A.N., Chunkurova, Z.K. (2021). Effective ways of social adaptation of society to Kazakh alphabet based on Latin graphics <http://www.sibupk.su/science/research/mconfer>

New national Alphabet: modernization of the Kazakh script (2017). Book 1. Almaty.

Linguistic Decolonization? Exploring Kazakhstan's Switch from the Cyrillic to Latin Alphabet. (2020) <https://www.mironline.ca/linguistic-decolonization-exploring-kazakhstans-switch-from-the-cyrillic-to-latin-alphabet/>

Omirgazy, D. (2020). Kazakh alphabet: past, present and future <https://www.edgekz.com/kazakh-alphabet-past-present-and-future/>

Sydyknazarov, M.A. (2014). Latina in Kazakhstan: in the history of the country. Mangilik El. Scientific and historical journal, №1 (3), 111-113.

Tokayev, K. Zh.K. (2019). https://kaz.inform.kz/news/kasym-zhomart-tokaev-latyn-alipbiine-koshuge-katysty-pikir-bildirdi_a3596574/

Tokayev, K. Zh.K. (2019). https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/meetings_and_sittings/memleket-basshysy-kazak-alipbiin-latyn-grafikasyna-koshiru-maselesi-boiynsha-kenes-otkizdi

Dadabaeva, T. (2019). "Language policy in Kazakhstan: transition to the Latin alphabet".

Kasenova, N. (2018). "Reform of the alphabet of Kazakhstan: a new step towards sovereignty?".

Khamzina, S. (2018). "Language policy and identity formation in post-Soviet Kazakhstan".

Sartbayeva, A. (2018). "Changing the alphabet in Kazakhstan: between panturkism and new writing".

Kozhabekova A. (2018). "Discourse on language policy and linguistic integrity in Kazakhstan".

Nagaeva, Zh. (2018). "From Cyrillic to Latin alphabet: implications for the Kazakh language and identity".

Mukhametzhanova, G. (2018). "Romanization of the Kazakh language: is there a change in the system or uniqueness?".

Karimov, S. (2019). "The transformation of the alphabet in Kazakhstan and Uzbekistan: an analysis of political discourse".

Oralbayeva, K. (2019). "Language policy and the role of the state in Kazakhstan".

Nigmatulin, N. (2017). The transition to Latin is a foreign language. <https://rus.azattyq.org/a/28728209.html>

ӘОЖ 81.569.24

ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

ҚҰРМАНБЕКОВА АҚМАРАЛ ТІРБΟΣЫНҚЫЗЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, п.ф.м.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены лингвистические, педагогические, психологические основы методики письменной работы по казахскому языку и литературе и их значение в современной образовательной программе. Для реализации письменной деятельности во время урока описывались изучение текстов, коммуникативные упражнения, дискуссии, конспекты, диктант, рефераты, письменные произведения.

Summary. The article examines the linguistic, pedagogical, psychological foundations of the methodology of written works in the lessons of the Kazakh language and literature and the significance in the modern educational program. For the implementation of subscription activities during the lesson, the study of texts, exercises of a participial orientation, like-minded people, written works, such as exposition, dictation, essay, abstract, was outlined

Жазылым – тіл үйренуге қатысты қиын да күрделі жұмыс. Тілдік дағдылардың ішіндегі ең күрделі де, қызықтысы. Жазылым – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалының мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет [1].

Жазбаша сөйлеу ойларды жазбаша түрде білдіру қабілетін жүзеге асырады. Адам мәтіндерді жазуды немесе кез келген ақпаратты жазбаша түрде жазуды үйренбестен бұрын, ол белгілі бір дағдыларды-жазу техникасын міндетті түрде алады, содан кейін үнемі жаттықтырады, яғни әріптерді дұрыс жазу, оларды дыбыстық және визуалды бейнелерді қолдана отырып, сөздерге қосу дағдыларын жүзеге асырады [2,196.].

Жазылым біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы болып іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; бесіншіден, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асырады [1].

Әдіскерлердің қалыптасқан пікірі бойынша, жазылым үш бөліктен құралуы тиіс. Олар: Себеп-салдарлық; Аналитико-синтетикалық; Орындалымдық. Яғни жазылым әрекеті, біріншіден, белгілі бір әсерді екінші: адамға жеткізудің нәтижесінде ойға келеді, алдымен оның себебі пайда болады. Екіншіден, аналитико-синтетикалық кезеңде сөйлем құрылымы жасалады, сөздер бір-бірімен тіркеске түседі, сөздің қызметі мен орны белгіленеді. Үшіншіден, графикалық таңбалар арқылы жазбаша мәтін /текс/ пайда болып, жазу орындалады.

Жазылымның лингвистикалық ерекшелігі әріптік таңбадан бастап алфавитке дейінгі жазуды, тілдің дыбыстық жүйесін, жазылу ережесін, жазбаша сөйлеу үлгілерін қамтиды.

Жазылымның лингвистикалық мазмұнын белгілейтін мәселер мыналар: графика, орфография, жазып алу, жазбаша сөйлеу.

Бұл салада үйретілетін ең басты мәселе – жазылымның графикасы. Графика, яғни жазу таңбалары – жазу үшін қолданылатын барлық әріптердің таңбалық жиынтығы. Әріптік таңбалары екі түрде жазылады: баспатуінде және қолжазба түрінде.

Қазақ тілі графикасының ерекшелігі — әріптер қалай жазылса, солай оқылады және басқа тілден енген дифтонг /қосарланған/ дыстардан басқалары құрамына қарай бір таңба бір әріпті бір дыбысты көретеді. Жазуды меңгеруде лингвистикалық жақтан үйретілетін келесі мәселе орфография. Ол-белгілі бір сөзді әріптік таңбалар арқылы дұрыс жаза білудің ережесі. Мұндай ережені оқытпай тұрып, жазуды да тілді де сауатты меңгеру мүмкін емес. Жазып алу немесе қысқаша жазу-жеке сөздерді, сөз тіркесін бір-біріне мағыналық байланысы жоқ сөздер мен сөйлемдерді дұрыс жаза білу [3,56] Сол сияқты қысқаша тезистер жоспарлар қысқартылған сөздер мен ойларды белгілеп, жазып алуда осыған жатады.

Жазылымның психологиялық ерекшелігі – жазбаша тапсырмаларды дұрыс пайымдап, логикалық жағынан меңгеру және графикалық, орфографиялық дағдылар мен шеберлікті ұштау; Сонымен қатар жазба жұмысы тіл үйренушінің ойлау жүйесіне тиімді, есте сақтауға жеңіл болуға тиіс.

Жазылымның әдістемелік ерекшелігі – графика мен орфографияны, жазу мен жазбаша сөйлемді жетік білудің, Үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жазғызу, оқыту.

Жазылымның физиологиялық ерекшелігі – жазу кезінде дене мүшелерінің қимыл-қозғалысын дұрыс игеруді үйретуі.

Жазуды үйретудің басты алғышарттары:

Қазақ алфавитіндегі әріптердің таңбасын дұрыс жазуға үйрету, яғни каллиграфияны жете меңгеру [4]. Әріптік таңба мен фонеманың қазақ тілі жазуында алатын орны; Жеке тілдік единицалардың дұрыс жазылу ережесін білу. Қазақ тілі грамматикасына сәйкес сөз тіркестері мен сөйлемдердің байланысу заңдылықтары мен дұрыс жазылу ережелерін игеру. Ойды жазбаша жеткізудің ең қарапайым және қысқа түрін меңгеру.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады» - деген сөзі ізденімпаз мұғалімдерге айтылғаны анық. Бүгінгі оқушы ертеңгі маман. Бәсекеге қабілетті маман креативті ойлай алатын, таптауырынды ойдан алыстаған, кез-келген

тақырыпта өзіндік ой-пікірі бар, кез-келген жағдаятта сыни тұрғыдан қарап, ұтымды жауап бере алатын адам. Білім беру мазмұны өзгертіліп жатқан қазіргі заманда бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлау басты міндетіміз.

Қазақ тілін сауатты үйрету үшін оқушыларға берілетін жазба жұмыстарын дұрыс жоспарлаудың маңызы зор. Мұндай жазба жұмыстарына: жазбаша жаттығулар, қысқа мәтіндер, жүйелі жазба жұмыстары, жазбаша бақылау жұмыстары, диктанттың түрлері, жазбаша ойындар, іс-қағаздардың үлгілері. Бұл жұмыстардың бәрі арнайы зерттеуді қажет ететін мәселелер бола келіп, жалпы қазақ тілін терең үйретуге пайдасын тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://stud.baribar.kz/14650/zhazylym-2/>
2. Күдерінова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы: Елтаным, 2013. – 344 б.
3. Волков А..Типология алфавита, графики и орфографии: автореф. канд. фил.наук. – Москва: Наука, 1974. –30 с.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

UDK 81.373.73

IDIOMS IN THE ENGLISH LANGUAGE

ЖАЛМАГАМБЕТОВА АЙСАУЛЕ ИЗБАСАРОВНА

учитель английского языка средней школы №27 имени М.Маметовой
г.Тараза Республики Казахстан

МЫРЗАТАЙ НҰРАЙ ЕРЖАНҚЫЗЫ

ученица 6«Ә» класса средней школы №27 имени М.Маметовой
г.Тараза Республики Казахстан

Түйіндеме. Бұл мақалада ағылшын тіліндегі идиомалардың ролі мен мағынасы қарастырылады. Мағынасы сөзбе-сөз қолданудан асып түсетін идиомалар немесе сөз тіркестері мәдени тереңдікті көрсететін және экспрессивтілікті арттыратын ағылшын тіліндегі қарым-қатынастың ажырамас бөлігі болып табылады. Мақалада идиомалардың маңыздылығы қарастырылады, жалпы түрлері жіктеледі және олардың қолданылуын көрсететін мысалдар келтірілген. Идиомаларды түсіну және пайдалану арқылы оқушыларды еркін сөйлеуге қол жеткізе алады және ағылшын тілді мәдениеттер туралы тереңірек түсінік алады.

Резюме. В этой статье рассматривается роль и значение идиом в английском языке. Идиомы или словосочетания значение которых выходит за рамки их буквального употребления являются неотъемлемой частью общения на английском языке, отражая культурную глубину и повышая выразительность. В статье рассматривается важность идиом, классифицируются распространенные типы и приводятся примеры иллюстрирующие их использование. В ней также рассматриваются проблемы, с которыми идиомы сталкиваются при изучении языка и даются практические советы по естественному включению идиом в разговорную речь. Понимая и используя идиомы, учащиеся могут добиться большей беглости речи и получить более глубокое представление об англоязычных культурах.

Idioms in the English Language

Idioms, or phrases with meanings that differ from the literal definitions of the individual words, play a significant role in the English language. These expressions, known as idiomatic phrases, add color and depth to language, enriching conversation and making English more engaging. Understanding idioms is essential for anyone aiming to achieve fluency, as native speakers often use them in daily interactions. This article explores the nature, importance, and examples of English idioms.

The Importance of Idioms

Idioms are a significant part of English-speaking culture. They reflect cultural values, history, and common practices, giving insight into the experiences and mindset of native speakers. By understanding idioms, learners can more accurately interpret and express nuanced meanings, as idioms often convey ideas, emotions, and humor that go beyond literal language. For instance, a phrase like "break the ice" does not mean breaking physical ice but rather starting a conversation to ease tension. Such expressions add an additional layer of understanding and appreciation for the language and its speakers.

Types of Idioms

English idioms vary widely in their usage and context. Here are a few common types:

1. **Descriptive Idioms:** These phrases describe situations or people in vivid, often humorous ways. For example, "a piece of cake" refers to something that is easy to do, while "spill the beans" means to reveal a secret.

2. **Idioms with Animals:** English has numerous idioms that involve animals, often reflecting human characteristics. For example, "the early bird catches the worm" suggests that people who start early are more likely to succeed, and "let the cat out of the bag" means to reveal a secret unexpectedly.

3. **Idioms with Colors:** Colors in idioms often carry symbolic meanings. "Feeling blue" means feeling sad, while "green with envy" indicates jealousy. Such idioms allow speakers to convey emotions succinctly.

Examples of Common English Idioms

Here are some commonly used idioms and their meanings:

- "Break the ice": To begin a conversation in a way that makes people feel more comfortable.
- "Hit the nail on the head": To describe something accurately or to be exactly correct.
- "Burn the midnight oil": To work late into the night, especially studying or working hard.
- "When pigs fly": A humorous way to say that something will never happen.
- "Under the weather": To feel unwell or sick.

Origins of Idioms

The origins of many English idioms can be traced back to history, literature, or customs. For example, the phrase "the ball is in your court" originates from sports, specifically tennis, meaning that it is now someone else's responsibility to make a decision. Another example, "pulling someone's leg," meaning to joke or tease someone, is thought to have originated from street thieves in Victorian England who would trip victims to steal from them.

Challenges for Language Learners

For non-native speakers, idioms can be particularly challenging because they often make little sense when translated word-for-word. To "kick the bucket," for instance, translates literally as a strange action but actually means "to die." This discrepancy can make learning idioms frustrating, but mastering them is crucial for achieving fluency. Memorizing idioms in context, practicing them in conversation, and understanding their cultural background can help language learners feel more confident using them.

Using Idioms in Conversation

Incorporating idioms into conversation is an excellent way to sound more natural and fluent. For example, instead of saying, "I worked very hard last night," you could say, "I burned the midnight oil." The second sentence not only conveys the message but also makes it more engaging. Similarly, using idioms can make writing more vivid, giving readers a stronger sense of the writer's personality and perspective.

Conclusion

Idioms are a unique aspect of the English language that reflect its rich history and cultural diversity. While they can be challenging for language learners, understanding and using idioms effectively can greatly enhance communication skills. Whether speaking or writing, using idioms helps create connections, adds depth, and demonstrates a nuanced understanding of English. By embracing idioms, learners and native speakers alike can explore the fascinating blend of humor, wisdom, and cultural insight embedded in these expressions.

References

1. <https://skyeng.ru/articles/chto-vy-ne-znali-ob-anglijskih-idiomah/>
2. <https://cyberleninka.ru/article/n/angliyskie-idiomy-kak-obekt-perevoda>

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЕНГЕН СӨЗДЕРМЕН ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

МАСЕЛБЕК Ж.Ш.

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, “Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандарын даярлау” білім беру бағдарламасының студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ӨТЕБАЕВА Ш.Ш.

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің “Практикалық шетел тілдері” кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье исследуется влияние английских слов на казахский язык и роль иностранных языков в развитии казахского словаря.

Summary. The article examines the influence of English words on the Kazakh language and the role of foreign languages in the development of the Kazakh vocabulary.

Қазіргі заманда әлемдік байланыстардың кеңеюімен бірге тілдер арасында сөз алмасу үрдісі жеделдей түсті. Әсіресе ағылшын тілінің ғаламдық маңыздылығы артып, көптеген елдердің, соның ішінде Қазақстанның, тіліне де өз әсерін тигізуде. Ағылшын тілінен енген сөздер қазақ тілінің сөздік қорын байытып қана қоймай, сонымен қатар жаңа ұғымдар мен құндылықтарды жеткізуге көмектесуде. Алайда бұл үрдіс қазақ тілінің тазалығы мен оның ұлттық ерекшелігін сақтау мәселесін де алға шығарады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде шет тілдерінен енген сөздердің қазақ тіліне әсері күн санап артып келеді. Әсіресе ағылшын тілінен енген сөздер қазақ тілінің сөздік қорын толықтырып қана қоймай, грамматикасына, фонетикасына және сөзжасам жүйесіне де айтарлықтай ықпал етуде. Бұл құбылыс, бір жағынан, қазақ тілінің заманауи әлемдегі коммуникацияға бейімделуіне мүмкіндік беріп, халықаралық деңгейдегі жаңа ұғымдарды, технологияларды және мәдениеттерді түсіну мен қабылдауды жеңілдетеді. Екінші жағынан, шет тілдерінен келген сөздердің көптеп қолданылуы ұлттық тілдің кейбір дәстүрлі нормалары мен ережелерін өзгертеді, бұл тілдің бастапқы ерекшеліктеріне әсер етуі мүмкін.

Осы өзгерістер қазақ тілінің дамуына оң және теріс ықпалдарын тигізіп жатыр. Оң әсері ретінде кірме сөздердің жаңа ұғымдарды жеткізуге, ғылым мен технология саласында жаңалықтарды енгізуге көмектесетінін атап өтуге болады. Мысалы, IT, медицина, экономика салаларындағы көптеген ағылшын сөздері қазіргі заманғы қажеттіліктерді өтеп, қазақ тілінің ғылым мен техника саласындағы қызмет ету аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Ал теріс әсері ретінде шет тілдерінің көптігі мен жиі қолданылуы ұлттық тілді бірегейлігінен айыра бастауы мүмкін, кейбір сөздердің түпнұсқалық мағынасы жоғалып, тілдің табиғи дамуы баяулауы мүмкін.

1. Ағылшын тілінен қазақ тіліне енген сөздер

Ағылшын тілінен қазақ тіліне енген сөздер көбінесе ғылыми, техникалық, бизнес және мәдениет салаларында кездеседі. Мысалдар:

- Компьютер (computer) — қазіргі таңда күнделікті өмірде кеңінен қолданылады.
- Маркетинг (marketing) — бизнес саласында өнімдер мен қызметтерді нарыққа шығарудағы стратегияларды білдіреді.
- Интернет (internet) — ақпараттық коммуникацияның негізгі элементі.
- Гаджет (gadget) — заманауи техникалық құрылғылар.
- Смартфон (smartphone) — смартфондар мен мобильді құрылғылар.
- Класс (class) — білім беру жүйесінде сынып немесе сабақ мағынасында.
- Тренинг (training) — білім беру мен кәсіби дамыту мақсатындағы арнайы курстар.
- Сессия (session) — оқу жылының сынақ кезеңі.
- Блог (blog) — интернеттегі ақпараттық ресурс.

•Старт-ап (startup) — жаңа бизнес бастамасы.

2. Сөздердің қолданылуы

Ағылшын тілінен енген сөздер қазақ тілінің лексикасына қосымша мағыналар әкеледі.

Мысалы, “фейсбук” (Facebook) әлеуметтік желісі жастар арасында танымал, “онлайн” (online) сөзі интернетте болатын қызметтерді білдіреді.

3. Тілдің дамуында шет тілдерінің рөлі

Шет тілдерінің, әсіресе ағылшын тілінің, қазақ тілінің дамуындағы рөлі маңызды. Ағылшын тілінің ықпалының артуы:

•Лексиканың байытылуы: Қазақ тіліндегі сөздік қор жаңа терминдермен толығуда, бұл тілдің дамуында жаңа мүмкіндіктер ашады.

•Тілдік интерференция: Ағылшын тілінің грамматикалық құрылымдары мен синтаксисінің әсері қазақ тілінің сөйлеу стиліне ықпал етеді.

•Көптілділік: Халықаралық байланыстарды күшейту үшін қазақ тілінің ағылшын тілін қабылдауы мәдениетаралық коммуникацияның дамуына ықпал етеді.

4. Ағылшын тілінің ықпалына мысалдар

Ағылшын тілінен қазақ тіліне енген сөздер арасында әлі де көп мысалдар бар:

•Технология (technology) — ғылым мен техниканың дамуына байланысты қолданылатын термин.

•Дизайн (design) — заттарды немесе идеяларды жобалау процесі.

•Финанс (finance) — қаржы мен экономика саласында қолданылатын термин.

•Менеджмент (management) — басқару мен ұйымдастыру процесі.

•Клиент (client) — қызмет алушы немесе сатып алушы.

•Сервис (service) — қызмет көрсету.

•Бренд (brand) — өнімнің немесе қызметтің атын білдіреді.

•Курьер (courier) — хабарларды немесе тауарларды жеткізетін адам.

5. Әлеуметтік желілер мен интернеттің әсері арқылы тілге ағылшын сөздерінің енуі

Әлеуметтік желілер мен интернеттің дамуы қазақ тілінің сөздік қорына жаңа сөздердің қосылуына ықпал етті. «Лайк», «коммент», «пост», «сториз» сияқты ағылшын тілі сөздері әлеуметтік желілерде жиі қолданысқа еніп, қазақ тіліндегі терминологияны қалыптастыруға әсер етті. Бұл сөздер көбінесе түпнұсқа күйінде қолданылып келеді, бірақ кейбір жағдайларда қазақша баламалары да жасалып отыр. Осы сөздердің қазақ қоғамында кең таралуы әлеуметтік желілер мен интернеттің тілдік мәдениетке тигізетін әсерін көрсетеді.

6. Техника және IT салаларындағы ағылшын сөздерінің ықпалы

IT және технология саласында ағылшын тілінің ықпалы өте жоғары. Көптеген терминдер, мысалы, «программалау», «алгоритм», «сервер», «код» сияқты сөздер тікелей ағылшын тілінен алынған. Қазақ тіліне бұл терминдерді аудару кейде қиындық туғызады, себебі IT саласында ағылшын тілі негізгі байланыс құралы болып табылады. Сондықтан көптеген терминдер түпнұсқа күйінде қабылданып, тілге бейімделмей қолданылып келеді.

7. Білім беру саласындағы шет тілдерінің рөлі

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде ағылшын тілінің маңызы артып отыр. Әсіресе ғылым, математика, экономика салаларында ағылшын тілінен кірген сөздер қазақ тілінде жиі қолданылады. Бұл, бір жағынан, оқушылар мен студенттердің жаһандық білімге қол жеткізуін жеңілдетсе, екінші жағынан, қазақ тілінде оқытудың қиындықтарын тудырады. Мысалы, ғылыми жұмыстарда ағылшын терминдерінің қазақша баламаларын іздеу және қолдану қажеттілігі туады.

8. Жаңа сөздер мен қазақ тіліндегі жастар сленгінің қалыптасуы

Жастар арасында ағылшын тілінен енген сөздер ерекше орын алады. Жастар сленгіне ағылшын сөздері белсенді түрде еніп, жаңа түсініктер мен ұғымдарды жеткізу құралы ретінде қолданылады. Мысалы, «хайп», «челлендж», «фейк» сияқты сөздер жастар арасында жиі қолданылады. Бұл құбылыс қазақ тілінің дамуына және жастардың тілге деген көзқарасына жаңа сипат береді.

9. Қазақ тілінің грамматикасына шет тілдерінен енген сөздердің әсері

Ағылшын және басқа да шет тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің грамматикасына әсер етуде. Мысалы, кірме сөздердің қазақ тілінің септелу жүйесіне бейімделуі қиындықтар тудыруы мүмкін. Кейбір ағылшын сөздері түпнұсқа түрінде қолданылып, қазақ тіліне тән жұрнақтар қосылып септеледі («пост-қа», «лайк-қа»). Мұндай үрдіс тілдің грамматикалық құрылымына жаңа

ережелер енгізуі ықтимал, бірақ кей жағдайда қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Қорыта келе, шет тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің дамуында елеулі рөл атқарады және олардың орынды қолданылуы ұлттық мәдениет пен тілді байытуға септігін тигізеді. Осы бағытта ғылыми зерттеулер жүргізу, ағылшын тілінің қазақ тіліне тигізетін әсерін жан-жақты талдау және тілге кірме сөздерді қабылдау барысында қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін сақтауға мән беру — заман талабы. Текосы жолмен ғана біз қазақ тілін дамытамыз, ұлттық тілдің бірегейлігін сақтап, оны болашақ ұрпақтарға толыққанды жеткізе аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тілтағылымы. – Алматы, 1992. – 445 б.
2. Қызырова Ә.М. Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі. – диссертация авторефераты, Алматы, 2007.
3. Брейтер М.А. Ағылшын тілінен келген кірме сөздерінің тарихы. – Владивосток, 2004.
4. Булич С.К. Заимствованные слова и их значение для развития языка. — XV т. — Варшава: Русс. филол. вестн., 1886. — 26.
5. Крысин Л.П. Иноязычные слова в современном русском языке. — М.: Наука, 1968. — 18

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ

ӨОЖ. 37.458.22

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

ОМАРОВА Г.Д.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Шу ауданының білім бөлімінің Ахмет Байтұрсынұлы атындағы гимназияның
бастауыш сынып мұғалімі, зерттеуші, Қазақстан Республикасы,
Жамбыл облысы, Шу қаласы

Резюме. В этой статье рассматривается исследование лексикона учеников начальных классов.

Summary. This article discusses the study of the lexicon of primary school students.

Әдетте балаларға өзіндік сөйлеу әрекеті тән. Кейбір идеалистік бағыттағы психологтар Д.Элиасберг, Э.Клапаред, К.Бюлерлердің пікірлері бойынша, баланың сөйлеу әрекеті бірден пайда болады. Өз тіліндегі сөздік қорға қанағаттанбаған екі жасар бүлдіршін өзінше тілдесуге қажет сөздер ойлап табады. Ол сөздер тек өзінің айналасындағы аз ғана ортаға түсінікті болады [1,226.]. Бұл теорияның тиянақсыздығы кезінде Ф.И.Фрадкина, Т.Е.Конникова, Г.Л.Розенгарт-Пупко тәрізді кеңестік психологтардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде дәлелденген болатын. Бұлардың зерттеуінде баланың жаңа сөздерді үйрену, тілінің дамуындағы бірден-бір қажетті нәрсе – үлкендерге еліктеу, олардың айтқанын қайталауға ұмтылу екендігі айтылған. Үлкендермен қарым-қатынас жасау баланың тілін тез дамытады. Оның түсінетін және айта білетін сөздік қорының дамуы үлкендермен және өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына байланысты. Ол үлкендерден көмек сұрауы, өз ойын жеткізгісі келуі т.б. мүмкін. Немесе үлкендердің сұрағына жауап берумен қатар, өзі де сұрақ қоя бастайды. Ол алғашқы мынау не? мынау қалай аталады? секілді сұрақтары арқылы үлкендердің өзіне назар аударуына жағдай туғызады. Әрбір сұрағына тиісті жауап алу арқылы бала әрбір заттың, нәрсенің өзіне тән атауы бар екендігін пайымдайды. 1 жыл 8 ай – 2 жастан кейін баланың сөздік қоры жедел дамиды. Егер 1,5 жастағы баланың сөздік қоры 18-25-тен аспаса, 3 жастан кейін ол 1000-1200 сөзге жетеді. Мұның ішінде сөздік қордың басым бөлігін зат есімдер (60%), етістіктер (25-27%), сын есімдер (10-12%) құрайды [2,286.].

Н.А.Рыбников, Н.А.Менчинская, А.Н.Гвоздев секілді зерттеушілердің айтуы бойынша, 1 жыл 6 айдан 2 жыл 6 айға дейінгі жас кезеңінде баланың сөздік қорындағы зат есімдер саны 4 есе, етістіктер 8 есе, сын есімдер 5-6 есе өседі. Сонымен бірге жоғарыда аталған ғалымдар әрбір жас кезеңіндегі сөздік қордың қалыптасуындағы балалардың өзіндік ерекшеліктері мен сөздерді қабылдау және қолдану ерекшеліктеріне де баса назар аударады [2, 286.]. Ал баланың алғашқы грамматикалық формаларды, яғни сөйлемдегі сөздердің өзара байланысын меңгеруге бейімделуі жалпы динамикалық стереотиптің қалыптасу заңдылығы негізінде жүзеге асады. Әртүрлі заттар мен құбылыстар арасындағы түрліше қатынастарды білдіретін грамматикалық құрылымдар баланың бойында әңгімені тындау және қайталау барысында қалыптасады, әрі жетіліп отырады.

Қазіргі кезеңде ғалымдар сөзді екі тұрғыдан қарастыруда. Біріншісі – сөйлеу процесі тұрғысынан, екіншісі – сөздің құрылысы тұрғысынан. Қандай да тіл меңгеру үшін ең алдымен сол тілдің сөздік қоры болу керек. А.М.Шанский бұл турасында: «Всякий язык – это язык слов, поэтому овладение языком требует прежде всего определенного словарного запаса» – десе, А.И.Смирницкий: «Не случайно человеческий язык нередко называет языком слов: ведь именно слова, а их общей совокупности, как словарный состав языка является тем строительным материалом, без которого немислим никакой язык», - деп, сөздік қорсыз ешқандай тіл болмайтындығын айтқан.

Сондықтан сөздің қатысым әрекетінде басты тұлға екендігін ескере отырып, оны тіл салаларымен байланыста қарастыру қажет. Себебі, тіл салаларының өзара байланысын қазақ тілін оқыту барысында ұтымды және орынды пайдалану – тілдің оқытудағы негізгі мақсатқа жету жолы.

Қазақ тілін оқытудағы басты мақсаттарының бірі – тілдің оқушының қарым-қатынас құралы ретінде дұрыс қолдануына айналдыру. Мұндай мақсатқа жету үшін оқушыларда сөйлеу дағдысы болу керек. Оқушының сөйлеу дағдысы оның сөздік қорының болуына, грамматикалық бірліктерді бір-бірімен байланыстыра алуына және оны сөйлемде, мәтінде дұрыс қолдана білу дағдылары мен икемдіктеріне байланысты. Бұл – тіл ғылымының түрлі салаларының өзара байланыста болған жағдайда ғана жүзеге асады. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларының сөздік қорын молайту жұмыстары басты тұлға ретінде сөзді алып қарастырып, оны грамматикалық көрсеткіштерімен байланыстыра беру қажет. Сөз арқылы тіл салалары бір-бірімен байланыстырылады. «Будучи связанным с разными уровнями языка слова скрепляет, цементирует общезыковую системность». Сөзді қатысым әрекетінде, сөйлеу процесінде Ф.Оразбаева «Сөйлеу процесіндегі сөздің ерекшелігі – ол объективтік шындыққа, өмірге байланысты ұғымдарды сананың қабылдауы нәтижесінде ойды білдіретіндігін» қарастырып, оның мынадай қасиеттерін:

1. Сөз – адам санасында бейнеленген ұғымының жарыққа шығуын қамтамасыз етеді;
2. Сөз – басқа қатысымдық тұлғалардың жасалуына ұйытқы болады;
3. Сөз – өмір шындығын нақтылы мағына арқылы түсіндіре келіп, адам ойының екінші біреуге жеткізілуіне әсерін тигізеді;
4. Сөз – адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыруға негіз болатындығын көрсете келіп, сөзді қатысымдық тұлғаларының ішінде басты тұлға: «Демек, сөз мағынаны, ұғымды, сезімді, ойды білдіре келіп, тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырушылардың барлығына аса қажет қатысымдық тұлға» болып табылады, – дейді.

Демек, бастауыш мектеп оқушыларының сөздік қорын молайту кезінде оқушылардың сөйлеу, жазу дағдыларын қалыптастыруды сөздің қатысым іс-әрекетіндегі ерекшеліктері мен қызметіне сүйене отырып жұмыстар жүргізу қажет.

Сөз – ғалымдардың пікірлерінше, мағына мен дыбыстардың бірлігінен тұратын тұлға. І.Кеңесбаев: «Сөз – дыбыстар мен мағынаның тұтастығы, ақиқат заттың, құбылыстың жиынтық атауы» – деп, сөзді ұғым тұрғысынан таныса, Ә.Болғанбаев сөзді сөздің номинативтік мағынасы тұрғысынан: «Сөз – дыбысталу мен мағына бірлігінен тұрады. Әрбір сөз белгілі бір құбылыстың аты», – деп таниды. М.Оразов сөздің болуы тарихи-әлеуметтік тұрғыдан шартты байланысты негізінде туындаған деп есептейді: «Сөз дегеніміз мағына мен дыбысталудың тарихы, әлеуметтік шартты байланысы».

М.Белбаева сөзді «ұғымдардың жиынтығы» деп есептейді: «Сөз – ұғымдардың жиынтығын бейнелейді». Ғалымдардың барлығы сөзді «дыбыстар мен мағынаның» бірлігі тұрғысынан таниды.

Сонымен, сөз дыбыстардың тек жиынтығы емес, белгілі бір ретпен айтылған дыбыстар мен мағынаның жиынтығынан тұратын күрделі тілдік тұлға. Сөздің екі компонентінің (дыбыстар мен мағына) қайсысының болса да маңызы, қызметі айрықша. Дыбыстар болмаса сөз болмайтындығы белгілі, бірақ құр дыбыстар жиынтығы мағынаның қызметін атқара алмайды. Тілдің қызметі – ойды білдіру, пікір алысу, яғни қарым-қатынас құралы. Тілдік қатынас әрекеті дыбыстарсыз-ақ жасала береді (жазу арқылы). Бірақ сөздің мағыналық реңі болмаса ашқандай қатысым әрекеті жасалынбақ емес. Сондықтан сөзде мағына басты қызмет атқарады да, дыбыстар оның сыртқы қабыршығы болады.

Бұл туралы Ф.Оразбаева: «Сөз екі түрлі компоненттен құралады: оның бірі – сыртқы дыбысталу формасы, екіншісі – ішкі мағыналық мазмұны, мағына. Мағына жоқ жерде дыбысталу өздігінен сөз бола алмайды», – десе, Е.А.Суприн мен А.П.Клименко: «Можно рассматривать значение как одну из стороно слова. Это стороно осознается как необходимая часть слова. Слов без значения в естественном языке не существует, только соединение звучание и значение делает слово словом», – дейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А.Қ. Қазақ тілі статистикасы. – А., 2005. –208б.

2.Құсайынов А.Қ., Асыллов Ү.Ә. Оқулықтану өзекті мәселелері.—Алматы, 2000.—192б.

3.Қалыбеков Б.Е. 1950 жылдардағы бастауыш сынып оқулықтарының лексикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымының статистикасы. —Алматы, 2004.—151б.

ӘОЖ. 373.122.11

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ДАЛИЕВА ЭЛЬМИРА ХАСЕНОВНА

№44 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

МЕДЕТ ҚАЗЫНА

№44 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының 11 сынып оқушысы,

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматриваются эффективные способы использования новых технологий в обучении казахской литературе.

Summary. The article discusses effective ways to use new technologies in teaching Kazakh literature.

Қазіргі заман талабына сай педагогика ғылымының лексиконында жаңа технологияларды оқыту ұғымы көп қолданылады. Өмірдің ағымымен қоғамдағы саяси-әлеуметтік қарым-қатынас дамыған сайын, бүкіл дүние жүзінде мемлекетаралық интеграция күшейген сайын ұстаздың қызметі қиындай береді. Соған қарамастан кез-келген мұғалім өз кәсібінің шебері болуы үшін оқыту әдіс-тәсілдерін түрлендіруге тырысады. Бұл, әрине сабақта жаңа технологияларды қолданудың тиімді жоларына байланысты.

Атақты педагог Қ.Бітібаева былай дейді: «Мақсатым – сабақты қызу еңбекке құру: сабаққа оқушыларды тыңдаушы дәрежесінде емес, еңбек етуші, білімді өз еңбегімен алушы (білімді өз еңбегіне қарай алушы) дәрежесінде қатыстыру. Олар – пікірайтушылар, қызу айтысқа қатысушылар, көркем шығармаға деген өз көзқарасы, эстетикалық талғамы қалыптасып келе жатқан азаматтар. Сол себепті де оларды сабақта үнемі іздендіріп отыруды мақсат етемін» [1]. Баланы ізденушілікке жетелейтін ұстаздың әр сабағы тұнып тұрған жаңа технологиялар. Кез-келген мұғалім өз кәсібінің шебері болуы үшін оқыту әдіс-тәсілдерін түрлендіруге тырысады. Бұл, әрине сабақта қолданатын технологиямен байланысты болады. М.В.Клариннің пайымдауынша, педагогикалық технология – педагогикалық мақсаттарға жетуге қолданылатын барлық жекелік инструменталдық және әдістемелік құралдарының жүйелі жиынтығы және қызмет жасаудың реттілігі [2,32 б.].

Мұғалімдердің осы технологияларды түрлендіруі үшін және ең ыңғайлысын, пайдалысын үйрету үшін білім беру жүйесінде сан алуан жұмыстар жүргізілуде. Соның бірі – оқытудың Кембриджтік бағдарламасы. Бағдарламаның негізгі міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесі және кәсіби шеберлігімен өзара байланыста қарастырылады [3,49 б.].

Қ.О.Бітібаева өзінің «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты мұғалімдерге арналған еңбегінде былай дейді: «Әдебиет пәнінің ерекшелігі сол – ол оқушының жүрегіне, сезім қылына әсер етуі керек. Әдебиет мұғалімі сабақта белсенді түсіндіруші, белсенді хабаршы ғана емес, ол ең алдымен өзінің алдында адам, азамат, болашақ қоғам орнатушылар отырғанын, олардың өз сезімі, өз ой-пікірі бар екенін сезінуі керек...» [1].

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға

сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Сабақты жаңашыл үрдіспен өткізу-оқушылардың білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытып отырады, ал педагогтар үшін кәсіби шеберліктерінің өсуіне жәрдемдеседі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Дәстүрлі сабақтар мен бүгінгі тәжірибем негізінде өткізілген сабақтарды салыстыра отырып, төмендегі айырмашылықтарды байқадық. Дәстүрлі сабақтар үрдісіндегі мұғалімнің әдістері мен оқушының іс-әрекетін жеке-жеке сараласақ, мұғалім тақырыпты өзі түсіндіреді, тақырыпты талдайды, оқушыларға әр түрлі тапсырмалар беріп отырады. Ал, оқушы мұғалімнің айтқанын қайталайды, түсінгенін айтады, тапсырманы жеке орындайды. Кембридж бағдарламасындағы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулін енгізген сабақтарымда мұғалім оқушылардың сыни ойлауын дамытатындай тапсырмаларға бағыттайды, ал оқушылар болса өз ойларын еркін айтып, пікірлерін қорғауға, кез-келген мәселеге сыни көзқарасын білдіре алатынын аңғардым. Осы салыстырудан сыни тұрғыдан ойлаудың негізгі қағидаларының шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталғандығын көреміз.

Сабақтардың барлығында да АКТ, диалогтік оқыту, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулін қолданып отырамыз және бұның қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына оңтайлы екенін ұғындық. Александрдің «балалар күннен-күнге қолжетімділік артып кележатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуы керек» деген пікірін негізге ала отырып сабақ жоспарларыма осы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулін енгіздік [3,51б.].

Бұл, бізге сабақтарымызды жүйелі жоспарлауға және тізбектелген сабақтар топтамасын құруға көмектеседі. Сондай-ақ оқушылар еркін сөйлеу, өз ойларына шықайта білу, бір-бірінің пікірін тыңдау және бағалауға үйретеді.

Мектептегі тәжірибелер бойынша тақырыптарды меңгертуде сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің ассоциация, ЖИГСО, Венн диаграммасы, екі жақты күнделік, синквейн, түртіп алу, кластер, соңғы сөзді мен айтамын, еркін жазу, автор орындығы әдістерін пайдалану өте тиімді. Сондай-ақ, өзара пікір алысу, талдау, талқылау туғызу үшін сабақтарымызда топтық жұмысты ұйымдастыруға және топқа бөліп оқытуда әр сабақты тақырыптарға сай түрлендіруге болады.

Топтық тапсырмаларды беру кезінде топ арасында қызу пікірталас, түрлі сыни ойлар тудыру-мұғалімнің шеберлігі. Мен мұны «Шәкәрім шыңына» шығу әдісін қолданғанда байқадым. Шыңға жету үшін топтар бірнеше сатылардан өткерек болды. Бірінші саты Шәкәрімнің Абай ұрпағы екендігін дәлелдеумен басталды, әр топ Абай мен Шәкәрім арасындағы туыстықты өзінше дәлелдеп берді. Әр сатының тапсырмалары әртүрлі болды:

«Жастарға» өлеңін оқыды, тақырыбы мен идеясын анықтады, сөздік жұмысын жүргізді, өлең құрылысына талдады, көркемдік ерекшелігін айқындады. Барлық сатыда да топтардың басымдығы өзгеріп отырды, олар Абай мен Шәкәрім арасындағы сабақтастықты аша білді.

Сабақта көркем шығарманы өткенде балаға шығарманы оқыту үшін Қ.Бітібаеваның жобалау технологиясын қолайлы деп санаймыз. Қазіргі кезде «бала кітап оқымайды» деген мәселе көтеріп жатқан кезде бұл технологияның маңызы өте зор. Яғни, «Қисынды жобалау» технологиясы бойынша білім алушы шығарманы сызбаға түсіру үшін оның мазмұнымен толық танысуы керек болады. Оқымаған жағдайда әрине, талдау өте қиын. Бұл жерде бала пікірін дәлелдеу басты роль атқарады. Дәлелдеу арқылы баланың «мені» қалыптасады.

Қ.Бітібаеваның пәнді оқыту технологияларының құрылымын мына жүйеде қарастыруға болады:

1. Проблемалық ситуация қою технологиясы. Ұстаз тақырыптық жоспар құра отырып, жоспарлы тапсырмалар жүйесін жасайды. Бала өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, практикалық жұмыстарды жасап үйренеді.

2. Жеделдетіп оқыту технологиясы. Алдын-ала тапсырмалар жүйесінен тезис жасап, жоспарлау. Әртүрлі сабақ түрлерін де ұйымдастыруға болады: семинар, дискуссиялар, пікірталас сабақтары, т.б.

3. Ұжымдық оқыту технологиясы. Графикалық тұжырымды сұрақтар ойластырылады. Сабақ түрлері де топтық жұмыстарға негізделеді.

4.Шығармашылық жұмыстарға баулу технологиясы. Іздендіруші тапсырмалар жүйесін құрып, қарсы пікір жазып, дәлелдеуге баулу. Ғылыми-конференция сабақтарын ұйымдастыруға болады.

Қ.Бітібаеваның «Ұстаз-бастаушы, үнемі бағыт-бағдар беруші болу керек» деген сөзі жадымда сіңіп қалғаны соншалық, Хан-апамыз айтқандай, «баланы қорқытып-үркітіп керек емес, рульді баланың өзіне беру керек» деп санаймын. Жалпы, білім алушыны үнемі ізденіс үстінде көргісі келген оқытушының алдына қояр мақсат-міндеті нақты болу қажет.

Осындай сабақтар барысында оқушылар өздерінің, бір-бірінің ой-пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа тың идеялар туғызады. Сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар мұндай сабақтарда оқудың қызықты әрі жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын түсінді. Сыни ойлауға үйретудің, АКТ, диалогтік оқытудың осындай ерекшеліктерін ескере отырып, болашақта әріптестеріме де осындай жаңа әрі қызықты идеялардың тууына мүмкіншілік беретін әдістерді өз сабақтарына енгізуге мүмкіндіктер жасауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қ.Бітібаева. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. Алматы «Рауан», 1990.
- 2.Бітібаева Қ. Ғылыми жұмысқа баулу. Оқу-әдістемелік құрал, Алматы, 2012ж.
- 3.Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012ж

ӘОЖ: 37.012.31

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫН ОҚЫТУ

МИРЗАХАЛЫКОВА М.Ш.

Ш.Смаханұлы атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Талас ауданы

МИРЗАХАЛИКОВА К.М.

№6 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. В этой статье рассматривается методика преподавания казахского народного фольклора для учащихся начальных классов.

Summary. In this article teaching methods about national Kazakh folclor for pupils in pre-intermediate classes are analyzed.

Бастауыш сынып оқушыларының еліне, туған жеріне, табиғатына сүйіспеншілік сезімі мен талғамын, ата-бабаларымыздың сан ғасырлық қазынасы – қазақ балалар фольклорына қызығушылығын арттыра отырып, олардың бойында рухани мәдениеті жоғары адам тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің бірі болып отыр.

Бастауыш сынып оқушыларының бойында рухани-ұлттық дүниетанымын қалыптастыру және қазақ фольклоры туралы білім беру, олардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне, әртүрлі іс-әрекеттегі көрсеткен білім сапасына сай жүргізілуі тиіс. Бастауыш сынып оқушылары балалар фольклорын орынды қолдану арқылы тереңірек қабылдауға бағыт алады, мазмұнын түсініп қана қоймай, ертегілер мен әңгімелердегі жарқын, бейнелі сөздерді естеріне сақтап, кейіпкерлерге деген өзінің пікірі мен көзқарастарын білдіруге тырысады [1].

Балалар фольклоры деген ұғымның ауқымы кең. Бұған ауыз әдебиетінің көптеген жанрлары мен жанрлық түрлері жатады. Балалар фольклорының арнайы сала болып бөліну себебі оның өзіне тән көптеген ерекшеліктерінің болуында. Халқымыздың балалар фольклоры жанрлық құрамы жағынан сан салалы, олардың атқаратын қызметі де түрліше. Зерттеу еңбектерде оларды

үлкендердің балаларға арнап шығарған, бірақ негізінен балалардың репертуарында сақталған шығармалар және балалардың өздері таратқан өлең-жырлар деп екіге бөлу қалыптасқан. Балалар фольклорының халық педагогикасымен тығыз байланысты. Балалар фольклорының үлкен бір саласы - ойын өлеңдері. Тілі шығып, сөйлей бастағаннан, кәмелетке толып, есейген шағына дейін баланың жасына лайықты сан түрлі ойын ойналған. («Саусақ санау», «Қуырмаш», «Бес саусақ», «Соқыр теке», «Кім ұшты?», «Қаламақ», «Сұрамақ» т.б.). Балалар фольклоры балалардың ойын ұштап, қиялына қанат беріп, әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеп қана қоймайды, сонымен бірге тапқырлыққа, шешендікке де баулиды [2].

Балалар фольклоры – халық фольклорының арналы салаларының бірі. Ол халықтың дәстүрлі бала тәрбиесінің негізінде туып қалыптасқан, ауқымы кең көркем шығармалар шоғырынан тұрады. Мазмұны ғибратты, тілі көркем, жеңіл жатталатын, ғасырлар бойына халық даналығына, тәжірибесіне суарылған Қазақ балалар фольклорын балалардың мінез-құлқын, көркемдік талғамын танытатын, шығарма қуат көзін ашатын асыл мұра. Ол өзінің бала табиғатына лайықтылығымен, жүйелілігімен, өнегелі мазмұнымен, ойнақы жеңіл түрімен, нәрлі тілімен балалардың рухани азығына айналған тәрбие қайнары болып табылады. Қазақ балалар фольклорын шығу тегі мен орындаушыларына қарай – үлкендер тарапынан балаларға арналып айтылатын және балалардың өздері орындайтын шығармалар болып екі топқа бөлінеді. Алғашқысының қатарына бесік жыры, маусымдық жырлар, мәпелеу жырлары, жұмбақ, жаңылтпаш, т.б. шығармалар жатса, соңғысы қаламақ, санамақ, сұрамақ, тақпақ, т.б. балалар өлеңдерін қамтиды. Сонымен қатар, Қазақ балалар фольклорын ірі-ірі төрт арнаға жіктеп қарастыруға болады. Олар: 1) әлпештеу поэзиясы. Әлпештеу поэзиясына жататын жырларды шығарушылар да, орындаушылар да – ересектер. Ол жырлар сәбидің шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап оны бағып-қағуға арналған түрлі салт-дәстүрлерді сүйемелдейді, ата-ананың, қалың жұртшылықтың сәбиге деген сүйіспеншілігін, арман-тілегін, халықтық идеалды жыр тілімен өрнектейді. Бөбектің денінің сау, ауру-сырқаудан аман, ширақ болып өсуімен қатар, ең бастысы, оның рухани жетілуіне қызмет етеді. Бұлардың өзі мазмұны мен атқаратын қызметіне қарай бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жыры, уату-алдарқату жыры деп іштей төрт түрге жіктеледі; 2) Жеткіншектер жыры. Бұл топқа балалардың өздері шығарып, өздері айтатын және ересектер фольклорынан ауысып, балалардың орындауына көшкен жырлар жатады. Ол әлпештеу жырларынан кімдер орындайтындығымен ғана ерекшеленбейді, поэтик. құрылымымен де, атқаратын қызметімен де, тақырыптық, мазмұндық жүйесімен де ажыратылады. Бұл топқа балалар мен ересектердің орындауында қатар өмір сүріп келе жатқан наурыз жыры, жарапазан, маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдер, тақпақ, сұрамақ, қызықтама, өтірік өлең, мазақтама сияқты өлең-жырларды топтастыруға болады; 3) Ойындық фольклор. Мұның қатарына балалар ойыны кезіндегі ойынға шақыруға ойынды бастауға, оны жүргізуге қызмет ететін өлеңдер (қаламақ, санамақ, т.б.) мен өлең ойындарды (тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар айтысы) қосуға болады. Жалпы, балалар фольклорына тән шығармалардың барлығында ойындық белгілер болатыны сөзсіз, бірақ ойындарға арналған балалар фольклорына жататын туындыларда, бұл сипат ерекше басым көрінеді, оларда ойынға тән драматизм мен қимыл-әрекет, динамизм күшті. Ойынға шақыру өлеңдері, қаламақ, санамақ, ойын ішіндегі өлеңдер тікелей балалар ойындарымен бірге өмір сүрсе, халық арасында кең тараған жұмбақ, жаңылтпаштар, тәжікелесулер сөз арқылы ойналады; 4) Балалар тіршілігінде қара сөзбен айтылатын балалардың прозалық фольклоры. Балалар күнделікті өмірде ересектер аузында айтылатын магиялық фольклордан бастап, аңыз-әңгімелерге дейін үйреніп, жаттап, соларға еліктеп айтып жүреді. Солардың ішінде әсіресе, ертегілердің алдыңғы орында тұратыны белгілі. Бірақ сәби, жеткіншек жасындағы балалар ертегілердің барлығын игере бермейді. Ол балалардың жас ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырады. Сондықтан балалардың прозалық фольклорының қатарына оқиғасы жеңіл, шағын да тартымды, тілі жатық тізбекті ертегілерді, себептік мифтерді, үрейлі әңгімелерді, кейбір батырлық аңыздарды жатқызуға болады [3].

Халқымыз бала тәрбиелеуде баланың жан дүниесінің қалыптасуына, өмірдің сұлулығын әсемдік тұрғысында түсіне білуге, рухани марқаюына ұйытқы болатын шығармалар өзінше арна түзеді. Мұны фольклор ілімінде «балалар фольклоры» деп атайды. Бұл тіркес халық әдебиетінде балаларға арналған өлең-жырдың бар екендігін ілкі зерттеушілердің ешқайсысы жоққа шығармайды. Фольклор жанрындағы балаларға арналған шығармалар легі, олардың көңіл-күйіне

тез әсер етіп, олардың есту және сезу қабілетін, эстетикалық талғамын дамытады, әдемілікке деген көзқарасын байытады.

Сондықтан да балалар фольклоры- қарапайым да нәзік, күрделі де қызық әлемнің көркем дүниесі. Айналамыздағы қоршаған орта, өмірдегі түрлі құбылыстарды балалардың ересектерден мүлде басқаша қабылдайтынын, балалар өмірі ересектер тұрмысына тәуелді болса да өзінше бір кіші әлем құрайтынын дана халқымыз ертеден-ақ ескерген.

Балалар фольклоры жанрларының тәрбиелік мүмкіндіктері мол. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқығанын кейінгі ұрпаққа мирас етіп қалдырған. Бастауыш сыныпта оқу-тәрбие үрдісінде фольклор жанрын пайдалану баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қоймай сонымен бірге эстетикалық тәрбие алуда олардың эстетикалық ляззат алуына, көркемдікке, әсемдікке тәрбиелейді.

Ғалымдар арасында «балалар фольклорына» тек балалар айтып, өздері орындайтын, бүлдіршіндер арасында ғана өмір сүретін шығармаларды енгізейін десе, бірқатар зерттеушілер балалар фольклорына тікелей бала тәрбиелеуге қатысты барша шығармаларды жатқызу шарт, сондықтан оған үлкендердің балаларға арнап айтатын туындылары да енеді деп пайымдады. Жалпы бүлдіршіндер мұрасының өзіндік табиғатының аса күрделілігі де бар. Біздіңше, балалар іштей саралауда назар аударып, есте ұстайтын шарттар мыналар: Шығармаларды кім шығарып, кімдердің орындайтындығы және қалай орындайтындығы. Мәселен, бесік жырын ата-аналар шығарып, негізінен солар орындайды. Көптеген шығармалар балаларға байланысты әдет-ғұрып, салттар негізінде болып келеді. Ал, мазақтамаларды балалар өздері шығарып, өздері орындайды. Осыған орай, бұл шығармалар түрлі топтарға жүктелмек; Ал келесі ескертетін мәселе – шығармалардың атқаратын қызметі. Бұл шарт балалар фольклорын іштей саралауда маңызды міндет атқарады. Мәселен, бесік жырын да, алдарқату жырын да ересектер орындайды, бірақ екі шығарманың атқаратын міндеті екі басқа. Бірі-баланы тыныштандырып, ұйықтауды мақсат етсе, бірі алдандырып, көңілін сергітуді мұрат етеді. Немесе, тақпақ пен ойындардың қай-қайсысын болмасын балалар өздері орындайды, бірақ шығармалардың міндеті әртүрлі; Шығармаларды саралауда балалардың жас ерекшеліктерін ескерген жөн. Тағы ескертетін негізгі шарттарының бірі-шығармалардың поэтикасы. Яғни, балалар шығармасының, тақырыптық, мазмұндық, сөз саптасына, тіл кестесіне көңіл аударған жөн. [4].

Қорыта келгенде халықтық педагогика көптеген ғасырлар бойы, тіпті жазу-сызу пайда болғанға дейін де қалыптасып, дамып отырды дедік. Оған оның тамаша идеялары мен дәстүрлерін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде халықтың ауызекі шығармашылығы айрықша рөл атқарады. Ол – халықтық педагогикада балалар мен ересектер тәрбиесінің таптырмайтын құралы, әдіс-амалы, тәсілі, белгілі ережелері мен әдет дағдылары болды; құнды адамгершілік қасиеттерін (қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық, бауырмалдық, туыстық, достық, жолдастық сезім, туған жерге, елге сүйіспеншілігін, ұлттық намыс, ата-баба дәстүріне сыйластық көзқарас, отансүйгіштік, интернационалдық көзқарас т.б.); психологиялық-эмоционалдық қасиеттерін (болмыстағы қуанышты сүйіспеншілік сезімімен қабылдау, байыптау, елестету, есте сақтау, ойлау т.б.); эмоционалдық-эстетикалық қасиеттерін (өнердегі, табиғаттағы әдемілікті, әсемдікті, сұлулықты талғаммен, сүйіспеншілік сезімімен қабылдау, ляззат алу, әсерлену, эстетикалық тұрғыда баға беру т.б.) қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Матыжанов Қ. Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы. – Алматы, 1974.–176б.
2. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы.– Алматы: Мектеп, 1980.
3. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. – Алматы, 1974ж.
4. Балалар әдебиетінің бүгінгі мәселелері кітапханашы көзімен \\Үркер №12(112) желтоқсан, 2017ж..

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ САБАҚТА ҚОЛДАНУ ӘДІСНАМАСЫ

ОРДАБАЕВА Р.Б.

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье педагогическая технология рассматривается как категория педагогики, определяются ее значение и структура; изучаются научные основы педагогической технологии в различных сферах педагогической деятельности (дидактика, образование, управление образованием); изучены методология и теория проектирования педагогических технологий, раскрыты основы теории педагогических технологий.

Summary. In the article, pedagogical technology is considered as a category of pedagogy, its meaning and structure are determined; the scientific foundations of pedagogical technology are studied in various fields of pedagogical activity (didactics, education, educational management); The methodology and theory of designing educational technologies have been studied, and the foundations of the theory of educational technologies have been revealed.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы біздің педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. Дегенмен, оның мән-мағынасы туралы пікірлер алуан түрлі. Бүгінгі күнде педагогикалық технология мәселесі теориялық және ғылыми қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы болып отыр. Теориялық тұрғыдан алып қарағанда, педагогикалық технология педагогиканың категориясы ретінде қарастырылады, оның мәні, құрылымы айқындалады; педагогикалық іс-әрекеттің әр түрлі саласындағы (дидактика, тәрбие, білім беруді басқару) педагогикалық технологияның ғылыми негіздері оқып үйреніледі; педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы мен теориясы зерттеледі, педагогикалық технология теориясының негіздері ашып көрсетіледі.

Білім беру саласының дербестігін жақсарту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру еліміздің мектептерінде оқытудың белсенді және инновациялық әдістері мен технологияларды тиімді пайдалануды қажет етеді. Оқытуда жаңашыл әдісті қолдану оқушы үшін де, мұғалімге де шығармашылықпен жұмыс ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер: «педагогикалық технологиялар», «тәсіл», «әдіс» сияқты ұғымдарды терең меңгеруге оқып-үйренуге жетелейді. «Инновация» сөзі латынның («жаңашылдық», «өзгеріс») деген ұғымдарына сәйкес келеді. Жалпы жаңашылдық мәселесі туралы ғалымдар өз зерттеулерінде атап көрсетті. Олар Р.А. Дюсупова, А.М. Саранов және басқада ғалымдар еңбегінде. Бұл үшін еңбастысы мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру керек. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыруда, инновациялық іс-әрекеттерді төрт бөлікке жіктеуге болады: әдіснамалық, пәндік-теориялық, әдістемелік, технологиялық. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың бірінші әдіснамалық бөліктеріне кіретіндер; ізгілікті философия, философия ғылымы, ғылым әдіснамасы, педагогика әдіснамасы, әдіснамадағы жаңа білімдер жиынтығы.

Жас ұрпақ-ел тірегі ертеніміздің кепілі. Әрбір ұстаздың міндеті мектеп оқушыларын отан сүйгіштікке, ақыл-ойын жан-жақты дамытуға, ұмтылуға тәрбиелеу. «Қыран-түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талап сыйлайды» деген халқымыздың қанатты сөзі ұстаз арқылы дарыған талаппен ұрпақтың алысқа ұшатынын меңзеген.

«Еліміздің ертені бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деп білім қызметкерлерінің бірінші құрылтайында сөйлеген сөзінде Елбасы айтқандай ұстаздарды өз Отанын шексіз сүйетін, еліміздің болашығына, оның гүлденуіне аянбай үлес қосатын білімді жеткеншектің даярлау міндеттері күтіп тұр.

Қазіргі таңда біздің Республикада білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігінде еруге батыл қадамдар жасалында. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі озық технологияларды пайдаланудың мақсаттұйрете жүріп, үйрену.

Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлану стилін, оқытуәдістемесін өзгертеді.Сабақтың тиімділігін оқушылардың танымдық қызуғушылығын арттыру үшін тақырып материалдарын оқып үйренуде, олардың әртүрлі ізденушілік бағыттағы тапсырмаларды орындауларынан байқауға болады.. Оқытудың осындай жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануда мұғалімде, оқушыда табысқа жетіп, білімін шыңдай түседі.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе . Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойнымызда. Барлық кедергілерді жеңу табысқа талпыну өз қолымызда деп білемін. «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтпайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында»: «Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп көрсетілген. Бұл міндеттерді жүзеге асыру барысында білім ордаларында жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың негізгі мақсатын айқындап алуда, яғни «берілген үлгі бойынша өнім алу», оқытудың тиімділігін, сапасын көтеру.

Оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде оқыту үрдісінде қолданылатын тәсілдер, принциптер мен айқындаушы жүйе, нақты оқыту процесі ретінде сипатталады. Осыған орай, бүгінгі күні білім беру мекемелері мен педагогика ғылымы алдында білім берудің философиялық негіздеріне, білім жүйесінің стратегиялық бағыттарына, мақсаты мен мазмұнына, оны орындаудың әдіс-тәсілдеріне деген жаңа көзқарастар қалыптасуда.Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты тұлғаға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болып отыр. Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

Білім беру жүйесінің барлық саласында жаңа технологияны жоспарлы түрде енгізіп, жүйелік интегралды өткізу немесе қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі замандағы технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Дәл осы жаңа технология мен әрбір тұлғаның өзіндік білім алу траекториясын таңдауына жол беретін анық білім беру жүйесін құруды, оқу бағдарламаларының бағдарламалануы және өзгермелі бейімделінуі есебінен оқу үдерісінің біртұтастығын сақтай отырып оны дараландыруға мүмкіндік беретін компьютердің маңызды дидактикалық қасиеті негізінде тұлғаның оқу үдерісінде танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуді тығыз байланыстырады.

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық органы құру болып табылады. Олай болса, білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін көтеру – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің бірі екендігі даусыз. Педагог мамандардың біліктілігін көтеруді ақпараттандыру, қажеттілікті шешу барысында педагог мамандардың біліктілігін ақпараттық технологияны өз қызметтеріне пайдалану, педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Әлемдік өркениетке қадам басқан Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамудағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім деңгейін, оқыту әдіснамасын жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызып отырғандықтан алдыма мынадай мақсаттар қойдым.

Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазір заман да, қоғам да өзгерген. Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар. Олай болса, бұл қоғам кез келген педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отыр.

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында бүкіл мектеп компьютермен қамтамасыз етілді. Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Біздің №1 орта мектептің жаратылыстану және математика пәндерін оқыту құралы ретінде компьютерді қолдану – оқу үрдісін белсенділігін, оқытуды жекешелендіруге, оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызып отыр.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады. Электрондық есептеуіш технологиясымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мұғалімдерге баланы оқытуда бейне және ойын бағдарламаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады.

Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиалық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін – өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін – өзі тексеру жүйесі оқушы мен оқытушының арасындағы байланысын алмастырады. Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет. Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен

жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды. Осылайша жаңа технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына көмектеседі және сонымен бірге оның сапасын жоғарылатады.

Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Әр түрлі пән сабақтарында жаңа технологияны пайдалану білім мазмұнын жанартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық – коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Қазіргі оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологиялар кеңінен енуде. Оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы ойлауға тәрбиелейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, қоғамдағы болып жатқан түрлі қарама-қайшылықтарды түсіне білетін, еркін сөйлеп, өз пікірін ашық айта алатын ойлы ұрпақ тәрбиелеуде сабақтың маңызы зор. Сол сабақ атты театрдағы басты кейіпкеріміз – оқушы болса, онда барлығымыздың бағытымыз бір, бағдарымыз байсалды болмақ. Әр мұғалім оқушыға көпқырлы сабақ беретін болған соң, қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Халықова К.З., Абдулкәрімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. – Алматы, 2007 ж.
2. Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии. – М., 2006 г.
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М., 1989 г.

ӘОЖ 80.42

СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

БИСЕИТОВА ЖАРҚЫН РАХЫМҚЫЗЫ

М.Жұмабаев атындағы №21 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье генеральный классный руководитель должен не только обучать общечеловеческим ценностям, но и раскрывать способности, профессиональную гибкость и природные способности каждого ученика, создавать атмосферу любви, доверия, понимания и дружбы. Руководителем класса приказом директора школы назначается один из воспитателей, работающих с классом.

Summary. In the article, the general class teacher should not only teach universal human values, but also reveal the abilities, professional flexibility and natural abilities of each student, create an atmosphere of love, trust, understanding and friendship. One of the teachers working with the class is appointed as the class leader by order of the school director.

Жалпы сынып жетекшісі – тек адамзаттық құндылықтарға үйреніп қана қоймай, сонымен қатар әр оқушының бойындағы бейімділігін, кәсіби икемділігін, табиғи мүмкіндіктерін ашып, сүйіспеншілік, сенім, түсінушілік және достық хал-ахуалын тудыра білуі керек. Сыныппен жұмыс істейтін тәрбиешілердің бірі мектеп директорының бұйрығымен сынып жетекшілікке тағайындалады. Ол тәрбие жұмысын өзіне сеніп тапсырған сынып ұжымымен, сондай-ақ, мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, қоғамдық ұйымдар, ата-аналар, мектептен тыс мекемелер, жалпы жұртшылықпен тығыз байланыста іске асыруға бар күш-жігерін жұмсайды.

Сынып жетекшісі жұмысының негізгі мақсаты – әр оқушының жеке ерекшеліктерін сақтау, дербес қабілеттерін ашу, интеллектісінің дұрыс дамып, жетілуіне жағдай жасау.

Сынып жетекшісі жұмысының негізгі міндеттері:

✓ сыныптағы оқушылардың талаптары мен мүдделерін, жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп білу;

- ✓ сыныптағы оқушылардың не нәрсеге бейімділігін анықтап, оларды белсенді де саналы ұжымға ұйымдастыру;
- ✓ тәрбие процесінде мектеп, отбасы мен жұртшылықтың қарым-қатынасын қамтамасыз ету;
- ✓ тәрбие процесінде мектеп, отбасы мен жұртшылықтың қарым-қатынасын қамтамасыз ету;
- ✓ сыныптағы пән мұғалімдері мен мектеп әкімшілігінің және оқушылардың ата-аналарының тәрбиелік ықпалын үйлестіру, оларға қоятын педагогикалық талаптардың бірлігін қамтамасыз ету;
- ✓ оқушылардың ата-аналарымен үнемі байланыс жасап, отбасындағы бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық оқу, насихат жұмыстарын жүргізу;
- ✓ оқушыларды тәрбиелеуде сыныптан және мектептен тыс түрлі бағытта тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;
- ✓ тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз ету;
- ✓ тәрбие қызметінің тұтастығын, жүйелілігін, тәрбиелік іс-шаралардың бірлігін қамтамасыз ету;
- ✓ тәрбиенің негізгі бастауы саналатын ұлттық тәлім-тәрбиені сынып жетекшісі қызметінің маңызды бір саласы ретінде қарастыру және т.б.

Сынып жетекшісі өзінің жұмысын ең алдымен, оқушыларды, олардың арасындағы қарым-қатынастарды және отбасының әлеуметтік жағдайларын зерттеуден бастайды.

Сонымен қатар, сынып жетекшісі өз жұмысының төмендегідей бағыттарын айқындайды:

- оқушының жеке дамуын бақылау, оның еркін дамып, қабілеттерінің ашылуына жағдай жасау;
- оқушының ынтасы мен қабілетін зерттеу, кәсіби бағдар беру;
- оқушылардың қоғамдық-құнды қатынастарға жетелейтін әрекеттерінің барлық түрлерін (жеке-дара, топтық, ұжымдық) ұйымдастыру;
- оқушылардың еркіндіктері мен құқықтарын сақтауға мүмкіндік жасау;
- барлық тәрбиелік күштердің өзара ынтымақтастығы мен байланыстарын ұйымдастыру;
- сыныпта оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру;
- оқушылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу;
- сыныптағы оқушыларды іс-шараларға тарту және басқа ұжымдармен байланыс орнату;
- оқушылардың дамуындағы, жеке мінез-құлықтарындағы ауытқуларды байқау, оларды психологиялық және педагогикалық тұрғыдан түзету, күрделі жағдайларда басшыларды құлақтандыру;
- өмірде кездесетін күрделі проблемаларды шешуде оларға көмек көрсету;
- оқушылардың әлеуметтік және заңды құқықтарын қорғау;
- тәрбие жұмысының нәтижелілігін көрсететін іс-қағаздар жүргізу (оқушылардың жеке құжаттары, күнделігі, сынып журналы және т.б.);
- мектептің тәрбие жұмысына мұғалімдерді, ата-аналарды, білім және өнер саласындағы мамандарды тарту;
- үнемі тәрбие теориясына, практикасына, психология және педагогика мәселелеріне байланысты кәсіби біліктілігін жетілдіру;
- өз іскерлігі мен жауапкершілігін дәлелдей отырып, оқушылармен жылы қарым-қатынас орната алуы және т.б.

Сынып жетекшісі тәрбие процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие ісін төмендегідей бірізділікпен басқарса, *жұмысы нәтижелі болады:*

- тәрбие ісінің негізгі мақсатын, міндеттерін, маңызын біліп, түсінуі, өзекті мәселелерін көре білуі. Оқу-тәрбие жұмысының тиімді әдістері мен қажетті түрлерін пайдалану әдістемесін меңгеруі;
- талдау барысында тәрбие ісінің белгіленген мақсатқа сәйкестігін анықтауы, кемшіліктерінің себептерін түсінуі;
- өз жұмысының нәтижесін болжау және қайшылықтарды, тәрбие ісін жүргізудің басым бағыттарын көре білуі. Жоспарды оқушылардың даму нәтижесіне байланысты құруы;
- оқушыларды зерттеу арқылы тәрбиелік міндеттерді анықтауы;

- оқушылардың даму деңгейіне байланысты тәрбиенің негізгі міндеттерімен, оларға сәйкес іс-әрекеттерін белгілеуі. Таңдап алған іс-әрекеттердің түрлері мен тәрбие жұмысының әдістері, формалары тәрбие ісінің деңгейін көтеруге тиісті ықпал жасайтынына тәрбиешінің толық сенуі;

- тәрбие ісінің нақты бағдарламасын жасауы. Оқушылардың көзқарасын қалыптастыру жолдарын тереңнен ойластыруы;

- сынып жетекшісі іс-әрекетті ұйымдастырып қана қоймай, оқушылардың жақсы қасиеттерінің дамуына жағдай жасауға тиіс. Істі қорытындылағанда, олардың жетістіктеріне көңіл бөлгені жөн;

- тәрбиелеу барысында тәрбиешінің өзінің күшті және әлсіз жақтарын ескеруі;

- тәрбие ісін жетілдіру мақсатымен өз жұмысын өзі тексеріп, талдап, оқушылардың даму деңгейін зерттеп отыруы.

Сынып жетекшісінің қарым-қатынасты ұйымдастырғанда атқаратын міндеттері:

Бірінші топ міндеттері – әлеуметтік міндеттер: оқушыны қорғау, көмек көрсету, әлеуметтік байланыстар жүйесіне енгізу. Отбасымен және тәрбие институттарымен оқушының дамуына және оның даралық қасиеттерін қалыптастыруға қолайлы жағдай жасау үшін байланыс орнату.

Екінші топ міндеттері – диагностикалық әдептік-этикалық міндеттер: сыныппен тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру, өз оқушыларының ерекшеліктерін, дара қасиеттерін білу.

Үшінші топ міндеттері – адамгершілік міндеттер: оқушының жақсылық пен жамандықтың белгілерін ажырата алуына, белгілі жағдаяттарда адамгершілік шешімдер қабылдай алуына мүмкіндік беру.

Төртінші топ міндеттері – жеке-дара тәжірибелік сипаттағы міндеттер: оқушылармен жұмыс ұйымдастыруға тиімді педагогикалық құралдарды таңдап алу, өз жұмысын жоспарлау, талдап түзету және педагогикалық рефлексия.

Осы бастапқы міндеттерді ескере отырып, сынып жетекшісінің негізгі қызметтері айқындалады. Олар: диагностикалық, коммуникативтік, тәрбиелік, жобалаушылық, ұйымдастырушылық-әрекеттік, дамытушылық, әдептілік, ынталандырушылық, бағалаушылық, қорғаушылық-қамқоршылық, түзетушілік.

Сынып жетекшісі – сабақтан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырып, үйлестіріп өткізетін педагог. Бастауыш сыныптарда жетекшілік қызметті сынып мұғалімі атқарады.

Бүгінгі күні сынып жетекшісі – кәсіпкер-педагог, ол өсіп келе жатқан бала үшін:

- ✓ жалпы адамзаттық мәдениетті меңгеретін оқушы мен қоғамның арасындағы рухани жалғастырушы;

- ✓ сынып ұжымының алуан түрлі бірлескен іс-шаралары барысында өзара ынтымақтастық қарым-қатынасының қалыптасуын ұйымдастырушы;

- ✓ оқушы тұлғасының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау мақсаты мен олардың дамуын бақылаушы;

Белгілі бір сыныпқа тағайындалған сынып жетекшісі жұмысқа кіріскен жағдайда, өзінің қызметін сынып ұжымына әрі жекелеген оқушыға қатысты жүзеге асырады.

Сынып жетекшісі қызметінің бағыттары:

1. *Педагогикалық және әлеуметтік-гуманитарлық.* Оқушыға барлық бағытта көмектесу: оның әлеуметтік қалыптасуы мен дамуына жағдай тудыруға, тұлғалық өзекті мәселесін шешуге, оны әлеуметтік өмірге араластыру және өз бетінше өмір сүре білуіне көмектесуге бағытталған. Оқушының отбасымен басқа да мекемелермен тығыз байланыс орнату. Рухани-адамгершілік және рухани-эстетикалық мәдениетін қалыптастыру.

2. *Ұйымдастырушылық қызметі.* Тәрбие процесін ұйымдастыру. Оқушылардың орынды талап-тілектерін қолдай отырып, белсенді әрі іскер сынып ұжымын қалыптастыру. Олардың танымдық әрекетін және демалысы мен еркін қарым-қатынасын ұйымдастыру. Сыныптағы өзін-өзі басқаруды дамыту.

3. *Оқушылардың жалпы әрекетін басқару:* нақты мақсат қоюшылық, жоспарлау, болжам жасау немесе жобалау, бақылау және түзету енгізу.

Нақты қызметі сыныпта оқу-тәрбие процесін нәтижелі ұйымдастыру үшін, оқушылар тәрбиесінің деңгейі мен өзгеру барысын анықтап отыру, соған сәйкес тұлғалық және жеке-дара ерекшеліктерін зерттеу және оған талдау жүргізу; сыныптағы келеңсіз жағдайдың себебін іздестіріп, анықтау; оны болдырмаудың тәсілдері мен жолдарын қарастыруды көздейді.

Сынып жетекшісінің мақсат қоюшылық қызметі тәрбие жұмысын жоспарлауда көрініс табады.

Жоспарлау – сынып жетекшісінің педагогикалық және сынып ұжымының оқу-тәрбие процесіндегі іс-әрекеттерін нәтижелі ұйымдастырудағы маңызды буын.

Сондай-ақ, жеке тұлғаны тәрбиелеуде оның ертеңгі қуаныш күнін, болашағын болжау, оны жобалаудың да маңызы ерекше.

Сынып жетекшісінің оқушылардың оқу-тәрбие процесіне бақылау жүргізіп және оны түзетіп отыруы – бұл оның нәтижесін, сапасын қадағалауға мүмкіндік беріп, оны үнемі жетілдіріп отыруды қамтамасыз етеді. Бақылаудың нәтижесіне талдау жасау барысында сынып жетекшісі оқушылар ұжымы немесе жекелеген оқушылардың іс-әрекеттеріне түзету енгізуді жүзеге асырады.

Сынып жетекшісінің қызметтері оның педагогикалық іс-әрекетінің мазмұнын анықтайды.

Мектептегі сынып жетекшісінің тәрбие жұмысындағы негізгі міндеті – оқушылардың жеке басын қоғамның талабына сай тәрбиелеу. Бұл міндетті орындау, оқушылар ұжымын қалыптастырудан басталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мухаметжанова, А.О. Тәрбие жұмысының әдістемесі және технологиясы [Мәтін]: оқу құралы / А.О.Мухаметжанова. - 2-ші басылым. - Қарағанды: "Medet Group" ЖШС, 2019. - 182б. – ISBN 978-601-7938-78-9

2. Керімбаева Р.Қ. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдіснамасы [Электрондық ресурс]: электронды оқу құралы / Р.Қ.Керімбаева. - Тараз: ЖАТО, 2019. – 433. Мб: CD. - б/ж.

3. Исаева, К.А. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. - Жетісай: Ун-т "Сырдария", 2009. - 74 б. *Источник: Университет "Сырдария". <http://rmebrk.kz/book/1009082>*

ӘОЖ 59.18

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МЕНЕДЖМЕНТИ

САДҒАЛИЕВ СӘБИТ НАМАНБЕКҰЛЫ

М.Мақатаев атындағы №14 орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье целью управления в физической культуре и спорте является достижение результатов согласно возможностям и условиям необходимости в сфере физической культуры и спорта. Конкретные функции управления физической культурой осуществляет соответствующий орган или руководитель.

Summary. In the article, the goal of management in physical culture and sports is to achieve results in accordance with the capabilities and conditions of need in the field of physical culture and sports. Specific functions of physical culture management are carried out by the relevant body or manager.

Дене мәдениеті мен спорттағы менеджменттің мақсаты дене мәдениеті және спорт салаларының мүмкіндіктері, қажеттілік жағдайлары бойынша нәтижеге жету болып табылады. Қазіргі заманғы арнайы әдебиеттерде менеджменттің (басқару) мақсаты дене мәдениеті мен спорт саласының «саясаты», «философиясы», «миссиясы» сияқты сөз ұғымдарымен белгіленеді.

Мақсатты анықтау дене мәдениеті және спорт менеджменті үдерісінің бастапқы сатысы болып табылады, сондықтан өзінің мазмұны бойынша стихиялық әсер ету емес, мақсатты бағыттылығымен сипатталады.

Дене мәдениеті мен спорттағы менеджменттің мақсатын ұғыну және тұжырымдау барысын мақсатты болжамдау деп атайды, яғни оның үдерісінде таңдаған критерийне сәйкес мақсат иерархиясы (басты мақсат «декомпозициясы» өндіріледі), «мақсат тармақтары» деп аталатын өзара бірлескен байланыстардың графикалық ұсынылымдары қалыптасады. «мақсаттардың

тармақтары» бірінші жағынан мақсаттардың және міндеттердің приоритетін, екінші жағынан қолданбалылығын белгілеуге және көрекілікпен ұсынуға мүмкіндік туғызады.

Мақсатты болжалдаудың негізгілері келесілерге жататын белгілі ережелер негізінде іске асырылады: менеджмент (басқару) субъектісінің араласуын талап ететін, нақтылы жағдайларды сипаттау; үдерістің емес, қажетті нәтиже ретінде басты мақсатты тұжырымдау; басты мақсатты жеке тармақтарына декомпозициялау; альтернативтік мақсат тармақтарын қоюды болдырмау; менеджмент нысандары үшін нақтылы міндет түрінде жекелеген мақсат тармақтарын тұжырымдау және т.б. Субъект мен объектінің өзара әрекеттестігі ретінде менеджмент (басқару) үдерісі нақтылы, механизмдердің көмегімен жүзеге асады. Дене мәдениеті мен спорт менеджментінің механизмі дене мәдениеті және спорттық ұйымдардың мақсаттарын тиімді іске асыруды, олардың жүргізетін әлеуметтік-мәдени қызметіне қызметкерлермен тұтынушылардың барынша толық қанағаттануын қамтамасыз ететін әдістері, құралдары мен формаларының кешені болып табылады. Менеджмент үдерісі тұжырымдалған мақсат негізінде, яғни менеджмент функциясы жүйесімен мазмұнды ұсынылған нақтылы механизмді пайдаланумен іске асырылады.

Дене мәдениеті мен спорттағы менеджмент функциясы басқаруға ықпал жасауды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын басқару қызметінің жеке қатынастағы бағыты болып табылады. Менеджменттің негізгі функциясы келесі себептер бойынша айырмаланады: біріншіден, олар халық шаруашылығы кешенінің барлық салаларында (материалдық және материалдық емес салаларында) жүзеге асады; екіншіден, олар барлық дене мәдениеті және спорт ұйымдарында (халықаралық, ұлттық немесе аймақтық; коммерциялық немесе коммерциялық емес; кіші, орта немесе ірі және т.б.) және кез келген менеджменттің иерархиялық деңгейінде (жоғары, орта немесе төменгі санаттағы басшылықтарында) іске асады; үшіншіден, олар нақтылы функцияларға бейімді, яғни менеджменттің негізгі функциясының құрамы мен мазмұны өзгермейді, менеджменттің қандай функцияны атқаратынынан тәуелсіз; төртіншіден, олар шектелген қор жағдайындағы белгіленген уақыт аралығында менеджменттің мақсатқа жетуін басқаруды қамтамасыз етеді.

Менеджменттің негізгі функцияларына барынша дәстүрлі мыналар енеді: ұйымдастыру, ішкі және сыртқы ауысып отырылатын жағдайлармен сәйкес бұрын құрылған және қызмет етуші жүйелерді сапалы жетілдіру немесе жаңасын жасау бойынша қызмет; Жоспарлау, әртүрлі жоспарларды өңдеп, дайындау жолымен менеджмент нысанының мақсатты бағытта, динамикалық және пропорциялық дамуы үшін жағдай жасау бойынша қызмет; Мотивация, дайындалған жоспарға байланысты қызметкерлерді тиімді еңбекке белсенді ретін және қызықтыратын, ықпал ету жүйелерін құру бойынша қызмет; Бақылау, менеджмент нысанындағы үдерістердің жүруін бақылау, тапсырылған бағдарламамен бақыланатын параметрлерінің мөлшерін салыстыру, бағдарламадан ауытқуын, олардың орынын, себебін және сипатын анықтау қызметі; үйлестіру, ұйымның, оның бөлімдерінің және жекелеген орындаушыларының арасында үйлесімді байланыс орнатудың көмегімен менеджмент үдерісінің тоқтаусыз және үзіліссіздігін қамтамасыз ету бойынша қызмет.

Менеджменттің негізгі функциялары басқаруға ықпал ету механизмін сипаттайтын бірегей үдерісті құрып өзара тығыз байланыста болады. Дене шынықтыру мен спорт мәдениетін мемлекеттік басқару заңгерлік - өктемділікке ие. Дене шынықтыру мен спорт мәдениетінің заңдық-өктемдік өкілеттілікке ие басқару ұйымдары әр түрлі ұйымдастырушылық формаларда көрінеді. Ең жоғарғысы (алдағысы) дене шынықтыру мен спорт мәдениетін дамыту жөніндегі заңи қажетті акт шығарушы формасы болып табылады. Дене шынықтыру мен спорт мәдениетін басқару ұйымдарының көріну процесінде өзінің табиғаты бойынша ұйымдастырушы, басқарушы болып келетін қоғамдық қатынастар дамиды.

Дене шынықтыру менеджментінің нақты функциялары дегеніміз - басқарушы еңбегінің динамикалы дамуының нәтижесі. Дене шынықтыру басқарудың нақты функциялары нақты бір объектіге басқарушылық әсер етудің мазмұнын сипаттап және анықтап береді. Дене шынықтыру саласында мынадай нақты басқару функциялары бар: жастарды спортқа баулу, дене шынықтыруды халықпен бірге ұйымдастыру, спорт түрлері бойынша жоғары білікті спортшыларды даярлау, спорт резервін даярлау, профессионалды спортты дамыту, спорттық жарыстар мен спорттық-көркем іс шараларды өткізу, спорттық тәрбие мен спортты дамытуға ғылыми және бағдарламалы-әдістемелік қамтамасыз ету, спорт тауарларының өндірісіні ұйымдастыру, халықаралық спорт байланыстарын жүзеге асыру т.б.

Дене мәдениеті мен спорттағы басқаруға бірқатар заңдылықтар тән, яғни олардың бірі дифференциация (бүтінді түрлі формаға бөлу) болып табылады. Бұл заңдылықтың мәні мына келесілерде көрінеді: өзінің тарихи даму үдерісінде әр түрлі бейнедегі басқару мектептерінің (адам қатынастары мектебі, мінез-құлық ғылымдары мектебі, әлеуметтік жүйелер мектебі және т.б.) біртіндеп қалыптасу және әр түрлі уақытша кезеңдеріне приоритетті әсер етуінде адам факторларына, яғни жеке адамдарды, адамдар ұжымын басқару, басқаша айтқанда әлеуметтік тіршілік аясындағы басқаруға барынша маңызды назар аударылады.

Кез келген оқу-ғылыми пәнді зерттеуді оның негізгі ұғымдарын анықтаудан бастау маңызды. Бұл әсіресе дене мәдениетінің жалпы теориясы сияқты пәнді оқып, зерттеу кезінде мақсатқа лайықты болады.

«Менеджмент» ұғымы Қазақстанда соңғы жылдары біздің елімізде нарықтық қатынастар қалыптасуының басында ағылшын тілінен сөздік қорымызға енді. Сондықтан да бірінші кезекте шетел мамандарының бұл ғылым туралы базалық түсініктерін талдап көрейік. Мысалы, «Менеджмент бойынша Халықаралық анықтамасы» (1990ж) «менеджмент» ұғымын капитал, ғимараттар, материалдар және еңбек сияқты ресурстарды тапсырылған мақсатқа максималды тиімділікпен жету үшін тиімді пайдалану және үйлестіру ретінде түсіндіріледі. Іргелі Оксфорд сөздігінде (1994ж.) «менеджмент» ұғымына келесі түсіндірмелерді береді: 1) адамдармен қарым-қатынас үлгісі, тәсілі; 2) басқару өнері және билік; 3) ерекше түрдегі біліктілік және әкімгершілік дағдылар; 4) басқару органы, әкімгершілік бірлігі.

«Менеджмент» ұғымы мазмұнының көп мағыналылығына қарамастан, оның мәнін ұғыну үшін тән, шетел мамандары менеджментті нақтылы ұйым, мекемені басқару, «фирмаішілік» басқару ретінде жиі қолданатындығымен түсіндіріледі. Біздің көзқарасымыз бойынша дәл осы түсінік менеджменттің басқарудан негізді айырмасын анықтайды.

«Менеджмент» ұғымы мәні жағынан «басқару» терминінің баламасы болып табылады. Дегенмен, соңғысы адам қызметінің әр түріне қолданылатындықтан мағынасы кеңдеу. «Менеджмент» термині нарық жағдайында өмір сүретін фирма деңгейіндегі әлеуметтік-экономикалық процестердегі басқаруға жатады.

Басқарушы – менеджер өзі жұмыс жасайтын фирма капиталына меншіктіліктен әдетте тәуелсіз. Менеджердің жұмысы – барлық өндірістік процесті бірлігі мен байланысын қамтамасыз ететін өнімді еңбек. Әрине ол жоғары технологиялық өндіріс пен жоғары деңгейдегі мамандарды құрамалау шартына сай.

Жоғарыда аталған айырмалық сипатына ресейлік басқару саласының мамандары ерекше назар аударады. Э.А. Уткин (1998ж.) менеджментті «... менеджменттің әлеуметтік-экономикалық механизмінің көп бейнелі қағидаларын, функцияларын және әдістерін қолдану негізінде нарықтық жағдайда әрекет жасайтын кәсіпорынның ең жақсы шаруашылық шығынын нәтижелерге жетуіне бағытталған кәсіби қызметтің ерекше түрі» ретінде анықтайды. Іс жүзінде осыған ұқсас көзқарасты дене мәдениеті мен спортты басқару бойынша мамандар да ұстанады.

Спорттық менеджмент – бұл осы заманғы нарықтық жағдайдағы дене мәдениеті және спорттық бағыттағы ұйымдарды, мекемелерді тиімді басқарудың теориясы мен практикасы. «Менеджмент» - бұл осы заманғы жағдайдағы және ғылыми негіздегі ұйымдарды, фирмаларды, кәсіпорындарды тиімді басқару бойынша шаралар жүйесі. «Менеджмент» - бұл жоспарланған нәтижелерге ұтымды жолдармен жетуге бағытталған өндірістік қызметті басқаруды үйлесімді ұйымдастыру жүйесі; бұл дұрыс ақыл, оймен ұтымды басқаруды жүзеге асыруға көмектесетін адам білімінің ауқымы; бұл басқару бойынша жұмыстарды орындайтын адамдардың әлеуметтік тобы.

Бұл ұғымдар бойынша жалпы ұстанымы келесі бейнеде тұжырымдалуы мүмкін:

1) «басқару» ұғымы адамның өлі және тірі табиғатта, сол сияқты әлеуметтік тіршіліктегі ерекше өзгешеліктегі қызметін сипаттау үшін пайдаланылады, сондықтан да ол тек әлеуметтік тіршіліктің басқару қызметін белгілеу үшін ғана қолданыстағы «менеджмент» ұғымынан кең мағыналы;

2) «дене мәдениеті мен спортты басқару» ұғымы адамның спецификалық негізгі үш саладағы іс-әрекетін сипаттауға бағытталған, яғни өлі табиғатта, тірі табиғатта және әлеуметтік тіршіліктегі, ал «дене мәдениеті мен спортты басқару» ұғымын дене мәдениеті мен спортты халық шаруашылығының саласы ретінде, басқа сөзбен айтқанда әлеуметтік тіршілік салаларының бірі ретінде қарастырып, пайдалану мақсатқа лайықты болады;

3) «дене мәдениеті мен спорттағы менеджмент» ұғымы нарықтық қатынасты қалыптастыру және дамыту жағдайындағы әртүрлі бейнедегі және әртүрлі сипаттағы дене мәдениеті және спорттық ұйымдардың, мекемелердің қызметін фирмаішілік басқаруды белгілеу үшін пайдалану бәрінен де нақтырақ болады.

Жоғарыдағы тұжырымдарды есепке алып, қажетті жағдайларда зерттеушілер сала ретінде дене мәдениеті мен спортты басқару, сол сияқты дене мәдениеті мен спортты фирмаішілік ұйымдастыру ретіндегі дене мәдениеті мен спорт менеджментіне қолданыста туындаған жеке мәселелерді қарастырады.

Дене шынықтыру менеджментінің нақты функциялары сәйкес орган немесе басшы арқылы іске асырылады, сондықтан дене шынықтыру менеджментінің жастарды спортқа баулу, спорт түрлері бойынша жоғары білікті спортшыларды даярлау, кәсіби спортты дамыту, спорттық тәрбие мен спортты дамытуға ғылыми және бағдарламалы-әдістемелік қамтамасыз ету, халықаралық спорт байланыстарын жүзеге асыру мақсатында алатын орны өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Сыздықов И.С., Мауленкулова Г.Е., “Менеджмент негіздері”. Шымкент 2008 ж.
- 2.Уанбаева Е.Қ., Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. - Өскемен, 2006 ж.
- 3.Жолдақ В.И., Зуев В.Н. Основы менеджмента спорта. - Тюмень, 1999 г.

ӘОЖ 796:373.1

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

АЛИМБАЙ АСЫЛХАН

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОРДАБАЕВА РАУШАН БІЛӘНҚЫЗЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье теория физического воспитания дошкольников – это наука об общих закономерностях физического воспитания и формирования личности ребенка. Физическое воспитание – педагогический процесс, направленный на достижение здоровья, физического и двигательного развития ребенка

Summary. In the article, the theory of physical education of preschool children is a science about the general laws of physical education and the formation of a child's personality. Physical education is a pedagogical process aimed at achieving the health, physical and motor development of a child

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі теориясы – дене тәрбиесінің жалпы заңдылықтары және баланың жеке басын қалыптастыру туралы ғылым.

Дене тәрбиесі-бұл баланың денсаулығы, физикалық және моторлық дамуына қол жеткізуге бағытталған педагогикалық процесс. Дене тәрбиесі процесінде жан-жақты даму міндеттері (ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек) бір уақытта шешіледі.

Дене тәрбиесінің жан-жақты дамудың негізі ретінде ерекше маңыздылығын анықтайтын маңызды міндет-дені сау, мықты, шыңдалған, Көңілді, жанашыр, бастамашыл баланы қалыптастыру, оның қимылдарын жақсы меңгерген, спорттық және дене шынықтыруды жақсы көретін, мектепте оқуға және одан кейінгі белсенді шығармашылық қызметке қабілетті. Бұл конференциялар ғалымдардың белгілі бір кезеңдегі зерттеу жұмыстарының қорытындысын шығарады және алдағы ғылыми ізденістердің перспективаларымен, дене тәрбиесінің біздің еліміздегі қоғамдық мектепке дейінгі тәрбиенің дамуымен сәйкес туындайтын өзекті проблемаларды талдап қорытумен таныстырады.

Дене тәрбиесі жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігі. Бір сөзбен айтқанда, денсаулықты қолдаудың жай ғана тиімді құралы емес, сонымен бірге адамның қоғамда табысты болу мүмкіндігі. Дене тәрбиесі – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жан-жақты дамуды дене тәрбиесінсіз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн тәртібіне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жас адамды айтамыз. Қазақстанда кезкелген азаматтың денсаулығын сақтау жолында қалаған спорт түрімен айналысуға, дене шынықтыруға жағдай жасалған.

Үкіметіміз халықтың денсаулығын, дене тәрбиесін жақсарту мақсатында көптеген заң, бағдарламалар қабылдады. Атап айтсақ, «Қазақстан Республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі даярлығының Президенттік сынамалары туралы ережесі», «Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 490 Заңы», «Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» т.т. (Қосымшада заң, бағдарлама мазмұны ұсынылған). Сонымен бірге құрсақтағы кезеңнен бастап ана мен бала денсаулығын қорғау 37 мақсатында арнайы перинатальдық орталықтар болашақ ұрпақ үшін жұмыс жасауда. Дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөлудегі негізгі міндеттердің бірібалалар мен жеткіншектердің арасында дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады, өйткені дене тәрбиесінің негізі балалық және жеткіншектік жаста қаланады. Мектепке дейінгі кезеңнен дене жаттығуларымен айналысу нәтижесінде спортқа қызығушылық қалыптасады, дағдылар мен іскерліктер жинақталады. Осы қажеттілікті ескере отырып, Қазақстан үкіметі білім беру саласының барлық буындарында, жалпы бұқараның спортпен айналысуына, дене қимылын дамытып, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында барлық жағдайларды жасауда. Оның айғағы барлық өлкелердегі спорт мектептері, стадиондар, спорттық-сауықтыру кешендері, спорт залдары, спорт алаңдары, т.т. Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағын әлем төрінде желбіретіп жүрген олимпиада чемпиондарының, спортшыларымыздың жетістіктері соның дәлелі. Дене тәрбиесі жүйесінің барлық буындарында бір мақсат - өмірге, еңбекке, Отан қорғауға даярлау жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі балалық шақ дене тәрбиесінің міндеттері жалпы мақсаттық бағытты сақтай отырып, жас ерекшеліктерін ескере нақтыланады.

Мектепке дейінгі жаста дене тәрбиесінің сауықтыру, білім беру, тәрбиелік міндеттері жүзеге асырылады. Сауықтыру міндеттері. Мектепке дейінгілер дене тәрбиесінің міндеттері-өмір қорғау және денсаулық нығайту балалардың организмін шынықтыру болып табылады. Жақсы денсаулық барлық органдар мен организм жүйелерінің нормаға сай жұмыс істеуімен анықталады. Денсаулық нығайту міндеттері бала организмінің даму ерекшеліктерінен туа отырып, әр жүйе бойынша әлдеқайда нақты түрде анықталады: дұрыс және уақытылы сүйектенуге, омыртқа иілістерінің қалыптасуына, табан үзінділігінің дамуына, байланыс буындық аппараттың нығаюына көмектесетін, дене бөліктерінің дұрыс арақатыста дамуына, сүйектердің өсуі мен салмағын реттеуге себепші болып; бұлшық еттердің барлық топтарын кеуде, арқа, аяқ-қол, алақан, табан, мойын, ішкі органдар, оның ішінде жүрек, қан тамырлары, бұлшық еттерін дамыту, нашар дамыған иіп жазғыш бұлшық ет топтарына айрықша көңіл бөлу; қанның жүрекке қарай ағуының күшеюіне, оның жиырылу жиілігінің және тұтқиылдан өзгерген жүкке бейімделу қабілетін жақсарту жәрдемдесу; тыныс жолдары еттерін нығайту, кеуде клеткасының қозғалғыштығын дамыту, тыныс алудың терендеуіне ауаны үнемді жұмсауға, тыныс ырғағының тұрақталуына, өкпенің ауа сыйымдылығын арттыруға себепші болу, мұрын арқылы дем алуды үйрету; ішкі органдардың дұрыс қызмет етуіне көмектесу, теріні зақымданудан сақтау және оның дұрыс қызмет етуіне жәрдемдесу; қозу және тежелу процестерінің тең қалыптасуына, олардың қозғалмалығына, белсенді тежелістің дамуына, сондай-ақ қимыл-қозғалыстық анализатордың, сезім мүшелерінің жетілуіне себепші болу. Білім беру міндеттері. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі процесінде білім беру міндеттерін шешудің де маңызы аз емес. Қимылқозғалыс дағдыларын қалыптастыру, денені түзеу ұстау, гигиена дағдыларын бойға сіңіру, дене тәрбиесі туралы білімді игеру. Жүйке (нерв) жүйесінің икемділігі арқасында балаларда қимыл-қозғалыс дағдылары басқалармен салыстырғанда оңай қалыптасады. Олардың көпшілігін балалар күнделікті өмірде пайдаланады. Қимыл-қозғалыс дағдылары қоршаған ортамен байланыс

жасауды жеңілдетеді және оны танып білуге көмектеседі: мәселен, еңбектеуді үйренген бала оны қызықтыратын заттарға өзі жақындайды да олармен танысады, шаңғы, велосипед тебе білетін балалар қардың, желдің қасиеттерін оңай танып біледі, жүзу кезінде балалар судың қасиеттерімен танысады.

Дене жаттығуларын дұрыс орындау бұлшық еттердің, буындардың, бунақтардың, сүйек жүйесінің жетілуіне тиімді әсер етеді. Мысалы «қолды артқа сілтей құлаштап лақтыру» әдісін дұрыс үйренген бала құлаш сілтеу мен лақтыруды кеуде, аяқ, қол қозғалысының үлкен амплитудасымен орындайды, бұл бұлшық еттер, буындар, бунақтардың тиісті топтарының жақсы жетілуіне жағдай жасайды. Қалыптасқан қимыл-қозғалыс дағдылары баланың күш үнемдеуіне мүмкіндік береді. Осының арқасында жаттығуды көп рет қайталауға және жүрек қан тамырлары, тыныс жүйелеріне әлдеқайда тиімді әсер жасауға, сондай-ақ дене қасиеттерін дамытуға мүмкіндік туады. Нық қалыптасқан қимыл-қозғалыс дағдыларын пайдалану қимыл-қозғалыс және ойын ісәрекетінің күтпеген жерден туатын міндеттерін ойластыруға мүмкіндік береді. Мәселен, жүгірген бетте ұзындықтан дұрыс секіруді үйренген бала, мысалы, «Жар астында қасқыр бар» ойынын ойнап жүргенде қалай секіру керек екендігін жайын ойламай, қасқырдан қалай құтылу жағдайын ойластырады. Жеті жасқа дейінгі қалыптасқан қимыл-қозғалыс дағдылары мектепте оларды одан әрі жетілдірудің іргетасын қалайды және алдағы уақытта спортта жақсы нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. Көптеген атақты спортшылар (И.ТерОвенесян, В.Брумль т.б) дене жаттықтырумен үзбей айналысуды балалық шақтан бастаған. Мектеп жасына дейінгі балаларда негізгі гимнастика жаттығуларын (сапта тұрып жаттығу, жалпы жетілу жаттығулары, негізгі қозғалыстар-жүру жүгіру, теңдік сақтау, өрмелеу, жер бауырлап қозғалу, асып түсу, лақтыру, секіру), спорт жаттығуларын (шаңғы тебу, коньки, велосипед тебу, жүзу) орындауды қалыптастыру қажет. Мұнымен бірге балаларды спорттық элементтері бар ойындарды ойнай білуге үйрету керек (теннис, бадминтон, городки, волейбол, баскетбол, хоккей, футбол т.б.). Жас мөлшеріне қарай бөлінген топтар бойынша қалыптастырылатын қимыл-қозғалыс дағдыларының көлемі «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасында» берілген. Балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастырумен қатар алғашқы күндерден бастап, дене қасиеттерін (ептілік, шапшаңдық, күш, төзімділік, тепе-теңдік сақтау т. б.) дамыту қажет. Мұндай қасиеттерді дамытуға мүмкіндік бар екенін сандық көрсеткіштер дәлелдейді. Мысалы, күштің, шапшаңдық пен ептіліктің дамуымен бірге секіру биіктігі, ұзындыққа лақтыру алыстығы артады. Дене тәрбиесі процесінде адамгершілік, ақыл-ой, эстетика, еңбек т.б. тәрбиелерді жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер болады.

Дене жаттығуларын орындаған кезде мінездің жақсы жақтарын және адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу үшін, сондай-ақ ерік-жігер қасиеттерінің көрініс беруі үшін жақсы жағдайлар жасалады. Ақыл-ой және дене тәрбиесі өзара тығыз байланысты. Дұрыс дене тәрбиесі жүйке жүйесінің, барлық органдар мен жүйелердің қалыпты қызметі үшін мейілінше қолайлы жағдай туғызады, мұның өзі жақсы қабылдауға және есте сақтауға көмектеседі. Сонымен бірге балаларда тек дене тәрбиесіне ғана қатысты емес, іс-әрекеттің басқа түрлерінен мінез-құлықтары, табиғат және қоғам өмірі құбылыстары жайлы алған білімдері де бекемдене түседі. Балалардың барлық психикалық процестері, сондай-ақ ойлау процестері дамиды. Балаларда алған білімдері мен дағдыларын белсенділік, дербестік, зейінділік, ептілік, тапқырлық көрсете отырып, қимылқозғалыс іс-әрекеттерінде шығармашылықпен пайдалана білуді тәрбиелеу қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларда сергек, жайдарлы көңілді қамтамасыз ете отырып, жағымды эмоцияларды тәрбиелеу, сондай-ақ жағымсыз психикалық көңіл күйді тез жеңе білуді дамыту өте маңызды. Бұл жағымды эмоциялардың барлық органдармен организм жүйелері жұмысына жақсы әсер ететіндігімен, қимыл-қозғалыс дағдылары қалыптасуының шапшаңдығымен беріктігін қамтамасыз ететіндігімен де қажет. Дене тәрбиесі эстетикалық тәрбиені жүзеге асыруға жақсы жағдай жасайды. Дене жаттығуларын орындау процесінде қимыл-қозғалыстың, дене тұлғасының сұлулығын, әсемдігін, мәнерлігін, костюмдердің, дене шынықтыру жабдықтарының, айнала қоршаған бүкіл ортаның әдемілігін қабылдау, сезіну, түсіну және дұрыс бағалау қабілетін дамытуды қолдап отыру, эстетикалық жағынан лайықты мінез-құлыққа ұмтылысты, әрекеттердегі, сөздердегі, қылықтардағы дәрекілікке төзбеушілікті тәрбиелеу орынды. Дене тәрбиесі процесінде еңбек тәрбиесі жүзеге асырылады. Еңбекке даярлаудың мәні мынада, балаларда қимыл-қозғалыс дағдыларын шапшаң меңгеру қабілеті дамиды және еңбекке қажетті дене қасиеттері тәрбиеленеді. Сонымен бірге балалар бөлмені, балабақша үлескісін

жабдықтаумен, дене тәрбиесі құралдарын сабақтар кезінде орын-орнына қоюға және жинауға байланысты еңбек дағдыларын меңгереді. Балалар дене тәрбиесі жабдықтарын күтіп ұстау жөніндегі еңбек дағдыларын бойға сіңіреді: қабырғадағы сатылардың, орындықтардың, тақтайлардың, доптардың, таяқшалардың, шеңберлердің шаңын сүртеді, шаңғылардың қарын тазалайды, оларды май жағып, ысқылайды, орындарына қояды, конькилерді сүртіп жинастырады, шаналардың қарын сілкіп түсіреді, велосипедтің шаңын сүртеді. Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің процесі осы айтылған міндеттердің бәрі бірдей шешілетіндей болып құрылуы тиіс.

Қорыта келе айтарымыз, бала ағзасын қалыпты өсіру үшін мектепке дейінгі ұйымда баланың дене тәрбиесін ұйымдастыруға нұсқаушылар ерекше мән беруі керек. Күштің, қуаттылықтың және олармен байланысты жұмыс жасаудың ең жоғары ұзақтығы көрініс беру дене жаттығулары күшті, шапшаңдық - күштілікті және шыдамдылықты арттыратындар болып үш топқа бөлінеді. Қимылдың аз ғана шапшаңдығымен (сыртқы үлкен қарсылықпен) статикалық немесе динамикалық режимде көрініс беретін негізгі еттердің барынша жоғары немесе барынша жоғары шамасындағыларды күш жаттығулары деп атайды. Күшті барынша кеп көрсетумен басты жаттығулардың ең жоғары ұзақтығы бірнеше секунд ғана құрайды. Үлкен қуат жұмсау, яғни салыстырмалы түрдегі үлкен күш пен жиырылу шапшаңдығы бір мезгілде көрінетін динамикалық жаттығулары шапшаңдық - күштілік жаттығулары болып табылады. Еттердің барынша жоғары қуаттылығын, жалпы қуаттылықтың 30-50 пайызын құрайтын (статикалық күш) сыртқы қарсылықтар кезінде дамытады. Күшпен жиырылатын еттер қатысатын жаттығуының ең көп ұзақтығы 3-5 сек. 2 минут аралығында болады. Шыдамдылық жаттығуына қимылды іске асыратын еттердің негізгі тобы жұмсалатын күш пен жиырылу шапшаңдығы онша кеп болмай, дамытатын жаттығуды, бірақ оларды қалпына ұстауға және бірнеше минуттан бірнеше сағаттарға дейін қайталауға болатындарды жатқызады. Қалыптасқан өмір салты, еңбек ету мен дене тәрбиесінің жүйесі балалар мен жеткіншектердің күнделікті қозғалыс белсенділігін өзгертуі, не төмендетуі, не оны арттыруы мүмкін.

Кіші жастағы балаларда тәуліктік қозғалыс белсенділігі көп жағдайда тұқым қуалаушылық негізде қалыптасатын, биологиялық себептермен реттеледі. Үлкен жастағы балаларда әсіресе жеткіншектерде, ол әлеуметтік жағдайлардың әсерімен қоғамдық тәрбие беру барысында жекелей қалыптасады. Қозғалыс белсенділігінің де өлшемі бар. Тәуліктік қозғалыс белсенділігінің сандық сипаттамасына ие бола отырып, оның ағзаға әсер етуі туралы алдын ала айтуға болады. Тәуліктік қозғалыс белсенділігінің ең төменгі қажетті және мүмкін болатын жоғары деңгейі гигиеналық норманың шектері болады; ол бұзылса сауықтыру тиімділігі болмайды және ағза жағдайында жағымсыз өзгерістер дамуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Спорттық терминдердің энциклопедиялық сөздігі [А.Құсаиновтың жалпы ред. – Алматы, Рауан, 1995. – 220 б.]
2. Қаражанов Б.Қ., Аманбаев Р.Р., Калдыбаев М.К. Дене тәрбиелеу мәдениеті және спорт ілімі мен методикасының түсініктері. – [Алматы, 1992. – 45 б.]
3. Жолымбетов Ө.Ш, Кұлназаров А.Қ. Спорт терминдерінің түсіндірме сөздігі. – [Алматы, 2009. – 480 б.]
4. Тер-Ованесян А.А. Педагогические основы физического воспитания. - [М.: Физкультура и спорт, 1978.]
5. Введение в теорию физической культуры: Учебник пособие для институтов [Физ.Культ. /Под.ред. Л.П.Матвеева- М.: Физкультура и спорт, 1983.]

ӘОЖ 28.71

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕСТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

ОРДАБАЕВА ҮМІТ БИЛАНОВНА

Мағжан Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Резюме. В статье семья позволяет классному руководителю лучше узнать ребенка, понять стиль семейной жизни, его взаимоотношения с домочадцами, его духовные ценности. При этом используются традиционные методы психолого-педагогической диагностики.

Summary. In the article, the family allows the class teacher to get to know the child better, understand the style of family life, his relationships with members of the household, and his spiritual values. In this case, traditional methods of psychological and pedagogical diagnostics are used.

Адамзат ұрпағына отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Себебі, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген кісілік қарым-қатынасы, эмоциялық сезімдері, ілтипат ықыластары – отбасы тәрбиесінің негізгі күші. Баланың жеке тұлғасының дара қасиеттерін қалыптастыруда отбасы үлкен мүмкіндіктерге ие. Олар күнделікті отбасылық өмірде отбасының дәстүрлері мен адамгершілік ұстанымдары, шежіресі мен тарихы, отбасы мүшелерінің ортақ қызығуы мен мақсат-мүдделері арқылы іске асады. Бұл мүмкіндіктерді мектептің мүмкіндіктерімен үйлестіру – табысты тәрбиенің негізі.

Отбасын зерделеу сынып жетекшіге баламен жақынырақ танысуға, отбасы өмірінің стилін, оның үй ішіндегілермен өзара қарым-қатынасын, рухани құндылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге психологиялық-педагогикалық диагностиканың дәстүрлі әдістерін пайдаланады. Отбасындағы адамдардың әлеуметтену процесі оның типіне байланысты. Қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде отбасының көптеген типологиялары ұсынылып жүр.

Мектеп тәжірибесінде ата-аналармен жұмыс істеудің жаппай, топтық және жеке формалары мен әдістері пайдаланылады. Олардың барлығы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігін нығайту, отбасының тәрбиелеу әлеуетін күшейту, сондай-ақ ата-аналарды бала тәрбиесіне тартуға бағытталады.

Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Қоғамды құратын азамат атаулы отбасында өсіп өрбиді, тұлға болып қалыптасады.

Сынып жетекшісі бұл бағытта ата-аналардың педагогикалық және психологиялық білімдер жүйесін меңгеруіне, балаларды әлеуметтік ортадағы мінез-құлқын жақсы білуіне сай, оларға ағартушылық қызмет жүктейді. Қазіргі мектеп жағдайында ата-аналардың жалпы білім деңгейі сөзсіз артуда. Бұл олардың педагогикалық көзқарастарында қателік болмауына сенімдерін орнықтырады. Сынып жетекшінің бұл бағыттағы жұмыстары ата-аналар комитетін құрып, оның мүшелеріне белгілі бір бағытта тапсырмалар беру және олардың жұмыстарын ұйымдастыруға кеңес беріп, қолқабыс көрсетуден басталады.

Мектеп – өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Мектеп еш уақытта отбасынан, қоғамнан бөлініп мекеме болған емес. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен, қоғаммен, еңбек ұжымдарымен тығыз байланысты. Мектепте іс-әрекеттің ең бастысы – тәрбие түрлерінің (дүниетаным, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі және т.б.) мақсаты мен міндеттері жүзеге асырылады. Осы жұмыстарға мектеп басшылық жасайды, көмектеседі, тиісті тұлғалармен, ұйымдармен, отбасымен бірігіп, іске асыруды қамтамасыз етеді.

Ата-аналар балаларды тәрбиелеу ісінде мектеппен қарым-қатынас, тікелей байланыс жасауды басты міндетіміз деп есептеуі тиіс, өйткені олардың өз балаларын тәрбиелеудегі жетістіктері сынып, мектеп ұжымының оқу-тәрбие жұмысының нәтижесіне байланысты. Бұл жағдай оқу-тәрбие процесінің мазмұнын, сапасын және тиімділігін жақсарту үшін, отбасы мен мектептің ынтымақтасып жұмыс істеуін қажет етеді.

Балалармен жұмыс істеу көп ізденуді, еңбек етуді қажет етеді. Әсіресе, сынып жетекшісіне жүктелер жауапкершілік мол. Балалардың ата-аналарымен тығыз байланыста болған жағдайда ғана талапқа сай жұмыстар жүргізуге болады. Мектеп пен отбасының сынып жетекшісі арқылы реттелетін педагогикалық процестерінің арақатынасы мұғалім қызметінің диагностикасы негізінде қойылған міндеттерімен анықталады. Бала үшін отбасы – ең алғашқы да аса белсенді тұлғалық қалыптасу көзі. Отбасында қабылданған көзқарас, салт-дәстүр, ұстаным, әрекет-қылқылқ үлгілері тұлға микроэлементіне бастау беріп, оның барша өмірінің негізгі сипатын қалайды. Отбасы

тәрбиесінде қолданылатын басты әдістер – үлгі-өнеге, бірлікті еңбек, іс-әрекет, әңгіме-сұхбат, қолдап-қуаттау, баланы қорғау.

Кей мектепте құрамына жергілікті әкімшілік өкілдері, кәсіпорын, фирма, мәдени-ағартушылық ұйымдар, мәдени ұлттық орталықтар басшылары кіретін қамқорлық кеңестері қызмет етеді. Мектептің отбасымен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстар жүйесінде мектеп кеңестерінің қызмет-әрекеті ерекше орын алады, олардың қызметтері сан түрлі болып келеді. Олар ата-аналардың мектеппен байланысын нығайтуға, олардың педагогикалық сауаттылығын ұйымдастыруға ықпал етіп, кейбір отбасына бала тәрбиелеуде көмек көрсетеді (көп балалы отбасыларға, жағдайы нашар отбасыларға).

Мектеп қызметкерлерінің және ата-аналардың балаға қатысты өзінің міндеттерін орындау үшін оларға әрекеттестік жауапкершілігі жүктеледі. Олай болса, үлкендер міндетін сапалы атқару үшін – бірлік қажет. Бірлік – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы маңызды этикалық ұғым. Бірлік – адамдар арасындағы ынтымақтастық, үйлесімді тіршілік әрекетінің көрінісі.

Отбасы мен мектептің бірлікте болуы үштіктің өзара айналымына байланысы қажет: үлкендер, балалар олардың арасындағы бірліктен шынайы қарым-қатынас, өзара келісім, түсіністік туындайды. Отбасы мен мектептің бірлігі – бала тәрбиесінде отбасы мен мектептің бірін-бірі толықтыруы, өзара келісе әсер етуі, ықпал жасауы.

Отбасы мен мектептің бірлігінде баланың білім сапасын арттырудың мақсаты мен міндеттері және ортақ мақсатқа деген көзқарасы, қызығушылығы, белсенділігі анықталды.

Мектеп пен сыныптың бала отбасымен өзара әрекеттестігін жақсарту мақсатында, оқу жылының басында әр сыныпта ата-ана, ұстаз, баламен бірлесе отырып, дөңгелек үстел өткізуге болады. Мектеп – жас ұрпақты тәрбиелеуде жетекші орын; тәрбиеге байланысты барлық қоғамдық күштерді ұйымдастырушы әрі біріктіруші; балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың, жеке тұлғаның дамуы және қалыптасуында әртүрлі факторлардың ықпалын үйлестіріп, біріктірудің орталығы. Педагогтар ата-аналармен жұмыс жасағанда оларды оқу-тәрбие процесіне ұдайы тартуға ықпал етеді. Оларды әртүрлі үйірмелер, спорттық секцияларды ұйымдастыру және т.б. жұмыстарға қатыстырады. Сонымен бірге, ата-аналармен бірігіп, жүйелі бірді-екілі өткізілген сыныптық жұмыстардың тәрбиелік тұрғыда тиімділігі жоғары. Мысалы, бос уақыттарында отбасы мүшелері өздері қолдан жасаған бұйымдарын және т.б. заттарын көрсететін «Менің отбасым» «Менің отбасымның жетістіктері» және т.б. тақырыптағы іс-шаралар өткізеді.

Педагогтардың ата-аналармен жұмыстарының жүйесі, оларды мектепке тартуды көздейді. Ата-аналар заңды түрде мектеп ұжымына кірмейді, бірақ олар мектеп жұмыстарын орнымен ұйымдастыруға педагогтармен бірдей атсалысады. Олар мектепке әлеуметтік тапсырыс берушілер, сондықтан олар мектеп өміріне белсене араласуы тиіс. Өздері ассоциация құра отырып, өзін-өзі басқару органдарын құра алады және мектептің кейбір мәселелерін өз беттерінше шеше алады. Олар мектептің ата-аналар жиналысы, ата-аналар комитеті және оның комиссиясы, секциялар және т.б. жұмысшы органдар болуы мүмкін. Сонымен бірге ата-аналар мектеп кеңесінің толық құқылы мүшесі де бола алады.

Қазіргі кездегі жасөспірімдердің арасындағы қылмыстың көбеюі, адамзаттың басына төніп тұрған әртүрлі дерттің қанат жаюы, бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Баланың негізгі тәрбиешісі – өзінің туып-өскен ортасы, ата-анасы. Баланың дұрыс азамат болып өсуі немесе өспеуі көбінесе үлкендерге байланысты. «Баланы-жастан...» деген сөздің мазмұны өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң, баласының теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Жасөспірімдердің білім алуында, тәрбиесінің дұрыс қалыптасуында мектеп пен отбасының тығыз ынтымақтастық қарым-қатынаста болуы қажетті жағдай болып табылады.

Бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасы ынтымақтастығы дегеніміз – жеке тұлғаны тәрбиелеу мақсатында үйлестірілген тәрбиелік іс-шаралардың бір жүйеге бірігуі. Оқушыларды тәрбиелеуде мектеп пен отбасы ынтымақтастығының жоғары өлшемді болуына сынып жетекшісі, педагог-психолог, әлеуметтік-педагогтың орны ерекше. Сонымен қатар, мектеп оқушыларын тәрбиелеуде пән мұғалімдерінің де алатын орны зор. Пән мұғалімдері оқушылардың пәнге деген ынта-ықыласына байланысты дара ерекшеліктерін, танымдық қызығушылықтарын ашады.

Мектеп пен отбасы байланысының басты формасы – ата-аналар жиналысы. Онда күнделікті өмір, еңбек, демалыс, балалардың бос уақыты, кәсіптік бағдар, оқу, тәрбие жұмысы және т.б. талқыланып, оларды одан әрі жетілдірудің нақты жолдары қарастырылады. Сыныптың ата-аналар жиналысында ата-аналар комитеті, олардың төрағасы сайланады. Ата-аналар жиналысы мектеп

бойынша жылына екі рет, сыныптар бойынша төрт рет өткізіледі. Жиналысты дұрыс ұйымдастырып өткізуге, ата-аналар комитеті мен ата-аналар белсенділері және мектеп басшылары сынып жетекшілерімен бірдей жауап береді. Ата-аналар жиналыстарында оқу-тәрбие жұмысы қаралады, оның сапасын жақсартудың негізгі жолдары белгіленеді. Кейбір ата-аналар отбасылық тәрбие жайлы есеп береді. Жиналыстарда сынып жетекшілері ата-аналарды сынып ұжымының оқу-тәрбие жоспарымен, ал мектеп басшылары балалар және ата-аналар комитетінің іс-жоспарларымен таныстырады.

Мектеп өмірінде тақырыптық ата-аналар жиналыстарын өткізіп отырудың тәрбиелік мәні зор. Мұндай жиналыстардың мақсаты – ата-аналарды психологиялық-педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, ой қорыту. Ата-аналар қауымының тұрақты органы – ата-аналар комитеті. Ол мектеп ұжымымен бірге, оқу-тәрбие және жұртшылық көмегін пайдалана отырып, оқу-тәрбие және шаруашылық жұмыстарын жақсартудың шараларын жасайды, оларды іске асырудың барлық мүмкіншіліктерін қарастырады. Ата-аналар комитеті айналысатын басты мәселелерге мектеп және сыныптар бойынша ата-аналар жиналыстары, конференциялар, семинарлар өткізуге көмектесу; үлгермейтін және қиын балаларды назарда ұстау, сынып жетекшілеріне көмектесу; үйірме жұмыстарын басқару; балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру; экскурсия, жорықтарды ұйымдастыруға қатысу; мектеп үйін жөндеу және т.б. жұмыстар жатады. Ата-аналар комитеті мүшелерінен және ата-аналар белсенділерінен комиссия құрылып, мектеп жұмысының кейбір түрлерін педагогикалық ұжым мүшелерімен одақтасып бірге басқарады (оқу-тәрбие жұмысы; педагогикалық насихат; қоғамдық пайдалы еңбек; мәдени көпшілік жұмысы және т.б.).

Тәрбие – нәрестенің ана құрсағында пайда болған сәтінен басталса, саналы тәртіп – тәрбиенің нәтижесі ретінде бала санаға жүтінген кезден бастап қалыптасады. Балаларды тәрбиелеуші ортаға – отбасы, балабақша, мектеп және т.б. жатады. Ал, тәрбиелеуші мүшелер (ата-ана, сынып жетекшісі және т.б.) балаларға тәрбие беруде жетекшілік қызметті атқаруы тиіс. Ата-ана өз балаларының жан дүниесін жақсы түсініп, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудыруы үшін, бала тәрбиесіне қатысты білімі мен білігін ұдайы көтеріп отыру қажеттілігін өздері түсінуі қажет.

Отбасы айтқанына көндіріп тәрбиелейді; мектеп оңтайлы қылық, дұрыс көзқарас қалыптастыруға ұмтылады; балалар мен жеткіншектер ұйымдары қарым-қатынас жүйелеріне ендіреді; ал көше болса, отбасы, мектеп, әрқилы бірлестік топтар бере алмағандардың орнын толтырады. Бала осы аталған ұйымдардың өз өмірінде қайсысы басым болса, сонысын таңдайды, соның ықпал тәуелділігінде болады. Отбасы, мектеп, мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, балалар және жасөспірімдер бірлестіктері, көше, бұқаралық ақпарат құралдары – бұлардың бәрі де тұлға дамуындағы қалыптастырушы ықпал жасайтын ерекше «тәрбиешілер» тобын құрайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Иманбаева С.Т. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі [Мәтін]: оқулық / С.Т.Иманбаева, Ш.М.Майғаранова. - Алматы: "ОНОН", 2017. - 343б. - ISBN 978-601-06-4666-7. <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Download/MObject/24914>

2.Әбенбаев С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі [Мәтін]: Оқулық/ С.Әбенбаев. - Астана: Фолиант, 2017. - 312б. -ISBN 978-601-302-568-1 <http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Download/MObject/22982>

3.Чаусова, Т.А. и др.Теория и методика воспитательной работы: Электронный учебник. /Т.А.Чаусова, Ю.А.Бакина, А.В.Моделин. - Караганда: КарГТУ, 2017.*Источник: Карагандинский технический университет* <http://rmebrk.kz/book/1159451>

4 Мухаметжанова, А.О. Тәрбие жұмысының әдістемесі және технологиясы [Мәтін]: оқу құралы / А.О.Мухаметжанова. - 2-ші басылым. - Қарағанды: "Medet Group" ЖШС, 2019. - 182б. - ISBN 978-601-7938-78-9

СПОРТҚА БАУЛУ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚАЛМАХАН ӨРКЕН

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОРДАБАЕВА РАУШАН БЛӘНҚЫЗЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье эффективность оздоровительного занятия физической культурой можно увидеть в следующих случаях: повышается устойчивость организма к воздействиям окружающей среды; создает условия для улучшения процессов роста и развития; улучшаются механизмы терморегуляции; повышается сопротивляемость организма заболеваниям, вызванным воздействием холода и т.д. Эволюция человека неразрывно связана с двигательной активностью.

Summary. In the article, the effectiveness of health-improving physical education can be seen in the following cases: the body's resistance to environmental influences increases; creates conditions for improving growth and development processes; thermoregulation mechanisms are improved; the body's resistance to diseases caused by exposure to cold increases, etc. Human evolution is inextricably linked with physical activity.

Қазақ халқы бала тәрбиесін бәрінен жоғары қойған. Ұрпағымыздың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, сапалы білім берген. Бала тәрбиесі жайлы қазақ ойшылдары түрлі пікірлер айтқан. Баланың мінез - құлқы жақсы тәрбиеден туындайды. Отбасы үшін бала – зор қуаныш.

Халқымыз бала тәрбиесіне бей – жай қарамаған. Тәрбиені құнды байлыққа балаған. Бұл – ұлт болашағын ойлаудан туған даналық. Тәрбие адамның пайда болуымен бірге туындаған. Болашақта тәрбиенің қалыптасуы біріншіден үлкендермен қарым – қатынасына байланысты. Балаға тәрбиенің әсер ету әдістері: түсіндіру, оқыту, қолдау, мадақтау, көндіру, ымдау, тұспалдау, жазалау, жеке үлгі, жаттығуды көрсету т.б. Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табарлығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие беру, салауатты өмір салтын ұстану, ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Қазіргі заманғы спортта және дене шынықтыру-спорт саласында риясыз көмек көрсетуде қазақстандық тәжірибеде волонтерлер термині жиі қолданылады. Волонтерлер өз уақытын, машықтары мен қуатын жаңа идеяларды ілгерілетуге, ел мен азаматтарға көмек көрсетуге, қоғамдық игілік жұмысына арнауға дайын. Әдетте, волонтерлік халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының арасында, еліміздің шалғай өңірлерінде өзекті. Бұл жетім балалар мен аз қамтылған отбасылардың балалары, сондай-ақ шалғай ауылдардың балалары оқитын балалар үйлері мен оқу орындары. Егер жетім балаларға көңіл бөлу мен тәрбие жетіспейтін болса, ауылдың балаларына жағдай (спорттық құрал-жабдықтар жоқ, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі тұрақты негізде жоқ немесе міндетін қоса атқарады және т.б. бойынша) жасалмаған. Волонтерліктің көптеген әлеуметтік маңызды функциялары бар, олардың ішіндегі ең маңыздысы адамгершілік тәрбие, сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғырту болып табылады.

Қай жағынан алсақ та, спорттық волонтерлік – бұл даму мен жетілдірудің жаңа жолдарын, сондай-ақ кәсіби және жеке қасиеттерін қалыптастырудың бірегей алаңы, шешім қабылдау қабілеті, әртүрлі адамдармен қарым-қатынас құру және ортақ тіл табысу, сондай-ақ өз уақыты мен кеңістігін ұйымдастыру қабілеті бар белсенді өмірлік ұстанымның үлгісі. Тәртіп деңгейі бойынша әскери қызметтен кейін екінші орында тұрған спорттық тәрбиені жас кезінен қалыптастыруға болады. Қазақстанда түрлі спорт түрлерімен айналысатын, 10 жастан асқан, жартылай кәсіби спорт санатына жататын спорт түрлерімен айналысатын жастар мен жас жаттықтырушылар саны көп, олар қазірдің өзінде халықаралық, Азия, республикалық, облыстық, қалалық және аудандық

жарыстардың чемпиондары болып табылады. Олардың арасында Әлем чемпиондары, ҚР спорт шеберлері, ҚР спорт шеберіне үміткерлер бар. Бұл біздің болашағымызға немқұрайлы қарамайтын үлкен патриоттар командасы! Әрбір спортшы жеке ТҰЛҒА және спорттық волонтерлік жоба аясында біз Қазақстанның салауатты ұрпағын бірге өсіре аламыз. Осы орайда қазақ халқының дене тәрбиесіне, оны шынықтыруға, ептілікке, денсаулықты, көңіл-күйді көтеруге арналған осы кездегі дене тәрбиесі мен спортқа ерекше назар аударған. Қазақ халқы дене тәрбиесін, оның ішінде спортты дамытуға көңіл бөлгені кез келген аңыз, жырлардан көруге болады. Ежелден садақ тарту, бәйге, сайыс, күрес, аударыспақ сияқты спорт түрлерімен айналысқан қазақ халқы басқа да спорт түрлерімен айналысу арқылы өздерінің рухани байлықтарын жетілдіріп, толықтырып отырған. Халық өзіне лайықты деп санаған ұлттық спорт түрлерін, әр түрлі дене жаттығуларын үнемі жетілдіріп келген. Әр рудың, әр жүздің, әрбір хан мен бай-манаптың, болыс-бектің өз балуаны, өз мергені, өз сәйгүлігі болған. Олар бәйге-жарыстарда ірі рулардың намысын қорғаған. Қазіргі таңда балалардың спортпен айналысуына көптеген мүмкіндіктер бар. Бұл арада ең басты мақсат, мектептің дене шынықтыру пән мұғалімдері спортқа ептілігі мен икемділігі бар оқушыларды анықтап, дұрыс бағыт-бағдар беру, оның спортқа деген қызығушылығын ояту керек.

Спортқа баулу арқылы мынадай жетістіктерге жетуге болады. - баланың физиологиялық дамуы жақсарады;

- бала тәрбиесіндегі барлық ұстанымдар мен тәрбие әдістерін реттеледі;
- баланың өзіндік бағалауымен санаса отырып, қоғамның толыққанды мүшесі болуға даярланады;
- спортпен айналыса отырып, еңбексүйгіштікке тәрбиеледі;
- спорттағы достарымен өзара дұрыс қарым – қатынас жасай отырып, ата – анасын, жасы үлкендерді сыйлауды, құрметтеуді үйренеді;
- мәдени мінез – құлық пен әдет – дағдыларын қалыптастырады;
- білім мен спортты қатар ала жүріп, өз бойындағы икемділігін, қабілетін байқап, мамандық таңдауға қадам жасайды;

Бүгінгі жас ұрпақты оқытып ғана қоймай, оны жан – жақты дамыту, спортқа баули отырып, жаңаша дағдыларға тәрбиелеу қажет. Жас ұрпақтың бойына ең негізгі құндылықтарды сіңірте отырып, дені сау балаларды тәрбиелеу болып табылады. Тәрбие саласындағы барлық өзгерістердің өзегіне осы тұрғыдан келуіміз заңды. Жастарға білім беру мен тәрбиелеу, спортқа баулу осы негізде жүйеленуі қажет деп есептеймін. Осы саладағы маман дене шынықтыру саласында жұмыс істеу үшін толық білім мен дағды кешеніне ие болады. Бұл әртүрлі қызмет түрлері дегенді білдіреді. Олардың барлығы адам мүмкіндіктерін барынша пайдалану үшін танып білуге бағытталған. Сонымен қатар кәсіби маман салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етеді. Ол халықтың бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытады. Сондықтан оқу процесінде әртүрлі саладағы: жаратылыстану және экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық пәндерді меңгеру қажеттігі туындайды. Нәтижесінде колледж түлегі алған білімдерін тек практикалық бағытта ғана емес, сонымен қатар білім беру, зерттеу, ұйымдастыру бағытында да қолдана алатын болады. Дене шынықтыру мұғалімдері, спорт жаттықтырушылары, нұсқаушылар және спорт қызметшілері білім беру ұйымдарында білім алушыларды дене шынықтыруға оқытуды жоспарлайды және жүзеге асырады, сондай-ақ әуесқой және кәсіби спортшылармен олардың спорттық жетістіктерін жақсарту, спорттағы бұқаралық шараларға қатысуға жәрдемдесу үшін жұмыс жасайды, жекелеген спортшылар мен командалардың спорттық жетістіктері мен нәтижелері тіркелетін құжаттаманы ресімдейді, сондай-ақ белгіленген қағидаларға сәйкес спорттық шараларды дайындау және өткізу кезіндегі міндеттерді ұйымдастырады және орындайды. Еліміздегі балалар мен жасөспірімдер гигиенасында, денешынықтыру тәрбиесінің мақсаты - қандай да бір спорттық нәтижелерге жету емес, жоғары деңгейдегі денсаулық көрсеткішіне жету. болып табылады. Бұл мақсат жеке адамдармен қатар, жалпы қоғамның мүддесіне де сәйкес келеді. Көпшілік қауым баланың чемпион титулына талаптануына тиым сала алмайды, бірақ оны денсаулығына әсер ететін қауіптен қорғауға міндетті. Көрсетілген мақсатқа жету үшін, денешынықтыру тәрбиесінің міндеттері оның жетістіктеріне байланысты біршама өзгертілді және әлі де өзгертілуде. Жастардың әлеуметтік іс-әрекеттерге жарамдылығы негізінде жүргізілген есептеулер бойынша бұл өзгертулердің тиімділігі өте көптеген факторларға байланысты.

Дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі міндеттеріне: денсаулықты нығайту, функционалдық мүмкіндіктер мен дене бітімі дамуының үйлесімділігін жетілдіру; қимыл-қозғалыс дағдыларын, бұлшық ет күшін дамыту; жылдамдық, төзімділік, ептіліктің негіздерін құрып, жетілдіру; еркіндік пен тәртіп саласын дамыту; гигиеналық дағдыларға тәрбиелеу; т.с.с. жатады. Дене шынықтыру тәрбиесін салауттандырудың тиімділігін төмендегі жағдайлардан көруге болады: организмнің қоршаған ортаның әсеріне төзімділігі артады; өсу мен даму процесстерінің жақсаруына жағдай жасайды; жылуреттеуші механизмдер жетіледі; организмнің салқын тигеннен пайда болатын ауруларға қарсы төзімділігі жоғарылайды т.б. Адам эволюциясы қимыл-қозғалыс белсенділігімен үзбей байланыста болады. Қимыл-қозғалыс тіршіліктің белгісі және организмнің биологиялық қажеттілігін қамтамасыз етудің, әлемді танып, білудің құралы. Қимыл-қозғалыс белсенділігі дегеніміз - белгілі уақыт аралығындағы дене қозғалыстарының жиынтығы. Қимыл-қозғалысқа биологиялық қажеттілік, баланың өмірге алғаш келген күнінен бастап пайда болады, бірақ, ол әлеуметтік факторларға байланысты өзгеріп отырады. Тіршілік жағдайы мен тәрбие жүйесі тәуліктік қимыл-қозғалыс белсенділігін шұғыл төмендетіп, не болмаса, жоғарылатып жіберуі мүмкін. Ол ерте жаста биологиялық (генетикалық) механизммен ал одан кейінірек, ересек жастарда әлеуметтік механизм бойынша реттеледі. Бірақ қазіргі кезде денешынықтыру тәрбиесінің өсіп келе жатқан жастардың тілегі мен мүмкіндіктерін ескеретін, көптеген жаңа түрлері пайда болып жатыр. Бұлар, спорт-тық билер, ырғақты гимнастикалар "аэробика", қытай гимнастикасы "ушу" және т.б. Олардың көбі, өзінің жаңалығымен, қолайлылығымен арнаулы бөлмелер мен арнаулы құралдарды қажет етпейді. Сондықтан денешынықтыру тәрбиесінің қосымша түріне қатал регламентация сақталмаса да болатын сияқты. Олардың негізі еркін таңдау, қолайлылық және формалды түрде болмауы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.В.Кенеман, Д.В.Хухлаева "Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің теориясы мен методикасы" Алматы, "Мектеп" 1985ж.
2. І.Сманов, А.Әліпбек "Дене шынықтыру мәдениеті және спорт педагогикасы" Шымкент, 2004 ж.
3. Д.В.Хухлаева "Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі" М., 1976 ж.
4. Б.А.Ашмарин "Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі" Алматы, 1999 ж.
5. З.Есмағанбетова "Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі" Алматы, 1990 ж.
6. Т.И. Осокина "Балабақшадағыденетәрбиесі" М., 1976 ж.

ӘОЖ 8268.054.1

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

АТАХОДЖАЕВ ЮНУСХОДЖА

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОРДАБАЕВА РАУШАН БЛӘНҚЫЗЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье использование наглядных пособий на уроке физкультуры имеет большое значение для теоретического обоснования совершенствования физического развития учащихся. Методы физической подготовки – это методы использования упражнений физической подготовки с разными группами занимающихся для выполнения определенных задач в различных ситуациях.

Summary. In the article, the use of visual aids in physical education lessons is of great importance for the theoretical justification for improving the physical development of students. Physical training methods are methods of using physical training exercises with different groups of exercisers to perform specific tasks in different situations.

Дене тәрбиесінің тәжірибесінде әдістер қаншама көп болғанымен, оның бәрі жан-жақты пайдаланыла бермейді. Сондықтан, олардың анықтамаларын білу- біздің әртүрлі міндеттерді орындауда дұрыс бағыт алуымызға, тиімді әдістерді таңдауымызға көмектеседі. Дене шынықтыру сабағында көрнекілік құралдарды қолданудың білім алушылардың дене дамуын жетілдіруін теориялық тұрғыдан негіздеуге маңызы зор. Әртүрлі жаттығушылар тобымен әрқилы жағдайда белгілі бір міндеттер орындау үшін дене тәрбиесі жаттығуларын қолдану, пайдалану жолын - дене тәрбиесінің әдістері деп атайды. Мысалы, қайталау әдісі, үйрету әдісі. Әрбір әдіс өзінің құрамына кіретін әдістемелік тәсілдердің көмегімен жүзеге асырылады. Нақтылы үйрету міндетіне сәйкес жаттығуларды орындау әдістемелік тәсіл ретінде қарастырылады.

«Әдіс» деген түсініктен «әдістеме» түсінігін ажырата білу керек. Әдістеме деп дене тәрбиесі үрдісінде белгілі бір нәтижеге жету жолына бағытталған амалдар мен әдістер жүйесін айтады. Дене тәрбиесінің барлық әдістері арнайы (тек қана дене тәрбиесі процесіне тән) және жалпы (дидактикалық білім беру және тәрбие бағытында қолданылатын) болып екі топқа бөлінеді. Дене тәрбиесінің арнайы әдістері: а) қатаң шектелген жаттығулар әдістері; ә) ойын әдісі; б) жарыс әдісі. Дене тәрбиесінің жалпы әдістері: а) сөзді қолдану әдістері; ә) көрнекілікті қолдану әдістері. Дене тәрбиесі үрдісінде спорттық және қозғалмалы ойындардың элементтерін қолдану – ойын әдісі деп аталады. Ойын әдісінің мынандай өзіне тән ерекшеліктері мен белгілері бар: 1. Белгілі бір мақсатқа (жеңіске) жету үшін ойынның жоспары және тәртібі арқылы ойнаушыларды ұйымдастыру.

2. Ойын әрекеттері кезінде ойнаушылардың бәсекелестік, жеңіске деген ұмтылысының, көңілкүйлерінің көтерілуі.

3. Ойын барысында жаттығушылардың өз бетімен қимыл-әрекет жасауға шешім қабылдауы (ойынға қатысушы жүгірудің, секірудің, лақтырудың жолын өзі таңдайды).

4. Қимыл-әрекеттердің алуан түрлілігі, олардың ойын барысында, әртүрлі жаттығуларда кенеттен пайда болуы.

5. Ойын барысындағы ойынға қатысушылардың әртүрлі қарым-қатынастары.

Ойын әдісі. Ойын әдісінің көмегімен дене қасиеттерін (күш, төзімділік, шапшаңдық, ептілік) кешенді дамытуға, бұрын үйренген қимылдарды жетілдіру және білім алушылардың өзіндік қасиеттерін тәрбиелеуге (батылдық, тапқырлық, ұйымдастырушылық, өз бетімен шешім қабылдаушылық), бұдан басқа да көптеген мақсаттарды жүзеге асыруға болады. Жаттығуларды ойын әдісімен жүргізу оқушыларды қызықтырып, жақсы әсер қалдырады, бірқалыптылықтан құтқарады. Ойын әдісінің бір кемшілігі жүктеме мөлшерін дәл біле алмау.

Жарыс әдісі. Дене тәрбиесі жаттығуларын жарыс, бәсеке түрінде орындау, жарыс әдісі деп атайды. Жарыс әдісінің ең негізгі белгісі - біріншілікте қарсыласыңды, команданы, топты жеңу үшін бәсекелесу, күрес, күш сынасу жағдайында жоғарғы көрсеткіштерге жету. Бұл әдіс әртүрлі мақсаттарды орындауда пайдаланылады. Мысалы, адамгершілік, жігерлілік, дене қасиеттерін тәрбиелеу, күрделі жағдайда қимылдың ептілігі мен дағдысын жетілдіру. Жарыс әдісі адам ағзасының мүмкіншіліктеріне жоғарғы талаптар қояды да, оның ары қарай тез дамуына ықпал етеді. Жарыс әдісінің міндетті түрде орындалуы үшін керекті шарт: жарыс, бәсеке жаттығуларына білім алушылар өте жақсы дайындықпен келулері керек, ол болмаса берілетін үлкен қарқынды жүктемелер олардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, бұл әдіс білім алушылар жаттығуды орындау кезінде пайда болатын міндетке өз шешімін тез қабылдауын талап етеді (өйткені, мұғалімнің, жаттықтырушының ақылкеңесін жарыс кезінде есту мүмкіндігінің өте аз болуы).

Қатаң шектелген жаттығу әдісі. Қатаң шектелген жаттығу әдістерін зерделеу маңызды. Жаттығу кезінде көп қайталанатын жүктеме мен тынығуды алмастыра орындайтын қимыл-әрекетте қатаң шектелген жаттығу әдістерін пайдалану көптеген мүмкіншіліктерге қол жеткізеді: 1. Жүктеме көлемін қатаң мөлшерлеуге. Бұл әдісті қолдану кезінде жүктемені ең төменгі шамаға дейін жоғарылатып, басқаруға болады.

2. Әр түрлі дене қуатының қасиетін дамыту және жаттығу арқылы жеке дене мүшелеріне әсер ету.

3. Дене тәрбиесі үрдісінде жеке үйретуді пайдалану.

4. Кез келген күрделі жаттығуларға үйрету.

5. Дене тәрбиесі жаттығуларын әр түрлі жастағы адамдар арасындағы сабақ, жаттықтыру кездерінде пайдалану мүмкіншілігі. Осы әдістің көмегімен жаттығуларды жас балалардан бастап

егде жастағы адамдарға дейін қолдана аламыз. Қатаң шектелген жаттығу әдістері екі топқа бөлінеді: а) қимыл-әрекетке үйрету; ә) дене қасиеттерін жетілдіру. Қимыл-әрекетке үйрету әдістерінің сипаттамасын қарастыру қажет. Қимыл-әрекеттердің күрделілігіне қарай тұтас та, бөлшектеп те үйретуге болады.

Тұтас үйрету әдісі. Тұтас үйрету әдісі жаттығуларды бөлшектемей толық үйрету кезінде мынадай жағдайларда: 9 Қарапайым қимыл-әрекетке үйрету кезінде; 9 дене қуаты және техникалық дайындығы жоғары білім алушылармен жүргізілетін жаттығу сабақтарында; 9 қимыл-әрекетті бөлшектеп үйретуге болмайтын, бөлшектесе техника негізінің сапасы болмайтын жағдайда; 9 бұрын үйренген жаттығуларды жетілдіруде қолданылады. Жаттығуларды бөлшектеп үйрету әдісі кезінде қимыл-әрекетті бөлшектеп жеке-жеке меңгеріп, сонан соң бәрін қосып толық қайталайды. (Мысалы, гимнастика сабағындағы алға аунап 7 түсу, басқа тұру, жанға айналу жаттығуларының техникасын жеке-жеке үйреніп, меңгергеннен кейін толық қайталау және т.б.). Күрделі қозғалыс техникасын үйренуді жетілдіруге жақындататын жаттығулар қолданылады. Мұндай жаттығулардың техникасы негізгі, күрделі жаттығудың бөлшектеріне ұқсас болып келеді. Бұл жаттығулар біртұтас түрде, білім алушыларға түсінікті және қолайлы болуы керек.

Спорттың акробатика - жұптасып және топтасып орындалатын акробатикалық жаттығулар. Гимнастиканың бір түрі ретінде қаралатын аса күрделі жаттығу. Көркем гимнастикамен әйелдер шұғылданады. Жалпы көркем гимнастикасының орындалуы би қозғалысына негізделген, қолда әр түрлі құрал-жабдықтарды ұстап жүріп немесе лақтыра отырып, сол құралдың қозғалысымен бірге билеп жүріп орындалады. Ең әуелі гимнастика сабағы басталмас бұрын, сабақтың қауіпсіздік ережесін үйрену керек. Мұғалімнің тұжырымдамасымен орындалады. Гимникамен арнаулы шұғылданушы өзі сақтана жүріп, спортпен шұғылданудың жалпы ережесін білуі керек. Содан кейін, әріптесін сақтандыра білуі керек. Мұны орындау әр спортшының міндеті. Жеңіл атлетика - бүгінгі таңда тек біздің елде ғана емес, дүние жүзінде кең таралған спорт түрі. Жеңіл атлетиканың негізгі жаттығулары - тегіс жерде жүгіру, бедерлі жерде жүгіру, жүру, кедергілермен жүгіру, ұзындыққа және биіктікке секіру, лақтыру, жеңіл атлетикалық көпсайыс. Жеңіл атлетикалық көпсайыс - көпсайыс құрамына жеңіл атлетиканың жаттығуынан 10 жаттығуға дейін кіреді. Олар - жүгіру, секіру, лақтыру және кедергілерден өту. Сөре және мәре. Жарыс барысында сөреден шығу үшін жүгіруші төменгі және биік сөре жағдайында тұрады. Қысқа қашықтыққа жүгіргенде төменгі сөре жағдайында тұрады. Орта және ұзын қашықтыққа жүгіргенде биік сөре жағдайында тұрады. Төменгі және биік сөреде жүгіріп шығу әдіс-тәсілін студенттер мектеп бағдарламасынан оқып кеткендіктен, оған қайтадан оралмадық. Жеңіл атлетиканың негізгі жаттығуы - жүгіру. Ол жеңіл атлетиканың барлық жаттығуларында қолданады. Сондықтан, кім болсын, жеңіл атлетикамен шұғылданғанда, ең алдымен жүгірудің айла-тәсілін меңгеруі керек. Жүру. Адам баласының табиғи жүруі бар. Екінші - жүрудің спорттық түрі бар. Әрине, екеуінің айырмашылығы жер мен көктей. Спорттық жүрістің негізгі ережесі, әрбір аттаған сайын, яғни, алдыға аттаған аяқтың өкшесі жерге тимейінше итерілетін аяқты жерден көтеруге болмайды. Яғни, жүгірудің алғы шарты орындалады. Спорттың жүріспен жарысқа қатысқан спортшы жүгіріп кетпес үшін көтеріліп кететін фазасын төрешілер мұқият қадағалайды. Әдетте, жүгірудің әдісін білетін спортшылар төменгі сөреден шығудың әдісін жақсы меңгерген болса, жылдамдықтан көп ұтады. Бұл деген жүгіріс әдісін меңгерді деген сөз. Ал жоғарғы сөре жүгіріс әдіс-тәсілін меңгеруге айтарлықтай әсер ете қоймайды. Бірақ орта және ұзақ қашықтыққа жүгіргенде аяқты көтеріп алып, алға соза басудың өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, біреу қысқа адымдайды, енді біреу жүгіргенде адымын ашады. Жүгірушінің жылдамдығы, міне, негізінен осы жағдайдың орындалуына байланысты. Осыған орай мынандай жаттығуларды орындауға болады: белгілі бір қашықтықты (400, 800, 1000 м) бір темппен жүгіріп өту (бірнеше рет қайталау); 20-30 м қашықтықты өте жоғары жылдамдықпен жүгіріп өту. 6-8 рет қайталанады; соқпақ жолды бір темппен жүгіріп өту (1000, 2000. 3000 м); белгілі бір қашықтықты тізені көтеріп жүгіріп өту; аяқтың өкшесімен ғана жүгіру; аяқтың ұшымен жүгіру; жүреден отырып жүгіру; сыңар аяқтап секіріп, жүгіру; қысқа қашықтыққа төменгі сөреден шығып, жоғары жылдамдықпен жүгіру (20, 30, 40 м); қолды жерге тірмей төменгі сөреден жүгіріп шығу; белгілі бір қашықтықты аяқты артқа сілтеп жүгіру; белгілі бір қашықтықты арқамен алдыға қарап жүгіріп өту; 30-40 м қашықтықты екі аяқтап секіріп жүгіру; 30-40 м қашықтықты орында тұрып секіріп өту; 30-40 м қашықтықты жүреден отырып жүріп өту. Биіктікке секіру. Биіктіктен секіру үшін спортшы ең әуелі сілтейтін және итерілетін аяқты анықтап алады. Шамамен 7-9 м жүгіретін жерін белгілейді. Әдетте, биіктікке секіретін спортшы кермеден секіруге

жүгірген кезде аса жоғары жылдамдықпен бастағанымен, кермеге жақындаған кезде жылдамдық төмендейді.

Қазіргі заман педагогінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, сонымен қатар ол танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, білімді және инновациялық технологияны жан-жақты меңгерген, жоғары мәдени, педагог атағына ие, кәсіби құзырлы маман болу талап етілуде. Спорт мамандарының кәсіби әрекеті жүйесіндегі ең басты компоненттерінің бірі – ол педагогикалық компонент. Мысалы, қосымша білім беру саласындағы түрлі категорияларымен (балалар, жеткіншектер мен ересектер, т.б.) жүргізілетін спорттық жұмыстарында педагогикалық білімдер мен педагогикалық дағдылар қажет, жалпы дене мәдениеті проблемаларын шешу үшін педагогикалық әдістерді қолданады. Сонымен бірге дене шынықтыру мұғалімінің өзінің іс-әрекетінің мазмұндық және процессуалдық компоненттерін қазіргі инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану арқылы жүйелеуде. Қорыта айтқанда, педагогикалық құзыреттілік спорттық педагогтің көпәспектiлi әрекеттерi кезiнде нақты мақсатталған, нәтижелi шешiмдер қабылдауына өз септiгiн тигiзедi. Осылардың барлығын ескере отырып, дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің теориялық және практикалық кәсіби дайындығының ең маңызды міндеті ретінде болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруды белгілеуге болады.

Жас ерекшелігін ескере отырып, сауықтыру тапсырмалары барынша нақты түрінде айқындалады: омыртқа иілімдерінің қалыптасуына, табан ойысының дамуына, сүйек-буын аппаратының нығаюына көмектеседі; барлық бұлшық ет тобын, әсіресе бүгу – бұлшық еттерді дамытуға; дене мүшелерінің дұрыс қалыптасуына; жүрек-қантамырлар қызметі мен тыныс алу жүйесін жетілдіруге ықпал етеді. Тәрбиелеу тапсырмалары балалардың жан-жақты дамуына, олардың жүйелі денені шынықтыру жаттығуларына қызығушылығы мен қажеттілігін қалыптастыруға көмектеседі. Балаларда салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған, баланың үнемі ширақ, көтеріңкі көңіл күйде болып, физикалық және психикалық дамуы қамтамасыз етілетіндей жағдайлар жасап, оқытуды ұйымдастырудың маңызы өте зор.

Оқыту келесі дидактикалық қағидаларға негізделеді. Саналы әрекет және белсенділік, көрнекі болу, қолжетімді және дараландырылу, жүйелілік, ілгерілеушілік.

Еліміздің болашағы, өркениетті елдердің қатарында тізе тірестіре тұруы мен бәсекеге қабілетті болуы бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуден басталады. Сол ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілікті арқалаушы қауымның бірі – мұғалімдер. Әлемдік озық тәжірибелергенегізделген оқытудың жаңа түрін дамыту, эроқушының табиғи қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдайлар жасау қазіргі таңдағы мұғалімге беріліп отырған тапсырма іспеттес. Білім мазмұны жаңартылуда, жаңа перспективалар, оқытудың жаңа технологиялары пайда болуда. Қарқынды даму үдерісін бастан кешіріп жатырған мұғалімдер мен оқушылар үшін басты ұстаным – неғұрлым көбірек дағдыларды игеру. Осындай жаңашылық пен жаңалықтар барысында ақыл-оймен қатар дене мүмкіндіктерінің дамуы маңызды екендігін естен шығармаған жөн. Яғни, денсаулығы зор, дене мүмкіндіктері жоғары нәтиже көрсететін адам ғана кез-келген қиындықтарды өткеретіндігі хақ. Осы орайда мектептегі басқа да білім беру пәндерімен қатар дене шынықтыру пәнінің де алар орыны бар. Білімді, тәрбиелі және дені сау ұрпақтарды оқыту үшін аталмыш пән мұғалімдері де өзіндік тәжірибесін шыңдап тұрулары қажет. Кәсіби шеберліктерін дамыту үшін, бір мүддені мақсат еткен ұстаздар тобы біріге жұмыстанса оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу ықтималдылығы жоғарылайды. Дене шынықтыру сабағын ұйымдастырудың негізі оның құрылымы жаттығулар мен қимыл-қозғалыс ойындарын іріктеу және бөлудің болжамды жоспары. Дене жаттығуларының физиологиясы мен гигиена талаптарына сәйкес әзірленген және дене жүктемесі кезінде 6-7 жасар бала организмнің шаршауы мен жұмыс қабілеті заңдылықтарына байланысты болады. Жалпы дамыту жаттығулары организмге, жекелеген бұлшық ет топтары мен буындарға тікелей ықпал етеді, сондай-ақ қимыл-қозғалыс үйлесімділігінің жақсаруына, кеңістікте бағдарлай алуына, жүрек-қантамырларға және организмнің тыныс алу қызметіне оң әсер етеді. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындау үшін бастапқы қалыптың маңызы зор. Әртүрлі бастапқы қалыптар қолданылады: тұру, отыру, тіземен тұру, шалқасынан жату, етпетінен жату. Бастапқы қалыпты өзгерте отырып, педагог қозғалыс тапсырмасын күрделендіре немесе жеңілдете алады.

Педагог баланың психофизиологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, оның мүмкіндіктеріне сүйене отырып, қимыл әрекеттерді үйрету барысында оның алдына біртіндеп

жаңа қимыл тапсырмалар қояды. Жаңаны меңгеру балалардан белгілі бір физикалық және психикалық күш-жігерді, қиындықты жеңе білуді, жинақылықты, мұқияттылықты, ой нақтылығы мен белсенділігін, зейінді дамытуды талап етеді: эмоционалды, егер оқыту үрдісі қызығушылық туғызса және балалардың көңіл күйіне оң әсер беретін болса; бейнелі – қимыл-қозғалыстың көрнекі үлгісін қабылдау және жаттығу орындау кезінде; сөз-логикалық – тапсырманы ұғыну және жаттығудың барлық элементтерінің орындалу ретін, қимыл ойында мазмұны мен әрекетті есте сақтау және оларды өздігінен орындау кезінде; қимыл-қозғалыс – жаттығуды балалардың өзінің практикалық орындауына байланысты; ерікті, онсыз жаттығуды түйсіне, өздігінен орындау мүмкін емес. Физикалық әлеуетті дамыту әлеуметтік құзыреттіліктің дамуымен, баланың адамгершілік сана-сезімінің қалыптасуымен, оның толеранттылық, кеңпейілділік және өзара көмек көрсету, мақсатқа ұмтылу, адалдық секілді адамгершілік қасиеттерінің дамуымен тығыз байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхамеджанова Ұ.Ж. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі. - Астана: Фолиант, 2011 ж.
2. Уанбаев Е.Қ. «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» оқу құралы. Өскемен С. Аманжолов атындағы ШҚМУ Баспасы 2006 ж.
3. Болатбек Б. Дене тәрбиесі. Алматы: Атамұра, 2004 ж.

ӘОЖ 75.31

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

АЛИМБЕКОВ РЫСБЕК ТҰРЫСБЕКҰЛЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье физическая активность и оздоровительный спорт являются отличными средствами физической подготовки для укрепления и профилактики здоровья. Они идеально подходят для людей с сидячей работой, а также работников сферы образования. Главное требование – нагрузки должны быть посильными и ни в коем случае не должно быть перенапряжения.

Summary. In the article, physical activity and recreational sports are excellent means of physical training for strengthening and preventing health. They are ideal for people with sedentary jobs, as well as educators. The main requirement is that the loads must be feasible and in no case should there be overvoltage.

Спорт – денсаулық кепілі. Ал мықты денсаулық – адамның еңбекке, қоғамдық іс-әрекетке белсенді қатысуының кепілі. Дене тәрбиесі мен спорт – адам өмірінің ажырамас бөлігі. Дене еңбегі және әуесқойлық спорт денсаулықты нығайту және алдын алу үшін дене шынықтырудың тамаша құралы болып табылады. Олар отырықшы жұмысы бар адамдарға, сондай-ақ білім қызметкерлеріне өте қолайлы. Негізгі талап - жүктемелер орындалатын болуы және ешбір жағдайда шамадан тыс кернеу болмауы керек. Қазіргі уақытта қарт адамдарда да, жастарда да қозғалыс және физикалық белсенділіктің жетіспеушілігі байқалады, бұл зат алмасудың баяулауына және адам ағзасындағы жасушалардың белсенділігінің төмендеуіне әкеледі. Нәтижесінде адамдардың физикалық төзімділігі әлсіз болып, артық салмақ жинайды. Бұл мәселелерді дене тәрбиесінің көмегімен шешуге болады. Дене шынықтыру – адамның денсаулығын нығайтуға және дене қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-әрекеті. Ол денені үйлесімді дамытады және көптеген жылдар бойы тамаша физикалық жағдайды сақтайды. Дене тәрбиесі – адамның жалпы мәдениетінің бөлігі, сонымен бірге қоғам мәдениетінің бөлігі және адамның дене және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту үшін қоғам қолданатын құндылықтардың, білімдердің және нормалардың жиынтығы. Соңғы онжылдықтарда дене тәрбиесінің адам өміріндегі маңызы өлшеусіз өсті. Бұл біздің заманымызда өндірістегі және үйдегі

дене еңбегінің үлесі күрт азайып, сонымен бірге қолайсыз факторлардың – қоршаған ортаның ластануы, әсіресе өнеркәсіптік қалалардағы, нашар тамақтанудың ағзаға әсері күшейгенімен байланысты.

Адам өз денсаулығының жасаушысы, ол үшін күресуі керек. Кішкентай кезінен белсенді өмір салтын ұстану, шынықтыру, дене шынықтырумен айналысу, жеке гигиена ережелерін сақтау - бір сөзбен айтқанда, ақылға қонымды жолдармен денсаулықтың шынайы үйлесімділігіне қол жеткізу керек. Жүйелі дене тәрбиесі біздің ағзамыздағы барлық физикалық және психикалық процестердің негізгі реттеушісі болып табылатын орталық жүйке жүйесіне оң әсер етеді. Дене мәдениетінің жүйке процестеріне оң әсері әрбір адамның қабілеттерін толық ашуға, оның психикалық және физикалық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал етеді. Жүйелі жаттығулар жүректің, өкпенің жұмысын жақсартады, зат алмасуды арттырады, тірек-қимыл аппаратын нығайтады. Ауыр жүктемелер кезінде жаттыққан адамның жүрегі жиі жиырылып, бір жиырылған сайын көбірек қан шығара алады. Бір жұмыс уақытында жаттыққан дене тереңірек тыныс алу және бұлшықеттерге қоректік заттардың жақсы жеткізілуіне байланысты көбірек оттегін алады және ассимиляциялайды.

Дене шынықтырумен және спортпен айналысатындар өзіне деген сенімділікті арттырады, ерік-жігерін шыңдайды, бұл олардың өмірлік мақсаттарына жетуге көмектеседі. Дене шынықтыру жүйке-эмоционалдық жүйеге жақсы әсер етеді, өмірді ұзартады, денені жасартады, адамды әдемі етеді. Дене тәрбиесіне немқұрайлы қарау семіздікке, төзімділікті, ептілікті, икемділікті жоғалтады. Таңертеңгілік жаттығу дене шынықтырудың маңызды элементі болып табылады. Дегенмен, ол ұйқыдан кейін дененің жұмыс істеу ерекшеліктерін, сондай-ақ белгілі бір адамның жеке ерекшеліктерін ескеретін дұрыс пайдаланылған жағдайда ғана пайдалы. Ұйқыдан кейін дене белсенді ояту күйіне әлі толық ауыспағандықтан, таңертеңгі жаттығуларда қарқынды жүктемелерді пайдалану ұсынылмайды. Таңертеңгілік жаттығулар ұйқының ісіну, летаргия, ұйқышылдық және басқалар сияқты әсерін тиімді түрде жояды. Ол жүйке жүйесінің тонусын арттырады, жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің, эндокриндік бездердің жұмысын күшейтеді. Бұл мәселелерді шешу дененің психикалық және физикалық өнімділігін біркелкі және бір уақытта жылдам арттыруға және оны қазіргі өмірде жиі кездесетін маңызды физикалық және психикалық стрессті қабылдауға дайындауға мүмкіндік береді.

Дене жаттығулары – адамның физикалық дамуы үшін қолданылатын қозғалыстар немесе әрекеттер. Бұл тұлғаны физикалық жетілдіру, өзгерту, оның биологиялық, психикалық, интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік мәнін дамыту құралы. Дене жаттығулары дене шынықтырудың барлық түрлерінің негізгі құралы болып табылады. Олар миға әсер етіп, көңілділік пен қуаныш сезімін тудырады, оптимистік және теңдестірілген нейропсихикалық жағдайды жасайды. Дене шынықтырумен балалық шақтан қартайғанға дейін айналысу керек. Дене шынықтырудың сауықтыру және профилактикалық әсері қозғалыс белсенділігінің жоғарылауымен, тірек-қимыл аппаратының функцияларын күшейтумен, зат алмасуды белсендірумен тығыз байланысты. Қозғалыс белсенділігі мотор тапшылығын (физикалық әрекетсіздік) жеңу үшін де, денсаулықты сақтау және нығайту үшін де үлкен маңызға ие. Қозғалыс белсенділігінің жетіспеушілігі адам ағзасында табиғатпен белгіленген нейро-рефлекторлық байланыстардың бұзылуына әкеледі, нәтижесінде жүрек-тамыр және басқа жүйелердің жұмысы бұзылады, зат алмасу бұзылады және әртүрлі аурулардың дамуына әкеледі.

Дене шынықтыру қазіргі қоғамның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде халықтың барлық топтарының дамуы мен тәрбиесіне күшті әсер ететін көп қырлы әлеуметтік құбылыс. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, дене тәрбиесі адам өмірінде өте маңызды рөл атқарады деген қорытынды жасауға болады. Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерте кезден көңіл бөлген. Баланың ақыл-ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына айрықша мән берген. Халқымыздың спорттық ойындары осының бірден-бір дәлелі. Жастайынан балаларға дұрыс тәрбие берудің маңызы зор. Атқа мініп, асық атып, бәйгеге шауып, теңге іліп өскен жас шымыр, епті де икемді болып өседі. Салауатты өмір сүру дегеніміз – дене тәрбиесімен, спортпен шұғылдану. Салауатты өмір сүрмей тұрып, өміріңе қажетті нәрсені алу мүмкін емес.

Қазақ жерін мекендеген тайпалар мен халықтардың дене мәдениеті туралы археологиялық қазбалардың нәтижесіне сүйене отырып, ғылыми болжаулар арқылы білеміз. Дене жаттығулары мен түрлі ойындардың шығу тегі ежелгі адамдардың мекен еткен географиялық ортасына, климаттық жағдайына байланысты болды.

Мәселен, солтүстіктегі адамдар шаңғы жасауды үйреніп, аң аулауға шаңғымен шығатын болған. Ал, жылы аймақтарда тұратындар ат ұстап, ит үйреткен. Аттарымен көшіп-қонып, аң аулап тіршілік еткен. Судың жағасында тұратын адамдар ескек есіп, жүзуді үйренген. Қысқы мезгілде аң сүйектерінен конькилер жасап, мұз бетінде әртүрлі ойындар ойнаған. Осылайша олар өздерінің сана-сезімдерін, ойлау қабілеттерін дамытып отырған. Осыдан дене қимылы жаттығуларының, спорттық ойындардың адамзат тарихында ерте кезде пайда болғанын білеміз. Ал, Американың алғашқы адамдары үлкен қашықтықта жүгіру, ауыр заттарды көтеру, допты нысанаға тастау секілді ойындарды ойнаған екен. Тайпалық қоғамда ұл мен қызды бөлек тәрбиелеген. Ұл балалар әскер ойындарын ойнап, аңшылықпен айналысса, қыздар би билеумен қатар, тұрмыстық еңбекке араласты. Осылайша дене жаттығулары мен түрлі ойындар біртіндеп ұрпақты тәрбиелеудің маңызды құралына, рулық-тайпалық қоғамның басты қызмет түріне айналды.

Дене шынықтыру мен спорт мәселесі қай елдің болсын, негізгі стратегиялық бағыты болып есептеледі. Өйткені болашақты ойламай, келешекте қуатты мемлекетке айналу мүмкін емес. КСРО кезінде жастардың тек рухани ғана емес, дене қимылының дамуына да айрықша көңіл бөлінді. Спорт дегеніміз – адамдардың денсаулығы. Сонымен қатар еңбекке дайындығы, жасөспірімдерді әскери қызметке даярлау, тәртіптілікке, ерлік пен батырлыққа тәрбиелеу. Сондықтан спорт саласын жетілдіру балабақшалардан, мектептерден, арнаулы орта және жоғары оқу орындарынан қолға алынып, жақсы жолға қойылды. Дене тәрбиесі бойынша оқу бағдарламалары жетілдіріліп, материалдық база нығайтылды. Соғыстан кейінгі уақыттарда мектептерде, жоғары оқу орындарында әскери дайындық сабағы оқу бағдарламасынан алынып, дене шынықтыру пәні қайтадан енгізілген болатын. Бейбіт өмірге оралған сәттен дене тәрбиесі жұмысы жандана түсті. Дене шынықтыру мұғалімі қызметі енгізілді. Уақыт өте келе, дене тәрбиесі заман талабына сәйкес өзгеріп, жаңаланды. Жаңа талаптар қойылды. Спорттық мамандықтар енгізілді. Денсаулығы нашар білім алушылар үшін бөлек оқу сабақтары өткізілді. Қысқы және жазғы демалыс кездерінде спорттық-сауықтыру лагерьлері жұмыс істеді. Түрлі жарыстар ұйымдастырылып, спорттық клубтар, қоғамдар ашыла бастады.

Елде тоқырау болған жылдары оның зардабы барлық салаға, соның ішінде дене шынықтыру мен спорт саласына да тиген болатын. Осы уақыттарда елде адам денсаулығына кері әсер ететін жаман әдеттер көбейді. Сондықтан 1986 жылы елді экономикалық, әлеуметтік, саяси-мәдени дамытумен қатар, дене шынықтыру және спорт саласын одан әрі жетілдіру мәселесі көтерілді. Ол үшін туристік жорықтар ұйымдастыру, материалдық базаны нығайту, спорттық индустрияны дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары жүргізілді. Ежелден садақ тарту, бәйге, күрес, аударыспақ сияқты спорт түрлерімен айналысқан қазақ халқы басқа да спорт түрлерімен айналысу арқылы өздерінің рухани байлықтарын жетілдіріп отырған. Халық өзіне лайықты деп санаған ұлттық спорт түрлерін, әр түрлі дене жаттығуларын үнемі жетілдіріп отырған. Әр рудың, әр жүздің, әрбір ханның өз балуаны, өз мергені, өз сәйгүлігі болған.

Тәуелсіздігіміздің ақ таңы атқан жиырма жылдан астам уақыттың ішінде елімізде спорт саласын дамыту барысында Елбасының тікелей басшылығымен қыруар жұмыстар атқарылып келеді. Балалар мен жасөспірімдер арасында спортты дамыту ісі бірінші кезекте тұрған мәселе. Осыған орай мектептерде, жоғары оқу орындарында көптеген спорттық секциялар, үйірмелер жұмыс істеуде. Жылдан жылға спорт базалары көбейіп келеді. Ұлттық спорт түрлері де жақсы жолға қойылған. Атап айтсақ, қазақша күрес, тоғызқұмалақ, аударыспақ, бәйге, көкпар, қыз қуу, асық ату, бестас сияқты спорт түрлерінен арнайы федерациялар құрылған. Ресми жарыстар өткізіліп тұрады. Соңғы жылдары спорт нысандарын салу, спортшыларымызды халықаралық жарыстарға дайындау сияқты мәселелерге ерекше көңіл бөлініп келеді. Елімізде дене шынықтырумен, спортпен тұрақты шұғылданатын адамдардың саны да жыл санап артып келеді. Бұл – жақсы нәтиже, мақтанарлық жайт.

Дене шынықтыру мұғалімдері, спорт жаттықтырушылары, нұсқаушылар және спорт қызметшілері білім беру ұйымдарында білім алушыларды дене шынықтыруға оқытуды жоспарлайды және жүзеге асырады, сондай-ақ әуесқой және кәсіби спортшылармен олардың спорттық жетістіктерін жақсарту, спорттағы бұқаралық шараларға қатысуға жәрдемдесу үшін жұмыс жасайды, жекелеген спортшылар мен командалардың спорттық жетістіктері мен нәтижелері тіркелетін құжаттаманы ресімдейді, сондай-ақ белгіленген қағидаларға сәйкес

спорттық шараларды дайындау және өткізу кезіндегі міндеттерді ұйымдастырады және орындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тілеуғалиев Ю. Дене тәрбиесі оқыту әдістемесі А. «Атамұра» 2003 ж.
2. Қасымбекова С., Д. Мырзахмед. Дене тәрбиесі сыныптан тыс жұмыстар. А. «Атамұра» 2001 ж.
3. Тлеулов Э. «Дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесі». Шымкент 2003 ж.
4. Филин В.П. Теория и методика юношеского спорта: Учебное пособие. М.: ФиС, 1987

ӘОЖ:373.3

ҚАЗАҚСТАНДА ФУТБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

ЕРДЕН АЗАМАТ СЫМБАТУЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 2 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛИМБЕКОВ РЫСБЕК ТҰРЫСБЕКҰЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье представлена история распространения футбола в Казахстане. Футбол пришел в Казахстан в 1909-1910 годах. Поначалу искусство стало развлечением для молодежи городов Урала, Атырау, Актобе, Павлодара, Семипалатинска, Петропавловска и постепенно стало популярным.

Summary. The article presents the history of the spread of football in Kazakhstan. Football came to Kazakhstan in 1909-1910. At first, art became entertainment for the youth of the cities of the Urals, Atyrau, Aktobe, Pavlodar, Semipalatinsk, Petropavlovsk and gradually became popular.

Дене жаттығуларының жіктелуінің негізін бірқатар критерийлер құрайды: 1) энергетикалық критерийлер – қуат көздерінің қайсысы басым болуы бойынша (аэробты және анаэробты), қуатың жұмсалудың деңгейі бойынша (ккал/с бірлігі бойынша) және жинақы; 2) биомеханикалық қимыл құрылымы бойынша – циклді, ациклді және аралас; 3) дене сапсының басым болу критеріі бойынша – күшті, шапшаңдықты, шапшаңдықты-күшті, төзімділікке арналған жаттығулар, бағдарлы немесе күрделі-техникалық; 4) жұмыстың шекті уақыты бойынша критерийлер –салыстырмалы қуатты аймақтар бойынша бөлетін.

Қазіргі кезде жалпы қабылданған дене жаттығуларының В.С.Фарфель (1970) құрастырған жіктелуі жатады.

Барлық жаттығулар әртүрлі күйлерге және қимылдарға бөлінген. Барлық қимылдар стандарттық критеріі бойынша стандартты немесе стеротипті (қимылдардың қайталануымен орындалатын) және стандартсыз немесе ситуациялы (спорттық ойындар және жекпе-жек). Стандартты қимылдар спорттық жетістіктің бағалама сипаты бойынша екі топқа бөлінеді – сапалы мәнді (баллмен бағаланады) және сандық сапасы бойынша (кг/литрмен, секундпен) жаттығулар. Сандық жаттығулардан әртүрлі құрылымды ациклді және циклді жаттығулар ерекшеленеді. Ациклді жаттығулардың ішінде өзіндік-күшті (ауыр атлетика), шапшаңдықты-күшті (секірулер, лақтырулар) және шекті (ату) жаттығулар айқындалады.

Жұмыстың шекті уақыты бойынша циклді жаттығулар салыстырмалы қуат аймақтары бойынша төрт түрге бөлінеді: максимальды қуатты (10-15с-тен 30-40с-ке дейін), субмаксимальды қуатты (30-40с-тен 3-5мин-қа дейін), үлкен (5-6 мин-тан 20-30 мин-қа дейін), бірқалыпты қуатты (30-40 мин-тан бірнеше сағаттарға дейін.). Бұл кезде ескерілген бір жағдай – дене жүктемесі адам ағзасына берілетін физиологиялық жүктемеге тең емес. Физиологиялық жүктемені сипаттайтын негізгі өлшем – орындалған жұмыстың шекті уақыты.

2. Спорттық дене күйі мен статикалық жүктемелердің физиологиялық сипаттамасы. Дененің күйі дегеніміз қаңқаның бөлімдерінің белгілі бір тәртіппен бекінуі. Белгілі бір күйді

сақтағанда қаңқа бұлшық еттері механикалық реакцияның екі түрін – тонустық күшену және күйді дұрыстау үшін кезеңді жиырылуын атқарады.

Дененің негізгі күйлері: жату, отыру, қолды тіреп отыру. Ең күрделі күй – қолды тірей орындалады (алақанды тіреп тұру, саусақ ұшын тіреп тұру). Дененің күйі кез келген қимылдың негізін құрайды, жұмыс жасап тұрған бұлшық еттерге тірек болады, буындардың қажетті жағдайдағы қозғалысын қамтамасыз етеді. Дененің күйі ерікті және еріксіз болады. Еріксіз күй шартты және шартсыз рефлексстер нәтижесінде құрылған, автоматты түрде орындалуға дейін жеткен ерікті күй. Адам қозғалысыз күй жағдайында жұмыс орындағанда статикалық жұмыс орындайды. Бұл кезде бұлшық еттер изометрлік тәртіппен жиырылады. Статикалық жұмыс кезінде бұлшық еттер үзіліссіз белсенділік танытады да, осыншама жүктеме берілген динамикалық жұмыс орындағаннан кездегіге қарағанда қатты шаршайды. Статикалық күштенулер кезінде бұлшық еттердің қанмен қамтамасыз етілуі қаншалықты статикалық күштену азайса, соншалықты азаяды. Қазіргі кездегі мәліметтерге қарағанда, статикалық жұмысты орындау кезінде бұлшық еттердегі артериялық қысым 400-500 мм с.б.-на дейін көтеріледі, ал бұл қанның шеткі кедергіні жеңуіне қажет (Хоревский).

3. Стандартты циклді және ациклді қимылдардың физиологиялық сипаттамасы. Стандартты немесе стереотипті қимылдар қимылдардың тұрақтылығымен және реттілігімен сипатталады. Қимылдар құрылымы бойынша стандартты қимылдар циклді және ациклді болып бөлінеді.

3.1. Динамикалық және циклді жұмыстың физиологиялық сипаттамасы салыстырмалы қуат бойынша беріледі. Стандартты циклді қимылдар бір қимылдың бірнеше рет қайталауымен сипатталады, бұл кездегі әрбір қимыл алдыңғы және келесі қимылдармен байланысты болады да, барлық циклдерде бірдей реттілік сақталады. Бір циклдің басталуы алдыңғы циклдің соңы болып табылады. Мұның негізін ырғақты қимыл рефлексі құрайды.

3.2. Ациклді қимылдардың физиологиялық сипаттамасы. Ациклді қимылдар кезінде циклді бірнеше рет қайталанбайды. Бұл кездегі қимылдар стереотипті, жатталған элементтердің жиынтығын бір қайтарымды орындаудан тұрады. Бұл элементтердің бастамасы, келесі қимылдардың реттілігіндегі тізбегі, және нақты белгіленген соңы болады. Бұл қимылдардың нәтижесі спортшы денесі қозғалатын ара қашықтық (ұзынынан, және жоғары секіру) мөлшерімен; стандартты снаряд қозғалатын ара қашықтық (найзаның, ядроның) мөлшерімен; спортшы көтеретін штангі салмағымен бағаланады. Сондай-ақ, ациклді қимылдарға баллмен бағаланатын сапалы маңызды қимылдар жатады – гимнастика, акробатика, мәнерлеп сырғанау, суға секіру және т.б.

Шаршау түсінігінің анықтамасы. Шаршаудың түрлері. Шаршау – атқарылған жұмыстың нәтижесінде уақытша туындайтын және жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуімен сипатталатын ағзаның физиологиялық күйі. Шаршау қажу сезімінен туындайды.

Шаршаудың бірнеше түрлері бар: ақыл-ой, талдағыштар, дене шаршауы және эмоциялық шаршау.

Сондай-ақ, тез шаршау бар, бұл кезде берілген жүктеме ағзаның жұмысқа қабілеттілігінен артып кетеді және созылмалы, бұл ұзақ уақыт қалпына келмеуден туындайды.

2. Шаршаудың қалыптасу теориясы. Қазіргі уақытта шаршаудың механизмдерін түсіндіретін бірнеше теориялар бар. Оларға – бұлшық еттердегі қуат көздерінің таусылу (Шифф, 1868) теориясы, бұлшық еттерде зал алмасудың соңғы өнімдерінің жинақталу (Пфлюгер, 182) теориясы, метабоилттермен улану (Вейхард, 1902) теориясы, тұншығу - оттегінің жетіспеуі нәтижесінде (Фервон, 1903) және кеңестер одағы елдерінде кеңінен таралған – И.М. Сеченовтың (1903) жасаған және А.А. Ухтомскимен толықтырған шаршаудың орталық жүйкелік теориясы.

Бірақ, қазіргі кездегі әдістер шаршаудың қандай да бір мүшелердегі немесе мүшелер жүйесіндегі, нақты жүйке жүйесіндегі өзгерістерге қатысты себептерін анықтай алмайды. Шаршау, біріншіден, көптеген мүшелердегі және мүшелер жүйесіндегі функционалді өзгерістердің дамуымен, екіншіден, қызметінің төмендеуі қандай да бір дене жүктемелерін орындау кезінде байқалатын мүшелер мен жүйелер қызметінің әртүрлі үйлесімділігімен байланысты.

3. Шаршаудың орнығуы. Шаршаудың орнығуының физиологиялық механизмдері өзара байланысты ағзаның үш түрлі жүйелеріндегі ығысулармен байланысты, атап айтқанда – ОЖЖ-де, жұмыс жасап тұрған бұлшық еттерде және ағзаның ішік ортасында.

4. Әртүрлі дене дене жүетемелері кезіндегі шаршаудың ерекшеліктері. Бұлшық ет жұмысы кезінде шаршаудың әртүрлі құрылымды және қуатты дамуының әртүрлі факторлары бар.

Максимальды қуатты циклді жұмысты орындау кезіндегі басты фактор – нейрондардан қаңқа бұлшық еттеріне және жұмыс жасап тұрған бұлшық еттерден орталыққа берілетін күшті импульстер ағымынан ОЖЖ-ң қажуы. Одан басқа, нейрондардағы АҮФ, КрФ-ң мөлшері азаяды, ми құрылымында тежегіш медиатор – гамма-амин май қышқылының мөлшері артады.

Субмаксимальды қуатты жұмысты орындау кезінде шаршаудың негізгі факторы – жұмыс барысындағы ағзаның ішкі ортасының өзгерістері: гипоксия (қандағы оттегінің мөлшерінің төмендеуі), қанның рН реакциясының 7-ге дейін (тыныштық күйде – 7,36) төмендеуі, қандағы сүт қышқылы концентрациясының 250 мг/%-ға дейін (тыныштық күйде 10-20 мг/%) артуы. Зат алмасу өнімдерімен улануда және үлкен импульстер ағымынан ОЖЖ қажиды. Оттектік борыш максимальды деңгейіне – 22л-ге жетеді.

5. Шаршаудың биологиялық маңызы. Шаршаудың биологиялық маңызы – ол уақытылы ағзаны зорығып кетуден сақтайды. Шаршаудың қайталануы ағзаның функционалді мүмкіндіктерін арттырады, өйткені физиологиялық және биохимиялық ығысулар ағзаның дене жүктемелеріне бейімделу мүмкіндігін арттыра отырып, қалпына келу процестерін жетілдіреді.

6. Бұлшық ет қызметінен кейінгі қалпына келу процестерінің физиологиялық сипаттамасы. Процестің қалпына келуі дегеніміз ағзаның қызметтік күйден тыныштық күйге көшуі немесе жұмыс аяқталғаннан кейінгі функционалді жүйелердің қызметінде жүретін өзгерістер жиынтығы. Қалпына келу процестері жұмысты орындау кезінде жүруі мүмкін (әсіресе ауыспалы қуатты жұмыстың орындалуы кезінде), бірақ, негізінен жұмыстан кейін жүреді. Қалпына келу процестері жүретін уақыт – қалпына келу кезеңі деп аталады.

Қалпына келу – ағзаның тек қана жұмыс алдыңғы күйге қайтуы емес, бұл кезеңде ағзаның функционалді күйін арттыратын өзгерістер жүреді, яғни шынығудың оң тиімділігі артады.

7. Қалпына келу процестерінің физиологиялық заңдылықтары. Қалпына келу процестерінің бірқатар заңдылықтары бар: қалпына келу процестерінің біркелкісіздігі. Жұмыстан біте салысымен қалпына келу тез жүреді, кейін оның шапшаңдығы төмнедейді де, баяу қалпына келу кезеңі қалыптасады. Мұндай заңдылық көбіне ауыр дене жұмысынан кейін байқалады. Бірқалыпты жүктемелерден кейін ғана тез қалпына келу кезеңі байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Overview of Soccer. Encyclopædia Britannica. Басты дереккөзінен мұрағатталған 12 маусым 2008. Тексерілді, 4 маусым 2008.

2. Guttman Allen *The Diffusion of Sports and the Problem of Cultural Imperialism // The Sports Process: A Comparative and Developmental Approach / Eric Dunning, Joseph A. Maguire, Robert E. Pearton — Champaign: Human Kinetics, 1993. — P. 129. — ISBN 0-88011-624-2.*

3. Dunning Eric *The development of soccer as a world game // Sport Matters: Sociological Studies of Sport, Violence and Civilisation — London: Routledge, 1999. — P. 103. — ISBN 0-415-06413-9.*

4. *Team Sports // Catastrophic Injuries in High School and College Sports — Champaign: Human Kinetics, 1996. — P. 57. — ISBN 0-87322-674-7.*

5. Қыдырмолдина, А. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері: оқулық / А. Қыдырмолдина. - Алматы : ЖШС РПБК Дәуір, 2014. - 528 б. <http://e-lib.dulaty.kz/ISBN 978-601-217-478-6>

ӘОЖ 373.3.016

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

КУЛМУРАТОВА С.К.

№31 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье представлены способы формирования у учащихся навыков читательской грамотности.

Summary. The article presents ways to develop students' reading literacy skills.

Сауаттылық – адамның одан арғы өмірінің дұрыс өрбуінің алғашқы іргетасы, адамның сыртқы ортамен жақсы қарым-қатынас жасау, тез бейімделу және сол ортада әрекет ете алу қабілеттілігі. Қазіргі сауаттылық баланың тек оқи, жаза алуымен шектелмейді. Керісінше, күнделікті өмірде еңбек әрекетіне араласу барысында кез-келген жағдайға бейімделе алуы, тануы, шешім қабылдауы. Яғни, кез-келген ортада алған білімін, мүмкіндігін көрсете алуы. Біз көп жағдайда функционалды сауатсыз екенімізді қиындықпен бетпе-бет келгенде ғана сезіп жатамыз.

1. Оқу сауаттылығының маңызы: Оқу сауаттылығы дегеніміз не? Бұл оқу үдерісіндегі мәтінді түсіну және оның мазмұны бойынша өз пікірін қалыптастыру қабілеті. Бұл дағдылардың қазіргі білім беру жүйесінде және күнделікті өмірде маңызы зор. **Оқу сауаттылығын қалыптастырудың қажеттілігі:** Неліктен оқу сауаттылығын дамыту керек? Қазіргі ақпараттық қоғамда оқушының ақпаратты тиімді қабылдау, талдау және қолдану қабілеті аса маңызды.

2. Оқу сауаттылығын қалыптастырудың тапсырма түрлері

1. Мәтінмен жұмыс істеу тапсырмалары

Мазмұндама: Оқушыларға мәтінді оқып, негізгі идеяларды қайта баяндау тапсырмасы беріледі. Бұл мәтінді түсіну және оны өз сөздерімен жеткізе алу қабілетін дамытады.

Сұрақтар мен жауаптар: Мәтін бойынша сұрақтар дайындау және оларды нақты, толық жауаптармен қамтамасыз ету. Бұл мәтінді тереңірек түсінуге және ақпаратты өңдеуге көмектеседі.

Сұраққа жауап бер
Бала тағаны неге аламыз?
Әкесі баласына қандай ақыл айтты?
Әкесі тағаны не істеді?

Суреттің көмегімен ертегінің реттілігін анықтап, мазмұнын айта

"Жапония тегі" әдісі

- Сөйлемнің басы аяқталған парақшалар таратылады. Сөйлемдерді жалғастырып, толықтырып айтады.
- Сөйлемді қорытуға байланысты 3 сөйлем жазыды, осы сөйлемдерді 3 сөз етіп қалдырады. Соңында 3 сөзді қорытып 1 түйінді сөз жазыды.

"Шығарма картасы" әдісі

- Сөздің шығарманың тақырыбын, авторын, кейіпкерлерін, оқиға мекеніні, оқиға орнын, шығарманың негізгі ойын картаға жақсыды.

2. Анализ және синтез тапсырмалары

Мәтінді талдау: Мәтіннің құрылымын, негізгі идеяларын, жанрын және автордың көзқарасын талдау. Бұл тапсырма мәтінді жүйелі түрде түсінуге бағытталған.

Мәтінді синтездеу: Түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді біріктіру және жаңа ақпарат жасау. Бұл дағды оқушыларға ақпаратты біріктіріп, қорытынды жасауға көмектеседі.

"Сканерлеп оқыту" әдісі

1. Мәтінде "жол" сөзі неше рет кездеседі? **Жасылмен** сызыңыз.
2. Мәтінде мақал бар ма? **Сарымен** сызыңыз.
3. "Иолды тегін" деген қандай мағына береді?
4. Мәтінде тілек сөз бар ма? **Қарамен** сызыңыз.
5. Мәтінде тарихқа қатысты сөздер бар ма? **Қызылмен** сызыңыз.

3. Критикалық ойлау тапсырмалары

Мәтіннің сынға алынуы: Оқушылар мәтінді сыни тұрғыдан қарап, оның күшті және әлсіз жақтарын анықтауы тиіс. Бұл тапсырма аналитикалық қабілеттерді дамытуға бағытталған.

Дебат және пікірталас: Мәтіннің негізгі идеяларын талқылап, әр түрлі көзқарастарды қарастыру. Бұл тапсырма оқушылардың пікірін білдіру және аргументтеу дағдыларын қалыптастырады.

4. Жоба және шығармашылық тапсырмалар

Шығармашылық жобалар: Мәтін негізінде жеке немесе топтық жобалар жасау. Бұл тапсырмалар шығармашылық ойлау мен ынтымақтастықты дамытуға бағытталған.

Творчестволық жазба жұмыстар: Оқушылар мәтінге байланысты өз әңгімелерін немесе эсселерін жазу. Бұл тапсырма жазу қабілетін жақсартуға көмектеседі.

3. Оқу сауаттылығын қалыптастырудағы әдістемелік тәсілдер

Дифференциация: Әр оқушының жеке ерекшеліктеріне қарай тапсырмаларды бейімдеу. Бұл әдіс оқу сауаттылығын барлық оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес дамытуға көмектеседі.

Құзыреттілік тәсіл: Тапсырмаларды оқу сауаттылығын тексеру және дамытуға бағытталған нақты мақсаттарға сәйкес жасау. Бұл тәсіл оқушылардың практикалық дағдыларын жақсартады.

Кері байланыс: Оқушыларға өз жұмыстарының нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беру және оларға нақты ұсыныстар беру. Бұл әдіс оқу процесінің тиімділігін арттырады.

4. Қорытынды

Тапсырмалардың тиімділігі: Өртүрлі тапсырма түрлерінің оқу сауаттылығын қалыптастырудағы маңызы мен тиімділігі.

Болашақта қолдану: Бұл тапсырмаларды қалай қолдануға болады және оқу үдерісінде олардың тиімділігін арттыру жолдары.

5. Сұрақтар мен пікірлер

Сұрақтарға жауап беру: Қатысушылардың қойылған сұрақтарына жауап беру.

Пікір алмасу: Семинар қатысушыларымен тәжірибе алмасу және ұсыныстарды талқылау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оқу сауаттылығын арттыруда мәтінмен жұмыс жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдері. Әдістемелік құрал. Жубаева Ж.О. Глепова Г.М.

ӘОЖ: 37.321.23

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

ДАУЛЕТБАҚОВА С.Е.

Байгелді Кейкиев атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. В этой статье основной целью внедрения национальных культурных ценностей в воспитательную работу является воспитание у учащихся высокой морали, благотворительности, высокой ответственности, воспитания своей нации и родины.

Summary. In this article, the main goal of introducing national cultural values in educational work is to educate students in high moral, charity, high responsibility, education of their nation and motherland.

Рухани жаңғыру аясында ұлттық дәстүр мен салттың, өнеге мен тәлімнің ерекше дамуына барлық мүмкіндіктер жасалып отыр. Халықтың ғасырлар бойы жасалған мәдениеті мен рухани әлемі қазір жандану үстінде. Елдің өткеніне, тарихына өзгеше көзқарас қалыптасуда, әсіресе бұл қажеттілік ұрпақ тәрбиесіне байланысты туындап отыр. Әр халық өзінің жас ұрпағы қайырымды, адал, үлкенді құрметтейтін, әділ, ержүрек, ізгі ниетті, ар-ожданы мол болып өссін деп армандайды, бұл мәселені өзінің тұрмыс-салтына байланысты шешіп отырады.

Бала тәрбиесі қай заманда, қай қоғам үрдісінде болсын үздіксіз ізденуде ізгі мұрат екені

баршаға аян. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлаумен бала бойында үнемі үйретілетін ізеттілік, қайырымдылық, әдептілік, елін-жерін сүюшілік асыл қасиеттері салт-дәстүрден бастау алатыны белгілі. Әр халықтың көне заманнан бері келе жатқан өзіне тән әлеуметтік мәдени мұралары бар.

Ұлттық-мәдени құндылықтар – ата-бабамыздың тәрбиеге қатысты асыл қоры, осы тұрғыдан ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше, сонымен қатар, қазақ поэзиясының бөлінбес бір бөлшегі. Оған қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, айтыс, ертегі, аңыздар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жатады. Осындай асыл қазына – халық тәлімінсіз күнделікті өмірде жүзеге асуы мүмкін емес. Ұлтымыз өз ұрпағын «Балаларға оқу, білім берілсін, сұлу мінез әр өнермен өрілсін», – деп Ж.Баласағұн [1] айтқандай, еліміздің көк байрағындай желбіреп, тәуелсіз мемлекетіміздің тізгінін өз қолдарына мықтап ұстайтын азаматтар тәрбиелеуде, ғасыр бойы пайдаланып келген ауыз әдебиетіміздің асыл қорын бүгінгі күнге дейін құнын жоймай келген мұраны оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану көкейкесті мәселе.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде [2], кемеңгер де ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларындағы халықтың бай дәстүрі жете сипатталады. Д.Әшімхановтың «Бес арыс» еңбегіне [3] шолу жасағанда кемеңгер ойшылдарымыздың қай-қайсысы да балаға тәрбие беруде, олардың білімін кеңейтіп көзқарасын қалыптастыруда ұлттық мәдениеттің тәлім-тәрбиенің, әдет-ғұрыптың алатын орнын баса көрсеткен.

Бұл ғалымдар қазақ халқының болашағы – жастарды жан-жақты дамыту үшін нені оқыту, қалай оқыту керектігін айта келіп, берілетін білімді ұлттық-мәдени құндылықтарды негіздеу арқылы олардың бойында халықтың рухани байлығын сіңіруге болатынын дәйектейді. Біз осы бағыт-бағдар негізінде мектеп пәндерін оқыту барысында ұлттық-мәдени құндылықтарды кеңінен пайдалануды көздейміз.

Қазақтың көрнекті қайраткері, ірі тіл маманы Ахмет Байтұрсынұлы: «Кемшілік болмас үшін әр ұлт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, өзге тілді оқыта бастайды» – деген еді [11]. Демек, жас ұрпақты ұлттық ерекшеліктеріндегі әдет, салт-дәстүрлерінен тәлім-тәрбие алуға негіз болатын – ана тілі.

Қазақ халқының туысқандық, бауырмалдылық қасиеті оның жеті атасын білуді талап етеді. «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер», «Жеті атасын білмеген – жетесіз» – деген халықтың дана сөздері бар. Сондай-ақ «Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» – деген аталы сөз де бірліктің, бауырмалдылықтың белгісін білдіреді.

Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі мұрасына көз жіберсек, отбасына байланысты тұнып тұрған дәстүрдің бар екенін көреміз. Ұлттық салттар мен дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың заманға сай, ұрпақтарымызды өркендетер өрнектерін халық жоғары бағалайды.

Төменгі сынып оқушыларының ерекшелігін ескере отырып, ұлттық-мәдени тәрбие берудегі негізгі жол – іс-әрекетті ұйымдастыру. Оқушының өзі жолдастарымен, құрбыларымен, ересек адамдармен қарым-қатынас жасауда, халықтық дәстүрі негізінде балалардың қуанышты көңіл-күйін туғызатын қызықты іс-әрекеттерді педагогикалық, психологиялық талаптарға сай ұйымдастыру керек. Бастауыш сынып оқушыларын жан-жақты қабілетті адамзат етіп өсіруде халықтың салт-дәстүрінің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдылық ролі орасан зор. Өзге халықтар сияқты қазақ елінің де бала тәрбиесі жөнінде атам заманнан бері жиып-терген мол тәжірибесі бар. Аға буын өз бойындағы ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін-жерін, отансүйгіштік секілді ең асыл қасиеттерін жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үнемі үйреніп, қаны мен жанына сіңіріп келеді.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Қазақта әр бала әкесінің жеті атасын білетін болған. «Ассалаумағалейкум» деп екі қолын созып амандасқан ауылдың жасөспірімдерін ауыл қарттары немесе көрнекі ауыл ақсақалдары «Уағалейкумәссалам» деп жақсы сәлем қайтарып, алдымен «Айналайын кімнің баласысың?» деп сұрайтын.

Әкесінің есімі таныс болмай қалса, «ол қайсысы, әлгі кімнің баласы ма?» деп немесе «әлгінің немересі ме?» деп баладан аталарының есімдерін сұрай бастайтын. Жеті атасын сол арада мүлт етпей атап шыққан бала неғұрлым жас болса, қарттар соғұрлым риза болатын-ды.

Ерте кезде мақалсыз, мағынасыз сөйлеген қарияларымыздың сөзінің қадірі болмаған.

Мақалдап, мәтелдеп маңызды сөйлеуді борышым деп санаған.

Мақал-мәтелді әуел баста жеке адамдар шығарған, біреуден-біреу жаттау, ауызекі айта жүріп, өзгеріп жалпы халықтық мұраға айналған, яғни өмірден көрген-білгендерінен жасаған ақыл-ой қорытындысы екені мәлім. Оны айтылған сөзді көркейту үшін ғана емес, көркем шығармаларда да көп қолданады. Ақын-жазушылар ғана өз шығармаларында қолданып қоймайды, әрбір мәдениетті, сауатты адам өмір қайығында заманына қарай оны өңдейді, өз жанынан шығарады.

Мысалы: «Оқу – өмір шырағы, кітап – білім бұлағы» десе, оны «Жыланның күші – тілінде, ғалымның күші–білімде» деген теңеулермен салыстыра қолданады.

Ұлттық-мәдени құндылықтарды оқу-тәрбие жұмысына енгізудегі басты мақсат: оқушыларды биік адамгершілікке, қайырымдылыққа, жоғары жауапкершілікке, өзінің ұлтын, халқын, Отанын қастерлеп, оған қалтқысыз қызмет етуге тәрбиелеу. Олардың білімге ынтасы мен қызығушылығын көтеру. Алған білімін табиғат, тұрмыс, өмір заңдылықтарымен байланыстырып, тәжірибеде қолдана білуге, ойлау қабілеттері мен тіл шеберліктерін дамытуға, тапқырлыққа, суырып салма шешендікке, әдемілік пен әсемдікке, алғырлық пен ептілікке, ерлікке, тұрмыс қажеттерін өздері өндіретіндей кәсіптің түрін таңдай білуге, еңбекқорлық пен шынайы шеберлікке үйрету.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осыған сәйкес оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік-дағдыларды меңгертумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Бұл әрине, мұғалімнен көп ізденісті талап етеді. Соңғы кездері бастауыш мектептерде дәстүрлі емес сабақ түрлері, соның ішінде кіріктірілген сабақтар ерекше орын алуда. Жас бүлдіршіндерді халықтың салт-дәстүрі, әдеп-ғұрыптары арқылы оқытып-тәрбиелеу өте ұтымды. Себебі, жастайынан халықтық тәлім-тәрбие негізінде тәрбиеленген жеткіншек болашақта өз халқын, өз жерін ардақтайтын адал да, парасатты азамат болып өсетіні сөзсіз.

Балалардың қабілетін кеңінен өрістете дамытуға тек мектеп қана мақсатты түрде ықпал ете алады. Бірінші сыныптан бастап балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін қандай жұмыс түрлерін, әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады деген мәселе туындайды. Мұнда ең алдымен, біздіңше, оқушыға түрлі тақырыпта, мазмұнды шығарма жаздырту жұмысы орын алады. Балалар көптеген грамматикалық қателер жіберетіні белгілі. Сол себепті де уақытты үнемдей отырып, оқушылармен жеке дара жұмыс ұйымдастыру өте тиімді және бұл арада мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасы, тіл табысуы да ерекше рөл атқарады. Өйтені, оқушының ар-намысына сын келтірмей, оған керісінше, кеңесші бола отырып, жіберген қателіктерін сыпайы да саналы түрде жеткізе білу, кез-келген мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді.

Ертегі – халық шығармасы, халық мұрасы. Онда халықтың ертеңге деген сенімі мен үміт-арманы, бақыт туралы ойлары тоғысып жатады. Қай халық болса да өзінің дамуында қилы-қилы жолдардан өтеді. Сол жолдардың кейбір көрінісін ертегі арқылы қалдырады. Сондықтан балаларды ертегі оқуға қызықтыру, жақсы қасиеттерді оқушылар бойына сіңіру мақсатында «Ертегілер еліне саяхат» атты апталық немесе ашық сабақ өткізуге болады.

Ұлттық ойындар арқылы мектептегі оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру – педагогиканың маңызды қорларының бірі. Олар оқыту мен тәрбиелеуге кешенді көзқарастың құралы есебінде көрініс береді. Бұлардың іс жүзіне асырылуы оқушылар білімінің мазмұны мен құрамына сапалық өзгерістер енгізеді. Өйткені ол білімнің жиынтығын қамтамасыз етіп, оның ғылыми деңгейін арттырады, сонымен бірге кең бейінді дағдылардың да қалыптасуына жағдай жасайды.

Ұрпақ – өмірдің жалғасы, халықтың мұрагері, кең даламызда көшпелі күн кешіп, аттың жалында, түйенің қомында жүрсе де, халқымыз ұрпағына жақсы тәрбие берудің салтын, дәстүрін, әдет-ғұрпын қалыптастырған. Еңбекті сүю, қиыншылыққа төзімді болу, ел намысын қорғау, өзгені жатсынбау, ата-тегін жадында сақтау, сөз ақылын қастерлеу, тапқырлық пен алғырлық таныту, ата салтын бұзбау, жасы, жолы үлкенді сыйлау, қонақтың меселін қайтармау, көрші кәдесін жасау, адал болу сияқты талаптар қойған. Халықтық тәрбиенің асыл қазынасын қастерлеп, өткендегі мәдени мұра атаулыны іске асыру, жас ұрпағымыздың бойына ұлттық мәдениетті, ізгі салт-дәстүрді, сыпайылық пен мейірімділікті уағыздау, халықтық мәдени білім берудің өзегіне айналуы

қажет.

Ұлттық-мәдени құндылықтарымыз әрдайым үздіксіз тәрбие мәселесінде адамгершілік, бауырмалдық, туыстық, қайырымдылық қағидаларын басшылыққа ала отырып үлкен мен кіші, ұстаз бен шәкірт, ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастық педагогикасын дәріптегендіктен, қазіргі ғылыми педагогика қағидалары да халықтық тәлім-тәрбиеден нәр алғанының айқын айғағы болмақ.

Ұлттық-мәдени құндылықтар негіздерін мектептерде пән ретінде енгізу оқушыларды халқымыздың, ұлтымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары негізінде тәрбиелеуге, ұлтымыздың асыл қасиеттерін жастайынан бойына сіңіріп өсіруге мүмкіндік ашады. Халқымыздың көне заманнан бері қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, өнеге-өсиеттері ұрпақ үшін сарқылмас қайнар бұлақ десек, бұл пәннің мақсаты – оқушыларды содан сусындату, оның қадір-қасиетін түсінуге, жан азығы етіп сіңіруге, әдет-дағдыларын күнделікті өмірде, тұрмыста орынды қолдана білуге, өз ортасында оны таратуға үлгі, жанашыр болуға тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991.
3. Әшімханов Д. Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992.
4. Тлеуғабылұлы Ө. Шипагерлік баян. – Алматы: Ана тілі, 1996.

ӘОЖ: 37.022.161.1 (075.32)

ОРЫС ТІЛІ ПӘНІН ОҚИТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

ХАЙТАНОВА САЛТАНАТ ЖУМАБАЕВНА

№21 жалпы орта білім беретін мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

ТЕМИРТАЙ БАЛНУР НУРЖАНКЫЗЫ

№21 жалпы орта білім беретін мектептің 7 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В данной статье раскрывается содержание деятельности учителя, основанной на использовании игровой технологии при обучении учащихся русскому языку, основанной на коммуникативно-деятельном подходе к обучению русскому языку. В доступной, методически обоснованной форме представлены научные достижения и практический опыт в области преподавания русского языка.

Summary. This article reveals the content of the teacher's activity based on the use of game technology in teaching the Russian language to students, based on the communicative-active approach to teaching the Russian language. Presents scientific achievements and advanced practical experience in the field of teaching the Russian language in an accessible, methodologically appropriate manner.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. «Педагогика технологиялар – бұл білімнің; басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды».

«Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және олай болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе сияқты, сол арқылы баланың рухани байлығымен жасампаз өмірімен ұштасып, айналасындағы дүние туралы түсінік алады. Ойын жағымды эмоция сыйлаушы құрал.

Ойын ойнату аяқ астынан болғандықтан, ойламаған жерден ойынға кірісу қызығушылықты тудырады. Ойын ойнау барысында оқушы ешбір бүкпесіз, бар жан-тәнімен ойынға кірісіп кетеді де, белсенділік пайда болады, білімгер лидерлік танытады. Тілді үйренгісі келмейтін адамның өзі ойын ойнаған кезде оны ұмытып кетеді. Ойын қатысымдықты қалыптастыратын әдіс болғандықтан, оны оқытудың ешбір әдіс-тәсілімен салыстыруға келмейді. Ойынды қолдану оқу үрдісінің басқа аспектілеріне де жақсы әсер етеді.

Педагогикалық ойынның маңызы өте зор. Ойын, 1) білу және үйрену, 2) адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтауға көмектеседі.

Ойынның кәсіптік, әуестену, оқу-жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Ол дем алу, көңіл көтеру бола тұра оқуға, шығармашылықта, емдеуде, адам қарым-қатысының типтерінің модельдерінде, еңбекте көрініс табады. Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Қазіргі мектепке дейінгі мекемелерде және мектептерде де ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде қолданылады. Әр түрлі топтарда орыс тілі сабағын қызықты етіп өткізу үшін сабақтарда мынандай ойындар қолданады:

- Фонетикалық ойындар;
- Әріптерге байланысты ойындар;
- Оқу ережесіне байланысты ойындар;
- Сөйлеу қабілетін дамытуға байланысты ойындар;
- Грамматикалық ойындар;
- Лексикалық ойындар;

Тілдің дамуына ойын әдісі өте үлкен әсер етеді. Ойын ақыл-ойдың дамуына да әсер етеді, бала ойын үстінде заттар мен іс-әрекеттерді жалпылауды, сөздің жалпылама мағынасын қолдануды т.б. үйренеді.

Ойындар жаңа тақырыптарды өткенде, сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін пысықтауға арналған жаттығулардың бір түрі ретінде пайдаланылады.

Қазақ сыныптарының балалары орыс тілі пәнін ойын сабағы ретінде тез қабылдайды, мұның өзі педагогқа бүлдіршіндерді пәнге қызықтырудың қосымша шараларын іздестіруді қажет етеді. Мұндай қызықтыру шараларының қатарына: еңбек процестерін суреттеу, табиғат, өзіңнің қалаң туралы әңгімелеу. Қазақ тілінде оқытылатын балабақшада орыс тілін оқытудың негізгі мақсаты – тәрбиеленушілерді орыс тілінде сөйлеуге үйрету. Орыс тілін үйретудің бастапқы кезеңінде әр сабақ өз мәнінде көрнекі құрал қолдану арқылы тартымды өткізілсе, білім мазмұнының сапасы да артпақ. Мектепке баратын балалардың бұл кезеңде сабаққа қызығуын жоғалтып алсақ, кейін олардың тілді әрі қарай меңгеруі қиынға түседі. Сондықтан сабақ арасында ойын элементтерін қолдану сабаққа қызығуын, белсенділігін, ойлау қабілетін дамытуға, жаңа сабақты пысықтау кезеңін сапалы өткізуге материалды толық меңгеруге көмектеседі.

Ойындарды екі тарауға бөлуге болады. Бірінші тарау сөйлеу қабілетін дамытатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық және орфографиялық ойындар жатады. Бұл ойындар «Дайындық ойындары» деп аталады. Бұл тарау алдын-ала грамматикалық ойындардан басталады. Себебі грамматикалық материалдарды бірнеше рет қайталағанды қажет етеді және өзінің біркелкілігімен балаларды жалықтырып жібереді, ал жіберілген күш тез арада өз нәтижесін бермейді. Ойындар күнделікті жұмысты қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Грамматикалық ойындардан кейін лексикалық ойындар жүреді. Фонетикалық ойындар сөйлеу қабілеті мен білігін дамыту кезеңінде дыбыстарды дұрыс айтып үйренуге арналған. Ең соңында жүргізілетін орфографиялық ойындардың мақсаты – лексика бойынша оқылған сөздердің дұрыс жазылуын үйрету.

«Шығармашылық ойындар» деп аталады. Бұл ойындардың мақсаты – сөйлеу қабілетінің ары қарай дамуына ықпал ету. Тез ойлауға, қарым-қатынаста ойланбай жауап қайтаруға, әр түрлі жағдайлардан тез шығуға көмектеседі.

Ойын – ақыл-ой мен сезім күшін талап ететін ерекше ұйымдастырылатын сабақтар. Ойын әрқашан шешім қабылдауды ұсынады- қалай істеу, не айту, қалай ұту қажет? Осы мәселелерді шешу тілегі ойнаушылардың ойлау әрекетін арттырады. Ал егер қазақ тілінде сөйлейтін бала сонымен қатар орыс тілінде сөйлесе, ол оқытудың бай мүмкіндігін ашады. Оқушылар ол туралы ойланбайды. Ойын олар үшін ең бастысы-еліктіргіш сабақ. Сонысымен ол оқытушыларды, соның

ішінде орыс тілдер оқытушалырынқызықтырады. Ойын кезінде барлығы тең. Ол тіпті тілақауы бар балалардың да қолынан келеді. Теңдік сезімі, еліктеу мен қуаныш атмосферасы, тапсырманың қолынан келетіндігін сезіну- сөзінде басқа тіл сөздерін еркін қолдануға бөгет жасайтын балалардың ұялшақтық сезімін жеңуге мүмкіндік береді және оқыту нәтижесіне жағымды әсерін тигізеді. Байқаусыз тіл материалы меңгеріледі – «мен басқаларымен бірдей сөйлесе алады екенмін»

Жасөспірімдердің білімі қалыпты болса да тәрбиесі жеткіліксіз болуының қоғамға тигізер кесірі мол. Қоғам өркендеп, заман көркейгенмен жаны азған, тілден, діннен безген, арбау мен алдау, кісі өлтіру мен ұрлық, әділетсіздік пен қайырымсыздық сияқты келеңсіз жағдайлардың кездесуі ата-ана, мектеп, жұртшылық тарапынан тәрбиенің кеміс түсіп жатқанының айғағы. Сондықтан, қазіргі таңда балабақша мен мектептің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі — білім берумен қатар тәрбие жүйесін жетілдіру. Жалпы білімді ізгілендіре отырып, тәрбие беру жолдары қандай? Тәрбие беру жолдарын қалай жетілдіруге болады? Міне, педагог қауымды ойландырып отырған осындай өзекті сұрақтар болып отыр. Ал бұл сұрақтардың жауабы тек мынада – білім беру үрдісінде балалардың өзіндік қабілет қарымдарын ескере отырып, бейіндік көзқараспен оқыту, оқыту үрдісінде ойынның ең нәтижелі, тиімді үлгілерін пайдалану. Бұл жағдайлардың барлығы білім беру үрдісінің тәрбиелілігіне барып саяды. Сондықтан қай нәрсе де тек тәрбиеден бастау алады деу керек орынды. Себебі ұлтына пайдалы қызмет ететін ұрпақ тек тәрбиелі оқушылардан шығады.

Қорыта келгенде, мектеп оқушылардың білім, білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне ойындар көп көмек береді. Ойын - дұрыс сауатты сөйлеу, тыңдап түсіну деңгейлерін жоғарылататын, қатысымдыққа жетелейтін құралдың бірі болып табылады. Орыс тілі сабағында ойын ойнату басты мақсат емес. Орыс тілі пәнінің басты мақсаты - ойын арқылы оқушылардың орыс тілінде сөйлету болып табылады. Ойынның құрылымын оқу әрекетіне салғанда оқу үрдісін мақсатты қатысым үрдісіне айналдырамыз хақ. Мәселен, білімгерлерге бірдей екі нәрсені, не болмаса суретті көрсетіп, осы екі нәрсенің арасындағы айырмашылықтарды атап беріңіз деген кезде, олар оны оқу үрдісінің мақсаты деп қабылдамайды. Тіл сөйлету мақсатына жету құралы болып табылады. Және сөз соңында айтарымыз кез келген тақырыпқа сабақта рөлдік ойындар ойнатқызуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан мектебі. № 11, 2004
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» (Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы) – Алматы. «Білім баспасы», 1998, 96 бет.
3. М.М. Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002
4. Қ.Ақпаева. Оқу орыс тілінде жүретінде мектептерде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы, Рауан, 1997
5. Стронин М.Р. Обучающие игры на уроке английского языка. – М., 1981.
6. Стронин М.Ф. Обучающие игры на уроке английского языка – М.: Просвещение, 1984.
7. Равинская В. Игры как средство обучения / Иностранные языки в школе. – 1980. – № 1.
8. Юрова С.Н. Ребенок в детском саду. – Алматы, 2013.

ӘОЖ 37.248.07

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

ПАПИЕВА Н.А.

Ақшолақ орта мектебінің мектепалды сынып тәрбиешісі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматриваются современные проблемы дошкольного воспитания и образования.

Summary. The article discusses the modern problems of preschool education and education.

Мектепке дейінгі тәрбие – бұл Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесіндегі алғашқы қадам. Бұл мектеп жасына дейінгі кезеңде адамгершілік негіздерінің негізі қалаған әлемді және адами қарым-қатынастарды тану уақыты, сондай-ақ моральдық және рухани сезімдерді қалыптастырудың ақылға қонымды кезеңі. Мектепке дейінгі балаларды моральдық және рухани тәрбиелеу рухани бай, ішкі еркін, тәуелсіз және сонымен бірге әлеуметтік жетілген, жауапты адамға айналатын халықтық дәстүрге негізделген әмбебап құндылықтарға лайықталған.

Қазіргі қоғамда болып жатқан жалпы мәселелер оның өмірінің барлық салаларын қамтиды. Бүгінгі таңда қоғамдық өмірдің дамуы білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік тәрбие мәселелеріне қызығушылықты арттырды. Мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиенің әлеуметтік мәселелерінің бірі – тәрбие жүйесінің мәселесі. Соңғы жылдар аясында мемлекет білім берудің міндеттерін тұжырымдады.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша, білім беру мазмұны «Мен адаммын», «Қарым- қатынас қуанышы», «Адамгершілік әліппесі», «Мен және менің әлемім» тараулары бойынша берілген. Бұл тараулардың тақырыптары әртүрлі болғанмен, мақсаттары бір арнаға келіп тоғысады. Әрбір жеке тұлғаға достық, отбасы, Отан құндылықтары туралы алғашқы қарапайым түсініктер беру; мейірімділікке, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, сүйіспеншілікке баулу, құрбы-құрдастарымен, өзінен кішілермен және үлкендермен ізгілікті қарым-қатынас, өзін қоршаған ортаға жайыптарын сезініп, табиғатқа зиян келтіруден бойын аулақ ұстауға тәрбиелеуге бағытталған.

«Рухани-адамгершілік тәрбие беру балабақшада балалармен, ата-аналармен жүргізетін барлық тәлім-тәрбие, білім беру жұмысының барысында жүзеге асады.«Мен әдепті баламын», «Бәрің жақсы көремін» тақырыптарында сабақтар өткізіліп, сабақтың бөлімдері бойынша фото-көрмелер ұйымдастырылды» [1].

«Қарым- қатынас қуанышы» тарауы бойынша, Мектепалды дайындық 5 жас тобы балаларымен салыстырмалы түрде тест жұмысы жүргізілді. Тест қорытындысында «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жүргізілген оқу- тәрбие жұмысының нәтижелігі байқалды.

Ата-анамен жұмыста ата-анаға бұл пәнді енгізудің мақсат, міндеттері мен бағдарлама талаптары жөнінде кеңестер берілді. «Өзіндік таным» журналында жарияланған мақалалардың ата-анаға пән туралы педагогикалық білім беруде маңызы зор, ата-аналардың «Өзін-өзі тану» пәніне деген пікірлерін оқу, арқылы бұл пәннің болашақ ұрпақтың бойына имандылық құндылықтарын дарытып, жеке тұлғаны ізгілендіруде маңызды екенін, тек балаға ғана емес үлкен адамды тәрбиелеу пәні екені туралы түсініктер берілуде.

Ата-анамен жұмыста сабақта беріліп отырған ұғымдар «Бүгін біз не үйрендік?» жартақтасы арқылы жарнамаланып, бала психологиясындағы өзгерістер туралы пікірлесіп отырылады.

«Өзін- өзі тану» журналдарының кезекті сандарындағы іс- тәжірибелік мақалалар талданып, балабақшаның оқу-тәрбие жұмысына ыңғайластырылып, тәрбиешілер өз жұмыстарына пайдалануда.

«Өзін-өзі тану» пәні мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі жаңа пән болғанымен, ересектер және мектепалды дайындық тобы балаларының «білсем, үйренсем, көрсем» деген ынта-тілектерінің өз ішкі сезімдеріне қозғау салып, әр сабақты асыға күтетін деңгейге жетті. Бұл деңгейге жету себебін «Өзін-өзі тану» пәні әдіс-тәсілдерінің тиімділігінен және тәрбиешілердің әдіс тәсілдерді тиімді пайдалана білуінің нәтижесі деп айтуға болады.

Әр баланың жеке басы– оның моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау – бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте – еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т.б. қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас, тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау, кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір

тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайлылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып педагог балдырғанның бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын айқындайды. Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады[2].

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық, – деп атап көрсеткен.

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-зі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

XXI ғасырда көтеріліп отырған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімі – ұлттық құндылықтарды іске асыру мен таратудың маңызды механизмі болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәні – баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүйуге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретеді.

Адам бойына кішіпейілдік, сыпайлық, рақымшылық, жанашарлық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйрету де «Өзін-өзі тану» пәнінің үйлесіне тимек.

«Халық педагогикасы – нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті – халық педагогикасында деуге болады. Ұлттық асыл қасиеттерді жас ұрпақтың ақыл парасатта азық ете білуде «Өзін-өзі тану» курсының рөлі ерекше» [3].

Балабақша тәрбиешісіне арналған әдістемелік құрал, көркем шығармалар хрестоматиясы және балалардың дәптерінен тұратын бұл оқу - әдістемелік кешен «Өзін-өзі тану» курсының негізгі мақсатына қол жеткізуге бағытталған. Сабақтардың негізгі құрылымдары «Амандасу рәсімі», «Шаттық шеңбері», «Көңіл күйді көтеру» сабақтың негізгі мазмұны «Сергіту сәті», «Тыныштық сәті», «Ойын», «Дәйексөз», «Шығармашылық тапсырма» ұжымдық жұмыс, дәптермен жұмыс, жүректен-жүрекке шеңберінен тұрады.

Ата-аналарға ойын жаттығулардың және әр түрлі байланыстырып сөйлеуге, сөздік қорын дамытуға арналған тапсырмалардың жазбаларын үйде баласымен сауат ашу, математика, тіл дамыту сабақтарын қайталау үшін ұсынамыз. «Сөзді кішірейтіп айт», «Кәне сөз іздейік», моншақтан жасалған әріптерден сөздер құрастырады.

Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен балабақша қызметкерлерінің бірден бір парызы. Оқу- тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата-аналармен жұмыстың орны орасан. Сондықтан біздің балабақшада ата-аналармен жұмыстардың алуан түрлері іске асырылуы қажет.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Қазіргі уақытта жалпы адами құндылықтарды дамыту және нығайту маңызды мәнге ие. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын ендірудің арқасында оқу-тәрбие процесінің жүйесінде әрекеттер спекторы дамытылуда.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б. 103.
2. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – Алматы: Жазушы, 1999.-238б.
3. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. -254 бет. 55. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Пед

ӘОЖ 37.455.78.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МҰҒАЛІМ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

САРЫМУЛЛАЕВА Р.К.

№ 32 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются продуктивные формы взаимодействия учителей начальной школы и учащихся, обеспечивающие успешную социализацию учащихся в классном коллективе, адаптацию к школе, улучшение условий для их развития. Представлены функции урока, его классификация, задачи внеурочной формы взаимодействия.

Summary. The article examines the productive forms of interaction between primary school teachers and students, ensuring the successful socialization of students in the classroom, adaptation to school, and improvement of conditions for their development. The functions of the lesson, its classification, and the tasks of the extracurricular form of interaction are presented.

Өзара әрекеттесу – бұл өзара әрекеттесу субъектілерінің әртүрлі байланыстарын қамтитын көпқырлы процесс. Өзара әрекеттесу субъектілері: жеке тұлғалар (адамдар), адам және топ (ұйым), адам және қоршаған орта болуы мүмкін. Өзара әрекеттесудің нәтижесінде өзара әрекеттесу субъектілерінің мақсаттарының бірлігіне қол жеткізіледі және олардың шығармашылық даму әлеуеті іске асырылады.

Бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушылардың өзара әрекеттесуі белгілі бір формада жүзеге асырылады. Өзара әрекеттесу формаларын үш топқа бөлеміз: сабақ, сабақтан тыс қызмет және сыныптан тыс жұмыстар. Бұл топтардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі және оқу процесінде өзіндік орны бар, бірақ сонымен бірге олардың ортақ белгілері бар. Осы формалардың әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Сабақтағы өзара әрекеттесу. В. А. Сухомлинскийдің пікірінше, «Сабақ – мұғалімнің жалпы және педагогикалық мәдениетінің айнасы, оның зияткерлік байлығының өлшемі, оның көкжиегі мен эрудициясының көрсеткіші» болып табылады [1]. Бұл форма жаппай жалпы білім беретін мектептің жұмыс жүйесіне берік енген. Сабақ белгілі бір функцияларды орындайды:

1. Білімдік – оқушыларды білім негіздерімен қаруландыру.

2. Тәрбиелік – адамгершілік, ұқыптылық, жауапкершілік, отансүйгіштік, т.б. қасиеттерді тәрбиелеу.

3. Дамытушылық – баланың таным қабілеттерін арттыру.

Оқыту процесінде оқушыларға білім берумен қатар, ең алдымен тәрбие берілуі керек. Оқушыларға адамгершілік, еңбексүйгіштік, ақыл-ой, дене, т.б. тәрбие беру міндеті жүзеге асырылады. Соның ішінде оқыту, ең алдымен, ақыл-ой тәрбиесімен тығыз байланысты.

Оқу процесінің субъектілерінің сабақтан тыс өзара әрекеттесуін қарастырайық. Сабақтан тыс іс-шаралар деп сыныптық сабақтан басқа нысандарда жүзеге асырылатын және бастауыш жалпы білім берудің негізгі білім беру бағдарламасын игерудің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған білім беру қызметі түсініледі. Яғни сабақтан тыс жұмыс – мектептің сабақтан тыс уақытта оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын, кеңейту және тереңдету үшін,

дербестігін, дара кабілеттерін дамыту үшін, соны мен бірге олардың қызығушылықтарын қанағаттандыру және бос уақытын белсенді, саналы өткізуді қамтамасыз ету үшін оқушылармен жүргізілетін ұйымдастырылған және мақсатты бағыттағы сабақтар. Мемлекеттік білім беру стандарты оқу орнында сабақты да, сабақтан тыс жұмыстарды да жүзеге асыруды көздейді. Сонымен қатар, бастауыш мектептегі сабақтан тыс жұмыстар бірқатар маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- баланың мектепте бейімделуін қамтамасыз ету;
- білім алушылардың оқу жүктемесін оңтайландыру;
- бастауыш сынып оқушысының дамуы үшін жағдайды жақсарту;
- білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру.

Сабақтан тыс қызмет жеке тұлғаны дамыту бағыттары бойынша ұйымдастырылады (спорттық-сауықтыру, рухани-адамгершілік, әлеуметтік, жалпы зияткерлік, жалпы мәдени).

Сабақтан тыс жұмыс оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру нысаны ретінде мемлекеттік бағдарламада белгіленген міндетті оқу міндеттерін шешу қажеттілігіне байланысты. Ол сабақ сияқты міндетті болып табылады. Алайда, сабақтан айырмашылығы, ол әр оқу пәні бойынша қатаң уақыт шеңберімен шектелмейді, оны орындау ұзақтығы көбінесе оқушының жеке ерекшеліктерімен анықталады. Сабақтан тыс жұмыстың түрлері әртүрлі. Бұл, ең алдымен, сабақта үйренген материал бойынша үй тапсырмасын орындау. Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетінің бұл түрі оның сабақтағы іс-әрекетінің жалғасы ретінде қарастырылуы керек. Бұл қызметтің негізгі мақсаты –сабақта алған білімдері мен дағдыларын қайталау және жаттықтыру. Сонымен қатар, экскурсиялар, үйірмелер, секциялар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, пікірталастар, мектептегі ғылыми қоғамдар, олимпиадалар, жарыстар, ғылыми зерттеулер, қоғамдық пайдалы тәжірибелер және басқалар сияқты сабақтан тыс жұмыстардың түрлері бар. Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру формаларын, жалпы білім беру процесінің формаларын сияқты, білім беру мекемесін анықтайды.

Сабақтан тыс қызмет оқу орнының оқу жоспарының шеңберінен тыс, атап айтқанда, білім беру процесіне қатысушылар қалыптастыратын және сабақтан басқа нысандарда өткізілетін бөлік арқылы жүзеге асырылуы мүмкін; жалпы білім беретін мекеменің қосымша білім беру бағдарламалары (қосымша білім берудің мектепшілік жүйесі); балаларға қосымша білім беру мекемелерінің, сондай-ақ мәдениет және спорт мекемелерінің білім беру бағдарламалары; ұзартылған күн топтарының қызметін ұйымдастыру; сынып жетекшілігі (экскурсиялар, пікірталастар, дөңгелек үстелдер, жарыстар, қоғамдық пайдалы тәжірибелер және т. б.); білім беру қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларының лауазымдық міндеттеріне сәйкес өзге де педагог қызметкерлердің (ұйымдастырушы-педагог, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, аға тәлімгер) қызметі; әзірлеу, сынақтан өткізу, енгізу бойынша инновациялық (эксперименттік) қызмет жаңа білім беру бағдарламалары, соның ішінде аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып жасалған білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады.

Мұғалімдер мен оқушылардың сыныптан тыс өзара әрекеттесуін қарастырайық. Сыныптан тыс жұмыс оқушылардың қызығушылықтары мен толық еріктілік қағидаттарына негізделген. Сонымен қатар, міндетті оқу қызметі сияқты, сыныптан тыс жұмыстар да оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеруі керек. Сыныптан тыс жұмыстың жетекші міндеті – оқушылардың эрудициясын кеңейту, жеке мүдделерін ескере отырып, олардың жеке қасиеттерін дамыту.

Сыныптан тыс жұмыстың мазмұны міндетті оқу бағдарламасын орындауға бағытталмайды, бірақ, әдетте, онымен тығыз байланысты болады [2]. Сыныптан тыс жұмыстар қатаң уақыт пен жас шеңберімен шектелмейді. Топтарда бір жастағы және әр түрлі жастағы балалар біріктірілуі мүмкін.

Сыныптан тыс жұмыстардың сабақтан тыс жұмыстардан айтарлықтай айырмашылықтары бар. Сыныптан тыс жұмыстарды жаппай, топтық және жеке жұмыс ретінде ұйымдастыруға болады. Жаппай сыныптан тыс іс-шаралардың ерекшелігі – оларға мектептің барлық оқушылары немесе оқудың жеке кезеңі, мысалы, тек бастауыш мектеп қатыса алады.

Сыныптан тыс топтық сабақтар едәуір тұрақтылығымен ерекшеленеді. Бұл сабақтарға айтарлықтай аз оқушылар қатысады. Жеке сыныптан тыс жұмыстар жаппай және топтық жұмыстарға қарағанда әр түрлі, өйткені ол бұрынғыға қарағанда дараланған, балалардың жеке ерекшеліктерін ескереді, балалар өз бетінше орындайды. Алайда, жеке жұмыс өз бетінше орындалғанымен, мұғалім оны назардан тыс қалдырмауы керек. Баланың бейімділігін байқап, оған

кеңес беру керек: оқуға қажетті кітаптарды ұсыну, тәжірибе қоюға және өткізуге көмектесу, баланы қызықтыратын сұрақтарға жауап беру және т.б.

Демек, бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушылардың өзара әрекеттесуі белсенді ынтымақтастықта болса, нәтижелі болады. Өзара әрекеттесу жағдайларын жасау үшін төмендегілер қажет:

- өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың әртүрлі кезеңдерінде шешім қабылдау кезінде іс-әрекеттерді талқылауға және орындауға білім беру процесінің барлық қатысушыларын белсенді түрде қосу;

- барлық білім беру субъектілерінің зерттеу позициясы;

- үнемі кері байланыс алуды көздейтін мінез-құлықты объективтендіру;

- серіктестік қарым-қатынас, бұл әркімнің жеке басының құндылығын тану және қабылдау дегенді білдіреді, оның пікірлері, қызығушылықтары, ерекшеліктері, ұмтылыстары, жеке өсу перспективалары [3].

Өзара әрекеттесу субъектілерінің жеке өсуіне:

-өзара іс-қимыл процесінде оң өзгерістерді педагогикалық қамтамасыз ету, оның семантикалық басымдықтарын іс-әрекеттен және қарым-қатынастан байланыс субъектілерінің жеке басына аудару;

-байланысқа қатысушылардың ұстанымдарын, атап айтқанда мұғалім мен білім алушы арасындағы байланыстың сипатын, олардың белсенділік көріністерінің дәрежесін біртіндеп өзгерту, бастамалар мен шығармашылық;

- өзара қарым-қатынастың байланыстырушы субъектілерін дәйекті жетілдіру;

-педагогикалық өзара іс-қимылдың өнімділігінің жалпы деңгейін арттыруға қол жеткізу;

-зерттелетін процестің тұлғалық бағдарланған мотивациясын қамтамасыз ету;

- оның мағынасын жеке тұлғаның мүдделеріне сәйкестендіру;

-осындай байланысқа қатысушылардың әрқайсысының қажеттіліктері мен мүмкіндіктері негізінде бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынасты ұйымдастыру ықпал етеді [4].

Қорыта келе, бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушылардың нәтижелі өзара әрекеттесуі оқушыларды сәтті әлеуметтендіруге, мектепке бейімделуге, баланың дамуы үшін жағдайды жақсартуға ықпал етеді, мұндай өзара әрекеттесудің нәтижесі білім беру процесінің барлық қатысушыларының жетістіктеріне әкелетін инновацияларды құру және практикалық іске асыру болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Сухомлинский В.А. Сто советов учителю. Москва. Издательство Академия педагогических наук РРФСР.-1961г. – 658с.

2.Жарықбаев К.Б. Бөлеев К.- Қазақстанда педагогикалық ой-пікірлердің даму тарихы бағдарламасы-Жамбыл,1992-10 б.

3.Общие основы педагогики /Под ред. Ф.Ф. Королева, В.Е. Гмурмана –М: Просвещение, 1967-392 с.

4.Педагогика тарихы.- К.Бержанов, С.Мусин (қысқаша курс) , Алматы, Мектеп, 1971 жыл.

ӘОЖ 373.45.21

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

КАДИРКУЛОВА К.О., САТАЕВА Ж.Е.

№21 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье утверждается, что учитель начальных классов должен понимать важность развития речи ребенка и что языковое развитие ребенка будет происходить быстрее, если

языковое развитие ученика будет высоким. Важно начинать с периода внутренней речи при подготовке к устной и особенно письменной речи.

Summary. The article argues that a primary school teacher must understand the importance of a child's language development and that a child's language development will occur faster if the student's language development is high. It is important to start with the period of inner speech in preparation for oral and especially written speech.

Мемлекеттің қалыптасып, саяси экономикалық бағыттардың дамып гүлденуі, білім беру жүйесімен тікелей байланысты болып отыр. Қазіргі заман талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту — қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Кез келген елдің білім беру жүйесінің алдында қоғам дамуының қай кезінде болмасын үлкен міндеттер тұрғаны белгілі. Өйткені білім беруді дамыту арқылы, мемлекеттің өсіп өркендеуіне жақсы жол ашылары сөзсіз.

Математиканың күнделікті адам өміріндегі мәні орасан зор. Санай білмей, сандарды қосуды, азайтуды, көбейтуді, бөлуді дұрыс орындай білмей тұрып адам қоғамының дамуы мүмкін деп ойлауға болмайды. Арифметикалық төрт амал, ауызша және жазбаша есептеу ережелері бастауыш сыныптардан бастап оқылады. Бұл ережелерді бір адам ойлап шығарған немесе тапқан емес. Арифметика күнделікті практика талаптарынан, адамдардың еңбектеніп әрекет жасауындағы өмірлік мұқтаждықтарынан туған. Арифметика өте баяу және ұзақ уақыт дамыды.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан. Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі. Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Бастауыш сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн. Бастауыш сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Ауызша есептеуге үйретуде оқушылардың білімі мен дағдысын тексеру кезінде арифметикалық диктант ретінде қолдануды ескеру қажет. Диктанттан кейін тексеруді ауызша жүргізген қолайлы. Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту мектепке сабақ және сабақтан тыс жүргізілетін сабақтар формасында жүзеге асырылады. Сабақтарда балалардың математикаға деген ынтасын арттыруға, олардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысын тәрбиелеуге ерекше назар

аударылады. Пәнге деген ынтасы мен өз бетінше ойлай білу өзара тығыз байланысты. Сабақ балалар үшін қызықты өткенде, олардың оқу жұмысында да белсенділігі артып, өз бетінше жұмыс жасап, белсенділігін арттырғандығынан олардың пәнге деген ынтасы өседі.

Оқушыларды өз бетімен ойлауға тәрбиелеп, математикаға деген ынтасын арттыру үшін оқыту әдістерін дұрыс таңдап алудың маңызы зор. Оқудың белсенді әдістерінің бірі – оқушыларға өз бетімен жұмыс істете білу. Барлық сабақтың елеулі бөлігінде өз бетімен жұмыс істегенде оқушы жұмыстың мақсатын айқын түсіне білуі, оны орындауы, тексеруі және қателіктерді түзетуі сияқты өз бетімен істелетін жұмыстың жалпы әдістерін бірте-бірте игеріп алуы тиіс.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет.

Көрнекі құралдарды әр-түрлі тәсілмен пайдаланудың маңыздылығы оны жеткілікті және қажетті пайдалануды көрсету керек. Берекесіз пайдаланған көрнекілік өзінің сапасын жоғалтады. Мұнда оқу процесінің білімділігі де кемиді. Оқушылардың сабаққа ынта-жігері, қызығушылықтары жоғалады. Сондықтан көрнекіліктерді тиімді тәсілмен қолдану керек. Көрнекілік қолдану тәсілдерін таңдау үшін көрнекі құралдарды оқушылардың оқу процесіндегі ролін білуіміз керек. Көрнекіліктің оқу процесіндегі роліне қарай екі үлкен топқа бөліп қараймыз. Заттың-бейнелік көрнекі құралдармен таңбалы көрнекілікке бөлуге болады.

Бірінші топтың құралдары: суреттер, фотосуреттер, диафильмдер, кино үзінділері, табиғи объектілер және тағы басқалар. Осылар міне мұғалімге түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру кезінде сезімдік қабылдауына оқушыларға өзара жәрдем беріп отырады. Екінші жағдайдағы көрнекі құралдар: схемалық көлемді объектілердің күрделі байланыстарын, өзара тиімділігін және нақты бейнеде қабылдауға байланысты пайдалану керек.

Көрнекі құралдарды қолданудың осындай тәсілдерін білу мұғалімнің оларды дұрыс таңдап алуына және оқытуды тиімді түрде жүргізуге, сондай-ақ сабақтың сапасын арттыруға, оқушылардың зейінін бір мақсатқа бағындыруға көмектеседі. Сабақта көрнекі құралдарды тек қана бір тәсілмен қолдану дұрыс емес. Олар бір-бірімен араласып, біте қайнасып жатады. Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Қорыта айтқанда, ауызша есептеу математика сабағында өте тиімді. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамытады, есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуға дағдыландыра отырып, шапшаң тез есептеуге сонымен қатар логикалық ойлаудың дамуына жол ашады.

Жоғарыда айтылып өткендей, оқыту процесінде бір-бірімен тығыз байланысты оқулықтардың, көрнекі құралдардың және оқытудың техникалық құралдарының тұтас жиынтығы пайдаланылады. Олардың ішінде ең маңыздылардың бірі — әр сыныпқа арналып жеке-жеке басылатын «Дидактикалық материалдар».

«Дидактикалық материалдар» ең алдымен курс бойынша орындалатын жаттығулар мен сабақтарда орындалатын әр түрлі жұмыстарды ұйымдастыруда мұғалімге елеулі көмек көрсетеді. Сонымен бірге, сабақ үстінде топтық немесе жеке-дара жұмыстар орындағанда, үлгерімі төмен немесе жақсы оқитын оқушылармен жеке жұмыс жүргізгенде, бақылау жұмысын ұйымдастырғанда; сондай-ақ оқушылардың әр алуан категорияларымен жұмыс істегенде «дидактикалық материалдар» кеңінен пайдаланылады. Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады.

Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

2. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. IV том. Алматы, Ғылым, 1998ж – 437 бет.
3. Әбенбаев С.Ш., Құдиярова А.М., Әбиев Ж.Ә. Педагогика. –А., 2003.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы, 1989

ӘОЖ 37.522.(21)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН САУАТТЫЛЫҚҚА DAҒДЫЛАНДЫРУ

КАРАБАЛАЕВА З.А.

№21 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

АЛИК АЙШЫРЫН

№21 жалпы орта білім беретін мектептің оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В данной статье анализируются и доказываются на практических примерах несколько методов обучения учащихся начальных классов навыкам грамотности и достижения цели путем правильного овладения родными звуками. Она обеспечивает единство цели, действия и результата в формировании культуры обучения младших школьников.

Summary. In this article, several methods of teaching elementary school students to acquire literacy skills and achieving the goal by correctly mastering native sounds are analyzed and proven by practical examples. It ensures the unity of purpose, action and result in forming the learning culture of primary school students.

Қазіргі бәсеке заманында білім кеңістігіне енуде қазақстандық білім беру жүйесінде айтарлықтай өзгерістер болғаны белгілі. Оның қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндерінде де көрініс табуы қалыпты жағдай. Жаңартылған білім берудегі «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламалары оқушылардың бойында адамгершілік, рухани құндылықтармен қатар функционалдық сауаттылығын арттыруды, көркем-әдеби шығарманы талдау дағдыларын қалыптастыруды көздейді.[1, 112-б.] Дәстүрлі оқытуда білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттар негізге алынған болса, жаңа оқу бағдарламасында үш басты дағдыны қалыптастыру мен дамыту басшылыққа алынады: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру. Осының негізінде құрылған әдебиетті оқытудың мақсаттары да бағдарламада дайын күйде берілген. Сондықтан пән мұғалімі оны бағдар ретінде басты назарға алу міндеті болып табылады.

«Қазақ тілі» пәні бойынша бір сабақта бір немесе бірнеше оқу мақсатын алып, сабақ жоспарлауға болады. Мұғалім оқу мақсаттарының комбинациясын шебер пайдалана білуі керек.[1, 115-б.] Оны қалай жүзеге асыруға болады? Біріншіден, оқу мақсаттарының мазмұнын мұғалімнің өзі толық түсініп алуы қажет, екіншіден, оқу мазмұны мен мақсаттың қиындық деңгейіне қарай саралау жасау керек, үшіншіден, негізгі ресурс - оқулықты негізге ала отырып, сараланған оқу мақсаттарынан керегін таңдап, үйлестіру қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының ой-өрісін кеңейтіп, өз бетінше еңбектенуге, ізденуге және өз ойларын ауызша, жазбаша жеткізе білуге үйрету – алға қойылып отырған басты мақсаттардың бірі. Қазақ тілінің төл дыбыстарын үйретуде бастауыш сыныптарында атқарылатын жұмыс түрлеріне көп назар аудару керек.

Төл дыбыстарын өткен күннен бастап жазуға да қойылатын талапты естен шығармау қажет. Оқушыларға балалар кітаптарынан, журналдардан, өлең, ертегі, әңгіме оқытып, көшіріп жазу дағдысын қалыптастырған жөн. Сауатты жазуға төселдіру үшін де үлкен ізденіс, шеберлік керек. Бұл жұмыс жеңілден ауырға қарай күрделеніп отырады. Алғашқы сабақтарда дыбыс саны аз сөзді, кейін дыбыс саны көп сөзді естіп, жазуға төселдірген дұрыс.

Қазақ тілі пәнінің негізгі мақсаты-оқу дағдысының негізін қалау, фонетикалық есту қабілетін дамыту, дыбыстарды ажырата білу, әріптің баспа түрін таңбалап жазу, әріптерді тану, буын, сөз,

сөйлемді оқуға үйрету сауатты жазу дағдаларын қалыптастыру өздігінен оқуға, жазуға дағдыландыру, кітап оқуға қызығушылығын арттыру, ауызша сөйлеуді жүзеге асыру.

Оқу мен жазуға үйретудің элементтері қатар жүреді. Оқу мен жазудың негізі – ана тілінің дыбыстық құрылымын түсінуі өте маңызды. Бағдарлама талабына сәйкес балаларды жазудың графикалық дағдысы (әріптерді дұрыс жазу және олардың байланысы) және қарапайым орфографикалық дағды (сөздің дыбыстық және әріптік құрылымын дұрыс жазу) қалыптастыруы қажет. Жазу бірнеше бөліктерден құралады. Жазатын сөздерге талдау жасай білу, дыбыстардың реттілігін сақтау дыбыстарды сәйкес әріптермен белгілеу, бейнелеу.

Төл дыбыстарын өту барысында жазудың негізі мен сауатты жазудың негізі қаланады. Әріптерді жазуға үйрету тәртібі мынадай: Төл дыбыспен таныстыру, көрсету, плакатта, дидактикалық материалдар, дәптердің бетінде жазылуымен таныстыру;

Мұғалім жаңа әріптің ауада және тақтада жазып көрсетеді;

Дәптердегі жаңа әріптің үстінен басып жазу;

Жаңа әріп элементтерін және әріпті толық жазу;

Сөздерді жазу; дауыстап айту;

Мұғалім жаңа әріпті тақтада жазылуын көрсете отырып түсіндіреді. Әр баламен қаламды ұстап жүргізіп, бір әріпті жазып көрсетеді. Келесі әріпті бала өзі жазады. Мұғалім аралап жүріп дұрыс жазбаған баламен жеке жұмысын жалғастырады. Сөзді дыбыстаудың өлшемі, буын. Әріпті меңгергеннен кейін сөздерді буынға бөліп оқуға үйрету қажет. Буынды дұрыс меңгерген оқушы сауатты жаза біледі.

Бастауыш сынып оқушыларына жаңа тақырыпты өту барысында суреттерді қолдану, сөз, сөйлем, шағын әңгімелер жазу, сөзжұмбақты шешу есте сақтаудың тиімді әдісі. Керекті нүктелердің орнына тиісті әріпті, буынды, сөзді қойып жазу сияқты тапсырмаларды оқушылар қызыға орындайды. Оқушыларды сауатты жазуға үйрететін пән - қазақ тілі пәні болса, сауатты жазу үшін оқушылар қазақ тіліндегі грамматикалық ережелерді дұрыс түсініп, күнделікті өмірде қолдана алатын дәрежеге жетуі тиіс. Бастауыш сыныпта сауаттылықты, әсіресе төл дыбыстарын жете меңгермеген оқушы жоғарғы сыныптарда оны толықтыра алмайды. Сондықтан оқушының сауатты жазуына әрбір сабақ сайын көңіл бөліп, олардың тіл байлығын арттыруға назар аударған жөн. Сауатты жазуға үйрету жұмысы оқумен қатар жүргізіледі, яғни қазақ тілі мен тікелей байланысты болады.

Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, өз ойларын ауызша, жазбаша жеткізе білуге үйрету – әр мұғалімнің міндеті. 1-4 сынып оқушыларын сауатты жазуға үйретуде ойын түрлерін, дидактикалық, шығармашылық тапсырмаларды қолдану тиімдірек болады. Оқушыларды сауаттылыққа үйретудегі нәтижелі әдістің бірі - сабақ үстінде ойын элементтерін пайдалану. Ойын оқушыларды сабаққа қызықтырады, материалды тез қабылдап, есінде ұзақ сақтауға көмектеседі. Ойынның түрлері өте көп, солардың ішінде сауатты жазуға үйретуде сөздік ойынның пайдасы ерекше. Жұмбақ, жаңылтпаштарды қызыға жаттау, оларды дұрыс жазып үйрену оқушының есінде ұзақ қалады, екіншіден, сауаттылыққа үйретеді, әрі ойын дамытады, дұрыс оқуға, дұрыс жазуға дағдыланады. Әрі таза, көркем, сауатты жазуға дағдыландыру үшін сыныпта дәптерлерді бір-біріне беру, көрсету, салыстыра отырып көрме ұйымдастыру да өз нәтижесін береді. Сауатты әрі каллиграфиялық дұрыс жазуда көрнектіліктің алатын орны ерекше. Сондықтан әрбір сабақтың тақырыбына сай әріп, сөз, сөйлем жазылған таблица, суретті карточка, сюжетті суреттер, дидактикалық материалдарды пайдалануға көңіл бөліну қажет.

Қарап отырсақ, берілген әдіс-тәсілдер еш жаңалық емес, алайда сол әдістің тонын шеберлікпен айналдыру арқылы сабақтың мақсатына оқушы белсенділігі мен қызығушылығын арттыра отырып жетуге болады. Мысалға келтірілген әдіс түрлері тек бір сабақтың қадамдары ғана. Демек, мұғалім әр сабаққа сындарлы көзқараспен келу арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығымен қоса, көркем-әдеби шығармаларды талдау дағдыларын қалыптастыра алады.

Әдіс-тәсілдерді саралауда оқушылардың жас ерекшеліктерін де ескеру маңызды. Қиын тапсырмалар берілсе, олардың алаңдаушылығына, оңай тапсырма берілсе, зерігуіне тап боласыз. Демек, тапсырма жеңіл болса, қиын әдіспен, қиын болса, жеңіл әдіспен ұсынған тиімді. Басқаша айтқанда, оқушымен әрекеттің алтын ортасын табу қажет. 1-4-сынып оқушылары қимыл-қозғалысы гиперактивті, өте әсершіл "жақсылыққа да, жамандыққа да құлай берілетіндер". [2, 16-б.] Олардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыру мен дамыту көп күш-жігер мен идеяларды қажет етеді.

Бір шығарманы толық оқып, талдай білген оқушы өз бетімен оқыған шығармасын сыныпта меңгерген дағдылары бойынша барлық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, ой елегінен өткізіп, интерпретация жасап, бағалай алады. [1, 113-б.] Сондықтан оқу мақсаттарында берілген дағдыларды сапалы меңгерту - көзі қарақты оқырман даярлаудың алғышарттары.

Қорыта айтқанда, сауатты болудың алғы шарты төл дыбыстарды, әріптерді үйретуден басталады. Әріп элементтерін дұрыс бір-бірінен ажыратып, жазу ережелерін сақтағанда ғана бала сауатты жаза алады. Әсем, қатесіз, мәнерлеп оқуға, дұрыс сөйлеуге жаттықтыру – сауаттылыққа үйретеді. Оқушыларды сауаттылыққа үйрету – әр мұғалімнің шығармашылық ізденісіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.

2. Б.Т.Қабатай, Ү.К.Зейнетоллина, В.А.Қалиева. «Әдебиеттік оқыту» – Алматы: «Атамұра», 2018

ӘОЖ 373.3

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

БЕРКЕН ЖАЗИРА ҚАЛДЫБЕКҚЫЗЫ

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены особенности применения новых методик в начальных классах.

Summary. The article describes in detail the features of the application of new techniques in primary schools.

Қазақстан Республикасынан « Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде адамдарды қалыптастыруға және кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау: жаңа технологияларын енгізу, білім беруді аппараттандыру, халықаралық, ғалымдық, коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді.

Қазіргі инновациялық технологиялар-білім сапарын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдалану-оқушы шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру өз сабақтарында жаңа технологияларды қолданамын. Жаңа технологиялардың ерекшелігі- оның оқуға жан –жақты ықпал етуі. Яғни тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін танымдық процестерін, (есту, көру), өзін дамытуға, өз бетімен білім алуға ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу-танымдық ынтасын жетілдіру әр жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға жетелейді.

Заман талабына сай әрбір ұстаз сабақтарында оқушылардың біліктілігін арттыру үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін кеңінен пайдалану керек деп ойлаймын. Өз біліктілігін көтеру мақсатында әрбір мұғалім кәсіби шеберлігін шыңдап, білімін жетілдіріп отыруы керек. Сонда ғана өзін-өзі дамыта алатын, өзін-өзі жетілдіре алатын қоғамның белсенді, білімді жеке тұлғасын қалыптастыра алады. Бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау білім бағдарламасын негізгі мәселесі болып табылады. Ең басты нәрсе-жеке тұлғаның қабілетін ашу.

Ұлы педагог Д.Ушинскийдің пікірінше сыныптарға оқыту процесі салалы және дамыту сипатында болу қажет. Ал, бастауыш сынып оқушыларын қабылдау мүмкіндіктері түрліше. Сондықтан олардың жас және жеке ерекшеліктеріне қарай оқу материалдарын жеткізудің сан түрлі тәсілі қолданылады.

Бастауыш білім-бар білімнің бастауы деп жатамыз. Осыған сәйкес бастауыш сынып оқушыларына білім беру мен білім, білік бағдыларына жетілдіре отырып, оларды жан-жақты дамыту бұл біздің, яғни бастауыш сынып ұстаздарының басты мақсаты, талабы. Жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда қолданылатын жаңа әдіскерлік тәсілдердің талабы қандай болмақ деген сауал туындайды. Өткен ғасырда Жүсіпбек Аймауытов: «сабақ беру-үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол-жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Осы мақсатпен оқушының шығармашылық қасиетін дамыту-басты қағидам. Оқушы тұлғаның дамуына, қабілетін артуына жаңа технологиялардың ерекше ықпал ететіні сөзсіз және әрбір әдіс-тәсілдердің ұстаздары үшін маңызы өте зор.

Бастауыш мектеп-оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім - үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс.

Бастауыш мектеп балаға білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру-әр ұстаздың жеке міндеті. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан. Біздің міндетіміз – оқушыларға білім беруде жаңа технологиялар мен жаңаша оқыту әдістерін тиімді қолдану, білім сапасын көтеру, жан-жақты дамыту.

Жаңа технологиялар баланы тек үйретуші ғана емес өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған дара тұлға дәрежесіне дейін тәрбиелеуді мұрат тұтады.

Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.

Оқушыларды ізденіске баулып өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Олардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

Бастауыш сынып оқушылары жаны жаңалыққа құмар, барлығын игеріп, білгілері келіп тұрады. Сондықтан да жаңа технологияларды бастауыш сыныпқа пайдаланудың маңызы зор.

Бүгінде бастауыш мектептерде жиі қолданылып жүрген технологиялардың бірі «Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту» технологиясы. Сонымен қатар «Ойын арқылы оқыту» технологиясын бастауыш сынып мұғалімдері жиі пайдаланады, себебі бастауыш сынып оқушыларын оқуға тек ойынмен ғана қызықтыруға болады. Ойын ойды қозғайды. Ойын – баланың интеллектуалдық ой-өрісін тереңдей түсуіне, шығармашылықпен ойлауына алып келеді, білім сапасын арттырады. Мысалы сабақ барысында оқушылардың білімін шыңдау үшін: «Адасқан әріптер», «Қызық сөздер», «Сөзден сөз тер», «Ғажайып шаршы» және т.б. ойын элементтерін жиі қолданып отырамын.

«Адасқан әріптер» ойыны бойынша төмендегідей жаттығу жұмыстарын жүргіземіз.

Мақсатымыз: Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Ойынның негізгі шарты: Берілген әріптердің орнын ауыстыра отырып, сөз құрау. Мысалы:

Қ, у, о, ы, ш – оқушы

Т, п, і, к, а – кітап

І, і, б, л, м – білім

М, м, ғ, ұ, а, л, і – мұғалім

р, о, б – бор

қ, ы, а, з, қ – қазық

а, ш, а, ғ – ағаш

а, л, а, д – дала

к, т, е, р, е, м, е – керемет.....т.б

«Қызық сөздер» ойыны бойынша:

Мақсаты: логикалық ойлау деңгейін жетілдіру, сөз мағынасын түсіндіру.

Ойын шарты: Мына сөздердің ішінен солдан оңға қарай оқығанда жаңа сөз шығатын сөздердің теріп жазу. Сөз мағынасын түсіндіру.

Ішік, Есек

Тымақ Қыран

Қысым, Түс.

Мысалы: Ішік – кіші

Өз тәжірибемде әр түрлі жаңа технологиялардың элементтерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға болатынына көзім жетті.

Сабақты әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу оқушыларымыздың білімге, оқып-үйренуге құштарлығын арттыратыны анық. «Қызығушылықты ояту» кезеңінде сөзжұмбақ шешу, «Мен бастайын, сен қоста», «Кім жылдам» ойынын, ал үй тапсырмасын тексеруде немесе өткенді пысықтауда «Ыстық орындық» әдісін қолдану арқылы оқушылардың білімін тексеріп отырамын.

Жаңа тақырыппен таныстыруда «Көр, жаз, тексер» әдісін жиі ұсынамын. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың ойын, қиялын, есте сақтау дағдысын қалыптастырады. Бұл әдістің мақсаты: есіктің сыртына жаңа сабақ тақырыбын ашатын мәлімет жазылады. Оқушылар біртіндеп шығып, оқып, есте сақтап, келіп қағазға жазады, соңынан тексереді. Соңында жаңа сабақтың тақырыбы ашылады.

Сабақтың қорытынды бөлімі «Ой толғаныс» кезеңінде эссе жазу, «Синквейн» стратегиясы «бес жолды өлең» құрастыру, «Артық затты тап» әдіс-тәсілдерін пайдаланамын.

«Автор орындығы» әдісін шығармашылық жұмыс орындау барысында жүргізіп отырамын. Мысалы тақырыпқа сай ой шапшандығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру, арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.

Сабақты түрлендіріп өткізу оқушылардың сабаққа деген ынта-жігерін арттырады. Оқушыны өз бетімен жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру белгілі бір бала бойында тұрақтылық пайда болып, шығармашылықты тудырады. Қабілетті ұштайды, дарынды оятады, нәтижелі жеке тұлға қалыптастырады.

Сабақ барысында оқушылар сәйкестендіру, «Екі көпіршік» әдісі арқылы салыстыру, топтастыру, теріп жазу. Логикалық ойлауын дамытатын ойындар мен берілген тапсырмаларды шешу. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қою сияқты өздігінен орындайтын тапсырманы да белсене орындайды.

Ұстаз қандай әдіс-тәсілді қолданса да, мақсат біре – ол оқушыларға тиянақты да сапалы білім беру. «Фишбоун» әдісінің тиімділігі берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді. Балықтың басына: зерттелетін, қаралатын, талқыланатын тақырып жазылады. Оң жақ қабырға сүйектеріне: анықтаған проблема себептері, тақырыптың негізгі мазмұндары мен түсініктері жазылады. Сол жақ қабырға сүйектеріне: проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілер жазылады. Балықтың құйрығына: анықталған жұмыстың нәтижесі мен талданған тақырыптың қорытындылау сұрағына жауап жазылады.

«Бес саусақ» әдісі.

1. «Бас бармақ» - басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?

2. «Балалы үйрек» - бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым?

3. «Ортан терек» - ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым?

4. «Шылдыр шүмек» - шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

5. «Кішкентай бөбек» - көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?

Бұл әдісті сабақтың қорытынды бөлімінде кері байланыс жүргізгенде тиімді. Өйткені бүгінгі жасаған жұмысына талдау жүргізеді. Келесі жолы қандай өзгеріс енгіземін деп ойланады.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятатын, олардың ой-өрісінің, ауызша және жазбаша сөйлеу қабілетінің дамуына дәнекер болатын, өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын жұмыс түрі-топтық жұмыс. Мысалы «Постер» құру сияқты топтық жұмысты қолдану барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасады, дәлелдейді, өз ойларын ортаға салады. Пікірлер алмасу кезінде нәтижесінде оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді.

Сонымен бірге сабақтың ұйымдастыру кезеңінен бастап қорытынды бөліміне дейін диалогтық оқытуды қолдану балалардың тілін дамытуда көп көмегін тигізеді. Бұл жұмысты көбіне «НОУ ХАУ» әдісі арқылы өткізу өте тиімді, қызықты. Балалардың ойлау қабілетін дамытуда «алты ойшыл қалпақ» әдісі кең пайдаланылады. Сабақ барысында аталған әдіс-тәсілдерді пайдалану оқушының бойында өз-өзіне сенімділік ұялатады, өзге балаға қарап бой түзеуге ұмтылады, өзгені үйрете отырып, өзі көп нәрсені үйренеді, көшбасшылық қабілеттері қалыптасады. Қазіргі заман

талабына сай өсіп келе жатқан жеткіншек жаңаша көзқарасқа тым жақын. Сондықтан оқушы қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғанымыз жөн. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Қорыта келе айтарым,білім беру жүйесінің ең маңызды да күрделі сатысы – бастауыш сынып, сондықтан осы жаңа технологияларды пайдалана отырып, бастауыш сыныптарда білім сапасын көтеру білімнің басты негізі болып табылады.«Алдына ұлы мақсат қойсаң,ұлылыққа жетесің»деп данышпан ақындарымыз айтпақшы,пәнге қызықтыра отырып, білім қорын кеңейту үшін мұғалім аянбай еңбек ету керек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бастауыш мектеп журналы 2009 №6
- 2.Бастауыш мектеп журналы 2014 №3
- 3.Бастауыш білім журналы 2009 №4
- 4.Бастауыш сыныптарға арналған ойындар дидактикалық құрал

ӘОЖ 373.3

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

ҚАСАБОЛАТОВА АЙНҰР ЖАПАРБЕКОВНА

Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы,Тараз қ.

Резюме. В результате обучения учащимся прививаются такие навыки как критически мыслить, самостоятельно проводить исследования, умение проделывать глубокий анализ полученной информации.

Summary. As a result of training, students are taught such skills how to think critically, independently conduct research, the ability to do a thorough analysis of the information received.

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың дамыған кезеңі. Заман талабына сай қазіргі білім жүйесіндегі игі өзгерістер мен жаңалықтар соның нәтижесі. Бүгінгі білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оны мақсатты түрде жүзеге асыру – ақпараттық қоғам дәуірінің негізгі көзі. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлесі қалыптасуда. Бұл үдеріс білім бағдарламасының өзгеруімен қатар жүреді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3 таруының 11 бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; ... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» — деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі- баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығарып, жаңа мазмұндағы оқу үрдісін еңгізу. Оқушылардың білім алуда жақсы жетістіктерге жетуіне өз күштеріне сенімін туғызып және оқу үрдісін жеңілдету арқылы жағдай жасау ойластырылды. Бұл әдіс – оқуға, білім алуға деген сезімін ынталандыратын бірден-бір дұрыс әдіс. Қазіргі заманғы педагогикада педагогикалық шеберліктің маңызды критерийінің бірі мұғалімнің жұмысының нәтижелілігі болып табылады, мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Ол оқушылардың жүз пайыздық үлгерімінде және олардың пәнге қызығушылығында көрініс береді.

Басқа сөзбен айтқанда, егер оқытушы барлық балаларды оқыта алатын болса, ол – шебер ұстаз, өз мамандығының майталман маманы. Осыған орай мұғалім оқушыны оқыту үрдісінде, әрбір сабақта өзінің оқу әрекетінің мақсат-міндеттерін анықтап, соларды іске асырудың нақты тәсілдерімен амалдарын қолданып, өзін-өзі бақылап отыруға тиіс. Міне, осындай жағдайда ғана балада білімге деген қажеттілік, талпыныс, қызығу, танымдық белсенділігі қалыптасады.

Оқушыны оқу үрдісінің нысаны ретінде ғана санамай, оны сол үрдістің тең құқықты мүшесі ретінде қабылдап, оқушыға бет бұру қазіргі мектеп дамуының негізгі қарқынының бірі болып отыр. Қазақстан Республикасы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында білім берудің гуманитарлық сипаты, онда адам тек жай зерттеу объектісі ретінде ғана емес, ең алдымен, шығармашылық пен таным субъектісі, өзінің шығармашылыққа деген құлшынысымен оқушыларды баурап әкететін субъект ретінде көрінумен бедерленеді делінген. Осыдан білім беру саласында ең алғашқы орында тұрған -мектеп мәселесі екенін аңғара аламыз. Себебі мектеп бүкіл білім жүйесінің бастау алар тұсы, білімділіктің іргетасы қаланаар сынақ алаңы.

Орта білім беруде жалпы білім беретін мектептердің деңгейін Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу қажет. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығуы тиіс. Оқытудың нәтижесінде оқушылар сын тұрғысынан ойлау дағдыларын, өз бетінше зерттеу жүргізу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгеруі тиіс». Қазіргі кезде Қазақстанда жоғарыда сипатталған жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейде ұлттық мәнмәтіндегі жұмыстар жүргізілуде. Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.

Білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар негізінде педагогтардың жұмысының мынадай бағыттарын атап өтуге болады:

Интеллектуалды даму	Оқушыларды ғылым негіздеріне оқыту және пәндік құзіреттілікті дамыту
Әлеуметтік даму	Әлеуметтік білімді беру, тапсырманы орындаудың әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыру
Эмоциялық даму	Қоршаған ортаға адекватты реакция беруді үйрену, өз эмоциясын көрсете білу

Егер мұғалім бірқатар қабілеттер мен құзіреттердің кешенін игерсе, ондай мұғалім өз жұмысының нәтижесі үшін жауап бере алатын маман бола алады. Шынайы тәжірибеде педагогикалық техниканы меңгеруде мұғалімнің шеберлігі мен кәсібилігі көрініс береді. Педагогикалық техниканың мынадай компоненттерін ажыратады: Өзін басқара алу шеберлігі: эмоциялық жағдайға ие болуы, физикалық денсаулық, әлеуметтік сезімталдық, сөйлеу техникасы. Тұлғамен өзара әрекет жасау шеберлігі: ұйымдастырушылық, байланыстық және бағалау шеберлігі. Оқытудың дәстүрлі және дамытушы әдістеріндегі оқу үрдісін ұйымдастыру механизмі

Оқытудың түсіндірмелі әдісі	Әрекеттің компоненті	Оқытудың әрекеттік әдісі
Педагог құрастырады	1. Мақсат – тілектелген болашақтың моделі, алдын ала нәтиже	Мәселе құру үрдісінде оқушылар әрекеттің мақсатын іштей қабылдауы қамтамасыз етіледі

Әрекеттің сыртқы себептері қолданылады	2. Дәлелдер – әрекетті тудырушылар	Әрекеттің ішкі себептеріне арқа сүйенеді
Педагог таңдайды, көбінесе қойылған мақсатқа тәуелсіз болады	3. Тәсілдер – әрекет іске асатын тәсілдер	Түрлі оқыту әдістері, барабар мақсаттар оқытушылармен бірге таңдалады
Мұғалім қарастырған өзгермейтін әрекеттер ұйымдастырылады	4. Әрекет – әрекетің негізгі элементі	Әрекеттер өзгереді, жағдайлар оқушының мүмкіндіктерімен сәйкес жасалады
Сыртқы нәтиже, негізінен меңгеру деңгейі бақыланады	5. Нәтиже – материалды немесе рухани өнім	Бастысы – үрдістегі ішкі жағымды тұлғалық өзгерістер
Алынған нәтижені жалпы қабылданған салыстырылады	6. Баға – мақсатқа жетудің критерийі	Дербес эталондарды қолдану негізіндегі өзін өзі бағалау

Ұрпақ тәрбиесі-бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Жан жемісі, ең алдымен, оқу, білім, тәрбие десек, сол жемісті берер мәуелі ағашымыз- білім ошақтары емес пе? Білім деңгейі қасиет пен қабілетті бағалау жолдарымен жүзеге асады. Еліміздің басынан өтіп жатқан жанартаудай «сілкіністер» бүгінгі білім беру жүйесіне де түрлі өзгерістер енгізуде. Заман талабы «білу аз, сол білгенінді іске қолдана білу» дейді. «Әркім қолда барын ұсынады» деп немқұрайдылыққа салынсақ алдымызда отырған бейкүнә шәкірттердің тағдырына қиянат жасаған болар едік. Не ексең, соны орасың. Қорыта айтқанда шәкіртіміздің білімін шыңдау, қабілетті, дарынды тұлға дайындау — біздің алдағы жауапкершілікті міндеттеріміздің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 — 2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана 2010
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» // Алматы 2010. 6 – б.
3. Масакбаева С.С. Білім берудің мазмұнын жаңарту // Открытая школа. Информационно методический журнал // Главный редактор Лариса Папова; №2. 2010. 8 – 10 – б.

ӨОЖ 373.23 (059)

ТЕМПЕРАМЕНТ ТИПТЕРІНІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ЫҚПАЛЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

БОШҚАЕВА С.А.

Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебінің педагог-психологы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматриваются психологические особенности влияния типов темперамента на процесс обучения.

Summary. The article examines the psychological features of the influence of temperament types on the learning process.

Оқушылардың мінез-құлқын жан-жақты етіп тәрбиелеуде олардың темпераментіне ерекше көңіл бөліп отырудың маңызы зор. Темперамент тәрбиесінде әрбір мұғалім И.П.Павловтың жүйке

жүйесінің типтері туралы іліміне сүйенуі тиіс, Павлов ілімі жүйке жүйесінің типтері өмір барысында өзгеріске түсетіндігін, бұлардың тума ерекшеліктері мен қоса қоғамдық тәрбиенің әсерімен қалыптасатын типтері де болатындығын, жүйке жүйесінің типтерін арнаулы жаттығулар арқылы өзгертуге болатындығын көрсетті. Мәселен, қозуы аса күшті ұстамсыз типтің жүйке процестерін теңдестіру арқылы одан темпераменттердің жақсы жақтарын тәрбиелеуге болатындығы байқалады. Осы ілімге сүйене отырып, тәрбиешілер холериктерді ұстамсыздықтан аулақтатып, тыныш, ұзақ жұмыс істеуге, флегматиктерді жайбарақаттыққа салынбай, меланхоликтерді өздеріне сенуге, батылдыққа тәрбиелеуі тиіс. Мұғалім оқушылардың темпераменттерін тәрбиелеуді олардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу ісімен орайластыра жүргізуді жоспарлаған жөн.

Әрбір психолог өз шәкіртінің темперамент типін мүмкіндігінше нақты анықтап алған жөн. Осы тұрғыдан мұғалімдерге кеңес: холерик оқу істерін мейлінше жиі бақылауға алған дұрыс. Бұл типті оқушымен қатты сөзбен, жекіріп қарым қатынас жасауға типті болмайды – қатынасқа сай келсеңіз жауап әрекеті болуы сөзсіз. Сонымен бірге оның қай қылығы болмасын орынды талаппен, әділ бағалануы тиіс. Сангвиниктерді үздіксіз жаңа, қызғылықты, зейін қойып тыңдап, белгілі күш жұмсауды талап еткен істерге қосып отыру керек. Оны ұдайы белсенді іс-әрекетке араластырып, мақтауын үзбей жеткізіп тұру қажет.

Флегматик қызғылықты, белсенді әрекетке келіп, жұрт назарында болғанды ұнатады. Оны бір істен екіншісіне ауыстыра бермеген дұрыс. Ал меланхоликпен жұмыс істеуде дөрекі сөз, тұрпайы қатынас қана емес, типті жай дауыс көтеру, әзіл-оспақтың өзі орынсыз. Онымен жіберген қате-кемшіліктері жөнінде оңаша әңгімелескен жөн. Оған ерекше назар бөліп, әрқандай іс-әрекетте көрсеткен белсенділік ұшқыны үшін де мезетінде мақтап, қошеметтеп бару керек. Ескертулер мен ұнамсыз бағаны мүмкіндігінше жұмсартып, байқап жария еткен орынды. Меланхолик - өте сезімтал, өкпешіл тұлға, сондықтан оған дегенде өте мейрлі, жақсы ниет білдіре, қатынасу керек. Адамның қай мазмұнда болмасын іс-әрекетін жүзеге келтіруі тікелей темпераментке байланысты. Темперамент психикалық процесстердің жемісінде көріне отырып, еске түсіру, қабылдағанды бекіту жылдамдығына ықпалын тигізеді, ой жүйріктігі мен зейін тұрақтылығын және оның ауыспалылығын айқындап береді.

Жасөспірімдердің темпераментін анықтау үшін оны өте мұқият зерттеу қажет болады. Көпшілік жағдайда темпераменттердің кейбір ерекшеліктері де байқала қоймайды да, осыған орай кейде қате қорытындылар жасалады. Темпераменттер жүйке жүйесінің тума типтеріне көбірек тәуелді болғандықтан, оларды тек лаборатория жағдайында зерттеу жақсы нәтиже береді. Жоғарыда атап өткендей, адамның іске қызығуы әуестенумен байланыстылығын және істің әр саласында бір темпераменттің өзі әр түрлі көрінетіндерін психология дәлелдеп отыр.

Түрлі темпераменттердің ішінен бұлардың қайсысы жақсы деп сұрақ қоюға болмайды. Кез келгеннің де ұнамды, ұнамсыз жақтары бар. Әр адам өз темпераментінің жақсы жақтарын біліп, жаман жақтарынан арылу жолын қарастырса, сөйтіп өз темпераментін меңгере алатын халге жетсе – бұл осы адамның сана-сезімінің жақсы көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Ал керісінше, адам темпераментіне еріп өзіне өзі ие бола алмаса, темпераментінің қайсысы болсын адамды ұнамсыз етіп көрсететін болады [1]

Балалардың сабақ үстіндегі тәртібін ұйымдастырғанда, әсіресе, мінез-құлықтық кейбір теріс көріністері әңгіме болған кезде олардың темперамент өзгешеліктері еске алынып отыруы тиіс. Сангвиниктер мен холериктердің мектептегі қоғам жұмыстарына өздері тіленіп қатысатыны өте жақсы әдет. Бірақ бұларды қадағалап, жұмысына бағыт беріп отырмаса, жұмыстың нәтижесі төмен болуы ықтимал. Әсіресе, сангвиниктерді қатты бақылаған абзал, өйткені олар жұмылып кіріскенімен, жылдам суып қалатын балалар.

Темпераменттерді тәрбиелеуде баланың ерік – жігерін мінез бітістерін, сезім мен эмоцияларын тәрбиелеумен ұштастырыла жүргізілгені дұрыс. Адамның өзін - өзі ұстай алу қабілетінің дамуы темперамент тәрбиесіне жақсы жәрдем береді. Ерік темпераменттің кез келген түрінен де алдыңғы қатардан орын алу қажет. Ерік – жігері күшті дамыған адамға темпераменттің қандай болса да жараса береді.

Сонымен, темпераменттің тұлға ретінде қалыптасуында алатын орны зор деуге болады. Оқу мен тәрбиені оңтайластыру, олардың тиімділігін көтеру жолында әрбір психолог өз шәкіртінің темперамент типін мүмкіндігінше нақты анықтап алғаны жөн. Осы тұрғыдан мұғалімдерге кеңес: холериктің оқу істерін мейлінше жиі бақылауға алған дұрыс. Бұл типті оқушымен қатты сөзбен,

жекiрiп қатынас жасауға тiптi болмайды. Сонымен бiрге оның қай қылығы болмасын орынды талаппен, әдiл бағалануы тиiс. Сангвиниктердi үздiксiз жаңа қызғылықты, зейiн тоқтатып, белгiлi күш жұмсауды талап еткен iстерге қосып отыру керек. Сонымен қатар, оны ұдайы белсендi iс-әрекетке араластырып, мақтауын үзбей жеткiзiп тұру да өте қажет.

Флегматик болса қызғылықты, белсендi әрекетке келiп, жұрт назарында болғанды ұнатады. Оны бiр iсiнен екiншi iсiне ауыстыра бермеген жөн. Ал меланхоликпен жұмыс iстеуде дәрекi сөз, тұрпайы қатынас қана емес, тiптi жай дауыс көтеру, әзiл-оспақтың өзi орынсыз. Онымен жiберген қате-кемшiлiктерi жөнiнде оңаша әңгiмелескен жөн. Оған ерекше назар бөлiп, әрқандай iс-әрекетте көрсеткен белсендiлiк үшқыны үшiн де мезетiнде мақтап, қошеметтеп отыру керек. Ескертулер мен ұнамсыз бағаны мүмкiндiгiнше жұмсартып, байқап жария еткен орынды. Меланхолик - өте сезiмтал, өкпешiл тұлға, сондықтан оған дегенде өте мейiрлi, жақсы ниет бiлдiре отырып қатынасу керек. Сонымен қатар тұлғаның қай мазмұнда болмасын өз iс-әрекетiн жүзеге келтiруi тiкелей темпераментке байланысты.

Қазiргi таңда бүкiл адамзат алдында бұрын болмаған ауқымды, бүкiл әлемдiк проблемалар қойылуда. Олардың iшiнде бейбiтшiлдiк пен қарусыздану, қоғамдық және әлеуметтiк даму, халық ағарту және мәдениет проблемалары, денсаулық сақтау және т.б. сол сияқты мәселелер. Адамзат болашағы аталған ауқымды проблемалармен тiкелей байланысты екенi сөзсiз. Сондықтан, мектеп оқушыларының, әсiресе бастауыш сынып оқушыларының менталитетiн, адамгершiлiгiн, шығармашылық қабiлетiн қалыптастыру, дамыту қазiргi таңда өзектi мәселеге айналып отыр. Осы мәселенi кеңiнен қарастыруға баланың бойындағы тума қасиеттердiң бiрi – темперамент ерекше орын алады деп санаймыз [2]

Адамның мiнез-құлқы оның туыстан пайда болған тип өзгешелiгiне ғана тәуелдi болмай, жүйке қызметiнiң тiкелей өмiр барысында қалыптасатын түрiмен де байланысты екенiн еске ұстау қажет. Кейде тыныш бiр қалыпты флегматик холерикше эмоциясы бұрқанып, күйiп-пiсiп, әлек болады, ал холериктiң кейбiр жағдайларда өз күшiне сенбейтiн, енжар меланхоликтiң қалпына түсiп кететiн кездерi де болады.

Осындай көрiнiстер кейбiр психологтарды аралас темперамент те болады деген пiкiрге алып келедi. Мұндай түсiнiктi дұрыс деуге болмайды. Аралық темпераменттер болады деген дұрысырақ. Бiр адамның өзiнде де әр жағдайда түрлi мiнез-құлқы көрiнiп отырады, оны талдауда алғашқы кезде осы адамның типтiк өзгешелiктерi еске алынады, өйткенi, мұндай жағдайларда жүйке жүйесiнiң түрлi типтерiнде көңiл күйi түрлiше байқалады. Мәселен, холерикке – көңiлдiң түсуi, бұрқануы, ал флегматикке — ұстамдылық, меланхоликке – өз күшiне сенiмсiздiк т.б. тән қасиет. Олай болса осы жағдайлар адамның типтiк белгiсi болып табылады. Егер адам сыртқы әсерге қалай болса солай қарайтын болса, осы әсердiң өзi қандай екенiн зерттеу қажет. Мұндайда кездейсоқ реакцияның типтiк болып шығуы да ықтимал. Мәселен, флегматиктiң ашуы мен эмоциялық күйiп-пiсуi ұзақ уақыт iшiнде сан рет қайталанған әсерден кейiн туса, холерикте осындай жағдай бiрден пайда болады.

Адамның жабырқауы мен солқылдақтығы да осы тектес болады. Холериктерде бұл ұзақ зорығып жұмыс iстеген кездегi қажудан туындаса, меланхоликтерде бұл жайт қарым-қатынас пен өмiр жағдайының түбегейлi өзгерiске түскен кезiнде немесе қысқа мерзiмдi күйзелiс үстiнде белең бередi. Осы айтылғандарды ескеру және бiлу – адам темпераменттерiнiң ерекшелiктерiн ажырату үшiн қажет [3]

Темпераменттердiң табиғи, қарапайым көрiнiстерi балалық шақта жақсы байқалады. Бала өскен сайын оның сыртқы ортамен қарым-қатынасы күрделене түседi де, оның одан алатын әсерi де мол болады. Осыған орай темпераменттердiң өзгерiске түсетiн ерекшелiктерi бүркемеленедi. Дамудың жоғары денгейiнде темпераменттердi анықтаудың қиынға соғатынының тағы бiр себебiн бұлардың мiнез сапаларымен араласып, қарым-қатынастың жаңа формаларының iшiне енiп кететiндiгiнен деп ұғыну қажет. Сондықтан да бiз кейде темперамент көрiнiстерiн- мiнез бiтiмi деп, керiсiнше, мiнез бiтiмдерiн- темперамент ерекшелiктерi деп шатастырамыз [4]

Жүргiзiлген зерттеулер жүйке қызметi мен темпераменттiң типтерi өте ерте көрiне бастайтындығын аңғартқан. Сөйтiп темперамент жеке адам реакциясының негiзгi түрi болып келетiн балалық шақта ол «таза» күйiнде де кездеседi. Өмiр сүру барысында жеке адамның iшкi құрылымдары сапалық өзгерiстерге түсiп отырады. Даму барысында темпераменттiң бiр белгiсiнiң әлсiреп, екiншiсiнiң күшеюi, осының салдарынан мiнез-құлқының кейбiр жақтарының өзгерiске ұшырап отыруы да ықтимал.

Даму барысында туындайтын осындай сапалы өзгерістердің осы күрделі үрдісінің бәрі, сайып келгенде, адамның тұрмыс салтына әрекеті мен тәрбиесіне тәуелді. Өмір жағдайлары темпераменттердің материалдық негізі болып табылатын жүйке жүйесі қызметінің өзгешеліктеріне ықпал жасайды.

Темперамент типтері жайлы теорияларды қарастыра келіп, олардың ғасырлар бойы ғылыми ойды қызықтырып келе жатқан мәселелердің бірі екеніне көз жеткіздік. Оған деген қызығушылықтың төркіні – жасөспірімдер бойында болатын дара өзгешіліктер. Өйткені темпераменттің қайталанбастығы, бір жағынан, адам тәнінің биологиялық және физиологиялық құрылымы мен дамуына байланысты болса, екіншіден – әлеуметтік ерекше байланыстар мен қатынастарға негіз бола алуында. Жасөспірімдер арасындағы көптеген психикалық айырмашылықтар да темперамент табиғатымен байланысты, мысалы эмоция тереңдігі, қарқындылығы, тұрақтылығы, ауыспалы-қозғалғыштығы, еске түсіруі, қабылдағанды бекітуі, т.б. Осылай темперамент психикалық процестердің желісінде көрініс таба отырып әр тұлғаның ерекшеліктерін айқындауға да мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. Алматы -2002.
2. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. Оқулық. Алматы-2005.
3. Намазбаева Ж.И. Психология, оқулық Алматы-2005.
4. Алдамұратов А. Жалпы психология, Алматы, 1996.

ӘОЖ 373.89 (37)

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ДЕВИАНТТЫ ТӘРТІБІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

НАЗАРКУЛОВА АЙГЕРИМ СЕРИККЫЗЫ

№21 жалпы орта білім беретін мектептің педагог-психологы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматриваются меры по выявлению и профилактике девиантного поведения несовершеннолетних в образовательных организациях.

Summary. The article discusses measures to identify and prevent deviant behavior of minors in educational organizations.

Жалпы, баланың қиын тәрбиеленуі, қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді сақтамауын ғылымда девиация деп атайды. Соған орай көптеген әдебиеттерде «қиын бала» түсінігінің орнына «девиантты» термині өте жиі кездеседі. Жалпы, «қиын мінез-құлық», «девиантты мінез-құлық», «ауытқыған мінез-құлық» түсініктері синонимдер болып табылады да, қай терминді алсақ та, қиын бала мәселесі туралы ұғым екенін білеміз.

Кең мағынасында девиантты мінез құлық кез келген әлеуметтік (ережелерден мысалы, оның ішінде жағымды: батырлық, аса еңбекқорлық, альтруизм, өзін құрбан ету, аса үлкен рөл ойнау, жетістіктер мен қатар жағымсыз: қылмыс, қоғамдық тәртіпті бұзу, адамгершілік ережелерін, дәстүрді, әдет-ғұрыптарды атап өту, өзіне-өзі қол жұмсау және т.б.) ауытқушылықты білдіреді [1].

Ал, тар мағынасында қалыптасқан құқықтық және өнегелік ережелерді тек белінен басып, атап өту деп түсіндіріледі. Мұндай девиантты мінез-құлық әлеуметтік өмірді ыдыратып, әлеуметтік аномалияға әкеп соқтырады. Ол конформизмге қарама-қарсы. Девиантты мінез-құлық әлеуметтік себептері қоғамның мәдени құндылықтары мен оларға қол жеткізудің әлеуметтік қолдау тапқан құралдардың арасындағы алшақтықта, әлеуметтік құндылықтардың ережелердің, қатынастардың әлсіздігі мен қара-қайшылығында. Девиантты мінез-құлыққа жауап ретінде қоғам немесе әлеуметтік топ арнайы әлеуметтік санкциялар қолданып, өз мүшелерін ондай қылықтары үшін жазалайды.

Девианттық мінез-құлық, әлеуметтенудегі девиантты мінез құлық тұжырымдамасын қалыптастырған француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм. Ол әлеуметтік девиацияны

түсіндіру үшін аномия тұжырымдамасын ұсынды. Аномия термині француз тілінен аударғанда ұжымның, заңның болмауы. Ал, Роберт Мертон мінез-құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндіреді. Девиантты мінез-құлықтың сыртқы физикалық жағдайларына климаттық, геофизикалық, экологиялық факторларды енгіземіз. Сонымен бірге әлеуметтік орта әсерлері де өз ықпалын тигізеді:

- қоғамдық үрдістер (әлеуметтік – экономикалық жағдай, мемлекеттік саясат, салт-дәстүр, бұқаралық ақпарат құралдары т.б.).

- тұлға бар әлеуметтік топ мінездемесі (этикалық құрылым, әлеуметтік мәртебе, референтті топ);

- микроәлеуметтік орта (отбасының өмір стилі және деңгейлері, отбасындағы өзара қарым-қатынас типі, отбасындағы тәрбие стилі, достар, басқа да маңызды адамдар) [2].

Девиация бірнеше типтен тұрады: девиантты, деликвентті және криминалды мінез-құлық. Девиантты мінез-құлық – әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлықты айтады. Ол ауытқыған мінез-құлықтың бір түрі. Кейбір әдебиеттерде бұл типті «антидисциплинарлық» деп те атайды.

Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкоголизм, наркомания, қоғамға жатқылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид т.б. жатады.

Девиацияның негативті формалары әлеуметтік патология болып табылады: алкоголизм, токсикомания, нашақорлық, жезөкшелік, суицид, заң бұзушылық және қылмыскерлік. Олар жалпы қоғамға, айналадағы адамдарға және ең бірінші өздеріне үлкен зиян келтіреді.

Девиацияны зерттеуші көптеген ғалымдар девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторларын түрліше түсіндіреді. Біріншілері оларды екі үлкен топқа ішкі және сыртқы факторлар деп бөлсе екіншілері оларды бөлмей:

- жанұяда берекенің болмауы;

- ата-ананың «ерекше» қамқорлығы;

- тәрбие берудегі кемшіліктер;

- өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;

- өмірлік дағдының болмауы, айналасындағы адамдармен, құрбылармен жарасымды қатынасқа түсе алмауы;

- сырттан келген қысымға төтеп бере алмауы, өз бетінше шешім қабылдай алмауы, сынаушылық ойды дамыта алмауы;

- психоактивті заттарды жиі пайдалануы;

- агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы;

- мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы;

- балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының проблемалары [3].

Үшіншілері оларды негізгі бес факторға бөліп қарастырады:

1. *Биологиялық факторлары* – баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайтын физиологиялық және анатомиялық жағымсыз ерекшеліктер. Оларға мыналар жатады:

- ұрпақтан-ұрпаққа берілетін немесе ананың жүкті болғанда дұрыс тамақтанбауы, арақ-шарап, нашақорлық заттарды пайдалануы, темекі тартуы, ананың физикалық, психикалық т.б. сырқаттары себеп болатын генетикалық факторлар: ақыл-ой дамуының бұзылуы, есту, көру кемшіліктері, жүйке жүйесінің зақымдауынан пайда болған денедегі кемшіліктер.

- психофизиологиялық факторлар: психофизиологиялық күш, дау-жанжал, келіспеушілік жағдайлар, адам организмдеріне кері әсер ететін, қоршаған ортаның химиялық құрамы, соматикалық, аллергиялық, токсикалық ауруларға душар ететін энергетикалық технологияның жаңа түрлері;

- физиологиялық факторлар: сөйлеу дефекттері, адам бойындағы соматикалық кемшіліктер.

Бұлардың бәрі адамның қоршаған ортаға, жеке адамдарға деген жағымсыз қарым-қатынасын тудырады, ал балалар болса, өзіндік сезім мен танымдық деңгейіне байланысты, құрбы-құрдастары арасында, ұжымда еркін сезіне алмайды, қатынасы бұзылады.

2. *Психологиялық факторлар*. Бұған баладағы психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларды,

психопатияда, неврастенияда т.б. көрінеді. Акцентуациялық сипаттағы мінезді балалар өте ашушаң, дөрекі болады. Оларға міндетті түрде әлеуметтік-медициналық реабилитация, сонымен қоса, арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстар жүргізу керек. Баланың әрбір даму сатысында, олардың психикалық қасиеттері, тұлғалық және мінездегі ерекшеліктері қалыптасып, дамып отырады. Бала даму барысында әлеуметтік ортаға бейімделуі немесе керісінше бейімделмей, жатсынып кетуі мүмкін. Егер, балаға ата-ананың жылуы, махаббаты, ықыласы жетіспесе, онда ол ата-анасынан шеттеніп кетеді. Шеттену- невротикалық реакциялар, қоршаған ортамен қатынастың бұзылуы, сезімдік тепе-теңсіздік және суықтық, ашуланшақтық, психикалық аурулар және психологиялық патологиялар сияқты жағымсыз мінез-құлықтың пайда болуына жол ашады. Егер, балада адамгершілік құндылықтар қалыптаспаса, онда, ол пайдакүнемдік, қанағатсыздық, зорлаушылық, дөрекілік т.б. сияқты жағымсыз қасиетерге бейім тұрады.

3. *Әлеуметтік – педагогикалық факторлар.* Олар мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде, баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты. Мұндай балалар көбінесе мектепке дайындығы жок, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарайтындар. Бұның бәрі баланың оқудағы бейімсіздігін көрсетеді. Оқушының оқудағы бейімсіздігінің қалыптасуы мынадай сатылардан өтеді:

- оқудағы декомпенсация- баланың жалпы мектепке деген қызығушылығы жоғары, бірақ бір немесе бірнеше пәнді оқуда қызығушылықтарға тап болуынан;

- мектептік бейімсіздік дезадаптация- бала сабаққа үлгермеуімен қатар оның мінез-құлқы өзгеріп, мұғалімдермен, сыныптастарымен қарым-қатынасы бұзылып, сабақтан қалуы көбейеді немесе мектептен біртіндеп қол үзе бастайды;

- әлеуметтік бейімсіздік- баланың оқуға, мектепке, ұжымға деген қызығушылығы жойылады, ассоциалдық топтармен араласып, алкогольге нашақорлыққа қызыға бастайды;

- дисгармонды стиль-бір жағынан ата-ана баланың барлық тілектерін орындайды, үлкен қамқорлық жасайды, екінші жағынан конфликті жағдайларға баланы итермелейді;

- тұрақсыз, конфликті стиль- толық емес отбасындағы, ажырасу кезіндегі ата-ана мен балалар бөлек тұрған жағдайдағы тәлім- тәрбиелік кемшіліктерден туындайды;

- ассоциалды стиль-ата-ананың арақ ішуі, нашақор заттарды пайдалануы, криминалды іс-әрекет, аморальді өмір сүру жағдайы, отбасылық қатыгездік, зорлаушылық жатады.

Балаға көрсетілген қатыгездік қатынасқа жататындар: қинаушылық, физикалық, эмоционалды, жыныстық зорлық-зомбылық. Қатыгездік үйде, далада, мектепте, балалар уйлерінде, ауруханада көрсетілуі мүмкін. Мұндай іс-әрекетке душар болған балалар қалыпты түрде даму көрмей, қоршаған ортаға бейімделе алмай қалады. Соның әсерінен, бала өзін жаман, керексізін деп сезінеді. Баланың қатыгездікке жауап беру түрі баланың жасына, тұлғалық ерекшелігіне, әлеуметтік тәжірибесіне байланысты. Психикалық реакциялардан басқа балалардың мінез-құлқы да өзгереді: агрессия жоғарылайды, төбелескіш, өзіне сенімсіз, ұялшақ, өзіне деген бағасы өте төмен болады. Зерттеулерге қарағанда, зорлық-зомбылықты көп көрген балалар өскенде зорлаушы рөлінде болуды қалайды.

4. *Әлеуметтік-экономикалық факторлар.* Әлеуметтің теңсіздігі қоғамның кедей және бай болып бөлінуі, жұрттың кедейленуі, жұмыссыздық, инфляция, әлеуметтік кернеу, т.б.

5. *Моральді – этикалық факторлар.* Қазіргі қоғамның адамгершілік қасиеттерінің деңгейі төмен болуы, рухани құндылықтардың бұзылуы [4].

Қорыта айтқанда, девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен, тікелей байланыстыра, адамдар арасындағы қарым-қатынастар нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында девиантты мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектептегі психология журналы. №4 (46) 2012 сәуір

2. Мектептегі психология журналы. №6 (24) 2009 сәуір
3. Мектептегі психология журналы. №2 (56) 2013 сәуір
4. Мектептегі психология журналы. №8 (50) 2012 сәуір

ӘОЖ 577.213; 579.882.11

СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ЗЕРТТЕУ

БЕКСҰЛТАНОВ МАДИЯР ЕРДОСҰЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 2 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛИМБЕКОВ РЫСБЕК ТҰРЫСБЕКҰЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье все спортивные игры зависят от доминирования одного из качеств тела и относятся к скоростно-силовым упражнениям. Подавляющее большинство движений ацикличны.

Summary. In the article, all sports games depend on the dominance of one of the body qualities and relate to speed-strength exercises. The vast majority of movements are acyclic.

Спорттық ойындар ситуациялы дене жаттығуларына жатады. Басты ерекшелігі - қимылдардың орындалуы алдын ала бағдарланбайды. Ойын кезіндегі әртүрлі мезеттерде пайда болатын жағдайларға, яғни ситуацияға байланысты, бұл кездегі қимылдың дұрыс және уақытылы орындалуы жүйке жүйесінің экстраполяцияға қабілеттілігімен сипатталады. *Экстраполяция* дегеніміз құбылыстың белгілі бір бөлімінде алынған нәтижелерді екінші бір бөлімінде қолдана алу. Мысалы, ойыншы айталық өзінің серіктесіне лақтырарда ол тұрған жерді емес, сол жетіп келетін жерді нысанаға алады. Бұл жерде жүйке процесінің қозғалмалылығы қажет. Қаншалықты жаңа іс-әрекеттерді көптеп меңгерсе, соншалықты спортшының экстраполяцияға қабілеттілігі арта түседі. Спортшының ағзасының қызметті күйі ойынның ұзақтығына, яғни уақытына, қарқынына, ойын алаңының көлеміне, командадағы адам санына және ойынның маңыздылығына байланысты. Ойын процесінде қаншалықты жүгіру көп болса, соншалықты вегетативті ығысулар үлкен болады. Барлық спорттық ойындар дене сапасының қайсы бірінің басым болуына байланысты болады да, шапшаңдықты-күшті жаттығуларға жатады. Қимылдардың басым көпшілігі ациклді болады. Сонымен қатар, нысаналы қимылдар жүзеге асады, ал жалпы сипаты бойынша спорттық ойындар динамикалық жұмысқа жатады. Бұл жерде нысаналы қимылдардың нақты орындалуының маңызы үлкен. Циклді қимылдар – ауыспалы қуатты болып келеді. Ойындардың жекелей кезеңдеріндегі қимылдар үлкен, субмаксималды және максималды қуатты аймақтарды қамтиды. Қалай жұмыстың қуаты төмендесе, солай қалпына келу процесі тездейді. Қаншалықты спортшының дәрежесі жоғары болса, соншалықты қалпына келу процесі шапшаң жүреді.

Бұл спорт түрінде қимылдардың максималды қуатпен орындалуын қамтамасыз ететін ағзаның анаэробты мүмкіндіктеріне үлкен талаптар қойылады. Осыған байланысты, жүктеменің қарқынын төмендетіп алмас үшін, ойын кезінде тәртіп бойынша ойыншыларды ауыстыруға рұқсат етіледі. Спорттық ойындар салыстырмалы түрде ұзақ уақытқа созылатындықтан (45-90 минут) спортшының анаэробты мүмкіндіктерімен қатар аэробты қасиеттерін жетілдіру қажет.

Спорттық ойындарда қимыл дағдылары толық автоматтандырылуы қажет, яғни спортшының қимыл әрекеттері санасыз, автоматты түрде орындалады. Сонда ғана спортшының санасының бақылауымен негізгі күрделі қимылдар жүзеге асады. Ойындардың жекелей бір әдістері, тіпті кейде күрделі қимылдардың құрылымдары автоматты түрде орындалуы қажет.

Спорттық ойындармен шұғылдану жүйке процестерінің қозғалмалылығын жетілдіреді. Осы арттырудың басты көрсеткіші – дұрыс жауапты талап ететін күрделі реакциялардың латентті уақытының қысқаруы. Ал латентті уақыттың қысқаруы берлітсін қимыл жауабын таңдауға жұмсалатын уақыттың қысқаруы есебінен жүреді.

Спорттық ойынмен шұғылданатын спортшылардың бұлшық етінің жарылыс күші жақсы жетілген болады. "Секірмелі" қимылдар шапшаңдықты-төзімділікке талаптар қояды. Бұлшық еттердің күші олардың шапшаңдықты сапасын төмендетпеуі қажет. Сөре алдыңғы шапшаңдық жоғары болуы керек.

Спортшылардың есту, көру, тепе-теңдік және қимыл талдағыштарына көп талаптар қойылады. Спорттық ойындардан баскетболды, волейболды, футболды қарастырамыз.

Футболшылардың дене сапаларының ерекшеліктері. Футболшылар көбіне бойларының ұзындығымен ерекшелене бермейді, қақпашылардың дене мөлшерлері - үлкен, шабуылшылардың дене мөлшерлері керісінше - кіші болып келеді. Дене тұрқылары бойынша футболшылар спортшы еместерден ерекшелене бермейді.

Футбол ойыны қимылдардың әртүрлілігімен сипатталады. Жүгіру, секіру, допты соғу сияқты әртүрлі күшті элементтерден тұратын қимылдардан құралады. Бұл қимылдар өзі бір командадағы ойыншылардың арасында және қарсыластардың арасында орындалады.

Футболшы қысқа қашықтықты жоғары шапшаңдықпен жүгіріп өтуі қажет, ол үшін ағзаның анаэробты мүмкіндіктері жақсы жетілген болуы қажет. Орта есеппен бір ойын кезінде футболшы 8-10 км қашықтықты жүгіріп өтеді. Мұның өзі ағзаның аэробты мүмкіндігінің жақсы жетілуін талап етеді. ОМҚ-ы футболшыларда – 58-62,5 мл/мин/кг болады. Тыныштық күйде футболшылардың ЖСЖ брадикардия күйінде (48-54 соғу/мин) болса, ойын кезінде 160-180 соғу/мин-қа дейін көтеріледі. Жүректерінің көлемі орта есеппен 965 см³ (820-1140 см³) (В.Л.Карпман).

Баскетбол. Баскетболшылардың бойының ұзындығы орта есеппен – 196,4 см. Дене құрлымының қатысы бойынша баскетболшылардың 47%-ы гигантоидты (аяқтары ұзын, йықтары кең), 29%-ы тейноидты (аяқтары ұзын, йықтары қушиған) болып келеді. Денелерінің тұрқы құмды сағат сияқты болып келеді – жоғары және төменгі бөлімдері - кең, ортаңғы жағы тарылған болып келеді. Іріктеудің бастапқы кезеңдерінде бойшаң спортшыларға көбірек көңіл бөлінеді.

Жоғары дәрежелі баскетболшылардың ОЖЖ-і қызметінің ерекшелігі - олардың қимыл реакциясының бағдары жақсы жетілген болады. Мұның өзі қимылға қатысатын бұлшық ет талшықтарының теңелуімен жүзеге асады. Жоғары дәрежелі баскетболшыларда доп екінші ойыншыға берілгенде немесе лақтырылғанда қолдың және йық белдеуінің күштенуінің тікелей осы қимылды жүзеге асыруы байқалады, яғни уақыты бойынша нақтылық байқалады, ал төменгі дәрежелі спортшыларда бұл реакция допты алардан біраз уақыт алдын басталады, олай болса ұзақ уақытқа созылады.

Көру талдағыштары. Ойын алаңында бағдарлануда көру аймағының маңызы үлкен. Сондықтан көру аймағының көрсеткіштері төмен спортшы жоғары спорттық нәтижені көрсете алмайды. Баскетболшылар ойын алаңына шыққан кезде олардың көру аймағы 15-20%-ға артады. Олардың көзді қозғалту бұлшық еттері жақсы жетілген болады және көздерінің бұлшық еттері біркелкі жетілген (ортофория) болады.

Қимыл талдағыштары. Бұл талдағыштың қызметі қызметті күйі қимылдарды көзбен бақылау және көзді жұмып тұрып орындау кезінде бағаланады. Жоғары дәрежелі баскетболшыларда алақан, саусақ бөлімінің буындарындағы қимыл талдағыштарының сезімталдығы жақсы жетілген болады.

Ойын кезінде ерлер – 4200-4500 ккал, ал әйелдер – 3600-3800 ккал қуат жұмсайды.

Тыныс алу жүйесі. ТЖ ойын кезінде 50-60 рет/мин-қа дейін көтеріледі. ТМК және оттегінің қолданылуы ойын қарқынына байланысты. Орта есеппен оттегінің қолданылуы ойын кезінде 4,3-4,7 л/мин-қа жетеді. Максимальды оттектік қарыздылық 8,8 л/мин болады. ОМҚ-ы баскетболшы-ерлерде – 53 мл/мин/кг, ал әйелдерде – 44 мл/мин/кг (В.И.Дубровский, 2005). Оттектік қарыздылықтың максимальды мөлшері жұмыстың ауыспалы қуаттылығымен түсіндіріледі, ал мұның өзі оттектік қарыздылықтың ойын барысының өзінде-ақ біршама жойылуын қамтамсыз етеді.

Қан және қан айналым жүйелері. ЖСЖ ойын кезінде 200 соғу/мин-қа және одан да жоғарыға жетеді. Орташа есеппен ЖСЖ ойын кезінде 170-190 соғу/мин деңгейінде болады. ЖСЖ-нің 100-140 соғу-мин-қа дейін төмендеуі ойын барысындағы 30-60 секундтық үзіліс кезіндегі байқалады. Жүректің көлемі баскетболшыларда орта есеппен 1200 см³ болады, ҚМК ойын кезінде 24 л/мин-қа, систолалық қан көлемі 167 мл-ге жетеді. Ойыннан кейін, кейде несепте белок және глюкоза пайда болады.

Бұлшық ет лейкоцитозының нейтрофилді кезеңі байқалады. Ойыннан кейін лактат 80-140 мг/%-ға дейін жетеді (тыныштық күйде – 10-12 мг/%).

Волейбол. Волейбол - алаңдағы қозғалыстар бойынша қарқыны төмен ойын болып есептелінеді. Жоғары дәрежелі волейболшыларда шапшаңдықты-күшті дене қасиеттері жақсы жетілген. Баскетболшылардағы сияқты жүктеменің басым бөлігі талдағыштарға, әсіресе көру талдағыштарына түседі. Жоғары дәрежелі спортшыларда ортофория жиі кездеседі.

Тыныс алу және қан айналым жүйелері. Бұл жүйелердің қызметі ойын қарқынына тәуелді. Ойын кезінде ЖСЖ 170-190 соғу/мин деңгейінде сақталады. Тыныс алу жиілігі минутына 42-48 ретке жетеді.

Қуат жұмсалуы шамамен баскетбол ойыны кезіндегідей болады.

Шайбалы хоккей. Хоккейшілер дене өлшемдерінің үлкендігімен ерекшеленеді. Шабуылшылардың дене өлшемдері үлкен, ал қорғанушылардыңкі -біршама кіші болып келеді. Ойын кезінде спортшы 5км және одан да көп қашықтықты жүгіріп өтеді, олай болса ағзасына түсетін жүктеме үлкен болып келеді.

Хоккейдің бсақа спорттық ойындардан ерекшелігі – қимылдардың қарқыны өте жоғары болады. Осыған байланысты хоккейшінің бұлшық еттері негізінен анаэробты қуат көздері есебінен жұмыс атқарады. Динамикалық шапшаңдықты-күшті жұмыс статикалық күштенулермен үйлесіп, нәтижесінде бұлшық еттер гипертрофиясы және күш көрсеткіштері жетіледі.

Ойын процесі кезіндегі вегетативті ығысулар – жоғары. ЖСЖ-і – 180-200 соғу/мин-қа дейін жетеді. Мұз алаңында 1-2 минут болған кезде хоккейші субмаксимальды қуатты аймақта жұмыс атақарады (Дубровский В.И.,2005).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Overview of Soccer*. Encyclopædia Britannica. Басты дереккөзінен мұрағатталған 12 маусым 2008. Тексерілді, 4 маусым 2008.

2. Guttman Allen *The Diffusion of Sports and the Problem of Cultural Imperialism // The Sports Process: A Comparative and Developmental Approach / Eric Dunning, Joseph A. Maguire, Robert E. Pearton — Champaign: Human Kinetics, 1993. — P. 129. — ISBN 0-88011-624-2.*

3. Dunning Eric *The development of soccer as a world game // Sport Matters: Sociological Studies of Sport, Violence and Civilisation — London: Routledge, 1999. — P. 103. — ISBN 0-415-06413-9.*

4. *Team Sports // Catastrophic Injuries in High School and College Sports — Champaign: Human Kinetics, 1996. — P. 57. — ISBN 0-87322-674-7.*

5. Қыдырмолдина, А. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері: оқулық / А. Қыдырмолдина. - Алматы : ЖШС РПБК Дәуір, 2014. - 528 б. http://e-lib.dulaty.kz/ISBN_978-601-217-478-6

ӘОЖ:796.42

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАЛЫҚ ЖҮГІРУДІҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

БЛЕЙМАН ӘБДИМАНСҰР МҰРАТҰЛЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің 2 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛИМБЕКОВ РЫСБЕК ТҰРЫСБЕКҰЛЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье отличие спортивного бега от спортивной ходьбы состоит в том, что цикл движений в спортивной ходьбе состоит из двух шагов с одной опорой и двойного шага, состоящего из двух опорных позиций. А в спортивном беге один опорный шаг чередуется с полетным шагом.

Summary. In the article, the difference between race running and race walking is that the cycle of movements in race walking consists of two steps with one support and a double step, consisting of two support positions. And in sports running, one support step alternates with a flight step.

Жеңіл атлетикалық жүгірудің спорттық жүруден айырмашылығы – спорттық жүрудегі қимылдар циклі бір тіректі екі сатыдан және екі тіректі күйден тұратын қосарлы қадамнан тұрады. Ал жеңіл атлетикалық жүгіруде бір тіректі саты ұшу сатысымен кезектеседі.

Жүгіру кезінде жекелей тірек сатысы ұшу сатысымен кезектеседі. Жеңіл атлетикадағы орындалу техникасы бойынша ең күрделісі – қысқа қашықтыққа жүгіру, өйткені сөрелік және сөрелік екпін күйін үйрену қиынға соғады. Машықтану кезіндегі ағзада жүретін физиологиялық ығысулар жүгіріп өтетеін жолдың ара қашықтығына байланысты. Қаншалықты жүгіретін ара қашықтық ұзақ болса, соншалықты жұмыстың қуаты аз болады. Сондықтан жүгіру тепсіну күшіне, адымдардың ұзындығына және жиілігіне байланысты бола отырып, әртүрлі қуатты жұмыс күйінде орындалады. Жеңіл атлетикадағы жұмыстың қуатын анықтайтын негізгі көрсеткіш – жүгіру шапшандығы. Ол адымдар ұзындығының сол адымдар жиілігіне көбейтіндісімен анықталады. Жүгіру орындалатын уақыт жұмыстың қуатына байланысты. Қаншалықты жұмыс қуаты жоғары болса, соншалықты оның орындалу ұзақтығы шаршаудың тез туындауы есебінен аз болады.

Жеңіл атлетикалық жүгіру төрт қуат аймағында орындалады. Бірінші қуат аймағы – *максималды қуатты аймақтағы жүгіру*, оған 100, 200 метрге жүгіру жатады. Орындалу уақыты – 10-20 секунд. Бұл жұмыс анаэробты жағдайда жүзеге асады, олай болса бұл кездегі қуат көзі – АҰФ. Максимальды қуат аймағында жұмыстың орындалуы кезінде қандағы сүт қышқылының және басқа зат алмасу өнімдірінің деңгейі өзгермейді, себебі 10-20 секунд ішінде бұл заттар жасушалардан бөлініп, қанға түсіп үлгері алмайды, нәтижесінде кардиореспираторлық жүйенің қызметінде де өзгерістер аса үлкен болмайды. Жұмыс қысқа уақытта орындалатындықтан оттектік қарыздылық 8 литр шамасында болады. Қуаттың жұмсалуды шамалы, бар-жоғы - 40-80 ккал. Бұл жұмыстың орындалуы кезінде негізгі қорлардың қосылуы жасушалы және ұлпалы деңгейде жүреді, ол дегеніміз АҰФ-ң қайта түзілуі креатинфосфат (КрФ) және гликолиз есебінен жүреді. Жұмыстың орындалуы кезінде жүйкелік және гуморалді механизмдердің жасушалы және ұлпалы қорлардың қосылуындағы маңызы шамалы ғана болады.

Екінші қуат аймағы – *субмаксималды қуатты аймақта* орындалатын жеңіл атлетикалық жұмысқа 800-1500 метр қашықтыққа жүгіру жатады. Орындалу уақыты – 20-30 секундтан 3-5 минутқа созылады. Мұндай аймақта орындалатын жұмыстың соңында ағзада максимальды физиологиялық ығысулар жүреді, атап айтқанда сүт қышқылы бұлшық ет жасушасынан қанға өтіп үлгері де, нәтижесінде қандағы сүт қышқылының концентрациясы 20 моль/литрге жетеді. Қанның рН реакциясы – 7,6 болады. Сүт қышқылынан басқа қанда зат алмасудың соңғы өнімдері, физиологиялық белсенді заттар – креатин, гистамин пайда болады. Бұл заттар қанға түсе отырып, жұмыс жасап тұрған бұлшық еттердің қан тамырларын кеңейтеді. Нәтижесінде қан ағымы тездейді, бүкіл ағзадағы қанның таралуы артады. Мұның барлығы кардиореспираторлық жүйенің қызметін арттырады, нәтижесінде қан қысымы жоғарылайды, ал бұл ығысулар өз кезегінде оттегінің қолданылуын арттырады. Оттектік қарыздылық 20 литрге дейін жетеді. Жұмсалған қуаттың мөлшері – 450 ккал, бұл 100 грамм глюкозаның жұмсалуды талап етеді. Субмаксимальды қуатты аймақта орындалған жұмыс кезінде тек қана жасушалы және ұлпалы қорлар ғана емес, мүшелер және мүшелер жүйесінің қорлары қосылады, атап айтқанда кардиореспираторлық жүйенің қызметінің өзгеруі есебінен жүреді. Мұның өзі шартты және шартсыз рефлексстердің қатысуымен және гуморалді реттелумен жүзеге асады.

Үшінші – үлкен қуат аймағында орындалатын жұмыстың уақыты 5-6 минуттан 20-30 минутқа дейін созылады. Бұған 5000 метрге жүгіру жатады. Бұл жұмыстың орындалуы кезінде көп тер бөлінеді, термен қоса біршама жылу бөлінеді. Сүт қышқылы бүйрек арқылы бөлінуі нәтижесінде несеп қышқылданады, бірақ несеп аз мөлшерде түзіледі, өйткені судың көпшілік мөлшері тер арқылы бөлініп кетеді. 900 ккал қуат жұмсалады. Оттектік қарыздылық – 12 литр. Физиологиялық қорлардың қосылуы жасушалы, ұлпалы, мүшелі, мүшелер жүйесі деңгейінде жүреді. Әсіресе келесі бірқатар жүйелердің маңызы үлкен: 1) кардиореспираторлық жүйенің қызметінің артуы (ТМК және ҚМК артады); 2) су қорлары қатысады, себебі қандағы плазманың біршама мөлшері бұлшық еттерге кетеді. Бұл тердің көп бөлінуін, жылудың артық мөлшерінің және сүт қышқылының бөлінуін қамтамасыз етеді; 3) гемоглобиннің өкпеде оттегімен байланысы артады және ұлпадағы қалпына келуі жоғарылайды; 4) ағзадағы қанның таралуы өзгереді, қанның көпшілік мөлшері қызмет етіп тұрған бұлшық еттерге жұмсалады; 5) несеп шығару жүйесінің

қызметі артады; б) мүшелер және мүшелер жүйесінің қорлары максималді деңгейде жұмсалады, әсіресе ең үлкен жүктеме жүрекке түседі.

Төртінші қуат аймағы – бірқалыпты қуатты аймақ, оған марафондық қашықтыққа жүгіру жатады. Орындалу уақыты 30-40 минуттан сағаттарға, тіпті тәуліктерге созылады. Бұл кездегі жұмыс "нағыз" тұрақты күйде орындалады. 10000 ккал мөлшерінде қуат бөлінеді. Қандағы глюкозаның деңгейі 110-120 мг/%-дан 40 мг/%-ға дейін төмендейді. Бұл кезде жұмыс майлардың тотығуы және глюкозаның сырттан келіп түсуі есебінен орындалады.

Қан жүйесінің ерекшеліктері. Жүгіргеннен кейін қандағы эритроциттердің, гемоглобиннің, лейкоциттердің мөлшері артады. Орта және ұзақ қашықтыққа жүгірген кезде қандағы сүт қышқылының мөлшері артып (200-250 мг%), қанның рН реакциясы қышқылды жаққа ығысады, глюкоза мөлшері төмендейді, нәтижесінде шаршау туындайды. Қысқа және шамадан тыс ұзақ қашықтықтарға жүгіргенде қандағы сүт қышқылының мөлшері өзгермейді. Ұзақ қашықтыққа жүгіргендегі спорттық жетістік ағзаның оттегіні тасымалдау жүйесіне байланысты болады, ал оның негізгі көрсеткіші болып гемоглобиннің мөлшері есептеледі. Айналымдағы қанның мөлшері стайерлерде басқа спорт түрімен шұғылданатындағыларға қарағанда жоғары болады. Өкпе арқылы өтетін қанның артуы есебінен гемоглобинмен байланысқан оттегінің мөлшері артады. Бұл стайерлерде қанның оттектік сыйымдылығының жоғары деңгейде болуымен түсіндіріледі.

Қан айналым жүйесі. Төзімділікпен орындалатын жұмыс кезінде жүрек-тамыр жүйесінің қызметіне көп ауыртпалық түседі. Үзбей машықтану кезінде жүрек қарыншаларының қуыстары кеңейеді, оның салдарынан қарыншаның бұлшық еті немесе қабырға қабаты гипертрофияға ұшырайды. Спортшылардың жүректерінің көлемінің ұлғаюын қан айналым жүйесінің қарқынды ұзақ уақытқа созылған бұлшық ет жұмысына бейімделу процесі ретінде қарастыруға болады. Көлемі ұлғайған жүрек сүт қышқылын тиімдірек сіңіреді де жұмысқа қабілеттіліктің артуына себепші болады. Ұзақ және марафондық қашықтыққа жүгіретіндерде жүректің көлемі 900-1000 см³-ке дейін ұлғаяды. Тыныштық күйде спортшылардың жүрегінің қызметінде айқын брадикардия байқалады. Атап айтқанда, стайерлерде ЖСЖ-і тыныштық күйде орта есеппен 45-48 соғу/мин болса, орта қашықтыққа жүгіретіндерде 56 соғу/мин, спринтерлерде 60 соғу/мин. Брадикардия жүректің тыныштық күйдегі үнемді жұмысын қамтамасыз етеді. Мысалы, дені сау ересек адамдарда систолалық қан көлемі 60-100 мл болса, стайерлерде 100-120 мл. Стайерлерде қанның минуттық көлемі 3,5 л/мин, мұның өзі "спорттық жүректің" қызметтік қорының жоғарылығын көрсетеді. Жүгірген кезде ЖСЖ-і орта есеппен минутына 170-190 соғу/мин-қа жетеді, тек мәреге жеткенде минутына 200-220 соғу/мин-қа жетеді. Жұмыстан кейінгі жүрек қызметінің қалпына келу уақыты жүгіретін жолдың ұзақтығына, жүгіру қарқынына, сондай-ақ, спортшының жаттыққандық деңгейіне байланысты болады. Қысқа қашықтыққа жүгіргеннен кейін ЖСЖ-нің қалпына келу уақыты 20-30 минут болса, орта және ұзақ қашықтыққа жүгіргенде бірнеше сағаттарға, тіпті кейде тәуліктерге созылады.

Тыныс алу жүйесі және қуат жұмсалуы. Спринтерлерде (100 м қашықтыққа жүгіретіндерде) тыныс алу терең болмайды. Жүгіруші 40 жасқа дейін 14-19 рет/мин тыныс алу ырғағын жасайды. Жоғары дәрежелі жүгірушілерде өкае желденуі орта есеппен 8л/мин-ке жетеді. 100 м-ге жүгіру кезінде оттектік сұраныс 6-13 л-ге жетеді. Орта қашықтыққа жүгіретіндерде тыныс алудың жиілігі және тереңдігі күрт артады, өкпе желденуі 150 л/мин-ке артады. Өкпенің желденуінің жоғарылығы газдардың диффузиялық шапшаңдылығының жоғарылауымен жүзеге асады. Оттегіні қолдану 4-5 л/мин-ке дейін жоғарлайды. Орта қашықтыққа жүгіретіндердің анаэробты және аэробты мүмкіндіктері жоғары болуы керек. Оларда ОМҚ-ы 69-76 мл/мин/кг. Стайерлерде ӨТС-і жоғары болады. Ұзақ қашықтыққа жүгіретіндерде тыныс алу жиілігі 2-3 есеге, өкпе желденуі 150 л/мин-ке артады. Оттегіні қолдану максимуміне жетеді және ұзақ уақыт осы деңгейде сақталады. Жұмыс жалған тұрақты күй аймағында өтеді, біршама оттектік қарыздылық түзіледі. АУФ-нің қайта қалпына келуі негізінен аэробты жолмен жүреді. Ұзақ қашықтыққа жүгіретіндерде ОМҚ-ы жоғары болады. Марафондық қашықтыққа жүгіретіндерде оттегінің қолданылуы жоғары дәрежеге жетпейді. Оттектік сұраныс толық қанағаттандырылмайды, жұмыс "нағыз" тұрақты күйде өтеді.

Қуаттың жұмсалуы әртүрлі қашықтыққа жүгіргенде әрқалай болады, атап айтқанда, 100 м-ге жүгіргенде қуаттың жұмсалуы 40-50 ккал, 800 м-ге жүгіргенде – 150 ккал, 5000 м-ге жүгіргенде – 450 ккал, марафондық қашықтыққа жүгіргенде – 2500 ккал болады.

Талдағыштар жүйесінің ерекшеліктері. Циклді бірқалыпты деңгейде орындалатын жұмыс кезінде талдағыштарға аса ауыртпалық түспейді, бірақ, қысқа қашықтыққа жүгіретіндерде талдағыштарға біршама талаптар қойылады. Өйткені, спринтерлік қашықтыққа жүгіру спортында шапшаңдық қажет, спортшы қарсыластарының қимыл бағдарын бақылап отыруы керек және бұлшық еттің күштенуін тез реттеуі қажет. Кедергілер арқылы жүгіргенде көру және қимыл талдағыштарына көбірек талаптар қойылады. Сондай-ақ, жарыс кезінде спортшы қарсыласының қимыл әрекетін нақты және тез қабылдауы керек, сондықтан көру және қимыл талдағыштарына көбірек жүктеме түседі.

Қимыл аппарат. Шапшаңдықпен жүгіру кезінде негізінен тірек-қимыл аппаратына көп жүктеме түседі. Бұлшық еттердің күшінің басым болуы жерден тепсіну қарқынын қамтамасыз етеді. Спринтерлердің бұлшық еттерінің күші жоғары болуы керек, яғни шапшаңдықты-күшті сапасы басым болуы керек, өйткені осы қасиеттер жүгірудің жоғары шапшаңдығын қамтамасыз етеді. Жоғары дәрежелі спортшыларда бұлшық ет күші, соның ішінде жарылыс күші айқын байқалады. Спринтерлердің қимыл қарқыны бұлшық еттердің жиырылу және босаңсу шапшаңдығын анықтайды.

Несеп шығару жүйесі. Ұзақ және шамадан тыс ұзақ қашықтықтарға жүгіргеннен кейін несептің түзілуі және бөлінуі азаяды, өйткені тер бөлінуі күшті жүреді. Орта қашықтыққа жүгіргеннен кейін несепте сүт қышқылының мөлшері 450 мг/%-ға дейін, ал ұзақ қашықтықтан кейін 40-50 мг/%-ға ұлғаюы мүмкін. Орта, ұзақ және шамадан тыс ұзақ қашықтықтарға жүгіргеннен кейін несепте белок пайда болса, жаттықпағандарда тіпті эритроциттер пайда болады.

Жүгіргеннен кейін дене салмағы азаяды, шамадан тыс ұзақ қашықтыққа жүгіргенде 4-5 кг-ға дейін төмендейді.

Дене қызуының өзгерістері. Ұзақ қашықтыққа жүгіргенде жылудың түзілуі күшті жүреді. Ыстық күнде және жоғары ылғалды ауада жылудың бөлінуі төмендейді және ағза жылудан толық босай алмайды. Дене қызуы 39-40°C-ке дейін көтеріліп, нәтижесінде ағза қызып кетуі мүмкін және оның көптеген жүйелерінің қызметінде ауытқулар байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Адам анатомиясы [Электрондық ресурс] : оқулық / Жалпы редакциясын басқарған профессор Т.М.Досаев. - Алматы: АҚНҰР, 2019. - 366 б. <http://e-lib.dulaty.kz/viewer/?doc=8075329>

2.Торманов, Н. Адам және жануарлар физиологиясы [Мәтін] : оқу-әдістемелік кешен / Н. Торманов, С. Асанова. - Алматы : Қазақ университеті, 2014. - 160 б. - ISBN 978-601-04-0564-6 <http://rmebrk.kz/book/1153557>

3.Қыдырмолдина, А. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері: оқулық / А. Қыдырмолдина. - Алматы: ЖШС РПБК Дәуір, 2014. - 528 б. [http://e-lib.dulaty.kz/ISBN 978-601-217-478-6](http://e-lib.dulaty.kz/ISBN%20978-601-217-478-6)

4.Сатыбалдина, А. Е. Орталық жүйке жүйесінің анатомиясы [Электрондық ресурс] : оқу құралы / А. Е. Сатыбалдина. - Алматы: КазАСТ, 2018. - 130 б. <http://e-lib.dulaty.kz/viewer/?doc=119556>

5.Маусумбаева, А.М.Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы : Жоғары оқу орындарына арналған оқу құрал. . - Алматы: Отан, 2017. - 178 б. - ISBN 978-601-216-306-3. <http://rmebrk.kz/book/1164394>

ӘОЖ:796.412

ЖҮРЕК ҚАН-ТАМЫР АЙНАЛЫМЫНА ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ӘСЕРІ

СЕЙІТБЕК ҚАНАТ САМАТҰЛЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің 2 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛИМБЕКОВ РЫСБЕК ТҰРЫСБЕКҰЛЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье число людей страдающих сердечно-сосудистыми заболеваниями, не увеличивается, но и не уменьшается. Это заболевание чаще всего вызвано ожирением или недостатком движения. По мнению специалистов, болезни сердца можно вылечить, выполняя различные упражнения. Что следует делать для профилактики сердечно-сосудистых заболеваний, сегодня акцент делается на поиске решения проблемы, возникшей из-за возрастных особенностей.

Summary. In the article, the number of people suffering from cardiovascular diseases does not increase, but does not decrease either. This disease is most often caused by obesity or lack of exercise. According to experts, heart disease can be cured by performing various exercises. What should be done to prevent cardiovascular diseases, today the emphasis is on finding a solution to the problem that has arisen due to age-related characteristics.

Жүрек ауруынан болатын өлім-жітім бірінші орында тұр, инфаркт пен инсульт жас. Сондықтан жүрек пен қан тамырларына дер кезінде көңіл бөліп, оларды ең алдымен дене шынықтырумен күшейту маңызды. Жүректі жаттықтыру және шыдамдылықты дамыту, қан тамырларындағы күйзеліс – мұның бәрі дені сау адам өмірінің маңызды элементтері.

Физикалық белсенділік мыналарға ықпал етеді:

1. Денедегі қабыну процестерінің пайда болуына ықпал ететін С-реактивті ақуыз мөлшерінің төмендеуі.

2. Қанқысымы мен триглицеридтерді төмендету.

3. Жақсы холестерин деңгейін көтеру.

4. Қандағы қант пен инсулинді реттеу.

5. Салмақ жоғалту.

Өрекетсіздік жүрек пен қан тамырларының проблемаларын тудырады. Жүректің жаттығулары жиырылу күші жоғарылағанда пайда болады, стресс кезінде жүрек соғу жиілігі жоғарылайды.

Шын мәнінде, мұндай жаттығулар жиынтығы жеткілікті кең. Жүрек жаттығулары кардио және аэробты жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Сіз жүгіруге баруға, күніне кемінде жарты сағат велосипедпен жүруге, арқанмен секіруге, бассейнде жүзуге, аэробика және степен айналысуға, би билеуге немесе кешке 20 минут серуендеуге, лифттен бас тартуға болады. Бұл жағдайда ережелерді сақтау ұсынылады:

1. Оңтайлы жүрек соғу жиілігі - жүз жиырма - жүз отыз соққы (130-дан жоғары емес және 110-дан төмен).

2. Сіз бір сағаттан артық жаттығуларды ұйымдастыра алмайсыз (әлсіз кемелермен - 30 минут).

3. Бұл сабақтарды апта ішінде екі-үш рет өткізіңіз.

Жүгіру пайдалы. Мұны әдетке айналдырмаңыз. Аптасына үш-төрт рет 20 минут бойы жүгірумен айналысыңыз, жағдайыңызды бақылаңыз. Өзіңізді жайсыз сезінсеңіз, жаяу жүруге ауысыңыз.

Стресс, экология және тамақтану қан қысымына әсер ететін қан тамырларының тонусын бірте-бірте арттырады. Мұндай жағдайда тек фармацевтикалық препараттардың көмегіне сенбеу керек, толық қан айналымын қалпына келтіру керек, ең алдымен капиллярларда. Бұл сізге жүрек пен қан тамырларын жаттықтыруға көмектеседі. Діріл жаттығулары тиімді болады: таңертең төсекте қолдарыңыз бен аяқтарыңызды жоғары көтеріп, екі минуттай шайқаңыз. Капиллярлардың діріл массажы осылай жүзеге асырылады және лимфа қайта бөлінеді, ол арқылы ағза токсиндер мен токсиндерден тазартылады. Жаттығуды кешке ұйықтар алдында қайталаған жөн.

Ми тамырларының жиі спазмы жоғары қан қысымын, жүрек айнуын, есте сақтауды, сөйлеуді, қозғалыстарды үйлестіруді тудыратын кезде, дұрыс тамақтануды ұйымдастыру, дәрі-дәрмектерді қолдану және жаттығулар жасау арқылы оларды нығайтуға жұмыс істеу керек. Сіз екі-үш минут бойы бастың бір және басқа бағытта айналуын, сондай-ақ ағаш кесуге еліктеп алға иілулерді жасай аласыз. Аяқтарды алға жылжыту тиімді (сол аяқтан оңға созылған қол). Сіз қолыңызды асинхронды түрде айналдыра аласыз (солға алға, оңға артқа), арқаңызда қайың тірегің жасаңыз. Жаттығулар өте тегіс орындалады. Егер мойын бұлшықеттері әлсіреген болса, олар жиі қан тамырларын шиеленістіреді және қысады, қан айналымын бұзады. Олардың жаттығулары қан тамырларының жұмысын қалпына келтіруге және қысу әсерін емдеуге көмектеседі.

Аяқтағы қанның тоқырауы тамырларға әсер етеді. Аяқтардың ыдыстарын және олардың ең жақсы жұмысын нығайту үшін тізде алға және артқа жүру ұсынылады. Саусақтарыңызбен еденге жете отырып, әрқашан тік аяқтармен алға иілулер жасау керек. Бұл жаттығу аяқтың тамырларына өте пайдалы: үлкен ілмек немесе пластик бөтелке суды алып, тізерлеп отырыңыз, бөтелкені балтырыңызға қойыңыз, үстіне отырыңыз және оны тізеден тобыққа дейін айналдырыңыз. және кері. Баяу жүгіру пайдалы, егер ыңғайсыздық болса, жаяу жүруге ауысыңыз.

Жүректі жаттықтыру, бұлшықеттер мен қан тамырларын жаттықтыру үйде де болуы мүмкін. Мысалы, есіктің қасында еңкейіп тұру. Есіктің тұтқаларынан, тізелерді шұлықтарға сәйкестендіріп, еңкейу керек. Қайталаудың аз санынан бастаңыз, оларды 2 айда 100-ге жеткізіңіз, содан кейін одан да көп. Алдымен, жиырмадан отыз сантиметрге дейін, бір айдан кейін - тереңірек. Жүрек, омыртқа және аяқ бұлшықеттері күшейеді. Ал аяқ бұлшықеттерінің жиырылуы қанның тамыр арқылы жоғары қарай ағуына көмектеседі.

Жүрек бұлшықеті жүректегі метаболикалық процестерге әсер ететін, оның жұмысын жақсартатын, миокардтың ерте қартаюын болдырмайтын, атеросклероздың, жоғары қан қысымының, аритмияның пайда болуына жол бермейтін «Панангинмен» жақсы қоректенеді және нығайтады. Ол сау адамдарға жүрек бұлшықетін нығайту құралы ретінде және қан тамырлары ауруларының алдын алу үшін ұсынылады. «Панангин» құрамында калий мен магний бар, оларды күнделікті тамақпен бірге алуға болады. Қан тамырларын тазарту үшін шпинат, теңіз балдыры, жасымық, сұлы жармасы, күнбағыс тұқымы, бидай кебегі, зығыр майы, балық майын жеңіз.

Жүрек жаттығулары: пульс және оның көрсеткіштері. Нәтижеге жету үшін жаттығулардың қарқындылығын қалай анықтауға болады? Біз максималды жүрек соғу жылдамдығын анықтаймыз, бұл жеке. 220-дан жасыңыздың санын алып тастау керек. Нәтиже - сіздің максималды жүрек соғу жиілігі. Жүрек максималды жүрек соғу жиілігінің 50-60% жиілігінде қалпына келеді. Сонымен қатар жүрек-тамыр және тыныс алу жүйесінің жағдайы жақсарады. Импульсті максимумның 80% -на дейін көтеру қан тамырларының көп санын қамтиды, өкпе вентиляциясын арттырады және жүректің көлемі мен күшін арттырады. Қызыл сызық аймағында жаттығу (максимумның 80-90%) жақсы физикалық пішінде, дәрігердің бақылауымен жүзеге асырылады.

Есіңізде болсын, жүрек жаттығулары мен төзімділік жаттығулары бірдей назар аударуы керек. Жаттығулардың қарқындылығын арттырудың барлық кезеңдері жүрек пен қан тамырларына зиян келтірмеу және олардың төзімділігін дамыту үшін асықпай, біртіндеп аяқталуы керек. Табыстың кілті - жүйелілік. Егер сіз бассейнге барсаңыз, аптасына бірнеше рет велосипедпен жүріңіз, содан кейін таңертеңгі жаттығуларды күн сайын жасау керек. Бұрын ұсынылған сілкіністер, бұрылыстардан басқа, біз жүрек пен қан тамырларына арналған бірқатар жаттығуларды ұсынамыз:

1. Аяқтың ұшымен жүру, тізені жоғары көтеру.
2. Қолдар бастың үстінде құлыпта, аяқтары алшақ. Тереңжағыбүгіледі.
3. Қолды екі жаққа, біріктіріп, иығынаұру.
4. Қолдыалға – жоғары – артқажәнекерісіншеайналдыру.
5. Жатқанкездевелосипедтебугеұқсаңыз.
6. Еңкейген күйде еденнен 30-40 сантиметр биіктікте аяқтың крест тәрізді қозғалыстары.

Есіңізде болсын: жаттығудың көлемімен жүктеменің қарқындылығы емес, жүйелілігі маңызды. Жүктеме біртіндеп артуы керек. Одан кейін бұлшық ет талшықтары ұлғайып, жүрек бұлшық еті, қантамырлары күшейіп, олардың төзімділігі жоғарылауы үшін релаксация міндетті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адам анатомиясы [Электрондық ресурс] : оқулық / Жалпы редакциясын басқарған профессор Т.М. Досаев. - Алматы: АҚНҰР, 2019. - 366 б. <http://e-lib.dulaty.kz/viewer/?doc=8075329>
2. Торманов, Н. Адам және жануарлар физиологиясы [Мәтін] : оқу-әдістемелік кешен / Н. Торманов, С. Асанова. - Алматы : Қазақ университеті, 2014. - 160 б. - ISBN 978-601-04-0564-6 <http://rmebrk.kz/book/1153557>
3. Қыдырмолдина, А. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері: оқулық / А. Қыдырмолдина. - Алматы: ЖШС РПБК Дәуір, 2014. - 528 б. [http://e-lib.dulaty.kz/ISBN 978-601-217-478-6](http://e-lib.dulaty.kz/ISBN%20978-601-217-478-6)

4. Сатыбалдина, А. Е. Орталық жүйке жүйесінің анатомиясы [Электрондық ресурс]: оқу құралы / А. Е. Сатыбалдина. - Алматы: КазАСТ, 2018. - 130 б. <http://e-lib.dulaty.kz/viewer/?doc=119556>

5. Маусумбаева, А. М. Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы : Жоғары оқу орындарына арналған оқу құрал. - Алматы: Отан, 2017. - 178 б. - ISBN 978-601-216-306-3. <http://rmebrk.kz/book/1164394>

ӘОЖ:304.44

СПОРТТЫҚ ШЫНЫҒУДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

ТҰРАР МЕЙІРЛАН ЕРЛАНҰЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 2 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛИМБЕКОВ РЫСБЕК ТҰРЫСБЕКҰЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье спортивная тренировка представляет собой длительный процесс адаптации организма человека к требованиям выбранного вида спорта. С физиологической точки зрения спортивная тренировка – это процесс развития физических качеств путем поддержки функциональных ресурсов, а также совершенствования двигательных навыков на основе сложного комплекса условных и безусловных рефлексов.

Summary. In the article, sports training is a long process of adaptation of the human body to the requirements of the chosen sport. From a physiological point of view, sports training is a process of developing physical qualities by supporting functional resources, as well as improving motor skills based on a complex set of conditioned and unconditioned reflexes.

Спорттық шынығу - адам ағзасының өзі таңдап алған спорт түрінің талаптарына ұзақ жылдар бойғы бейімделу процесі. Физиологиялық көзқарас бойынша, спорттық шынығу – функционалді қорларды қолдау жолымен дене сапаларын дамыту, сондай-ақ, шартты және шартсыз рефлекстердің күрделі жиынтығы негізінде қимыл дағдыларын жетілдіру процесі.

Спорттық шынығудың негізгі шарттарының бірі – спортшының жалпы және арнайы дене дайындығының бірлігі.

Спорттық шынығудың үш кезеңі бар: бірінші – дайындық кезеңі, оның нәтижесінде арнайы жұмысқа қабілеттіліктің біршама жоғары деңгейіне шығуға болады. Бұл кезеңнің ұзақтығы – 3-4 ай, бұл мерзім шыныққандықтың жекелей ерекшелігіне және деңгейіне байланысты. Екінші – жарыстық кезең, бұл кезеңде спортшы жұмысқа қабілеттіліктің жоғары деңгейіне жетеді., бірақ, бұл деңгейді спортшы бар жоғы шектеулі – 4-5 ай ғана ұстап тұра алады. Үшінші кезең - өтпелі кезең, бұл кезеңде шынықтыру жүктемелері төмендейді. Нақты шынығу қажет немесе қандай да бір басқа жұмыспен шұғылдану керек. Бұл кезеңнің орташа ұзақтығы – 4-6 апта.

Жылдық шынықтыру циклі аралық – мезоциклдерге, ал мезоциклдер апталық – микроциклдерге бөлінеді. Мұндай циклділік адам биоритмдеріне сәйкес келеді.

2. Шыныққандықтың негізгі функционалді тиімділіктері. Үзбей шынығу нәтижесінде екі оң тиімділіктер қалыптасады: 1) бүкіл ағзаның және шынығу жаттығуларының орындалуын қамтамасыз ететін оның басты жүйелерінің максималды функционалді мүмкіндіктерінің күшеюі; 2) бүкіл ағзаның және орындалатын бұлшық ет қызметіне қатысатын оның мүшелері мен жүйелерінің қызметінің тиімділігінің (үнемділігінің) артуы.

3. Шыныққандықтың физиологиялық принциптері:

- жалпы және арнайы дене дайындығының бірлігі;
- шынықтыру процесінің үздіксіз жүргізілуі;
- Шынықтыру процесінің циклділігі. Шынықтыру процесінің мәні мен құрылымы кезеңімен өзгеріп отыруы қажет, өйткені, спорттық қалыпты барлық уақыт бойы сақтап тұру мүмкін емес;
- жаттығулар қайталанып отыруы қажет, нәтижесінде қимыл дағдысы бекінеді;

- шынықтыру жүктемелерін үзбей және максимальды көтеру.

4. Шынықтыру жүктемелерінің қарқынын, жиілігін және көлемін физиологиялық негіздеу. Шынықтыру тиімділігі тек қана дене жүктемесі қалыптасқан бейімділік деңгейінен артық болған жағдайда ғана қалыптасады. Дене жүктемесінің шегі бар- оған оның ұзақтығы, қарқыны және жиілігі жатады. Тек қана шекті жүктемелерден артық шынықтырулардың ғана тиімділігі болады. Жүктеменің қарқыны анықтау үшін бірқатар әдістер қолданылады, атап айтқанда: оттегінің қолданылуын анықтау әдісі, ЖСЖ анықтау, анаэробты алмасу табалдырығын анықтау, қандағы лактаттың концентрациясын анықтау және т.б. Шынығу тиімділігінің қалыптасуында шынықтыру сабағының ұзақтығының маңызы үлкен. Өртүрлі дене сапаларын шынықтыруда шынықтыру сабақтарының ұзақтығы өртүрлі болады. Жиіліктері де өртүрлі болады. Төзімділікке шынығудағы шынығудың шекті жиілігі – аптасына 3-5 рет, ал шапшаңдықты-күшті шынықтыруда – аптасына 3 рет.

Шынықтыру жүктемелерінің қарқыны, ұзақтығы және жиілігі біріге шынығудың көлемін анықтайды. Шынықтыру жүктемелерінің көлемі және шынықтыру тиімділігі арасында түзу байланыс жоқ.

5. Шынықтыру тиімділіктерінің арнайылығы және қайтымдылығы.

Үзбей шынығу нәтижесінде арнайы шынығу тиімділіктерінде айқындалатын арнайы бейімделу түзіледі. Жалпы ереженің мәні - жоғары спорттық шеберлік деңгейінде, спорттық нәтиже өсімі - шынықтыру процесінде берілген спорт түрінде негізгі болып саналатын жаттығуларды орындау кезінде байқалады.

Шынықтыру тиімділіктерінің қайтымдылығы. Шынықтыру жүктемелерін табалдырықты деңгейден төмендету кезінде арнайы шынығу тиімділіктерінің азаюы немесе жойылуы жүреді. Мысалы, шынықтыруды тоқтатқаннан кейін екі аптадан кейін жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуі жүрсе, 3-6 ай үзілістен кейін жұмысқа қабілеттілік шынықтыруды бастағанға дейінгі деңгейге төмендейді. Шынықтыруды қайта бастағаннан соң оң шынықтыру тиімділіктері қайта қалыптасады.

Қайтымды шынығу тиімділік қасиеті - табалдырық үсті қарқынды жүктемелерді қолдана үзбей шынықтыру сабақтарын жүргізуді талап етеді.

6. Спорттық қалып. Спорттық қалып дегеніміз спортшы ағзасының жеке жетістікке жетуіне оптималді дайындығы. Спорттық қалып берліген индивидуумға максимальды физиологиялық жүйелердің қызметінің деңгейімен, қимылдардың жоғары бағдарымен және олардың вегетативті қамтамасыз етілуімен, сондай-ақ, ағзаның физиологиялық қорларды толық қолдана алу қабілетімен сипатталады. Спорттық қалып ұзақ уазыт сақталынбайды. Жеке жетістіктердің өсімінің шегі әрбір адамда генетикалық алдын анықталған болады. Генетикалық факторлар жоғары нәтижеге жетудегі шешуші фактор болып табылады.

7. Спортшының тыныштық күйдегі, стандартты және шекті жүктемелерді берген кездегі функционалді дайындығы ныңы сипаттамасы.

Тыныштықы күйде. Спортшының ОЖЖ-де жүйке процестерінің лабилдігінің жоғары деңгейі байқалады.

Спортшылардың қимыл аппараты сүйектердің біршама жуандығымен және мықтылығымен; бұлшық еттердің айқын жұмыстық гипертрофиясымен; гликогеннің және миоглобиннің үлкен қорымен; ферменттердің жоғары белсенділігімен ерекшеленеді.

Тыныс алу жүйесі. ӨТС 6-8 л/мин-қы дейін ұлғайған. ТЖ 6-12 рет/мин-қа дейін төмендеген. Өкпенің максимальды желденуі 150-200 л/мин шамасында.

Жүрек-тамыр жүйесі. Жүректің көлемі 100-1200 см³ ұлғайған. ЖСЖ 4-50 соғу/мин-қа дейін төмендеген. ҚМК төмен. АҚҚ 100-105 мм с.б.-нп дейін төмендеген.

Қан. Эритроциттердің және гемоглобиннің мөлшері 6-10 млн/1мм³-ға және 160 г/л-ге артқан. Оттегінің оттектік сыйымдылығы 22 аб.% Қанның сілтілік қоры және айналымдағы қанның мөлшері жоғары.

Спортшы ағзасының стандартты жүктемелерге реакциясы шыныққандар мен шынықпағандарда өртүрлі. Шыныққан адам қимылдардың жетілген бағдары есебінен үнемді жұмыс жасай отырып, аз қуат жұмсайды және қимыл аппараты мен вегетативті қызметтердегі ығысу аз болады.

Спортшы ағзасының шекті жүктемелерді орындау кезіндегі реакциясы. Шекті жүктемелерді орындаған кезде шыныққан ағза көп қуат жұмсайды және оның қимыл және вегетативті

жүйелерінің қызметінде шынықпаған адамның ағзасының шамасы келмейтіндей үлкен ығысулар туындайды.

8. Шектен тыс шыныққандық және зорығу. Шектен тыс шыныққандық - спортшы ағзасында жүктемелер арасындағы жеткіліксіз тынығудан туындаған, шамадан тыс шаршаудың дамуынан пайда болған патологиялық күй. Бұл күйде қимыл және вегетативті қызметтер бұзылады, спортшының көңіл-күйі нашарлайды, жұмысқа қабілеттілік төмендейді.

Шектен тыс шынығуды жою – спортшы ағзасының қызметті күйіне сәйкес келетін шынығу және тынығу тәртібін сақтау.

Зорығу – қызметтердің жүйкелі және гуморалді реттелу, алмасу процестерінің және гомеостаздың бұзылуынан туындаған ағзаның функционалді күйінің күрт төмендеуі. Зорығудың басты себебі – шаршауды ерікті күштенумен жеңу жағдайында берілген шамадан тыс ауыр және жеделдетілген дене жүктемелері.

Зорығу өткір және созылмалы болып келеді. Өткір зорығу ауыр жағдайларда оң жақ қабырға астында ауырсынуды, жүрек қызметінің өткір жетіспеушілігін, естен тануды туындатып; тіпті кей жағдайларда өлімге әкеп соғады. Созылмалы зорығу – спортшы ағзасының функционалді мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтін дене жүктемелерінің бірнеше рет қайталануынан пайда болады. Бұл кезде қатты шаршау байқалады, жүректің тұсы шаншып ауырады. Спортшының жұмысқа қабілеттілігі күрт төмендеп кетеді.

Дене жүктемелерін азайту немесе толық тоқтату ағзаның қалпына келуіне мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Smith J. Weightlifting for Beginners. – Penguin Books, 2021. – 288 p.
2. American College of Sports Medicine. Guidelines for Exercise Testing and Prescription. Lippincott Williams & Wilkins. – 2019. – P. 11.
3. National Institute of Arthritis and Musculoskeletal and Skin Diseases. Exercise and Physical Activity: Your Everyday Guide from the National Institute of Arthritis and Musculoskeletal and Skin Diseases. U.S. Department of Health and Human Services. – 2020.
4. American College of Sports Medicine. ACSM's Guidelines for Exercise Testing and Prescription (10th ed.). Wolters Kluwer. – 2019. – P. 28.
5. National Strength and Conditioning Association. Essentials of Strength Training and Conditioning (4th ed.). Human Kinetics. – 2021.
6. The National Academy of Sciences, Engineering, and Medicine. The Science of Exercise: A Research-Based Approach. The National Academies Press. – 2017.

ӘОЖ:796.42

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАЛЫҚ СЕКІРУЛЕР МЕН ЛАҚТЫРУЛАРДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

ШАКИР АРНҰР СӘКЕНҰЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 2 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛИМБЕКОВ РЫСБЕК ТҰРЫСБЕКҰЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье элементы движения, входящие в цикл, встречаются во всех циклах в одинаковом порядке. Каждый цикл движений связан с предыдущими последующим циклами.

Summary. In the article, the elements of movement included in the cycle are found in all cycles in the same order. Each cycle of movements is connected with the previous and subsequent cycles.

Циклді спорт түрлерінің жалпы физиологиялық сипаттамасы. *Циклді* қимыл-қозғалыстар бір қимылдың бірнеше рет қайталануы арқылы жүзеге асады. Бір циклдің құрамына кіретін қимыл элементтері бірдей реттілікпен барлық циклдерде кездеседі. Қимылдардың әрбір циклі алдыңғы және енді орындалатын циклдермен байланысты болады. Бұл байланыс *рефлекторлы сипатты* болады, әрбір рефлекс аяқтала отырып, келесі рефлекті туындатады. Қимылдың мұндай тізбекті сипаты тек қана қимылды динамикалық стереотип болып түрінде бекінетін ырғақты рефлекске тән және осы рефлекс циклді қимылдардың физиологиялық негізі болып табылады.

Жұмыстың уақыты мен оның қуатының арасында нақты бір тәуелділік бар. Жалпылама қарастырғанда, бұл тәуелділік төмендегідей сипатта болады: жұмыстың қуаты қаншалықты жоғары болса, соншалықты тез шаршаудың нәтижесінде оның орындалу уақыты аз болады. *Жұмыстың қуаты* дегеніміз белгілі бір уақыт бірлігінде орындалған жұмыстың мөлшері. Ал ол өз кезегінде бұлшық еттің жиырылу күшіне және жиырылу жиілігіне тәуелді.

Спорттық жүру. Спорттық жүру ерлер үшін 20-50 км, әйелдер үшін 5-10 км қашықтықтағы жарыстар кезінде жүзеге асады. Бұл кездегі жұмыс бірқалыпты қарқынды, циклді сипатты болады. Спорттық жүру кезінде жекелей және қосарланған тіректер кездеседі, бірақ жүгіру болмауы керек.

Қимыл аппараты. Спортшылардың бұлшық еттері аэробты жағдайдағы жұмысқа бейімделген. Бұлшық еттерінің жиырылуы жақсы жетілген, босаңсуы – төмен. Қол қимылдары аяқ қимылдарымен қатаң түрде сәйкестірілген. Қимылдар ырғағы – минутына 100-160 қадамнан тұрады.

Тыныс алу және қуат жұмсалуды. Спорттық жүру кезінде тыныс алу жиілігі – 30-60 рет/мин, өкпе вентиляциясы 70-80 л/мин, оттегінің қолданылуы – 4 л/мин, мәреге жеткенде – одан да көп болуы мүмкін. ОМҚ ерлерде – 71 мл/мин/кг жетеді. Қуат жұмсалуды - өте үлкен. Мысалы, 5 км-ге жүргенде – 300-400 ккал қуат жұмсалса, 50 км-ге жүргенде қуат жұмсалуды – 3000 ккал болады.

Қан және қан айналымы. ЖСЖ-і тез жүретіндерде мәреге жеткенде минутына 150-180 соғу/мин-қа жетеді. Жұмыс қуаты ұлғайғанда минутына 200-220 соғу/мин-қа жетеді. Спорттық жүру кезінде қандағы эритроциттер және гемоглобин мөлшері артады, миогенді лейкоцитоз байқалады, сүт қышқылы шамалы ғана жоғарылайды.

Бөліп шығару қызметі. Спорттық жүру кезіндегі тер бездерінің қызметі - өте жоғары болады. Жоғары тер бөліну несеп түзілуінің азаюына, несепте белоктың пайда болуына әкеп соғады.

Секірулер мен лақтырулар стереотипті(стандартсыз) циклді емес қимылдардың тұрады, бұл кезде аяқ-қолдың және кеуденің бағдарлы қимылдарының маңызы үлкен. Орындалу кезінде жоғары деңгейде шапшаңдықты-күшті қимылдардың нақтылығы қажет. Орындалу нәтижесінде максималды шапшаңдық және жиырылу қажет. Мұндай жаттығулар шапшаңдықты-күшті жаттығулар деп аталады. Ациклді шапшаңдықты-күшті жаттығулар арнайы қимыл дағдысының қалыптасуы арқылы жүзеге асады. Бұл кездегі автоматизм тек қана бірнеше қайталанулар нәтижесінде қалыптасады. Шапшаңдықты-күшті жаттығулар секундтармен өлшенеді. Осы қысқа уақыт ішінде кардиореспираторлық жүйеде анау айтқан өзгерістер болып үлгермейді. Шапшаңдықты-күшті жаттығулардың орындалуы кезінде анаэробты жұмыс жүзеге асады. Жаттығу қысқа уақыттың ішінде орындалатындақтан оттектік қарыздылықтың мөлшері шамалы ғана болады.

Коньки тебу спортының физиологиялық ерекшеліктері. Коньки тебу бағдары күрделі, сырғи жоғары шапшаңдықпен орындалатын жаттығу. Тағы бір ерекшелігі - бұл жаттығу қоршаған ортаның төменгі температурасы жағдайында орындалады. Коньки тебушінің тұлғасы ауаның кедергісін азайту үшін және жамбас-сан буынының иілуін ұлғайту үшін еңкіш күйде болуы керек. Коньки тебу циклді жұмысқа жатады, бірақ өзінің бірқатар ерекшеліктері бар, атап айтқанда, жермен тірек алаңы аз болғандықтан тепе-теңдікті сақтау қиынға соғады және спортшының тұлғасы еңкіш күйде, аяқ, жамбас бөлімдері бүгілген күйде болатындықтан аяқ пен тұлға бұлшық еттеріне статикалық төзімділік қажет болады. Тіректен тепсіну сырғу кезінде жүзеге асады. Изометрлік күш динамикалық күштен әлдеқайда басым болады. Сонымен қатар, жүгірумен салыстырғанда жерден тепсіну күші жоғары болады. Коньки тебу күрделі қимыл дағдысы ретінде қарастырылады.

Коньки тебу спорты бойынша жарыстар 500, 1000, 1500, 3000, 5000, 10000 м қашықтықтарды орындалады. 500-10000 м дейінгі қашықтықта орындалатын жаттығулар 36 сек-

тен 14 мин-қа дейін созылады. Олай болса, коньки тебу спорты циклді спорт бола тұра жұмыстың орындалу уақыты бойынша субмаксимальды (500-3000м) және үлкен (5000-10000м) қуат аймақтарында орындалады.

Тірек-қимыл аппараты. Коньки тебушілерде жалпы ауыртпалық орталығы төмен орналасады. Ыық бөлімдері кішілеу болады, тұлғаларында аздап еңкіштік байқалады, аяқтары ұзын келеді, жамбас бөлімі кең келеді. Бірқатар оқымыстылардың зерттеулері бойынша қаншалықты спортшылардың аяқтар ұзын болса, соншалықты сырғанау сатысы жоғары болады. Бірақ, бұл спорттық жетістіктегі шешуші көрсеткіш емес, бұл жерде орындалу техникасының маңызы үлкен. Коньки тебу спортындағы іріктеу кезінде төлқұжаттық жас пен биологиялық жастың сәйкестігі және жас спортшының жетілу ерекшелігі есепке алынады.

Коньки тебу кезінде ағзаның қуатпен қамтамасыз етілуі үш түрлі жүйемен жүзеге асады: 1) фосфогенді (АУФ, КрФ); 2) гликолитті (анаэробты гликолиз есебінен жүреді, бұл кезде сүт қышқылы түзіледі); 3) оттектік (тотығу реакциясы). Мысалы, 500 м қашықтыққа коньки тебуда қуаттың түзілуі оттегісіз жолмен жүрсе, 5000-10000 м қашықтыққа коньки тебуда оттектің және қоректік заттардың жұмыс істеп тұрған бұлшық еттерге жеткізілуін жүзеге асыру анаэробты және аэробты жұмысқа қабілеттілікті қажет етеді. Коньки тебушілердің бұлшық еттері аэробты және анаэробты жағдайларға бейімделген болып келеді. Ара қашықтық қаншалықты ұзақ болса, соншалықты аэробты процестердің маңызы артып, анаэробты процестер төмендейді.

Қан және қан айналым жүйелері. Циклді спорт түрлерінде айналымдағы қанның мөлшері 20%-ға артады. Бұл эритроциттердің, плазманың артуы есебінен, осыған орай гемоглобиннің көбеюі есебінен жүреді. Бұлшық ет лейкоцитозы байқалады. Қаншалықты айналымдағы қанның мөлшері артатын болса, соншалықты қанның тұтқырлығы азаяды. Мұның өзі жүректің жұмысын жеңілдетеді. Коньки тебушілердің жүрегінің көлемі орта есеппен 953 см³ болады. Жүрегінің қарыншалары біршама гипертрофияға ұшырайды. Систолалық қан көлемі – 70 мл, ЖСЖ-і тыныштық күйде 50-65 соғу/мин болады. Жұмыстың орындалуы кезінде ЖСЖ-і 190-200 соғу/мин аралығында, систолалық қан көлемі – орташа есеппен – 204 мл болады. Қанның минуттық көлемі – 40 л/мин-қа дейін жетеді. Егер ЖСЖ 200соғу/мин-тан артып кетсе, спортшының шыныққандық деңгейінің төмен екендігі байқалады.

Тыныс алу жүйесі. Коньки тебушілерде оттегінің қолданылуы артады, олай болса оттектік сұраныс дегеніміз берілген жұмыстың орындалуына қажетті оттегінің мөлшері. Оттектік сұраныстың екі түрі бар: 1) минуттық оттектік сұраныс – жұмыстың орындалуына әрбір минут ішіндегі қажетті оттегінің мөлшері; 2) жинақы оттектік сұраныс немесе жалпы оттектік сұраныс – жұмыстың толық орындалуына қажетті оттегінің мөлшері. Қаншалықты ара қашықтық ұзақ болса, соншалықты оттектік сұраныс жоғары болады, аэробты процестердің маңызы артып, анаэробты процестердікі төмендейді. Қаншалықты ара қашықтық қысқа болса, соншалықты минуттық оттектік сұраныс артады. Бірақ, қаншалықты шапшаңдық артқан сайын, соншалықты жалпы және минуттық оттектік сұраныс артады. Коньки тебу кезінде тыныс алу жиілігі және тыныс алу тереңдігі артады. Себебі, "өлі кеңістіктегі" ауаның мөлшері 150 мл емес, 400-600 мл-ге артады, ал мұның өзі тыныс алу көлемінің артуын шектейді. Коньки тебу кезінде газ алмасу жүретін жолдың ұзақтығына және жүгіру жылдамдығына байланысты болады. ТЖ орта есеппен 40-60 рет/мин шамасында болады. Бір ерекшелігі – коньки тебушілер бір аяғымен қадам жасаған кезде тыныс алу жүзеге асса, екінші аяғымен сырғуға ауысқанда тыныс шығару жүзеге асады. Қысқа қашықтыққа коньки тебу кезінде тыныс алу кідірісі байқалады. ӨТС коньки тебушілерде орта есеппен 5500 мл, ал тыныс алудың минуттық көлемі жұмыстың қуаты артқан сайын артады да, 120 л-ге дейін жетеді. Коньки тебу кезіндегі жұмсалатын қуат дененің ауыртпалық күшін жеңуге және мұздың бойымен конькиді сырғытуға жұмсалады. Қаншалықты мұздың беті тегіс болса және мұз айдыны биік орналасса, соншалықты коньки тебушінің шапшаңдығы жоғары болады.

Талдағыштар жүйесі. Коньки тепкендегі шапшаңдықпен жүгіру кезінде тірек-қимыл, тепе-теңдік және көру талдағыштарына үлкен талаптар қойылады. Осы талдағыштардың рецепторларынан шығатын импульстер бұлшық ет тонусының қажетті таралуына жағдай жасайды және тепе-теңдіктің сақталуын қамтамасыз етеді. Әсіресе, жол бұрылыстарынан өткенде маңызы артады.

Қуат жұмсалыуы. Конькиді шапшаңдықпен тепкен кезде қуаттың жұмсалыуы жолдың ара қашықтығына, жұмыс қуатына, спортшының жаттығу деңгейіне байланысты. Мысалы, 500 м

қашықтықта қуаттың жұмсалуды орта есеппен – 45 ккал, 1500 м қашықтықта – 80 ккал, 5000 м қашықтықта – 200 ккал, 10000 м қашықтықта – 400 ккал-дан жоғары болады.

Несеп шығару жүйесі. Коньки тепкенде несептің түзілуі азаяды, несеп біршама қышқылданады, кейде несепте белок пайда болады, нефрондар қылтамырларының өткізгіштігі жоғарлайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Overview of Soccer.* Encyclopædia Britannica. Басты дереккөзінен мұрағатталған 12 маусым 2008. Тексерілді, 4 маусым 2008.

2. *Guttman Allen* The Diffusion of Sports and the Problem of Cultural Imperialism // The Sports Process: A Comparative and Developmental Approach / Eric Dunning, Joseph A. Maguire, Robert E. Pearton — Champaign: Human Kinetics, 1993. — P. 129. — ISBN 0-88011-624-2.

3. *Dunning Eric* The development of soccer as a world game // Sport Matters: Sociological Studies of Sport, Violence and Civilisation — London: Routledge, 1999. — P. 103. — ISBN 0-415-06413-9.

4. Team Sports // Catastrophic Injuries in High School and College Sports — Champaign: Human Kinetics, 1996. — P. 57. — ISBN 0-87322-674-7.

5. Қыдырмолдина, А. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері: оқулық / А. Қыдырмолдина. - Алматы : ЖШС РПБК Дәуір, 2014. - 528 б. [http://e-lib.dulaty.kz/ISBN 978-601-217-478-6](http://e-lib.dulaty.kz/ISBN%20978-601-217-478-6)

ӘОЖ. 373.456.(096)

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕ КОММУНИКАТИВТІК ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

ТОЙШЫБЕКОВА ГҮЛЗАТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ

№15 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-модератор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается место коммуникативных задач на уровне начального образования.

Summary. The article examines the place of communicative tasks at the primary education level.

Қазіргі білім беру мен оқыту балалар өмірінде үлкен маңызға ие. Оқи білу қабілеті қарым-қатынас жасай білу қабілеті секілді қажеттілігі күннен күнге арта түсіп, соның арқасында адам өзінің тұлғалық мәнін көрсетіп, оның өзіндік жекелігі, көзқарасы, көз жетушілігі, сана сезімін қалыптастырады. Шығармашылық, бейімделе білу, бір нәрсені білуге деген құштарлық қабілеттер – бұл тілді меңгеру құндылығының қажеттілікпен тең дәрежеде болуын білдіреді. Сондай-ақ, мектеп – бұл білім алудың жалғыз ғана орны емес. Бұқаралық ақпараттар мен ақпарат құралдары қазіргі жаңа білімнің қайнар көзін құрап, оған оны түсініп, меңгере алатындар ғана қолжеткізеді. Сондықтан, қоғамның қазіргі даму кезеңін коммуникативті-ақпараттық деп аталуда. Бүгінгі қоғам бейімделуге және ықпалдасуға қабілетті, кездескен қиындықтарды өз бетінше шеше алатын, топта бірлесіп жұмыс істей алатын, тәуелсіз, коммуникабельді, дамудың жоғары деңгейін меңгерген жас ұрпақты талап етеді.

Адамның қарым-қатынас жасай білу біліктілігі оның қоршаған ортамен нәтижелі байланысқа түсуін қамтамасыз етеді. Мұнымен қатар бұл жердегі мәселе бастауыш сынып кезеңіне сай қолданылатын, оқыту үдерісіне оларды меңгерудің құралы ретінде қызмет ететін, баланың коммуникативті-біліктілігі мен құралдары жайлы болуы керек.

Бастауыш сыныптарда баланы оқыту тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бастауыш сынып оқушыларының мұғаліммен, сыныптастарымен объективті және субъективті себептерде олардың қиындық салмақтарын көруге болады. К.Фопель «...қазіргі балалар бір-бірімен, сондай - ақ, ата-аналарымен де аз қарым-қатынас жасайды», –деп өзінің пікір айқын білдірген. Отбасы мүшелері

өздерінің бос уақыттарын телебағдарламалар мен видеофильмдерді көруге, сондай-ақ компьютер арқылы түрлі ойындарды ойнауға арнайды.

Бастауыш сынып оқушыларын қарым-қатынас жасау үдерісін меңгерту үшін қандай тапсырмаларды шешуді үйренуі тиіс? Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде тапсырма деп нені түсіндіреді? Бастауышсынып оқушыларының қарым-қатынас жасау біліктілігін дамытуда коммуникативтік тапсырмалардың ролі қандай? Оқыту үдерісінде коммуникативтік тапсырмаларды қолданудың мүмкіндіктері, қағидалары мен оны өңдеу тәсілдері нені білдіреді? деген бірізді заңды сауалдарға жауап іздеуді талап етеді.

Коммуникативтік тапсырма ұғымын педагогика мен психология тарапынан қарастыруда, бұл құбылыстың бастауыш сыныптарды оқыту әдістемесіндегі орнын ескермеу мүмкін емес. Шындығында, неліктен бастауыш сыныптарды оқыту әдістемесінде коммуникативтік тапсырма негізгі ұғым болып табылады деген сұрақ туындайды? Бұл сұраққа былайша жауап беруге болады.

Бастауыш сыныптардағы оқыту – бұл білім берудің алғашы негізін қалайды. Екіншіден, бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндер олардың коммуникативтік құзыретілігін қалыптастыруда жетекші маңызға ие. Зерттеушілер (А.А.Артюнов, И.Л.Блим, М.Н.Вятюнев, И.Я.Зимняя, Т.Ю.Тамбовкина) бастауыш сыныптарда коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда коммуникативтік тапсырмаларды шешу мен оларды қоя білуден деп есептейді. М.Н.Вятюнев «... коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру – бұл қарым-қатынас жағдайында коммуникативтік тапсырмаларды шешудің үздіксіз үдерісі» деп ерекше атап өткен.

Бастауыш сыныптарды оқыту әдістемесінде коммуникативтік тапсырма тұғырының негізіне С.Л.Рубинштейн мен А.Н.Леонтьевтің психологиялық түсіндірмесі басшылыққа алынған. Т.Ю.Тамбовкинаның түсіндірмесінде әдістемедегі коммуникативтік тапсырма ең алдымен оқушылардың тілдік әрекетке деген қажеттілігін оятып, соған сәйкес түрткісін дамыту, тілдік ойлауға ынталандыру, жаңаша және жалпы білімдік білімдерді игеруге себепші болу, тілдік құралдар мен лингвистикалық білімдерді өзектендіруге бағытталады. Бұл оның проблемалық тапсырмалардан айырмашылығын білдіреді. Дидактиктердің түсіндірмесі бойынша проблемалық тапсырмалар, «табиғат пен қоғам жөніндегі жаңа білімдерді алуға, мақсатқа жету немесе білімді іздеудің жаңа құралдарын жасауға» бағытталады.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда коммуникативтік тапсырмалардың ролі баланың тұлғалық дамуының ішкі қайнар көзі ретінде қызмет етеді, сондай ақ, оқу әрекеті барысында тұлғааралық қарым-қатынасы мен өзара әрекеттеріндегі оның қажеттілігін қанағаттандырады.

Бастауыш білім беру деңгейінде коммуникативтік тапсырмалардың орны – сыныптық-сабақ жүйесінде, ойында, проблемалық оқытуда, коммуникативтік әрекетті ұйымдастыруда және жобалау әдістемесінде; тестілеуде және диагностикалауда; дәстүрлі емес сабақтарда; сыныптан тыс әрекеттерде көрінеді.

Коммуникативтік тапсырмалардың пәнін әдеттегі және әдеттен тыс жағдаяттардағы қарым-қатынас тәсілдері мен білімді жетілдіру сапасы ретінде түсінеміз.

В.А.Кан-Каликтің ескертуі бойынша, коммуникативтік тапсырма педагогикалық тапсырмаға қарағанда дайынды алып жүретін, соңғысынан келіп шығатын және сонымен анықталады. Ғалымның коммуникативтік тапсырмаларды шешу үдерісіндегі тұғырын былайша жіктеуге болады. Бұл үдеріс өзіне келесідей кезеңдерді қамтиды:

- I. Коммуникативті тапсырмаларды түсіну.
- II. Тапсырманың бастапқы мәліметіне талдау жасау.
- III. Ғылыми болжамын ұсыну.
- IV. Коммуникативтік өзара әрекеттесу тәсілдерінің жүйесін анықтау.
- V. Тапсырманы өзі шешу.

Бірінші кезеңде педагогикалық міндетті жүзеге асырудың қажетті мүмкіндігі ретінде коммуникативті тапсырманы түсіну жүзеге асырылады.

Бастапқы мәліметтерге жүргізілген талдаулар, жағдаяттық мүмкіндіктерді, балалардың жас ерекшелігін, өзіндік мүмкіндіктерін есепке алу қажеттігін ескереді. Педагогикалық өзара әрекеттестікке бар бара келетін коммуникативтік болжамды ұсына білу біліктілігі маңызды мәнге ие. Ол үшін педагог кемелді ойлау мен болжам жасай білу қабілетіне ие болу керек. Коммуникативтік өзара әрекеттестік әдістер жүйесін анықтау, педагогикалық жағдаятқа бағдар

жасай алу, балалардың жеке ерекшеліктерін, коммуникативтік технологияларды меңгеру деңгейімен тікелей байланысты. Тапсырмаларды шешу тікелей таңдап алынған коммуникативтік өзара әрекеттестікте қарым-қатынаста вербалды және бейвербалды құралдарды қолдануға негізделіп, оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылармен кері байланыстың түрлі жолдарын орнатуға бағытталады.

А.В.Фоминаның зерттеуінде оқытудың тәрбиелік мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін коммуникативтік педагогикалық тапсырмаларды бөліпкөрсеткен:

- 1.эмоционалдық көңіл күй орнату және оны ұстап тұру;
- 2.қарым-қатынастың жалпы мәдени дағдыларының болуы;
- 3.оқушылардың мотивациялық ортасының таландыруы;
- 4.олардың өзіндік әрекеттерінің нәтижесін үнемі бағалау.

Педагогикалық коммуникативтік тапсырма – бұл педагогикалық іс-әрекет жағдайында көрінетін, оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың өзара тиімді қарым-қатынас жасауына және тұлғааралық коммуникация жүйесі арқылы педагогикалық әдістерді жүзеге асыруға бағытталады. Мұғалім мен студент арасындағы тұлғааралық өзара педагогикалық әрекетіндегі коммуникативтік тапсырмаларды зерттеу, талдау жасау мен қайта өзгерту негізінде бастауыш сыныптың оқыту үдерісінде коммуникативтік тапсырмалар кешенін жасап, оны кесте түрінде рәсімдеуге мүмкіндік берді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, педагогтың бағдары оқушылардың тұлғалық дамуын, субъектілік өзара әрекет пен коммуникативтік жағдаятта көрінетін педагогикалық қарым-қатынас мақсатына бағытталуы керек.

Аудиторияның қарым-қатынас жағдаятын, коммуникация мақсатын, оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жөніндегі білімдерінің болуы, мұғалімге оқушылармен коммуникативтік өзара әрекеттестікті жоспарлауға мүмкіндік береді.

Сол қарым-қатынасқа сәйкес мұғалімнен коммуникативтік біліктілікті қолдана білу, этикет ережелерін сақтай білу, сезімталдық, ұқыптылық, әдептілік, тілектестік, кері байланысты ескеру, оқушылардың жеке және жас ерекшеліктері секілді талаптарды жағдайдың ерекшеліктеріне қарай қолдануды қажет етеді.

Коммуникативтік тапсырмаларды шешу нәтижесі педагогикалық қарым-қатынас үдерісіне лайықты түзету енгізуге мүмкіндік береді.

Қарым-қатынастың коммуникативтік қыры белсенді субъект ретіндегі адамдар арасындағы ақпараттық үдерісті анықтаумен, яғни ақпараттың жай ғана «қозғалысына» емес, серіктестер арасындағы қатынасты есепке алу, оларды құру, мақсаттары, ниеттері, сондай-ақ, адамдар алмасатын сол жөніндегі білімдерді, мәліметтерді, пікірлерді, нақтылау мен толықтырумен байланысты (Г.М. Андреева).

Сонымен қорыта айтқанда, білім беру үдерісінде және одан тыс уақыттарда жолдастарымен қарым-қатынас жасай білуге, сол жағдаятқа бағдарлану, этикет ережелерін қолдана отырып, өзінің көзқарасын дәлелдей білу, өзінің толғанысын, сезімін, қатынасын көрсете білу, сонымен бірге өзіндік бақылаудың қарапайым амалдарын қолдану, қарым-қатынас үдерісінде оқушылардан коммуникативтік біліктерді меңгеруді талап етіп, таныс немесе таныс емес жағдаяттарда өз білімін қолдана білуге қабілеттілікті білдіреді. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік біліктіліктерді меңгеруі үшін, педагогикалық үдерісті қамтитын мақсатқа бағдарланған жұмысты талап етеді. Мұнда коммуникативтік тапсырма педагогикалық құрал ретінде қызмет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қаңтарбаев С.Е. Бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін қалыптастыру: теория және қалыптастыру әдістемесі. -Ақтөбе. 2001.24-25 бет.

2.Алифакова Е.М. Формирование коммуникативной компетенции детей дошкольного и младшего школьного возраста средствами театрализованных игр. / дис.канд.-пед.наук. – Волгоград, 2001.

3.Жуков Ю.М., Петровская Л.А., Растянников П.В. Диагностика и развитие компетентности в общении. - М,1991.

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ЖАЛБИЕВА АКТОЛКЫН САПАРКУЛОВНА

учитель русского языка и литературы средней школы №57 г.Тараза

Резюме. Мақалада орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану қажеттілігі талқыланады, оқушылардың практикалық дағдыларын жетілдіруге ықпал ететіндігімен дәлелдейді.

Summary. The article discusses the use of information technologies as necessary in the lessons of the Russian language and literature, motivating this by the fact that they contribute to the improvement of the student's practical skills.

Сами того не ожидая, мы вступили в эру смешанного обучения. Организованное в условиях пандемии дистанционное обучение показало необходимость внедрять цифровизацию в школы. Учителей призывают использовать цифровые ресурсы. Цифровая школа - наше будущее. И мне хочется помочь учителям найти необходимые для работы инструменты, потому что есть эффективные компьютерные упражнения для уроков русского и литературы.

Использование цифровых ресурсов не должно быть самоцелью. Давайте разберёмся, зачем использовать цифровые технологии при изучении гуманитарных предметов.

Цели использования электронных упражнений на уроках русского и литературы:

Создание мотивации (ученики получают интересные разнообразные задания в том виде, к которому они привыкли).

Повышение качества образования для всех (возможность тиражировать и использовать в любой школе материалы лучших специалистов).

Доступность без посещения школы (возможность работать с классом во время карантина, возможность удалённо работать с группой детей, находящихся на домашнем обучении).

Экономия времени (использование упражнений, которые можно организовать без компьютера, но с большими временными затратами).

Эффективность (использование эффективных упражнений, которые невозможно организовать без компьютера).

Формирование универсальных навыков.

Возможности, которые дают цифровые технологии:

Автоматическая проверка (экономия времени преподавателя, возможность задавать на дом тренировочные диктанты), образовательная платформа.

Мультимедийность (возможность вставить в учебник звук, видео, что помогает лучше запомнить материал).

Интерактивность (включение в активную работу одновременно всех учеников группы, что даёт экономию времени).

Совместная работа группы над проектом (возможность совместно создавать документы, презентации, ментальные карты и т.п. исследовательской группой учащихся).

Статистика ошибок (экономия времени ученика при работе со словарём, экономия времени учителя при анализе ошибок).

Разнообразие (возможность быстро генерировать большое и даже бесконечное количество однотипных упражнений – экономия времени учителя, повышение качества образования для ученика).

Обучение при помощи цифровых технологий на уроках русского языка и литературы.

Под использованием цифровых технологий преподаватели пока понимают лишь показ презентаций и обучающих видеороликов, раздачу ссылок на текстовые материалы на компьютерное тестирование. Что ещё можно сделать? А вот смотрите:показывать быстро меняющиеся словарные слова для зрительного запоминания каждый урок,предлагать упражнения на сортировку слов, терминов, портретов писателей и т.д. с автоматической проверкой,предлагать упражнения типа "вставь букву" с автоматической проверкой,задавать на дом диктанты с записью диктора и автоматической проверкой,предлагать зрительные диктанты с автоматическим

таймером и проверкой, предлагать интерактивные игры на зрительное запоминание слов, например, "Парочки", предлагать задания на поиск соответствий (определений и терминов, предложений и схем, слов с одним признаком, названий произведений и писателей), предлагать ученикам самостоятельно создавать подобные упражнения, создавать общий текст со множеством гиперссылок при анализе текста (например, в гуглдоках создать файл или презентацию с гипертекстом и ссылками на источники), создавать общие презентации, создавать ментальные карты, создавать профили литературных героев в соцсетях, создавать хронологические ленты (история литературы), создавать лендинги - презентации литературных произведений, создавать слайды с инфографикой по произведениям и авторам, создавать облака тегов (слова на одно правило, слова произведения, логические задачи), создавать копилки примеров и списки литературы в гуглдоках, создавать читательские дневники в блогах, создавать видеоролики по стихам и коротким рассказам, создавать учебные мультфильмы, создавать радиоспектакли, анализировать тексты с помощью компьютерных программ, подсчитывающих частотные слова и выражения, выделяющих общие элементы в разных текстах и т.п. (очень помогает при анализе мотивной структуры), работать с электронными обратными словарями для подбора рифм и слов на одно правило, изучать лексикологию с помощью программ, дающих статистику употребления слова... Этот перечень можно продолжать и продолжать. Технологии дают возможности, дело за вашей фантазией. Какие сайты можно использовать для создания интерактивных заданий?

Казалось бы, как далеки русский язык и информатика! Однако появляется всё больше сервисов, которые позволяют сделать урок русского языка и литературы не только нескучным, современным и технологичным, но и более эффективным.

В интернетном пространстве множество различных онлайн-ресурсов, сайтов, которые хоть немного освобождают учителя от бесконечных проверок и скучных уроков. Но многие из них требуют определенных навыков и времени, предлагаем несколько очень простых онлайн-ресурсов для облегчения работы учителя.

«Облако слов» поможет:

Научить пересказывать текст;

Акцентировать внимание на важных понятиях, датах, событиях, ключевых моментах;

Определить тему по ключевым словам;

Восстановить текст;

Проанализировать роль различных частей речи в языке;

Оформить опорный конспект;

Дать характеристику героя;

Выполнить анализ эпизода, стихотворения;

Повторить изученный материал;

Подготовиться к словарному диктанту и т.п.

Квестодел.С помощью этого сайта можно легко составить ребусы или квест по определенной теме урока.

Образовательная платформа Learnis помогает:

-за счет игровых технологий повышать мотивацию учащихся;

-учителям любых предметных областей;

-использовать на групповых или индивидуальных учебных занятиях, а также в качестве домашнего задания.

Корпус русского языка. Инструмент для анализа текста Сайт представляет собой громадную библиотеку текстов и механизмы для анализа этих текстов. Например, можно быстро найти фразу, которую использовали разные авторы, что очень помогает для сравнительного анализа текстов. Моментально собирается материал для мотивного анализа по ключевому слову.

Интересна статистика употребления слов. Можно быстро получить график, который покажет, как изменялась "мода" на то или иное слово в течение столетий. Например, этот график показывает, как устаревал глагол "извольте". График составил за доли секунды.

Создание ментальных карт.

Запомните новое слово - майндмэппинг. Это удобная и эффективная техника визуализации. Ментальные карты можно применять для фиксации идей, анализа и систематизации информации. Что-то типа создания очень разветвленного плана, только не в линейной записи. Предлагайте

ученикам создавать ментальные карты для закрепления материала. Например, можно устроить конкурс на лучшую карту по видам придаточных предложений или по языковым средствам выразительности.

Легко устроить мозговой штурм на уроке литературы и, используя совместно одну доску, быстро добавить много примеров из текста на заданную тему. Просто шикарно для анализа мотивной структуры произведения. Тут и получается совместная групповая работа на уроке.

Карты размещаются на бесконечных досках и могут расширяться в разные стороны. Поэтому не сложно теорию подкрепить многочисленными примерами. Примеры могут быть в прикрепленных файлах, открытых для совместного редактирования. Так вы используете ещё одну технологию. Обычно сервисы создания ментальных карт позволяют добавлять прямо на доску прикрепленные файлы для скачивания, фото и видео. К анализу эпизода можно присоединить отрывок из фильма-экранизации, а ещё лучше-из нескольких фильмов, чтоб возникло поле для сравнения и дискуссий.

Стрелки могут показывать сеть очень сложных взаимосвязей блоков. Это существенное отличие от линейного плана.

Чем карта отличается от обычного способа работы с информацией?

Во-первых, информация визуализируется, во-вторых, систематизируется, в-третьих, проще выделить основную идею, которая размещается в центре, проблемный вопрос, в-четвертых, это мыслительный процесс, демонстрирующий индивидуальный способ восприятия. Достоинства сервиса я вижу в том, что он позволяет работать как индивидуально, так и группой, применим в урочной и внеурочной деятельности для учащихся 5-11 классов на разных этапах урока, при подготовке к экзаменам. Ментальные карты можно создавать по определенным темам и параграфам учебника, по биографиям поэтов и писателей, по правилам русского языка. Создавая ментальную карту, ученик работает с информацией, перерабатывает ее, самостоятельно изучает учебный и справочный материал. Для создания карты нужно вдумчиво прочитать произведение.

Страничка литературного героя в соцсетях.

На уроках литературы для полного понимания задумки автора текста, образов главных героев мы часто должны заниматься кропотливой рутинной работой. Но всегда ли это нравится нашим ученикам? Мне кажется, что нет. И причин для такого ответа множество. Поэтому каждый раз, подходя к изучению серьезного произведения, я продумываю, какое же интересное задание можно использовать, чтобы неинтересная работа заиграла другими красками. Заметим, что все предложенные онлайн-ресурсы являются бесплатными. К сожалению, у учителя не всегда есть время создать свою игру, квест-комнату и т.д. Поэтому в помощь учителю мы предлагаем несколько телеграм – каналов.

Я считаю применение информационных технологий необходимым на уроках русского языка, литературы и мотивирую это тем, что они способствуют совершенствованию практических умений и навыков, позволяют эффективно организовать самостоятельную работу и индивидуализировать процесс обучения, повышают интерес к урокам русского языка и литературы, активизируют познавательную деятельность учащихся, осовременивают урок.

Список используемой литературы:

1. Азимов Э.Г. Новый словарь методических терминов и понятий / Э.Г. Азимов, А.Н. Щукин. – Москва. Икар. – 2009. – 448 с.

2. Арапова П.И. Формирование готовности старшеклассников к выбору жизненного пути средствами групповой воспитывающей деятельности // П.И. Арапова // Сибирский педагогический журнал. 2012. – №4 – С. 56-60.

ҚОЛЖЕТІМДІ ЕҢБЕК ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ТАРТУ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН ДАМУЫ

СЕИТОВА ТОЛҚЫН ЕРАЛИЕВНА

№1 Бөбекжай-бақшасы тәрбиеші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Трудовое воспитание является одним из важнейших аспектов воспитания детей дошкольного возраста. Основой трудового воспитания в детском саду является приобщение детей к трудовой деятельности взрослых, также важно участие детей в доступной им трудовой деятельности.

Summary. Labor education is one of the most important aspects of raising preschool children. The basis of labor education in kindergarten is the introduction of children to the work activities of adults, and the participation of children in the work activities available to them is also important.

Еңбек тәрбиесі – мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің маңызды аспектілерінің бірі. Балабақшадағы еңбек тәрбиесінің негізі – балаларды үлкендердің еңбек әрекетімен таныстыру, оларға қолжетімді еңбек әрекеттеріне балалардың қатысуы да маңызды. Балалар үлкендердің еңбегімен танысқан сайын олардың жұмысына деген оң көзқарасы, оның нәтижесіне ұқыптылықпен қарауы, үлкендерге қолынан келген көмегін көрсетуге дайындығы қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста ерекше мұқият еңбекті дамыту қажет, өйткені болашақта бұл қасиетті бала бойына сіңіру өте қиын болады. Баланың бойында еңбексүйгіштік, борыш сезімі, өзіне тапсырылған жұмысқа жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттердің бар екенін түсінуі керек.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін келесі жұмыс түрлері бөлінеді:

1. Өзіне-өзі қызмет көрсету (күнделікті туындайтын жеке қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған жұмыс: белгілі бір тәртіппен киіну мен шешінудегі дербестік; жұмыс орнын дайындау және тазалау; ұсақ-түйектерінді жуу, төсек жинау.

2. Үй жұмысы (тапсырмаларды орындау: оқушылар ойыншықтар мен көмекші құралдарды жинайды; алаңдағы жапырақтарды жинайды; мектеп жасына дейінгі балаларды топ бөлмесі мен алаңды таза ұстауға үйретеді).

3. Буфеттегі кезекшілік және сабақтар.

4. Табиғаттағы жұмыс (табиғат бұрышында, гүл бақшасында, бақшада және бақшада: өсімдіктерді суару, пияз отырғызу, ірі тұқым себу, егін жинау кезінде көкөністерді жинау, жабық өсімдіктерді қайта отырғызу және т.б.).

5. Қол еңбегі (топ шаруашылығындағы тәртіпті сақтау: кітаптарды, жәшіктерді жөндеу және желімдеу, жыртылған түймелерді тігу, ойыншықтарды жөндеу; мұғалімнің басшылығымен табиғи және қалдық материалдарды, қағазды пайдалана отырып, шағын санау материалдарын, ойыншықтар мен сувенирлерді жасау. , картон, маталар).

Ерте мектепке дейінгі жаста еңбек процесін ойынға айналдыруға деген ұмтылыс айқын көрінеді, бірақ тіпті үлкен мектеп жасына дейінгі балалар да еңбек әрекеттерін немесе құралдарын меңгермейінше, олармен ойнайды, оларды ұрады. Және олар жұмысты қамтитын ойын жағдайын әрқашан қуана қабылдайды. Еңбек өмірінде балалар үлкендерден тәуелсіз болуға көмектесетін еңбек дағдылары мен дағдыларын меңгереді. Бала еңбегінің ерекшелігі, іс-әрекеттің барлық құрылымдық құрамдас бөліктерінің болуына қарамастан, олар әлі де даму сатысында және ересек адамның міндетті түрде қатысуы мен көмегін қажет етеді.

Кіші мектеп жасына дейінгі балалар өз жұмысының мақсатын анықтай алмайды. Бұл олардың жадында толық процесс пен нәтижені сақтау қабілетінің болмауына байланысты. Балаға қуаныш әкелетін нәрсе оның нәтижесі емес, әрекетінің өзі. Мақсатты әрекеттерді дамыту объектіге бағытталған әрекет пен еліктеуді дамытудан бөлінбейді, өйткені бұл жағдайда объектінің мақсатын түсіну және оны пайдалану әдісін меңгеру болады. Бала әрекеттің еліктеу әдістерін қолданғаннан кейін ол қарапайым әрекеттерде нәтижеге жетеді (ол сүлгіні ілгекке іліп, түймені бекіте алады және т.б.).

Өз іс-әрекетінің мақсатын және мақсат пен нәтиже арасындағы байланысты түсіну қабілеті бірте-бірте дамиды. Бұл сана баланың жеке мүмкіндіктерін ашуының бір түрі болып табылады.

Бұл тәуелсіз әрекетке ынталандыру. Кіші мектеп жасына дейінгі балалар үшін мұның бәрі бастапқы кезеңде ғана. Бұл кезеңде ересек адам басты рөлді атқарады. Балалардың алдына мақсат қойып, соған жетуге көмектеседі. Егде жастағы мектеп жасына дейінгі балалар өздеріне таныс жағдайларда өз бетінше мақсат қояды. Олар мұны ең сәтті жасайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек әрекетінің осы құрамдас бөлігінің ерекшелігі оны жүзеге асыруға ересек адамның қажетті қатысуы болып табылады.

Мақсатты еңбек әрекетін қалыптастыру кезінде баланың немен және қалай айналысатыны ғана емес, оның не үшін жұмыс істейтіні де маңызды. Мотивтер әртүрлі:

1. Өз әрекетіңізге үлкендерден оң баға алу.
2. Құрдастар арасында өзін-өзі бекіту.
3. Үлкендермен қарым-қатынасқа түсу.
4. Басқаларға көмектесу.

Мектепке дейінгі ұйымдағы балаларды еңбекке тәрбиелеу отбасылық тәрбиемен тығыз байланысты болуы керек. Балалардың еңбекке баулу үшін отбасында қолайлы жағдай жасалған. Бұл ең алдымен ересектер күн сайын баланың алдында жұмыс істегенде, бұл жұмыстың нәтижесі сезілсе, бала бұл жұмысқа жүйелі түрде қатысуға, үлкендермен бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Үлкен отбасы мүшелерімен ортақ жұмыс іс-әрекетінде бала ересектерден кейін қайталай отырып, еңбек дағдыларын тез игереді және ақылға қонымды жұмыс әдістерін көшіреді.

Ата-анамен бірлесіп жұмыс істеу балаға рахат әкеледі. Шаруашылық жұмыстарына қатысу арқылы ол өзінің отбасылық істерге араласуын шынымен сезінеді, өзін отбасылық ұжымның мүшесі ретінде сезінеді. Бұл жауаптылық, қамқорлық, үнемшілдік, жауапкершілік сияқты көптеген маңызды тұлғалық қасиеттердің дамуына ықпал етеді. Отбасында балалар ата-аналарының өз жұмыстары және басқа адамдардың өндірістік қызметі туралы әңгімелерін тыңдайды. Бұл баланың ой-өрісін кеңейтеді, еңбекке деген қызығушылық пен құрметті дамытады.

Неліктен бала үшін жұмыс маңызды? Неліктен бала тәрбиесінде одан бас тартпау керек?

Біріншіден, үйренген, жұмыс істей білген адам өзін сенімді сезінеді, ешкіммен санаспайды, бәрін өзі жасауға дайын. Мұндай сенімділік бірте-бірте қиындықтан қорықпау, шешім қабылдауда батылдық танытады, өзін-өзі бағалауды арттырады, жұмыс істеуге деген құлшынысын күшейтеді.

Екіншіден, жұмыс ерікті күш-жігерді қажет етеді, ал ерікті күш-жігер еңбек әрекеттерін бірінші рет өте жақсы нәтиже бермеген нәрсені қайта жасаудан қорықпай, адал орындауға ұмтылумен тығыз байланысты. Балалар іс-әрекеттерін қайта жасауды ұнатпайды. Олар өз әрекеттерін объективті талдауды әлі үйренбеген. Оларға, әрине, мұны үйрету керек. Бірақ мұндай оқу процесінде баланың іс-әрекетін сынамай, оның дұрыс жасалмағанын өз көзімен көруге көмектесу және оның жақсырақ жұмыс істеуге қабілетті екеніне сенімділік беру маңызды.

Үшіншіден, мектепке дейінгі жаста ақыл-ой еңбегі сияқты маңызды жұмыс түрі пайда болады. Дұрыс ұйымдастыру арқылы сізб аланы үнемі ойлауға, ойлануға, нәтижені болжауға, өз жұмысын жоспарлауға, бірдеңе болмай қалғанының себебін ойлауға және оны жақсы ойластырылған жоспар бойынша қайта жасауға, жақсы нәтижеге қол жеткізуге үйретуге болады. Мұның бәрі мектеп жасына дейінгі балаға, әсіресе үлкенірек мектеп жасына дейінгі балаға қолжетімді және оған мектептегі оқуда, жалпы өмірде өмектеседі. Ой еңбегі физикалық еңбекке қарағанда қиынырақ, өйткені, ол қиялды дамытуды, еңбек процесін және оның дамудағы нәтижесін көре білуді, жұмыстың әрбір кезеңін аяқтамай тұрып талдай білуді және бұрыннан бар нәрсені талдай білуді талап етеді. Бұл қиын, бірақ өте маңызды және қызықты. Баланы ойланбастан, жұмыс процесінде ойланбай ешнәрсе істемеуге үйрету маңызды, психологиялық-педагогикалық міндет, оны шешусіз әлеуметтену процесі сәтті өтті деп айта алмаймыз. Бұл таза адамдық қасиет – ойлау, себеп-салдарлық байланыстар мен тәуелділіктерді орнату, қорытындылар жасау және жетілдірілген жоспар бойынша қайта жасау – мұның бәрі әлеуметтік болмыс ретінде адамға ғанатән. Ал бұл бағыттағы тәрбиені бірте-бірте ерте және мектепке дейінгі жастан бастау керек.

Төртіншіден, еңбек процесінде досына көмектесу, оған өз білгенінді үйрету қабілеті мен ынтасы дамиды. Мұндай адамгершілік көріністер балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайтады және безендіреді. Рас, қазіргі балалар көмекті ДОСы сұрағанда ғана біледі. Олар өздері бастаманы қажет деп санамайды.

Балалардың жұмысын ұйымдастырудың ұжымдық формалары достық қарым-қатынасты дамыту үшін өте пайдалы. Ұжымдық жұмыс келіс сөздер жүргізу, өз іс-әрекетін басқа балалардың

іс-әрекетімен үйлестіру, өзін-өзі бағалауды дамыту және құрбыларының іс-әрекетін объективті бағалау, «ортақ ұстаным» сезімін қажет етеді. Бұл мектеп жасына дейінгі балаларға қол жетімді, бірақ ол балаларды топта өмір сүруге үйретуі керек ересектердің назарын талапетеді. Адам «қоғамдық тіршілік иесі» ретінде жалғыз өмір сүре алмайды. Балаларды қоршаған ортадағы барлық нәрсенің адам қолымен жасалатынын түсінуге үйрету керек: бала тамақ ішетін қасық, ол тұратын үй, ол өте жақсы көретін кәмпит, киім-кешек, ойыншықтар, ұшақтар, көліктер жәнет.б. Барлығы адам еңбегімен жасалған. Ал ол қаншалықты жақсы жасалса, адам соғұрлым адал еңбек етеді. Сондықтан бала кезінен еңбекке деген құштарлықты оятпасақ, еңбектің сұлулығын сезінуге, істеген ісінен қанағат алуына мүмкіндік бермесек, мүмкіншілік бермесек, басқа адамдардың көзінше оның күш-жігеріне ризашылықты көрсек, біз оны өз түрінің лайықты өкілі болу, адам болу, адами қасиетінен айырамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бочарова Н.И. Бос уақыт педагогикасы. Білім беретін отбасылардағы балалардың бос уақытын ұйымдастыру. академиялық магистранттарға арналған оқу құралы / Н.И.Бочарова, О.Г.Тихонова. – 2-ші басылым, рев. және қосымша – М.: Юрайт, 2019. – 218 б.
2. Браткова М.В., Закрепина А.В., Пронина Л.В. Кішкентай балаларды ересектермен ойындарда түзету және дамыту: оқу-әдістемелік. жәрдемақы. 2-ші басылым. – М.: Парадигма, 2021. – 166 б.
3. Ворошнина Л.В. 2 сағатта балалардың сөйлеуін дамытудың теориясы мен әдістемесі. Орта кәсіптік білімге арналған оқу құралы / Л.В.Ворошнина. — 2-ші басылым. – М.: Юрайт, 2019. – 302 б.
- 4.Габова М.А. Мектепке дейінгі педагогика. Кеңістіктік ойлау және графикалық дағдыларын дамыту. – М.: Юрайт, 2020. – 152 б.

ӘОЖ 373.89.36

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМГЕ ҚҰШТАРЛЫҒЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ

ТУГАНБАЕВА КУРАЛАЙ ТУРДАЛЫЕВНА

№1 Бөбекжай- бақшасы тәрбиеші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Семейное воспитание играет очень большую роль в формировании личности ребенка и его всестороннем развитии. Семья, без сомнения, главенствует в вопросах воспитания подрастающего поколения, однако и детские сады, и школы, гимназии также выполняют важные воспитательные функции.

Summary. Family upbringing plays a very important role in the formation of a child's personality and his all-round development. The family, without a doubt, dominates in matters of educating the younger generation, however, kindergartens, schools, and gymnasiums also perform important educational functions.

Отбасы – бала өзінің өмірлік тәжірибесін алатын алғашқы әлеуметтік институт. Баланың бірінші негізгі қажеттіліктерін - қарым-қатынас, білім және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін отбасы.

Әр бала ізденімпаз. Мектеп жасына дейінгі балаларда қызығушылық қоршаған әлем туралы шексіз сұрақтар түрінде көрінеді, оған жауап беру арқылы ата-аналар баланың танымдық қызығушылығын арттырады. Бастауыш мектеп жасындағы оқуды үйреніп қалған балаларда кітаптың көмегімен білуге құмарлықты дамыту керек. Ертегілер, өлеңдер, бірлесіп оқу және мектеп бағдарламасындағы шығармаларды талқылау баланың танымдық қызығушылығын дамытып қана қоймай, оны ата-анасына жақындатады. Жан-жақты дамыған адам 5 жаста болса да, 50 де болса да өнерге деген ынта-ықылас танытпай қоймайды. Мектеп жасына дейінгі баламен сіз мұражайлар мен көрмелерге бара аласыз, жас көрермендерге арналған театр қойылымдарын көре

аласыз. Мұндай шараларға қатысу мәдениет пен өнерге деген сүйіспеншілікті оятады, сонымен қатар баланың шығармашылық қызығушылықтарын дамытады.

Когнитивті даму кейбір ата-аналар ойлағаннан әлдеқайда ерте басталады: анасының жаңа туған нәрестеге күлімсірегені; оған қамқорлық жасау; неліктен деген сұрақтарға жауаптар; бірге кітап оқу; білім беру телебағдарламаларын көру; тіпті қарапайым қарым-қатынас баланы үйретеді. Бұл қарапайым әрекеттер балаларды отбасындағы өмір және одан тыс үлкен әлем туралы үйретеді. Бірақ отбасылық тәрбие әрқашан оң нәтиже бермейді және баланың жеке басының дамуына жақсы әсер етеді. Кейде ата-аналармен қарым-қатынастар жарақатқа айналады және жылдар өткен соң ересек адамның есінде қандай да бір қайғылы оқиға ретінде қалады.

Мектеп жасына дейінгі баланың білуге құмарлығы мен танымдық қызығушылықтары оның қоршаған әлемге қатынасынан көрінеді. Олардың дамуының қажетті алғышарты объектінің жаңалығымен, ерекшелігімен және баланың бар идеяларымен сәйкес келмеуінен туындаған индикативті реакциялар болып табылады. Қызығушылық пен танымдық қызығушылықтардың бастауы қоршаған шындықта жатыр, бірақ олардың қалыптасуында тәрбиелеу мен оқыту процесі шешуші болып табылады. Қызығушылығы мен танымдық қызығушылықтары баланың дамуына әсер етеді. Олар оны қызығушылық саласындағы білімін дербес кеңейтуге және тереңдетуге шақырады. Қызығушылық пен танымдық қызығушылықтың әсерінен баланың моральдық және эстетикалық сезімдері дамып, байып, оның ақыл-ой мүмкіндіктері мазмұнды іс-әрекетте жол табады. Танымдық қызығушылық ерікті күш-жігермен байланысты болғандықтан, ол тұлғаның шешімділік, табандылық, әрекетті аяқтауға ұмтылу сияқты құнды қасиеттерін дамытудың маңызды стимулына айналады.

Тұрақты танымдық қызығушылық баланың мектепке дайындығының белгісі. Ол балаларды мектепке дайындау кезінде олармен жүргізілетін барлық тәрбие жұмысының негізі болып табылады. Бұл әсіресе 6 жастан бастап балаларды оқуға көшу басталған қазіргі кезеңде ескеру қажет. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың білуге құмарлығы мен танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруға жағдай жасалған. Дегенмен, мектеп жасына дейінгі балалардың бойында осы құнды тұлғалық қасиеттерді сіңіруде тиімді нәтижеге тек отбасымен тығыз байланыста ғана қол жеткізуге болады. Баланың оқуға деген қызығушылығын жүйелі түрде дамыту үшін отбасында үлкен мүмкіндіктер бар. Ата-аналар мен үлкен отбасы мүшелері баланың ерекшеліктерін жақсы біледі, оның сезімдеріне әсер ете алады және шындықтың кейбір аспектілеріне оң көзқарастың негізін қалайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың еліктегіштігі белгілі, сондықтан олар ата-аналарына тән қызығушылықтармен оңай «жұқтырылады». Осылайша, отбасы мүшелерінің өз кәсібі туралы әңгімелері балалардың осы мамандыққа деген қызығушылығын арттырып, үлкендердің ісін жалғастырғысы келетіндігіне себеп болады. Балабақша тәрбиешілері балалармен әңгімелесу барысында «Мен анам сияқты дәрігер болғым келеді», «Мен әжем сияқты мұғалім боламын», «Мен үлкенім сияқты зауытқа барамын» деген сөздерді естиді. ағасы». Баланың танымдық қызығушылығы мен білуге құмарлығы әсіресе қарым-қатынаста айқын көрінеді: ол үлкендермен өз күмәнімен бөліседі, олардан туындаған сұрақты айтуды, оқуды, түсіндіруді және жауап беруді сұрайды. Ата-аналар баланы бағындыра білуі және оның бойында қарым-қатынас жасау қажеттілігін оята білуі керек. Қазіргі заманғы отбасыларда балалардың қызығушылық тудыратын объект немесе құбылыс туралы білімі мен әсерлері жүзеге асырылатын әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға барлық мүмкіндіктер бар. Мысалы, балада құстарға деген қызығушылық пайда болды. Ата-аналар оны құстарды тамақтандыруға тартады, олардың сыртқы түрі мен әдеттерінің ерекшеліктеріне назар аударады, бақылау нәтижелері туралы әңгімелесуді ұсынады және бұл туралы сурет салады. Қызығушылық пен танымдық қызығушылықтың дамуына әр отбасы ұйымдастыра алатын ата-ана мен балалардың бірлескен іс-әрекеті ерекше әсер етеді. Осындай іс-әрекеттер барысында үлкен отбасы мүшелері баланың күш-жігерін ақылға қонымды түрде көтермелейді, қиындықтар туындаған жағдайда қолдау көрсетіп, дер кезінде көмек көрсетеді және қол жеткізілген нәтижелерді оң бағалайды. Осының бәрі мектеп жасына дейінгі баланың танымдық қызығушылығын, білуге құштарлығын нығайтады, бұл мәселеде отбасының рөлін ескере отырып, балабақша ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім береді. Ол келесі сұрақтарды қамтиды: балалардың танымдық қызығушылықтарының сипаттамалары; олардың мектепке дейінгі жаста даму ерекшеліктері; жанұяда және балабақшада қызығушылық пен танымдық қызығушылықты дамытудың шарттары мен әдістері. Бұл жұмыс балабақшада ата-аналар жиналысы, кеңес беру, әңгімелесу түрінде жүргізіледі. Балабақшадағы

ата-аналарға танымдық қызығушылықтарды тәрбиелеудің әдістемелік тәсілдерін нақты мысалдар арқылы көрсету үшін балалардың қандай да бір әрекетін немесе ойынын тамашалағаны жөн. Көруге жоспарланған іс-әрекет мазмұны бойынша әртүрлі болуы мүмкін: берілген шарттарға сәйкес дизайн, проблемалық сұрақтарды пайдалана отырып, табиғатпен танысу және т.б.

Топта балалардың жұмыстарының көрмесін ұйымдастырып, оған ата-аналарды шақыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алексеева Е.Е. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық мәселелері. – М.: Юрайт, 2024. – 196 б.
2. Асмолов А.Г. Бала ересектер мәдениетіндегі / А.Г.Асмолов, Н.А.Пастернак. – М.: Юрайт, 2019. – 150 б.
3. Афонкина Ю.Оқу қызметінің жаңа жағдайында педагогикалық мониторинг. Аға топ. Федералдық мемлекеттік білім беру стандарты DO/sub. ред. Бондарева Т., Попова Г.П. - М.: Учитель, 2020. - 59 б.
- 4.Бацкалева В.В., Забегайлова И.В. Мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесі. Оқу-әдістемелік құрал/ред. Дивногорцева С.Ю.- М.: Юрайт, 2023. - 192 б.

ӘОЖ 373.89.11

ӘРТҮЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

НАГИЗБАЕВА ГАУХАР ЖЕКСЕНБЕКОВНА

№1 Бөбекжай-бақшасы тәрбиешісі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В ходе занятия педагог, учитывая их индивидуальные особенности, привлекает всех детей к активному участию в работе, развивает у детей навыки обучения, развивает умение оценивать и контролировать свои действия.

Summary. During the lesson, the teacher, taking into account their individual characteristics, attracts all children to actively participate in the work, develops children's learning skills, and develops the ability to evaluate and control their actions.

Оң нәтижеге жету оқу үрдісін дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Сабақтарды өткізу кезінде, ең алдымен, гигиеналық жағдайларды сақтауға назар аудару керек: бөлмені желдету керек; жалпы қалыпты жарықтандыруда жарық сол жақтан түсуі керек; жабдықтар, құралдар мен материалдар және оларды орналастыру педагогикалық, гигиеналық және эстетикалық талаптарға сай болуы керек.

Сабақтың ұзақтығы белгіленген стандарттарға сәйкес болуы керек, ал уақыт толық пайдаланылуы керек. Сабақты бастау, балалардың зейінін ұйымдастыру, балаларға оқу немесе шығармашылық тапсырма қою және оны қалай аяқтау керектігін түсіндіру үлкен маңызға ие.

Мұғалім іс-әрекет тәсілдерін түсіндіріп, көрсете отырып, балаларды белсендіруі, олардың не туралы айтып тұрғанын түсінуге, есте сақтауға ынталандыруы маңызды. Балаларға белгілі бір ережелерді қайталау және айту мүмкіндігін беру керек (мысалы, мәселені шешу, ойыншық жасау). Түсіндіру 3-5 минуттан аспауы керек.

Сабақ барысында мұғалім барлық балаларды жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жұмысқа белсенді қатысуға тартады, балалардың оқу дағдыларын дамытады, олардың іс-әрекетін бағалау және бақылау қабілеттерін дамытады. Тәрбиелік жағдаят балаларда достарға деген достық қарым-қатынасты, төзімділікті, табандылықты дамыту үшін қолданылады.

Сабақ барысында мұғалім балаларға қатаң логикалық жүйелілікпен білім береді. Бірақ кез келген білім (әсіресе жаңа білім) баланың субъективті тәжірибесіне, оның қызығушылықтарына, бейімділігіне, ұмтылыстарына, әр баланың қоршаған әлемді қабылдауының және оны

қабылдауының бірегейлігін анықтайтын жеке маңызды құндылықтарға негізделуі керек Сыныпта мұғалімнің балаға бір жақты әсері ғана емес, сонымен қатар кері процесс бар.

Бала мұғалімнің және мұғалімнің айтқанының бәрін сөзсіз қабылдап қана қоймай, ол үшін маңызды болып табылатын өзінің бұрыннан бар тәжірибесін барынша пайдалану мүмкіндігіне ие болуы керек бала тең құқылы серіктестер, гетерогенді, бірақ бурдей қажетті тәжірибені тасымалдаушылар ретінде рекет етеді. Тұлғаға бағытталған сабақтың негізгі идеясы – баланың жеке тәжірибесінің мазмұнын ашу, он сұралатын нәрсемен үйлестіру және сол арқылы осы жаңа мазмұнды жеке меңгеруге қол жеткізу.

Мұғалім қандай материалды баяндайтынын ғана емес, сонымен бірже бұл материалдың балалардың жеке тәжірибесімен қандай байланысы болуы мүмкін екенін де ойластыруы керек.

Сабақты ұйымдастыру кезінде мұғалімнің кәсіби ұстанымы баланың талқыланатын тақырыптың мазмұны бойынша кез келген мәлімдемесін анық құрметтеу болып табылады. Біз балалардың «нұсқаларын» қатаң бағалау жағдайында емес (дұрыс - бұрыс) емес, тең диалогта қалай талқылау керектігін ойлауымыз керек. Тек осы жағдайда ғана балалар ересектердің «естуіне» ұмтылады.

Балалардың жұмыс қабілеттілігін арттырудың, алкен зейінмен, ұзақ зейінмен, сондай-ақ стел басында отырғанда дененің біркелкі орналасуымен байланысты шаршаудың алдын алудың бір түрі – денешынықтыру минуты. Денешынықтыру сабақтары балалардың белсенділігін арттыруға жақсы әсер етуді және позаның бұзылуының алдын алуға көмектеседі. Денешынықтыру сабақтары жүйелі түрде ұйымдастырылады. Әдетте бұл сабақта 2-3 дене жаттығуларын орындау үшін қысқа үзілістер (2-3 минут). Жаттығулардың уақыты мен таңдалуы сабақтың сипатымен мазмұнына байланысты анықталады. Мәселен, сурет және мүсіндеу сабақтарында денешынықтыру белсенді түрде бұту, қолды созу, саусақтарды қысу және тарату, қолды еркін сермеуден тұрады. Сөйлеуді дамыту және математика сабақтарында арқа бұлшық еттеріне арналған жаттығулар қолданылады – мұрын арқылы терең тыны салу арқылы созылу, түзету. Жаттығу кезінде балалар өз орындарында қалады. Денешынықтыру минуттарының эмоционалды әсерін күшейту үшін тәрбиешілер қысқаша поэтикалық мәтіндерді пайдалана алады.

Сабақтың тиімділігі көбінесе оның қаншалықты эмоционалды болуына байланысты. Маңызды дидактикалық принцип – көрнекілікті сөздермен тіркестіріп қолдану. Кішкентай балаларды оқыту көрнекі және тиімді болуы керек. Егде жастағы балалар топтарында танымдық қызығушылықтары жақсы дамыған кезде, сабақтың тақырыбын емес, негізгі мақсаты туралы хабарлама жеткілікті. Егде жастағы балалар қажетті ортаны ұйымдастыруға қатысады, бұл да әрекетке қызығушылықты арттырады. Дегенмен, білім беру міндеттерін қоюдың мазмұны мен сипаты бірінші кезектегі мәнге ие.

Балалар сабақта белгілі бір тәртіп ережелеріне бірте-бірте үйренеді. Мұғалім олар туралы сабақты ұйымдастырғанда да, оның басында да балаларға үнемі еске салады. Үлкен балалармен сабақтың соңында танымдық іс-әрекеттің жалпы конспектісі тұжырымдалады. Сонымен бірже мұғалім қорытынды пікір балалардың өздерінің күш-жігерінің жемісі болуын қамтамасыз етуге, сабақты эмоционалды түрде бағалауға ынталандыруға тырысады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сидельникова А.А., Казанская В.Л. Мектеп жасына дейінгі балалардың есту қабылдауын дамыту. Диагностикалық тапсырмалар мен оқу ойындарының жинағы. – М.: АРҚТИ, 2021. – 112 б.
2. Смирнова Е.О. Мектепке дейінгі педагогика: педагогикалық жүйелер және мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары. – М.: Юрайт, 2020. – 122 б.
3. Изотова Е.И. Мектепке дейінгі жастағы психология 2 бөлім. 2-бөлім. – М.: Юрайт, 2020. – 241 б.
4. Козлова С.А. Мектепке дейінгі тәрбиенің теориялық негіздері. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған білім беру бағдарламалары: орта кәсіптік білімге арналған оқулық және практикум / С.А.Козлова, Н.П.Флегонтова. - М.: Юрайт, 2017. - 202 б.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЗАТТАРДЫҢ ПІШІНІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЖУНИСОВА АЙЖАН КУДАЙБЕРГЕНОВНА

№1 Бөбекжай- бақшасы тәрбиеші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Описание научных взглядов на процесс формирования представлений о форме предметов у детей на основе анализа специальной литературы.

Summary. Description of scientific views on the process of forming ideas about the shape of objects in children based on an analysis of specialized literature.

Қазіргі психологиялық-педагогикалық зерттеулер мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық білім жүйесін меңгеруі бүкіл психикалық даму процесіне сапалы әсер етіп, оларды мектепте оқуға дайындайтынын дәлелдеді [1].

Зерттеудің мақсаты – арнайы әдебиеттерді талдау негізінде балаларда заттардың пішіні туралы түсініктерді қалыптастыру үдерісі туралы ғылыми көзқарастарды сипаттау.

Антикалық дәуір философтары «форма» ұғымын түсінуге тырысты. Аристотель «пішінді» заттың маңызды сипаты, оның барлық аспектілерінде, соның ішінде фигурасы мен контурында көрінетін анықтаушы сипаты ретінде түсіндірді. Пішін, оның ойынша, нысанды дәл солай ететін нәрсе [4].

Пішін туралы түсініктерді қалыптастыру процесі заттар мен құбылыстардың бейнелерін қабылдау негізінде ойша қайта құру арқылы жүзеге асады [5]. Ерте және мектеп жасына дейінгі кезеңде балаларда геометриялық пішіндер туралы жалпылама түсініктерді меңгеру барысында сапалық өзгерістерге ұшырайтын пішін туралы түсінік қалыптасады. А.Запорожец пен Л.Венгердің концепциялары бойынша геометриялық фигуралар қоршаған әлемді талдау және заттар мен олардың бөліктерінің пішінін анықтау үшін қолданылатын мәдениетте қабылданған сенсорлық эталондар ретінде қарастырылады [3].

Л.Венгер, А.Запорожец, А.Русская және Н.Сакулина белсенділік тәсілі аясында мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдауының даму процесін зерттеді. Олар қабылдаудың негізі – заттардың қасиеттерін, олардың өзара байланысын зерттеуді және ішкі бейнені немесе бейнелеуді жасауды қамтамасыз ететін қабылдау әрекеттері деп тұжырымдады. Перцептивті есептерді шешуде бағдарлауда геометриялық пішіндер сияқты сенсорлық сілтемелер басты рөл атқарады [5].

Қабылдау процесіндегі қабылдау әрекетінің рөлі туралы ғылыми көзқарастарды талдау С.Ткаченкоға қабылдау әрекеті қабылдаудың дамуын ынталандырады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Олар қоршаған әлемді адекватты қабылдауды құруға, сенсорлық ақпаратты ерекшелуге және түрлендіруге ықпал етеді. Баланың қабылдауы жаңа перцептивті әрекеттер мен олардың жүйелерін меңгерген сайын дамып, жетілдіріліп отырады, бұл оған күрделі түйсіну мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Бастауыш мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдау әрекетінің қалыптасуының бастапқы кезеңі қабылдауды дамытуда маңызды рөл атқаратын сенсорлық стандарттарды белсенді қолданумен сипатталады.

Келесі кезеңде тіктөртбұрыштар мен шаршылар сияқты әртүрлі геометриялық пішіндегі заттарды қабылдауды ұйымдастыруға болады. Бұл заттардың негізгі қасиеттерін, оның ішінде бұрыштардың болуы мен тұрақтылығын балалар бастапқыда домалақтамайтын «дөңгелек емес» заттар ретінде қабылдайды. Осы қасиеттерді қабылдауда тәжірибе жинақтаған кезде балаларға текшелер бар заттарды салыстыру және олардың ұқсастықтарын белгілеу ұсынылады.

Балаларда форма туралы түсініктерді дамыту жұмысының логикалық құрылымдық реттілігі белгілі бір үйлесімділікті көрсеткенімен, ол балалардың қабылдау әрекетін қалыптастырудың функционалдық-генетикалық заңдылықтарымен сәйкес келе бермейді.

Заттың пішінін қабылдау кез келген практикалық әрекеттің сенсорлық негізі болып табылады. Пішіндерді қабылдауға және ажыратуға үйрету балабақшаның кіші тобынан басталады, мұнда балалар ойын әрекеті кезінде пішіндерді қолдарымен және көздерімен тануға үйренеді.

Мұндай ойындар процесінде мектеп жасына дейінгі балалар геометриялық фигуралар, олардың сипаттамалары мен қарым-қатынастары туралы түсініктерді меңгереді, бұл олардың көрнекі қабылдауын кеңейтеді және қоршаған заттардың пішінін дәлірек және жан-жақты қабылдауға көмектеседі. Бұл өз кезегінде олардың өндірістік қызметін жақсартуға, өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Балаларды заттардың пішіндерін геометриялық фигуралармен салыстыруға үйрету маңызды тапсырмалардың бірі болып табылады. Балада қандай геометриялық фигуралар немесе олардың комбинациялары заттың пішініне сәйкес келетінін көру қабілетін дамыту керек. Бұл дағды қоршаған дүниедегі заттарды толық және мақсатты түрде қабылдауға және оларды сурет салу, модельдеу және аппликация сияқты әрекеттерде жаңғыртуға ықпал етеді. Геометриялық пішіндерді сәтті меңгеру баланың негізгі пішіндер мен бөлшектерді анықтай отырып, объектілерді тиімді талдауға мүмкіндік береді, бұл олардың танымдық қабілеттері мен шығармашылық ойлауының дамуына ықпал етеді.

Заттардың пішінін геометриялық критерийлермен салыстыру процесі екі кезеңде өтеді. Бірінші кезеңде балалар геометриялық фигуралармен тікелей салыстыра отырып, заттың пішініне ауызша анықтама беруге үйренуі керек [9]. Бұл геометриялық фигуралардың үлгілерін нақты объектілерден бөліп, оларға стандарт мәнін беруге мүмкіндік береді. Жаттығулар мен ойындар кезінде қосымша бөлшектері жоқ нақты анықталған негізгі пішіні бар заттар, мысалы, табақшалар, құрсаулар, дөңгелек табақтар, орамалдар, парақтар, төртбұрышты жәшіктер қолданылады. Болашақта сіз белгілі бір пішіні бар нысандарды бейнелейтін фотосуреттерді пайдалана аласыз.

Екінші кезеңде балалар заттың негізгі пішінін ғана емес, оның үй, машина, аққала немесе ақжелкен сияқты бөліктерінің пішінін анықтауды үйренеді. Ойын жаттығулары балаларды заттарды белгілі бір пішіннің бөліктеріне визуалды түрде бөлуге және заттарды бөліктерге бөлуге үйретуге бағытталған. Бөлінген фотосуреттерді, текшелерді және басқатырғыштарды қолданатын осындай жаттығуларды сабақтан тыс уақытта жасаған дұрыс. Геометриялық пішіндерді тану және әртүрлі заттардың пішінін анықтау сабақтарын шағын топтарда да, жеке де өткізуге болады.

Келесі тапсырма балаларды әртүрлі пішіндерді түрлендіруге, жалпақ геометриялық фигураларды жасауға үйрету. Мысалы, екі үшбұрыштың шаршыларын немесе бірнеше үшбұрыштың төртбұрыштарын қосуға болады. Содан кейін екі немесе үш шаршы үшбұрыштар, тіктөртбұрыштар немесе кішкентай квадраттар сияқты жаңа пішіндерге біріктіріледі [10].

Пішін, кез келген математикалық ұғым сияқты, қоршаған объектілердің маңызды қасиеті болып табылады, ол жалпы геометриялық фигураларда көрінеді. Геометриялық фигуралар объектілердің немесе олардың бөліктерінің пішінін анықтайтын критерий ретінде қызмет етеді. Балаларды геометриялық пішіндермен таныстыру екі бағытта жүргізілуі керек: геометриялық пішіндерді сенсорлық қабылдау және негізгі математикалық түсініктерді және геометриялық ойлауды дамыту. Геометриялық фигураларды сенсорлық мәдениет тұрғысынан меңгеру ерте математикалық ұғымдарды қалыптастыру жұмыстарынан ерекшеленетіндіктен, бұл бағыттар әртүрлі. Алайда форманы сенсорлық қабылдаусыз оның логикалық санасына көшу мүмкін емес [5].

Геометриялық пішіндерді аналитикалық қабылдау балалардың қоршаған заттардың пішінін дәлірек қабылдауына ықпал етеді, бұл өз кезегінде сурет салу, модельдеу және аппликация сабақтарында объектілерді жаңғыртуға көмектеседі. Геометриялық фигуралардың құрылымдық элементтерінің әртүрлі қасиеттерін талдай отырып, балалар бұл пішіндерді нақты не біріктіретінін түсіне бастайды. Балаларға қолжетімді мұндай байланыстар мен жалпылаулар олардың психикалық дамуын айтарлықтай арттырады. Бұл танымдық белсенділікті дамытуға, жаңа қызығушылықтарды қалыптастыруға, сондай-ақ зейінді, бақылауды, сөйлеуді және ойлауды дамытуға, оның ішінде оның негізгі компоненттері - талдау, синтез, жалпылау және нақтылауды қамтамасыз етеді. Бұл дағдылардың барлығы балаларды мектепте ғылым туралы түсініктерді меңгеруге дайындайды.

Сонымен, заттардың пішініне негізделген балаларда идеяларды қалыптастыру мәселес бойынша ғылыми зерттеу әдебиеттерін талдай отырып, әрбір автор бұл мәселені балалармен зерттеуге жеке көзқараспен қарайды деген қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреева, I. V. Сенсорлық стандарттарды қабылдауды дамыту: кішкентай балаларда түстер, пішіндер, өлшемдер (2-3 жас). Үздік педагогикалық даму 2021: Халықаралық кәсіби зерттеу байқауының мақалалар жинағы, Петрозаводск, 22 желтоқсан 2021 ж. – Петрозаводск: «Жаңа ғылым» халықаралық ғылыми серіктестік орталығы (И.П. Ивановская И.И.), 2021. 117-130-б. Қол жеткізу режимі: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=47462393>
2. Арапова-Пискарева, Н.А. Балабақшада қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. 2-ші басылым. М.: Мозайка-Синтез, 2016. 178 б.
3. Башаева Т.Б. Балаларда қабылдауды дамыту. Пішін, түс, дыбыс: ата-аналар мен мұғалімдерге арналған таныма лнұсқаулық. Ярославль: Даму академиясы, 2017. 240 б.
4. Белошистая А.В. Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту. Теория және практика сұрақтары: Студенттерге арналған дәрістер курсы. дошк. жоғары факультеттер оқулық мекемелер. М.: ВЛАДОС, 2015. 400 б.
5. Венгер Л.А. Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой қабілеттерін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар / ред. Л.А. Венгер. М.: Білім, 2014. 127 б.
6. Ишмакова М.С. Федералдық мемлекеттік білім беру стандартын енгізу жағдайында мектепке дейінгі білім берудегі дизайн: мұғалімдерге арналған нұсқаулық. М.: ИПК «Маска», 2013. 58 б.
7. Калинина И.Г., Тимохина Т.В., Толкова Н.М. Мектеп жасына дейінгі балаларда инклюзивті топтарда элементарлы математикалық түсініктерді қалыптастыру ерекшеліктері // Ғылым мен білім беру перспективасы. 2019 ж. No 4 (40). 351-360 беттер.
8. Павлова, С.А. Балалардың заттардың пішіні туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазіргі әлемдегі ғылыми зерттеулер: тәжірибе, проблемалар және даму перспективалары: XIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары негізіндегі ғылыми мақалалар жинағы, Уфа, 26 желтоқсан 2023 ж. – Уфа: «Ғылым жаршысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2023. С. 168-171 Ғылыми электронды кітапхана [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=59988737>
9. Жас балалардың сенсорлық тәрбиесі: оқу-әдістемелік құрал» / Ю.М. Хохрякова: «ТК Сфера» баспасы, 2014. 128 б.
10. Широкова Г.А. Кішкентай балалардың сенсор моторлы дамуы: диагностика, ойындар, жаттығулар / Г.А. Широкова. Ростов-на-Дону.: Феникс, 2006. 251 б.

УДК 373.450.69

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ В СТАРШИХ КЛАССАХ

АКЧИБЕКОВА МИРАМКУЛЬ ИЛЕСБЕКОВНА

учитель русского языка и литературы средней школы №16 им. Д.М.Карбышева г.Тараза

ШУЛЬГИН ВЛАДИСЛАВ АЛЕКСАНДРОВИЧ

Ученик 9 «Д» класса средней школы №16 им. Д.М.Карбышева г.Тараза

Түйіндеме. Мақалада орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ қолдану қажеттілігі зерттелген, бұл оқытудың тиімділігін ғана емес, сонымен қатар оқушылардың пәндерді оқуға деген ынтасын арттырады, сонымен қатар олардың шығармашылық белсенділігін дамытады.

Summary. The article examines the need to use ICT in Russian language and literature lessons as it significantly increases not only the effectiveness of teaching, but also the motivation of students to study subjects, and also develops their creative activity.

В современной школе информационные технологии стали реальностью, с которой нельзя не считаться. Опыт работы над проблемой использования ИКТ на уроках русского языка и литературы свидетельствует о преимуществах их применения: это и дополнительный материал к учебникам, позволяющий расширить кругозор учащихся, и быстрый контроль их знаний, и новая

занимательная информация, повышающая познавательные интересы учащихся, и более эффективные условия для проведения индивидуальной, фронтальной и групповой форм деятельности. Информационно- коммуникативные технологии применяю на всех этапах урока: при объяснении нового материала, закреплении, повторении, контроле. В основном использую такие формы подачи материала и оценивания знаний с помощью информационных технологий, как информационно-обучающие программы, тесты, проекты, наглядные пособия, слайдовые презентации, видеоуроки.

Возможности мультимедиа делает уроки русского языка и литературы яркими, интересными, эффектными. Конкретно-наглядная основа урока позволяет сделать обычные учебные занятия зрелищными и поэтому легко запоминающимися. Компьютерные информационные технологии дают возможность подготовить презентацию иллюстративного и информационного материала, (набор слайдов-иллюстраций, репродукций, портретов, фотографий, раздаточного и справочного материала, снабженных необходимыми комментариями для работы на уроке). Ученики за урок могут не только познакомиться с портретами, фотографиями, иллюстрациями, но и просмотреть отрывки из фильмов, прослушать аудиозаписи, побывать на экскурсии в музеях, театрах, на концертах. Умелый учитель может превратить презентацию в увлекательный способ вовлечения учащихся в образовательную деятельность, может проявить свое творчество, индивидуальность, избежать формального подхода к проведению уроков. Причём презентация может стать своеобразным планом урока, его логической структурой, отражением самых интересных моментов темы.

Компьютерные технологии представляют широкие возможности как для учителя в процессе подготовки и проведения уроков, так и для развития творческого потенциала школьников, организации их самостоятельной познавательной деятельности. Например, к уроку литературы в 10 классе на тему «Осень в литературе, музыке и живописи» мои ученики готовят групповые домашние задания – презентации: «Тема осени в музыке», «Образ осени в русской живописи», «Осень в жизни и творчестве А.С. Пушкина», «Осенние шедевры И. Левитана», видеофильм «Осень в родном краю», видеопhotoальбом «Отговорила осень золотая», аудио-сборник «Песни об осени современных композиторов». Групповая творческая деятельность захватывает детей, объединяет их интересы, учит толерантности. Они получают навыки общения, сотрудничества, саморегуляции поведения в коллективе. Работа в микрогруппах раскрепощает ребят, создает условия психологического комфорта, помогает преодолевать неуверенность, вселяет чувство взаимной заинтересованности, учит свободно излагать свои мысли, отстаивать свою позицию, слушать мнение других. Они учатся ставить перед собой цели, определять способы их достижения, прогнозировать результат и самостоятельно действовать по намеченной программе. Хороший эффект дает применение ИКТ на итоговых и обобщающих уроках по творчеству поэтов и писателей. К ним ученики обычно готовят свои проектные работы с компьютерной презентацией. Например, к итоговому уроку по творчеству А.П. Чехова в 10 классе школьникам предлагаются следующие проектные работы: «Друзья А.П.Чехова», «Чехов и МХАТ», «Благотворительная деятельность А.П.Чехова», «Чеховские места России», «Чехов и русские художники», «Произведения Чехова в кино», «Чехов и музыка» и др. На основе проектных, исследовательских, творческих работ учащихся с использованием компьютерных технологий провожу научно-практические конференции, творческие вечера. Например, итогом размышлений учащихся на уроках литературы, посвященных теме «Человек и природа» стала школьная конференция «О чем скорбишь, мое село?», на которой ученики представили свои презентации: «С чего начинается родина?», «Красивое и безобразное рядом», «Святые места родного края», видеофильм «Плач речки Булатки». Ребята с большим желанием выполняют творческие задания и получают моральное удовлетворение и познавательную пользу для себя.

Задача учителя заключается в том, чтобы научить учеников правильно использовать компьютер для своего самосовершенствования, показать, что он не только игрушка и средство общения, но важный источник знаний и незаменимый помощник в умственном, духовном, творческом развитии человека и решении многих жизненных проблем. Но иногда, пользуясь компьютером, ученики без труда и усилий выполняют домашние задания: скачивают с сайтов готовые доклады, рефераты, сочинения, творческие работы.

Считаю, что от такой «работы» пользы мало и для ученика, и для учителя. Поэтому педагог должен научить учеников обработать найденную информацию, преобразуя ее в виде тезисов,

опорной схемы, презентации, тестовых заданий, вопросов по теме и т.д. Учащимся нравится выполнять задания на компьютере: редактировать тексты, набирать тексты своих творческих работ, составлять сборники, оформлять свои доклады, проектные работы, рефераты, создавать слайдовые презентации, клипы, компьютерные рисунки, пособия к урокам, дидактические материалы. Так можно соединять приятное с полезным, скучное с интересным. Использование ИКТ на уроках русского языка и литературы значительно повышает не только эффективность обучения, но и мотивацию учащихся к изучению предметов, развивает их творческую активность. Уроки получаются более интересными, насыщенными, проходят в хорошем темпе, дают положительные результаты.

Список используемой литературы:

1. Апатова Н.В. Информационные технологии в школьном образовании. М.: 1994.
2. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения, М., 1995.
3. Власкин А. А., Сенцова Т. М. Автоматизированная система обучения русскому языку. Материалы VI международной конференции “Информационные технологии в образовании” (“ИТО-97/98”)
4. Поташник. Инновационный процесс в школе. – М., 1991.
5. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. // Под ред. Е. С. Полат и др. М.: Академия, 2000.

ӘОЖ: 373.167.1(075.3)

С.ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

АЖИБЕКОВА ЖАДРА ТУРҒАНБЕКОВНА

Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье на научной основе показано значение произведений С.Торайгырова в формировании индивидуального, педагогика-психологического духовного образования.

Summary. In the article, the significance of S.Toraygyrov s works in the formation of an individual, pedagogical-psychological national spiritual education is demonstrated on a scientific basis. Methodical ways of developing students interest in fiction and developing knowledge and skills are mentioned.

Әдебиет өнердің барлық түрлері сияқты адам санасына белгілі идеяны сіңірумен бірге, өмір шындығын көрсетуде қоғам мүшелерінің ой-санасының өсуіне, дамуына, қалыптасуына әсер етіп отырған. Оқушылардың көркем шығармалардың сырын зерделеуі олардың психологиялық мүмкіндіктеріне негізделеді. Мектептегі әдеби білім беру мақсатында жүргізілетін әдістемелік жұмыстардың қай-қайсысы болмасын оқушының көркем шығармадан алған әсеріне, оқырмандық қабылдау ерекшеліктеріне сай құрылады. Баланың психологиялық дамуы, олардың қоршаған дүниені қабылдауы, түсінуі көптеген педагогтар мен психологтардың зерттеу объектісі болып келген.

Мұғалімнің педагогикалық әдеби мен мәдениеті, оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі, баланың өзіндік ерекшелігін ескере отырып, оның жан дүниесіне терең үнілудің қажеттілігін қазақтың тұңғыш педагогы Ы.Алтынсариннің: «Мұғалімнің жұмысы – балалар. Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, шыдамдылықпен жұмсақ сөйлесу керек, әрбір нәрсені ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, мәнерсіз сөз, орынсыз терминдерді пайдаланбау керек» – деген пікірі де нақтылай түседі [1,15-6]. Қазақ халқының көрнекті ақыны әрі педагог-психологы М.Жұмабаев «Педагогика» атты ғылыми еңбегінде педагогикаға жәрдемші пәндердің дене туралы және жан туралы пәндер деп екіге бөледі де, жан туралы пәндер қатарына психологияны жатқызады [2].

Біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып отырған ойшыл ақын С.Торайғыров өзінің «Қазақ ішінде оқу оқыту жолы қалай?» деген публицистикалық шығармасында оқытудың педагогикалық аспектілеріне өзіндік пікір білдіріп, шәкірттерді білім дәрежесіне, жас ерекшелігіне, қабылдау деңгейіне қарай бөліп оқыту тәртібін ұсынады [3,128-б].

С.Торайғыров оқу – ағарту, білім беру ісінің мазмұнына, оқытудың әдіс тәсілдерін жетілдіруіне ерекше көңіл бөле отырып, оқу процесін жүзеге асырудың бірнеше тиімді жолдарын: оқыту барысында балаларға түсінікті ұғымдарды үйретуден бастауды, шәкірттердің жеке қабілеті мен ерекшеліктерін ескеруді ұсынады. Бұл принциптер педагогика тарихындағы дидактиканың жүйелілік–жеңілден күрделіге қарай оқыту және білім оқушылардың жасына және даралық ерекшеліктеріне негізделу принципінен сәйкес келуімен де маңызды болып табылады. Демек, қазақ балаларын оқу-білімге шақырған ағартушылардың оқыту, білім беру идеясын бүгінгі таңдағы шәкірттердің білім деңгейін көтерудің тиімді жолдарын, оңтайлы әдіс-тәсілдерін қарастырып жатқан педагогика мен психология принциптерімен үндесіп жатқанын байқаймыз.

Оқытуды балалардың табиғатына сәйкес құрудың қажеттігі жайлы XVI ғасырдан бастап Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинский, т.б прогресшіл педагогтар құнды-құнды пікірлер айтқан. Оқыту жүйесін терең зерттеп, теориялық жағынан негізделген ағартушы Я.А.Коменскийдің балалардың жасымен білімін ескере отырып оқытудың білім берудің алғы шарттарының бірі ретінде ұсынған теориясына сәйкес А.Н.Радищев, Ф.И.Янкович, Н.И.Новиков сынды XVIII ғасырдың көрнекті ағартушы-педагогтарын ғылыми ақиқатты оқытып үйретуде баланың қабілетін дамытуға және ұнамды адамгершілік сапасын нығайтуға көмектесетін оқу әдістерін қолдануды бірінші кезекке қояды.

Оқу үрдісінде оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін дамыту, олардың назарын оқытылатын материалға үнемі аудару, сабақты тартымды да қызықты өткізу, оның жемісті болуы оқушы психологиясы жан-жақты ескерілген жағдайда толық жүзеге асады. Көрнекті педагог К.Д.Ушинский: «Шындықтың деректерінен нәр бермейінше, жалпы түрде ғана ақылды дамыту деген ретсіз, болмайтын іс, себебі адамның ойлауы деректерді жиыстырып, соларды өңдеу арқылы ғана дамиды», – деген тұжырымы сабақтың жақсаруы мен жетілдіруіне көп көңіл бөлумен бірге, оқытуды ғылыми тұрғыдан баланы сүйю және қадірлеу, оның психикалық қабілеттерін дамыту негізінде ұйымдастыру мектеп пен мұғалімнің бірден-бір міндеті екенін көрсетеді [4,195-б]. Аталған қағидағаттар оқыту мәселесіне арналған еңбектерде, зерттеулерде педагогика ғылымы тұрғысынан дәлелденгені ақиқат.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерге арналған тұжырымдамасында пән мұғалімінің бала психикасын жетік білуінің, өз сабағын психология ғылымының заңдылықтарына сай жүргізудің маңызы болса айтылған. Бұл ұстаздан психологиялық жоғары өзірлікті талап етеді.

Мектеп бағдарламасында сыныпта және сыныптани тыс оқылатын көркем шығармалар арқылы ақыл-ой, парасат, адамгершілік, имандылық, ұлттық мінез-құлық қасиеттерін қалыптастырудың, оқушының көркем қабылдауын дамыта отырып еңбекке, жауапкершілікке тәрбиелеудің жолы сан алуан. Оқытудың педагогикалық-психологиялық негізі, оқушының көркем әдебиетке қызықтыру, әдеби шығармаларды толық меңгеру туралы өз кезінде М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтар құнды пікірлер айтқан. Кейінгі жылдарда ол пікірлер Қ.Жарықбаев, М.Мұқанов, Т.Сабыров, Ж.Қоянбаев, Р.Сүлейменова, т.б. педагогтар мен психологтардың педагогикалық ұстанымдарында оқушылардың психологиялық өзгерістері мен даму процесстері олардың жас ерекшеліктеріне байланысты екендігі жан-жақты талданып, ғылыми тұрғыдан негізделді.

Оқытуда педагогикалық-психологиялық заңдылықтарды, дидактикалық қағидағаттарды білудің оқу жұмысының тиімділігін арттыруда маңызды зор екендігін көреміз. Сыртқы дүние сезім мүшелері арқылы қабылданды. Сезім болмаған жерде қабылдау да, түйсікте болмайды, ал түйсіксіз топшылау, тану процесі жүзеге аспайды. Адамды белгілі бір әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге талаптандыратын түрткі-мотив болатыны ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Мотивтің басқыштары, сатылары туралы М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде: «Жанымызда бір тілек бар. Сол тілекті іске асырғымыз келеді. Тілектің іске асуының тиістілігін бекітетін себептер яки дәлел – мотив деп аталады. Бұл – қайраттың мақсатқа жету үшін жанның алға ұмтылуының бірінші басқышы», – деп көрсетеді [5,56]. Яғни, адамды әрекетке итермелейтін қозғаушы күш – мотив баланың бір нәрсеге мұқтаждануынан, қажетсінуінен, қалауынан пайда болады екен. Қазақ халқының ұлы ойшылы А.Құнанбаевтың: «Жас бала анадан туғанда екі мінезбен туады: біреуі –

ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады, олар тәннің құмары, ...біреуі- білсем екен дегендік, не көрсе соған талпынып, жылтыр-жылтыр еткен болса оған қызығып, ...сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, ...көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі-жан құмары. Білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен, дегендік», – деген психологиялық ой-тұжырымының бүгінгі әдістеме ғылымы үшін де маңызы зор [6, 21-6]. Қажеттердің өзі екі түрге бөлінеді: біріншісі-материалдық қажеттер, екіншісі-рухани қажеттілік. Міне, осы рухани қажеттілікті, яғни білімді, өнерді өтеп отырудың адам үшін маңызы зор болмақ, ал рухани қажеттердің өтелмеуі рухани аштыққа ұшыратады, сана-сезімнің өсуіне, ой-өрісінің дамуына кедергі келтіреді.

Оқытудың педагогикалық-психологиялық аспектілеріне қатысты оқушылардың ақыл-ой қабілетін дамыту, таным дүниесін арттыру, сана-сезіміне ықпал ету туралы отандық ғалымдар М.Мұқанов, Ж.Қоянбаев, Е.Сағындықұлы, М.Махмутов, шетел ғалымдары Д.Локк, К.Д.Ушинский, И.Г.Песталлоци, т.б. педагог-психологтардың еңбектері негізінен басшылыққа алынды.

Сабақ барысында түрлі шығармашылық іс-әрекет пен жағдайдың оқушылар үшін педагогикалық-психологиялық ықпалы зор екені айқындалды. Лирикалық шығармалардағы образды суреттеу, бейнелі тіл құралы балалардың ой-санасына психикалық тұрғыдан қозғау салып, эстетикалық, адамгершілік, елшілдік, т.б. рухани сезім тұрғысынан әсерлендіретіндігі, оқушылармен педагогикалық ынтымақтастық негізде оқылып, талданатын көркем шығармалар, жүргізілетін әдеби жұмыстар шәкірттердің ой-өрісіне қозғау салып, эстетикалық танымын кеңейтуге ықпал ететін нақты мысалдармен дәлелденді.

С.Торайғыров шығармаларының қазақ әдебиеті тарихындағы орны мен зерттелуінің оқыту жүйесіне ықпалы мен әсері, ақын мұрасының жас ұрпақты тәрбиелеудегі мәні, маңызы жан-жақты қарастырылды. Ақын шығармаларын оқытудағы шешімін күткен мәселелер көтерілді. С.Торайғыров шығармаларын орта мектептің 5-11-сыныптарында оқытудың әдістемелік жүйесін жасау, білім беру мен оқыту сапасын арттыратындығы тұжырымдалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Атынсарин Ы. Тыңдамалы шығармалары. – Алматы, 2005. -156
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 2012.
3. Торайғыров С. Шығармалар жинағы II том. – Алматы: Ғылым, 2013, -1286
4. Ушинский К.Д. Таңдамалы шығармалар. Мәскеу, 2017. -1956.
5. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Мектеп, 2013. -56
6. Құнанбаев А. Қарасөздері. Жетінші сөз. – Алматы: Ел, 2013. -216

ӘОЖ 81.94

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ

СЕГІЗБАЕВА ГҮЛФАЗИРА ИЛЬЯСҚЫЗЫ

Айша бибі атындағы дарынды қыз балаларға арналған мамандандырылған
«БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернатының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, директордың орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье внутришкольное управление основано на признании объективных закономерностей всего педагогического процесса в целях достижения эффективных результатов; целенаправленное, осознанное взаимодействие его участников. Одной из особенностей развития современной системы образования является то, что образование представляет собой государственно-общественное управление.

Summary. In the article, internal school management is based on the recognition of objective laws of the entire pedagogical process in order to achieve effective results; purposeful, conscious interaction of

its participants. One of the features of the development of the modern education system is that education is a state-public administration.

Ұжымдағы психологиялық ахуалдың мазмұндық сипатын адамдардың өзара қарым-қатынасы, олардың көңіл-күйі, хал-жайы, бірлесе атқарған жұмыс процесіне көңілі толуы айқындайтын болғандықтан психологиялық ахуалды сипаттауда эмоциялық бағаның маңызы зор. Жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптасқан педагогикалық ұжым қолайлы моральдық-психологиялық ауа-райымен, жылы шырайлылықпен, парыз бен жауапкершілікті құрметтеумен өзара талапшылдықпен, сергектікпен ерекшеленеді. Сондықтан да А.С.Макаренко ұжымдағы өзара қатынастағы сергек көңілді екпінге баса мән берген.

Әлеуметтік-психологиялық ахуал ұжым мүшелерінің бірлескен іс-әрекет пен өзара қатынас процесінің сипатын танытатын ұжымның сезімдік-психологиялық жағдайларының жүйесін білдіреді. Әлеуметтік-психологиялық ахуалды осылай түсіне отырып, оның төмендегідей негізгі қызметтерін атауға болады.

Психологияда қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуалдың басты көрсеткіштерін айқындау бағытында зерттеулер жүргізілуде. Бір жағдайларда көрсеткіш ерекшеліктері ретінде тұлғааралық, адамгершілік, сезімдік, құқықтық өзара қатынастар қарастырылса, ендігі бір жағдайларда ұжымдық әрекет тиімділігінің барынша жалпы сипаттамасына баса мән беріледі.

Мекеменің әрбір бөлімі, бөлігі тиімді әрі өнімді жұмыс жасаулары қажет. Әрбір бөлімнің жазбаша түрінде сапа стандарты болуы керек және ол орындалуға тиіс.

Тігінен – ұжымның әрбір мүшесі мекеменің, оның басшысының миссиясын жақсы білуі керек, ал оның мақсатының кейбір тұстарын білу міндетті емес.

Көлденеңнен – бағдарлама, бөліктер арасында бәсекелестік болмауға тиіс, мекеменің басқа бөлімдерінің мақсатын және қажеттілігін түсіну.

Педагогикалық жүйенің құрылымдық элементтері педагогикалық ұжым және оның жетекшілерінің немесе басқарушы жүйенің іс-әрекеті негізінде анықталады.

Басқарушы жүйе құрылымы төрт деңгейге бөлінеді:

I деңгей – мектеп директоры, мектеп кеңесі, оқушылар комитеті, қоғамдық ұйымдар жетекшілері. Бұл деңгей мектепті дамытудың стратегиялық бағытын анықтайды.

II деңгей – мектеп директорының орынбасары, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, қоғамдық пайдалы еңбекті ұйымдастырушы, аға жетекшілер, мектеп директорының шаруашылық жөніндегі көмекшісі, өзін-өзі басқаруға қатысатын органдар мен бірлестіктер.

III деңгей – мұғалімдер, тәрбиешілер, сынып жетекшілері.

IV деңгей – оқушылар, сынып және жалпы мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару органы. Бұл деңгейдің бөлінуі мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы қатынастың субъект-субъектілік сипатын көрсетеді. Оқушы өзара әсерлесу объектісі бола отырып, өзінің дамуына субъект рөлін атқара алады.

Басқарылатын жүйеде негізгі орын оқушылар ұжымына беріледі. Мұнда басқарудың екі деңгейін анықтауға болады: тігінен – жалпы мектеп ұжымы және сыныптар ұжымы. Көлденеңнен – қоғамдық ұйымдар, спорттық секциялар, шығармашылық, бірлестіктер, үйірмелер, бригадалар және т.б.

Ал, педагогикалық жүйенің функционалдық компоненттері жеке-дара өмір сүрмейді, мұғалім іс-әрекетімен бірлесе жүреді. Функционалдық компоненттер: педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу мен түзету – бұлар педагогикалық процесті қозғалыста, өзгерісте сипаттайды (дамыту мен жетілдіру).

Басқаруға тән басты ерекшілік – бұл жұмысқа барлығының: әкімшілік, мұғалімдер, оқушылардың бірдей араласуы. Мұндай жағдай басқару қызметінің мазмұны мен нәтижесіне үлкен әсерін тигізеді, себебі бұл істің қалаған сатысында қай деңгейде болмасын, басқарушы адам өз әрекетінің кез-келген сәті мен жүйенің қалпы тек оның шешіміне тәуелді болмайтынын мойындауы тиіс.

Басқару әдістерінің негізгі топтамасы төмендегідей:

1) педагогикалық қызметкерлерді экономикалық тұрғыдан қызықтыру (еңбек өтілі мен сапасына орай, біліктілік санаты мен атақ-дәрежелеріне сәйкес жалақы беру);

2) әкімшілік-ұйымдастыру әдістері (орындаушылар қызметтерінің шек-өлшемін белгілеу, нұсқаулар, бұйрықтар беру және т.б.);

3) психологиялық-педагогикалық ықпал жасау (кеңес, өтініш, тілек білдіру, алғыстар жариялау) және әсерлендіру (жанға жайлы психологиялық ахуал қалыптастыру, шығармашылық пен ынталылық сезімдерін көтеру, білім мекемесінің әлеуметтік даму болашағы жөніндегі болжамдармен таныстыру);

4) қоғамдық ықпалдарды пайдалану (педагогтар мен оқушыларды білім мекемесін басқаруға араластыру);

5) қоғамдық әсер әдістері (ұжымда демократияны нығайтып, басқалармен қатынаста шыдамдылық сақтау, мекеме қызметкерлерінің беделі мен мәртебесін ұлықтау).

Мектепті басқару мәселесіне арналған көптеген зерттеулер бар. Оларда мектепті басқарудың (Ю.А.Конаржевский, П.В.Худоминский, Т.И.Шамова, Н.Д.Хмель, Н.Н.Тригубова, Қ.Ж.Қарақұлов және т.б.) мәні ашылды. Басқарушылық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың жүйесін енгізу бойынша (И.П.Раченко, Г.Т.Хайруллин және т.б.) мұғалімдердің шығармашылық зерттеушілік және эксперименттік қызмет әрекетін ұйымдастыру бойынша, ғылымды практикаға енгізу бойынша (Ю.К.Бабанский, Б.И.Загвязинский, В.В.Краевский, кәсіби жетілдіру бойынша (Я.С.Бенцион, Г.И.Горская, Б.А.Әлмұхамбетов және т.б. жұмыстар жүргізіледі.

Мектеп басқарудың жаңашылдық аспектілері М.М.Поташник, И.И.Циркун, Н.Р.Юсуфбекова, Ш.Т.Таубаева, Т.М.Баймолдаев және т.б. еңбектерде талданған.

Ал ғалым М.М.Поташник: «Басқару – мектептің қалыптасуын, тұрақтануын, тиімді қызмет етуін көздейтін мақсатты іс-әрекет» – деген анықтама береді.

К.П.Вазинаның пікірінше, басқару – нақты бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін қалыптасуға жауап беретін жүйенің қызметі.

Педагогикалық басқару әлеуметтік мақсатта жүзеге асады, ол адамдардың іс-әрекетін басқару мен олардың бірігуіне қатысты болады.

Басқару субъектісінің қызметтер жиынтығын басшылық деп атайды. Атақты ғалым Ю.А.Конаржевский мектепшілік менеджменттің жетекші заңдылықтары ретінде аналитикалық, мақсаттылық, ізгілікті, басқару демократиялығы мен мектеп жетекшілерінің әртүрлі басқару іс-әрекетіне дайындығын атап көрсетеді.

Басқару заңдылықтарынан шығатын қағидалар мектеп жұмысын басқарушылар үшін негізгі қағидалар ретінде қызмет етеді.

Басқарудың жалпы қағидаларына жататындар:

1. педагогикалық жүйелерді басқаруды демократизациялау мен ізгілендіру;
2. басқарудағы жүйелік пен тұтастық;
3. орталықтандыру мен таратуды ұштастыру;
4. бірыңғай және алқалық басқару бірлігі;
5. педагогикалық жүйелерді басқарудағы ақпараттар объективтілігі мен толықтығы.

Директор және басқа да басшылардың оқу-тәрбие процесін нақты басқару қызметтері белгілі принциптерге негізделіп орындалады. **Ол принциптер төмендегідей:**

1. Педагогикалық жүйелер басқаруын демократияландыру және гуманизациялау. Бұл басшылардың, мұғалімдердің, оқушылар мен олардың ата-аналарының өзіндік іс-әрекеттері мен ынтасының дамуына жол ашады. Ал бұлардың орындалуы пікір алмасу және басқару шешімдерінің қабылдануына байланысты жариялылықты қажет етеді.

2. Орталықты басқару мен өзіндік басқаруларды оңтайлы үйлестіру. Мұндай басқару үйлесімдері әкімшілік және қоғамдық органдар басшыларының іс-әрекетін мектептің бүкіл ұжымы мүддесіне орай жүргізілуін қамтамасыз етеді: басқару шешімдерін талқылау және қабылдауды, кәсіби деңгейде іске асыруға жағдайлар жасайды; жүйедегі барша құрылымдық бөлімдерді өз жұмыстарында бірін-бірі қайталаудан құтқарып, әрекеттерін жоғары деңгейде орайластырып баруға мүмкіндік береді.

3. Жеке басқару және ұжымдасқан жетекшілік бірлігі. Бұл принципті ұстанудағы мақсат – біртұтас педагогикалық процесті басқару барысында субъективизм мен әміршілікке жол бермеу. Ұжымдасқан жетекшілік сонымен бірге тапсырылған іске деген ұжым мүшелерінің әрбірінің жеке жауапкершілігін жоққа шығармайды. Ол жеке басқару тәртібін, педагогикалық процесс қатысушыларының өз өкілеттіктерін нақты шектеп, ретімен орындап жүруін қадағалайды.

4. Педагогикалық кеңес – мектеп басқарудағы ұжымдық орган. Педагогикалық кеңес педагогикалық ұсыныстарды, идеяларды, инновацияны ұйымдастырады, мектепшілік біліктілікті арттыру, мұғалімдердің шеберлігін насихаттауда биік міндет атқарады.

5.Педагогикалық кеңес барлық білім беру саласындағы мекемелердің бәрінде өтеді. Үш мұғалім бар жерде, негізі шешуші орган бола алады. Ол оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу әдістерін талқыға салады. Оның атқарушы міндеті жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық кеңесі нұсқауына сай жүргізеді. Педагогикалық кеңестің негізгі мақсаттарының бірі-барлық ұжым бірлігін оқу-тәрбие жұмысында педагогика ғылымдарының жетістігін, озат тәжірибелерді пайдалана отырып, жоғары сапалы көрсеткіштерге жету.

6.Мектепті технологиялық тәсілмен басқарудың түйіні.

Педагогикалық процесті басқару – қойылған мақсатқа сәйкес шешім қабылдау, ұйымдастыру, бақылау, басқару объектісін зерттеу, алынған ақпараттарды талдау және қорытындылау іс-әрекет болып табылады.

Басқару объектісі биологиялық, техникалық, әлеуметтік жүйелер бола алады. Білім беру әлеуметтік жүйеге жатады және елдің, өлкенің, облыстың, қаланың және ауданның аумағында қызмет етеді. Сондықтан басқару субъектілері министрлік, облыстық, қалалық, аудандық білім беру басқармалары болып бөлінеді. Жалпы орта білім беретін мектептер күрделі динамикалық жүйе ретінде мектепшілік басқару объектісі болып табылады.

Мектепшілік басқару – тиімді нәтижелерге қол жеткізу мақсатында тұтас педагогикалық процестің объективтік заңдылықтарын тануға негізделген; оған қатысушылардың мақсаты, саналы өзара әсерлесу.

Тұтас педагогикалық процесс қатысушыларының оны басқарудағы өзара әсерлесу өзара байланысты: педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу мен түзету тәрізді әрекеттер мен функциялардан тұрады.

Қазіргі білім беру жүйесінің дамуындағы бір ерекшелік – білім беру мемлекеттік-қоғамдық басқару болып табылады.

Білім беру жүйесін мемлекеттік басқару сипаты төмендегідей қағидалар жиынтығымен анықталады:

- 1.Білім берудің ізгілік сипатта болуы;
- 2.Білім беру жүйесінің ұттық мәдениеттерді және салт-дәстүрлерді мемлекеттік тараптардан қорғауы;
- 3.Білім берудің жалпыға бірдейлігі;
- 4.Білім берудің зиялылығы;
- 5.Білім берудегі еркіндік пен плюрализм;
- 6.Білім берудің демократиялық сипатта болуы.

Мектеп іс-әрекетін ұжымдық басқару органы – мектеп кеңесі басқарады. Оның атқаратын функциялары мен жұмыс мазмұны жалпы білім беру мекемесінің типтік ережелерінде көсетіледі.

Мектептің жоғары жетекші органы – конференция, жылына кем дегенде бір рет шақырылып отырылады. Мұнда мектеп кеңесі, оның төрағасы, іс-әрекет мерзімі анықталады және мекеме Жарғысы қбылданады. Конференциялар аралығындағы жетекші орган рөлін мектеп кеңесі атқарады.

Педагогикалық жүйенің бастысы болып табылатын, маңызды жүйе құраушы фактор – баланың тұлғалық күштерін үйлесімді дамытуға, оның өзін-өзі анықтауына және өзін-өзі дамытуына жағдайлар жасауға бағытталған мұғалімдер мен оқушылардың біріккен іс-әрекет мақсаты болып табылады. Мектеп мақсаты – тұлғаның интеллектуалдық, құлықтық, эстетикалық, еңбектік, экологиялық, құқықтық және басқа да мәдениеттің қамтитын базалық мәдениет негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Жүйе құраушы ретіндегі нәтиже – жекелеген оқшылардың да, тұтастай алғандағы оқушылар ұжымының да тәрбиелік деңгейін анықтауды қамтамасыз ететін неғұрлым тұрақты және нақты өлшемдер жиынтығымен анықталады. Мұндай өлшемдердің болуы қойылған мақсаты оның жүзеге асырылу күйімен салыстыра отырып, мұғалімнің, педагогикалық іс-әрекетке қатысушыларын іс-әрекеті жолдарын түзетуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық жүйенің әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын жалпын және арнайы жағдайлар деп екіге бөлуге болады. Жалпы жағдайларға; әлеуметтік, экономикалық, мәдени, ұлттық, географиялық жағдайлар; Ал арнайы жағдайларға; оқушылардың әлеуметтік-демографиялық құрамы, мектептің тұрған жері материалдық мүмкіндіктері, жабдықтар, ол тұрған жердегі қоршаған ортаның тәрбиелік мүмкіндіктері жатады. Педагогикалық процестің тиімділігін

көрсететін маңызды көрсеткіштер – педагогикалық және оқушылар ұжымдарындағы моральдық-психологиялық ахуал, ата-аналар мен оқушылардың педагогикалық деңгейлері болып есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баймолдаев Т.М. Мектепшілік басқаруды ұйымдастыру құрылымы. – Алматы, 2005ж
2. Дүйсенбаев А.Қ. Педагогикалық менеджмент. – Алматы: Отан ЖҚ., 2015ж.
3. Баярыстанова Э.Т. Білімдегі менеджмент негіздері: Оқу құралы. – Ақтау, 2010ж.

ӘОЖ 373.89.45

ӘДЕБИЕТ ПӘНІН МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АДИЛОВА САЛТАНАТ ЖУМАБЕКОВНА

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье всесторонне проанализированы мнения о специфических особенностях и путях преподавания литературы по модульной технологии в научно-познавательном контексте. Кроме того, излагаются пути развития компетентности учащегося в обучении по модульной технологии.

Summary. The article comprehensively analyzes opinions on the specific features and ways of teaching literature on modular technology in a scientific and cognitive context. In addition, the ways of developing the student's competence in learning using modular technology are outlined.

XXI ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған, ақапараттық қоғамның жетілген жаңа ғасыры болып табылады. Бұл ғасырда инновациялық, цифрлық өнімнің түрлері алдыңғы қатарға шығап, жаңа білім беру парадигмалары мен технологияларының қалыптасқан ғасыры. Әдебиет сабағы да басқа қоғамдық гуманитарлық пәндер секілді өзінің оқыту әдістемесінде білім беру мен жаңа педагогикалық технологиялардың көмегіне жүгінеді. Соларды қолдану арқылы өзінің әдістемелік, әдіснамалық тұғырларын айқындап, жүйесін бекітеді, ұстанымдарын дамытып, қағидаларын қарыштада дамытуға бағдар алады. Өзінің қалыптасу мен даму тарихында ғасырға жуық жолы бар әдебиетті оқыту саласында білім беру технологияларын қолданудың міні мен маңызы қай уақыттарда да айрықша болған. Сонау жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейін жүріп өткен жолын мұқият саралағанда осыны аңғарамыз. Кеңестік кезеңдегі және одан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетін орта мектептерде оқытудың әдістемелік жолдарын жан-жақты зерделеп, бірнеше әдістемелік еңбектер жазған озық ойлы ұстаз Қанипа Бітібаева: «Сабақты үнемі бір сарында өткізу оқушылардың зейіні мен қызығушылығын төсендетуге алып келеді. Психологиялық дамуына да регрессивті әсер етеді. Сондықтан әдебиет сабақтарында жаңа білім беру технологияларын қолдану арқылы оқушылардың алған білімдерін ұзақ уақыт бойы есте сақтауына, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, зейіні мен ынталарының артуына алыпкеледі» 1 – деп әдебиет сабақтарында жаңа технологияларды пайдаланудың маңыздылығын айрықша атап өткен. Біз де бұл пікірдің әлі күнге дейін өз күшінде екеніне сенімдіміз. Осыған орай, әдебиетті оқытуда қазіргі заманғы білім беру технологияларының кеңінен қолданылып жатқанын көреміз. Іс жүзінде оны тікелей оқу орындары жүзеге асыратындықтан, бұл бағытта мектептердің алатын орны ерекше.

Қазіргі таңда қазақ әдебиетін оқытуда үлкен блокты жүйенің көптеген модульдері қолданылады. Соның арқасында модульдік оқыту технологиясы да назардан тыс қалған жоқ. Бұл технология бойынша әрбір модуль бағдарлама тақырыптары мен тығыз біріктірілген блоктардан тұрады. Блоктық-модульдік оқыту процесінде, яғни оқушымен жұмыс істеудің қолданыстағы әдістері мен жаңа жұмыс тәсілдерінің өзара әрекеттесуінің нәтижесінде оқушылардың шығармашылық белсенділігі қалыптасады. Мұның басты ерекшелігі – әр оқушы өзіне берілген тапсырмаларды өз қабілетіне қарай орындайды. Белгілі әдіскер-ғалым Т.Қ.Жұмажанованың пікірінше: «Оқушы модульдік оқыту технологиясы бойынша өз мүмкіндігіне қарай жұмыс

істейді» 1, 36 б. .

Жоба оқу модулінің құрылымын әзірледі:

- 1) өзекті мәселені көтеру;
- 2) өзекті мәселені талдау және мұғалімге қажетті бастапқы ақпаратты жеткізу;
- 3) өзекті мәселелердің шешімдерінің көрінуі.

Мақаланы жазу барысында осы технологияны тәжірибемде қолдануға тырыстым. Яғни, модульдік оқыту технологиясының әдістемелік ұстанымдары мен ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, оқу бағдарламасының тақырыптарын бір логикалық жүйеге келтіріп, модульдерге бөлдім.

Сабақ барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады, логикалық ойлау қабілеттері дамиды. Мұндай сабақтардың соңғы нәтижелері оқушылардың әртүрлі өмір салтын қалыптастыруға оң әсерін тигізеді 2 .

Сондықтан көптеген тұжырымдар мен жұмыстарды эксперименталды түрде анықтауға тура келеді. Тәжірибе жаңа сабақты түсіндіру кезінде модульді таңбалау схемаларын қолданудың тиімділігін дәлелдейді. Адамның осы немесе басқа құбылысты түсінетінін көрсету керек.

Модульдік оқыту технологиясының өскелең ұрпақтың өзін-өзі тануына, ойлауына, есте сақтауына, ауызша және жазбаша сөйлеуіне үйретуде алатын орны зор.

Сонымен, модульдік оқыту технологиясының арқасында оқушының құзыреттілігі дамиды. Атап айтқанда, мәтінмен жұмыс танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін дамытады, сөздік қорын молайтады, оқу іс-әрекетін оңды дамытады.

Әдебиет сабағын модульдік оқыту технологиясы бойынша өткізуде көбінесе мектеп оқушыларымен жұмыс жасау, топтық жұмысты ұйымдастыру, топпен жұмыс жасау қажеттілігі туындайды. Шағын топтарда, жұпта жалпы мәселелерді талқылағанда оқушы шығармашылықпен жаңа идеяларды табады. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салады. Осылайша әр оқушы өзінің пікірін айтуға, топта бір-бірімен тығыз байланыс жасауға дағдыланып, сабақ белсенді әрекеттермен өтеді. Бір сөзбен айтқанда сабақ интерактивті түрде өтеді.

Жалпы, қандай да болмасын білім беру технологияларын тәжірибеден өткізіп, қолданысқа енгізетін орта білім беру мекемелері болып табылады. Ал елімізде 7 мыңнан астам орта мектептің бар екендігін ескерсек, білім беру технологияларын кең ауқымда қолданысқа енгізетін де сөзсіз сол мекемелер болып шығады. Оның үстіне орта мектептер барлық уақыттарда қоғамныңдағы саяси, экономикалық, мәдени және тағыда басқа реформаларды жедел қабылдап, жылдам бейімделіп отырады. Сондықтан, білім беру технологияларын оқу үрдісіне ендіруде де орта мектептердің іс-әрекеттерін алдыңғы қатардан көре аламыз. Олар тек білім, оқытуды ғана тәрбие бағындағы атқарылатын іс-шараларды орындауда да белсенділік танытып отыратындығын да ерекше өткеніміз жөн. Әрбір реформалық өзгерісті сергек қабылдайтын осынау орта мектептің өзінің тәжірибесіне жаңа технологиялар мен жалпы жаңашылдықтарды енгізуін біз ғылыми тілде «инновациялық үрдісті енгізу» немесе «модернизациялау» деген секілді ұғымдармен түсіндіреміз. Еліміздің азат ел атанып өз тәуелсіздігін алғанына да биыл 33 жылдан асып барады. Осышама уақытта еліміздің білім беру үрдісі үздіксіз реформалану мен жаңаруды, инновациялық технологияларды ендіру мен модернизациялауды басынан өткеріп келеді. Модульдік оқыту технологиясы осындай дамуға негізделген ауқымды реформалардың әсерінен кеңінен өндіріске енген. Оның қолданысқа енгеніне де бірнеше жылдар өткенімен, әдебиетті оқыту әдістемесінде әлі күнге дейін жаңашыл білім беруге негізделген технология ретінде қарастырылады. Өйткені, әдебиетті оқыту ауқымды шығармаларды ұлттық дүниетанымға қатыстыра отырып оқыту мен оқырмандардың қабілетін арттыруды, ізгілікті білім беруге негізделген. Ол педагогика ғылымының бір саласы болғанымен, оқыту үрдісінде өзінің тікелей мақсат-міндеттерін орындауда тек өзіне ғана тән ерешкеліктерді ескеріп, әрбір білім беру технологиясын өз шеңберінде ғана қолдануға бейімделіп отырады. Сондықтан, бір оқу технологиясын ұзақ мерзімде қолдануды жөн көреді.

Модульдік оқыту технологиясын қазақ әдебиетінде қолдану төмендегідей құрылымдық бөлімдерден тұрады:

- мәселенің өзектілігін айқындап, көтеру,
- өзекті мәселені талдау мен қажетті ақпаратты мұғалімге жеткізу;
- өзекті мәселелердің шешімдерінің шынайы көрініс табуы;
- тақыпқа байланысты жаңа мәселелерді құру;

- таңдап алынған тақырыптағы өзекті мәселені мұғаліммен бірлесе отырып талдаулар жасау;
- тақырып аясында белгіленген өзекті мәселенің басқа пікірлермен ұқсастығын анықтау;
- берілген тапсырмаларды орындауға қай уақытта да әзір болу [3].

Әдебиет сабақтарында модульдік технологияны пайдаланғанда модуль бойынша әрбір тапсырма арнайы бөліктерге бөлініп, жіктеледі. Әрбір бөлкке өзіндік мақсаттар қойылып, оны орындау көзделеді. Әр бөлімге бөлек-бөлек кішкентай мақсаттарды қою мен оларды орындау түпкі нәтижеге қол жеткізуге үлкен мүмкіндіктер туындатады.

Мәселен, модульдік технологияның әдістерін пайдалану арқылы белгіленген мақсаттарға қол жеткізуде білім алушыларға төмендегідей талаптарды орындау міндеттеледі:

- 1) әдебиет пәндерін оқытудағы модульдік оқыту технологиясының тиімділігі;
- 2) білім алушылардың өздігінен жұмыс жасай білу қабілеттері айқындалады;
- 3) бір-бірінің пікірлерін тыңдауға талпынады;
- 4) оқушылардың берілген тапсырма бойынша жұмыстар жасауы қабілеттері артады;
- 5) әрбір баланың өзіндік қабілеттері мен тапсырманы орындауы жеке дара бағаланады;
- 6) жұмыс дәптерінің артында оқушылардың тапсырманы өз бетінше орындаған жұмыстарының деңгейлері жүйеленіп, қанша балл жинақтағаны жазылады;
- 7) Сыныптағы оқушылардың барлығы да бағаланады және әрбір оқушы өзінің бағасымен таныс болады. Сондай ақ, мазмұнға қайта оралу білім алушылардың жеңілден күрделіге қарай жетілуін, тапсырманы орындаудағы шығармашылық қабілеті мен сол жолдағы ізденісін дамыту бағытында жұмыс жасауға мүмкіндіктер туғызады [4].

Сонымен қатар, әдебиет сабақтарын модульдік технологиямен оқыту оқушыларға білім беруші мұғалімге де бірқатар міндеттерді жүктейді. Олар, бірнеше қадамнан тұрады. Мұғалім әрбір модульде орындауға тиісті тапсырмаларды берумен қатар әр модульдік мақсаты мен міндеттерін, меңгеретін білім мен білік, дағдыларды да айқындап алуы қажет. Сабақты өту барысында қолданатын әдіс-тәсілдерді іріктеп алып, қолданудың жолдарын ұсыну да мұғалімге жүктелетін міндеттің бірі болып табылады. Әр модульдің тапсырмалары жеке дара құрастырылады да оқушылардың топбына, қабілетіне, зейініне, жас ерекшелігіне байланысты түрлі бөліктерге бөлініп беріледі. Бұл жұмысты үйлестіруде де мұғалім доминантты рөл атқарады. Модульдік оқытудың басты ерекшелігі «модульдің» болуында, тапсырмалар мен уақыт бюджетінің, бағалау мен оқу мақсаттарының, қорытынды нәтижелердің де модульдерге жіктеліп берілуінде жатады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруда бұл технологияның алатын рөлі айрықша екендігін де баса айтқымыз келеді.

Қазір заман да, қоғам сұранысы да өзгеріп жатқан заман. Жаһандық індеттің салдарынан қоғамның барлық саласы зардап шегіп, өз бағыттарын, әдістері мен формаларын өзгертуге мәжбүр болды. Бұл білім саласына тікелей әсер еткен үрдіс еді. Сондықтан екі жылға жуық уақыт ішінде еліміздегі барлық оқу орындары аралас оқыту немесе қашықтан оқыту жүйесіне көшті. Бұл жүйеде әдебиетті оқыту технологиясын қайта талдау қажеттілігі туындады. Себебі, бұл жүйеде сабақта күндізгі оқытуға негізделген білім беру технологиялары тиімсіз. Сондықтан қашықтықтан оқыту жүйесінде әдебиетті оқытуда модульдік технологияны қолдануды сынауға тура келді. Енді осы қашықтықтан оқыту жүйесіне тоқталайық [5].

Ол білім беру ұйымының ықпалымен жеке оқытудан гөрі, студенттер мен тәлімгерлерді қашықтықтан оқытудан бөлуге негізделген, бұл қашықтықтан оқытуды жеке оқытудан ерекшелендіреді. мұғалімдерді дайындау баспасөзі аудио немесе веб-сайт сияқты техникалық құралдарды пайдаланумен сипатталады. және өзара әрекеттесу үшін кездейсоқ кездесулер мүмкіндігі және студенттің оқытушымен ынтымақтастық рухында өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету үшін оқушылардың қатысуының тәуелсіз сипаты.

Қашықтықтан оқыту жүйесі әдіскерлерге қиындық туғызды. Тіл немесе ғылым саласында болса, қашықтан оқыту тиімдірек болар еді деп ойлаймын. Өйткені пәндерді эмоционалды түрде оқыту жеткіліксіз, шындықты айту жеткілікті. Ал эмоцияның адамгершілікке тікелей қатысы бар әдебиетті экранның арғы бетінен оқып, тыңдау теледидар көргенмен бірдей.

Біздің ұсынысымыз - тапсырмаларды өзгерту. Балаға апта бойы бір форматта тапсырма беру шаршатады. Дәстүрлі болса, аты басқа. Бірақ қашықтан ауыстырған дұрыс. Мысалы, бірінші аптада ең жақсы спикер және ең жақсы баға болатыны барлығын жігерлендіре алады. Ал екінші аптада біз эссе жазу арқылы сауаттылықты арттыра аламыз. Ал үшінші аптада бір-бірімен

сұхбаттасу арқылы сабақ өткізіңіз. Кез келген тақырыпта сол елдің тілінде үш минуттық сұхбат дайындау, т.б.

АКТ жүйесін қалай тиімді пайдалану керек.

Бұл жүйенің бір ғана кедергісі бар. Желінің әлсіз қуаты. Бұл мәселе көпшілікке анық. Бұл мәселе еліміздің түкпір-түкпірінде шешілсе, АКТ жүйесінің тиімділігі артады.

Бір сөзбен айтқанда, қазақ әдебиетін модульдік технологиясы бойынша оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен тиімділігі бар. Ол қашықтан оқыту жүйесінде болсын, оффлайн оқыту жүйесінде болсын, тіпті аралас оқыту форматында болсын өзектілігін жоғалтпайды. Ал, осы білім беру технологиясына негізделген АКТ-ны пайдаланудың мәні мен маңызы қашанда түсінікті. Осындай маңызды міндетті атқаратын әдебиет пәнін модульдік технологияда оқытудың мәні мен маңызы қашанда ерекше болмақ [6].

Дегенмен, қашықтықтан оқыту жүйесінде де модульдік технологияны қолданудың өзіндік тиімділігі бар. Оны ақпараттық технологияның көмегімен іске асыруға мүмкін болады. Сонда бұл жүйеде екі бірдей технология өзара сабақтасып, бірлікте қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.
- 2 Абдимомынов Е.Б. Білім берудің қазіргі технологиялар: дәстүрлі әдіс пен жаңаша көзқарас (ЖОО-да М.Әуезовтің әңгімелерін оқыту негізінде) // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика, психология, әлеуметтану сериясы. №2 (127), 2019. 8-20 б.б.
- 3 Любимова Е.М., Хисамиева Р.М. WEB-технологиялар ЖОО студенттерінің дербестігін дамыту құралы ретінде // Ғылым мен білімнің заманауи мәселелері. – 2015. №3. 22-25 бб.
- 4 Жанпейісова М. Оқытудың инновациялық технологиялары. Алматы, 2002. – 185 б.
- 5 Хақимова Т. Қашықтықтан оқыту технологиясы. – Алматы, 2005. – 368 б.
- 6 Қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру ережелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы (ҚР БҒМ 28.08.2020 жылғы №374 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен) <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010768>

ӘОЖ 37.458.98

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ ПӘН РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

БЕКТУРАЛИЕВА ЖАМИЛА КАЛДЫБАЕВНА

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье анализируются специфические особенности путей становления и пути эволюционного развития методик преподавания казахской литературы как научной дисциплины. Также будут представлены данные об истории преподавания казахской литературы в школах как научного предмета.

Summary. The article analyzes the specific features of the ways of formation and the ways of evolutionary development of the methodology of teaching Kazakh literature as a scientific discipline. Data on the history of teaching Kazakh literature in schools as a scientific subject will also be presented.

Қазақстан саяси экономика және мәдениет жөнінен патшалық Ресей үшін ең артта қалған шет аймақтарының бірі болды. Қазақ халқы өзінің бостандығын, ұлттық тәуелсіздігін ғасырлар бойы арман етті. Халқымыздың бұл арман тілегі капиталистер мен помещиктердің өкіметін құлатып, Кеңес үкіметін орнатқан ұлы Қазан төңкерісінен кейін ғана іске аса бастағаны тарихтан белгілі.

Қазақ әдебиеті де осы кезеңге дейін өз алдына дербес ғылым болып қалыптаса алмады. Ол кезеңдегі қазақ әдебиеті осы күнгі әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны деген сияқты әдебиеттану ғылымының салаларына бөлініп зерттелмеген еді.

Қазақ әдебиетінің ғылыми қалыптасып дамуына, өркендеуіне көптен бері ірге теуіп келе жатқан орыс халқының бай әдебиеті мен мәдениеті өз әсерін тигізгені мәлім. Демек, жалпы білім беретін мектепте қазақ әдебиетінің оқу жоспарына еніп, дербес оқу пән ретінде 1930 жылдан оқытыла бастады.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ даласында 3 түрлі типтік мектептер қатар өмір сүріп келді.

1. Ислам дінінің догмаларын үйрететін, феодализм заманынан бері келе жатқан қадим мектебі.

2. Буржуазиялы қарым-қатынастың тууымен бірге пайда болып, әсіресе ХХ ғасырдың басында көзге түсе бастаған жадит (жаңа әдіс) мектептері.

3. Орыстың алдыңғы қатарлы өнер-біліміне негізделген Ы.Алтынсарин мектептері. Соңғыны демократиялық оқу-ағарту жүйесінен туған халық мектептері дейміз.

Бұл 3 түрлі типтегі мектептер қазақ қауымының сол кездегі қоғамдық табының – феодалдар, буржуазия және халық демократиясының (еңбекші шаруалардың) мүддесімен байланысты туған, мектептер болды.

Қадим мектептерін жақтаушылар феодалдар, қажылар, сопылар, имамдар, қожа-молдалар, байлар болды. Олар мектеп өміріне өмір талабын, заман рухын енгізуді зиян деп білді. Оқудың өзін «адам оқуы», «құдай оқуы» деп бөліп, адам оқуын жай хат тану міндетімен тұйықтап, оны «құдай оқуына» құрал еткен.

Қадим оқуының мақсаты – құранның сүресін танып, тілін калимаға (иманға) келтіру, яғни мұсылмандыққа баулу болған. Олардың идеясы – кәлам (құран), тұтынатыны – шариғат заңы, мақсаты – құдайды тану. Оның жолы – иман, қырық парыз, бес уақыт намаз, ораза, зекет, қажылық (zeket-құрбандық шалу). Дін оқуы фанатизмде, надандықта ұстап, қанауға негізделген. Сол үшін олар табиғаттану, есеп, астрономия, география, тарих, әдебиет, ұлт тілін мектепке енгізуге қарсы болған.

Қадим оқуында ұлт тілі, ұлт әдебиеті, жеке пәндер, класс, сағат, оқулық, бағдарлама болмаған. 3-4 жыл ішінде әзер дегенде әріп таныған балаға, алдымен, «Софы Аллаяр», содан соң «Шаркітап», үшінші жылы «Әптиек», төртінші жылы «Құран», бесінші жылы «Пікайдан», ең соңында «Мұхтасар» (шариғат заңын) оқытқан.

Қадим оқуы – нағыз догмалық, ми қатырған оқу болғанын қазақ ағартушылары да айтқан. Қадим оқуымен салыстырғанда буржуазия табының мүддесімен байланысты туған жадит оқуының бірқатар жаңалығы болды. Олар тек дін оқуымен шектеліп қоймай, оқу бағдарламасына, өмір талабына қажетті делінген пәндерді де енгізеді. Атап айтсақ, ескі пәндерден «Әптиек пен Құранды» ғана алып, «Софы Аллаяр», «Шаркітап», «Мұхтасар» дегендерді алып тастап, оның орнына есеп, тарих, география, жаратылыстану, тіл, әдебиет пәндерін енгізген. Бірақ жадит мектебінде Отан тарихы емес, Дін тарихы өтілген.

Қазақ жадитшілері татар жадитшілерінің тәжірибесін қолданды. Мұнда оларға ұқсас синф (класс - сынып), дәріс (сабақ, пән), сағат, режим, оқулық, хрестоматия, парта, қағаз, тақта, қалам, жазу элементі болды.

Қадим мектептері көбінесе ауылда болса, жадит мектебі көбінесе қалалы жерлерде өріс алды. Бірақ оның қолдаушылары тек ірі буржуазия (қала саудагерлері) ғана емес, орта және төменгі буржуазия, еңбекші қауымдары да болған.

Жадит мектептері ХІХ ғасырларының екінші жартысында туды десек те, оның қазақ даласында бой көрсете бастауы ХХ ғасырдың басы еді. Сондықтан, бір жағынан хрестоматия жасап, әдебиеттік оқу және оны мектепке енгізуде Ы.Алтынсариннан үйренсе, екінші жағынан бір қадам кері шегініп, татар жадитизмінің шеңберінде қалды. Сайып келгенде, жадит мектебі де ислам мәдениеті шеңберінде болды.

Ы.Алтынсарин ізімен хрестоматия жасау қазақ жадитшілерінің елеулі бір табысы болды десек те, олардың тәжірибесі көпке таралмады. Өйткені, олардың хрестоматияларының (қарағат кітаптарының) мазмұны халық тілегі, өмір талабынан аулақ болды. Жадитшілердің текст оқытудағы басты әдісі – «түсіндіріп оқыту» жүйесі болды. (өлең жаттау, тіл ширату, ауызша мазмұндату) элементтері де болған. Бірақ соның барлығы, «оқу үшін оқу» ережесінен асқан жоқ.

Қазақстандағы оқу-ағарту ісіндегі зор, тарихи жаңалық Ы.Алтынсариннің орыс-қазақ мектептері тәжірибесімен бірге енді. Ы.Алтынсарин орыс біліміне негізделген жаңа мектептің типін жасап қана қоймай, мектептегі оқыту әдісіне де зор жаңалық енгізді. Соның бәрін ол орыстың педагогикасымен ұйқастырды. Ы.Алтынсарин халық ағарту жұмысы мен прогресін демократиялық бағытта ғана жоқтап, нағыз халық мектептерінің үлгісін жасады. Өз мектептерінің оқытушыларын халық мұғалімдері деп түсінді. Ы.Алтынсарин мектептерінің барлығы да білімнің шын негізін беретін, еңбектің элементі бар халық мектептері болды. Ол араб, парсы, татар тіліндегі дін оқуын прогреске жат, баланың басын қатыратын әрі оқушының жан жүйесін бұзып, кері кегіретін оқу деп біліп, 1879 жылы орыс алфавитіне негізделген «Қазақ хрестоматиясын» шығарды. Бұл хрестоматия бүкіл қазақ жеріне (оқу жүйесіне) оқыту әдісіне зор жаңалық енгізді. Бұл хрестоматия арқылы Ы.Алтынсарин мектепке ұлт тілі, ұлт әдебиетін оқытуды енгізіп, әсіресе «Әдебиеттік оқу» әдісіне даңғыл жол салды. Оның педагогикалық көзқарастары орыс жеріндегі прогресшіл педагогтар К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, К.Ульянов, В.Я.Стоюнин тәжірибесімен тығыз байланысты еді.

Әдебиеттік оқыту әдістемесін қазақ тәжірибесіне тұңғыш рет енгізе отырып, ол үш түрлі факторды қабат алып қарайды. Олар: 1) материал; 2) соның берілуі мен оқытылу жолы; 3) оқушы. Осы үшеуі бірлесіп, мұғалімге көмектескен де ғана хрестоматия мақсатына жетпек деп түйіндеді.

Хрестоматия жасау арқылы Ы.Алтынсарин қазақ жерінде тұңғыш рет әдебиет пәнін туғызып, оның әдістемесіне жол салды. Ы.Алтынсарин хрестоматиясы мектепке ұлт тілі мен ұлт әдебиетін енгізудің тамаша бастамасы болды. Ы.Алтынсарин мектебінде жадит элементі бүтіндей болмады деп айтпаймыз. Ыбырай Алтынсарин сол кездегі ресми тәртіппен санасып, өзінің мектептерінде белгілі түрде дін оқуына да жол берген. Бұған оның кейінірек шыққан «Шараят үл ислам» деген кітабы айғақ. Бұған Ы.Алтынсарин емес, ресми курс, уақыт, орта айыпты, болыс-билер, қажылар, қарғаша шулап Ыбырай дінсіз шоқынды деп «Социалист» деп тұрған жағдайды халық мектептерінің өмір сүруі үшін бұл шегініс қажет болды.

Қазақ мектебіндегі әдебиеттік оқу тек кенес дәуірінде ғана ғылыми курс және әдіс болып қалыптасты. 1917-1938жж. арасындағы совет мектебіне тән Дальтон-план, бригадалық әдіс дегендердің әсері мол болды. 1938 жылдан кейінгі біздің бағдарлама, оқулық, әдебиеттік оқу, тарихи курс жолындағы табысымыз мол болды [1, 12 б.].

Ежелден сөз өнерінің қадірін айрықша түсініп, бағалаған қазақ халқының осынау бай мұрасын жас ұрпақтың санасына сіңіруді іске асыратын әдебиетті оқыту әдістемесін мектеп өмірінен бөліп қарауға болмайды. Сондықтан, әдебиетті оқыту әдістемесінің алғашқы ғылыми пән ретінде қалыптасуын қазақ даласында ашылған алғашқы мектептермен өзара бірлікте сабақтастыра отырып қарастырғанымыз орынды болмақ. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқы толықтай Ресейдің боданында болғандықтан, жоғарыда аталған үш түрлі мектептер де сол кезеңдегі үстемдік танытып отырған елдің отарлау саясатының салқынының аясында өз мүдделерін әуірімдеп жүріп қорғап, шешімдерін тауып тұрды. Осы кезеңде Торғай мен Троицкіде, Перовскі мен Қазанда, Ырғыз бен Ордада отаршылдық саясаттың негізінде орыс-қазақ мектептерінің бірінен соң бірінің ашылғандығы тарихтан мәлім. Тіпті Ы.Алтынсариннің өзі де отаршылдық саясатты жүзеге асырушы айтулы тұлға, 1876 жылғы Қазан мұғалімдер семинариясының директоры Н.И.Ильминскийдің ұсынысы бойынша Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалғаннан кейін ғана мектептер ашуды жүйелеп жүзеге асырды. Ал, ол мектептердің басты міндеті орыс әліпбиімен қазақ балаларын орысша сауаттандыру болды. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің тарихына терең зер салып қарасақ сол кезеңдерде яғни, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда жалпы мектептік білім беру үш түрлі деңгейде болғандығын аңғарамыз. Академик, Т.Тәжібаевтың пікірінше олар төмендегідей жүйеде болған:

1) Орта оқу мекемелері – ерлер мен әйелдер гимназиялары, мұғалімдер семинариялары мен туземдік училищелер.

2) Бастауыш оқу мектептері – қалалық училищелер, орыс-қазақ және орыс-туземдік мектептер мен училищелер, приходтық училищелер, бастапқы сауат ашу мектептері мен ауылдық-болыстық мектептер.

3) Кәсіби оқу мекемелері – мұғалімдер семинариялары мен мұғалімдер мектептері, фельдшерлік мектеп пен қолөнер мектептері, және ауыл шаруашылығы мектебі. Дегенмен, бұл мектептердің саны айтарлықтай көп емес еді [2, 507 б.].

Н.И. Ильминскийдің жіктеуіне сүйенсек, сол кездегі Халық ағарту министрлігінің талабына сәйкес 1870 жылы барлық ұлт мектептерінде орыс ұлтынан басқа ұлттың балаларының орыс тілін меңгерулерін үш деңгейге бөліп қарастырған. Бірінші деңгей бойынша мектептерде білім алудың алғашқы жылдарында балалар орыс әрпімен басылған оқулықтар бойынша ана тілінде оқуға рұқсат етілді. Екінші деңгейде барлық мектептердегі оқу тек орыс тілінде жүргізілді, бірақ онда жұмыс жасайтын мұғалімдер басқа ұлттардың тілін білуге міндетті болмады. Сондықтан, ол мектептерде әрбір ұлттың балалары ана тілдерін орыс тілін үйренгенге дейін ауызекі тілде түсіндіру үшін ғана қолдануларына рұқсат берілді. Ал, үшінші деңгейде барлық мектептерде оқу тек орыс тілінде ғана жүргізілді, әр ұлттың балаларына ана тілдерін қолдануларына мүлдем рұқсат берілмеді. Осылайшы ұлттық мектептерді біртіндеп орыстандыру ісі үздіксіз және күшейтілген түрде жүргізіліп отырды. Қазан төңкерісіне дейінгі уақыттарда барлық орыс-қазақ мектептері әр алуан типте болғандықтан, олардың оқу мерзімдері де түрліше болып келді. Әр округте орналасқан орыс-қазақ мектептері өзіндік ерекшеліктеріне байланысты әр алуан, түрлі ережелердің негізінде жұмыстар атқарды. Мәселен, Дала генерал-губернаторлығында бір бөлек, Астрахань губерниясында бір бөлек, ал Түркістан генерал-губернаторлығы өз алдына бөлек ережелерге сүйеніп жұмыстар атқарды. Мұндай сипатты сол кезеңдегі барлық округтерге қатысты да айтуға болады.

Жоғарыда айтылған деректерді саралай келгенде қазақ даласындағы алғашқы мектептер отаршылдық саясатты одан әрі жүргізу мақсатында екі бағытта жұмыс атқарғандығын байқаймыз. Біріншісі, барлық мектептердің орыс-қазақ деп аталып аралас форматта жұмыс жасай отырып орыс тілінің үстемдік құруына жол ашу болса, екіншісі орыстандыру саясатын ашықтан-ашық жүргізіп, қазақ балаларын орыс тілін меңгеруге, орысша оқулықтарды оқуға мәжбүрлеуінен көруге болады. Мұның астарында монолитті түрде қалыптасып, дамып отырған миссионерлік саясаттың жатқандығы анық. Біз қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі саласы бойынша осы уақытқа дейін алғашқы орыс-қазақ мектептерін Ы.Алтынсариннің ашқандығы, және оларда алғаш рет орыс жазуына негізделген әріптер қолданылып келді деп таныдық. Алайда, Ы.Алтынсариннің өзі миссионер ғалым Н.И. Ильминскийдің идеясы бойынша Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалғандығына, солардың нұсқауы бойынша оқу-ағарту ісін ілгерілетуге күш салғандығына, оқу-ағарту саласында орыс жазуын кеңінен қолдану Ы.Алтынсарин еңбектерінен бұрын сонау 1962 жылдан ақ басталып кеткендігіне, ал оның түбінде орыстандыру деген жымсықы саясаттың жатқандығын назардан тыс қалдырып келеміз. Бұл пікіріміз белгілі ғалым М.Мырзахметұлының «Қазақ қалай орыстандырылды?» деген еңбегі жарыққа шыққаннан кейін нақтыланып, жүйеленіп, архив деректері арқылы дәйектеліп, қуаттала түсті. Орыстандыру саясатының орындалуын тыңғылықты зерделеген көрнекті ғалымның пікірінше Н.И.Ильминский, Н.П. Остроумов, А.Е. Алекторов, Ф.Д. Соколов және т.б. орыстың сол кездегі көрнекті ғалымдары орыстандыру саясатын миссионерлік жолмен іске асырушы басты идеологтар болған [3, 56 б.]. Орыс-қазақ мектептерінде орыс жазуын қолдану, орыс тілін меңгерту секілді істі жіті бақылауда ұстап отырған да аталмыш ғалымдар еді.

Патшалық Ресей үстемдік етіп отырған қарамағындағы түрлі діндегі, әр алуан тілдік жүйедегі сөйлейтін барлық бұратана деп таныған халықтарды, православие дініне шоқындыру мен орыстандыру үшін олардың ана тілі мен дәстүрлі жазуларын орыс жазуының үлгісіне ауыстыруды мұрат-мақсат етіп алысты болжап, көздей білген отаршылдық мүддені қорғаған алып мемлекеттік саясатқа айналдыру әрекетін ерте уақыттан ақ бастап кеткен болатын-ды. Дегенмен, мұндай жымсықы саясат барлық бұратана халықтардың салт-санасы мен әдет-ғұрпын, діни нанымдары мен тұрмыс ерекшеліктеріне және жалпы дүниетанымына қарай әр түрлі дәрежедегі өзіндік ерекшеліктерін ерекше есепке ала отырып жүргізілді. Мәселен, коми халқын шоқындырып жазуларын орыс графикасына алмастыру ісі XIV ғасырда ақ басталып кеткен еді. Тіпті оларды шоқындыру ісіне Дмитрий Донскийдің өзі қарқынды түрде араласқан деген дерек бар. Ал, татар халықтарының басына мұндай тауқымен Иван Грозный билік құрған уақыттарда түсті.

1876 жылы Орынборда Ағарту министрі болған граф Толстой қазақтар үшін арабша жазуды орыс графикасына ауыстыруға бағытталған арнайы мәжіліс шақыртып, нақты нұсқауларды да беріп үлгерді. Осы жылы тіпті, патша ағзамның өзі де қазақтардың ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан арабша жазуын орыс жазуының үлгісіне ауыстыру туралы арнайы жарлыққа қол қойған. Сондай ақ, дәл осы жылы граф Толстой Ы.Алтынсаринмен кездесіп, орыс алфавитін ешбір өзгертпестен сол қалпында қазақ жазуына қолданудың жай күйін кеңесіп, арнайы нұсқау берген.

Бұл мәселе туралы Ы.Алтынсарин өзінің «Қазақтың облыстық мектептері туралы записка» деген еңбегінде: «...1876 жылы граф Толстой Орынбор қаласына келген кезде... ең алдымен талқыға салынған мәселе – қазақ арасында орысша хат таныту жолдары мен бұл үшін қазақ тіліне орыс алфавитін қолдануға болатын-болмайтыны туралы мәселе қойылған еді. Бұл мәслихаттарға Орынбор өлкесінің бұрынғы генерал-губернаторы генерал-адъютант Крижановский, Орынбор оқу округінің попечителі Лавровский, Қазандағы оқытушылар семинариясының директоры Ильминский және Торғай, Орал облыстарының губернаторлары қатынасты, бұлардың барлығы да орыс алфавитін қазақ тіліне қолдануға әбден болады деген қорытындыға келген еді» [4, 133 б.] – деп жазуы арқылы жергілікті отаршыл басшылардың барлығы да бас қосып, бірлесіп, қазақтардың ертеден қолданып келе жатқан араб жазуын орыс жазуына ауыстырып қолдану идеясын көптен бері көтеріліп, алдан-ала ойластырылып келе жатқандығын аңғартады. Яғни, патшаның алфавитті ауыстыру туралы тиісті жарлыққа қол қойған жылы ақ миссионер ғалымдардың бірден сол жылы іске қызу кірісіп кеткендігі мен бір шешімге жылдам келулері көптеген сырды айқындап тұрғандай көрінеді. Осылайша миссионерлік саясаттың тағы бір айқын көрінісі жазуды орыс графикасына алмастыру арқылы жүзеге асырыла бастады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байсейітова С.А. Қазақ әдебиетін инновациялық технологиямен оқыту. –Тараз, 2017. – 152 б.
- 2 Тәжібаев Т. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы ағарту жұмысы мен педагогикалық ойдың дамуы. – Алматы: Қазмембас, 1962. – 507 б.
- 3 Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды?. – Алматы, 2011. – 400 б.
- 4 Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991. – 196 б.

УДК 37.582.65

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

НУСКАБАЕВА МАКПАЛ ОМИРЖАНОВА

учитель русского языка и литературы средней школы №27 им.М.Маметовой г.Тараза
Республики Казахстан

Түйіндеме. Бұл мақалада орыс тілін заманауи технологиялық талаптарға, оның электронды ортада сақталуы мен даму проблемалары мен перспективаларына бейімдеу мәселелеріне баса назар аударылады. Жұмыста отандық және шетелдік зерттеулердің деректері талданады. Мақаланың негізгі мақсаты-цифрлық ортадағы орыс тілінің рөлі туралы білімді жүйелеу және цифрлық трансформация жағдайында оның дамуының негізгі проблемалары мен перспективаларын анықтау.

Summary. This article focuses on the adaptation of the Russian language to modern technological requirements, problems and prospects of its preservation and development in the electronic environment. The paper analyzes data from both domestic and foreign studies. The main purpose of the article is to systematize knowledge about the role of the Russian language in the digital environment and identify the main problems and prospects for its development in the context of digital transformation.

Қ.К.Токаев в одном из своих выступлений сказал: «... очень важно научиться пользоваться всеми новыми технологиями. Это задача номер один не только для учащихся, но и для учителей – вся переподготовка должна быть ориентирована на использование современных технологий». Действительно, развиваются технологии – изменяются и требования, предъявляемые к содержанию учебного процесса. В настоящее время мы, учителя, должны не столько давать знания, сколько учить обучающихся учиться, самостоятельно находить источники пополнения знаний. В связи с этим возникла необходимость в новой модели обучения, построенной на основе современных информационных технологий, которые не только облегчают доступ к информации, но и позволяют по-новому построить образовательную систему.

Цифровая школа – наше будущее. Современные образовательные технологии позволяют любому учителю добиваться высоких результатов обучения. Диапазон возможностей цифровых технологий гораздо шире и зависит от фантазии, творчества и технической подготовленности учителя. Давайте разберёмся, зачем использовать цифровые технологии при изучении гуманитарных предметов.

Применение современных технологий в преподавании русского языка и литературы повышает мотивацию современного школьника к занятиям, стимулирует его познавательный интерес и повышает эффективность групповой и самостоятельной работы. Я убедилась, что использование современных образовательных технологий на уроках русского языка и литературы даёт высокие результаты:

- развивает творческие, исследовательские способности учащихся, повышает их активность;
- способствует интенсификации учебно-воспитательного процесса, более осмысленному изучению материала, приобретению навыков самоорганизации, превращению систематических знаний в системные;
- помогает развитию познавательной деятельности учащихся и интереса к предмету;
- развивает у учащихся логическое мышление, значительно повышает уровень рефлексивных действий с изучаемым материалом.

Возможности, которые дают цифровые технологии:

- автоматическая проверка (экономия времени преподавателя, возможность задавать на дом тренировочные диктанты).
- мультимедийность (возможность вставить в учебник звук, видео, что помогает лучше запомнить материал).
- интерактивность (включение в активную работу одновременно всех учеников группы, что даёт экономию времени). Мы работаем в классе и дома.
- совместная работа группы над проектом (возможность совместно создавать документы, презентации, ментальные карты и т.п. исследовательской группой учащихся).
- статистика ошибок (экономия времени ученика при работе со словарём, экономия времени учителя при анализе ошибок).
- разнообразие (возможность быстро генерировать большое и даже бесконечное количество однотипных упражнений – экономия времени учителя, повышение качества образования для ученика).

В настоящее время создано множество различных коллекций цифровых образовательных ресурсов, включающих специально разработанные наборы разнообразных ЦОР, тематические коллекции, инструменты, программные средства для организации учебного процесса. Мне бы хотелось остановиться на тех ресурсах, которые чаще всего используются на уроке.

Презентация. Использовать их можно и при объяснении нового материала, и при закреплении знаний, и при выполнении творческих заданий и физминуток. Для создания презентаций к уроку не нужны какие-то особые программы, хватит и стандартных средств типа PowerPoint. Существуют интернет-сервисы, которые значительно упрощают процесс создания презентаций и экономят время учителя. Популярен сайт Canva, который позволяет создавать любые виды презентаций прямо в браузере без установки какого-либо программного обеспечения на компьютер. Сервис предусматривает совместную работу нескольких людей над одним проектом, использование собственных медийных материалов при оформлении слайдов. А это значит, что одну презентацию одновременно могут делать несколько учеников. Создание ребусов онлайн. Для создания ребусов использую сервис «Генератор ребусов» и применяю его в урочной и внеурочной деятельности для работы с текстом. Например, перед изучением произведения название зашифровываю в этом сервисе, можно создать викторину из ребусов, зашифровать имя главного героя, автора произведения. Использую на разных этапах урока, но чаще всего для актуализации знаний. Разгадывание ребусов способствует развитию мышления, тренирует сообразительность, логику, смекалку, вырабатывает настойчивость, способность логически мыслить, анализировать и сопоставлять. Ребус можно скачать, распечатать.

Изучение тематических групп слов. Для создания тематических групп слов использую сервис <http://sociation.org>. Применяю при изучении лексикологии, анализа текстов, а также можно найти материал для серьёзных исследовательских проектов.

Ещё один инструмент для лингвистического анализа текста – Национальный корпус русского языка. Сайт представляет собой громадную библиотеку текстов и механизмы для анализа этих текстов. Например, можно быстро найти фразу, которую использовали разные авторы, что очень помогает для сравнительного анализа текстов. Моментально собирается материал для мотивного анализа по ключевому слову.

Интересна статистика употребления слов. Можно быстро получить график, который покажет, как изменялось то или иное слово в течение столетий. Можно придумать множество интереснейших заданий для школьных олимпиад по русскому и литературе.

Облака слов на уроках русского языка и литературы, которых применяю для актуализации знаний. Ученикам нравятся такие задания, они с удовольствием их составляют сами. Задания развивают творческие способности, интерес к предмету. Интерактивные задания в веб-сервисах позволяют дифференцировать работу с обучающимися, дают возможность работать дистанционно. Использую сервис по созданию облака слов: <http://облакослов.рф/oblako/>. Например, в облаке слов нужно найти «лишнее» название произведения и т.д.

Игры со словами. Для активизации словарного запаса можно использовать различные браузерные игры со словами, например, сайт <http://www.iqfun.ru>
Автоматический разбор слова по составу. Можно использовать для самопроверки при выполнении самостоятельных работ.

Упражнения на сайте “Могу писать” <https://mogu-pisat.ru/>. В этом сайте можно найти несколько идей использования современных технологий на уроке русского языка. Например, можно создать вместе с детьми личные орфографические словарики. Для начала добавить те слова, которые запоминаем в этой четверти, потом можно приучить учеников пополнять словарики, работая над ошибками. Программа анализирует частоту ошибок и предлагает проблемные слова чаще. В разделе Полезное есть “Мастер карточек”. При помощи этого инструмента можно легко создавать готовые карточки для игр на уроках русского. В разделе Учебники и выполняем интерактивные упражнения совместно с учениками.

Таким образом, информационные технологии, в совокупности с правильно подобранными технологиями создают необходимый уровень качества, вариативности, дифференциации и индивидуализации обучения и воспитания, формируют компетентность учащихся.

Список используемой литературы:

1.Шевченко, И.А., Шевченко, А.И., Кузнецова, Н.В., Кузнецов, А.В., Белоусова, О.А., Григорьева, Н.Н., ... & Чернова, Е.Ю.. Развитие русского языка в эпоху цифровой трансформации: проблемы и перспективы // Вестник Московского университета имени Сеченова (Серия 14:Педагогические науки). - 2019.- №3.- С . 13-20.

2.Лебедева, О.В., Кузнецов, А.В., Шевченко, И.А., Шевченко, А.И., Белоусова, О.А., Григорьева, Н.Н., ... & Чернова, Е.Ю.. Использование виртуальных языковых лабораторий и образовательных игр на русском языке для развития навыков говорения, письма, чтения и аудирования в интерактивной среде // Вестник Московского университета имени Сеченова (Серия 14:Педагогические науки). - 2019.- №3.- С . 21-28.

ӘОЖ 373.311.55

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

АЛИМБАЕВА ГУЛЬШАТ БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Primary Lyceum Призма бастауыш лицейінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассматривается важность использования интерактивных методов обучения в начальной школе. Выявлена важность использования интерактивных методов и образовательных платформ.

Summary. This article discusses the importance of using interactive learning methods in primary school. The importance of using interactive methods and educational platforms has been identified.

Қазақстанда жаңартылған орта білім беруді енгізу бастауыш сынып мұғалімдерінің мойнына күрделі және жауапты міндет жүктеді. Мұғалім жұмысында әрбір мұғалім пайдалана білуі тиіс оқушыларды оқыту әдістерін дамыту мен жетілдіруге ерекше назар аударылды. Әдістерсіз оқу мақсаттарына қол жеткізу, оқу және танымдық қызметтің мазмұнын іске асыру мүмкін емес. Мұғалімді оқыту әдісі біртіндеп дамып, қоғам дамуының талаптарына сәйкес жетілдіріледі.

Қазақстан Республикасының жаңартылған орта білім беру бағдарламасына сәйкес ХХІ ғасыр оқушыларының дағдылары оқушыларға алдағы өмірде пайдалану үшін дағдылардың тұтас кешенін меңгеруге көмектеседі. Бастауыш мектепте білімді меңгеруде қиындықтарға тап болған оқушылар уәждемелерін жоғалтады және жаңа оқу материалын оқуға қызығушылық танытпайды. Осы санаттағы оқушыларға көмектесу үшін мұғалімде жаңа заманауи жұмыс әдістері мен нысандарын игеру қажеттілігі туындады.

Қазіргі бастауыш мектептерде оқушылардың уәждемесін тиімді арттыруға бағытталған түрлі жаңа әдістер әзірленіп, қолданылуда. Оқу процесінде пайдаланылатын технологиялар мен инновациялар балалардың тартылуына ықпал етеді және әрбір оқушыға жеке және интерактивті тәсіл жасауға мүмкіндік береді. Бастауыш мектепте оқу процесін ұйымдастыруда заманауи технологиялар мен инновациялар белсенді енгізілуде.

Бұл білім беру жүйесін қазіргі заман талаптарына бейімдеу және оқушыларды цифрлық әлемге даярлау қажеттілігіне байланысты. Бастауыш сатының өзіндік ерекшелігі – ғылымның негізгі салаларының бастапқы түсініктері осы жерде беріліп, интеграцияланған пәндердің, сараланған оқыту жүйесінің болуында. Сонымен қатар оның өзіндік оқыту теориясы, өзіндік әдіснамасы қалыптасқан [4].

Оқытудың қазіргі заманғы әдістері:

Көпжақты әдіс, оның негізгі қағидаты әрбір сабақ, білім алушылар білім мазмұнының бір бөлшектелген бірлігін білуі тиіс. Оқу материалы қатаң логикалық реттілікпен орташа үлестермен оқытылады. Әрбір келесі сабақ оқушылардың білім қорын біртіндеп ұлғайтуға тиіс. Бұл әдісті математика және орыс тілі сабақтарында қолдану жақсы. Бастауыш мектептің ең кішкентай оқушылары мұғалімнің тиісті қимылдары мен қимылдары арқылы жаңасын есте сақтайтын толық физикалық реакция әдісі. Бұл әдіспен мұғалім оқу пәнін түсіндіру үшін суреттерді белсенді пайдаланады.

Табиғи әдіс оқу сабақтарында табысты қолданылады. Бұл әдісті қолданған кезде мұғалім оқушының сөйлеу мәніне назар аударады, қателіктер мен түзетулерге аз назар аударады, өйткені бұл сөйлеу дағдыларының дамуын тежеуі мүмкін. Педагогика тұрғысынан алғанда, ең бастысы оқытудың іс-әрекеттік тәсілі болып табылады. Бұл көзқарастың негізінде баланың жеке басының дамуы мен жұмыс істеуі, сондай-ақ олардың айналасындағы адамдармен тұлғааралық қатынастар әлеуметтік маңызы бар қызметтің мақсаттарына, мазмұнына және міндеттеріне жіберіледі.

Белсенді оқыту әдісі: мұғалім оқушыларды проблеманы шешу қажеттілігіне итермелейді. Бұл әдіс оқушының дамуына, өзін-өзі ұйымдастыруға және өзін-өзі дамытуға бағытталған. Проблемалық жағдайларды еңсере отырып, бала өз бетінше немесе өз ойшылдарының тобында мұғалімнің қойған міндеттерін түсінуге үйренеді. Қазіргі кезеңде белсенді оқыту сөзсіз басым болып табылады. Математика, орыс тілі және әдеби оқу сабақтарында кеңінен қолданылады.

АКТ әдістері: Бастауыш мектепте оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу жақында басталды.

Бастауыш мектептегі сабақтарда АКТ технологияларын пайдалану оқушыларды ынталандыруды дамытуда тиімді көмекші болып табылады, Интернет және жоғары жылдамдықты технологиялар дәуірінде АКТ қолдану көптеген жағдайларда өзін ақтайды. Әрбір оқушыға компьютерлік сыныпта жұмыс істеу, тест орындау, кесте сызу, қателер іздеу және т.б. ұнайды. Сабақтар негізінен бейресми жағдайда өткізіледі, онда берілген тақырыпқа тұсаукесер жасау, суреттерді пайдалана отырып әңгімені жалғастыру және т.б. үшін оқушының әрекет ету еркіндігі берілген. Онлайн олимпиадаларға қатысу.

Ситуациялық талдау немесе кейс-стади әдісі: бұл әдіс АҚШ-та туылған, білім алушы проблемалық жағдаймен танысып, оны өз бетінше талдайды, проблеманы диагностикалайды және өз шешімін басқа оқушылармен пікірталаста ұсынады. Мұғалім сыншы рөлін атқарады және

зерттелетін мәселе бойынша ақпарат көзі болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың күрделі ахуалдық проблемаларды анықтау және талдау бойынша нақты тәжірибе алуы мақсатында табысты пайдаланылады. Нәтижесінде білім алушыларда таныстырылымды дәлелдеу және келіссөздер жүргізу дағдылары дамиды. Сондай-ақ бұл әдісті оқушылар тобын білім жетіспейтін жағдайға батыру үшін табысты қолдануға болады. Білімнің жетіспеушілігі ынталандыруға айналады, өзін-өзі бақылау дағдысын дамытады, оқушыларды танымдық қызметке шынайы даярлауға ықпал етеді, оқушыларды жандандыруға және қызықтыруға көмектеседі.

Кейс-әдіс бойынша жұмыстың негізгі кезеңдерін және олардың ұзақтығын, ұйымдастыру сәтін және кейсті беруді атап өткен жөн. Кейс мәтінімен танысу, сабақтың келесі жиырма минуттық жұмысы. Топтармен алынған нәтижелерді талдау және салыстыру, он бес минут. Кейс әдісі оқушылардың теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін жандандыруға мүмкіндік береді. Оларға өз ойларын, идеяларын айтуға, бастама жасауға, командада жұмыс істеуге дайын болуға, басқа адамдарды тыңдауға және естуге көмектеседі.

Жаңа әдістердің бірі интерактивті оқу платформалары мен қосымшаларды пайдалану болып табылады. Бұл оқушыларға қиындықтарды еңсеруге және оқу міндеттерін орындауға көмектесетін қосымша материалдарға, ойындар мен тапсырмаларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл сондай-ақ уәждемені жақсартады, өйткені балалар өздерінің жетістіктері мен орындалған тапсырмалары үшін сыйақыларды бірден растайды. Интерактивті тақталарды пайдалана отырып, мұғалімдер сабаққа барлық оқушыларды тарта алады, ұжымдық жұмыс жасай алады және оқушылармен белсенді өзара іс-қимылды қамтамасыз ете алады. Бұл құрылғылар мұғалімдерге оқушылардың назарын аударатын және оқу процесін қызықтыратын интерактивті сабақтар жасауға мүмкіндік береді. Тағы бір маңызды аспект мультимедиялық технологияларды белсенді пайдалану болып табылады. Бүгінде балалар бейне сабақтар, презентациялар, анимациялар және басқа да мультимедиялық материалдар арқылы білім ала алады. Бұл оқушыларға оқитын материалды жақсы түсінуге және есте сақтауға көмектесетін қызықты және көрнекі сабақтар жасауға мүмкіндік береді.

Жаңа әдістердің бірі интерактивті оқу платформалары мен қосымшаларды пайдалану болып табылады. Бұл оқушыларға қиындықтарды еңсеруге және оқу міндеттерін орындауға көмектесетін қосымша материалдарға, ойындар мен тапсырмаларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл сондай-ақ уәждемені жақсартады, өйткені балалар өздерінің жетістіктері мен орындалған тапсырмалары үшін сыйақыларды бірден растайды.

Басқа жаңа тәсіл оқу процесінде геймификацияны пайдалану болып табылады. Бұл оқуды қызықтыратын және ынталандыратын марапаттар, жетістіктер және жарыстар сияқты ойын элементтерін қолдануды білдіреді. Мысалы, оқушылар тапсырмаларды орындағаны және академиялық мақсаттарға қол жеткізгені үшін балл немесе белгі ала алады. Сондай-ақ оқушылардың уәждемесін арттыруға бағытталған бағалау мен кері байланыстың жаңа әдістері бар. Дәстүрлі сандық бағалаудың орнына оқушыларға өз ілгерілеуін жақсы түсінуге және одан әрі жақсарту үшін салаларды анықтауға көмектесетін бағалаудың неғұрлым сараланған және сындарлы нысандары пайдаланылады. Үлгерімді бағалаудағы инновациялар мұғалімдерге оқушылардың білім деңгейі мен қабілеттерін анықтауға, сондай-ақ білім беру процесін олардың қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Үлгерімді бағалаудағы тағы бір инновация бейімделетін тестілерді пайдалану болып табылады. Бұл тесттер әрбір оқушының жеке білім деңгейін анықтау үшін пайдаланылады. Олар оқушының жауаптарына байланысты тапсырмалардың күрделілік деңгейіне бейімделеді. Осылайша, оқушыға оның білім деңгейі мен қабілеттеріне сәйкес келетін тапсырмалар ұсынылады. Бұл үлгерім деңгейін нақты анықтауға және әрбір оқушы үшін жеке оқу жоспарын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерге орай бастауыш сыныпта оқытуды жетілдіру әр ұстаздан дамыта оқытудың әдіс-амалдарын меңгеруді, оқыту ісін оңтайландыру жолдарын тәжірибеге енгізуді талап етеді

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларына жаңа тәсіл оқу интерактивті оқыту технологиясы негізінде меңгерту, біріншіден, білім сапасының көтерілуіне жол ашса, екіншіден, оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға кепілдік береді; үшіншіден, оқу үдерісінің оқушы үшін мәнін танытып, олардың оқу мотивацияларын дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Б. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991.
2. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320б.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы, 1997
4. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 16 қазан, 2004ж.
5. ҚР бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны мен тұжырымдамасы. Алматы. 1998.
6. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ іс-қимылында зерттеу жүргізу бойынша практикалық басшылық 2018 Астана
7. Мұғалімнің шеберлігі. Үздік оқытушылардың тексерілген әдістемелері Лемов Д. 2016

ӘОЖ: 796.38

ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫНАН КЕЙІНГІ ШАРШАУДЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛДІН ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

МУХАМЕДЖАН ЕСБОЛАТ АЙДОСҰЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 2 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛИМБЕКОВ РЫСБЕК ТҰРЫСБЕКҰЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье современные методы не позволяют определить причины утомления, связанные с изменениями в каком-либо органе или системе органов, в частности нервной системе. Утомление, во-первых, связано с развитием функциональных изменений во многих органах и системах органов, во-вторых, снижение функций связано с различной координацией функций органов и систем, наблюдаемой при выполнении определенных нагрузок организма.

Summary. The article states that modern methods do not allow us to determine the causes of fatigue associated with changes in any organ or organ system, in particular the nervous system. Fatigue, firstly, is associated with the development of functional changes in many organs and organ systems, and secondly, a decrease in functions is associated with different coordination of the functions of organs and systems observed when performing certain body loads.

Шаршау түсінігінің анықтамасы. Шаршаудың түрлері. Шаршау – атқарылған жұмыстың нәтижесінде уақытша туындайтын және жұмысқа қабілеттіліктің төмендеуімен сипатталатын ағзаның физиологиялық күйі. Шаршау қажу сезімінен туындайды.

Шаршаудың бірнеше түрлері бар: ақыл-ой, талдағыштар, дене шаршауы және эмоциялық шаршау. Сондай-ақ, тез шаршау бар, бұл кезде берілген жүктеме ағзаның жұмысқа қабілеттілігінен артып кетеді және созылмалы, бұл ұзақ уақыт қалпына келмеуден туындайды.

Шаршаудың қалыптасу теориясы. Қазіргі уақытта шаршаудың механизмдерін түсіндіретін бірнеше теориялар бар. Оларға – бұлшық еттердегі қуат көздерінің таусылу (Шифф, 1868) теориясы, бұлшық еттерде зал алмасудың соңғы өнімдерінің жинақталу (Пфлюгер, 182) теориясы, метаболизмдермен улану (Вейхард, 1902) теориясы, тұншығу - оттегінің жетіспеуі нәтижесінде (Фервон, 1903) және кеңестер одағы елдерінде кеңінен таралған – И. М. Сеченовтың (1903) жасаған және А. А. Ухтомскимен толықтырған шаршаудың орталық жүйкелік теориясы.

Бірақ, қазіргі кездегі әдістер шаршаудың қандай да бір мүшелердегі немесе мүшелер жүйесіндегі, нақты жүйке жүйесіндегі өзгерістерге қатысты себептерін анықтай алмайды. Шаршау, біріншіден, көптеген мүшелердегі және мүшелер жүйесіндегі функционалді өзгерістердің дамуымен, екіншіден, қызметінің төмендеуі қандай да бір дене жүктемелерін орындау кезінде байқалатын мүшелер мен жүйелер қызметінің әртүрлі үйлесімділігімен байланысты.

Шаршаудың орнығуы. Шаршаудың орнығуының физиологиялық механизмдері өзара байланысты ағзаның үш түрлі жүйелеріндегі ығысулармен байланысты, атап айтқанда – ОЖЖ-де, жұмыс жасап тұрған бұлшық еттерде және ағзаның ішік ортасында.

Әртүрлі дене дене жүйемелері кезіндегі шаршаудың ерекшеліктері. Бұлшық ет жұмысы кезінде шаршаудың әртүрлі құрылымды және қуатты дамуының әртүрлі факторлары бар.

Максимальды қуатты циклді жұмысты орындау кезіндегі басты фактор – нейрондардан қаңқа бұлшық еттеріне және жұмыс жасап тұрған бұлшық еттерден орталыққа берілетін күшті импульстер ағымынан ОЖЖ-ң қажуы. Одан басқа, нейрондардағы АУФ, КрФ-ң мөлшері азаяды, ми құрылымында тежегіш медиатор – гамма-амин май қышқылының мөлшері артады.

Субмаксимальды қуатты жұмысты орындау кезінде шаршаудың негізгі факторы – жұмыс барысындағы ағзаның ішкі ортасының өзгерістері: гипоксия (қандағы оттегінің мөлшерінің төмендеуі), қанның рН реакциясының 7-ге дейін (тыныштық күйде – 7,36) төмендеуі, қандағы сүт қышқылы концентрациясының 250 мг/%-ға дейін (тыныштық күйде 10-20 мг/%) артуы. Зат алмасу өнімдерімен улануда және үлкен импульстер ағымынан ОЖЖ қажиды. Оттектік борыш максимальды деңгейіне – 22л-ге жетеді.

Шаршаудың биологиялық маңызы. Шаршаудың биологиялық маңызы – ол уақытылы ағзаны зорығып кетуден сақтайды. Шаршаудың қайталануы ағзаның функционалді мүмкіндіктерін арттырады, өйткені физиологиялық және биохимиялық ығысулар ағзаның дене жүктемелеріне бейімделу мүмкіндігін арттыра отырып, қалпына келу процестерін жетілдіреді.

Бұлшық ет қызметінен кейінгі қалпына келу процестерінің физиологиялық сипаттамасы. Процестің қалпына келуі дегеніміз ағзаның қызметтік күйден тыныштық күйге көшуі немесе жұмыс аяқталғаннан кейінгі функционалді жүйелердің қызметінде жүретін өзгерістер жиынтығы. Қалпына келу процестері жұмысты орындау кезінде жүруі мүмкін (әсіресе ауыспалы қуатты жұмыстың орындалуы кезінде), бірақ, негізінен жұмыстан кейін жүреді. Қалпына келу процестері жүретін уақыт – қалпына келу кезеңі деп аталады.

Қалпына келу – ағзаның тек қана жұмыс алдыңғы күйге қайтуы емес, бұл кезеңде ағзаның функционалді күйін арттыратын өзгерістер жүреді, яғни шынығудың оң тиімділігі артады.

Қалпына келу процестерінің физиологиялық заңдылықтары. Қалпына келу процестерінің бірқатар заңдылықтары бар:

- қалпына келу процестерінің біркелкісіздігі. Жұмыстан біте салысымен қалпына келу тез жүреді, кейін оның шапшаңдығы төмендейді де, баяу қалпына келу кезеңі қалыптасады. Мұндай заңдылық көбіне ауыр дене жұмысынан кейін байқалады. Бірқалыпты жүктемелрден кейін ғана тез қалпына келу кезеңі байқалады.

Спорттық жарақаттармен табысты күресу олардың пайда болу себептерін білгенде ғана мүмкін болады. Спорттық медицинада спорттық жарақаттар мен жарақаттардың себептеріне талдау жасайтын көптеген жұмыстар бар. Спорттық жарақаттардың пайда болу себептерінің келесі классификациясы орынды болып көрінеді:

1. Дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізу әдістемесіндегі кемшіліктер мен қателіктер.

Осы себепті спорттық жарақаттар барлық жарақаттардың жартысынан көбін құрайды және көбінесе спорттық ойындарда, жеңіл атлетикада, гимнастика күресінде және штангаларды көтеруде байқалады.

Бұл топтың жарақаттары, негізінен, кейбір жаттықтырушылар спортшыларды жаттықтыру кезінде жаттығудың маңызды принциптерін үнемі орындай бермейтіндігіне байланысты: жаттығулардың жүйелілігі, дене жаттығуларының бірізділігі, қозғалыс дағдыларын меңгерудегі жүйелілік және жаттығуларды дараландыру.

2. Сабақтар мен жарыстарды ұйымдастырудағы кемшіліктер.

Осы себепті әртүрлі жылдардағы жарақаттар барлық спорттық жарақаттардың 5-10% құрайды. Жаттығу сабақтарын өткізуге арналған нұсқаулықтар мен ережелерді, сондай-ақ қауіпсіздік ережелерін бұзу, жарыс бағдарламаларын дұрыс құрастырмау, оларды өткізу ережелерін бұзу көбінесе жарақаттың себебі болып табылады.

Жарақаттануға әкелетін елеулі ұйымдастырушылық кемшілік - бұл қатысушылардың дұрыс орналаспауы (мысалы, бір спорт алаңында футбол ойнау және жеңіл атлетика снарядтарын лақтыру немесе хоккей ойнау және конькимен жүгіру); жаттығу алаңдарының шамадан тыс жүктелуі (мысалы, бассейндегі шамадан тыс жүктеме тіпті суға батып кетуіне әкелуі мүмкін).

3. Сабақтар мен жарыстарды материалдық-техникалық қамтамасыз етудегі кемшіліктер. Өртүрлі авторлардың пікірінше, осы себепті барлық спорттық жарақаттардың 10-25%-ы орын алады. Жаттығу алаңдарын (гимнастикалық залдар, алаңдар, жүгіру жолдары, секіру және лақтыру алаңдары, сырғанақтар, бассейндер және т.б.) жабдықтауды материалдық-техникалық қамтамасыз етудің белгілі бір стандарттары және қажетті спорт жабдықтарының уақыт шкаласы бар. Сондай-ақ спорттық құрал-жабдықтар мен құрал-жабдықтарды пайдалану бойынша нұсқаулықтар бар. Осы стандарттар мен нұсқаулардың барлығы тиісті бұйрықтармен, жарыс ережелерімен реттеледі.

Жарақаттардың пайда болуына спорттық костюмнің, аяқ киімнің осы спорт түрінің ерекшеліктеріне және жаттығудың метеорологиялық жағдайларына сәйкес келмеуі ықпал етуі мүмкін. Мысалы, қысқы спорт түрлерімен шұғылдану кезінде ұтымсыз киіну үсікке соқтыруы мүмкін; шамадан тыс жылы киім жаттығуды қиындатады. Киім фигураға ұқыпты сай болуы керек, сыртқы ілгектері, ілгектері болмауы керек. Тығыз, тозбаған спорттық аяқ киім тозуға әкеледі, бірақ қысқы жағдайлар үсік шалу қаупін тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Overview of Soccer*. Encyclopædia Britannica. Басты дереккөзінен мұрағатталған 12 маусым 2008. Тексерілді, 4 маусым 2008.

2. *Guttman Allen* The Diffusion of Sports and the Problem of Cultural Imperialism // *The Sports Process: A Comparative and Developmental Approach* / Eric Dunning, Joseph A. Maguire, Robert E. Pearton — Champaign: Human Kinetics, 1993. — P. 129. —

ISBN 0-88011-624-2.

3. *Dunning Eric* The development of soccer as a world game // *Sport Matters: Sociological Studies of Sport, Violence and Civilisation* — London: Routledge, 1999. — P. 103. — ISBN 0-415-06413-9.

4. *Team Sports // Catastrophic Injuries in High School and College Sports* — Champaign: Human Kinetics, 1996. — P. 57. — ISBN 0-87322-674-7.

5. Қыдырмолдина, А. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері: оқулық / А. Қыдырмолдина. - Алматы: ЖШС РПБК Дәуір, 2014. - 528 б.

<http://e-lib.dulaty.kz/ISBN 978-601-217-478-6>

ӘОЖ:796.011.3

ДЕНЕ САПАЛАРЫН (ҚИМЫЛДЫ) ЖЕТІЛДІРУДІҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

ЕСИМХАНОВ АЛПАМЫС МЕДЕТҰЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 2курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛИМБЕКОВ РЫСБЕК ТҰРЫСБЕКҰЛЫ

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье цикл движений в спортивной ходьбе состоит из двух шагов с одной опорой и двойного шага, состоящего из двух опорных позиций. А в спортивном беге один опорный шаг чередуется с полетным шагом.

Summary. In the article, the cycle of movements in race walking consists of two steps with one support and a double step consisting of two support positions. And in sports running, one support step alternates with a flight step.

Циклді қимыл-қозғалыстар бір қимылдың бірнеше рет қайталануы арқылы жүзеге асады. Бір циклдің құрамына кіретін қимыл элементтері бірдей реттілікпен барлық циклдерде кездеседі. Қимылдардың әрбір циклі алдыңғы және енді орындалатын циклдермен байланысты болады. Бұл байланыс *рефлекторлы сипатты* болады, әрбір рефлекс аяқтала отырып, келесі рефлекті туындатады. Қимылдың мұндай тізбекті сипаты тек қана қимылды динамикалық стереотип

болып түрінде бекінетін ырғақты рефлекске тән және осы рефлекс цикліді қимылдардың физиологиялық негізі болып табылады.

Жұмыстың уақыты мен оның қуатының арасында нақты бір тәуелділік бар. Жалпылама қарастырғанда, бұл тәуелділік төмендегідей сипатта болады: жұмыстың қуаты қаншалықты жоғары болса, соншалықты тез шаршаудың нәтижесінде оның орындалу уақыты аз болады. *Жұмыстың қуаты* дегеніміз белгілі бір уақыт бірлігінде орындалған жұмыстың мөлшері. Ал ол өз кезегінде бұлшық еттің жиырылу күшіне және жиырылу жиілігіне тәуелді.

2. Спорттық жүру

Спорттық жүру ерлер үшін 20-50 км, әйелдер үшін 5-10 км қашықтықтағы жарыстар кезінде жүзеге асады. Бұл кездегі жұмыс бірқалыпты қарқынды, циклі сипатты болады. Спорттық жүру кезінде жекелей және қосарланған тіректер кездеседі, бірақ жүгіру болмауы керек.

Қимыл аппараты

Спортшылардың бұлшық еттері аэробты жағдайдағы жұмысқа бейімделген. Бұлшық еттерінің жиырылуы жақсы жетілген, босаңсуы – төмен. Қол қимылдары аяқ қимылдарымен қатаң түрде сәйкестірілген. Қимылдар ырғағы – минутына 100-160 қадамнан тұрады.

Тыныс алу және қуат жұмсалуы

Спорттық жүру кезінде тыныс алу жиілігі – 30-60 рет/мин, өкпе вентиляциясы 70-80 л/мин, оттегінің қолданылуы – 4 л/мин, мәреге жеткенде – одан да көп болуы мүмкін. ОМҚ ерлерде – 71 мл/мин/кг жетеді. Қуат жұмсалуы - өте үлкен. Мысалы, 5 км-ге жүргенде – 300-400 ккал қуат жұмсалса, 50 км-ге жүргенде қуат жұмсалуы – 3000 ккал болады.

Қан және қан айналымы

ЖСЖ-і тез жүретіндерде мәреге жеткенде минутына 150-180 соғу/мин-қа жетеді. Жұмыс қуаты ұлғайғанда минутына 200-220 соғу/мин-қа жетеді.

Спорттық жүру кезінде қандағы эритроциттер және гемоглобин мөлшері артады, миогенді лейкоцитоз байқалады, сүт қышқылы шамалы ғана жоғарылайды.

Бөліп шығару қызметі

Спорттық жүру кезіндегі тер бездерінің қызметі - өте жоғары болады. Жоғары тер бөліну несеп түзілуінің азаюына, несепте белоктың пайда болуына әкеп соғады.

Жеңіл атлетикалық жүгірудің спорттық жүруден айырмашылығы – спорттық жүрудегі қимылдар циклі бір тіректі екі сатыдан және екі тіректі күйден тұратын қосарлы қадамнан тұрады. Ал жеңіл атлетикалық жүгіруде бір тіректі саты ұшу сатысымен кезектеседі.

Жүгіру кезінде жекелей тірек сатысы ұшу сатысымен кезектеседі. Жеңіл атлетикадағы орындалу техникасы бойынша ең күрделісі – қысқа қашықтыққа жүгіру, өйткені сөрелік және сөрелік екпін күйін үйрену қиынға соғады. Машықтану кезіндегі ағзада жүретін физиологиялық ығысулар жүгіріп өтетеін жолдың ара қашықтығына байланысты. Қаншалықты жүгіретін ара қашықтық ұзақ болса, соншалықты жұмыстың қуаты аз болады. Сондықтан жүгіру тепсіну күшіне, адымдардың ұзындығына және жиілігіне байланысты бола отырып, әртүрлі қуатты жұмыс күйінде орындалады. Жеңіл атлетикадағы жұмыстың қуатын анықтайтын негізгі көрсеткіш – жүгіру шапшаңдығы. Ол адымдар ұзындығының сол адымдар жиілігіне көбейтіндісімен анықталады. Жүгіру орындалатын уақыт жұмыстың қуатына байланысты. Қаншалықты жұмыс қуаты жоғары болса, соншалықты оның орындалу ұзақтығы шаршаудың тез туындауы есебінен аз болады.

Дене сапаларын жетілдірудің жалпы механизмдері.

Физиологияда төмендегідей дене сапалары бар: күш, шапшаңдық, төзімділік, ептілік және иілгіштік.

Жеке тіршілік процесінде дене сапаларын жетілдірудің жалпы механизмі – үлкен ми сыңарларының қабықшасында және қабықшаасты бөлімдерінде уақытша шартты-рефлекторлы байланысты түзу.

Дене сапаларының дамуы шынығу кезінде әртүрлі жүйелердің қорлық мүмкіндіктерінің қосылуын сипаттайтын ағзадағы биохимиялық, құрылымды және функционалді өзгерістердің жиынтығы арқылы жүзеге асады.

Дене сапаларының жетілуі кезінде жұмыстың ПӘК (пайдалы әсер коэффициентінің) артуын сипаттайтын бұлшық ет қызметінің үнемделуі жүреді.

Дене сапаларының дамуы кезінде **суперкомпенсация құбылысы** байқалады. Мысалы, күштің дамуы кезінде АҰФ-ң және КрФ-ң шоғырлануы бастапқы күйден артып кетеді, бұлшық ет

талшықтарының гипертрофиясы дамиды. Төзімділіктің дамуы кезінде ОМҚ, гликогеннің, бос май қышқылдарының жинақталуы артады. Шапшандықты дамытқан кезде қимыл орталықтарының лабилдігі және қозғалыстығы артады.

2. Бұлшық ет күшінің физиологиялық сипаттамасы.

Күш дегеніміз ағзаның сыртқы кедергіні жеңе алу қабілеті немесе оның бұлшық ет ширығуына қарсы тұруы.

Күштің түрлері. **Максимальды күш (МК)** лабораториялық жағдайда бұлшық етке электрлік әсер бергенде анықталады. **Максимальды ерікті күш (МЕК)** бұлшық еттердің ерікті жиырылуы кезіндегі изометрлік жағдайда анықталады.

Күш тапшылығы (КТ) дегеніміз жүйке-бұлшық ет аппаратының бағдарлы қабілетінің деңгейінің көрсеткіші: $КТ = МК - МЕК$

Абсолютті күш (АК): $АК = МЕК / S$, мұндағы S- бұлшық ет талшығының физиологиялық көлденеңі (кг/см²). Бұлшық еттің физиологиялық көлденеңі – Берліген бұлшық еттің барлық талшықтары өтетін көлденең кесіндінің ауданының мөлшері (см²).

Салыстырмалы күш (СК): $СК = МЕК / S$, мұндағы S – анатомиялық көлденең (кг/см²). Анатомиялық көлденең бұлшық еттің ұзындығына перпендикулярлы жүргізілген көлденең кесіндісі. Спорттық тәжірибеде салыстырмалы күшті МЕК спортшының саламағын қатысы ретінде анықталады.

Статикалық күш изометрлік жағдайда анықталады.

Динамикалық күш динамикалық жұмыс кезінде айқындалады. Динамикалық күштің бір түрі – **жарылыс күші**. Шапшандықты-күшті жаттығулардағы (секірулер, лақтырулар) жетістік осы күштің дамуына байланысты.

Бұлшық ет күші күші тәуелді физиологиялық факторларды үш топқа бөлуге болады: 1) бұлшық ет ішілік факторлар; 2) жүйкелік реттелу ерекшеліктері; 3) психологиялық-физиологиялық механизмдер.

Бұлшық ет ішілік факторлар: 1) бұлшық еттің физиологиялық көлденеңі;

2) бұлшық еттің құрамы (бұлшық ет талшықтарының үйлесімділігі); 3) бұлшық еттердің миофибрилді гипертрофиясы.

Жүйкелік реттелу: 1) жұлынның мотонейрондарынан қаңқа бұлшық еттеріне келіп түсетін жүйке импульстерінің жиілігінің артуы; 2) қызметке қатысатын қимыл бірліктерінің мөлшерінің артуы; 3) Бұлшық ет бағдары.

Психологиялық-физиологиялық механизмдер: 1) функционалді күй (сергектік, ұйқы басуы, шаршау), 2) мотивацияның және эмоцияның әсері; 3) симпатикалық және гормоналді әсерлер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Overview of Soccer. Encyclopædia Britannica. Басты дереккөзінен мұрағатталған 12 маусым 2008. Тексерілді, 4 маусым 2008.

2. *Guttman Allen* The Diffusion of Sports and the Problem of Cultural Imperialism // The Sports Process: A Comparative and Developmental Approach / Eric Dunning, Joseph A. Maguire, Robert E. Pearton — Champaign: Human Kinetics, 1993. — P. 129. — ISBN 0-88011-624-2.

3. *Dunning Eric* The development of soccer as a world game // Sport Matters: Sociological Studies of Sport, Violence and Civilisation — London: Routledge, 1999. — P. 103. — ISBN 0-415-06413-9.

4. Team Sports // Catastrophic Injuries in High School and College Sports — Champaign: Human Kinetics, 1996. — P. 57. — ISBN 0-87322-674-7.

5. Қыдырмолдина, А. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері: оқулық / А. Қыдырмолдина. - Алматы : ЖШС РПБК Дәуір, 2014. - 528 б. <http://e-lib.dulaty.kz/ISBN 978-601-217-478-6>

ФУТБОЛ, БАСКЕТБОЛ, ВОЛЕЙБОЛ СИЯҚТЫ СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІМЕН ТАНЫСУ

ЕРКЕБАЙ ЕРАСЫЛ НЕСПБАЙҰЛЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің 2 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АЛИМБЕКОВ РЫСБЕК ТҰРЫСБЕКҰЛЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің оқытушысы
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье состояние активности организма спортсмена зависит от продолжительности игры, т.е. времени, темпа, размера игрового поля, количества человек в команде и важности игры. Чем больше бега в игре, тем больше вегетативные смещения.

Summary. In the article, the state of activity of the athlete's body depends on the duration of the game, i.e. time, pace, size of the playing field, number of people on the team and the importance of the game. The more running in the game, the greater the vegetative displacements.

Спорттық ойындар ситуациялы дене жаттығуларына жатады. Басты ерекшелігі-қимылдардың орындалуы алдын ала бағдарланбайды. Ойын кезіндегі әртүрлі мезеттерде пайда болатын жағдайларға, яғни ситуацияға байланысты, бұл кездегі қимылдың дұрыс және уақытылы орындалуы жүйке жүйесінің экстраполяцияға қабілеттілігімен сипатталады. *Экстраполяция* дегеніміз құбылыстың белгілі бір бөлімінде алынған нәтижелерді екінші бір бөлімінде қолдана алу. Мысалы, ойыншы айталық өзінің серіктесіне лақтырарда ол тұрған жерді емес, сол жетіп келетін жерді нысанаға алады. Бұл жерде жүйке процесінің қозғалмалылығы қажет. Қаншалықты жаңа іс-әрекеттерді көптеп меңгерсе, соншалықты спортшының экстраполяцияға қабілеттілігі арта түседі. Спортшының ағзасының қызметті күйі ойынның ұзақтығына, яғни уақытына, қарқынына, ойын алаңының көлеміне, командадағы адам санына және ойынның маңыздылығына байланысты. Ойын процесінде қаншалықты жүгіру көп болса, соншалықты вегетативті ығысулар үлкен болады. Барлық спорттық ойындар дене сапасының қайсы бірінің басым болуына байланысты болады да, шапшаңдықты-күшті жаттығуларға жатады. Қимылдардың басым көпшілігі ациклді болады. Спортшылардың есту, көру, тепе-теңдік және қимыл талдағыштарына көп талаптар қойылады. Спорттық ойындардан баскетболды, волейболды, футболды қарастырамыз.

Футболшылардың дене сапаларының ерекшеліктері. Футболшылар көбіне бойларының ұзындығымен ерекшелене бермейді, қақпашылардың дене мөлшерлері - үлкен, шабуылшылардың дене мөлшерлері керісінше - кіші болып келеді. Дене тұрқылары бойынша футболшылар спортшы еместерден ерекшелене бермейді.

Футбол ойыны қимылдардың әртүрлілігімен сипатталады. Жүгіру, секіру, допты соғу сияқты әртүрлі күшті элементтерден тұратын қимылдардан құралады. Бұл қимылдар өзі бір командадағы ойыншылардың арасында және қарсыластардың арасында орындалады. Ойын кезінде қимылдардың құрылымы мен қарқыны өзгеріп отырады.

Футболшы қысқа қашықтықты жоғары шапшаңдықпен жүгіріп өтуі қажет, ол үшін ағзаның анаэробты мүмкіндіктері жақсы жетілген болуы қажет. Орта есеппен бір ойын кезінде футболшы 8-10 км қашықтықты жүгіріп өтеді. Мұның өзі ағзаның аэробты мүмкіндігінің жақсы жетілуін талап етеді. ОМҚ-ы футболшыларда – 58-62,5 мл/мин/кг болады. Тыныштық күйде футболшылардың ЖСЖ брадикардия күйінде (48-54 соғу/мин) болса, ойын кезінде 160-180 соғу/мин-қа дейін көтеріледі. Жүректерінің көлемі орта есеппен 965 см³ (820-1140 см³) (В.Л.Карпман).

ТЖ ойын кезінде 20-30 рет/мин - 60 рет/мин аралығында болады. ӨТС – 3500-5000 мл. Жоғары дәрежелі спортшыларда қуаттың жұмсалуды жарысты ойындар кезінде 1 кг салмағына шаққанда 65-75 ккал-ға жетеді.

Баскетбол. Баскетболшылардың бойының ұзындығы орта есеппен – 196,4 см. Дене құрлымының қатысы бойынша баскетболшылардың 47%-ы гигантоидты (аяқтары ұзын, йықтары

кең), 29%-ы тейноидты (аяқтары ұзын, йықтары қушиған) болып келеді. Денелерінің тұрқы құмды сағат сияқты болып келеді – жоғары және төменгі бөлімдері - кең, ортаңғы жағы тарылған болып келеді. Іріктеудің бастапқы кезеңдерінде бойшаң спортшыларға көбірек көңіл бөлінеді.

Жоғары дәрежелі баскетболшылардың ОЖЖ-і қызметінің ерекшелігі - олардың қимыл реакциясының бағдары жақсы жетілген болады. Мұның өзі қимылға қатысатын бұлшық ет талшықтарының теңелуімен жүзеге асады. Жоғары дәрежелі баскетболшыларда доп екінші ойыншыға берілгенде немесе лақтырылғанда қолдың және йық белдеуінің күштенуінің тікелей осы қимылды жүзеге асыруы байқалады, яғни уақыты бойынша нақтылық байқалады, ал төменгі дәрежелі спортшыларда бұл реакция допты алардан біраз уақыт алдын басталады, олай болса ұзақ уақытқа созылады.

Волейбол. Волейбол - алаңдағы қозғалыстар бойынша қарқыны төмен ойын болып есептелінеді. Жоғары дәрежелі волейболшыларда шапшаңдықты-күшті дене қасиеттері жақсы жетілген. Баскетболшылардағы сияқты жүктеменің басым бөлігі талдағыштарға, әсіресе көру талдағыштарына түседі. Жоғары дәрежелі спортшыларда ортофория жиі кездеседі.

Тыныс алу және қан айналым жүйелері. Бұл жүйелердің қызметі ойын қарқынына тәуелді. Ойын кезінде ЖСЖ 170-190 соғу/мин деңгейінде сақталады. Тыныс алу жиілігі минутына 42-48 ретке жетеді.

Қуат жұмсалуды шамамен баскетбол ойыны кезіндегідей болады. Эритроциттердің және гемоглобиннің мөлшері 6-10 млн/1мм³-ға және 160 г/л-ге артқан. Оттегінің оттектік сыйымдылығы 22 аб.% Қанның сілтілік қоры және айналымдағы қанның мөлшері жоғары.

Спортшы ағзасының стандартты жүктемелерге реакциясы шыныққандар мен шынықпағандарда әртүрлі. Шыныққан адам қимылдардың жетілген бағдары есебінен үнемді жұмыс жасай отырып, аз қуат жұмсайды және қимыл аппараты мен вегетативті қызметтердегі ығысу аз болады.

Спортшы ағзасының шекті жүктемелерді орындау кезіндегі реакциясы. Шекті жүктемелерді орындаған кезде шыныққан ағза көп қуат жұмсайды және оның қимыл және вегетативті жүйелерінің қызметінде шынықпаған адамның ағзасының шамасы келмейтіндей үлкен ығысулар туындайды.

Шектен тыс шыныққандық және зорығу.

Шектен тыс шыныққандық - спортшы ағзасында жүктемелер арасындағы жеткіліксіз тынығудан туындаған, шамадан тыс шаршаудың дамуынан пайда болған патологиялық күй. Бұл күйде қимыл және вегетативті қызметтер бұзылады, спортшының көңіл-күйі нашарлайды, жұмысқа қабілеттілік төмендейді.

Шектен тыс тынығуды жою – спортшы ағзасының қызметті күйіне сәйкес келетін тынығу және тынығу тәртібін сақтау.

Зорығу – қызметтердің жүйкелі және гуморалді реттелуі, алмасу процестерінің және гомеостаздың бұзылуынан туындаған ағзаның функционалді күйінің күрт төмендеуі. Зорығудың басты себебі – шаршауды ерікті күштенумен жеңу жағдайында берілген шамадан тыс ауыр және жеделдетілген дене жүктемелері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Overview of Soccer. Encyclopædia Britannica. Басты дереккөзінен мұрағатталған 12 маусым 2008. Тексерілді, 4 маусым 2008.
2. Guttman Allen The Diffusion of Sports and the Problem of Cultural Imperialism // The Sports Process: A Comparative and Developmental Approach / Eric Dunning, Joseph A. Maguire, Robert E. Pearton — Champaign: Human Kinetics, 1993. — P. 129. — ISBN 0-88011-624-2.
3. Dunning Eric The development of soccer as a world game // Sport Matters: Sociological Studies of Sport, Violence and Civilisation — London: Routledge, 1999. — P. 103. — ISBN 0-415-06413-9.
4. Team Sports // Catastrophic Injuries in High School and College Sports — Champaign: Human Kinetics, 1996. — P. 57. — ISBN 0-87322-674-7.
5. Қыдырмолдина, А. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері: оқулық / А. Қыдырмолдина. - Алматы : ЖШС РПБК Дәуір, 2014. - 528 б. http://e-lib.dulaty.kz/ISBN_978-601-217-478-6

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

АЛИМКУЛОВА КЫМБАТ АСКАРОВНА

№1 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

ӘБІЛХАН АЯУЛЫМ

№1 орта мектептің оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Резюме. В статье рассмотрены эффективные способы критериального оценивания достижений младших школьников.

Summary. The article discusses effective ways of criteria-based assessment of the achievements of younger schoolchildren.

Бастауыш білім берудің мақсаты – кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен дамып, өрлей түскені жай ауызекі тілде ғана ойын жеткізуден, күрделі мәтіндер құра білу дағдылары шыңдалып, тілдік құзыреттіліктері шыңдала түседі. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда.

Оқушылардың және олардың ата-аналарының әрбір индивидумның жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын толыққанды білімге құқықтарын қамтамасыз ету үшін жағдай жасаған маңызды. Оқудың нұсқалары мен әдістерінің көптүрлілігі көрсетілетін білім беру қызметінің сапасы туралы объективті ақпаратпен ілесуі тиіс, оны білім алушылардың жетістіктерін бағалау үрдісінде айқындауға болады.

Бастауыш мектептің бірінші сыныбында ресми білім алу бірінші сынып оқушыларының мектепке жайлы бейімделуі үшін бағалаусыз оқыту қағидаттары негізінде құрылған. Іс жүзінде бастауыш мектеп білім алушыларының жетістіктерін бақылаудың және бағалаудың балама жүйесі табысты қолданылуда. Білім алушылардың, соның ішінде бастауыш мектеп оқушыларының да жетістіктерін бағалаудың ұтымды нұсқасы болып критериймен бағалау жүйесі табылады.

Критериалды бағалау технологиясының қолданысы білім алушылардың жетістіктерін нақты анықталған, алдын-ала белгілі критерийлермен салыстыруды көздейді, әлдебір оқу материалының қаншалықты сәтті меңгерілгенін, әлдебір практикалық дағдының қаншалықты қалыптасқанын анықтап, әр білім алушының жалпы дайындығы деңгейіндегі өзгерістерді де, оның түрлі танымдық аяларындағы табыстары динамикасында тіркеуге мүмкіндік береді.

Критерийлік бағалау жүйесінің білім беру үрдісіндегі қолданысы білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жеке пәннің мақсатты нұсқаларымен байланыстыруға, сонымен қатар білім алушылардың бастауыш мектептегі құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі параметрлерді (критерийлерді) қолдану арқылы анықтап, көтеруге мүмкіндік береді.

«Бағалау» сөзі латын тілінен тікелей аударғанда «жақын отыру» деген мағына беретіні кездейсоқ емес, сол арқылы ол бағалаудың мәнін білдіреді, мысалы, бір адам екінші адамның не айтып отырғанын немесе не істеп отырғанын мұқият бақылайды немесе өзін-өзі бағалау жағдайында оқу үдерісіне ой жүгіртеді.

Бағалау – оқу үдерісі мен нәтижесі туралы ауқымды түсініктен тұратын педагогикалық үдерістің маңызды элементі. Ол–білім алушылардың оқу бағдарламасы бойынша алған білім,

білік, дағдысын немесе олардың шығармашылық бағыттағы тұлғалық даму деңгейін анықтауға, арттыруға және түзетуге көмектесетін тәсілдің бірі. Бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін әр түрлі сапалық және сандық бағалау түрлері, құралдары, әдістері мен формаларынан тұратын жүйе ретінде іске асырылады. Ол тек оқудың соңғы оқу нәтижесін қорытындылауда ғана емес, сонымен бірге оқу және оқыту үдерісімен толықтай және үздіксіз бірге жүріп отырады. Бағалау үдерісі оқу үдерісін жақсартуға ықпал ететіндіктен бір-бірімен тығыз байланысты және оқыту әдістемесін өзгертіп жаңартуға, оқу және оқыту тәжірибесін жетілдіруге көмектеседі. Оқушылардың оқудың негізгі тұжырымдарын, логикасын және үдерісті дұрыс түсінуі басты назарға алынады. Сондықтан бағалау – оқу бағдарламасы, мақсаты, оқу мазмұны және әдістемелерімен тығыз байланысты болуы керек.

Бағалау мен оқыту үдерісі мақсатының үйлесімділігі нақты күтілетін нәтижені көруге көмектеседі. Себебі, бағалау арқылы оқушылар мақсатқа қол жеткізу үшін не қажет болатынын түсінуге мүмкіндік алып, сонымен қатар олардың осыны істей алатындықтарына сенімін нығайтады. Оқушылар дамуға қол жеткізіп, өзін-өзі реттей алады. Мұғалім бағалауды оқыту нәтижесіне жету құралы ретінде қолдануы тиіс. Сыныптағы бағалау негізінде алынған ақпараттар арқылы мұғалім де, оқушы да тең дәрежеде оқыту және оқу әрекеттерін анықтай алады. Бұл ақпараттар әртүрлі жағдайда қалыптастырушы бағалау қызметін атқарады:

Бағалау - оқу туралы шешім қабылдауға және жақсартуға мүмкіндік беретін, оқушының оқып үйренуі туралы ақпаратты жинау, суреттеу, түсіндіру үдерісі ретінде қарастырылады. Білім сапасын бағалаудың әрбір деңгейінің өзіндік ерекшеліктері болғанымен, олардың шешетін міндеті ортақ білім сапасын ары қарай дамыту мақсатында оның дәрежесін анықтау және оны жетілдіруге қажетті ұсынымдарды дайындау болып табылады.

Оқуды бағалау – оқудың өз нәтижесіне жеткенін анықтайтын бағалау түрі. Оқуды бағалау оқушының қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оқуды бағалау – белгілі бір уақытта оқушы жетістігін жинақтап көрсететін бағалау түрі. Ол оқу үдерісі аяқталған соң жүреді. Оқу үшін бағалау оқып-үйрену үдерісі жүріп жатқан кезде мұғалімдер мен оқушыларға өздерінің оқытуы мен оқуынан хабар беріп отыру үшін қолданылады. Оның мақсаты – оқушы білімінің жиынтық бағасы қойылмай тұрып, үдеріс жүріп жатқанда үйренуді қалай жақсартуға болатынын анықтау. Оқу үшін бағалау оқушылардың уәжі мен қызығушылықтарын арттыруда үлкен рөл атқарады.

Қалыптастырушы бағалау жүйесінде ақпарат сұрыптау, сабақ кезінде жан-жақты бағыттарда жұмыс істеу, оқушының ойлауы, олардың нені және қалай үйреніп жатқаны, олардың білім алуында қандай түсінбеушіліктер мен кедергілер орын алуы мүмкін жағдайлар қарастырылады. Жиынтық бағалауға қарағанда қалыптастырушы бағалау сыныптағы мұғалімдер мен оқушыларға оқыту мен оқуды жақсарту үшін тікелей және тез арада қолдануды көздейді.

Топтық бағалау оқу үдерісіне қатысушылардың бірлесіп бағалауына негізделген. Кейбір тапсырмалардың нәтижесін бағалауда оқушының жеке бағалауына қарағанда топтық бағалау шынайы болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл бағалаудың нақты критерийлерін құруға, оқу проблемаларын түсінуге және кері байланыс жасауға тиімді. Топтың мүшелері жақын арада аяқталған жұмыстарға ерекше назар аударып, бір-біріне белгілі бір критерийлерге сәйкес жұмысты бағалауға көмектесуге және жетілдіруге арналған тәсілдерді ұсынуға дағдыланады.

Өзін-өзі бағалау оқушыларға өз жұмысын бағалауға бағытталған. Оқушыларға оқу дәлелдемелерін жинауға, олардың мағыналарын өзінше түсіндіруге, өз жұмыстарын салыстыруға және өзгерістер мен түзетулер енгізуге көмектеседі. Оқушылар рубрикалар немесе тексеру парақтары арқылы оқытудың нақты критерийлеріне және мақсаттарына сәйкес өзіне баға қоя алады. Өзін-өзі бағалау арқылы өз оқуындағы дамуды қажет ететін әлсіз тұстарды анықтап, түзетілген жаңа мақсатқа қол жеткізудегі алға басуды бақылай алады. Жасаған жұмыс барысына сәйкес пікір, тапсырмаға қатысты өз күшін бөлуде терең ойлануға дағдыланады.

Объективті бағалау – тек жалғыз дұрыс жауабы болатын бақылау формасы немесе «Бір жауапты тапсырмалар» деп те аталады. Дұрыс жауаптардың ұпайының кілтін емтихан алушы немесе компьютер анықтайды. Бұл бағалаудың тиімділігі – ұпайды шығару жеңіл, объективті және сенімді. Жеңіл немесе күрделі тапсырмалардың нәтижелерін өлшеу мүмкіндігіне қарай оның анық және жоғары деңгейде жасалу сапасын анықтауға болады. Қазіргі кең тараған электрондық немесе онлайн режиміндегі тапсырмаларға объективті бағалау жиі қолданылады.

«Субъективті бағалау – берілген тапсырманың бір немесе одан да көп жауаптары (немесе дұрыс жауап берудің бір немесе одан да көп жолдары) болатын бақылау формасы. Оны «Бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар» деп те атайды. Бағалаудың бұл түрі оқушылардан берілген тапсырманың жауабын таңдаумен қоса, ол жайлы қосымша мәлімет жазуды да талап етеді. Бірнеше дұрыс жауапты талап ететін бағалау тапсырмалары емтиханның бір бөлігі ретінде де қарастырылады. Ол оқу нәтижелерін, синтез бен анализдің жоғары деңгейін өлшей алады. Эссе түріндегі тапсырмаларды құрастырып дайындау бірнеше жауапты талап ететін тапсырмаларға қарағанда аз уақытты қажет етеді. Субъективті бағалаудың қиындығы – ұпайларды есептеуде уақыттың қажеттілігі, субъективтілік және күмән келтіретін сипатта болуы [1,326.]»

Ішкі бағалауды мектеп (яғни, мұғалімдер) өзі белгілеп, жоспарлайды. Іштей бағалау – біз өзіміздің бағалау құралдарымызды (оқушылардың оқыту нәтижесіне қол жеткізгендігін пайыздық көрсеткіш арқылы беруді) объективті және сенімді деп ойлаймыз. Дегенмен, оқушы да, мұғалім де осы бағалау өлшемінің нақты емес екендігін біледі. Оқушылар бағалаудың арқасында өз бағаларымен танысып, кері байланыс алады.

«Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым»

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер қолданған, ол әдеттегі мінез-құлық моделінің жиынын анықтау үдерісін, оқушылардың оқу жетістігі деңгейінің шамасы мен қолжетімділігінің арасындағы сәйкестікті сипаттады. Бұл оқушы әрекетін алдын ала анықталған критерийлерді тіркеп жинақтау арқылы бағалауды білдіреді. Глейзер критериалды стандарттағы бағалаудың басқа білім алушылар жетістігіне тәуелділік пен салыстыруға қатысы жоқ екенін, сондай-ақ, әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпараттануға бағытталғандығын атап көрсетті.

Жаңа білім беру моделіне көшу жағдайында жалпы орта білім берудің мақсаты – жалпы орта білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, оның тез өзгертін әлемде табысқа жетуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық игіліктері үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту.

Құзіреттілік тәсіліне негізделген жаңа білім мазмұнның базалық принципі – тұлғаның адамгершілік-рухани қасиеттерін дамытуды ынталандыратын ізгі білім беру ортасын құру: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жетілдіру, коммуникативтік дағдыларды, ақпараттар мен технологияларды басқара білуі, проблемаларды ұтымды шешу, іскерлік пен креативтілікті қалыптастыру, тұлғаның өздігінен дамуы мен дербестігін қамтамасыз ету.

Критериалды бағалау жүйесін енгізу жүйелі негізде кезеңдер бойынша жүргізіледі. Критериалды бағалау – нақты анықталған, ұжымдасып жасалған критерийлермен оқушылардың оқудағы жетістіктерін салыстыруға негізделген және оқушылар, ата-аналар мен педагогтар үшін түсінікті, білім мазмұнына және мақсатына сәйкес процесс. Оқу мақсатын және жетістік критерийлерін анықтау оқытуды жақсартуда маңызды рөл атқарады. Сыныпта қалыптастырушы бағалау қолдануда жетістік критерийлерінің орны ерекше, себебі күтілетін нәтижеге жету үшін және оқуды жақсарту үшін жетістік критерийлері тиімді құрал болып табылады.

Оқушылардың оқу мақсаттарын білуі мен түсінуіне қалай жетуге болады: бастапқы кезеңде мұғалім сабақ мақсаттарын айқындап, оларды оқушыларға түсіндіріп, бірге талқылайды; күнделікті талқылаулар келешекте оқу мақсаттарын бірге айқындау дәстүріне айналуы мүмкін. Кері байланыс – бұл мақсатқа алып баратын нақты әрекеттер, жағдайлар туралы пікірлерді беру және алу үдерісі. Кері байланыс мұғалімге оқыту үдерісі қалай жүріп жатқаны туралы, оқушылардың жетістіктері мен проблемалары туралы түсінік береді. Кері байланыс екі түрде өтеді: ауызша; жазбаша.

Жиынтық (суммативті) бағалау – бұл белгілі уақытта тақырыпты, тарауды үйрену соңында оқушының білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасу деңгейін анықтау. Жиынтық

бағалау мақсаты – белгілі уақыт ішінде оқушының білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасу деңгейін және алынған нәтижелердің стандарт талаптарына сәйкестігін анықтау.

«Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктерінің бірі критериалды бағалау жүйесін енгізу және критериалды бағалауды дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Бағалау – білім алушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үрдісіне қатысушылардың (білім алушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар, және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы білім алушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс. Білім алушылар бастауыш сыныптан бастап өз білімдерін арттыру үшін бағалауды үйренуі қажет. Білім алушы үшін өз оқуын жақсартуда кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс істеген тиімді. Бұл үдеріс олардың терең түсінуін, қызығушылықпен қатысуын және ықыласпен әрекет етуін қажет етеді» [2, 196.].

Критериалды бағалау 2 бағалауды қамтиды: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау оқушының күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтаса, ал жиынтық бағалау оқушының бір тарауға байланысты қалыптастырған білім деңгейін анықтайды. Қалыптастырушы бағалау күнделікті сабақта жүзеге асады. Мұғалім игерілетін тақырыптың оқу мақсатына жетуде түрлі таңдалған әдіс-тәсілдерді қолданып, білім алушының жан-жақты қабілеттерін ашуға бағыттайды. Daryn.online платформасымен сабақта тікелей конференция өтуде алдын ала дайындалған слайд-презентация, бейнежазба қолданып көрсетуге мүмкіндік бар. Әр тапсырманы берілген қадамдар (дескриптор) бойынша білім алушылар орындап, тиімді кері байланысты jamboard тақтасы, padlet арқылы бергенде тікелей экранда әр балаға орындалған тапсырманың қаншалықты дұрыс екені өте қызықты көрінеді. Әр білім алушының тақырыпты түсінуде қатемен жұмыс, түзету жұмысын жүргізгенде функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Можаева О.И., Шилибекова А.С. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен.- Астана:«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016 ж.

2.Тұрғынбаева Б.А.Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. - Алматы, 2009 ж.

ӘОЖ 371.8

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНА ОҚИТУ

АСЕТОВА МӨЛДІР ҒАЗИЗҚЫЗЫ

Primary Lyceum Призма бастауыш лицейінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассматривается вопрос применения игровых технологий в начальных классах, направленных на активизацию познавательной активности и интереса школьников при изучении материала.

Summary. This article examines the issue of using gaming technologies in elementary grades aimed at activating the cognitive activity and interest of schoolchildren when studying material.

Ойындар – оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін ұштайды. В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл - ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», - деген екен. Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, Қазақстан Республикасының дамыған елдерімен иық

тіресіп тұру үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс - әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті.

«Ойын» технологиясының мақсаты – оқушыларға жаңа білім-білік дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету, зерттеу жұмыстарына бағыттау. Ойын арқылы оқыту технологиясы – балама варианттарды таңдап алу негізінде қойылған міндеттерді шешу біліктерін қалыптастыратын әр түрлі ойындарды қолданудың жүйесі, бала үшін оқытудың табиғи түрі. Ол - оның өмірлік тәжірибесінің бір бөлігі. Мектептегі оқушы өмірінің көп бөлігі 45 минуттық сабақ кезінде өтеді. Міне, осы кезде оқушы тек білім алып қана қоймай шығармашылықпен зерттей білуге үйренуі керек. Білімді алуда іс - әрекетке үйренген баланың бойында алған білімі ұзақ уақыт сақталады және ол жұмыс істеуге, ізденуге, таңдауға, т. б. үйренеді. Сол үшін ескі дәстүрлі сабақтан қашып, ең озық, тәжірибеден өткен технологиялардың бірінің тиімділігін сәйкес таңдау қажеттілігі туады. Біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келеді. Ал зерігу болған жерде шығармашылыққа жол жоқ. Бастауыш мектепте баланың жетекші қызметі ойыннан оқу қызметіне ауысады. Ойын технологиялары проблемалық жағдайлар жасау үшін пайдаланылады. Оқу ойын жағдайының негізі оқушылардың қызметінің бір бөлігі шартты-ойын жоспарында жүзеге асырылатын ойын моделдеу болып табылады. Проблемалық жағдайды балалар жай ғана шешпейді, олар ұтады (өмір сүреді), осыған байланысты балалар жаңа білім ғана емес, қажетті практикалық тәжірибе де алады. Ойын технологияларының нәтижелілігі жүйелеуге және оларды пайдаланудың дәйектілігіне байланысты. Сондай-ақ технологияны әртүрлі ойындармен толықтыру, ойындардың мақсаттылығы мен оқу міндеттеріне сәйкестігі, оқытудың өзге де әдістерімен және құралдарымен үйлесімділігі маңызды.

Ойын технологияларының нәтижелілігі жүйелеуге және оларды пайдаланудың дәйектілігіне байланысты. Сондай-ақ технологияны әртүрлі ойындармен толықтыру, ойындардың мақсаттылығы мен оқу міндеттеріне сәйкестігі, оқытудың өзге де әдістерімен және құралдарымен үйлесімділігі маңызды. Ойын технологияларын қолдану оқушылардың оқу процесіне танымдық қызығушылығын, ақыл-ой белсенділігін арттырады, шаршауды төмендетеді. Оларды пайдалану оң эмоциялық жағдайға және тапсырмалардың мүмкіндігін сезіну атмосферасына кепілдік береді. Ойын технологияларын пайдалану достық ұжымды қалыптастыруға, оқушылардың жауапкершілігі мен өзара көмегін тәрбиелеуге, оқушылардың өзін-өзі танытудағы дербестігін дамытуға ықпал етеді. Әрбір ұстаздың мақсаты - сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай - ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі - «Ойын арқылы оқыту» технологиясы. «Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді.

Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс - әрекет деп түсінеді.

Педагогикалық ойындар мынадай жіктемеге ие:

- Қызмет түрі бойынша: дене, зияткерлік, еңбек, әлеуметтік және психологиялық;

- Педагогикалық үрдістің сипаты бойынша:

1. оқыту, жаттығу, бақылау және қорытындылау;

2. танымдық, тәрбиелік, дамытушылық;

3. репродуктивті, өнімді, шығармашылық;

4. коммуникативтік, диагностикалық, кәсіптік бағдарлау және т.б.;

- Ойын әдістемесінің сипаты бойынша: пәндік, рөлдік, имитациялық және т.б.;

- Ойын ортасы бойынша: заттармен, заттарсыз, компьютерлік және ТСО-мен, бөлмелі және т.б.

Сабақтың түрлі кезеңдерінде ойындарды қолдану: жаңа материалды зерделеу, білік пен дағдыны қалыптастыру, білімді қайталау және бекіту, білім мен дағдыны тексеру, білімді жалпылау.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу материалымен, мұғаліммен және сыныптастармен өзара іс-қимылы оқу-танымдық ретінде құрылады, бұл ретте мұғалім жай ғана ақпарат көзі емес, сабақ материалына танымдық қызығушылықты қалыптастырудың ұйымдастырушы бастамасы

болып табылады. Бұл әсіресе ойын технологиялары жаңа материалды зерттеуде әдіс ретінде пайдаланылатын жағдайлар үшін өзекті.

Сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын ойындарды төмендегідей топтастыруға болады. Әрбір ойынның бала үшін білімділік мақсаты ғана емес, тәрбиелік, танымдық мақсаты зор. Сабақтарда дидактикалық ойындарды пайдалана отырып, тәрбие міндеттері де шешіледі, мысалы, шыдамдылық пен төзімділікті тәрбиелеу, ұқыптылық пен басталған істі соңына дейін жеткізе білуді қалыптастыру. Топтық жұмыста - басқа оқушылардың пікірін тыңдай отырып, өз атына сынға шыдамдылықпен қарай отырып, өз жолдастарының қателіктері туралы ұқыптылықпен айта отырып, бірлесіп жұмыс істей білуді дамыту; көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдылары, алға қойған мақсатқа жету ниеті мен білігі қалыптасады.

Сабақтарда динамикалық үзілістерді және әртүрлі гимнастиканы (саусақты, тыныс алу) қолдану өте маңызды.

Ұлттық дидактикалық, логикалық ойындар: «Ақсүйек», «Көкпар», «Қанталапай», «Арқан тартым», «Көксерек-мөксерек», «Мың бір мақал», «Ғажайып алаң», «Сергіту сәті», «Сөз құрау», «Жұмбақ есеп», «Әріпті кубиктер».

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қою.

- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.

- Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.

- Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.

- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.

- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.

- Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.

- Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Ұлттық ойын ойнау баланың салт - дәстүріне, әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Мәселен, ұнамды әдеттер - өзара қарым - қатынастар, адамгершілік сезімдері дамиды. Еңбек ету барысында ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздық сезімдер сияқты қасиеттер қалыптасады. Оқушының бәрі жақсы оқығысы келеді. Бірақ олардың ақыл - ой қабілеті бағдарламадағы берілген материалды ұғуға бірдей емес. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі - грамматикалық ойынның түрлері.

Ойын элементтерімен қамтылған сабақтар бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылықтарын дамытуға айтарлықтай ықпал етеді. Ойын кезінде оқушы - танымдық қызметке толық құқылы қатысушы, ол өз алдына міндеттер қояды және оларды шешеді. Ол үшін ойын - алаңсыз және оңай уақыт өткізу емес: ойнаушы оған барынша күш, ақыл, шыдамдылық, дербестік береді. Алайда ойын өзіндік мақсат емес, пәнге деген қызығушылықты дамыту құралы болуға тиіс, сондықтан оны ұйымдастырған кезде мынадай талаптарды ұстану қажет:

1. Ойын ережелері қарапайым, дәл тұжырымдалған, ал ұсынылған материалдың математикалық мазмұны оқушылардың түсінігіне қолжетімді болуы тиіс.

2. Ойын кезінде пайдаланылатын дидактикалық материал пайдалануға ыңғайлы болуы тиіс, әйтпесе ойын тиісті нәтиже бермейді.

3. Әрбір оқушы ойынның белсенді қатысушысы болуы тиіс. Ойынға қосылу үшін өз кезегін ұзақ күту балалардың осы ойынға қызығушылығын төмендетеді.

4. Математика сабақтарын өткізу кезінде ойын сипатында белгілі бір өлшем болуы тиіс. Оның асып кетуі балалардың ойын ғана көруіне әкелуі мүмкін.

5. Ойын барысында оқушылар математикалық сауатты пікірлерін айтулары керек, олардың сөйлеген сөздері дұрыс, нақты, қысқа болуы керек.

6. Ойынды осы сабақта аяқтап, нәтиже алу керек. Тек осы жағдайда ғана ол оң рөл атқарады.

Ойын - денсаулықты сақтайтын технология. Оқу процесінде балалардың денсаулығын сақтау маңызды, сондықтан педагог балалармен түрлі аурулардың алдын алу және денсаулықты нығайту

бойынша іс-шаралар яғни ойын элементтерін тиімді қолдана алуы қажет. Ойын сәтті жағдай жасайды. Балалар өмірді дәл осы ойында біледі.

Мұғалім мамандығын таңдай отырып, мен оған саналы түрде бардым. Мен көп күш пен табандылық керек екенін білетінмін. Бірақ менің балаға деген сүйіспеншілігім бар. Осыншама жылды балаларға арнағанымды мақтан тұтамын және өзімді басқа мамандықта ойламаймын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ысқақов А. «Қазіргі қазақ тілі». «Ана тілі», 1991ж
2. Исаев С. «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты». – Алматы, 1997ж
3. «Педагогика жаршысы» №4, 2010, №3 2010ж,
- 4 12 жылдық білім журналы. №4, 2006ж
- 5 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №2, 2005, №11, 2007, №1, 10, 2008, №4, 9 - 2009ж

ӨОЖ 37.245.036

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ МӘНЕРЛЕП ОҚУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЖАНАБАЕВА САЛТАНАТ АМАНТОРЕЕВНА

Шерхан Мұртаза атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются навыки выразительного чтения учащегося на уроках литературы.

Summary. The article discusses the student's expressive reading skills in literature lessons.

Сөйлеу мәдениетіне барар жолдың бастауы мәнерлеп сөйлей білу. Бастауыш білім беру-жалпы білім беру жүйесінің алғашқы маңызды сатысы да сол кезең. Оқыту жүйесіне жеткізетін іс-әрекеттер, оқу дағдысының сапалы орындалуы, білім алуға икемділікпен жетелейтін бірден бір қалыптастырушы құрал. Осы дағдыны кез келген жаңа оқуға бейімдей алса, оның алдынан шығармашылық ізденіс жолы айқын ашылады. Орындалған түрлі іс-әрекеттер арқылы білім алушы өзін қоршаған айналамен, қоғаммен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Олай болса мәнерлі сөйлеу икемділігі оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасының мазмұнында үлкен мән бар.

Ендігі кезекте білім, дағды, икемділік деген ұғымдар анықтайық.

Білім бұл ережелер, заңдылықтар, идеялар, теориялар, қорытындылар түрінде кездесетін шындықтың түрлі салалары бойынша адамзат жинақтаған үлкен тәжірибе. Білім адам санасына түсінік пен ұғымдар түрінде қалыптасады.

Икемділікті көп жағдайда өз қолданысын тапқан, қандай да бір іске асырылған, ақыл ойдың саналы мақсатын меңгеруге бағытталған ерекше қызыметі деп көрсетеді.

Дағды дегеніміз іс-әрекеттің барысында қайталап жаттығудың нәтижесінде қалыптасқан тәсіл. Олай дейтін себебім, бүгінгі қозғап отырған тақырыбыма осы дағдының тікелей қатысы бар. Өйткені адамның мәнерлеп сөйлеуі үнемі қолданысқа қолданылатын болса, бұл дағдыға айналады. Осындай әрекетпен адамның қоршаған ортамен байланысу барысында ой өрісі ашылады. Сөйтіп икемділік пен дағды төменгі сынып оқушыларының алға жетілуіне білімдік қызметін атқарады.

Міне сондықтан білім алушыға дағды туралы түсінік бермей, ақыл ойын дамыту жағы ғана ескерілсе, онда ол жетілдірудің күшті тірегінен айырылар еді.

Әдебиетте образ туралы түсінік беретін болсақ кейіпкер көркем шығармада суреттелетін адам, әдеби образ. Әдебиетте адамның көркем образын жасағанда жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерді де анық байқалатындай етіп суреттейді.

Кейіпкер бейнесін суреттеу үшін қоғамдық өмірді жан-жақты, терең зерттеп білу шарт. Әр кейіпкердің көркем бейнесі оның өз сөзі арқылы ашылады. Көркем шығармада жан-жақты толық суреттелетін негізгі тұлға-басты кейіпкер.

Көркем шығармада сөзбен сомдалған кез келген құбылысты образ дейді. Образ тек шындықты бейнелеп қана қоймай, оны жинақтайды. Образ сөзбен салынған сурет. Енді осы кез-келген кейіпкердің образын мәнерлеп сомдап шығудың өзі үлкен өнер.

Мәнерлеп оқу-әдебиетті талдаудың негізгі көзі. Мәтінде әр буында, сөзде, сөз тіркесінде, әрі бір сөйлемде орныққан дауыс ырғағы сол сөзді баяндап тұрған кейіпкердің жан дүниесін мәнерлеп оқып тұрған оқушыға бірден ұғындыратыны сөзсіз. Мемлекетіміздің жалпыға бірдей міндетті стандартында бастауыш кезеңіндегі «Ана тілі» пәнінің негізгі міндеттерінің бірі, оқушының оқу дағдысын қалыптастыратын оның дауыстап оқуы, іштей оқуы, дұрыс оқуы, саналы оқуы, мәнерлеп оқуы болып табылады. Оқушы мәтінді түсініп оқуы қажет. Ал түсініп оқу үшін дұрыс оқу керек. Мәнерлеп оқылған мәтін оқушының өзіне де екінші тыңдаушыға да нақты түсінікті жеткізіледі және сол мәтінге деген қызығушылығы артады. Сонымен қатар мәтіндегі кейіпкердің көңіл күйін сезіне біледі. Сондықтан да мәнерлеп оқуды бастауыш сыныптан яғни сауат ашу кезеңінен бастаған жөн. Мәнерлеп оқуда темп пен ритмге көп көңіл бөлген жөн. Ритммен оқудың орны ерекше мәнге ие. Оқыған кезде ырғаққа аса көңіл бөлген жөн. Өйткені ауызша сөйлеуде де, мәнерлеп оқуда да ырғақтың орны бөлек.

Ырғақ дегеніміз-өлең сөзбен қара сөздің дауыс толқынының бірде бәсең, бірде көтеріңкі болып келуі. Бұған мысал Абайдың И.А.Крыловтан аударған «Шегіртке мен құмырсқа» атты мысал өлеңін алайық. Бұл мысал өлеңде шегіртке мен құмырсқаның сөздеріне қарай бірнеше бөліктерге бөлінеді. Сонда бұлардың сөйлеген сөздері әрқайсысының өзіне тән көңіл-күйі, ой сезіміне сәйкес дауыс ырғағымен оқылуы керек.

Осындай зерттеу жұмысымының барысында мәтінді мәнерлеп оқып, еркін оқып, дауысымызды сөйлем ырғағына қарай құбылтып, оқушыларыма әсер қалдыратындай, қызықтыра оқуды үнемі қолданамын. Осы бағытпен оқушыларға сөйлемді оқыған кезде әрібір тыныс белгісінің мәнін ұғуды, қарапайым сөйлемді нақышына келтіре оқуды, әрібір кейіпкер сөзін сол кейіпкер бейнесінде толғай білуге, оның ойын дұрыс айтып жеткізуге үйретемін.

Осындай еңбегімнің арқасында оқушыларым көркем әдеби қойылымды қызықты кейіпкерлердің бейнесіне еніп, әрібір сөзін нақышына келтіре орындап, көрерменнің көңілдерінен шығып жүргені ата-аналарын да өзімді де қуантады.

Осы қасиеттерді оқушының бойына қалай меңгертуге болады?

1. Алдымен оқушыға мәтінді өзім оқып таныстырамын.
2. Мәтіндегі тыныс белгілерінің ерекшеліктеріне назар аудартамын.
3. Оқушыға іштей оқытып, сөйлем немесе шумақ мазмұнын ұғып алуына мүмкіндік беремін.
4. Мәтінді оқушыларға тізбектеп жалғастыра оқытамын (бұлай оқыту оқушы бірін бірі тыңдауға дағдыланады)

5. Мәтіндегі кейіпкер сөзінде диалог болса оқушының сол кейіпкердің бейнесіне енуге, дауыс ырғағын келтіруге жағдай жасаймын.

6. Оқушыға оқулықтан тыс әдеби шығармаларды оқып, оны топ алдына мазмұндауына мүмкіндік беремін. Бұл баланың әдеби шығармаларға деген қызығушылығын арттырады.

7. Мәнерлеп оқуды өте жақсы меңгерген оқушыларды топ алдына шығарып мадақтап отырамын.

Бұндай тапсырмалар сабақтың өн бойында және үй тапсырмаларын сұраған кезде орындалып отырады.

Мәнерлеп оқуда дауыстың маңыздылығы зор. Дауыс еркін шығу үшін жаттығулар жасап отырған жөн. Әр дыбыстың анық, нақты дауыс ырғағына қарай дыбысталуын бақылап отыру қажет.

Бастауыш сыныптарда оқушылар көбіне диалогты мәтіндерде кейіпкердің дауыс ырғағына салып оқуға ұялады, қысылады. Сол кезде мәнерлеп оқумен дұрыс оқымауды салыстыра көрсетемін. Ал бұндай оқу оқушының өзіне де ұнамайтыны сезіледі. Ондай жағдайда сол диалогке оқушымен біргіп өзім мәнерлеп оқимын. Одан әрі оқушының оқуға деген қызығушылығы артып, бір-бірімен таласып оқуға құштарлығы ашылады.

Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Сөздің асыл болуы-адамға ұнауымен. Сөз мағына жағынан күштілігімен, көркемділігімен ұнайды».

Мәнерлеп оқу жолдарын толық меңгерген оқушы «сөз асылын» табатын, «сөз мағынасын» ұғатын, «дарынды сөзді» тани білетін тұлға болып қалыптасады. Сөзімді қорыта келгенде мәнерлеп оқудың анықтамасы қалай болмақ? Бұл жөнінде С.Тілешова: «Мәнерлеп оқу дегеніміз-көркем шығарманы әдеби тілдің орфоэпиялық ережесін,шығарманың тақырыбын,идеялық мазмұнын түсініп, белгілі бір жылдамдықпен дауыс ырғағын сақтай отырып оқу»деген. Ал дұрыс оқи білу оқушыны шығармаға сүйсіндіру,оның көркемдік ойын тереңдету,жазылған шығарманы бағалау.

Қазақ әдебиетінде мәнерлеп оқудың қыры мен сыры көп.Әдебиетті танып білуге кіріскен,жаңалыққа жаны құмар зерттеуші ретінде сезініп,үнемі ізденіп білімге құштар болған адам ғана үлкен жетістіктің иесі болатыны хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақ ұлттық энциклопедиясы. - А., 2010ж.
- 2.Әдебиеттік оқу оқулығы. - А., 2019ж.
- 3.Ахметов З. «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі». - А., 2018ж.
- 4.Нұрмаханова Н. «Мәнерлеп оқу практикумының программасы». - А., 2021ж.
- 5.Қабдолов З. «Әдебиет теориясы негіздері». - А., 2015ж.

ӨОЖ 373.895.12

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

КИСТАУБАЕВА ЕРКИНАЙ СЕРИКОВНА

Шерхан Мұртаза атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Обучение учащихся начальных классов по обновленным методикам требует инновационного подхода и учета современных технологий.

Summary. Teaching primary school students using updated methods requires an innovative approach and taking into account modern technologies.

Бастауыш сынып оқушыларын жаңартылған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқыту жаңашыл көзқарас пен заманауи технологияларды қарастыруды талап етеді. Қазіргі таңда жаңартылған әдіс-тәсілдер жетіп артылады. Алайда, олардың ішінен төмендегі әдістерді бөліп қарастыруға болады. Мәселен:

Интерактивті тақтаны қолдану:

Интерактивті тақтаны қолдану арқылы дәріс сабақтарын ұйымдастырып өткізу оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына, мультимедиялық ресурстарды және әртүрлі білім беру қосымшаларын пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, графиктер мен диаграммаларды, карталарды және басқа да көрнекі элементтерді пайдалана отырып, оқу материалын визуальды түрде қабылдауға жағдай жасайды. Бұл әдіс өз кезегінде оқушылардың түсінігін арттырады. Ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтауға ықпал етеді.

Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушы сұрақтарға жауап беріп, ақпаратты өңдей алатын болады. Яғни, бұл әдіс арқылы интерактивті оқу ортасын құруға болады. Және де аталмыш тақта арқылы мұғалім мен оқушы әртүрлі онлайн білім беру ресурстарына қол жеткізіп, өздерінің білім көкжиектерін кеңейтеді. Мұғалім мен оқушы кері байланыс орнатып, материалды түсіну деңгейін бағалайды.

Жалпы, интерактивті тақта сабақты оқушылардың жеке қажеттіліктеріне қарай бейімдей алады. Ал, бұл дербес оқыту мүмкіндігін тудырып, әр оқушыға материалды тиімді меңгеруге көмектеседі. Оқушыларға мәселелерді шешу, идеяларды талқылау, жобалар құру сынды маңызды мәселелерді оңай әрі тиімді шешуге жағдай жасайды. Топтық дағдыларды дамытып, әлеуметтік өзара әрекеттесуге ықпал етеді.

Интерактивті тақтаны пайдаланудың ең тиімді тұсы – уақыт үнемдеу. Ол арқылы оқу материалдарын жасау және дайындауға уақыт салыстырмалы түрде аз кетеді. Яғни, мұғалім жаңа сабақты, жаңа ақпаратты тікелей тақтадан көрсетіп, өңдеп, сақтай алады. Сондай-ақ, бейне, аудио, сурет пен мәтінді қоса алғанда оқытудың әртүрлі форматтарын оңай әрі жоғары сапада қолдануға болады. Оқушыларда интерактивті тақтаны қолдана отырып, өз жобаларын, презентацияларын көрсетіп, өз шығармашылықтарын еркін әрі креативті жеткізе алады.

Жобаға негізделген оқыту:

-Оқушыларға тақырыптарды өз бетінше зерттеуге, есептерді шешуге және өз жобаларын ұсынуға мүмкіндік беретін жобалық оқыту әдісін енгізу. Бұл сыни ойлау мен шығармашылық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Сабақ барысында аталмыш оқыту түрі білім алушылардың академиялық, әлеуметтік және практикалық дағдыларын дамытуға арналған көптеген артықшылар береді. Мәселен, жобалық оқыту оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын талап етеді. Оқушы ақпаратты талдауға, негізгі аспектілерді анықтауға және негізделген шешім қабылдауға бейімделіп, сыни ойлау дағдысын дамытады.

Негізінен, жобалық оқыту оқушылар арасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді. Өзін-өзі тәрбиелеуге жағдай жасайды. Мысалы, аталмыш оқыту барысында оқушы көбінесе ақпаратты өздігінен іздеуге дағдыланады.

Жобалық оқыту оқушылардың топтық байланыс барысында тыңдау, кері байланыс ортану, жанжалдарды шешу қабілеттерін қоса алғанда, топтық жұмыс дағдыларын дамытуды талап етеді.

Сонымен қатар, жобалық оқыту формативті бағалауды енгізуге мүмкіндік береді. Бұл дегеніңіз, аталмыш оқыту жобаның орындалу барысына қарай оқытуды бағалайды, бұл нәтижелерді үздіксіз жақсартуға ықпал етеді.

Ынтымақтастық жолмен оқыту әдістері:

-Оқушылар топта жұмыс жасап, ой алмаса алатын, мәселелерді бірлесіп шешетін бірлескен оқыту әдістерін қолдану. Бұл қарым-қатынас дағдыларын және әлеуметтік құзыреттілікті дамытуға көмектеседі.

Ынтымақтастық жолмен оқыту әдістерінің басқа әдістерден бірқатар артықшылықтары бар. Мәселен, ол әлеуметтік дағдыларды дамытады. Оның ішінде оқушылардың бірін-бірі тыңдай білуіне, ойларын жеткізуге, кері байланыс беруіне жағдай жасайды. Ұжымдық жауапкершілікті дамытуда да маңызды рөл атқарады. Мысалы, оқушылар топта жұмыс істеу барысында тапсырманы орындау арқылы өзіне артылған жауапкершілікті сезінеді. Аталмыш әдіс әр оқушының сабаққа белсенді қатысуына әрекет етеді.

Жалпы, топпен жұмыс әртүрлі көзқарастарды талқылауды және талдауды қажет етеді. Өз кезегінде бұл сыни ойлауды дамытып, мәселені шешуде әртүрлі көзқарас қалыптастырады. Қақтығыстар мен проблемаларды шешу жолдарын үйретеді.

Ынтымақтастық жолмен оқыту оқушыларды ынталандырады. Оқушылардың көшбасшылық және ынтымақтастық дағдыларын дамытады. Өйткені, топтық жұмыс барысында оқушылар көшбасшы әрі топ мүшесі ретінде әрекет етеді.

Білім алушыларды еркін болуға үйрету:

-Оқушыларға еркін қозғалуға, бірлесіп жұмыс істеуге және оқудың ең жақсы әдісін таңдауға мүмкіндік беретін икемді оқу кеңістігін құру. Бұл ыңғайлы және белсенді оқуға ықпал етеді.

Оқытуды саралау:

-Әр оқушының жеке қажеттіліктері мен деңгейлерін ескеретін саралап оқыту әдістерін қолдану. Бұл оқу процесін әртүрлі оқу стильдеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Оқытудағы ойын элементтері:

-Оқу процесіне оқу ойындары, квесттер мен жарыстар сияқты ойын элементтерін енгізу. Бұл оқытуды қызықты етеді әрі балаларды ынталандырады.

Шығармашылық қолдау:

-Шығармашылық жазу әдістерін, сурет салу секілді көптеген көркемдік әдістерді қолдану оқушылардың шығармашылығын қолдаудың таптырмас құралы болып саналады.

Бағалау:

-Оқыту процесіне бағытталған формативті бағалауды жүзеге асыру оқушыларға кері байланыс орнатуға жағдай жасайды.

Бастауыш сынып оқушыларын оқыту балалардың білім беру жолының маңызды кезеңі болып табылады. Сол себепті, бұл кезеңде ерекше көзқарасты, жеке ерекшеліктер мен қолайлы

оқу ортасын құру маңызды саналады. Бұл ретте, балаларға сабақты ойын тәсілі ретінде түсіндірген тиімді. Ойын арқылы бүлдіршіндер сабаққа белсенді қатысып, әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мен жазу дағдыларын дамытуға да ерекше назар аударған жөн. Мәселен, интерактивті әдістерді, түрлі-түсті кітаптарды, әріптік ойындарды пайдалану арқылы аталмыш дағдыларды меңгертуге болады. Заманауи технологияларды, оқу қолданбаларын және интерактивті білім беру ресурстарын пайдаланудың да маңызы зор. Себебі, бұл әдіс-тәсілдер сабақты қызықты әрі цифрлық дәуірде өскен балаларға қолайлы етуге көмектеседі.

Аталмыш кезеңде балаларға әртүрлі оқу материалдарын ұсынған дұрыс. Мысалы, оқушыларды кітаптар, карталар мен ойындар, басқа да оқу ресурстарымен қамтамасыз ету маңызды. Және де әртүрлі тапсырмалар беру арқылы әр оқушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыра аламыз.

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының білімін жетілдіру бүгінгі күні аса маңызды мәнге ие мәселе болып саналады. Себебі, ақпараттар ағынына жұтылып кетпей, өзінің негізгі келбетін сақтап қалу үшін халықтық деңгейде түрлі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ал бастауыш сынып оқушыларының білімін жетілдіру кезінде үлкен және көлемді жұмыстар атқарылуға тиіс. Себебі, жапырақтай жайқалған, санасы әлі кірленбеген баланың есте сақтау қабілетін, сөздік қорын дамыту сынды түрлі әдістер оның болашағына үлкен әсер етеді. Бұл болашақ ұлттың ізгілікті жолының бір келбеті болып саналады. Сондықтан, аталмыш стратегияларды оқушы бойына дарыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Асқарбаев А., Жазыбаев М., Рахметова С. “Бастауыш оқудың тиімділігін арттыру”: - Алматы, 1975;
2. Айдосова З. “Дамыта оқыту технологиясының мәселелері ”(қазақ тілі мен әдебиеті). 2004;
3. Бастауыш мектеп методикасы. - Алматы. 1987;
4. “Бастауыш білім” журналы. 2011. № 4.
5. Қисымова.Ә.К.Оқыту технологиялары.-Алматы, 2007 жыл.
6. Аймаханова.Қ., Аманова Ф., Әбубакирова А. Қазақ мектебі және бүгінгі білім берудегі құндылықтар.-Қызылорда, 2011 ж.

ӘОЖ 37.891.12

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

АҚҚҰМАН АЙГҮЛ ЕРАЛЫҚЫЗЫ

Бауыржан Момышұлы атындағы № 45 қазақ классикалық гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Выражая пожелания героям художественного произведения, отчетливо видна способность поддаться влиянию его содержания. У учеников развивается самостоятельность в самообслуживании. Небольшие изменения будут заметны издали если задача будет представлена ребенку не в словах, а в игровой форме.

Summary. Expressing wishes for the characters of a work of fiction, the ability to be influenced by its content is clearly seen. Pupils develop independence in self-care. Small changes will be noticeable from afar if the task is presented to the child not in words, but in a playful way.

Бастауыш сыныптың оқу бағдарламасында ұсынылған көркем шығармалар тек үш тоқсанға ғана бөлінген. Оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп, сабақта игерген қасиеттерін қайталау және жаттықтыру арқылы бекіту өте қажетті іс. Олардың миы жедел толысқанымен, оның мінез-құлыққа тікелей әсері онша жетіле қоймаған. Ойлауы да тұрақты емес. Бұл шақта ойындағысын тек үлкейдердің көмегімен ғана іске асырады.

Оқушылар әрекетінің күрделенуі, тәжірибесінің молая түсуі зейінінің тұрақталуына, әдейі есте сақтау процесінің дамуына, көру, есту және сезу түйсігінің жетілуіне мүмкіндік береді. Сөздік қоры дамып, сөйлеген сөзі үйлесімді, дәйекті бола бастайды. Өз тілегін үлкейдердің оқушылар

ұжымының тілегіне бағындыра білу қабілеті, жауапкершілік сезімінің кейбір нышандары көрініс таба бастайды.

Ойлауы әлі де көмескі, тұрақсыз болғанымен, өлең ырғағын келтіруге, сурет салу мен жапсыруда бейнелердің ерекшелігін көрсетуге тырысады. Көркем шығармакейіпкерлеріне тілектестік білдіруі, оның мазмұнынан әсер алу қабілеті айқын байқалады. Оқушының өзіне-өзі қызмет ету дербестігі көбірек дамиды. Бұл кезде міндет баланың алдына сөзбен емес, ойын формасында қойылса, кішкентай өзгерістің өзін алыстан-ақбайқайды. Балалардың осы ерекшеліктерін дамытудың негізгі шарты - баланың жасына лайықты оқыту ментәрбиелеудің тиімді әдіс-тәсілдерін таңдап ала білу.

Осы жас шамасында балада өз әрекетін жоспарлау ойын нақты түрде білдіріп, іске асыра білу пайда болады, жай талпынудан, ниет білдіруден өз мақсатын, оған жетудің, тәсілдерін де түсіне бастайды. Бала барлық өз әрекетінде ісінің нәтижесін көруге талаптанады. Сондықтан тез нәтиже беретін іс-әрекетті жасату керек. Бұлар не істесе де өзі үшін істейді. Қоғам пайдасын істеу мотиві олар үшін әлі де тиімсіз болып табылады.

Кіші мектеп жасындағы оқушы дербестікке талпынғанымен, іс-әрекетінде сәтсіздіктерге жиі кездеседі. Сәтсіздік сенімсіздікке ұрындырады. Сондықтан олардың әрекеттегі дербестігі ересек адамдар тарапынан қолдау тауып отыруы қажет.

Ендеше дербестік балаға жаңа білімді игеру үшін ғана емес, өзінде бар дағдысын, іскерлігін жетілдіре түсу үшін де қажет. Бала белгілі бір міндетті орындау тәсілін меңгергенде ғана дербестік көрініс табады.

Дербестікті дамыту жан ашу, ниеттестік білдіру, өзара көмектесу, дұрыс қарым-қатынас жасаумен тығыз байланысты. Олай болса, дербестікті дамытуда адамгершілік қасиеттерді бекіту мәселесі іске асады.

Оқушылардың осындай даму ерекшелігін ескере отырып, тәрбие бағдарламасы еңбектің төмендегі түрін ұсынған: 1) қоғамдық еңбек; 2) тұрмыстық-шаруашылық еңбек; 3) табиғат аясындағы еңбек; 4) ұжымдық еңбек; т.б.

Еңбек әрекетінде балаларды дербестікке баулу ересек адамдардың еңбегімен таныстыру, еңбек адамдарының, еңбек әрекеттерінің атын атай білу, қарапайым еңбек тапсырмаларын үйрену үстінде адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін бағдарламада берілген әдеби шығармалар аздық етеді. Бағдарламаға енген шығармалар моральдық ережелер туралы, білім мен адамгершілік қасиеттер жайлы аздаған ғана мәлімет береді. Сол шағын мәліметтер мен түсініктерді бекітуге бағдарламалық шығармалар толық жеткілікті бола алмады. Өйткені, игерген қарапайым түсініктерді бірнеше ретқайталау, саналы түсіну, дербес тапсырмаларды өздігінен орындауға әрекет ету үшін белгілі мөлшерде жаттығу жұмысы қажет болады.

Сондықтан міне, бастауыш сынып оқушыларының жоғарыда аталған өзіндік ерекшеліктерін, еңбектерінің түрлерін ескере отырып, олардың сабақта шалалау меңгерген үлкенді сыйлау, құрметтеу, кішіпейілділік, мейірімділік, әдептілік көрсету, қамқор болу, еңбектің барлық түріне дұрыс қарау сияқты адамгершілік қасиеттерін бекіту қажет. Сонда аталған қасиеттер баланың күнделікті машығына, табиғи қасиетіне, өмір қажетіне айналып, бойына толық сіңеді. Ол үшін «Бағдарламадан» тыс қосымша жаттықтыру, бекіту құралдары керек. Міне, осындай тәрбие құралдарының ең әсерлісі - адамгершілік, еңбек тақырыбына арналған көркем шығармалар, әндер, моральдық ережелер екенін тәжірибелер дәлелдеп отыр. Оқушылармен өткізілетін эксперимент жұмысының алдында біз адамгершілік, еңбек тақырыбына арналған бағдарламалық шығармалардың мазмұнына сәйкес қалыптастырылатын адамгершілік қасиеттер анықталды. Оларды сабақта тәрбиелік мақсат қоя отырып оқытудың жоспарын жасап, өту процесін бердік.

Бұл шығармалардың мазмұны мен идеясы арқылы еңбек процесінде балалардың дербестік, ұқыптылық сияқты мәдени-гигиеналық дағдыларын, кішіпейілділік, сыпайылық, тәртіптілік, үлкенді сыйлау, қамқорлық, көрсету тәрізді адамгершілік қасиеттерін бекітіп еңбекке ынтасын арттырады деп тұжырымдадық.

Еңбекке тәрбиелеуді атап айтсақ, жауапкершілік, мақсаттылық аз мөлшерде қалыптасқан. Ал мәдени-гигиеналық дағдылардың қалыптасқанын көрсететін цифрлар әлдеқайда жоғары.

Осыларды анықтау үшін жүргізілген тексеру кесіндісінде балалардың мінез-құлқын, адамгершілік қасиеттері мен мәдени-гигиеналық дағдыларын көрсететіндей педагогикалық жағдай тудырылды. Мысалы, баланың дербестік, тазалық, ұқыптылық сияқты гигиеналық дағдысының

қалыптасқанын анықтау үшін балалар жаңбырдан соңғы шалшықтың жанынан өткізілді. Сонда таза, ұқыпты, дербес балалар шалшықты баспай өтуге, аяғын былғамай айналып өтуге тырысты. Ал, аталған дағдылары қалыптаспаған балалар шалшықтың кездескеніне қуанып, әдейі кешіп, аяғымен теуіп шашыратты, ал жеткіліксіз қалыптасқан балалар оларға көмектесіп, шалшық пен балшыққа тиіп-қашып, өзгелерді итеріп ойнады. Мақсаттылық, ұқыптылық сияқты еңбекке тәрбиелеу дәрежесін тексеру үшін «Суретті бояймыз» деп аталатын ситуация тудырдық. Бұнда бояулардың бірі - қызылы балаларға аз мөлшерде таратылған. Бояудың аздығына қарамастан, оқушылардың алдына қызыл бояуды әрі үнемді пайдалану, әрі суретті әдемі бояу, әрі қызыл бояуды үстелдегі 4 балаға түгел жеткізу шарты қойылды.

Суреттің, боялу сапасына қарап, мақсаттылық қасиетінің қалыптасқан, қалыптаспағанын, ал қызыл бояуды пайдалану кезіндегі іс-әрекетті (қызғаншақтық жасап бояуды өзіне тартуы немесе бояуды көбірек батырып алуға тырысуы, немесе өзгеге де жетсін деп бояуды досына қарай ысырып қоюы) бақылап, қамқорлық қасиетінің қалыптасқан, қалыптаспағаны анықталды.

Мақсаттылық, жауапкершілік қасиеттерінің қалыптасқан, қалыптаспағанын тексеруде балалармен ойын-сұрақ ұйымдастырылды: «Саяхатшы демалатын жерге тез жету үшін қандай жолды таңдап алады?» Аталған қасиеттері қалыптасқан бала саяхатшыға қысқа жол табуды іздестірді. Ойынның соңына дейін тапса да, таппаса да, кетіп қалған жоқ, күтті. Ал, аталған қасиеттері қалыптаспаған балалар ашуланып ойынды тастап кетті.

Аталған қасиеттері жеткіліксіз қалыптасқан балалар, жеткен «табысын» місе тұтты да, әрі қарай ойланудан бас тартты [1, 32 б.].

Тәртіптілік сияқты адамгершілік қасиетін тексеру үшін «балалар кино залында» ситуациясын жасадық, диафильм басталғанша, балаларға белгілі мөлшерде бос уақыт берілді. Диафильмнің басталуын күту процесінде балалардың көпшілігі тәртіптілік қасиетің бекігенін көрсете алмады: шулады, бір-бірімен қатты-қатты сөйлесті, орындарынан әрі-бері қозғалды. Балалардың тек азғана бөлігі фильмнің басталуын сабырмен, іждағатты түрде күтіп отырды.

Бұдан біздің байқағанымыз қандай да болмасын адамгершілік қасиеттердің қалыптасқандығын тексеру де баланың мінезін білу үшін сөзсіз қажет екен. Өйткені, баланың мінезі белгілі дәрежеде «шек қою» ролін атқаруы, немесе белгілі бір адамгершілік қасиеттің көрініс табуының стимулы (ынталандырушы) болуы мүмкін. Бала моральдық ережені білмей-ақ кино залында тыныш отыруы мүмкін, себебі ол мінезі жағынан салмақты, ойшыл типке жатады. Ал, жанындағы құрдасы моральдық ережені біле тұрып-ақ, темпераментіне (холерик, сангвинник, меланхолик, флегматик) байланысты - оны орындамауы ықтимал. Бұл да қалыптасып болған қасиет емес. Бақылау тексеруден тағы бір байқағанымыз, шығармадағы жағымды кейіпкерлер, Еңбек Ерлері, мал шаруашылығы, төрт түлік мал туралы түсініктері үстірт әрі нақты емес екендігі. Тексеру нәтижесін анықтап алып, біз көркем шығармаларды балалардың еңбек әрекеті процесінде пайдалана отырып, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру экспериментіне кірістік. Қалыптастыру эксперименті екі кезеңде өтті Бірінші кезеңнің мақсаты – бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыстардың барлық 228 кезеңіне көркем шығарманы жүйелі түрде енгізу арқылы адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Мұнда негізгі күш еңбек процесінде баланың санасына сөз арқылы әсер ету мәселесіне бағытталды. Біз адамгершілік және еңбек тәрбиесінің бір-бірімен логикалық байланыстылығын ескердік. Тәрбиеші оқушылардың еңбек әрекеті процесінде қолданылатын көркем әдебиет текстерін таңдап алып, оларды әсерлі жеткізудің әдіс-тәсілдерін белгіледі. Мысалы, оқушылардың тірі табиғат бұрышын-да жануарларды күтіп, баптау еңбегінен соң, мұғалім М.Төрежановтың «Алғыс» атты әңгімесін оқып берді. Әңгіменің артықшылығы балалар еңбектің нәтижесін байқай білуге, еңбек адамын сыйлап, оның еңбегін бағалауға үйретті. Қасым мен Қасен деген екі бала мектепте еңбек етіп жүрген мамасының берген дәмді помидорын жеп болған соң, мамасына «рақмет» айтады Мамасы оларға: «Рақметті помидор өсіп тұрған бақшаға айтыңдар», - дейді. Бақша: «Қара топырақты жерге айтыңдар», - дейді. Жер жаңбырға, жаңбыр күнге, күн еңбек адамына айтыңдар, - дейді. Шығарма балалардың еңбек адамының істеген ісін бағалай білуге, оларды құрметтеуге үйретті. Балалардың жауаптарынан мысал келтіре кетейік:

Арман: Қасым мен Қасен рақмет айтты. Жерге рақмет айтты, күнге рақмет айтты.

Сәуле: Жаңбырға рақмет айтты, мамасына рақмет айтты, еңбек еткен адамға рақмет айтты.

Оқушылардың еңбекке, еңбек адамдарына дұрыс қа тынасын, құрмет сезімін бекіту үшін түскі ұйқыдан кейінгі сырттағы еңбек процесінде мұғалім М.Әлімбаевтың «Он саусақ» өлеңін оқып берді (екі шумак). Балаларға қолдағы он саусақтың не үшін қажет екенін анық білуге мүмкіндік тудырды. Еңбек ету үшін он саусақ керек-ақ, бір саусақпен ештеңе бітіре алмайсың, жалғыз саусақ жұмысты тындыр-майды, екі саусақпен «жіпті де, инені де» ұстауға болады, ал үш саусақ біріксе, қолың әлдеқайда орамды да, икемді, жазуға да, сурет салуға да ыңғайлы келеді, ал он саусақ біріксе, жол салуға да, қала салуға да болады. Тіпті, еңбектің барлық түрі екі қолдағы он саусақ арқылы атқарылады. Ән балалардың ұғымына, айтуына ыңғайлы. Сол сияқты «Қуыршағым-әлдиім» әні — кіші оқушылардың қуыршақпен ойнап отырып, тыңдайтын, ыңылдап қосыла отырып айтатын көңілді әні. Бұл ән балалардың тыныш отырып ойнайтын кезінде магнитофоннан тыңдатуды, оған қосылып ыңылдап айтуды көздейді. Салмақты, сабырлы, баяу көңіл күйін тудырып, қуанышқа бөлейді. Бұл жастағы балалардың ойлары көмескі, тұрлаусыз болғанымен, ән әсерін түсінеді, әуеннің ырғағын келтіріп айта отырып, қуыршақты ретімен киіндіру, шешіндіру, аялауға, әлдилеуге үйретеді [2, 45 б.].

Біз тәрбие жұмысында балаларды үлкендердің еңбегімен, мамандықтың түрлерімен, мазмұнымен таныстыруға, олардың еңбегімен қоғамдық мәнін ұғындыруға, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы еңбегіне балаларды қызықтыруға тырыстық. Осы міндетті іске асыру барысында программалық шығармаларды да ескердік және қосымша әдеби материалдар да алынды.

Бастауыш сыныпта көркем шығармаларды сабақта және еңбек әрекетінде оқушыларға өткізген жұмыстарды эксперимент арқылы талдап, жинақтап жалпылаудан, біздің сезіп отырғанымыздай, таңдап алынған көркем шығармалардың мазмұны үлкенді сыйлау, еңбек адамын құрметтеу, бағалау, әдептілік, мақсаттылық, жауапкершілік, қамқорлық сияқты адамгершілік қасиеттер мен дербестік, ұқыптылық, тазалық, реттілік т.б. мәдени-гигиеналық дағдыларды бекітуге үлкен мүмкіндіктер беретінін байқадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жас ұрпаққа адамгершілік - эстетикалық тәрбие беру концепциясы // Қазақстан мұғалімі газеті, 11.08.1998. -26

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты /Жалпы бастауыш білім/. Алматы: РКБ, 2003 - 46-58 б.

ӘОЖ 37.564.36

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

САНДЫБАЕВА ПЕРИЗАТ БЕКБОСЫНОВНА

Бауыржан Момышұлы атындағы № 45 қазақ классикалық гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Школа занимает особое место в воспитании подрастающего поколения нашего суверенного государства как уверенного в себе, интеллектуально образованного гражданина. Первичный этап – это начало формирования знаний, умений и навыков.

Summary. The school occupies a special place in educating the younger generation of our sovereign state as a self-confident, intellectually educated citizen. The primary stage is the beginning of the formation of knowledge, skills and abilities.

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш саты — білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз — жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-

өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу — қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.

Білім негізі мектеп қабырғасынан басталатыны белгілі. Мектеп оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан-жақты іздене отыру керек.

Білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – оқушыларға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы – бастауыш саты. Келешекте арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы да осы бастауыштан басталмақ. Жас бүлдіршіндердің ой-қиялын біліммен нұрландыратын, дүниетанымын кеңейтетін – ұстаз шеберлігі. Әсіресе, терең де тиянақты білім беруді ұлағатты тәрбиемен ұштастыруда бастауыш сынып пәндерінің өзіндік орны ерекше. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы болып отыр.

Қазіргі таңда оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен, жаңартылған білім жүйесі – құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Жаңартылған оқу бағдарламасы, оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту технологиялары да қарастырылды. Сол себепті қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне басты назарды аударып, мысалы, «Өрмекшінің өрмегі», «Қораптағы сұрақ», «Серпілген сауал» әдіс-тәсілдерін күнделікті қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының артатындығын аңғардым. Сабақ барысында ресурстарды молынан қолдануға тырысамын. Әр сабақта қолжетімді ресурстарды дұрыс, әрі ұтымды пайдалану тиімді. «Алфавит тізбегі» әдісін қолданғанда оқушылар өткен тақырып бойынша алған білімдерін алфавиттегі әріптерден басталатын сөздерді кезекпен атап шығу керек. Мысалы тақырыбыңыз «Қазақстан», «қала», «Менің достарым» болса, А-Астана Ә-әскер Б-бидай В-валюта Г-газ Ғ-ғимараттар «Эссе жазу» 3 минут ішінде өтілген тақырып бойынша не түсінгенін жазады. Сабақты қорытындылауға өте тиімді әдіс-тәсілдің бірі. «Сұхбат алу» ортаға үш оқушы шақырылады. Екі оқушы бір-бірімен тақырып бойынша сұхбат құрады. Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді. Әр сабақта топқа бөлу арқылы әр оқушылар жұптық жұмыс, топтық жұмыста өз шеберліктерін көрсете алады. Сабақтарымды қызықты әрі оқушыларға жан- жақты жұмыс жасауға тиімді жақтарын қарастырып отырамын. **«Маршрут» ойыны.** Бұл ойын бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып

табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады. Мысалы, Алматы-ыдыс-сабын-наррахмет-тарақ-қарбыз т.б. **«Екі әріп» ойыны.** Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды. **«Еске түсіру» ойыны.** Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады. **«Екі ассоциация» ойыны.** Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез-келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты» мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады. **«Қара жәшік» ойыны.** Оқушылар екі топқа бөлінеді. Үстел үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ оларды жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек **«Жолға шығу» ойыны.** Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? деген сұрақ қойылады. Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек. **«Кемпіркосақ» ойыны.** Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады.

Қазақстан әлемдік білім сатысына көтерілуге бет алып, жаңа бетбұрыс жасап отыр. Бұл – XXI ғасыр талабы. Қазіргі ғылым мен техниканың қарқынды дамыған кезеңінде әрбір адам үздіксіз ізденуге, өмір бойы білім алуға міндетті. «Өмір – өзен» деп айтатын болсақ, сол өзен ағысынан қалып қоймауымыз қажет. Қазіргі замандағы ұста залдында тұрған басты міндет рухани жан дүниесі бай, ой өрісі дамыған жоғары білімді, заман талабына сай белсенді ұрпақтәрбиелеу.

Тәжірибеде қолданып жүрген сыни тұрғыдан ойлауға үйрету технологиясына бағытталған әдістәсілдер. Атап айтсақ, «Ойлаудың алты қалпағы», «Түртіп алу», «Миға шабуыл», «Ыстық орындық», «Серпілген доп», «Менен сұрақ, сізден жауап», «РАФТ», «Ашық микрофон», «INSERT», «Дауыстап ойлау», «Биопоэма», «Шабдан, еттартқыш, қоқыс жәшігі», «Фишбоун», «Венн диаграммасы», «Кластер», «Сұраққа жетіп ал», «Алты қалпақ», «Жіңішке және қалың сұрақтар» («Тонкие и толстые вопросы»), «БББ кестесі», «Т-кестесі», «Болжау» стратегияларының көмегімен мәтінмен жұмыс, стратегиялар арқылы оқушылар өз беттерінше тұжырым жасауға, ойларын еркін жеткізуге, бірдей қарым-қатынас жасауға, проблеманы шешуге тиімдісін тандай білуге үйренеді.

«Кластер» әдісі. Мақсаты: Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтау, тұжырымдау. Тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Тұжырымды ойларын қарталарға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер арқылы). **«Миға шабуыл» әдісі.** Мақсаты: Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу. Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ойөрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады. Жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады.

«Ашық микрофон» әдісі. Мақсаты: Оқушыны жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру. Құнды ой жинақтап, ойын ашық айтады. Оқушылар қолдарына микрофон ұстап, өткен сабаққа байланысты немесе үй жұмысына байланысты сұрақ қояды, екінші оқушы жауап береді. Венн диаграммасы. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі.

Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді.

«*Ойлан, Жұптас, Пікірлес*» оқушыларға сұрақ немесе тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған интербелсенді әдіс. Тақтада сұрақ/тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жекеше өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім екі-үш жұпқа өз пікірлерін сыныптастарына жариялауын сұрауына болады.

Оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудағы басты мақсат – қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы оқушылардың жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін дамыту, шығармашылық ойлауын дамыта отырып, заман талабына сай құзырлылығын қалыптастыру және рухани жан дүниесінің дамуына жағдай жасау.

Қытайдың дана ойшылы Конфуций «Ескіден қол үзбей, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады» деп бекер айтпаған. Оқытудың осындай белсенді әдіс-тәсілдерін сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қана қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытудың айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады. Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс.

Қорыта айтқанда, мұғалім үшін ең жоғарғы дәреже ол- оқушыларының жеткен жетістіктері. Сондықтан, әр мұғалім заман талабына сай әрдайым, үнемі ізденісте болуы қажет. Бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында өз кәсіби біліктілігімізді шындап, құзыреттілігімізді қалыптастырсақ қана тиімді нәтижеге жетеміз деп сеніммен айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. – Астана, 2017 ж. 12 сәуір.

2 Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңіндегі жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі. – Алматы, 1998ж.

3 Жұмабаева Ә.Е. «Сауат ашуды» оқу мен оқытудың әдістемелік ерекшеліктері Алматы, 2017ж.

ӘОЖ 373.236.11

«ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» САБАҚТАРЫНДА Б.СОҚПАҚБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ

ТАСКАРАЕВА АЙЖАН БОЛАТОВНА

Бауыржан Момышұлы атындағы № 45 қазақ классикалық гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В настоящее время особое внимание уделяется всестороннему воспитанию подрастающего поколения. Кроме того, планируется развивать народное образование, совершенствовать образование человека, обучать детей младшего школьного возраста образованию, интересу к урокам, навыкам в искусстве.

Summary. At present, special attention is paid to the comprehensive education of the younger generation. In addition, it is planned to develop public education, improve human education, teach children of primary school age education, interest in lessons, and skills in art.

Қазіргі таңда өскелең ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуге айрықша көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, халықтық білім беруді дамыту, адами білім беруді жетілдіру, бастауыш сынып балаларын білімге, сабаққа деген қызығушылыққа үйрету, көркем шығарма түрлеріне дағдыландыру мақсаты көзделеді. Арнайы мектептің бағдарламасында болашақ ұрпаққа көркемдік білім берумен қатар оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу мақсаты қарастырылған. Әдеби шығарма, түрлі образдар олардың қызметі арқылы өмірді түсінуге көмектеседі. Жазушының идеясы, көңіл-күйі, шығарманың мазмұны оқушыға беріледі, осылайша оларда әртүрлі сезімдер, ойлар пайда болады, әлемге деген көзқарасты қалыптастырады. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі маңызды міндеттердің бірі-олардың әлемге ғылыми көзқарасын қалыптастыру. Бастауыш сыныптарда бұл мақсат, әсіресе ана тілі, әдебиеттік оқу сабақтары арқылы жүзеге асырылады [1].

Адам үшін өмірдегі ең қымбат - бала болса, әдебиеттің ең қымбат түрі - балалар әдебиеті. Барлық еңбек, барлық өнер құрметке лайық болғанымен, балаларға арналғанынан аса алмайды. Егер сіз ісәрекетіңізді балалар жоғары бағалайтын болсаңыз, онда өнер адамы үшін бұл үлкен бақыт болмайды. Бердібек Соқпақбаев - өз оқырмандарының лайықты бағасын алған, ұрпақ үшін ең басты шығарма жазған бақытты жазушы. Мектепте әдебиетті оқытудың күрделі салаларының бірі болып табылатын ақын – жазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқытудың маңызы зор. Қандай ақын – жазушыны, суретшіні алмайық, оның шығармашылығында, оның жетістіктерінде, ортасында және шығу тегінде, өмір жолының іздері көрінеді. Мүмкін содан, қай жазушы болмасын өз өмірінен алыс кетпейтіні содан шығар. Ұлы жазушылардың қаламымен ана тілінде жазылған көркем шығармалардың көпшілігі біздің мәдениетіміз бен әдебиетіміздің өркендеуінде маңызды рөл атқарады. Олай болса, көркем шығармаларды оқытуды мектептің алғашқы сатыларынан, бастауыш сыныптардан бастаған дұрыс. Бала кезінен бастап балаларды көркем әдебиетпен, көркем шығармалардың озық үлгілерімен таныстыру.

Балаға қызмет ету - болашаққа жұмыс жасау. Ал балалардың құрметіне бөлену – өткен еңбектің болашаққа жетуі, ұнатуы. Бұл Бердібектің ең үлкен бақыты. Ол біздің және балаларымыздың болашағымызға қызмет ететін жазушы. Бастауыш сыныптарда Бердібек Соқпақбаевтың әдеби шығармасымен танысуға толығырақ тоқтала кетуге болады. Бастауыш сыныптардағы оқу бағдарламасына Бердібек Соқпақбаевтың кейбір көркем шығармалары енген. Әдеби шығармадағы әртүрлі образдар, олардың қызметі арқылы балаларға өмірді түсінуге көмектеседі. Жазушының идеясы, көңіл-күйі оқушыға шығарманың мазмұны арқылы жеткізіледі, осылайша оларда түрлі сезімдер мен ойлар пайда болады, дүниеге деген көзқарасын қалыптастырады [2].

Нақты жазу, ұтымды жазудың үлгісі деп Бердібектің үлгісін қысылмай айтуға болады. Жоқтан бар жасаған қаламгер. Шындықтың алдында бас иемейтін кім, не нәрсе бар дейсің? Осы сияқты реңк Бердібектің қаламынан шыққан шығармаларының баршасына тән. Сондықтан оның туындылары електен өткен сан дүниедей болып мөлдіреп тұрады. Оның шығармалары оқырмандардың жүрегінде ұзақ уақыт сақталатыныны да, қона кететіні де содан! Бердібек шығармаларындағы бейнелер өмірдегі бар қалпында көрінеді, және де шығармаға ширатылған кезде де оншалықты киіндірілмеген, жалаңаш жүрген жандар сияқты боп көзге түсіп тұратыны да ғажап емес. Ол жазушының кемшілігіне жатпайды. Бұл – оның сезінуі, дүние қызығын түйсініп, қабылдауы. Осы тұрғыдан қарағанда, табиғи өлшем арқылы түзілген бейнелер галереясы барынша шыншыл, сенімді, сымбатымен оқырман жүргеніне жол тауып, олармен бірге қолтықтасып өмір базарында бірге жүргендей болады.

Б.Соқпақбаев - бірінші жақтан жазуды берік меңгерген жазушы. Бұл оқиғаға өмірде болып жатқан құбылыстарға сенімділік пен жазушының белгілі бір оқиғаға тікелей қатысуын білдіреді. Бердібектің "мені" қан мен сөлі тамып тұрған өмірді, бәріміз тіршілік етіп өмір сүретін жердегі үлкен және кіші адамдардың қызметі немесе қуанышы мен күйініші сияқты көрінеді. Бердібек Соқпақбаев еркі сөйлейтін және не жазғанын, қалай жазатынын білетін суреткер қаламгер. Б.Соқпақбаевтың шығармалары үлкен тақырыптық ой-өріске ие, суреттеу аймағының кең саласы бар. Жазушының прозасының тұтас тұлғасын сақтайтын бірнеше үлкен тақырыптары бар. Олар: 1/ Балалар өмірі; 2/ Ұлы Отан соғысы тұсындағы тылдағы елдің тыныс-тіршілігі; 3/ Спорт; 4/ Махаббат пен достық т.б. Жазушы осы тақырыптардың қайсысын алса да шынайы суреттей алды. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер өмірі жазушы шығармашылығының негізгі өзегі болып

табылады. Сондықтан, жазушының қандай шығармаларын алсақ та, олардың басты кейіпкерлері - жасөспірімдер. Сонымен қатар, жазушының шығармалары ересектер үшін қызықты, әсерлі. Ғ.Мұстафиннің Б.Соқпақбаев туралы пікірінің бір дәлелі, оның мына айтқаныда: "Балаларға арналған әдебиет сол балалармен қатар үлкендер оқитын дәрежеге жеткенде ғана қызықты, құнды әдебиет болса керек. Аркадий Гайдардың, Самуил Маршактың шығармалары осыны аңғартады" (1,126).

Осы бөлімде Б.Соқпақбаевтың балаларға арналған көлемді шығармаларына тоқталдық. Әрбір келесі шығармасында жазушы композициялық жаңа форманы қолданады, жаңа образдар жасайды, ерекше көркемдік әлем ашады. Балалардың типтік бейнелері арқылы жазушының осы шығармаларында Соқпақбаев шығармашылығының жаңалығы, көркемдік шеберлігі, идеялық-эстетикалық мәні, ұлттық болмысы айқын көрінеді. Осы туындылардың барлығы қазақ прозасын жаңа қырынан танытты. Бастысы - бұл шығармалар балалар өмірі туралы болғанымен, олар бір-біріне ұқсамайды, талантты жазушыны үнемі шығармашылық ізденісте болуға, өсуге мәжбүр етеді. Бөлімді қорытындылай келе, келесі тұжырымдарға қол жеткізуге болады:

а/ Б. Соқпақбаев қазақ балалар әдебиетін жаңа деңгейге көтеріп, классикалық үлгі көрсетті;

ә/ Қазақ әдебиеті ғана емес, әлемдік әдебиеттің таңдаулы шығармалары санатында ұлттық сипаты бар Б.Соқпақбаевтың шығармалары кейінгі ұрпақтың рухани әлемін байытуға үлес қосатыны сөзсіз.

Сөзіміз дәлелді болу үшін Б. Соқпақбаевтың шығармашылығына байланысты өткізілген бір сабақ жоспарын ұсынып отырмыз.

Төменде Б.Соқпақбаевтың "Менің атым - Қожа" әңгімесі бойынша жүргізілген сабақ жоспарларының негізінде жүргізілген сауалнама тапсырмалары барысы туралы айтылған.

Сауалнама тапсырмалары

Бастауыш білім беру мазмұнының жаңа бағдарламалары оқушылардың біліміне, шеберлігіне (ББД) қойылатын талаптар түрінде екі деңгейде беріледі:

1. Мектеп ұсынатын оқу материалының базалық деңгейі.
2. Оқушыларды дайындаудың ең төменгі қажетті деңгейі.

Зияткерлік тұлғаны дайындау әдістерінің бірі оқушылардың логикалық, ойлау қабілеттерін қалыптастыратын, осы деңгейлер көлемінде сапалы білім беретін тест (сауалнама) тапсырмалары болып табылады. Сауалнама кешені - бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын қалыптастыру, дамыту үшін ғылыми-әдістемелік жүйемен әзірленген дидактикалық құрал, яғни бастауыш сынып оқушыларының білімі мен дағдыларының міндетті және ықтимал деңгейін нақты анықтау үшін.

Сауалнама (тест) – ағылшын тіліндегі "сынау, тексеру, байқау" сөзі - стандартты түрдегі тапсырма, оның орындалуы белгілі бір біліммен, білік және дағдылармен қабілеттер деңгейін анықтауға бағытталған [36].

Сауалнамалар келесі ерекшеліктермен сипатталады.

Қажетті жабдықтау және өткізу процедурасының қарапайымдылығы.

Нәтижені тікелей анықтау

Жеке және топтық жағдайда қолдану

Математикалық өңдеудің ыңғайлылығы

Қысқа мерзімділік

Белгіленген стандарттың (норманың) болуы

Шыншылдығы

Сауалнамалық бақылау жүйесі оқушылардың өздік жұмыстағы белсенділігін арттырады, оқытудың тиімділігіне қол жеткізеді, шығармашылық белсенділікті жандандырады. Сондықтан Б.Соқпақбаевтың шығармаларын оқытуға байланысты сауалнама тапсырмалары берілді, олардың көмегімен оның шығармалары талданады.

Сауалнама сұрақтары:

1. Әңгімеден қандай әсер алдыңыз?
2. Оқу кезінде сіз қандай көңіл-күйде болдыңыз?
3. Қалай көмектескіңіз келді?
4. Қай кейіпкерге ұқсағыңыз келді?
5. Мәтінді басқаша қалай аяқтауға болады?
6. Осы туралы қандай мақал-мәтелдер айтар едіңіз? және т. б.

Шығармаларды, көркем әдебиет үлгілерін талдау бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін, қабілетін, тіл байлығын, шығармашылығын дамытуға үлкен әсер етеді. Талданбаған жұмыс баланың жүрегіне жетпейді және оған әсер етпейді.

Б.Соқпақбаевтың бай әдеби мұрасы, көркем және әдемі тілмен жазылған шығармалары, ана тілінде жазылған көркем әдебиет туындылары әдебиеттік оқу сабақтарында кеңінен қолданылды. Оқулықтағы материалдармен қатар балаларға арналған жазушының шығармалары қосымша пайдаланылды. Мұнда біз "Менің атым - Қожа", "Балалық шаққа саяхат", "Жекпе-жек" атты шығармалары мен жинақтарын қолдандық. Аталған шығармаларды балаларды қызықтыра отырып, орынды қолдана білсек, олардың әдеби шығармаларға деген сүйіспеншілігі артатынына көз жеткізілді [3].

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде төмендегідей тұжырымдама жасалды:

1) Бастауыш сынып оқушыларына көркем шығармаларды оқыту кезінде ең алдымен көрнекті жазушы Б.Соқпақбаевтың шығармашылығына жүгінуіміз керек.

2) Оқу-тәрбие үдеріснің барлық оңтайлы кезеңдерінде жазушының көркем шығармаларын қолдану арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру.

Көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен әрекеттері, олардың мінез-құлқын қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту балалардың ойлауының дамуына үлкен әсер етеді. Әсіресе бастауыш сынып оқушылары көркем шығармаларды, жасына байланысты жазылған шығармаларды оқуға әрпым қуанышты сезімде болады. Әдебиеттік оқу сабағы көркем шығармалармен тығыз байланысты.

Әрине сондай заңғар жазушылардың бірі - Бердібек Соқпақбаев. Б. Соқпақбаевтың шынайы шығармалары негізінде балалардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеудің педагогикалық мазмұнының тиімді әдістерін жасау өте маңызды оқиға болып табылады. Сондықтан, мақала жазу барысында Бекеннің шығармаларын талдай отырып, біз келесі ұсыныстар мен қорытындыларға келдік:

1. Б.Соқпақбаевтың әрі балаларға да, әрі үлкендерге де, үлкен - кішінің барлығына арналып, бұғынбай, жалтармай шындықтың өзіндік сүрлеуімен жүрген, адамның балалық шағын қатты қастерлейтін туындылары туралы түсінік бере отырып, оқушылардың ойын дамыту – аса маңызды мәселе болып табылады.

2. Жазушының балаларға арналған маңызды дүниелерін сыныпта әдебиеттік оқу сабақтарында, сыныптан тыс сабақтарда оқыта отырып, оқушылардың эстетикалық талғамдарын дамыту, оларды өздерімен шамалас замандастарының кісілігімен, ой - өрісімен, кемшіліктерімен таныстыру арқылы, жалпы, ең құрметті деп танылатын – балалар әдебиеті туралы ұғымдарын, білімдерін толықтырған дұрыс.

3 Балалар әдебиетінің көптеген саңлақтарының бірі – жазушы Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығымен, еңбектерімен кеңінен таныстыру, талдау жасату.

4 Оқу - тәрбие үрдісінде бастауыш сынып оқушыларына Бердібек Соқпақбаев шығармаларының тәлім- тәрбиелік мәнін ұғындыру.

5 Әдебиеттік оқу сабақтарында Бердібек Соқпақбаев еңбектерін түрлі шығармашылық жолдармен оқыту.

Балаларға арналған нағыз шынайы шығарма бүкіл адамзатқа арналған. Бердібек Соқпақбаевтың балаларға арналған шығармаларында қарапайымдылық пен сенімге баса назар аударылған. Себебі көптеген шығармаларында балалар өмірін негізге алған. Сондықтан оның шығармаларында қазақ өміріне жат оқиғалар кездеспейді. Оның бірде-бір еңбегінде балаларды менсінбеу байқалмайды. Ол қандай шығармасы болмасын өз өмірінің қыры мен сырын тарқатып айтып береді. Әдейі бір балалармен кітап арқылы сөйлесіп, оларға жасырмай бастан кешкен оқиғаларын айтады. Кәдімгі қазақтың ауызекі сөйлеу мәнерімен жүрекке төте жол табады, сонысымен сендіреді. Сондықтан Бердібек Соқпақбаевтың айналамыздағы алуан түрлі құбылыстардың сырын ұғынуға жетелеуге, әзілді айта білу, оны түсіну, әзілге әзілмен жауап беру - адамның кісілік дәрежесін танытатын қасиеттерге жетелеуге болатын шығармаларын оқыту мен тәрбиелеуде пайдалану дұрыс, әрі тиімді деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1Рахметова С. Бастауыш сыныпта көркем шығарманың кейбір түрін оқыту. - Алматы: Рауан, 2008.

2Бердібек Соқпақбаев – балалар әдебиетінің атасы //https://u-s.kz/publ/2324-berdbek-sopabaev-balalardebietn-atasy.html

3Қазақтың балалар жазушысы - Бердібек Соқпақбаев // https://tak-to-ent.net/load/150-1-0-1663

УДК 373.458.25

ПРИМЕНЕНИЕ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ

ОМАРОВ АШИРХАН ЖАНБЕКОВИЧ- к.т.н.,

КАРБОЗОВА ИНДИРА АСКАРБЕКОВНА- магистр техники и технологии

Факультет «Естествознания», кафедра «Информационно-коммуникационные технологии»

Международный Таразский инновационный институт имени Шерхана Муртазы

Резюме. Использование мультимедийных технологий открывает новые возможности в организации учебного процесса, а также в развитии творческих способностей обучающихся. Совместными усилиями работников сферы образования, ученых, программистов, производителей мультимедийных средств обучения и преподавателей-практиков создается новая информационная образовательная среда, в которой определяющим становится интеграция образовательных и информационных подходов к содержанию образования, методам и технологиям обучения.

Summary. Using multimedia technologies opens new opportunities in educational process as well as in development of creative abilities of students. Educators, scientists, programmers, producers of multimedia teaching aids, teachers-practitioners all together open new informational educational environment where the determinant is integration of educational and informational approaches to educational content, methods and learning technologies.

Тенденции развития современной системы высшего образования неразрывно связаны с широким внедрением в учебный процесс различных форм, методов и средств активного обучения.

Одной из ведущих тенденций информатизации общества является развитие мультимедийных технологий, их проникновение в различные сферы социальной жизни: производство, бизнес, науку, образование, массовую потребительскую культуру. Обеспечивая богатство содержания и формы, сочетание различных видов текстовой, графической, речевой, музыкальной, видео-, фото- информации и разнообразие способов их извлечения, эти технологии формируют мультимедийное восприятие мира

Использование мультимедийных технологий открывает новые возможности в организации учебного процесса, а также в развитии творческих способностей обучающихся. Для эффективного внедрения методов активного обучения необходима большая и серьезная работа по оснащению в достаточном количестве компьютерной техникой, а также в подготовке методической и информационной базы в организации учебного процесса. Это обеспечит реализацию методов активного обучения в повышении качества подготовки специалистов с учетом возросших требований в условиях рынка.

В настоящее время мультимедийные технологии - это одно из наиболее бурно развивающихся направлений информационных технологий в учебном процессе.

Первой задачей является создание таких моделей представления знаний, в которых была бы возможность однообразными средствами представлять как объекты, характерные для логического мышления, так и образы-картины, с которыми оперирует образное мышление. Вторая задача - визуализация тех человеческих знаний, для которых пока невозможно.

Таким образом, явные преимущества применения мультимедийных технологий (оперативное пользование информацией, соединение аудио- и визуального материала и др.) в организации учебного процесса не вызывают сомнения. Применение таких технологий существенно активизирует учебную информацию, делает ее более наглядной для восприятия и легкой для усвоения.

Совместным и усилиями работников сферы образования, ученых, программистов, производителей мультимедийных средств обучения и преподавателей-практиков создается новая информационная образовательная среда, в которой определяющим становится интеграция образовательных и информационных подходов к содержанию образования, методам и технологиям обучения.

У каждого преподавателя свой стиль работы. Кто-то привык работать у доски, кто-то предпочитает объяснять материал, сидя за своим рабочим столом или стоя у кафедры, кому-то проще и привычнее свободно перемещаться по аудитории.

Но, как бы то ни было, многие преподаватели сталкиваются с необходимостью демонстрации визуальных материалов. Лекционно-семинарская форма обучения должна сочетаться с современными новаторскими решениями.

Изучая зарубежный опыт, можно выделить следующий важный аспект: преподаватель выступает не в роли распространителя информации (как это традиционно принято), а в роли консультанта, советчика, иногда даже коллеги обучаемого. Это дает некоторые положительные моменты: студенты активно участвуют в процессе обучения, приучаются мыслить самостоятельно, выдвигать свои точки зрения, моделировать реальные ситуации.

Применение мультимедийных технологий позволяет преподавателю намного эффективнее управлять демонстрацией визуального материала, организовывать групповую работу и создавать собственные инновационные разработки, при этом не нарушая привычный ритм и стиль работы.

Обучающие возможности мультимедиа

Слово «мультимедиа» стало популярным с 90-х годов 20-го столетия.

Multimedia- (англ.) многокомпонентная среда, позволяющая использовать текст, графику, видео и мультипликацию.

«Мультимедиа» означает возможность работы с информацией в различных видах, а не только в цифровом виде, как у обычных компьютеров. Мультимедиа-компьютеры позволяют воспроизводить звуковую (музыка, речь и др.), а так же видео информацию (видеоролики, анимационные фильмы и др.). Видео эффекты могут быть представлены показом сменных компьютерных слайдов, мультфильмов, видеоклипов, перемещением изображений и текстов, изменением цвета и масштаба изображения, его мерцанием и постепенным исчезновением и др.

В мультимедийных программах используется определенный способ передачи информации:

Взаимодействие различных информационных блоков (текста, графики, видеофрагментов) посредством гиперссылок. Гиперссылки представлены в виде специально оформленного текста, или в виде определенного графического изображения. Одновременно на экране может располагаться несколько гиперссылок, и каждая из них определяет свой маршрут следования.

Интерактивность, то есть диалоговым режимом работы пользователя с источником, при котором он может самостоятельно выбирать интересующую его информацию, скорость и последовательность ее передачи.

В состав мультимедийного компьютера для обучения входит дополнительное оборудование: дисковод для компакт-дисков, головные телефоны, звуковые колонки. Для демонстраций в классе необходим специальный проектор и экран.

Использование мультимедиа-программ на занятиях предъявляет высокие требования к компьютеру: объему памяти, звуково с производящему оборудованию, скоростному режиму у дисковода для CD-ROM или DVD-ROM.

Возросшая производительность компьютеров сделала возможным широкое применение технологий мультимедиа в обучении.

Широкий изобразительный ряд, активное включение образного мышления в образовательный процесс помогают учащемуся целостно воспринимать предлагаемый материал. У преподавателя появляется возможность совмещать изложение теоретических сведений с показом демонстрационного материала.

Обучающие мультимедийные программы используются для фронтального, группового и индивидуального обучения в аудитории, а также для самостоятельной работы дома. Они предлагают для пользователя очень много вариантов индивидуальной настройки: учащийся, осваивая учебный материал, сам устанавливает скорость изучения, объем материала и степень его трудности.

Позитивные факторы, которые говорят в пользу такого способа получения знаний, следующие:

Лучшее и более глубокое понимание изучаемого материала.

Мотивация обучаемого на контакт с новой областью знаний.

Экономия времени из-за значительного сокращения времени обучения.

Полученные знания остаются в памяти на более долгий срок и позднее легче восстанавливаются для применения на практике после краткого повторения.

Преимущества медиа урока

Одно из первых названий уроков, на которых применяется компьютерная техника и программные средства, уроки с компьютерной поддержкой (УКП). Этот термин сложился под влиянием термина, распространенного в англоязычных странах - СВТ (ComputerBasesTraining)- компьютерная поддержка обучения.

Широкое использование средств мультимедиа позже породило новое название таких уроков - «мультимедиа-урок». Для более удобного произношения название сократили, и сейчас наиболее часто употребляемое – медиа урок. По сути, все три термина могут быть использованы в одинаковом значении.

Медиа урок имеет свои методические возможности и преимущества:

–повышение эффективности образовательного процесса за счет одновременного изложения учителем теоретических сведений и показа демонстрационного материала с высокой степенью наглядности; появления возможности моделировать объекты и явления; автоматизации рутинных операций и др.;

–возможность научить школьников применять компьютерную технику для решения учебных и трудовых задач, за счет практической обработки учебной информации на компьютере;

–организация индивидуальной работы школьников, развитие их познавательной самостоятельности и творчества;

–повышение мотивации к учению за счет привлекательности компьютера, которая возрастает за счет мультимедийных эффектов;

–развитие наглядно-образного мышления, моторных и вербальных коммуникативных навыков учащихся;

–формирование навыков работы с информацией (производить поиск, отбор, переработку, упорядочивание и выделение смысловых групп, выстраивание логических связей и др.), формирование информационной культуры школьников.

Методические основы проектирования медиаурока

В процессе медиаурока в передаче и усвоении учебной информации участвуют два новых компонента образовательного процесса:

Компьютер органично занимает место нового универсального технического средства обучения и развития.

Программные средства дополняют традиционную технологию обучения какого-либо школьного предмета или отдельных его разделов и тем. Содержат в себе четко структурированную учебную информацию в текстовом виде, множество наглядных изображений в виде схем, рисунков, таблиц, видеофрагментов, снабженных анимационными и звуковыми эффектами.

При этом компьютер и программы должны быть органично взаимосвязаны с другими составляющими процесса обучения: целями, содержанием, формами, методами обучения, деятельностью учителя и учащегося.

Какие изменения влечет за собой применение компьютера и мультимедиа программ?

В первую очередь расширяются и обогащаются дидактические принципы обучения. В последние годы в дидактике уже произошел пересмотр значений таких принципов, как наглядность, доступность, систематичность, последовательность, сознательность. Определились и два новых принципа-индивидуализации обучения и активности.

В настоящее время на ведущие позиции в формировании компонентов учебной деятельности с применением компьютеров выдвигается принцип интегративности. Он предполагает установление учителем интегративных связей, которые позволяют ярче представить характеристику предмета, показать взаимосвязь между содержанием отдельных предметных образовательных раздел о вимодулей, междупредметным обучением и общей информационной

подготовкой школьников. Установленные связи позволяют органично включать компьютер в учебный процесс, сочетать традиционные и компьютерные методы обучения, создавать особую информационную педагогическую среду, способствующую интенсификации образовательного процесса.

Работа студентов в аудитории может быть организована следующим образом:

- фронтально-просмотр видео фрагментов, наблюдение за изменениями объектов,
- индивидуально-выполнение практических работ, решение задач,
- малыми группами - выполнение общего учебного проекта, постановка модельного эксперимента и др.

В структуре занятия могут быть отражены все компоненты и звенья процесса обучения, а также обязательное чередование видов деятельности за компьютером и без него:

- актуализация (повторение учебного материала, первичное усвоение материала) – за компьютером (или) без компьютера;
- формирование знаний, умений, навыков (осознание и осмысление блока учебной информации, закрепление учебного материала) – за компьютером (или) без компьютера;
- применение (применение учебного материала на практике, проверка уровня усвоения материала) – за компьютером (или) без компьютера. Выбор оптимальных организационных форм и методов остается за преподавателем.

Совершенствование традиционных методов обучения при использовании ИТ
Программные и технические средства, используемые на уроке, вносят свою специфику, способствуют совершенствованию традиционных методов обучения. Изменяется и роль преподавателя. На медиа уроке он чаще всего выступает в качестве консультанта, что способствует развитию познавательной активности учащихся, более полному усвоению ими учебной информации. Для преподавателя появляется больше возможностей для индивидуальной работы с учащимися.

Программное обеспечение медиа урока

Организация учебного процесса с помощью мультимедийных технологий подразумевает использование специальных программных продуктов, среди которых можно назвать:

- электронные учебники;
- обучающие и тестирующие программы;
- презентации.

Мультимедийные программные средства реализуют следующие виды учебной работы:

- просмотр информации в аудиовизуальном варианте;
- тренаж по теории с использованием упражнений;
- контроль;
- работу с словарем терминов и понятий;
- работу с под ключевым и к локальной сети другими компонентами комплекса, тренажерами.

Список использованной литературы:

1. Андреев, А. А. Введение в Интернет-образование: учеб. пособие / А. А. Андреев. - М.: Логос, 2003. - 73 с.
2. Андресен, Бент. Б. Мультимедиа в образовании: специализированный учеб. курс: [пер. с англ.] / Бент. Б. Андерсен, Катя Ван ДенБринк. - 2 - е изд. ; испр. и доп. - М.: Дрофа, 2007. - 221 с.
3. Захарова, И. Г. Информационные технологии в образовании: [учебное пособие для высших педагогических учебных заведений] / И. Г. Захарова. - М.: Академия, 2003. - 188 с.
4. Новиков, С. П. Применение новых информационных технологий в образовательном процессе / С. П. Новиков // Педагогика. - 2003. - №9. - С. 32 - 38.
5. Смолянинова, О. Мультимедиа для ученика и учителя / О. Смолянинова // Информатика и образование. - 2002. - №2. - С. 48 - 54.
6. <http://www.iatp.md/virtualka> «Мультимедиа-Сервис» Лекционный курс. Государственный Университет Молдовы.
7. http://www.tula.net/tgpu/resouces/yakushin/html_doc/doc08/doc08index.htm
8. «Мульти-медийные технологии», лекционный курс. Якушин А. В.

THE RELEVANCE OF USING DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCES IN MODERN ENGLISH LANGUAGE LESSONS

AMIROVA LYAZZAT ALIKHANOVNA

Senior lecturer of the Department of "Foreign Languages", International Taraz Innovation Institute named after Sherkhan Murtaza, Republic of Kazakhstan

Түйіндеме. Бұл мақалада қазіргі ағылшын тілі сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың өзектілігі талқыланады. Бұл онлайн платформалар, мультимедиялық ресурстар және интерактивті қосымшалар сияқты цифрлық құралдардың икемділік, белсенділік және жекелендірілген тәжірибе беру арқылы тіл үйренуді қалай жақсартатыны туралы. Мақалада цифрлық ресурстардың артықшылықтары, соның ішінде нақты уақыттағы кері байланыс және 21 ғасырдағы дағдыларды дамыту сипатталған және технологияға қол жеткізу және мұғалімдердің дайындығы сияқты мәселелер қарастырылған. Сондай-ақ цифрлық ресурстарды тиімді біріктірудің ең жақсы тәжірибелері ұсынылады. Жалпы, мақалада қазіргі білім берудегі цифрлық құралдардың маңыздылығы артып келе жатқандығы көрсетілген.

Резюме. В этой статье обсуждается актуальность использования цифровых образовательных ресурсов на современных уроках английского языка. В ней рассказывается о том, как цифровые инструменты, такие как онлайн-платформы, мультимедийные ресурсы и интерактивные приложения, улучшают изучение языка, обеспечивая гибкость, вовлеченность и персонализированный опыт. В статье описываются преимущества цифровых ресурсов, включая обратную связь в режиме реального времени и развитие навыков 21-го века, а также рассматриваются такие проблемы, как доступ к технологиям и готовность преподавателей. Также предлагаются лучшие практики эффективной интеграции цифровых ресурсов. В целом, в статье подчеркивается растущее значение цифровых инструментов в современном образовании.

In today's rapidly evolving world, education is no longer confined to traditional textbooks and classroom settings. The rise of digital technology has revolutionized teaching methods, providing new opportunities for more engaging and effective learning experiences. Digital educational resources, which include online platforms, multimedia tools, and interactive applications, are becoming increasingly essential in the modern classroom. Their relevance in English language lessons is particularly significant, as they offer innovative ways to improve language acquisition and retention. This article will explore the importance of using digital resources in teaching English, the types of resources available, and the benefits and challenges they present.

The integration of digital resources into the educational process reflects the technological advancements of the 21st century. Traditional teaching methods often fail to meet the needs of digital-native students who are accustomed to interactive and multimedia content in their daily lives. By incorporating digital tools, educators can adapt to these changes, ensuring that their lessons are both relevant and effective. For English language teaching, digital resources provide a dynamic and flexible approach to language learning, allowing students to access materials anytime, anywhere, and tailor their learning to their specific needs.

There is a wide range of digital resources available for English language learners, each offering unique features that cater to different aspects of language acquisition. Online platforms and apps such as Duolingo, Kahoot, and Quizlet, allow students to practice vocabulary, grammar, and pronunciation through interactive exercises. These tools make learning fun and gamified, motivating students to engage more consistently. Educational websites like BBC Learning English and the British Council provide high-quality materials, including reading exercises, videos, and listening tasks, which can be incorporated into lessons. Multimedia resources, including videos, podcasts, and interactive simulations, further enhance the learning experience by offering real-life language practice in diverse contexts.

The use of digital resources brings several advantages to English language teaching. One of the most significant benefits is flexibility and accessibility. Students can access digital materials on their devices at any time, allowing them to learn at their own pace and revisit challenging concepts as needed. Additionally, digital tools offer real-time feedback, which is crucial for language learners as it helps them

identify and correct mistakes immediately. This instant assessment not only improves their understanding but also boosts their confidence. Another key advantage is the development of 21st-century skills, such as critical thinking, problem-solving, and collaboration, which are essential for students to succeed in the modern world. Digital resources also allow for the personalization of learning, catering to the diverse needs and levels of students by providing customized content based on their progress.

While digital resources offer many benefits, there are also challenges in implementing them effectively. Access to technology remains a significant barrier, particularly in regions where students may not have reliable internet connections or access to devices. This digital divide can exacerbate inequalities in education, making it difficult for all students to benefit from these resources equally. Another challenge is the teachers' readiness and training in using digital tools. Many educators may not be familiar with the latest technologies or may lack the skills needed to integrate them into their lessons seamlessly. Additionally, technical difficulties such as software malfunctions or connectivity issues can disrupt the learning process and frustrate both teachers and students.

To overcome these challenges, teachers should adopt a blended learning approach, combining traditional teaching methods with digital tools. This allows for a more balanced and inclusive learning environment, where students can benefit from the best of both worlds. When selecting digital resources, it's important to choose those that align with the learning objectives of the lesson. For example, vocabulary apps may be useful for word acquisition, while video resources may enhance listening skills. Furthermore, educators should encourage student interaction and collaboration through the use of digital platforms, fostering a more engaging and interactive classroom atmosphere.

In conclusion, the use of digital educational resources in modern English language lessons is not only relevant but essential for enhancing the learning experience. These tools provide flexibility, engagement, and personalized learning opportunities that are crucial for language acquisition in today's world. However, successful integration requires careful planning, proper training for educators, and addressing access issues to ensure all students can benefit. As technology continues to evolve, the role of digital resources in education will only grow, shaping the future of how we teach and learn languages.

References

1. Bates, A. W. (2015). Teaching in a Digital Age: Guidelines for Designing Teaching and Learning. Tony Bates Associates Ltd.
2. <https://opentextbc.ca/teachinginadigitalage/>
3. Warschauer, M., & Healey, D. (1998). "Computers and Language Learning: An Overview."
4. <https://doi.org/10.1017/S0261444800012970>

УДК 373.319.26

ПОВЫШЕНИЕ УРОВНЯ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

АКИЛОВА АСИЯ АМАНАЛИЕВНА

Средняя школа №32 учитель начальных классов
Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Жұмыс барысында бастауыш сыныптардың математика сабағындағы логикалық ойлау қабілетін дамытуының өзгешеліктері қарастырылған.

Summary. In work some features of progress of logical thinking of pupils of initial classes at lessons of mathematics are considered.

«Широкий путь, ведущий к огромным и недостижимым горизонтам труда и открытий, проходит через математические знания, которые дает школа» А.И. Маркушевич

Все мы понимаем, что основы личности человека формируются уже в начальной школе. «Основные задачи начальной школы – обеспечить первоначальное формирование личности

ребенка; раскрыть и развить свои способности, овладеть прочными навыками совместного обучения», - говорится в концепции развития среднего образования Республики Казахстан. Чтобы правильно выполнять эту обязанность, мы должны быть готовы оказать всестороннюю поддержку каждому ребенку раннего возраста, обучая, воспитывая и развивая его, - говорят многие наши педагоги (С. Рахметова, Ж. Адамбаева). Наша задача – обучить школьников всем аспектам математики, развить их способности и уверенность в себе, а также воспитать достойных граждан Республики Казахстан. Поэтому вопрос повышения уровня образования школьников остается актуальным и обсуждается на протяжении многих лет. «Математика, несмотря на многочисленные усовершенствования методики преподавания, всегда остается трудной задачей для учащихся», – говорил известный ученый Д.И. Писарев. Таким образом, несмотря на трудности и сложности математики, важно привлечь будущее поколение к этому предмету и повысить уровень образования, что требует от нас большой ответственности. Это начинается в начальной школе.

Современные дети – это граждане завтрашнего дня, владельцы общества. Учителя начальных классов становятся первыми проводниками для малышей, открывающими двери к знаниям с добрым сердцем. Эта почетная и ответственная задача требует от педагогов осознания, что каждое их действие оставляет след в сознании ученика и способствует его развитию. Учитель служит образцом для подражания, направляя и поддерживая ребенка на различных жизненных путях, прививая ему нравственные качества, трудолюбие, честность и другие важные добродетели. В современном мире одной из ключевых проблем является повышение уровня образования школьников. Всем известно, что основным фактором в этом процессе выступает учитель.

Повышение уровня образования учащегося подразумевает всестороннее развитие, обеспечение крепкой базы в научных дисциплинах и формирование гражданина, который будет служить обществу в будущем. Это включает дальнейшее углубление и совершенствование знаний ученика. В этой связи важно рассмотреть, какова роль учителя в повышении образовательного уровня учащихся. При изучении научно-педагогической и психологической литературы мы в первую очередь искали ответ на вопрос о сущности понятия «деятельность». Всестороннее развитие психической жизни человека зависит от вовлеченности в различные виды деятельности, и в течение жизни каждый человек раскрывает свою психику по-разному.

Повышение уровня образования учащегося предполагает всестороннее развитие, формирование крепкой базы в научных дисциплинах и подготовку граждан, готовых служить обществу в будущем. Это также включает углубление и совершенствование знаний ученика. В связи с этим важно рассмотреть роль учителя в повышении образовательного уровня учащихся. При анализе научно-педагогической и психологической литературы мы в первую очередь искали ответ на вопрос о сущности понятия «деятельность». Всестороннее развитие психической жизни человека зависит от вовлеченности в различные виды деятельности, и в течение жизни каждый человек раскрывает свою психику по-разному.

В современном образовании учитель должен не только передавать знания, но и обучать учащихся навыкам самостоятельного обучения. Умение последовательно мыслить, аргументировать, формулировать гипотезы и опровергать неверные выводы не возникает само по себе – это результат развития логического мышления. Чтобы эффективно освоить основы логики, необходимо систематически решать логические задачи, начиная с раннего возраста, с начальной школы.

Математика (греч. *mathematike*, от *mathema* - наука) - наука, в которой изучаются пространственные формы и количественные величины[3]. Математика, как и искусство, представляет собой способ обучения. Для улучшения познавательной деятельности школьников важно исследовать математическую основу развлечений, интересные вопросы, загадки и пословицы, а также овладеть математическими языками, необходимыми для их формулирования.

Для школьника математика представляется как предмет, на котором изучается счет, способы вычислений, геометрические фигуры, различные формулы. Математика не представляется чем-то глобальным. Тем более, что в настоящее время, когда научно-технический прогресс достиг небывалых высот, у простого обывателя нет необходимости углубленно изучать математические процессы[4]. Важно связать изучение математики с реальной жизнью и раскрыть её воспитательное значение. Это требует как содержания математического предмета, так и учебной программы. Несмотря на то что это признается во многих научных работах и лучших практиках

школьного обучения, отсутствие конкретных материалов о том, как интегрировать эти элементы в учебный процесс, затрудняет ситуацию. Наше исследование имеет как теоретическое, так и практическое значение. Хотя математика является сложным предметом, она развивает гибкость ума и способствует пониманию единства мира. Воспитательное значение и практическое содержание обучения математике гармонично сочетаются с целью её преподавания в школе.

Стандарт математического образования направлен на развитие математических знаний и умений, а также познавательной и коммуникативной деятельности учащихся. Он также способствует их адаптации к самообразованию и труду, формирует математический стиль мышления, развивает интеллектуальные и эмоциональные качества. При этом особое внимание уделяется формированию личности ребенка, гармонизируя традиции и культурное наследие народа, что обеспечивает всестороннюю подготовку к применению полученных математических знаний в жизни. Необходимость развития логической культуры диктуется тенденциями современного ритма жизнедеятельности. Умение анализировать, делать выводы путем логических рассуждений, классифицировать, ставить гипотезы, опровергать их или доказывать, пользоваться аналогиями: всё это человек достигает путём изучения и осваивания математических и логических законов [5].

Познавательная деятельность представляет собой особое проявление энтузиазма и стремления учащегося к обучению, возникающее в процессе поиска ответов на проблемные вопросы и выполнения самостоятельных заданий. Самообразование школьников требует систематической и добровольной работы, однако часто не обращается внимание на то, как превратить его в повседневную духовную потребность студентов. Самостоятельное обучение во многом зависит от того, как учащиеся сами определяют и реализуют свои цели, содержание и организацию учебной деятельности. Учитель, в свою очередь, должен предоставлять советы, наставления и общие рекомендации. Это подчеркивает необходимость того, чтобы учитель начальных классов овладел теоретическими основами, областью применения и методами практического использования этих знаний для эффективной организации обучения, что, в свою очередь, способствует повышению познавательной активности учащихся. В процессе игры на уроках математики учащиеся незаметно выполняют разнообразные упражнения, которые включают сравнение множеств, арифметические действия, устный счет и решение задач. Игра создает условия для поиска решений, пробуждает интерес к победе, что стимулирует стремление быть быстрым, собранным и находчивым, а также четко выполнять задания и соблюдать правила. В коллективных играх развиваются нравственные качества личности, чувство ответственности и коллективизма, а также формируются дисциплина, воля и характер. Игры также играют важную роль в обеспечении преемственности между детским садом и школой. На каждом уроке математики я провожу устный счет, используя при этом игровые и занимательные задания, дидактические игры: «Собери букет», «Математическая рыбалка», «Кто быстрее?», «Молчанка», «Собери грибы», «Математический футбол». Элементы занимательности, игра и все необычное и неожиданное вызывают у детей яркое чувство удивления и живой интерес к процессу познания, что способствует усвоению любого учебного материала. Таким образом, действия учителя, направленные на повышение уровня образования учащихся, представляют собой процесс совершенствования их знаний и навыков, ориентированный на достижение определенных целей, связанных с удовлетворением различных потребностей. Это включает в себя виды работы, которые учитель выполняет на уроке с целью воспитания ученика. Рассмотрим способы повышения уровня образования учеников.

Список использованной литературы:

1. Абушаева З.М. Приёмы работы учителя по формированию вычислительных умений в начальной школе / З.М. Абушаева З.М., В.С. Ионова В.С. // Совершенствование экологообразовательной деятельности в Саратовской области: межвуз. сб. науч. трудов. - Саратов, 2017. – С. 183-188. - <https://elibrary.ru/item.asp?id=30061296>
2. Бажан З.И. Значение устных вычислений и их использование на уроках математики в начальной школе / З.И. Бажан // Проблемы современного педагогического образования. 2020. - № 66-1. – С. 19-21. - <https://elibrary.ru/item.asp?id=42813121>
3. Большой энциклопедический словарь <https://www.vedu.ru/bigencdic/> Дата обращения 17.12.2017

4. Безруких, М.М. Возрастная физиология: (Физиология развития ребенка): учебное пособие для студентов высших учебных заведений / М.М. Безруких, В.Д. Сонькин, А.Д. Фабер. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - С.416.

5. Электронный журнал "Образование Ямала" <http://yamal-obr.ru/articles/matematicheskoe-obrazovanie-1/> Дата обращения 24.04.2017 62.StudFiles <http://www.studfiles.ru/preview/5733989/> Дата обращения 18.03.2017

ӘОЖ 372.03

БАСТАУЫШ СЫНЫП МАТЕМАТИКАСЫН ОҚЫТУДА ЖАҢАРТЫЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

УРАЗАЛИЕВА АСИЯ СЕРИКБАЕВНА

С.Асфендияров атындағы негізгі мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Қордай ауданы

Резюме. В данной статье работы рассматриваются особенности развития логического мышления на уроке математики начальных классов.

Summary. In work some features of progress of logical thinking of pupils of initial classes at lessons of mathematics are considered.

Бастауыш сыныптағы математика сабағында оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда, математиканың негізін қалыптастыру, ұғындыру, түсініктерін тереңдетуде мұғалімдердің математикалық білімдері терең болуы қажет.

Бүгінгі күнгі басты мәселе - білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы - білім беру жүйесінде түрлі технологияларды қолдану. Мектептің бастауыш сатысындағы математика пәнін оқытуда кеңінен қолданылып жүрген оқытудың қазіргі технологиялары өте көп, солардың бірнешеуіне тоқтала кетуді ұйғардық:

- дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы (П.М.Эрдниев) бір мезгілде тура және кері амалдар мен операцияларды меңгеруге көмектеседі және ірілендіру қағидасына сүйеніп құрастырылған жаттығулар жиынтығы білімді саналы да берік меңгеруге көмектеседі;

- математиканы оқытудың есеп шығаруға негізделген технологиясы (Р.Г.Хазанкин) есептерді шығаруда әртүрлі әдістерді қолдану және оқушылар бірін-бірі тексеру арқылы есептің дұрыстығына көз жеткізулеріне болады;

- дамыта оқыту технологиясы (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов) дамыта оқыту жүйесі жеке тұлғаны жеделдете қарқынды, барлық сапалармен сәйкестікте жан-жақты дамытуға бағытталған;

- оқытудың модульдік технологиясы (В.М.Монахов) оқу үрдісін мақсатты жобалап, құруға болады.

- оқытудың компьютерлік технологиясы компьютермен жұмыс істеу техникасын меңгеру, сыныпта белсенділік көрсету, жеке жұмыс істеу, жекелеп көмек көрсету;

- проблемалық оқыту технологиясы;

- тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы (В.Ф.Шаталов) теория және практиканы блок түрінде топтау, тірек-схема, тірек-конспект түрінде берілген теориялық материалдарды сыныпта меңгеру, үйде өз бетімен іздену, жұмыс істеу;

- түсіндіре басқарып – оза оқыту (С.Н.Лысенкова) алынатын білімнің алғашқы бөлігін алдын ала оқыту;

- деңгейлік саралап оқыту технологиясы бірнеше деңгейде тапсырма беру;

- жүйелік негізде оқыту технологиясы (Ғалиев Г.Г.);

- шоғырландырып – қарқынды оқыту технологиясы (Әбдіғалиев Қ.А., Нұрахметов Н.Н.);

- блоктық-модульдік технологиясы (Жанпейісова М.) қазіргі таңда қолдау табууда.

Оқушылардың білім деңгейінің арттыруын, яғни білім сапасын көтеру мақсатында қазіргі заман талабы шығармашылық мүмкіндіктерді іске асыратын жаңа технологиялардың бірі «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» жобасы. Бұл технологияны қолдана отырып сабақ барысында төмендегі мәселелерді шешуге болады:

- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауларын дамыту;
- ой-толғанысқа белсенді араласу;
- білімді игеруге жауапкершілікті арттыру.

Математика сабағында СТО-ның бірнеше стратегияларын қолдануға болады: «Ассоциация», «Венн диаграммасы», «Бес жолды өлең», «жұпта, топпен, жеке жұмыс», «Кең ауқымды дәріс».

Мысалы, 1-сыныптағы «7 саны мен цифры» тақырыбын өткенде «Кең ауқымды дәріс» стратегия бойынша элементтерін қолдансақ:

1-кезең «Ой қозғау»

а) қызығушылықты ояту: сұрақтар қойылады.

1. Сан дегеніміз не? Цифр дегеніміз не?

Тапсырма:

- білетін мәліметтер айту;
- жұппен талдау, содан кейін кіші топта;
- топбасшының сөз алуы.

«Ассоциация» стратегия бойынша 7 саны нені көз алдына елестетеді, немесе осы сан бойынша бұрын қандай білімі бар. Мысалы, қазақ халқына тән қазақ баласының 7 атасы, 7 қазынасы, аптаның 7 тәулігі т.б.

Математика сабағында дамыта оқыту технологиясын қолдана отырып оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор. Біріншіден-дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады.

Екіншіден-дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден-оқушының жеке басын дамытатын басты құрал- ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Төртіншіден- дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым - қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стиль бұл жерде тиімсіз, оқушы - «орындаушы», «мұғалімнің тасасындағы» объект емес.

Осылайша, дамыта оқыту бойынша сабақ кезеңдерінде:

- оқушылар сабақтың мақсат, міндетін өздері анықтайды;
- мәселені шешу жолын іздестіреді;
- жаңаны өздері табады;
- ақылдасады, кеңеседі;

Аталған әрекеттері арқылы әр оқушының мәселені шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады.

Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа жаңа педагогикалық технологиялар, компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, Оп-line сабақтар арқылы іске асырылуда. Жаңа технологияларды қолданудың ерекшелігі – оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып математика сабағында компьютермен жұмыс істеу тиімді. Компьютер - технологиялық құралдардың бірі, оның көмегімен сабақты қызықты, тартымды етіп түрлендіруге болады. Компьютермен өткен сабақ баланың көңіл-күйін көтеріп, нашар деген оқушының

компьютермен жұмыс істеуде қызығушылық қабілетін арттыруға мүмкіндік береді және шеше алмаған жауапты мұғалімнің көмегімен шешуге тырысады. Мұндай сабақтар оқушылардың білімін, мүмкіндігін толығырақ бағалауына және оны түсінуге, жаңаша шығармашылық тәсілдермен жұмыс істеуіне, ізденуіне сан алуан әдіс-тәсілдерді таңдауына жол ашары сөзсіз.

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

- интерактивтік тақта;
- мультимедия;
- Интернет кеңістігі;
- электрондық оқулық.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үрдісінде электрондық оқулықтарды пайдаланып қана қоймай оны жасау және пайдалану. Сондықтан білім беру жүйесінде электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Соның нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, білім сапсының өсуіне мүмкіндік туғызады.

Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнделікті дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе. Оны әрбір мұғалім өз педагогикалық тәжірибесінде материалдармен толықтыра отырып, ары қарай жетілдіре алады.

Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электрондық оқулықтардың атқаратын ролі зор. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әр түрлі суреттер, сұлба тәсілдері арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түсініп және мида бекіту үрдістері ұтымды болады.

Электрондық оқулықтар осы модульдік технологиясы негізінде жасақталады. Әр сыныптың білім мазмұны модульдерге бөлініп, әр тақырып бірізділікпен, жүйелі түрде беріледі. Оқушылар электрондық оқулықтағы интерактивті тапсырмалармен жұмыстана отырып сабақта алған білімдерін кеңейтеді, өз бетімен шығармашылықпен жұмыстануға дағдыланады. Алған білімдерін өзбетімен тексеру үшін тест тапсырмаларын орындайды.

Ал модульдік оқыту – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Ал «модуль» дегеніміз – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне (жоспарланған алдағы нәтиже) жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы. Жалпы «модуль» сөзі «оқытудың мазмұны мен технологиясын» білдіреді. «Модуль мазмұны» өзіндік мағына беретін оқу материалының көлемі ретінде ұсынылады.

Математика пәнін оқытуда модульдік технологияны пайдалану жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырады.

АКТ - ның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс - әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан - жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. Білім беруде АКТ - ны пайдалану мен оқушылардың күзiреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ - ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ - ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аударуға білуге баулиды, сондай - ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Жаңа АКТ - ны сабақта пайдаланудың тиімділігі:

- Оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді;

- Ақыл - ойын дамытады;
- Шығармашылық белсендігін арттырады;
- Ұжымдық іс - әрекетке тәрбиелейді;
- Тіл байлығын жетілдіреді;
- Жан - жақты ізденушілігін арттырады.

Елбасы атап көрсеткендей «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте – өте қажет» - жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Білім берудің ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне жаңа ақпараттық технологияны жан - жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды.

Іс тәжірибемізде, қала мектептеріндегі байқау практикасы кезінде студенттердің математика пәнінен АКТ-технологиясын қолданып өткізген сабақтарында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары, белсенділігі артып, шығармашылық даралығы қалыптастырылып, білім деңгейлерінің өскендігі байқалды.

Сондай сабақтардың бірі - 4-сыныптағы математика пәнінен «Кездесу қозғалысына берілген есептер» тақырыбында берілген сабаққа тоқтала кетсем. (сабақ)

Оқушыларға терең білім беру үшін жаңа технологияларды қолдана отырып төмендегідей қағидаларды есте сақтаған жөн:

- мұғалім пәнді өзі жетік терең біліп, оны балаларға жай, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып беруі қажет;

- мұғалім оқушылардың жеке басының психологиясын (жан дүниесін) жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білуі қажет;

- мұғалім әр оқушыға, бүкіл сыныпқа талап қоя білуі керек;

- мұғалім әр сабақта ғылым мен техника жаңалықтарын дұрыс қолдана білуі;

- мүмкіндігінше, кейбір үлкен тақырыптарды топтап, жеке блоктар түрінде топтай білуі;

- балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін жаңа сабақты тірек конспектілері мен жеке тірек белгілері бойынша беру;

- сабақта балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі қызықты элементтерді пайдалану;

- әрбір сабақ өз дәрежесінде өтуі қажет.

Әр мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастыруы, оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыруы керек. Әр сабаққа дайындық – мұғалімнің ізденісінің нәтижесі, сабақты ыңғайына қарай түрлендіре түссе, әр сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданса, сабақтың мазмұны ашылады. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді деп есептеймін.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығын өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» Егемен Қазақстан газеті 2006 жыл № 115 (24368)
2. Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасы. Астана, 2004-46 б.
3. Ғалымжанова М. Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану. Информатика негіздері. - №3, 2006 ж.
4. Шәдиев Қ. Компьютерді қолданудың педагогикалық мәселелері. Қазақстан мектебі - №5, 2006-7 б.
5. Орта мектеп жаршысы. Республикалық оқу-әдістеме журналы - № 2, 3, 2011 ж.
6. Қараев Ж.А.. «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясы. Алматы. 2007 ж 4-5, 17 бет

7. Баймұханов Б., Бекбаева З. «Оқушылардың математикалық тапсырмаларды орындаудағы дербестігін арттыру». Алматы - 2006ж.

8.12-жылдық білім беру. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық талдамалық журнал. №1, 2012 ж.

9. <http://45minut.kz>.

ӘОЖ 372.03

ОҚУДА ЖАҢА ТӘСІЛДЕРДІ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМНІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҮДЕРІСТЕРІ

ИЛЬЯСОВА ЖАНАР АЛЫМХАНОВНА

С.Асфендияров атындағы негізгі мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Қордай ауданы

Резюме. В данной статье речь идет о том, что для учителя главное – правильно выбрать метод обучения, эффективно использовать его на уроке, воспитать будущее нашей страны, будущее подрастающего поколения, которое стало достоянием нашей страны, сформировать личность, которая сможет применить свои знания в жизни, самостоятельно учиться и вносить свой вклад в развитие нашей страны.

Summary. In this article we are talking about the fact that the main thing for a teacher is to choose the right teaching method, use it effectively in the lesson, educate the future of our country, the future of the younger generation, which has become the property of our country, to form a personality who can apply his knowledge in life, study independently and contribute to the development of our country countries.

Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, себебі, білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман – уақыт талабы. Елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал, оның көшбасында жас ұрпақтың бойына білім негізінің іргетасын қалаушы – ұстаз тұрады. Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беріп, дарынды, талантты қабілеттерін дамыту үшін білім беруде жаңаша түрлі әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану қажет екендігін ұғындым. Сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсілді пайдаланып әдебиеттік оқу пәнінен 2 «А» сыныбында оқушылардың оқуға, пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында Жәди Шәкеннің «Құмырсқаның өнері» тақырыбындағы сабағымды өттім. Сабақтың мақсаты: Мәтінмен жұмыс жасай білуге, топтық жұмыста негізгі ойды талқылауға, ой түйінін таба білуге, өз бетінше шешім қабылдауға үйрету арқылы оқушының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Адам баласы үшін ең қажетті нәрсенің барлығына біріге отырып қол жеткізуге болатынын ұғындыру болатын.

Сабақтың басында мен алдымен оқушылармен сәлемдесіп, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырдым. Үй тапсырмасын сұрау үшін оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес «Ыстық картоп» әдісін пайдаландым. Оқушылар бір-біріне допты лақтыра отырып, өткен тақырыпқа байланысты сұрақтар қойып жауап берді. Оқушылар топтарға геометриялық фигуралар арқылы біріккен соң, топбасшысын сайлады. Ал, мен көшбасшы ретінде оқушыларды бақылап, бағыт беріп отырдым.

Оқытуды басқару және көшбасшылық білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алуы керек деген тұжырымға саяды. Бағдарламаның негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау нәтижесінде мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатынына негізделеді. Яғни мен сабақты ерекше ұйымдастырып, көшбасшылық қасиетімді

көрсетіп бердім. Жеті модуль сабақ беру барысында аралас түрде қолданылды. Жеті модульдерді кіріктіруде ең алдымен мұғалім әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, үнемі көшбасшылық жасап отырады, бағыт-бағдарды айқындады. Оқытудағы барлық пайдаланылатын стратегиялар мен тәсілдер «Теорияға», «Теориядан практикаға», «Рефлексияға» келеді. Осы уақытқа дейін мұғалім ретінде оқушылардың оқуына оң және кері әсер ететін факторларға нақты әрі дұрыс пікірлер білдірмеген екенмін. Бірақ, осы оқу процесінде оқушының міндеттеріне мыналар кіреді: назар аудару, шоғырлану, тәжірибе, ойлану, табандылық көрсету, тұжырымдамалық негіздер мәнін құру және кеңейту.

Ел ертеңіне алаңдайтын болашақ тұтқасын ұстайтын саналы да білімді ұрпағымыздың қалыптасуына тілдің әсері мол. Өнер атаулының ішіндегі ең құдыреттісі сөз өнері, сөйлеу өнері екендігін оқушыға сезіндіре отырып, ана тілін оқыта отырып, оқушының өз тілін қастерлеуге, өз тілін білуге үйренуге деген талпынысын арттырамын. Сонымен ойы терең, сөзі өткір, өзіндік пікір болжамы қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеуде ана тілінде әдеби, мәдени түрде сөйлеуге үйренудің заман қажеттілігінен туындағаны анық. Осы орайда сабақтарда тілдік қорды молайту, байытуда алатын орны ерекше.

«Құмырсқаның өнері» тақырыбын жоспарлауда сыныпқа кірген бойда мен оқушылармен сәлемдестім, содан соң оқушылар шаттық шеңберін құрып, бір-біріне деген тілектерін айтып, геометриялық пішіндер бойынша топтарға біріктірдім. Топтарда топтық ереже құрдық. Үйжұмысын «Ыстықкартоп» әдісі бойынша жүргіздім. Оқушылар шеңбер болып тұрады, бір оқушы екінші оқушыға допты беру барысында сұрақтар қояды. Допты қағып алған оқушы сұраққа жауап беріп, сол оқушы келесі оқушыға сұрақ қояды. Өткен сабақты жаңа сабақпен байланыстыруда тақырыпты ашу, ой қозғау мақсатында «PowerPoint» бағдарламасында жасалған таныстырылымда сабақтың тақырыбын оқушылардың өздері ашуға мүмкіндік беріледі. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын ашпастан бұрын оқушыларға интербелсенді тақтадан құмырсқаның және оның еңбегі, қанағатшылдығы слайдта көрсетілді. Сол тақырыпта бірнеше сұрақтар қойылды. Оқушылар сабақтың тақырыбын өз бетінше ашты.

«Оқытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану» модулі (АКТ) осы кезеңдерде қолданылды. Осыған байланысты білім беруде қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырды. АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Менде өз сабақтарымда АКТ-ны сабаққа лайықтап қолдану мұғалімге сабақты түсіндіруге көп жеңілдігін тигізсе, баланың сабақты мида ұзақ уақыт бойы сақтайтындығына ықпалы зор екендігі байқалды. Сонымен қатар сабақты қорытындылау кезеңінде де «БББ кестесі» әдісін интерактивті тақтадан көрсетіп, оны толтыру жөнінде нұқсаулықты бердім.

Осы сұрақтың аясындағы жауаптар арқылы оқушылар сыни ойлауға үйренді, сұрақ оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, оқу бағдарламасына ескеріле құрылды, диалог арқылы балаларды оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қамтылды. Диалогты осы сабағымда қолданған себебім, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлануы және бір-бірімен қарым- қатынас жасауы болатын. Ол үшін «Елші» әдісін қолдандым. Оқушылар өз бетінше мәтіннің бөліп берген үзінділерін оқып, бір-біріне түсіндіру арқылы талқылап баяндап берді. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулінің «Диалог арқылы оқыту» оқушылардың өзара сұқбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтың шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екендігі «Елші» әдісі бойынша мәтінмен танысуда байқалды. Тапсырманы ауызша орындау барысында топтық жұмыста оқушылар ұйымшылдыққа, бір - бірімен жұптасып жұмыс нәтижесіне жетуге үшін тырысты, әртүрлі ойлар, пікірлер, ұсыныстар айтып, дұрыс нәтижеге жетуге ұмтылды.

Суреттер арқылы өздерінің ойларын жазып көрсетті. Сыни тұрғыдан талдап, тұжырымды ой жинақтады. Бұл тапсырманы орындау барысында сонымен қатар, талантты және дарынды балалар айқындалды. Олардың қабілеті мен қиялына қозғау салынды. Таланттылық қабілеті бар оқушыларды тани біліп, оларды білім беру барысында жан-жақты дамыту бұл ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Адам мен адамды теңестіретін білім» деген даналық сөзінде келтіргендей еліміз Қазақстанның дамып, өзге дамыған елдермен терезесін теңестіретін бірден-бір жол екендігіне дау жоқ.

«Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі бойынша оқыту үдерісін жақсарту және сабақты қалай түсінгендіктерін көрсету, жауапкершілігін арттыру мақсатында оқушыларды

бағаладым. Сабаққа жақсы қатысқан оқушыларды мадақтап, мақтап, ескерте отырып, фигуралар арқылы бағаладым. Нәтижесінде, оқушылардың топтық жұмыстағы іс-әрекетіне қарап, оқушылардың деңгейі жоғары екендігін көрдім, бұл сыныппен жұмыс жасағанда тапсырманы сыныптың деңгейіне қарай күрделі жұмыстар жасауға болады деген ұйғарымға келдім. Топтық жұмыстарда оқушылардың танымдық қабілеттерімен қоса, тұлға аралық қарым-қатынас, өзін-өзі реттеу мәдениеті дами түсті.

Қорыта келгенде, баланы қабілетті, қабілетсіз деп бөлмей, зерттеу, бақылау арқылы барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызамын. Нашар оқушыны да қабілеті жететін жерге дейін көтеру, өз бетімен жұмысқа жетелеу, өз күшіне сенімін нығайту – баршамыздың міндетіміз. Сыни ойлауға үйрету – оқушылардың ойлау қабілеттерін жетілдіреді, дамытады, көздеген мақсатына жеткізеді.

«Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» дейді қазақтың кемеңгер ұстазы Ахмет Байтұрсынов.

Ертең осы елге ел болып, ел тізгінін ұстар азаматтар бүгінгі мектеп оқушылары болғандықтан, сапалы білім мен саналы тәрбие беріп ел қатарына қосу ұстаздық борышым деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық.
2. Әдебиеттік оқу оқулығы 2 сынып.

ӘОЖ 373.456.45

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ

ДЖАНДАРБЕКОВА АЙТГУЛЬ ШАМШИЕВНА

№ 11 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В этой статье работы рассматриваются особенности развития логического мышления на уроке математики начальных классов.

Summary. In work some features of progress of logical thinking of pupils of initial classes at lessons of mathematics are considered.

Адам тұлғасының негізі бастауыш мектепте қалыптасады деп бәріміз түсінеміз. «Бастауыш мектептің негізгі міндеттері – баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз ету; қабілеттерін ашу және дамыту, бірлескен оқудың күшті дағдыларын меңгеру», - делінген Қазақстан Республикасындағы орта білімді дамыту тұжырымдамасында. Осы жауапкершілікті дұрыс атқару үшін әрбір жас бүлдіршінге жан-жақты қолдау көрсетіп, оны оқытып, тәрбиелеп, дамытып отыруға дайын болуымыз керек дейді көптеген ұстаздарымыз (С.Рахметова, Ж.Адамбаева). Біздің мақсатымыз – мектеп оқушыларына математиканың барлық қырларын үйрету, олардың қабілеттері мен өзіне деген сенімділігін дамыту, сонымен қатар Қазақстан Республикасының лайықты азаматтарын тәрбиелеу. Сондықтан мектеп оқушыларының білім деңгейін арттыру мәселесі өзекті күйінде қалып, көп жылдар бойы талқыланып келеді. «Математика, оқыту әдістемесінің көптеген жетілдірілуіне қарамастан, студенттер үшін әрқашан күрделі мәселе болып қала береді», - деп атақты ғалым Д.И.Писарев. Ендеше, математиканың қиындығы мен күрделілігіне қарамастан, бізден үлкен жауапкершілікті талап ететін болашақ ұрпақты осы пәнге баулу, білім деңгейін көтеру маңызды. Ол бастауыш мектептен басталады.

Бүгінгі балалар – ертеңгі азамат, қоғамның иесі. Бастауыш сынып мұғалімдері балаларға мейірімді жүрекпен білім есігін ашатын алғашқы жол сілтеуші болады. Бұл абыройлы да жауапты міндет ұстаздардан олардың әрбір іс-әрекеті оқушы санасында із қалдырып, оның дамуына ықпал ететінін түсінуді талап етеді. Ұстаз балаға өмірдің түрлі жолдарына бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсетіп, оның бойына адамгершілік, еңбексүйгіштік, адалдық, тағы басқа маңызды ізгі

қасиеттерді сіңіріп, үлгі-өнеге етеді. Қазіргі заманда мектеп оқушыларының білім деңгейін арттыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл процестің басты факторы мұғалім екенін білмеуі.

Білім алушылардың білім деңгейін арттыру жан-жақты дамуды, оқу пәндерінің берік негізін қамтамасыз етуді және болашақта қоғамға қызмет ететін азаматты қалыптастыруды көздейді. Бұл оқушының білімін одан әрі тереңдету мен жетілдіруді қамтиды. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін көтеруде мұғалімнің рөлі қандай екенін ескерген жөн. Ғылыми, педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерделеу кезінде біз ең алдымен «белсенділік» ұғымының мәні туралы сұраққа жауап іздедік. Адамның психикалық өмірінің жан-жақты дамуы іс-әрекеттің әртүрлі түрлеріне қатысуға байланысты және өмір бойы әр адам өзінің психикасын әртүрлі жолдармен ашады.

Заманауи білім беруде мұғалім білім беріп қана қоймай, оқушыларға өз бетінше білім алу дағдыларын үйретуі керек. Жүйелі ойлау, дәлелдеу, гипотеза құрастыру және дұрыс емес тұжырымдарды жоққа шығару қабілеті өздігінен пайда болмайды – бұл логикалық ойлаудың дамуының нәтижесі. Логика негіздерін тиімді меңгеру үшін ерте жастан, бастауыш сыныптан бастап логикалық есептерді жүйелі түрде шешу қажет.

Мектеп оқушысы үшін математика санау, есептеу әдістері, геометриялық фигуралар, әртүрлі формулалар оқытылатын пән ретінде берілген. Математика ғаламдық нәрсе емес сияқты. Оның үстіне ғылыми-техникалық прогрестің бұрын-соңды болмаған биікке көтерілген қазіргі кезеңде қарапайым адамға математикалық процестерді тереңдетіп зерттеудің қажеті жоқ [4]. Математиканы оқуды өмірмен байланыстырып, оның тәрбиелік мәнін ашудың маңызы зор. Бұл математика пәнінің мазмұнын да, оқу бағдарламасын да қажет етеді. Бұл көптеген ғылыми еңбектер мен озық мектеп тәжірибесінде мойындалғанымен, бұл элементтерді сыныпқа қалай кіркірту керектігі туралы нақты материалдардың жоқтығы жағдайды қиындатады. Біздің зерттеуіміздің теориялық және практикалық маңызы бар. Математика қиын пән болғанымен, ол ақыл-ой икемділігін дамытады және әлемнің бірлігін түсінуге ықпал етеді. Математиканы оқытудың тәрбиелік мәні мен практикалық мазмұны оны мектепте оқыту мақсатымен үйлесімді ұштасады.

Математикалық білім беру стандарты оқушылардың математикалық білімдері мен дағдыларын, сонымен қатар танымдық және коммуникативті әрекеттерін дамытуға бағытталған. Сондай-ақ олардың өздігінен білім алуға, еңбекке бейімделуіне ықпал етеді, математикалық ойлау стилін қалыптастырады, интеллектуалдық және эмоционалдық қасиеттерін дамытады. Бұл ретте баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, халықтың салт-дәстүрі мен мәдени мұрасын үйлестіруге ерекше көңіл бөлінеді, бұл алған математикалық білімдерін өмірде қолдануға жан-жақты дайындықты қамтамасыз етеді. Логикалық мәдениетті дамыту қажеттілігі қазіргі өмір ырғағының тенденцияларымен байланысты. Талдау, логикалық пайымдаулар арқылы қорытынды жасау, жіктеу, гипотезаларды тұжырымдау, оларды теріске шығару немесе дәлелдеу, аналогияларды қолдана білу: адам мұның бәріне математикалық және логикалық заңдарды оқып, меңгеру арқылы қол жеткізеді [5].

Танымдық белсенділік – проблемалық сұрақтарға жауап іздеу және өз бетінше тапсырмаларды орындау барысында туындайтын оқушының білімге деген ынтасы мен ынтасының ерекше көрінісі. Мектеп оқушыларының өзін-өзі тәрбиелеуі жүйелі және ерікті еңбекті қажет етеді, бірақ оны оқушылардың күнделікті рухани қажеттілігіне айналдыруға көбіне мән берілмейді. Өз бетінше білім алу көп жағдайда оқушылардың өз мақсаттарын, мазмұны мен оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды қалай анықтап, жүзеге асыруына байланысты. Мұғалім өз кезегінде кеңес беріп, бағыт-бағдар беріп, жалпы бағыт-бағдар беруі керек. Бұл бастауыш сынып мұғалімінің оқытуды тиімді ұйымдастыру үшін осы білімнің теориялық негіздерін, көлемін және практикалық қолдану әдістерін меңгеруі қажеттігін, бұл өз кезегінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал ететіндігін көрсетеді. Математика сабақтарында оқушылар жиынтықтарды салыстыру, арифметика, ментальді математика және есептерді шешуді қамтитын әртүрлі жаттығуларды тыныш орындайды. Ойын шешімдерді табуға жағдай жасайды, жеңіске деген қызығушылықты оятады, ол шапшаңдыққа, жинақылыққа, тапқырлыққа, сондай-ақ тапсырмаларды дәл орындауға және ережелерді сақтауға ынтасын оятады. Ұжымдық ойындарда жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттері, жауапкершілік пен ұжымшылдық сезімі дамып, тәртіп, ерік-жігер, мінез де қалыптасады.

Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуде ойындардың да маңызы зор. Әр математика сабағында ойын-сауық тапсырмаларын, дидактикалық ойындарды пайдалана отырып, ойша есептеулер жүргіземін: «Шұғаны жина», «Математикалық балық аулау», «Кім жылдам?», «Тыныштық», «Саңырауқұлақтарды жинау», «Математикалық футбол». Ойын-сауық элементтері, ойын және ерекше және күтпеген барлық нәрсе балаларда таңқаларлық және оқу процесіне деген қызығушылықты тудырады, бұл кез келген оқу материалын меңгеруге ықпал етеді. Сонымен, мұғалімнің оқушылардың білім деңгейін арттыруға бағытталған іс-әрекеті әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыруға байланысты белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған олардың білімдері мен дағдыларын жетілдіру процесін білдіреді. Бұған мұғалімнің оқушыны тәрбиелеу мақсатында сабақта жасайтын жұмыс түрлері жатады. Оқушылардың білім деңгейін көтеру жолдарын қарастырайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абушаева З.М. Бастауыш мектепте есептеу дағдыларын дамыту бойынша мұғалім жұмысының әдістемесі / З.М. Абушаева З.М., В.С. Ионова В.С. // Саратов облысында экологиялық ағарту қызметін жетілдіру: ЖОО аралық. Сенбі. ғылыми жұмыс істейді – Саратов, 2017. – 183-188 б. - <https://elibrary.ru/item.asp?id=30061296>
2. Бажан З.И. Ауызша есептеулердің маңызы және оларды бастауыш сыныптағы математика сабағында қолдану / З.И. Бажан // Қазіргі педагогикалық білім беру мәселелері. 2020. - № 66-1. - 19-21 б. - <https://elibrary.ru/item.asp?id=42813121>
3. Үлкен энциклопедиялық сөздік <https://www.vedu.ru/bigencdic/> Қол жеткізу күні 17.12.2017 ж.
4. Безруких, М.М. Жас ерекшеліктеріне байланысты физиология: (Бала дамуының физиологиясы): жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы / М.М. Безруких, В.Д. Сонкин, А.Д. Фабер. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2002. – Б.416.
5. «Ямалдың білімі» электронды журналы <http://yamal-obr.ru/articles/matematiceskoe-obrazovanie-1/> Қол жеткізу күні 24/04/2017 62.StudFiles <http://www.studfiles.ru/preview/5733989/> Қол жеткізу күні 18.03.2017 ж

ӨОЖ 372.03.78

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕГІ ТИІМДІЛІГІ

АКЫЛБЕКОВА КУЛЬДАНА АДИЛОВНА

Н.Гоголь атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В данной статье основной целью преподавания предметов в начальной школе является высокообразованный человек, способный жить в быстро развивающейся среде с использованием новых технологий обучения, склонный к саморазвитию, свободно выражающий свое мнение, умеющий самовыражаться согласно своим желаниям и запросам общества, говорится о формировании творчески развитой личности.

Summary. In this article, the main goal of teaching subjects in primary school is a highly educated person, capable of living in a rapidly developing environment using new learning technologies, inclined to self-development, freely expressing his opinion, able to express himself according to his desires and the demands of society, it is said about the formation of a creatively developed personality.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан – жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Оқытудың тиімділігін арттыру үшін мектептің бастауыш сатысында кеңінен қолданылып жүрген оқытудың қазіргі технологияларының бірі:сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Оқушылардың білімді жүйелі түрде меңгеруіне және оқушының қабілет деңгейін дамытуда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының бастауыш сыныптар үшін маңызы зор. Бұл жобаның мақсаты- баланың өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру болып табылады.

Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді.

Өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда сын тұрғысынан ойлау жобасының көптеген әдіс-тәсілдерін қолданамын:

Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру,ой қозғау.

Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар.

Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға Вендиagramмасы, аялдамамен оқу стратегиясы.

Қиялдау арқылы сурет салусурет салу стратегиясы.

Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы негізінде өткізілген сабақтар оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, жұптық және ұжымдық, бірлесіп жұмыс жасауға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, ең бастысы оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды.

СТО-оқу мен жазуды дамыту технологиясы оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлеуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын технология.

Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол электронды оқулық. Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнделікті дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе.Оны әрбір мұғалім өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып қолдана алады.Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электрондық оқулықтардың атқаратын рөлі зор. Электрондық оқулық оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы әр баланың қабілетін, өз бетімен жұмыс істеу дағдысын,пәндік білімдерін,тәжірибелік біліктілігін дамытуға, әртүрлі тапсырмалармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.Электрондық оқулықтың ерекшелігі модулдікке сәйкестігі, жоғары мобильділігі мен оқуға, үйренуге икемділігі. Бұл оқулық – ғылыми-педагогикалық құрал.

Деңгейлік саралау технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Кез-келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Баланың қабілеті мен талантын дамытуды неғұрлым ертерек бастаса, соғұрлым толық ашылуы мүмкін. Егер бала бойындағы қабілетті мұғалім байқамаса, ол бала басқа оқушылармен бірдей болып қалады. Сондықтан қабілеттің дамуына түрткі бола білу керек. Осындай жұмыстарды жүргізу әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Күнделікті сабақта беретін деңгейлік тапсырмаларды қызықты етіп құрап, оқушылардың қызығушылықпен орындалуын қадағалау қажет. Сабақта технологияларды қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырып, шығармашылық әрекеттің биігіне көтерілуіне ықпал етеді.

Педагогикалық технологияның тиімділігі:

1. Оқушылардың білім сапасы көтеріледі, олар әрбір.пән бойынша мемлекеттік стандарт деңгейінің қажетті көлемін (1-деңгейде) 100 пайыздық үлгеріммен қамтитынына кепілдік алады.

2. Қабілеті жететін пәндерден жоғары деңгейлерге дейін жете алатын болады.

3. Әр оқушыға үй жұмысы жеке басынын қабілетіне сәйкес сараланып берілетін болады (мектепте орындап бастаған деңгейлік тапсырмаларды үйде қабілеті жеткенше орындап келу мүмкіндігін алу арқылы) сол арқылы артық жүктемені жою мәселесі шешім табады.

4. Дарынды балалар дер кезінде анықталынып, дами алады.

5. Оқыту сапасының мониторингісі және диагностикасы, оқушы білімін бағалаудың әділеттілігі қамтамасыз етіледі.

6. Оқытуда ақпараттық технологиялар тиімді пайдаланылады.

Егер де жаңа технология элементтерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Педагогикалық ізденіс. Алматы-Рауан. 1993.
2. «Мектеп 45 минут» әдістемелік журнал. 2017 № 7
3. Байжанов М. «Педагогикалық инновация және оқытудың қазіргі технологиялары» Қызылорда, 2000
4. «Бастауыш сыныпта оқыту» ғылыми-педагогикалық журнал 2013 №3, 2014 №1, 2016, №5.

ӘОЖ 372.41.56

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУЫЗША ЕСЕПТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ДЖОЛДАСБАЕВА ДИНАРА АДІЛХАНОВНА

С.Асфендияров атындағы негізгі мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Қордай ауданы

Резюме. В этой статье речь идет о том, что математика – это наука, необходимая для жизни. Развивает мышление учащихся на уроке, прививает навыки мысленного решения операций, выполняемых при решении задач, позволяет быстро вычислять, а также развивать логическое мышление. Было отмечено, что применение на практике устных вычислительных методов вносит большой вклад в развитие современных технологий, отвечающих современным требованиям.

Summary. This article is about the fact that mathematics is a science necessary for the existence of life. It develops students' thinking in the lesson, gives them the ability to mentally solve the tasks that they perform when solving a problem, allows them to calculate quickly, as well as develop logical thinking. It was noted that the use of oral computing methods in practice will make a great contribution to the development of modern technologies that meet the requirements of the time.

Қазіргі заман талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту – қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Кез келген елдің білім беру жүйесінің алдында қоғам дамуының қай кезінде болмасын үлкен міндеттер тұрғаны белгілі. Өйткені білім беруді дамыту арқылы, мемлекеттің өсіп өркендеуіне жақсы жол ашылары сөзсіз. Мемлекеттің қалыптасып, саяси экономикалық бағыттардың дамып гүлденуі, білім беру жүйесімен тікелей байланысты болып отыр.

Математиканың күнделікті адам өміріндегі мәні орасан зор. Санай білмей, сандарды қосуды, азайтуды, көбейтуді, бөлуді дұрыс орындай білмей тұрып адам қоғамының дамуы мүмкін деп ойлауға болмайды. Арифметикалық төрт амал, ауызша және жазбаша есептеу ережелері бастауыш сыныптардан бастап оқылады. Бұл ережелерді бір адам ойлап шығарған немесе тапқан емес. Арифметика күнделікті практика талаптарынан, адамдардың еңбектеніп әрекет жасауындағы өмірлік мұқтаждықтарынан туған. Арифметика өте баяу және ұзақ уақыт дамыды.

Ұлағатты ұстаздар «Математика өмір тіршілігіне қажет ғылым. Қоғамда тіл қандай қажет болса, математика тілі де сондай қажет, ол табиғаттың тілі, оны сүйіп оқып үйреніңдер, сырын ашыңдар, сыйлығын алдында күтіп тұр», – дегендей менде, өз зерттеуімді математиканың бір бөлігіне арнадым.

Бүгінгі таңда білімге қойылатын талап өте жоғары. Білімгерлердің білімге деген қызығушылығын арттыру, ой-өрісін кеңейтіп, білімдерін нығайтуда математиканың атқаратын рөлі өте зор. Адамның жеке басын қалыптастыру негізі бастауышта қаланатыны бәрімізге белгілі. «Бастауыш мектептің негізгі міндеттері – баланың жеке басының алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету; олардың қабілеттерін ашып, дамыту, оқуға деген ынтымақтастық тәжірибесінің

берік дағдыларын меңгерту»,- делінген Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасында. Осы міндетті ойдағыдай орындау үшін, әрбір жас балаға, оқыту, тәрбиелеу, дамыту жұмыстарын ұштастыра жүргізіп, оқушыны жан-жақты қамтамасыз етуге дайын болуымыз керек,- дейді көптеген педагогтарымыз (С. Рахметова, Ж. Адамбаева).

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. «Математика, оқыту әдісіне сан алуан жетілдірулері болатындығына қарамастан, шәкірттер үшін әрдайым қиын жұмыс болып қала береді» — деген атакты ғалым Писарев Д.И. Сондықтан, математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс. Бұл бастауыш сыныпта оқытуда орындалады.

Бүгінгі бөбек – ертеңгі азамат – қоғам иесі. Балғын бөбектерге ең алғаш жол көрсетуші, бағыт беруші – бастауыш мектеп мұғалімдері. Ақ жүрек балғын бөбектерге білім мен тәрбие есігін ашу бастауыш мектеп мұғалімдеріне абыройлы да жауапты жұмыс жүктейді. Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан. Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі. Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Ауызша есептеу әдістерін практикада қолдану, заман талабына сай заманауи технологияның дамуына үлкен үлес қосуда.

XXI ғасыр — жаңа технология ғасыры. XXI ғасырда тез есептеу әдістері өз қолданысын табады.

Бастауыш сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн. Бастауыш сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Ауызша есептеуге үйретуде оқушылардың білімі мен дағдысын тексеру кезінде арифметикалық диктант ретінде қолдануды ескеру қажет. Диктанттан кейін тексеруді ауызша жүргізген қолайлы.

Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту мектепке сабақ және сабақтан тыс жүргізілетін сабақтар формасында жүзеге асырылады. Сабақтарда балалардың математикаға деген ынтасын арттыруға, олардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысын тәрбиелеуге ерекше назар аударылады. Пәнге деген ынтасы мен өз бетінше ойлай білу өзара тығыз байланысты. Сабақ балалар үшін қызықты өткенде, олардың оқу жұмысында да белсенділігі артып, өз бетінше жұмыс жасап, белсенділігін арттырғандығынан олардың пәнге деген ынтасы өседі. Оқушыларды өз бетімен ойлауға тәрбиелеп, математикаға деген ынтасын арттыру үшін оқыту әдістерін дұрыс таңдап алудың маңызы зор. Оқудың белсенді әдістерінің бірі – оқушыларға өз бетімен жұмыс істете білу. Барлық сабақтың елеулі бөлігінде өз бетімен жұмыс істегенде оқушы жұмыстың мақсатын айқын түсіне білуі, оны орындауы, тексеруі және қателіктерді түзетуі сияқты өз бетімен істелетін жұмыстың жалпы әдістерін бірте-бірте игеріп алуы тиіс.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамасыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді. Өзіндік жұмыс үшін оқулықтан берілген жаттығулармен қатар көбінесе тақтаға жазылған, сондай-ақ қалталы полотноға белгіленген тапсырмалар ұсынылады.

Өзіндік жұмыс үшін кейде тапсырма әрбір оқушыға жеке түрде беріледі. Бұл жағдайда тапсырмаларды әр оқушының шама-шарқын ескере отырып, сораптауға болады. Сонда жұмыстың өз бетімен орындалу дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етіледі. Өзіндік жұмысты сыныпта жүргізу оқушыларға дағдыларын игертеді және олардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Өзіндік жұмыстарды жүргізгенде тапсырмаларды карточкалар бойынша ұсынған тиімді. Мұнда оқушылардың жеке дара ерекшеліктері және үлгерім деңгейлерін барынша ескеру мүмкін болады. Оқушыларды жалықтырып жібермес үшін, өзіндік жұмыс түрлерінің өзгермелі болғаны жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасы. Астана, 2004-46 б.
2. М. Ғалымжанова. Ақпараттық технологияларды сабақта қолдану. Информатика негіздері - №3, 2006 ж.
3. Қ. Шәдиев. Компьютерді қолданудың педагогикалық мәселелері. Қазақстан мектебі - №5, 2006-7 б.
4. Орта мектеп жаршысы. Республикалық оқу-әдістеме журналы - № 2, 3, 2011 ж.

ӘОЖ 371.8

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

АБИШЕВА АРУ БАҚЫТЖАНОВНА

№32 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье говорится о том, как использовать информационные технологии при обучении в начальных классах. Выявлена важность использования интерактивных методов и образовательных платформ.

Summary. The article discusses how to use information technology in primary school education. The importance of using interactive methods and educational platforms is revealed.

«Адамның көңілі шын мейірленсе,
білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп,
тез қолға түседі. Шала мейір шала байқалады.
Абай Құнанбаев

Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін - өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, жастарды тәрбиелеу. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше. Еліміздегі білім беру жүйесін реформалау нәтижесінде айқындалған жаңа бағыттар болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беруде оларды қоғамның жаңа жағдайында өмір сүруге дайындайтын нақтылы бір оқыту құралдарын табу мәселелерін көздейді[1]. Бұл қадамдар білім беру мазмұнын, оқытудың әдістері мен тәсілдерін қолданудың жаңа жүйесін құруды ұсынады.

Сол себепті оқушылардың шығармашылық және ақыл-ой қабілеттерін дамытуға, тұтас ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететін заманауи әдістерді қалыптастыру қажет. Дәстүрлі педагогикалық әдістер оқушының білік, дағдысын және оқуға деген мотивациялық ұмтылысын қаңағаттандыра алмайды.

Жаңаша оқыту жүйесі бойынша балаларға білім дайын күйінде берілмейді, керісінше оқушылардың өздерін еркін ұстауға, ойлануға мүмкіндік жасалады. Олар өз беттерімен және өзара әрекеттесе оқып-үйреніп, ортақ бір шешімге келуге бағытталады. Сондықтан да қазіргі таңдағы әрбір ұстаздың да, оқушының да іс-әрекеті ерекше шығармашылық сипатта болуы керек. Оқыту жүйесінің мақсаты – оқушылар өздерінің қалай оқу керектігіне назар аудара отырып, олардың өз ойлары мен дәлелдемелерін нақты жеткізе алатын, яғни ойға жүйрік, тілге шешен, әрі жазбаша түрде еркін, көркем бейнелеп жазуға төселген, бірнеше тілді қатар меңгерген бәсекеге қабілетті жан-жақты жетілген жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Ондай «тұлға» болашаққа сенімді, ынталы, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған, қазіргі сандық технологияларды, өмірде өз білімін қалыптан тыс жағдайда да еркін әрі терең пайдалана білетін жан болуы тиіс. Жеке тұлғаның белсенділігі педагогикалық, психологиялық мәселелердің бірі болып табылады. Белсенділіктің басым бөлігі бастауыш сыныпта қалыптасады.

Оқытудың белсенді әдістері – бұл оқу материалдарын игеру үдерісінде оқушылардың ойлау және практикалық іс-әрекетінің белсенділігі мен әртүрлілігін қамтамасыз ететін әдістер жүйесі[4]. Жаңашыл әдіс-тәсілдер мен заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдану жолында әріптестерім де ат салысуда. Әр сабақтың тиімді әрі нәтижелі өту үшін әр ұстаз өз шығармашылығын дамыту мен ізденіс үстінде.

Белсенді оқыту әдістерінің басты принципі – оқушылардың «мен істей алмаймын», «мен білмеймін» деген ұстанымдарына тосқауыл қою. Еркін кеңістік принципін ұстану арқылы оқушылар еркін қозғалып, топта бірігіп, мәселені шешуге, тапсырманы орындауға талпыныс жасайды. Француз жазушысы Анатоль Франц кезінде «тамақ тек зор тәбетпен ішкенде ғана сіңеді» деген екен. Оқу мотивациясы дегеніміз деп осы сияқты білімге, білуге, үйренуге деген «тәбет».

Топтық жұмыс, біріншіден, оқушыларға бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігін тудырады.

Екіншіден, ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Үшіншіден, бірін-бірі оқытуға, бірінен-бірі үйренуге жағдай жасайды. Бұл әдіс сонымен қатар топ болып ынтымақтастықпен бірігіп жұмыс жасауға, ойын еркін ортаға салуға, бірінен- бірі үйренуге септігін тигізді. Яғни, топтық жұмыс оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу, проблемаларды шешу және топ ішінде шығарманы жан-жақты талдауға көмектеседі.

Топтық жұмыстың тиімділігі:

- Оқушылар өзара достық қатынаста болады;
- Бір-бірінен сұрай отырып білімдерін жетілдіреді
- Өзгелерге ойын жеткізу үшін өз шешімін дәлелдеп үйренеді;

- Менен сұрап қалады-ау деп қорықпайды, топ болып жауап береді;
- Оқушылардың мектепке деген көзқарасы өзгереді. Уақыттары қызықты әрі тиімді өтеді.
- Топтық жұмыста бос отыратын оқушы болмайды.

Көптеген ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың білім алуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар, олар:

- Әңгіме-дебат барысында;
- Топтық әңгіме барысында;
- Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде байқалады екен.

«Диалогті оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру, олардың білім деңгейін көтеру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат» деп К.Д.Ушинский айтқандай баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасап, сабақ барысында оқудың белсенді әдістері, диалогтік оқыту және оқу әдісін қолдануда білім сапасын арттыруға көп көмегін тигізеді деп ойлаймын. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, білімді бірлесіп құру, талқылау, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады.

Қазіргі таңда әдіс-тәсілдің тиімдісін мұғалім өз еркімен таңдайды. Қ. Жұбанов айтпақшы: «Егер мұғалім пәнді жақсы білсе, онда дұрыс әдісті де табады». Сондықтан түрлі әдіс-тәсілдерді саралай отырып, тиімдісін өзіндік ой еңбегімен ұштастыра алса, әр сабақ өз нәтижесін беретініне сенемін. Заман талабына сай шәкірт шығармашылығын дамытуға, мұғалімнің қажеттіліктеріне жан-жақты жауап беретін тиімді технологиялар шексіз. Тәжірибеде сол технологияларды қолдану, оның-солын тану, зерттеу, пысықтап анализ жасау – әр ұстаздың міндеті. Сондықтан сабақтарды жоспарлағанда оқушыларда сыни ойлауын тудыратын сұрақтар немесе деңгейлік, кеңейтілген, құзырлылық тапсырмаларды сабақта қолдануға болады.

Сыни ойлауды дамытуда қолданылатын стратегиялар оқушыларға мынандай мүмкіндіктер береді: айқын мақсат қоя білу; белсенді қатысуды қолдау; жақсы дискуссияның болуына себеп тудыру; өзінің жеке сұрақтарын құрастыру мен қоюға деген ынталарын жандандыру; өзінің жеке пікірі мен ойын білдіруге көмектесу; оқуға деген оқушылардың мотивацияларын қолдау; басқалардың пікірлерін де сыйлау керек деген атмосфера құру; кейіпкерлерге деген сезімдері мен елестету қабілеттерін дамыту; өзгерту стимул болады;

Қазақ тілінде үй тапсырмасын тексеру барысында «Ақиқат, жалған» әдісін қолдануға болады. Топтағы оқушылардың алдында қызыл және жасыл түсті қиылған қағаздар беріледі. Мысалы, «Дыбыстар екіге бөлінеді, дауысты және дауыссыз; н-дауыссыз үнді дыбыс» — деп белгілі бір тұжырымды айтқан кезде оқушылар ақиқат болса жасыл түсті қағазды, жалған болса қызыл түсті қағазды көрсетуі керек. Бұл әдіс оқушыдан шапшаңдықты талап етеді. «Жалғасын тап» әдісі үй тапсырмасын тексеруде тиімді әдістің бірі. Оны ұйымдастыру үшін сөйлемнің басы жазылған парақшаларды оқушыларға таратып, әрі қарай олар ойды жалғастырып сөйлемді толықтырады. Сөйтіп, мәтін мазмұнын өздері шығарады, барлық оқушы қатысады. «Шығармашылық шеберхана» әдісі оқушылардың шығармашылық дағдысын дамытуға көмектеседі. Сабақ барысында оқушылар мәтіннің мазмұнына сәйкес суреттер, иллюстрациялар дайындайды. Сонымен қатар эссе, өлеңдер, әңгімелер жазады. Оқушылардың шығармашылық әрекеттері нәтижесінде керемет туындылар пайда болады. Белсенді оқу қызметі оқудың уәжінен, мақсаты мен шартынан және нәтижесінен құрылады. «Инсерт», «Миға шабуыл», «Топтық пікірталас», «Блум сұрақтары», «Кластер», «Синквейн», «Рөлдік ойын», «Шатастырылған логикалық баулар» т.б. белсенді әдістер пәнге деген қызығушылықты оятады. «Инсерт» әдісі аналитикалық ойды дамытады, материалды толық меңгеруге мүмкіндік туғызады. Бұл әдісті қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолдануға болады. Оқылған мәліметті түртіп алу жүйесі бойынша таным түсінігін қалыптастырады. Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу арқылы мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды.

Бастауыш сынып оқушыларына жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқушының білімге деген қызығушылығын оятып, терең ойлау қабілетін, белсенділігін қалыптастыруға болады. Бұған дейін оқушы мұғалім мен оқулыққа ғана бағынатын болса, енді ол сыни тұрғыдан ойланып, өз ойын дәлелдей алатын тұлғаға айналды.

Оқушылардың тілін, ойын, еркін сөйлеуін дамытып, топпен жұмыс істеу кезінде бірін-бірі тыңдай білуге үйретеді.

- Оқушының өз бетінше білім алуға деген құштарлығы оянады;
- Шығармашылық жұмыс істеуге дағдыланады;
- Оқуға ынта-ықыласы артады;
- Бір-бірінің ойын, пікірін сыйлауға үйренеді;
- Өз бойларына жақсы қасиеттерді жинауға үйренеді;
- Өз ойын қағазға түсіруді үйренеді;

Оқушының жеке басын, ұжымды сыйлауға үйренеді.

Қорытындылай келе, белсенді әдістерді сабақта тиімді қолдану, оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушы өз ой-пікірін еркін, ашық айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, ұжымда ынтымақтастық атмосфера қалыптасады. Абай атамның мына бір ұлағатты сөзімен аяқтағым келеді: «Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі іздеп таппайды. Басында алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады»

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы»
2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық .Үшінші (негізгі) деңгей.
3. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері А. Әлімов Алматы2013
4. Абайдың қара сөздері А. Өнер. 2006.
5. Оқудың инновациялық әдістері оқу әдістемелік құрал Сманқұлова Ж., Саметова Ф. Алматы-2014
6. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық;

ӘОЖ 37.0.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІ ДАМУ АРҚЫЛЫ ҚОЛАЙЛЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

БАЙМАМЫРОВА ЛАУРА ХАНАТОВНА

№32 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается проблема обеспечения благоприятной образовательной среды путем развития эмоционального интеллекта дошкольников. Автор подробно рассматривает важность развития эмоционального интеллекта у детей дошкольного возраста.

Summary. The article deals with the problems of providing a favorable educational environment through the development of emotional intelligence of preschoolers. The author examines in detail the importance of developing emotional intelligence in preschool children.

Қазіргі мектептің міндеті жан-жақты дамыған, өзін-өзі тәрбиелеуге және қарым-қатынас жасауға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. Кез келген сәтті қарым-қатынас қарым-қатынас тапсырмаларын орындау үшін әңгімелесушілер арасындағы өзара түсіністікті болжайды. Қарым-қатынастың сәттілігі көбінесе тараптардың қызығушылығына, әңгіме тақырыбына, адамның жалпы интеллектінің даму деңгейіне ғана емес, сонымен қатар оның эмоционалдық интеллектінің даму деңгейіне де байланысты.

Мектепке дейінгі жас – әр адамның өміріндегі жарқын, қайталанбас кезең. Дәл осы кезеңде әлеуметтену процесі жүреді, баланың болмыстың жетекші салаларымен: адамдар әлемімен, табиғатпен, қоршаған ортамен байланысы орнатылады. Қазіргі уақытта ақыл мен сезімдердің, эмоциялардың өзара әрекеті мен өзара ықпалының байланысын зерттеу мәселесі қызығушылықты

арттыруда. Эмоционалды интеллектінің дамуы мектепке дейінгі жастан басталады. Эмоционалды интеллект баланың жеке тұлға ретінде дамуының негізі болып табылады және өзін-өзі тану ерекшеліктерін, оның дүниеге көзқарасын, мінез-құлқы мен адамдар арасындағы өзін ұстауы мен сезінуін анықтайды. Мектеп жасына дейінгі балалардағы эмоционалды интеллект құбылысын терең зерттеу қажет, өйткені бұл балалар арасында туындайтын эмоционалды процестер мен күйлерді тереңірек білу арқылы қарым-қатынасты оңтайландыруға нақты мүмкіндік ашады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарында (2-тарауы) әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру (11 тармақшасы) төмендегідей көрсетілген:

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту:

- 1) балалардың сезімдері мен эмоцияларын қабылдау, тану және қолдау;
- 2) баланың және айналасындағы адамдардың сезімдерін сөзбен жеткізу;
- 3) өзіне және айналасындағы адамдарға қамқорлық танытуға қолдау көрсету;
- 4) балалармен мәнді өзара қарым-қатынас орнату;
- 5) командада жұмыс істеу;
- 6) балалардың түрлі іс-әрекетінде топтағы қарым-қатынасты, бастаманы және дербестікті қолдау;
- 7) балалармен мазмұнды диалог жүргізу;
- 8) еркін ойын кезінде балаларға пікірлерін айтуға мүмкіндік беру арқылы жүзеге асырылады [1, 4б.].

Эмоционалды интеллект– адамның өзінің және өзгелердің эмоциясын түсіне білуі және олардың эмоциялық күйіне бейімделуі. Қазір кезде икемді дағдыларды дамыту мәселелері көтерілуде. Сондықтан балалардың эмоциялық өзіндік сана, өзін-өзі реттеу, ынталандыру, эмпатия, тиімді тұлғааралық коммуникация, сыни ойлау және өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуға бағытталған шараларды білім берудің барлық деңгейлерінде жүзеге асыру қазіргі күннің қажеттілігі екенін көруге болады.

Соңғы зерттеулерде ғалымдар EQ- эмоционалды интеллекті жақсы дамыған адамдардың 4 есе табысты болатындығына көз жеткізді. Қазіргі таңда бүкіләлемдік экономикалық форумда жарияланған он дағды (Давос, 2016) әлемдік трендке айналды. Эмоциялық интеллекті жоғары адамдардың көшбасшылық қабілеті мен басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түсу деңгейі жоғары болатынын көптеген зерттеулерде дәлелденген [2, 24б.]. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін дамытудың өзектілігі, бір жағынан қолайлы психологиялық ахуалға, екінші жағынан мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына байланысты. Аталған нормативті құжатта мектепке дейінгі ұйым қызметінің мақсаты баланы әлеуметтік-коммуникативтік дамытудың қажеттілігін, оның ішінде «әлеуметтік және эмоционалды интеллектін, жауапкершілігін, құрдастарымен бірлескен іс-әрекетке дайын болудың» керектігі көрсетілген [1, 6б.].

Эмоционалды интеллектінің шығу тарихына қысқаша тоқталсақ, IQ-ге ұқсас EQ эмоционалды коэффициенті мен эмоциялық интеллект терминін алғаш енгізген израилі психологы Рувен Бар-Он. Р.Бар-Он эмоциялық интеллект туралы түсіндірмесін «айналадағы қысым мен талаптарды табысты еңсеру қабілетіне ықпал ететін көптеген когнитивті емес қабілеттер мен дағдылар» ретінде ұсынды. Сондықтан бұл теория Р.Бар-Онның когнитивті емес эмоциялық интеллект теориясы деген атқа ие болды. Эмоциялық интеллект терминін психология саласын енуіне үлес қосқан Дж.Мейер және П.Сэлоуей. Олар эмоцияны көрсету және бағалау, эмоцияларды реттеу, эмоцияны іс-әрекетте және ойлау үдерісінде қолдану қабілеттерінің негізінде эмоциялық интеллектінің иерархиялық моделін құрастырған. Сонымен бірге эмоциялық интеллектіні өлшеу әдістемесінің бірінші нұсқасын (MEIS) әзірлеген. 1870 жылы Чарльз Дарвин сыртқы көрініс арқылы адам эмоциясын зерттеуге талпыныс жасады. 1920 жылы америкалық психолог Эдвард Торндайк алғаш рет әлеуметтік ақыл-ой ұғымын ғылымға енгізді. Жалпы эмоциялық интеллектіні кеңінен қарастыру, насихаттау толқыны американдық психолог, ғылыми

журналист Дэниел Гоулманның әлемге танымал ктабынан басталады. Ол «эмоциялық интеллект – өмірдің барлық салаларында табысты болудың негізгі кілті» деген тұжырымын әлемге жариялады. Әсіресе көшбасшы үшін EQ-дің аса маңызды екендігін анықтаған. Қорыта айтқанда, баланың қандай отбасында тәрбиеленгені, мектепте, университетте алған бағасы үлкен өмірге сүйеу бола алмайтынын көрсеткен. Адамның қоршаған ортамен байланысы, яғни эмоцияны игере алуы болашағына кепіл бола алатынын жазған[2, 376.].

Балалардың эмоционалды интеллектін дамыту ерекшеліктерін зерттеген шетел ғалымдары Н.Остер (1988), Р.Екман (1978), Изард (1999), З.Матейчек, Й.Лангмейер (1984), И.А. Сикорский (1904), А.В. Запорожец (1960), Я.З.Неверович (1974, 1984), Е.А.Сергиенко (2009), Б.И. Изотова (1994, 2003), Е.О. Смирнова (2006), балалардың үлкендермен эмоционалды қарым-қатынас жасаудың маңыздылығына тоқталады.

Жақында жүргізілген зерттеулер көңіл толтырмайтын статистиканы көрсетті: қазіргі ұрпақтың IQ деңгейі өсіп, эмоционалды деңгейі төмендеген. Балалар ақылдырақ болып, бірақ олардың ақыл-ойын басқару қабілеті төмендеген. Бұл нәтижелер өз кезегінде ерте ме, кеш пе кәсіби салада да, жеке өмірде де жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Көбінесе эмоцияларды тану және басқару қабілетінің төмендігі жаңа мақсаттар мен жетістіктерге жетуге кедергі келтіреді.

EQ әсер ететін бірнеше фактор бар: өзін-өзі түсіну, өзін-өзі реттеу, мотивация, эмпатия, әлеуметтік дағдылар.

- ✓ **Өзін-өзі тану** – адамның өз эмоциясы мен мотивациясын дұрыс түсіну, оның әлсіз және күшті жақтарын бағалау, мақсаттары мен өмірлік құндылықтарын анықтау қабілеті.
- ✓ **Өзін-өзі реттеу** – өз эмоцияларын бақылау және импульстарды тежеу қабілеті.
- ✓ **Мотивация** – мақсатқа жету үшін ұмтылу.
- ✓ **Эмпатия** – басқалардың эмоцияларын түсіну, шешім қабылдау кезінде басқа адамдардың сезімін ескеру, сонымен қатар басқа адамдарға эмпатия жасау қабілеті.
- ✓ **Әлеуметтік дағдылар** – адамдармен қарым-қатынас орнату және олардың мінез-құлқын қажетті бағытқа бағыттау білу.

Өзін-өзі тану және өзін-өзі бақылау өзімізбен жұмыс істеуге көмектеседі, ал әлеуметтік құзыреттілік пен қарым-қатынасты басқару басқалармен берік қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.[3, 16-21б.].

Оқу-тәрбие процесінде эмоционалды интеллектіні дамыту жолдары:

1. Сезімдермен бөлісу.

Тәрбиеші немесе мұғалім эмоционалды реттеудің ең жақсы үлгілері болып табылады. Сезімдеріңізбен, күні бойы бастан кешірген эмоцияларыңызбен бөлісу - балаларға сезім мен мінез-құлық арасындағы байланысты түсінуге көмектесетін сенімді әдіс.

2. Қажетті реңкін келтіру.

Күнді балалардан оларды мазалайтын нәрселер туралы сұраудан бастаңыз. Үй тапсырмасын, таңғы асқа не ішкенін және т.б. талқылау арқылы балалардың сезімдері мен эмоцияларын тудыруы мүмкін кез келген оқиғаларды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл оқу іс-әрекетінің реңкін келтіреді, сондай-ақ бүгін қандай балалардың көңіл-күйінің болмауы мүмкін екенін және неліктен екенін түсінуге жағдай жасайды.

3. Эмоцияларды түсінуге және оларды түзете білу.

Эмоциялық тұрақтылықты дамыту үшін тек позитивті ойлауды ғана емес, балаларды көңіл-күйіне әсер еткен оқиғаларды қабылдауға және талдауға үйрету керек. Рефлексия эмоцияларды түсіну үшін өте тиімді, оның көмегімен балалар қорытындылайды, бүгін не сезінгенін, нені ұнатқанын немесе ұнатпағанын және неге екенін айтады.

4. Эмоциялық бақылау.

Эмоционалды бақылау - басқарылатын нәрсеге әсер ету қабілеті. Мысалы, біз дөрекі әріптестің мінез-құлқын шынымен басқара алмаймыз, бірақ өзімізді басқара аламыз. Мұны түсіне отырып, біз эмоцияларымызды бақылауға және стресс деңгейін төмендетуге көмектесетін арнайы жаттығуларды қолдана аламыз. Ең бастысы, біз балаларымызға да өз эмоцияларын бақылауды үйрете аламыз[4, 30-33б.].

Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектісін дамыту тәрбие мен оқыту үдерісінде және іс-әрекеттерде дамиды. Балалардың эмоционалды интеллектісін дамытуға жағымды көңіл-күйді дамыту жаттығулары мен тренингтерді қолдануға болады.Тәрбиеші әрбір

күнді балаларға жақсы тілек, жылы сөз айтумен бастайды, яғни балаларға жағымды көңіл күй сыйлайды. Қолыңызды жүрегіңізге қойып, менімен бірге қайталаңыз:

Мынау менің жүрегім,
Бәрі осыдан басталған.
Мынау басым – ақылды,
Барлық істі басқарған.
Мынау менің – оң қолым,
Мынау менің – сол қолым,
Барлық істі атқарған.

«Балапанды сақта» тренингі. Тәрбиеші баяу музыкамен мәтінді айтады, балалар тәрбиешімен бірге қимылмен көрсетеді:

«Қолыңызда кішкентай дәрменсіз балапан бар деп елестетіп көріңіз. Сіз оның өміріне жауаптысыз. Қолыңызды алақаныңызды ашып жоғары қарай созыңыз, енді оны жылытыңыз. Алақаныңызды бүктеп, оларға балапанды жасырыңыз, оған дем алыңыз, алақаныңызды кеудеңізге қойыңыз. Балапанмен жүрегіңіздің мейірімділігімен бөлісіңіз. Енді алақандарыңызды ашыңыз, сіз балапанның жылынып, қуана ұшқанын көресіз. Оған күлімдеңіз, қол бұлғаңыз. Тамаша, сіз оның өмірін сақтадыңыз!»

«Айдаһардың құйрығы» тренингі. Бұл ойын-тренинг балаларға қорқыныштан, тітіркенуден арылып, өздерін ортада жайлы сезінуге, қарым-қатынасқа түсуді жеңілдетуге көмектеседі. Ойын барысында көңілді музыканы қосқан жөн. Бірінен соң бірі тізбекке тізіліп, алдыңғы жолдастың иығынан ұстаған балалар айдаһардың денесін бейнелейді. Бірінші тұрған бала - айдаһардың басы, ол «құйрықты» ұстауға тырысады, ол - тізбектегі соңғы бала. Оның міндеті ептілікпен жалтарып, ұстатпау, бірақ тізбектен шығып қалмау керек. Осылай айдаһар ұстаған балаларды бір топқа жинай береді. Мысалы, 5 балаға жеткенде айдаһардың басын басқа баламен алмастырып, ойынды жалғастыруға болады.

Қорытындылай келе, эмоционалды интеллектіні дамыту қауіпсіз, қолайлы тәрбие ортасы жағдайында тиімді екені анықталып отыр. Мұндай ортаның негізгі факторы тәрбиеші мен балаарасындағы сенімді қарым-қатынас болып табылады. Тәрбиешімен осындай қарым-қатынаста болған жағдайда балалар өздерінің жеке тұлға ретінде құрметтелетінін, қолдау көрсетілетінін және бағаланатынын көреді және түсінеді. Тәрбиеші мен баланың оң қарым-қатынасы тұлғаның әлеуметтік және эмоционалды дамуына, мінез-құлық құзыреттілігіне ықпал ететіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

2. Гоулман. Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ. – Изд-во: Манн, Иванов и Фербер, 2020.

3. Карпушенко М.С., Развитие эмоционального интеллекта у детей и взрослых. – Методическое пособие. Владивосток, 2020.

4. Каримова Б.Т. Қауіпсіз білім беру ортасы-білім беру ұйымының мақсатты бағыты. – Педагогикалық альманах, 2017, №1.

ӘОЖ 372.03

БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУ

ЕСБАЕВА МАДИНА ҚҰЛШЫНБАЙҚЫЗЫ

№32 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается вопрос обеспечения подходящей образовательной среды для школьников посредством логических игр. Автор всесторонне рассматривает важность развития логических игр посредством учебной деятельности.

Summary. The article examines the issue of providing a suitable educational environment for schoolchildren through logical games. The author comprehensively examines the importance of developing logical games through educational activities.

«Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек».

М.Жұмабаев

Логикалық ойындар балалардың ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі, өйткені олар әрекетті өзгертуді қамтиды: балалар тыңдайды, ойлайды, сұрақтарға жауап береді, мағынаны табады және нәтижелерді анықтайды. Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін, жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Сондықтан ойын балалар үшін өзіне тән жүру барысымен, мақсатымен маңызды. Міне, осыдан баланың логикалық ойын қиялдау қабілеті шыңдалады, дамиды. Бұл қазіргі заманға өте қажет. Өйткені, бұл компьютер ғасыры.

Баланы болашақ өмірге, белсенді еңбекке даярлауда, оның ақыл-ойы, адамгершілік-эстетикалық сезімдерін, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыруда – балаға құрметпен қарау қажет. Бүлдіршіндердің логикалық ойлау қабілетін дамытуда қарапайым математиканың алғашқы ұғымдарын ойын арқылы үйретудің математикалық диктант жазудың, заттарды әр-түрлі геометриялық пішіндерден құрастырудың, ауызша есеп шығарудың, көру арқылы салыстырудың, қиялдаудың жұмбақтар жаттаудың маңызы өте зор. Біздің балабақшаның тәрбиешілері логикалық ойлау қабілеттерін жоғарлатуда.

Логикалық ойындар мыналарға ықпал етеді: Зейін мен интеллектуалдық қабілеттерін қалыптастыру. Мысалы, «Кім ұшады?», «Жеуге жарамды – жеуге болмайды», «Жұмбақтар» ойындары. Объектілердің маңызды белгілерін анықтай білу. Мысалы, «Ғажайып сөмке», «Затты түртіп анықтау», «Өзге затты тап» ойындары. Байқағыштық пен зейінділікті дамыту. Мысалы, «Не сызылған?», «Қатардағы затты ата», «Заттың атын бір сөзбен ата», «Артық не бар? Неліктен?». Жіктеу және жалпылау қабілеті. Мысалы, «Мен бесті білемін...» ойыны. Сандық және сапалық ұғымдар туралы түсініктерді қалыптастыру. Мысалы, «Ең қысқа ағаштың суретін тап», «Ең ұзын баланың суретін тап», «Орташа өлшемді допты көрсет» жаттығулары. Логикалық ойлауды дамыту үшін келесі ойындар мен тапсырмалар түрлерін де қолдануға болады: «Қателерді түзет», «Бисерді жина», «Қатарды жалғастыр», «Бірінші келеді, содан кейін не келеді», «Бұрын не болды», «Жол салу». Өз шешімін негіздеу, осы шешімнің дұрыстығын немесе қателігін дәлелдеу, өз болжамдарын алға тартып, сынау, қорытынды жасау қабілетін дамыту.

Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар балаларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ балаларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады. Логикалық ойлауды дамыту ерте балалық шақтан басталып, балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, біртіндеп дамуы керек. Мектепке дейінгі жаста балалар тез және жылдам дамиды. Сондықтан оларды кейінгі өмір үшін негізгі біліммен, дағдылармен және дағдылармен қаруландыру өте маңызды. Логикалық ойлауды дамыту - бұл ақыл-ой әрекетінің білімдерін, әдістері мен әдістерін беру мен игерудің мақсатты және ұйымдастырылған процесі. Оның негізгі қызметі – балаларды жан-жақты дамыту.

Дидактикалық ойын – белгілі бір мәселені шешуге көмектесетін мақсатты ойынға негізделген оқу әрекеті. Дидактикалық ойындар – мазмұны дайын, әрекеттер реттілігі бар ережелері бар ойын түрі. Логикалық ойлауды меңгеру жеке тұлғаның интеллектуалдық және мәдени дамуына ықпал етеді. Логикалық тапсырмалар арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатына негізделген дәріс моделін құрастыруға болады. Мұндай сабақтардың құрылысы 4 кезеңнен тұрады:

1. Машық. Сергіту;

2. Балалардың шығармашылық қабілетінің негізі болатын психологиялық механизмдерінің дамуы (ес, зейін, қабылдау, ойлау);
3. Іздену тапсырмаларын орындату;
4. Балаларға белгілі түсінікпен жаңалықты көруге тәрбиелеу, мақсатында логикалық тапсырмаларды орындату.

Осы кезеңдегі берілетін тапсырмалар түрлері:

1. Көру қабілетін дамытатын тапсырмалар
2. Есту қабілетін дамытатын тапсырмалар.

Бала дамуының әрбір жас кезеңінде келесі кезеңге өту үшін маңызды психикалық функциялар қалыптасатын «қадам» жасалады. Бұдан мектеп жасына дейінгі кезеңде меңгерілген дағдылар мен дағдылар болашақта білімді меңгеруге, қабілеттерді дамытуға негіз болатынын түсінуге болады. Ең маңызды дағды – логикалық ойлау немесе «өз ойыңда әрекет ету» қабілеті. Логикалық ойлауды меңгермеген бала оқуда қиынырақ болады, ал тапсырмаларды орындау көп уақыт пен күш жұмсауды қажет етеді. Сондықтан логикалық ойлауды дамытудың ең жақсы құралы – дидактикалық ойын.

Математикалық жұмбақтар.

Неше алма?

«Бес» алған Асанға –

Бес алма.

«Төрт» алған Досанға –

Төрт алма.

«Үш» алған Хасанға –

Үш алма.

«Екі» алған Болатқа –

Неше алма?

(2)

Інісі мен досын

Сыйлау үшін Қасым

Алма сатып алды.

Әрқайсысына:

Інісімен досына,

Өзіне 1 алмадан болды.

Ол неше алмасатын?

(3)

Өлең есептер.

Күн шуақтап күшік отыр,

Құйрығын күнге қыздырып.

Жанына бір күшік келіп,

Отыра қалды жылынып.

(1+1=2)

Асан жеді бір кәмпит,

Үсен жеді бір кәмпит.

Қосқан кезде барлығын,

Болады екен неше кәмпит?

(1+1=2)

Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар мен жаттығулар орындатудың маңызы зор. Мысалы, сөздік-логикалық ойлаудың дамуына мынандай жаттығулар көмектеседі: «Артығын анықта» әдістемесі. Баланың маңызды бөліктерді бөліп көрсету, жалпылай білу дағдысын көрсетеді. Тапсырманы сурет не заттай немесе жазбаша түрде ұсынуға болады.

Сонымен қатар ойлау әрекетін дамытатын тәсілдерді ойын түрінде қолдануға болады. Мысалы, «Керісінше айт» ойыны. Бұл ойында қарама-қарсы мағыналы сөздерді өткенде пайдалану тиімді. Мысалы, толық-жіңішке, қара-ақ, ыстық-суық, бос-толы, т.б.

Қорытындылай келе, баланың логикалық ойлауын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйеленді және оны ұйымдастырудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері айқындалады, ол өз ретінде,

балалардың логикалық ой-қабілеттерін қалыптастыру жұмысының жағдайын бір шама арттырды – деп ой түйіндейміз.

Баланы өмірге келген шағынан бастап денсаулығына зиянсыз, дамуына мүмкіндік жасай алатын, шығармашылығы мен танымдық қабілеті дамуына ықпал ететін орта құру бүгінгі күннің басты талабы. Баланы қоршаған ортасы, оның интеллектуалды өсуіне, алған білімін өмірде қолдана білуіне ықпал етіп, айналадағылармен дұрыс байланыс жасауға үйрететін орта болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Логика және информатика элементтері бар математика 2012 ж.
2. Балалардың мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұнын игеру және меңгеру сапасын бағалау және өлшеу әдістемесі 2011 ж.
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын технологияларын пайдалану әдістемесі 2014 ж.
4. Мектепке дейінгі балалардың ойлауын дамытушы технологиялар әдістемелік құрал 2014 ж.
5. Бала мен балабақша №9 2013 ж.
6. Мектептегі психология №5, 2011 ж.
7. Мектептегі психология №1 2009 ж.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ ХАНДЫҚ БИЛІК

ТАЙСЕНГИРОВА А.М.

№1 мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

НАЛИБАЕВА К.Д.

Ақшолақ орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. Обычному казахскому государству была присуща форма правления общества и государства, соответствующая форме устройства нынешнего государства.

Summary. The usual Kazakh state was inherent in the form of government of society and the state, corresponding to the form of organization of the current state.

Қазақстан Республикасының саяси жүйесі күрделі өзгерістер қарсаңында тұрғаны анық. Алайда, қандай да саяси құбылысты оның тарихи себептері мен сабақтастығы мәселесін ашпай қарастыру үлкен қателікке алып келу қаупін төндіреді. Сол сияқты қоғам болсын, мемлекет болсын оның ішінде ғылым да тарихи, дәстүрлі факторларды естен шығармаған абзал және ол нәтижесінде неғұрлым толық жауаптар алуына себеп болады.

Жалпы билік феномені саяси қатынастардың негізі ретінде ежелден бері зерттеліп келеді. Билік мәселесіне, оның іске асу ерекшеліктеріне қатысты әлемдік саяси ілім тарихында ауызша да, жазбаша да қарастырылған көзқарастар мен тұжырымдар жетерлік. Әрине, биліктің табиғаты қай жерде болсын бірдей, бірақ оны жүзеге асыру жолдары, механизмдері әр қоғамда әр түрлі арнада дамиды.

Биліктің бөлінуі принципін классикалық нұсқасын ұсынған, оның негізін қалаушы болып табылатын Ш.Л.Монтескьенің өзі: мемлекеттің әр кеңістіктің басқару формасы сәйкес болады және елдің көлеміне сүйенбей оның жазасыз алып қондыра салуға болмайды – деп ойын түйіндеген. Бұл ой бүгінгі күні де өзекті. Бұл тұжырымға сүйене отырып, алдыңғы дәстүрлі қазақ мемлекетінде де өзіндік, қоғам мен мемлекет құрылысына жауап беретін билік жүйесі орын алған деп айтуға әбден болады. Сол сияқты, қазіргі Қазақстан Республикасында да орын алып отырған биліктің бөліну жүйесі, атқарушы биліктің басым түсуі мен президенттік институттың күштілігі бүгінгі саяси ахуалға жауап беретін жүйе деп айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар, құрылымның дұрыстығын дәлелдейтін – одан шыққан нәтиже болып есептеледі.

Дәстүрлі қазақ елінің саяси жүйесіне, билік құрылымына көз жүгіртсек. Қазақ мемлекеті дәстүрлі сипатқа ие болғандықтан да шығар, онда атқарушы, сот жүргізу сияқты арнайы заң шығарушылық орган болмаған деп айтуға негіз бар болғандай. Оның функциясын хандар мен билер, жалпы қазақ Құрылтайы атқаратын. Бірақ, қазақ елінде демократиялық режимнің басты принциптерінің бірі өкілді билік әрқашанда орын алған. Бұлар – билер, билер алқасы, құрылтай, тіпті ханның өзі сайлану арқылы орнатылатын. Дәстүрлі қазақ елінің рухани ұстамдылығы басым болғандықтан, «жазылмайтын заңдар» кеңінен орын алған [1,606]. Әйтсе де, Е.А.Әбдідің айтуы бойынша XV-XVI ғасырларда Қазақ хандығында жоғарғы заң шығарушы билік болып сұлтандар мен көшпелі қоғамдастықтың өкілдерінің съезі болып табылатын. «Мемлекеттік басқару жүйесінде – хан кеңесі мен дуан – биліктің өкілді және коллегиялық органдары маңызды орын алған. Біріншісіне жоғарғы шенеуніктер, әскери басшылар мен ханның туыстары кірген дуан атқарушы билік органы болатын...»

Орасан зор этнографиялық мәліметтер қалдырған зерттеуші А. Левшин «қанша жерден хан мұрагері ақсүйек болғанымен ол ақылымен, ел ісін атқара алатын парасаттылығымен және т.б. қасиеттерімен ерекшеленіп, дауыс берушілердің ойынан шықпаса, онда ол халық сайлауында көп дауыс ала алмайды» деген.

Хан сайлауы сұлтандар мен ру тайпа өкілдерінің қатысуымен өтетін «хан көтеру» құрылтайында өтіп отырған. Тәуке хан өзінің жүргізген және іске асырған реформаларының барысында өзінен бұрынғы хандар тұсында ішкі тартыс салдарынан ыдырай бастаған үш жүздің басын бір жерге қосты, жеке жеке ұлыстарды билеген сұлтандардың даралануына тежеу салып, қазақ мемлекетінің ішкі бірлігін бекендеуге барлық шараларды қолданып, қазақ хандығын күшейтті. Бұл тұста едәуір қырғыз тайпалары мен қарақалпақ тайпалары Тәуке ханға тәуілді болды. Тәуке хан қырғыздарды олардың өз биі Сасық би арқылы басқарып отырған. Бұл шаралар іс жүзінде жоңғар қалмақтарының шабуылынан қорғануды қажет еткен қазақ, қырғыз және қарақалпақ халықтарының әскери-саяси одағы сипатында болған. Бұл мысалдан Тәуке ханның өз халқының тағдыр-тауқыметін алыстай болжай білген, ел бірлігі үшін барлық күш-жігерін, білімін аямай сарп еткен, көрген мемлекет қайраткері болғанын білеміз. Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін бір ғасыр өткен соң орыстың белгілі қоғам қайраткері әрі тарихшысы А.И.Левшин зор көргендіктен Тәукені көне Спартаның ақылгөй заңгерлері Ликургпен, Драконтпен теңеген еді. «Тәуке, – деп жазды ол, – ру мен ру арасындағы жылдар бойы созылып келе жатқан қантөгіске тосқауыл қойды, сондай-ақ ол өзіне тән кеменгерлігімен әлсіздерді күштілерге қарсы жұмылдырып, ал күштілерді заңмен ауыздықтай білді» [2,104б].

Т.Сұлтановтың тұжырымдауы бойынша, қазақ хандығындағы басқару органдарының эволюциясын екі кезеңге бөліп қарауға болады. Бірінші кезеңде, XV-XVI ғасырларда, мемлекеттік билік органдарының құрылымы Әбілхайыр хандығының басқару органдарынан шамалы ғана айрықша болатын. Екінші кезеңде, XVII мен XVIII ғасырдың басында болған өзгерістер нәтижесінде ел ішінен шыққан ру басыларының билігі әжептеуір кеңейіп, хандар мен сұлтандардың өкілеттіктері шектелді – дейді Т.Сұлтанов.

Осылайша, біз билік жүйесінде өте күрделі өзгерістердің болғанын байқай аламыз. Алдыңғы ханның астамшылық, жеке билігін тежейтін органның құрылуы биліктің бөлінуі концепциясының маңызды бөлшегі болып есептелетін тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінің Қазақ хандығы жағдайында орын алғандығын және нәтижелі қызмет еткендігін білдіреді. Биліктің бөлінуінің осындай маңызды көрсеткіштерінің біздің дәстүрлі мемлекетімізде орын алғаны, сол сияқты бұл жүйенің өзіндік формасы Қазақ хандығында да болғаны туралы айтуға негіз береді, яғни біздің де бұл ретте тарихымызға жүгінуімізге болады [3.144б.]. Сонымен, қазақ хандығы кезінде атқарушы билік жүйесін тежелетін өкілді билік құрылымы болған. Қазақ хандығында бүкіл атқарушы билік тетіктері хан қолында шоғырланған болатын.

Байқағанымыздай, қазақ елінің басшысы – хан мұралық немесе тағайындау арқылы емес, сайлау арқылы билікке келетін. Бұл, әрине қазақ тарихында, тәжірибесінде демократиялық нышандардың жарқын көрінісі – Елбасын сайлау рәсімі бүгінгі тәуелсіз мемлекет құру үстіндегі ел үшін өте маңызды. Бұндай жүйенің біздің елде қалыптасуының көптеген себептерін атауға болады, алайда мына екеуі айқын: біріншісі, өзінің әскери-саяси құрылымдық ерекшелігіне байланысты қазақ елі басшы ретінде әрқашанда күшті тұлғаны көргісі келетіндігі, екіншісі, мемлекеттің көптеген рулардан құрылуы, олардың арасында ымыра, келісім пайда болу жолдарын үнемі іздестіру талаптарын қоятындығы. Сол себептен де ортақ мүддеге жауап беретін тұлғаны сайлау әдісі орнықты, екінші жағынан бұл Елбасының үш жүзбен бірдей таңылып, оның легитимділігін үш жүзде бірдей қамтамасыз ететін тетік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Айтқұлова Н. Қазақтардың әдет құқығы жүйесіндегі айып институты //Қазақтың ата заңдары=Древний мир права казахов: Құжаттар, деректер және зерттеулер=Материалы, документы и исследования. 10 томдық /Бағдарлама жетекшісі С.З.Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 2 Т. – 50-60 б.

2.Оразбаева А. Қазақ қоғамындағы билер институтын зерттеудің теориялық мәселелері //Саясат. – 1998. - № 8. – 96-104 б.

3.Абдрасулиева А.Д. Қазақ хандығының құрылуының жазба деректері мен халық ауыз әдебиетін салыстырмалы талдау //Қаз МУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2000. - № 1(16). – 144-147 б.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

БИНАЗАРОВА БОТАГӨЗ КУРМАНБАЕВНА

№21 жалпы орта білім беретін мектептің тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

АСИМБЕК АРУНА БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

№21 жалпы орта білім беретін мектептің 9 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматриваются актуальные вопросы становления Казахского ханства.

Summary. The article discusses current issues of the formation of the Kazakh Khanate.

Адам өткенін жақсы білмей – болашаққа нық қадам баса алмайды. Тәуелсіз ел ретінде өткенімізді зерттеу, бұл күнге қалай келгенімізді білу секілді құнды деректерді игеру біз үшін өте маңызды. Сонау 1465 жылы қазақтың ел алғашқы хандары Жәнібек пен Керейдің қазақ деген хандықтың туын тіккеніне міне биыл 550 жыл толып отыр. Елбасымыздың Қазақ хандығының 550 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту туралы жарлығы шығып, содан бері бүкіл ел болып үлкен дайындық жүргізіп келеміз. Бұл дегеніміз, Қазақстан елінің өткенді білуге деген үлкен құлшынысын көрсетеді [1].

Тарихқа көз жүгіртсек, талай қиындықтар мен тағдырдың соққылары қазақ халқының басына таяқ болып тиді. Біз бүгінгі күнге көптеген сындардан өтіп келіп отырмыз. Ең алғаш туын тіккен елдің болашағы қашанда бұлыңғыр болатыны белгілі. Ол үшін құрылмақшы болып жатқан елге білгір де қайратты, парасатты көшбасшылар керек. XV ғасырдың ортасы Моғолстан, Әбілқайыр хандығы т.б. мемлекеттердің дипломатиялық байланысы шиеленісіп тұрған қиын кезең болатын. Дәл осы уақытта Әбілқайыр хандығына сыйыса алмаған Керей мен Жәнібек қазақ халқының этникасын құрайтын көптеген ру-тайпаларды алып шығып, Шудың бойына Қазақ деген хандықтың туын тігеді. Дәл сол уақытта да Жәнібек пен Керей хандар Қазақ хандығын түрлі қауіптерден қорғап, болашаққа қарай жылжуына, дамуына жағдай жасады [2].

Қазақ хандығының құрылуы бір оқиғамен және бір мезетте жүзеге асқан саяси үрдіс емес, керісінше, 10 жылдан астам уақытқа созылып, өз ішінде оқиғалардың дамуына қарай бірнеше сатыға бөлінген. Бөлініп кету – хандықтың құрылуындағы алғашқы және маңызды қадам болса, Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Қазақ хандығының билігінің толық және түпкілікті орнауы – хандықтың құрылуының аяқталғанын көрсетеді.

Жазба деректерде Қасым хан 15 ғасырдың 70-90 жылдары Қазақ хандығының Сыр бойындағы қалалар мен өңірлер үшін жүргізген күрестерге белсене қатысады, басшылық етеді. Осы кезеңдегі оқиғаларды баяндайтын деректер Қасым ханды «белгілі сұлтан және атақты баһадүр» деп атайды. Ширек ғасырға созылған Сыр бойы үшін күресте Қасым хан және Жәнібек ханның басқа да ұлдары Сығанақ, Сауран, Отырар, Сайрам түбінде бірнеше рет Шайбани хан әскерін тас-талқан етіп жеңеді [3].

Қазақ тарихында Қасымханнан кейін де көптеген мықты хандар хандыққа билік жүргізді. «Есім ханның ескі жолы» деген заңдар жинағымен белгілі Есімхан, 600 әскермен 50 000 жоңғардың әскеріне тойтарыс берген Жәңгір хан, қой үстіне бозторғай жұмыртқылаған заманды орнатқан және «Жеті жарғы» атты заңдар жинағын шығарған әз-Тәуке хан, дипломатияны шебер пайдалана білген Абылай хан, ең соңғысы орыс әскерлерін тігіреткен Кенесары хандардың есімі қазақ тарихына алтын әріптермен сақталды. Бұлар хандық үшін көптеген тірліктерді жасай алғандар. Кейіннен Кеңес үкіметі орнаған тұста Алашордашылардың көсемі Әліхан Бөкейхановтың, Қазақ КСР-ін 40 жыл басқарып, 40 қала тұрғызған Дінмұхамед Қонаевтың орасан еңбегі ел үшін ерекше.

Кеңес үкіметі құлап, ел елдер тәуелсіздік алып жатқан тұста етек-жеңін жинай біліп, қазақты қиын кезеңнен алып шыққан бүгінгі Президентіміз Н.Назарбаев екені белгілі. Сонау 90 жылдардың орта тұсында ішерге тамақ, киерге киім таппай қалған кезеңде осындай көшбасшымыздың болуы

қазақ халқының бағы еді. Бүгін Тәуелсіз Қазақстан дүние жүзіне ықпал ете алатын, беделі зор, бейбітшілікті ту еткен ерекше қонақжай халық болып өмір сүріп жатыр. 17 миллион халқы бар еліміз тарихын тіктеп, болашаққа қарай нық қадаммен келе жатыр. 2050 стратегиясы бар еліміз «Мәңгілік елге» айналу үшін тырысып бағуда. Ендігі мақсат Алла біздің мемлекетіміздің осы игі ниетіне жеткізсе екен!

Әл-Фараби, Қорқыт-ата бабаларымыз біздің еліміздің мақтанышы. 70 тілді меңгерген Әл-Фараби өз заманының озық, ойшылы еді. Көптеген ғылыми жұмыстары да Әл-Фараби атындағы мұражайда сақталынған. Ал, Бейбарыс беріш руынан қазіргі Атырау облысынан құлдыққа әкелініп, Мысыр елін 17 жыл басқарып, крестшілер мен моңғолдардың шапқыншылығына тойтарыс беріп, мәмлүктерді біріктіріп, ірі державаға айналдырды. Атырау облысы мұражайында Бейбарыс жөнінде көптеген мағлұматтар жинақталған.

Керей мен Жәнібек Шу мен Талас өзендері бойына келіп, Қазақ хандығын тұрғызды. Қазақ тарихындағы жаңа беттің ашылып, қазақ ұлтының қалыптасуы еді. Ел болып қалыптасқалы түбегейлі өзгерістерге ұшырап, елеулі оқиғаларға толы болды. Хандық күшейген сайын халық саны да артып, жер көлеміде ұлғайды. Қазақ халқы үш жүзден құралды. Әрбір жүз пен рудың өз алдына жеке таңбалары мен ұрандары бар. Жүзге жатпайтын рулардың да таңбалары мен ұрандары сақталынған. Олар әртүрлі себептермен қазақ халқының құрамына кірген. Әрине, жүзге бөліну жауларымыздың ру мен жүздер арасына қақтығыстар туғызу арқылы өз мақсаттарын іске асырып отырды. Бірақ, қазақ хандығының үш жүзді басқарған билер жүйесі өте пайдалы еді. Би ханның кеңесшісі қызметін атқарып, қарабайыр халық пен ханды байланыстырып, жүзге, руға бөлінген елдің ұйытқысы бола отырып, ұлттың мүддесін өте жоғары дәрежеде қорғап отырды. Үш жүздің билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Әз-Тәуке ханмен бірігіп, жоңғарды тарих сахнасынан жойды. Әз-Тәуке хан өзінің дипломатиялық, әрі әскери шеберлігін көрсетті. «Ақтабан шұбырынды алқакөл сұламада» көптеген қазақтар Қытай жеріне өтіп, шалғайда атамекенін аңсап қалды. Ал, қаншамасы мерт болды [3].

Кіші жүздің ханы Әбілхайыр хан Ресейге бодандыққа өткеннен бастап, жалпы қазақ даласына Ресейдің отарлық саясаты басталды. Қазақ арасындағы рушылдық-тайпалық бөлінудің арқасында Ресей империясы толықтай бодандыққа алып, орыстарды шұрайлы жерлерге орналастырды. Қазақтың тұңғыш ақыны, ұлы ойшыл Абай Құнанбаев, географ және зерттеуші Шоқан Уәлиханов, ағартушы Ыбырай Алтынсарин орыс білімінен сусындап, еуропа біліміне қол жеткізген болатын. Шоқан орыс экспедициясына басшылық ете отырып, Қашғарияға сапары зерттеуін жүргізеді. Қазақтың Шоқаны мен орыс жазушысы Михаил Достоевскийдің арасындағы достығы жөнінде мына сөздер дәлелдейді: «Сіз маған мені жақсы көремін деп жазыпсыз, ал мен сізге ғашық болып қалдым дегім келеді. Мен ешқашан да, ешкімге, керек десеңіз, туған бауырыма да мұндай бауырмалдықты сезінген емеспін. Мұның қалай екенін бір құдайдың өзі білер.» Абай грек ойшылдарынан нәр алып, олармен өз ойының ұштасқанын аңғарады. Ең алғашқы қазақ мектебін ашқан Ыбырай қазақ тілінің әліппесін құрастырып, халықтың сауатын ашты.

Кеңес дәуіріндегі аштық, репрессия, Ұлы Отан соғысы қазақ халқының тарихында қайғылы іздер қалдырды. Өзге елдерге қоныс аудару орын алып, қазақ халқының саны күрт азаюына ықпал етті. Отаршылдық саясатқа халық бірнеше рет қарсы шығып, мысалы Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс, Адайлар көтерілісі жеңіліске ұшырап отырды. Мәдениет саласын жаңа деңгейге көтерген азаматтар да болды. Қазақ халқының әндерін Парижде Әмре Қашаубаев паш етіп, әлем чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасов, «Абай жолы» романының авторы Мұхтар Әуезов, ең алғашқы дипломат Таир Мансуров және т.б. азаматтар көп еді. Ахмет Байтұрсынұвтың құрастырған төте жазуымыздан айырылып, кириллицаға ауыстырылды. Расул Ғамзатов айтқандай: «әлдекімді ауруынан ана тілі сауықтырады, мен ана тілімде ән айтамын. Егер ертеңгі күні менің тілім жоғалып кетсе, мен бүгін өлуге дайынмын.» Тек қана Шыңжаңдағы қазақтар ғана төте жазуды сақтап қалған. Қазіргі таңда қазақ тілінің сұранысы өте төмен. Қазақ мектебін тәмамдаған адамдарға жұмысқа орналасуда ауыр [3].

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы егемендікке бастаған ең алғашқы қадам болып табылады. 1989 жылғы Жаңаөзен оқиғасынан соң, Колбин мүлдем Қазақстаннан кетіп, 1991 жылы айымыз оңынан туды. Қасиетті шаңырағымыздың үстінен көк туымыз желбіреп, бабалар аңсаған арманымызға қол жеткіздік. Әрине, ол оңай келген емес. Қаншама қиыншылықтыр, құрбандықпен жетті десеңші?!

Қазақ халқының басынан небір сұрапыл замандар өтсе де, ұлттық рухы мен тілін, алып жерін сақтап қала білген бабаларымыз нағыз мықты батырлар! Тек қана қазаққа ғана емес, өзге ұлттарға да өнеге бола білген, Москва үшін шайқасқа қатысқан Бауыржан Момышұлы Кеңес заманының өзінде өз тегінде қазақша сақтағаны не деген ерлік?!

Орта Азияның барысына айналған қазіргі Қазақстан ата-бабаларымыздың арманы болар. Өзге елдермен еңсемізді тең ұстап, білім мен ғылымға мүмкіндіктер ашыла түсуде. 150 ұлтпен бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүрудің өзі – халқымыздың дархан мінезі мен кендігі деп білемін. Қазаққа ала көздеген көрші елдерден қорғана да отырып, татулық қатынасты сақтай алған қазақтар нағыз дипломат халық. Қытайда 56 ұлттың балаларын өз баласындай асырап, қамқор болған қазақ ананың өзі мейірімділік пен ізеттіліктің символындай, әрі татулықтың белгісі болып қалмақ өзге ұлттарға.

Білге қағанның мәңгі бақи ел болып қалу жөніндегі өсиеті мен ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің «кемел мемлекет», «кемел адам», Жүсіп Баласағұнның «бақытты қоғам» жөніндегі ой-пікірлері төңірегінде өрбітіліп, Қазақ хандығының оптимистік сипаттағы мемлекеттік идеологиясының іргетасын қалады [4].

«Мәңгілік Ел» – дербес те, дамыған мемлекет құрып, береке – бірлікте тәуелсіз өмір сүруге ұмтылған халықтың арман-мұратының жиынтық идеясы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алматы. 1986. Желтоқсан. - Қазақстан Жазушылар одағының «Шабыт» 3 кітап / Құраст. Т: Айтбайұлы, Т. Зейнәбін, 1992. – 176 б.
2. Сұлтанов Т. И. Қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ хандығының тарихы («Жетінші сөз» сериясы). – Алматы: Мектеп, 2003. – 160 б.
3. Жеменей И. Мырза Хайдар Дулат (1499-1551) тарихшы-қаламгер (монография) – Алматы: «Зерде» баспасы, 2007. – 360 бет
4. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші: Зерттеунама. – Алматы: «Ана тілі», 1995. – 232 б.
5. Алмас Ордабаев. Номадтар кітабы. – 73 б.

ӨОЖ 94.578 (39)

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТАЗАБЕКОВА САНАЛЫ ДУЙСЕНКУЛОВНА

№21 жалпы орта білім беретін мектептің тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

ТҮРҒЫНБЕК МАДИНА ҒАНИҚЫЗЫ

№21 жалпы орта білім беретін мектептің 11 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье описываются события о предпосылках и организации национально-освободительного восстания антиправительственного народа. При этом, конечно, рассматриваются различные тенденции в обществе с целью выявления предпосылок и последствий восстания как в начале XX века, так и в послевоенный период.

Summary. The article describes events about the prerequisites and organization of the national liberation uprising of the anti-government people. At the same time, of course, various trends in society are considered in order to identify the prerequisites and consequences of the uprising both at the beginning of the twentieth century and in the post-war period.

Еліміз көптен күткен мемлекеттік егемендікке қол жеткізгеннен бері маңызды мәселелерді шешу және оны нығайту бағытында елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл жағдайларда бүгінгі күннің мәселелерін шешудің жолы өткен күндердің қиын кезеңдерінен алынады. Шындық айтылып, әділ бағаланатын тарихқа қоғамның қызығушылығы артып келеді. Сонымен қатар, еліміздің тарихи траекториясына объективті және идеологиялық емес көзқарас тарихи жадымызды қалпына келтірудің негізі, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке

тәрбиелеудің маңызды факторларының бірі болып табылады. Демек, отандық тарих ғылымының қазіргі кезеңдегі міндеті – идеологиялық шектеулер бойынша біржақты сипатталған жаңа деректі материалдар негізінде ұлттық мүддедегі тарихи оқиғалар мен құбылыстарды қайта қарастыру. Сонымен бірге ұлт-азаттық қозғалыстарды талдау, олардың қорытындылары үлкен теориялық және практикалық мәнге ие. Әсіресе, ұлт-азаттық және тәуелсіздік жолындағы күрестің бір діңгегі болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелерін объективті түрде зерттеуді назардан тыс қалдыруға болмайды.

Талқыланып отырған тақырып Жетісу жерінде болғандықтан, ең алдымен көтеріліске бастамашы болған өлкенің саяси-әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани мәселелеріне тоқталуды қажет деп санаймыз. Ресей империясы жаулап алғанға дейін қазақтар Жетісудың едәуір бөлігінде, сондай-ақ Тянь-Шань (Тянь-Шань) тау бөктерлерінің оңтүстік бөлігінде Ыстықкөлге құятын жерде және оның жоғарғы бөлігінде өмір сүрді. өзенге дейін жетеді.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде көтерілістің жергілікті ерекшеліктері толық ескерілмеді, оның табиғатына, ұлт қайраткерлері мен қайраткерлерінің қызметіне біржақты баға беруге, ұлтаралық қайшылықтарды таптық тұрғыдан түсіндіруге, интернационализм, шынайы бейнені жасыру. .

Бірақ, 1916 жылы Түркістанның бүкіл Жетісу өңірінде болған қазақ және қырғыз халықтарының ұлт-азаттық көтерілісі ескерілмеді. Оның құрылуына түрткі болған мәселелер, атап айтқанда, көтерілісшілерге қарсы отаршылдық әкімшіліктің қуғын-сүргіні, шиеленіскен ұлтаралық қарым-қатынастар, босқындардың тарихи тағдыры, осы тарихи кезеңдегі қазақ-қырғыз қайраткерлерінің қызметі және басқа да аспектілер әлі күнгедейін шешілген жоқ. зерттелуі. Тиісінше, біздің зерттеу тақырыбымыз нақты мәселеге бағытталған.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты көптеген жаңа еңбектер жарық көргені белгілі.

19 ғасырдың екінші жартысы мен 20 ғасырдың басында Түркістанның бүкіл аумағы Ресей империясының отарына айналып, арзан әрі сарқылмас шикізат көзі ретінде қанауға, талан-таражға салынды.

Сонымен бірге қазақ-қырғыз бауырлас халқы отар ел ретінде саяси және әлеуметтік-экономикалық еркіндігінен айырылып, рухани және ұлттық езгіге ұшырап, ұлт болып жапа шекті.

18 ғасырдың орта шенінде басталған Ресей империясының өлкедегі отарлау саясаты 20 ғасырдың басында шарықтау шегіне жетті.

Өйткені, қазақ пен қырғыз халықтары Ресей империясының отаршылдық жүйесіне бағынып қана қойған жоқ, сонымен қатар тәуелсіздік пен ұлт бостандығы үшін кезең-кезеңімен күресіп отырды. Мұның бәрі отар елдің озбыр саясатына наразылық.

20 ғасырдың басында патшалық Ресей түркі жерлерін қанауды одан әрі күшейтті. Өлкеде жер мәселесі шиеленісіп, саяси, әлеуметтік-рухани, ұлттық езгі тереңдей түсті. Тұтыну тауарларының бағасы күрт төмендеді, салықтар өсті, өмір сүру деңгейі төмендеді. Экономикалық дағдарыс ауыр болды. Елде дүрбелең орнаған тұста 1916 жылы маусымда «құйынды» халықтардың қара еңбегі туралы декрет шығып, наразы халық билікке қарсы ашық көтеріліс бастады. Осы кезде Орта Азия мен Қазақстанның көптеген аймақтарында көтерілістер басталды. Жетісудағы қазақтар мен қырғыздар да көтеріліске шықты. Оның пайда болуы аймақта жүргізілген отарлау саясатымен байланысты болды.

Оның негізгі қозғаушы күші – бұқара. Көтерілістерді мүліктік және әлеуметтік жағдайына қарамастан байлардың көпшілігі басқарады. Қазақстан мен Қырғызстанның басқа да әлеуметтік топтары қатысты. Жалпы көтеріліс ұлт-азаттық көтеріліс сипатына ие болды. Қазақ-қырғыз қауымының мұндай бас көтеруі негізінен патша үкіметінің жерді жаппай басып алуын, ұлттық, саяси, әлеуметтік, рухани езгісін көздеді. Көтеріліс кезінде ұлтаралық қақтығыстар орын алды. Бұл жағдай патшалық отаршыл державаның халықтарды бір-біріне қарсы қойған саясатының бір бағытының нәтижесі болды.

Көтеріліс кезінде аймақтағы жағдай ушығып, ұлтаралық қақтығыстарға ұласты. Көтерілістерді монархия аяусыз басып тастады. Көтерілісшілер күшпен қуылып, оларды қиын тағдыр күтіп тұрды. Ұлттық саясаткерлер қиыншылыққа ұшыраған елді құтқару үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Оқиғалардың барысы осы тарихи кезеңде екінші көзқарастың ұлт мүддесіне сай келетінін көрсетті. Жаңа дәуір, жаңа өзгерістер келе жатқанын түсінген ұлттық-саяси топ енді белсенділік танытты.

1916 жылғы көтерілістің тамыры тереңде болды. Алдымен жерді, сосын малды, енді «жанын» алғымыз келгенде, құлшыныспен қаналған халық патшалық отаршылдық жүйеге қарсы шығып, саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани езгіден құтылу үшін ұлттық тәуелсіздік үшін күресті. бұрынғы ұлт-азаттық қозғалыстардың заңды жалғасы болды.

1916 жылғы оқиғалар да қазақ пен қырғыз қоғамында ұлт-азаттық күреске жаңа көзқарас, жаңаша көзқарас қалыптасқанын көрсетті. Осы мақсаттардың бірі – ұлттық күрестің жаңа түрі мен әдісіне көшу қажеттілігі. Бұл біртұтас, ұйымдасқан және жоспарлы әрекеттерге бағытталған қозғалыс екенін адамдарға жеткізуге тырысты.

Жоғарыда айтылғандай, 1916 жылғы көтеріліс кезінде патша үкіметі ұзақ жылдар бойы орыс шаруаларымен бірге қазақ-қырғыз жерлерін орыс казактарынан зорлықпен тартып алып, құнарлы егіні мен шұрайлы шабындығынан айырылған көшпелі халық тауға қуылып, жер-жерден қуылды. шөлдер. . Бір ғана Жетісу өңірінде бірінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы үш жылында 1 миллион 800 мың қазақ жері тартып алынды. Өлкедегі шиеленісті әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай және ұлттық езгі күшейген кезеңде 1916 жылы 25 маусымда патша үкіметі Қазақстан мен Орта Азия азаматтарын майдандағы бағынышты жұмысқа тарту туралы жарлық шығарды. Ресей империясының заңдары бойынша Мәскеу аймағындағы отаршыл халықтар әскерге алынбаған. Өйткені патша үкіметі оларға мылтық берілгеніне сенбеді. Екінші дүниежүзілік соғыс патша үкіметін шет елдердің халықтарын майдан шебіне жақын жерден окоп қазуға, ағаштарды кесуге, жол салуға шақыруға мәжбүр етті.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезеңіндегі қазақ-қырғыз зиялыларының қоғамдық-саяси қызметін арнайы зерттеу Қазақстан мен Қырғызстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана дұрыс жүргізіле бастады.

«1913 жылдан бастап «Қазақ» газетінің төңірегінде топтаса бастаған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси санасы Қазақ империясы мен аймақтарындағы нақты саяси жағдайға байланысты қалыптасып, өзгеріп отырды. Сонымен бірге билік тарапынан оппозициялық күш ретінде танылып, жергілікті отаршыл әкімшіліктің жауы ретінде қуғын-сүргінге ұшыраған ұлттық зиялы қауым өз халқынан көп түсіністік пен қолдау таппады. Мұндай қиын жағдай оның саяси көзқарасы мен бағдарына әсер етті. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі ұлттық интеллигенцияның қоғамдық-саяси қызметін жақсы түсіну үшін бұл факторларды ескеру қажет.

Демек, қазақ-қырғыз қоғамында империялық озбырлыққа қарсы күресте көзқарас та, көңіл-күй де бірдей күшті болғанын XVI ғасырдағы аласапыран оқиғалар көрсетті. Соның бірі – батырлардың білектің күшімен, найзаның ұшымен ел бостандығын қорғау әрекеті. Ежелгі дәуірден бастау алған бұл белгілі әдіс тіпті 16-шы ғасырдың қиын-қыстау кезеңдерінде де көрінеді. Алғашында басқа жолды әлі білмеген қарапайым халықтың көпшілігі кейіпкерлеріне еріп, мұндай әрекеттің салдарын түсінбеді. Олардың хан сайлап, хандық құру әрекеті феодалдық-патриархалдық қоғамдық қатынастардың сақталуын көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Моисеев В. А. Ресей мен Қытай Орталық Азияда (XIX ғасырдың екінші жартысы – 1917 ж.)
2. Түркістанда 1916 жылғы көтеріліс: жалпы трагедияның құжаттық дәлелі: куәг. құж. мен материалдар / МГУ им. М. В. Ломоносова, Ин-т всеобщ. истории РАН ; [сост., авт. предисл., вступ. ст. и коммент. Т. В. Котюкова]. – М.: Марджани, 2016. стр. 71–76
3. Папазов А.В. Среднеазиатское восстание 1916 года и роль генерал-губернатора А.Н. Куропаткина в его подавлении // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: История и политические науки. – 2012. – № 2. – С. 111.
4. Булдаков В., Леонтьева Т. Революцияны тудырған соғыс: Ресей, 1914-1917 жж. – Мәскеу, 2015. – 720 б.
5. Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім еретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/М. Қойгелдиев, Ө. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, т.б. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. ISBN 9965-36-106-1

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЖАКИПБЕКОВА Ж.Ж., БЕЙСЕНОВА Б.А.

21 жалпы орта білім беретін мектептің биология пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. Формирование профессиональной ориентации будущих учителей с помощью новых технологий

Summary. Formftion of professional orientation of future teachers through new pedagogical technoloies

Бүгінгі Қазақстан – дүние жүзілік саяси әлеуметтік, экономикалық ықпалдастық шараларына белсене араласатын демократиялық және зайырлы мемлекет. Сондықтан қазіргі заман мектебінің алдына қойылатын талап өте жоғары. Тек қана біліммен дағдыға бағытталған оқытудың мазмұны. Адамзат дамуының бүгінгі талабынан кейін қалып отырғандағы айқын. Сондықтан өте көп ақпаратты қабылдау, оны сұрыптай білу қазіргі жастардан тек жаттанды, білімді ғана емес оның көзін таба білуді, интеграциялау, қолдана білуді талап етеді. Білімді ұғып алу ғана емес оны қажетіне асыруға үйрену үшін мектепте оқушының интеллектуалдық, шығармашылық деңгейлерін арттырудың ролі үлкен.

Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастағанынан бастап бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп, қана қоймай, өз іс - әрекетіне сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Ал бүгінгі күрделі әлеуметтік - экономикалық жаңарулар тұсында шығармашылық қабілеттер басты нысана болып, керісінше оқушыда шығармашылық қабілеттің болмауы үлкен проблема саналып, ойландыруы тиіс деп ойлаймын. Оқушының шығармашылық қабілеті оның ойлауы мен практикалық әрекеттері арқылы дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтар - жаңа технологияларды қолдану сабақтары болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас қалыптасады. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Осыған сәйкес сабаққа қойылатын қазіргі талаптар да мұғалімнен зор шеберлікті қажет етеді. Халқымызда «шайнап берген ас - ас болмайды» деген мақал бар, сол сияқты мұғалімде сабақ үрдісінде материалды дайын күйінде бермей, оқушы ізденісіне жол ашатындай түрткі болатындай әдіс - тәсілдерді таңдап алуы қажет.

Дәстүрлі оқыту жүйесінің қазіргі заманға сай еместік ерекшелігінің бірі – мұғалім сабақты ұйымдастырғанда өз іс - әрекетіне көп назар аударады. Ал оқыту процесінің мәні оқушының танымдық іс - әрекетін дұрыс ұйымдастыру мен ынталандыру. Мұғалім әр бір сабақта оқушыға берілетін тапсырмаларды бірте - бірте күрделендіре отырып, белсенді іс - әрекетке келтіріп, таным жолдарымен баланың ойлауын дамытуы қажет. Өте тиянақты ұйымдастырылған сабақ өзіндік құнды, оқытушылық, дамытушылық және тәрбиелік мәні бар оқу формасының бірі болып танылады. Оның жемісті жүргізілуіне мұғалім барлық жағдайды жасайды, яғни мақсатқа сай мазмұнды таңдайды, оқуды ұйымдастырудың әр түрлі формаларын пайдаланады және ойлап шығарады.

Сабақты әр түрлі әдіс - тәсілдерді пайдалана отырып өткізу оқушылардың қабілетін арттырып, шапшаңдыққа, көп материалды меңгеруіне, жақсы есте сақтауына көмектеседі және заман талабына сай жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы өте зор.

Биология – бұл орта буында алғаш қосылатын пән. Сондықтан оқушы орта буында өсімдік құрылысы, өсімдік жайындағы білім берудің алғашқы баспалдағымен танысады. Осы пәнді

оқытуда жаңа технологиялардың тиімді әдісін алып жетілдіру барысында есте сақтауға негізделген ақыл ойын дамытатын оқуға көшу, мұғалім мен оқушының тең субъектіге түсіп ытымақтастықта болуын қажет етеді. Ынтымақтастық идеяларында тұжырымдамада қаралған азаматтандыру мәселесі, еркін білім беруде оқушының және тұлғалық күшінің дамуына шығармашылық деңгейінің өсуіне көмектесетін жоба қажет болады. Осы тұрғыда сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы оқушылардың тұлғасын дамытуға зор үлесін қосады.

Сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы стратегияларды пайдалануда оқушының ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруға жол ашылады. Оқушы жүрегіне жол тауып, оның білімге деген құштарлығын арттырып, өзін-өзі тәрбиелеуін ғылыми деңгейде ұйымдастыру үшін, әр оқушының дара ерекшеліктерін ескере білім алуға қабілетін зерттей отырып, тұлғаның негізінің ашылуына жол ашатын ұстаз. Ұстаз өзінің құзырлығының деңгейін бағытты жетілдіріп, ой іс бірлігін қатар дамытуы қажет. Бұл жердегі басты тұлға оқушы, ал мұғалім жетелеуші, бағыттаушы болып табылады. Осы іс-әрекетте ынтымақтастық болмайынша оқытудың нәтижесі болмайды.

Биология пәнін оқушыға меңгерту үшін стандарттық бағдарламаны игеруде оқушыны қалыптастырып, оны қызықтыру үшін сабақ берудің оңай жолдарын тәсілін табу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Бұл пәннің мақсаты оқушылардың қызығушылығын арттырып, қоршаған ортаны қорғауға экологиялық сауаттылығын дамыту кезінде ішкі сезімін оятып, өзін танып біліп, кез келген әрекетке жауапкершілікпен, шығармашылықпен қарау деңгейіне жеткізу. Мысалы, тірек – сызба нұсқаларымен жұмыс, модулді технология әдісімен оқыту «сын тұрғысынан ойлау» әдісін пайдалану арқылы, пәнаралық байланыс арқылы оқытуға болады. Тірек - сызба нұсқаларды пайдалану арқылы өткен сабақтар өте тиімді. Бұл сабақ оқушылардың белсенділігін арттырып, ойлау қабілетін дамытып, қосымша материалдарды пайдалануға дағдыландырады. Пәнаралық байланыспен сабақ өту арқылы оқушыларға басқа пәндермен байланысын түсіндіре отырып, қосымша көптеген мәліметтер беруге болады. Осындай әдістер қолдану арқылы сабақты оқушыларға қызықты, жан - жақты, оқушылармен жұмыс жүргізу арқылы өткен өте тиімді. Мұндай әдістер оқушылардың барлығымен жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Сабақта оқытудың жаңа әдістерін қолданып, оқушы белсенділігін арттыруға болады:

1.Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың теориясы мен әдістемесінің теориялық, әдістемелік негіздерін анықтауда, философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді, іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау, мұғалімдерді кәсіби даярлауға қатысты проблеманың зерттеу бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді;

2.Қазіргі кездегі жаңа педагогикалық технологиялардың оқу процесінде алатын орны мен атқаратын қызметі нақтылай түскені дәлелденеді;

3.Болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын жаңа педагогикалық технология арқылы қалыптастырудың моделі жасалады. Нәтижесінде мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттерді бір арнаға біріктіре отырып, оң нәтижеге жүйелі түрде жететіндігі дәлелденеді;

4.Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру жүйесі анықталып, әдіс-тәсілдер қолданылды;

5.Зерттеу мәселесі бойынша ұсынылған әдістер болашақ мұғалімдердің қоғам сұранысына сай жеке тұлғасын қалыптастыруда маңызы зор;

6.Эксперимент барысында кейбір пәндерге берілген ұсыныстар, арнайы курс, практикадағы ұсыныстар болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруды жетілдіре түсетіндігі дәлелденді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары. // Бастауыш мектеп, 2006.– №5. Б.3-5.
- 2 Құдиярова А.Р. Оқытудың интерактивті әдісін қолдану.// Мектеп, 2006- №4, –96.
- 3.Әлімқұлова Л. Интерактивті оқыту технологиясы.//Биология және салауаттылық негізі . 2008-№5. –33 б.

ТОПЫРАҚТЫҢ СУ ЭРОЗИЯСЫ

КАРАБАТЫРОВА НАЗИРА БЕЙСЕНБЕКОВНА

№21 жалпы орта білім беретін мектептің география пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

ТУРСЫНАЛЫ МЕРЕЙЛІМ

№21 жалпы орта білім беретін мектептің 11 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматривается водная эрозия почвы.

Summary. The article discusses the water erosion of the soil.

«Эрозияның халық шаруашылығына тигізетін әсерін есептеп жеткізу қиын. Мәселен, жел эрозиясына ұшыраған бір гектар егістік жер 600 кг жалпы азотты, 36 кг жылжымалы азотты, 108 кг жылжымалы фосфорды, 105 кг калийді жоғалтады. Ал су эрозиясының зардабына көбірек душар болған жердің әрбір гектары екі тоннаға дейін жалпы азотты, 120 кг жылжымалы азотты, 280 кг фосфор мен 215 кг калийді жоғалтады екен. Республикамыздың солтүстігінде тың игеру жұмыстарын жаппай жүргізген кезде жыртуға жарамды жер таңдауда жіберілген қателіктерден көптеген құмдақ-құмды жерлер жыртылып, жел эрозиясына қатты ұшырағаны баршаға белгілі. Мұндай жерлер тек Павлодар облысында 805 мың гектарға жетті. Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында көптеген алқаптар жел эрозиясынан бүлінді. Кейін жүргізілген түбегейлі зерттеулердің нәтижесінде, солүстіктегі аудандарда жел эрозиясына біразы ұшыраған» [1, 316.].

1,5 млн гектар егістікке жарамай, ол жерлерге әр түрлі көп жылдық шөптер егілді. Табиғаттың бұл апатымен күресуде Шортанды астық шаруашылығы институтының академик А.И.Бараев басқарған ұжымы кезінде жақсы жетістіктерге жетті.

Топырақтану ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының көпжылдық зерттеулері республикамыздың жері қаншалықты кең болғанмен, оның егіншілікке жарамдысы мен ылғалмен қамтамасыз етілгені шамалы екенін дәлелдеп отыр. Сондықтан жыртылған, егістікке айналған жердің әрбір гектарын тиімді пайдалану – бүгінгі күннің басты міндеті. Егістік жерді тиімді пайдалану – оның әр гектарынан мүмкіндігінше мол өнім алу деген сөз. Ал мол өнім алу үшін егістік жерлерге жыл сайын негізгі ғылыми негізделген егіншіліктің ауыспалы жүйесін енгізумен қатар, егіншілікке барынша аудандастырылған дақыл сорттарын егіп, озат агротехниканы қолдану қажет.

Көпжылдық тәжірибе республиканың негізінен жаздық астық егілетін солтүстік аудандарында қолданылатын егіншіліктің астықты жүйесі тиімді екенін көрсетті. Бұл құрғақ аудандарда парға егілген дәнді дақылдар жыл сайын астық егілетін танаптарға қарағанда гектарынан 5-7 центнер артық өнім береді. Себебі танапты бір жылдай қара пар етіп өндеп, «тынықтырса», арам шөптерден арылып, ылғалдың қажетті қоры жиналады да, микробиологиялық құбылыстардың нәтижесінде қоректі заттар көбейіп (әсіресе азотты заттар), бұдан кейінгі үш-төрт жыл бойы дәнді дақылдардың дұрыс өнім беруіне себеп болады.

Солтүстік облыстардың көпшілігінде, әсіресе топырақ құрамы жеңіл алқаптарда жыртылған жерлердің жиі, әрі қатты тұратын желдердің күшімен үрленіп, шаңданып, тозанданып, құнары азаяды, ал эрозияға қатты ұшыраған аудандарда топырақ құнары тіпті жойылып кетеді.

Институт ғалымдары егіншілікті топырақ эрозиясынан қорғап, ауадан түсетін ылғалды топырақ қабатында сақтау мен арам шөптерге қарсы күресу үшін шаралар жүргізуде. Топырақты кәдімгі соқамен (плугпен) қайырмалы егіп жырту орнына, оны арнайы соқамен қопсытып, егілген егіс сабақтары қарды тоқтату үшін сақталады және топырақ желмен ұшпайды. Танаптарға қар тоқтатып, жел күшін бәсеңдету үшін парды белдеу-белдеу егіп орналастырады, яғни пар танаптарының араларына биік сабақты өсімдіктерді жолақтатып егеді. Егіншіліктің қысқа ротациялы-парлы астықты ауыспалы жүйесін қолданады, әдетте үш жыл астық топырақ эрозиясына ұшыраған облыстарда, Сібір және Алтай өлкесінің кейбір аудандарында қолданған кезде эрозия тоқталып, астықты дақылдар тұрақты өнім бере бастады.

«Егіншіліктің топырақ қорғау жүйесі Қазақстанда тың игерумен, тыңдағы егіншілікпен тығыз байланысты болғанымен егіншіліктің бұл жүйесін практикалық жағдайда қолдану географиясы кең. Сібір, Орал, Еділ бойы, Ставрополь, тіпті Украина егіншіліктері де егіншіліктің бұл жүйесін өздерінің топырақ-климаттық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп қолдануда» [2, 386].

Егіншіліктің терістік облыстарында негізінен қолданылып келе жатқан парлы-астықты жүйесінің кемістігі жоқ емес. Жалпы парлы-астықты егістік жүйесін ауыспалы егістік жүйесіне жатқызу күмәнді. Бұл егістік жүйесінде жерді органикалық тыңайтқыштармен толықтыратын шөп танапты егіс жоқ. Бұл жағдай мал шаруашылығын дамытуға да кесірін тигізуде. Парлы танапты да тиімді пайдалану қажет сияқты. Міне, осы бағыттарда қазақ ауылшаруашылығы академиясының академигі, Шортанды астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бұрынғы директоры М.Сүлейменовтың жетекшілігімен жүргізілген соңғы жылдардғы зерттеулер жақсы нәтижелерге меңзейді.

Қазақстанның оңтүстігіндегі суармалы облыстарды негізгі дақылдарды ауыстырып, топырақ құнарлығын, әсіресе топырақты азотты арттыратын дақыл – беде (люцерна). Сонымен қатар беде өте құнды белокты азықтық шөп. Сондықтан бұл аймақтарда беделі-күрішті, беделі-мақталы, беделі-қызылшалы ауыспалы егістер нәтижелі егіліп келеді. Топырақтың мелиоративтік жағдайларына, шаруашылықтың мамандандырылған бағытына қарай беденің ауыспалы егістерде алатын орны әр түрлі (әдетте, 30%-дан 50%-ға дейін). 1961-1962 жылдары академик В.Р.Вильямстың шөптанапты ауыспалы егісіне қарсы «шабуылы» басталған аймақтарда, оның ішінде біздің оңтүстік облыстарымызда беде егістері жөнсіз жыртылып тасталды, соның салдарынан беденің тұқымы әлі күнге дейін көп шаруашылықтарда жетіспей келеді. Суармалы аудандарда негізгі құнды дақылдардан мол өнім алу үшін ауыспалы егіс жүйесі тезірек қалпына келтіріліп, оның ішінде беде өзінің заңды орнын алуы қажет.

Егер республикамыздың солтүстік облыстарында топырақтың жел эрозиясы басым болса, оңтүстіктің суармалы алқаптардында су эрозиясы орын алған.

Топырақтың су эрозиясы деп аққан су күшімен топырақтың жоғарғы құнарлы қабатының, кейбір кезде тіпті төменгі қабатының жуылып-шайылып, жыралар мен сайсалалардың пайда болуы сияқты табиғи құбылыстарды айтады. Топырақтың су эрозиясы суармалы егіншілік дамыған Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының тау баурайындағы аймақтарында орын алған. Оған бұл жерлердің тым еңістігі, топырақ бетінің және оның төменгі қабаттарының су эрозиясына өте берілгіш ұнтақ жыныстардан (лесстиптес) құралуы септігін тигізеді.

Су эрозиясының негізінен екі түрі болады: топырақ бетінің шайылуы және жыралық эрозия. Қатты нөсерден немесе суарғанда судың мөлшерден артық жіберілуінен топырақтың беткі қабаттары шайылады. Судың негізгі ағысы жүрген жерлерде тілінген майда жыралар пайда болады. Бұл жерлер жер жыртылған кезде егістің аралығы өңделіп, культивацияланған уақытта қайта тегістеледі де, топырақтың шайылғаны жөнді байқалмайды. Бұл жағдай жыл сайын қайталанған ретте, топырақтың құнарлы қабатының біразы шайылып, топырақ құнары төмендейді. Мұны шайылу эрозиясы деп атайды.

Ал көлбеу тігірек, құлама беткейлерде әуелі жіңішке болып басталатын майда жыралар судың ылдифа аққан екпінімен тез ойылып, ірі жыраларға, сайларға айналады. Мұндай жайлар көбінесе су жүретін ірілі-ұсақты арықтар бойында көп кездеседі. Оңтүстіктегі облыстардың кейбір жерлерінде осындай арықтардың табаны бірте-бірте шайылып, жер бетінен тереңдеп кетеді. Мұндай жағдайларда судың өз ағысымен айналадағы жерді суару мүмкін болмай қалады. Су эрозиясының бұл түрін жыралық эрозия деп атайды.

Су эрозиясымен күресудің үш түрлі жолы бар.

Агротехникалық шаралар: еңісі мол баурайларда су ағысының бағытына көлденең жырту, топырақты қайырымсыз жырту, қыста қар тоқтатып, көктемде судың ағыс екпінін кеміту үшін егілген егістердің мая-сабақтарын қалдыру, топырақ құрылымын жақсарту т.б.

Орманды-мелиоративтік шаралар: жыралар мен сайлар жағалауына, өзендер айналасына, суару жүйелерінің бойына міндетті түрде ағаштар, бұталар отырғызу.

Гидротехникалық шаралар: жыраларды бекітетін инженерлік құрылыстар салу, ирригациялық эрозия болмас үшін арықтар мен каналдардың табаны мен ішкі қапталын су өткізбейтін заттармен (плита, латоктар, полиэтилен т.б.) қаптау.

Осы шараларды ұқыпты қолданған жағдайда топырақтың су эрозиясына ұшырауы жойылады. Қазақстандағы жел эрозиясына ұшыраған жер көлемі Р.Жанпейісовтың [3] мәліметі

бойынша, 70 млн гектардан асады, яғни республика территориясының 26%-ы топырақ эрозиясына, оның 52 млн гектардан астамы жел эрозиясына бейім болса, 18 млн гектар астам су эрозиясына ұшыраған. Олардың жартысына жуығы егістікке жарамды жерлер. Су эрозиясы бұл аймақтарда жер бетін бүлдіріп қана қоймай, сонымен қатар жылына 2,5 млн тоннаға жуық азот, фосфор, калийді ағызып әкетеді.

Сел тасқындары да су эрозиясының аса бір қауіпті апатты түрі екені белгілі. Алматы облысы жағдайында осы сел тасқындарын болдырмау үшін Кіші және Үлкен Алматы өзен бойларында салынған тосқауыл-құрылыстар көпшілікке белгілі. Алматы төңірегіндегі аласа таулар мен Ақсай трассасы бойындағы, негізінен тас басқан тау етектеріндегі жерлерді көгалдандыру арқылы бау-бақша отырғызып, қала халқының демалыс аймақтарына айналдырып, қала тұрғындарын саяжай ретінде учаскелері үшін бөліп беру өте ұтымды болады. Сонымен қатар бұл жағдай қала халқының қосалқы шаруашылығы ретінде де, оларды азық-түлікпен, әсіресе жеміспен, көкөніспен қамтамасыз етуде көп септігін тигізеді. Дәл осындай жерлер тау етектеріне орналасқан оңтүстіктегі басқа да облыстарда кездеседі. Жоғарыда көрсетілген әдіспен бұл жерлерді де тиімді пайдалану құптарлық мәселе.

Жыртылған егістік жерлерді тиімді пайдаланып, құнарын арттырумен қатар ауыл шаруашылығының екінші саласы – мал шаруашылығын өркендету үшін республикамыздың мол байлығы – миллиондаған гектар жайылым мен шабындық жерлерді де тиімді пайдалану керек. Қазақстанда 180 млн гектардай жайылым жерлер бар, олар бүкіл ТМД елдеріндегі жайылым жерлердің жартысынан астамы өкінішке орай, соншалықты мол байлық бүгінге дейін дұрыс пайдаланылмай отыр. Оның негізгі себебі, бұл шөлейтті және шөлді аймақта орналасқан жайылымдар осы күнге дейін жақсы суландырылмай келеді.

Қорыта айтқанда, болашақта жер асты суларын, жер бетімен ағатын өзендерді тиімді пайдаланып, бұл кең алқапты суландыру – кезек күттірмейтін іс. Сондай-ақ, жайылымдық жерлерді топырақ эрозиясынан сақтау қажет. Эрозияның бұл түрі малды бір жерге қайталап жая бергеннен, шөптердің сиреуінен және мал тұяқтарымен беткі қабаттарының бұзылуынан пайда болады. Мұндай «тұяқтесті» жайылымдар республикамызда миллиондаған гектарды алып жатыр. Қазақ халқының «мал шөпті ауызымен емес, тұяғымен жейді» дегені тегін болмаса керек. Мұндай жайылым эрозиясына ұшыраған жерлер негізінен елді мекендер мен малды суаратын аймақтарда көп орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бегалиев А.Б.,Жамалбеков Е.Ү., Білдебаева Р.М. Қазақстан топырағы және оның экологиясы. –Алматы: Санат, 1995ж.
- 2.Жамалбеков Е.Ү., Білдебаева Р.М. Жалпы топырақтану және топырақ географиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000ж.
- 3.Жанпейсіов Р. Жалпы топырақтану. –Алматы: Агроуниверситет, 1998ж.

ӘОЖ 373.65.232

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

МУСАЕВА Ж.М., ШЛЯХОВА Г.В.

№21 жалпы орта білім беретін мектебінің информатика пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. Статья посвящена актуальной теме современности – развитию информационного риск – менеджмента, основная задача которого заключается в управлении рисками. Актуальность темы обусловлена тем, что в течение последних нескольких лет информация стала играть важнейшую роль во всех сферах человеческой жизни, что связано с постепенным становлением информационного общества.

Summary. The article is devoted to the urgent topic of our time - the development of information risk - management, the main task of which is risk management. The relevance of the topic is due to the

fact that over the past few years, information began to play a crucial role in all areas of human life, which is associated with the gradual formation of the information society.

Тәуекел – бұл қандай да бір белгісіздіктен қолайсыз оқиғалардың басталуы немесе жобаның уақытша немесе қаржылық шектеулерінен шығу ықтималдығы [1]. Басқару туралы ғылымда жеке бағыт бар – тәуекелдерді басқаруға, олардың теріс салдарын азайтуға арналған тәуекел – менеджмент. Тәуекелдерді басқарудың негізгі компоненттері сәйкестендіру, тәуекелдерді талдау және оларға ден қоюды жоспарлау болып табылады. Сонымен, тәуекел – менеджменттің бірінші кезеңі тәуекелдерді сәйкестендіру болып табылады. Барлық тәуекелдерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1) бюджетте, жұмыс кестесіндегі қателіктерге, персоналдың проблемаларына, талаптардың өзгеруіне (жобаның ағымдағы жағдайларының өзгеруіне де, тапсырыс берушінің қалауына да байланысты) байланысты жобалық кезең. Осы тәуекелдерге қызметкерлердің аурулары мен жұмыстан босатылуын, ағымдағы заңнамадағы өзгерістерді, процесті бақылайтын тапсырыс берушінің өкілін ауыстыруды, оның даму барысы бойынша тапсырыс берушінің жоба туралы пікірін өзгертуді жатқызуға болады. Ерекше жағдайлар тәуекелдерінің осы түріне жауапты жоба менеджері болып табылады, оның осындай қақтығыстарды реттеу қабілеті және оның кәсіби дайындығын анықтайды;

2) техникалық шешімдерді іске асыру проблемаларымен байланысты техникалық кезең. Бұл жерде әдетте әзірлеу проблемалары (әзірлеушілердің қандай да бір міндетті іске асыру қабілеті), жүйенің қанағаттанбайтын өнімділігі, жүйенің соңғы пайдаланушыларға түпкілікті бейімделуіне байланысты енгізуде аздап қиындықтар болады. Мұндай мәселелерді шешуге жауапты тұлға – әдетте жобаның техникалық жетекшісі немесе жетекші талдаушысы болып табылады;

3) жобаны қаржылық қолдауға байланысты бизнес – тәуекелдер. Сыртқы факторлардан туындаған бюджеттің күтпеген қысқартылуы жоба мен міндеттердің қысқаруына ғана емес, сонымен қатар басты мақсатқа қол жеткізілмеген жағдайда оның толық сәтсіздігіне әкелуі мүмкін. Әзірлеуші компания үшін тәуекелдердің осы түріне әдетте нарықты бағалаудағы қателер жатады. Ресей ұйымдарында сондай-ақ осындай штаттан тыс жағдайларға соңғы пайдаланушылар тарапынан жобаға қызығушылықтың жоғалуы жатады. Мұндай проблемалар үшін жобаның тапсырыс берушісі (кураторы) немесе жобалау комитетінің басшысы кредиттік ұйымдағы жауапты тұлға бола алады. Ол басымдықтарды алдын ала анықтап, әрбір кезеңнің басым міндеттерін шешу үшін резервтер ұйымдастыруы тиіс [2].

Тәуекелдерді неғұрлым нақты сәйкестендіру және талдау олардың спецификациясы мен сәйкестендіру жүйесін әзірлеуді, сондай-ақ штаттан тыс жағдайлардың туындауын ықтимал бағалауды, залалды бағалауды және оларды еңсеру үшін резервтерді есептеуді қамтиды. Бұл ретте шығындарды төмендету үш іс-әрекет есебінен мүмкін: алдын алу (болдырмау), мониторинг (жағдайды уақтылы тану) және қиын жағдайды басқару (ол туындаған жағдайда дұрыс іс-қимыл). Олардың әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Алдын алу – штаттан тыс жағдайды жоюға, ықтималдығын төмендетуге немесе залалды азайтуға арналған шығындар. Жиі тапсырыс берушіні қосымша шығындар қажеттігіне сендіру өте қиын, әсіресе егер Тапсырыс берушіге қатер өте түсінікті болмаса. Мысалы, қауіпсіздік жүйесін қосымша пысықтауға қосымша қаржыландыру алу жеткілікті оңай (рұқсат етілмеген кіру қаупі), алайда сауатсыз пайдалану да қауіпсіздік жүйесінде тесік пайда болуына әкеп соқтырса да, соңғы пайдаланушыларды оқытуға қол жеткізу өте қиын. Және әдетте, ықтималдығы мен шығын мәнін бағалайтын жақсы негізделген құжат қана Тапсырыс берушіні қаражатты дұрыс бөлуге сендіре алады.

Мониторинг қандай да бір проблеманың туындауын анықтайтын көрсеткіштер жүйесін және оларды қадағалау тетіктерін әзірлеуді білдіреді. Проблеманы уақытында тану жиі шығындарды азайтуға немесе оларды нөлге жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, ағымдағы заңнаманы қадағалау және қағидаттық өзгерістерді уақтылы тану деректер құрылымын өзгерту немесе жаңа алгоритмдерді әзірлеу сияқты бірқатар тұжырымдамалық шешімдерді өзгерту есебінен бейімделуге арналған шығындарды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді. Егер уақыт жіберілген жағдайда, жүйенің күрделенуіне және соның салдарынан жаңа міндеттерді шешуге кететін уақыт шығындарының өсуіне әкелетін тетіктерді латунизациялау тетіктері алмастырып, жұмыс істей бастайды.

Сыни жағдайды басқару күтпеген жағдай туындаған жағдайда іс-әрекеттерді құжаттауды және регламенттеуді білдіреді. Менеджердің іс-әрекетін анық түсінуі теріс әсерді бірнеше рет төмендетуге мүмкіндік береді. Іс-қимылдарды алдын ала құжаттау залалдың есептік әсерін түзетуге және соның салдарынан резервтер сомасын азайтуға және жобаны инвесторлар мен тапсырыс берушілер үшін неғұрлым тартымды етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ осы бағыт бойынша жұмыстардың бір бөлігі қиын жағдайды жеңілдету тетіктерін құру болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта ақпараттық тәуекел болып табылатын бір мағыналы ұғым әлі қалыптасқан жоқ. Кейбір мамандар ақпараттық тәуекелді ақпаратқа тікелей әсер ететін оқиға ретінде қарастырады: оны жою, бұрмалау, оның құпиялылығын немесе қолжетімділігін бұзу.

Басқалары бұл ұғымды компьютерлік жүйелермен ғана ақпараттық тәуекел аймағын шектей отырып, неғұрлым тар аспектіде қарайды.

Көптеген ұғымдарда назар аударуға болатын кейбір маңызды аспектілер қарастырылмайды. Бірінші кезекте бұл – жұмысы жүйеге ақпаратты енгізумен және оны өңдеумен тікелей байланысты мамандар. Өйткені, бұл ақпаратты алу сатысында тәуекелдер бар, өйткені тіпті осы кезеңде алынған деректердің дұрыстығына, олардың толықтығы мен өзектілігіне әсер ететін факторлар бар.

Сонымен қатар, бұл анықтамаға ақпаратты өңдеу алгоритмдерінде, басқару шешімдерін әзірлеу үшін пайдаланылатын бағдарламаларда іркілістердің туындауына байланысты тәуекелдер жиі енгізілмейді.

Кейбір мамандар "ақпараттық тәуекелдер" ұғымына экономикалық тұрғыдан қарайды. Анықтама ретінде олар "компанияның ақпараттық технологияларды қолдануы нәтижесінде шығындардың немесе залалдың туындау қаупін" түсінеді [3]. Басқаша айтқанда, IT-тәуекелдер электронды тасығыштар мен басқа да байланыс құралдарының көмегімен ақпаратты құрумен, берумен, сақтаумен және пайдаланумен байланысты.

Барлық ақпараттық тәуекелдерді бірнеше критерийлердің негізінде әртүрлі топтарға жіктеуге болады:

1. Көздер бойынша – ақпараттық тәуекелдер ішкі және сыртқы;
2. Сипаты бойынша – әдейі және әдейі емес;
3. Түрі бойынша – тікелей немесе жанама;
4. Нәтижесі бойынша – ақпараттың дұрыстығын бұзу, ақпараттың өзектілігін бұзу, ақпараттың толықтығын бұзу, құпиялылықты бұзу және т. б.
5. Әсер ету механизмі бойынша: табиғи апаттар, авариялар, мамандардың қателіктері және т. б. [3].

Ақпараттық тәуекелдерді талдау – бұл сандық (ақша ресурстары түрінде) және сапалық (тәуекел деңгейі: жоғары, орташа, төмен) тәуекел көрсеткіштерін анықтай отырып, ақпараттық жүйені қорғау дәрежесін жиынтық бағалау процесі [4]. Талдау ақпаратты қорғау процестерін қалыптастырудың әртүрлі құралдары мен әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады. Оның нәтижелері негізінде қауіпті қатер болып табылатын және қосымша қорғау шараларын дереу қабылдауды талап ететін ең жоғары тәуекелдер бөлінеді.

Тәуекелдің сандық мөлшерін анықтауға болатын бірыңғай әдістеме жоқ. Біріншіден, бұл қандай да бір нақты қауіптің туындау мүмкіндігі туралы статистикалық ақпараттың қажетті көлемінің болмауына байланысты. Екіншіден, нақты ақпараттық ресурс құнының көлемін анықтау өте қиын. Мысалы, ақпараттық ресурстың иесі жабдықтар мен тасымалдағыштардың құнын оңай көрсете алады, алайда осы жабдық пен тасымалдағыштардағы деректердің нақты құнын атай алмайды, ол іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан ең жиі қолданылатын ақпараттық тәуекелдерді сапалы бағалау болып табылады, оның басты міндеттері – бұл тәуекел факторларын сәйкестендіру, тәуекелдің ықтимал осал салаларын анықтау және әр түрдің әсерін бағалау.

Ақпараттық тәуекелдерді сандық есептеуге ең танымал тәсіл – CRAMM Британдық әдісі. Оның негізгі мақсаттары: тәуекелдерді басқаруды автоматтандыру, басқаруға арналған қаржылық шығындарды оңтайландыру, компанияның қауіпсіздік жүйесін сүйемелдеу уақытын оңтайландыру, бизнестің үздіксіздігін қолдау. Сыни жағдайды болдырмау күтпеген жағдай туындаған жағдайда іс-әрекеттерді құжаттау мен регламенттеуді білдіреді. Менеджердің іс-әрекетін анық түсінуі теріс әсерді бірнеше рет төмендетуге мүмкіндік береді. Іс-қимылдарды алдын ала құжаттау залалдың есептік әсерін түзетуге және соның салдарынан резервтер сомасын азайтуға және жобаны инвесторлар мен тапсырыс берушілер үшін неғұрлым тартымды етуге

мүмкіндік береді. Сондай-ақ осы бағыт бойынша жұмыстардың бір бөлігі қиын жағдайды жеңілдету тетіктерін құру болуы мүмкін. Мысалы, ұйымда жұмысқа білікті жұмыс іздеушілер туралы ақпараттың болуы негізгі қызметкер күтпеген жағдайда болады.

Сонымен бірге, ықтимал ақпараттық тәуекелдерді есептеу мен талдау үшін көптеген жүйелер мен әдістер әзірленді, бұл бизнесті олар туралы тез арада ақпараттандыруға, содан кейін нарықтың негізгі талаптарын – компанияның экономикалық қызметінің үздіксіздігі мен қауіпсіздігін сақтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. dissercat.com/ //Оценка рисков проектов внедрения информационных технологий в процесс управления производственными предприятиями// [Электронный ресурс]. Дата обращения 18.12.12
2. econf.rae.ru/ //Управление рисками при внедрении ИТ-проектов//[Электронный ресурс] Режим доступа: Дата обращения 18.12.12
3. provsebanki.ru //Метод аналогий//[Электронный ресурс] Режим доступа: Дата обращения 18.12.12
4. Саати Т. Принятие решений. Метод анализа иерархий. - М.: Радио и связь, 1993. – 320 с.

УДК 378.147

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ГРАФИКЕ И ДИЗАЙНЕ

АЛТЫНБАЕВА АЗИЗА АБДЫКАЛЫКОВНА

учитель информатики средней школы №27 им.М.Маметовой, г.Тараза

ИВАНОВА КСЕНИЯ

ученица 6 класса средней школы №27 им.М.Маметовой, г.Тараза

Түйіндеме. Мақалада графика мен дизайндағы ақпараттық технологияларды қолдану қарастырылады. Графикалық редакторлар, 3D модельдеу және анимация бағдарламалары сияқты негізгі құралдар, сондай-ақ оларды процестерді жеделдетуде және жұмыс сапасын жақсартуда қолданудың артықшылықтары сипатталған. Жасанды интеллект, виртуалды және толықтырылған шындықты, сондай-ақ 3D басып шығаруды енгізуді қоса алғанда, даму перспективаларына ерекше назар аударылады. Графикалық дизайнерлердің заманауи жұмыс әдістеріндегі ОТ-ның маңызды рөлі және жаңа тенденцияларға бейімделу үшін үздіксіз оқыту қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

Summary. The article discusses the use of information technology in graphics and design. The main tools such as graphic editors, programs for 3D modeling and animation are described, as well as the advantages of their use in speeding up processes and improving the quality of work. Special attention is paid to the development prospects, including the introduction of artificial intelligence, virtual and augmented reality, as well as 3D printing. The conclusion is made about the significant role of OT in modern methods of work of graphic designers and the need for constant training to adapt to new trends.

В последние десятилетия информационные технологии (ИТ) оказали огромное влияние на множество сфер деятельности человека, в том числе на графический дизайн и визуальные искусства. Прогресс в области аппаратного и программного обеспечения изменил саму природу работы дизайнера, открыв новые возможности для креативного самовыражения и взаимодействия с клиентами. Благодаря компьютерным технологиям, создание графики, иллюстраций и визуальных эффектов стало более быстрым, качественным и доступным. В этой статье мы рассмотрим, как современные информационные технологии используются в графике и дизайне, какие инструменты и методы они предоставляют, а также перспективы дальнейшего развития в этой области.

Прежде чем перейти к рассмотрению современных технологий, важно отметить, что до появления компьютеров графический дизайн был ручным процессом. Дизайнеры создавали эскизы и макеты вручную, используя карандаши, краски, линейки и другие инструменты. В середине XX века начали появляться первые цифровые инструменты, такие как компьютерные программы для создания графики. Один из важнейших моментов в истории графического дизайна – появление программного обеспечения компании Adobe, выпустившей такие ключевые продукты, как Photoshop и Illustrator, которые в корне изменили процесс работы дизайнеров. С тех пор развитие технологий не стояло на месте: программы совершенствовались, а компьютеры становились мощнее.

Основные инструменты и технологии

1. Графические редакторы

Современные графические редакторы – это важнейший инструмент для любого графического дизайнера. Программы, такие как Adobe Photoshop, Adobe Illustrator, CorelDRAW, позволяют создавать и редактировать как растровые, так и векторные изображения. Эти программы обладают огромным набором функций для обработки фотографий, создания иллюстраций, типографики и верстки печатных изданий.

- Adobe Photoshop – один из самых популярных инструментов для работы с растровой графикой. Он используется для редактирования изображений, создания цифрового искусства, постобработки фотографий, а также для разработки интерфейсов.

- Adobe Illustrator – это инструмент для создания векторной графики, который широко применяется для разработки логотипов, иллюстраций и элементов веб-дизайна.

Графические редакторы позволяют дизайнерам создавать высококачественные изображения и работать с любыми форматами для дальнейшего использования в печатных и цифровых изданиях.

2. 3D-моделирование

С развитием ИТ технологии трехмерного моделирования стали неотъемлемой частью графического дизайна, особенно в таких отраслях, как архитектура, киноиндустрия, реклама и игровая индустрия. Программы вроде Blender, Autodesk 3ds Max, Maya позволяют дизайнерам создавать детализированные 3D-модели, анимации и визуализации.

- Blender – это бесплатное и открытое программное обеспечение для создания 3D-графики и анимации, которое пользуется популярностью как среди любителей, так и среди профессионалов. Оно позволяет создавать анимации, текстурированные модели, симуляции частиц и многое другое.

- Autodesk 3ds Max и Maya – это профессиональные инструменты для создания высококачественной 3D-графики и анимации. Они широко используются в кино и игровой индустрии для создания визуальных эффектов и моделей персонажей.

Трехмерное моделирование не только позволяет создавать сложные виртуальные объекты, но и предлагает инструменты для рендеринга и анимации, что значительно расширяет возможности графического дизайна.

3. Программное обеспечение для анимации

Разработка анимации также претерпела значительные изменения с развитием ИТ. Современные инструменты для создания анимации, такие как Adobe After Effects, Toon Boom, Cinema 4D, позволяют создавать анимационные фильмы, рекламные ролики и спецэффекты для различных медиа.

- Adobe After Effects широко используется для создания композиций и спецэффектов в кино и на телевидении. Это один из лучших инструментов для постпродакшн обработки, позволяющий добавлять анимацию к уже существующему видео или создавать полностью анимированные элементы.

- Toon Boom Harmony – это профессиональное программное обеспечение для создания 2D-анимации, которое используется в создании мультфильмов и анимационных сериалов.

- Cinema 4D – мощный инструмент для создания 3D-анимации и графики движения, который используется для создания анимационных заставок, видеографики и визуальных эффектов.

Преимущества использования ИТ в графике и дизайне

1. Ускорение процессов

ИТ значительно ускоряют процесс создания дизайна и графики. С помощью современных программ дизайнеры могут быстро вносить изменения, создавать шаблоны, автоматизировать повторяющиеся задачи и работать с большими объемами данных. Это особенно важно в коммерческой сфере, где скорость выполнения заказа часто влияет на конкурентоспособность компании.

2. Повышение качества

Цифровые технологии позволяют достичь высочайшего качества графики. Это касается как разрешения изображений, так и их детализации. Благодаря инструментам редактирования и рендеринга дизайнеры могут создавать визуально впечатляющие работы, которые соответствуют высоким стандартам современных индустрий.

3. Упрощение сотрудничества

Облачные технологии, такие как AdobeCreativeCloud, позволяют дизайнерам работать над проектами совместно с коллегами в режиме реального времени. Это упрощает процессы редактирования и обмена файлами, что особенно важно для удаленной работы и международных проектов.

Перспективы развития

1. Искусственный интеллект в дизайне

С каждым годом технологии искусственного интеллекта (ИИ) все глубже проникают в мир дизайна. Программы, такие как AdobeSensei или Canva, используют ИИ для автоматизации рутинных задач: от выбора цветовых схем до генерации шаблонов на основе предпочтений пользователей. ИИ способен анализировать тренды и предлагать дизайнерские решения, что ускоряет работу и улучшает результаты.

2. Виртуальная и дополненная реальность

Технологии виртуальной (VR) и дополненной реальности (AR) открывают новые возможности для графического дизайна. Дизайнеры могут создавать иммерсивные проекты, которые взаимодействуют с пользователем в реальном времени, будь то игры, мобильные приложения или образовательные программы. Эти технологии требуют разработки новых форматов графики и интерфейсов, которые обеспечат максимально комфортное взаимодействие пользователя с виртуальной средой.

3. 3D-печать

Технологии 3D-печати уже стали частью графического дизайна, и их потенциал продолжает расти. Дизайнеры могут создавать прототипы изделий, модели и скульптуры, которые затем могут быть воплощены в физической форме с помощью 3D-принтера. Это открывает широкие перспективы для дизайна в таких сферах, как архитектура, мода, медицина и промышленное производство.

Информационные технологии кардинально изменили мир графики и дизайна, сделав его более доступным, эффективным и разнообразным. Использование цифровых инструментов, таких как графические редакторы, программы для 3D-моделирования и анимации, а также технологии искусственного интеллекта и виртуальной реальности открывают перед дизайнерами новые горизонты. В будущем нас ждет еще больше инноваций, которые позволят дизайнерам реализовывать свои самые смелые идеи с использованием самых передовых технологий.

Список используемой литературы:

1. Фримен, М. «Инструменты цифровых медиа для графических дизайнеров». Pearson Education, 2020.

2. Тасси, Д. «3D-моделирование для начинающих: от концепции к реальности». Springer, 2021.

3. Смит, Дж. «Влияние цифровых инструментов на современный графический дизайн», Журнал исследований в области дизайна, 2022, том 45, стр. 112-128.

4. Браун, А. «3D-печать и её применение в современном графическом дизайне», Журнал исследований в области дизайна, 2021, том 33, № 4, стр. 55-72.

5. AdobeSystemsInc. «Официальная документация AdobePhotoshop», Adobe, 2023. Доступно по ссылке: <https://www.adobe.com/products/photoshop.html>

6. AutodeskInc. «AutodeskMaya: руководство пользователя», Autodesk, 2023. Доступно по ссылке: <https://www.autodesk.com/products/maya/overview>

ӘОЖ 53.457 (06)

САНАҚ ЖҮЙЕСІНДЕ МАРС ОРБИТАСЫН ЖЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП ТҰРҒЫЗУ

ТОЙЫМБЕКОВА ЖАЗИРА ЖЕТПИСОВНА

№21 жалпы орта білім беретін мектебінің физика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

ӨЗБЕК ЕРНҮР

№21 жалпы орта білім беретін мектебінің 8 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматриваются вопросы построения орбиты Марса в системе отсчета с привязкой к земле.

Summary. The article deals with the construction of the orbit of Mars in the reference frame with reference to the earth.

Кинематикалық тұрғыдан қарағанда бұл есеп салыстырмалы қозғалысқа арналған екінші есептің берілгеніне ұқсайды. Гелиоцентрлік санақ жүйесінде (K жүйесі) Жер радиусы $R_1=1.496*10^8$ км шеңбер бойымен қозғалады, ал айналу периоды $T_1=365.24$ тәулік. Марс эллипс бойымен қозғалады, үлкен жарты осі $a_M=2.28*10^8$ км, ал айналу периоды $T_M=689.98$ тәулік, орбита эксцентриситеті $e=0.093$. Жердің қозғалысы (1.5) өрнекте берілген радиус-вектормен сипатталады. Марс орбитасы эллипс тәрізді болғандықтан $x = x(t)$, $y = y(t)$ уақыт бойынша тәуелділігі келесі түрде беріледі:

$$x(\xi) = a_M (\cos \xi - e) \quad (1.8)$$

$$y(\xi) = a_M \sqrt{1 - e^2} \sin \xi \quad (1.9)$$

$$t(\xi) = \frac{T_M}{2 \cdot \pi} (\xi - e \cdot \sin \xi) \quad (1.10)$$

Эллипс бойынша толық айналым ξ параметрінің 0 ден 2π - ге дейінгі өзгерісінде болады. Марс орбитасын тұрғызу үшін гелиоцентрлік санақ жүйесінде Жер мен Марстың күйін сипаттайтын радиус –вектордың координаталарын есептеу керек. Одан кейін (1.3) өрнекке сәйкес Марс орбитасының санақ жүйесіндегі координаталарын Жермен байланыстырып есептеу керек. Осы тізбекті есептеу алгоритмі арқылы жазайық.

1. ξ параметрінің өзгерісінің интервалын беру керек.

2. ξ параметрінің өзгерісін N тізбектелген интервалдарға бөлу.

3.(1.10), (1.8), (1.9) өрнектеріне сәйкес ξ әр бір айнымалы үшін есептеу.

4.Уақыттың әр бір мәні үшін (1.5) өрнекке сәйкес Жер қозғалысының координаталарын есептеу.

5.Уақыттың әр бір мәні үшін санақ жүйесінде Марс орбитасының координаталарын Жермен байланыстырып есептеу.

6.Гелиоцентрлік санақ жүйесіндеМарстың Жермен байланысты орбитасын тұрғызу. Жоғарыда көрсетілген алгоритм Mathcad пакетінде келесі түрде орындалады:

1.Жер және Марс орбиталарының параметрлерін беру:

$$R_1:=1.496*10^8, T_1:=365.24,$$

$$a_M := 2.28 \cdot 10^8, T_M := 689.98 \quad e := 0.093.$$

(1.5), (1.8) - (1.10) өрнектеріне сәйкес функцияны беру:

$$x(\xi) = a_M (\cos \xi - e), \quad y(\xi) = a_M \sqrt{1 - e^2} \sin \xi, \quad t(\xi) = \frac{T_M}{2 \cdot \pi} (\xi - e \cdot \sin \xi),$$

$$X(t) := R_1 \cdot \cos\left(\frac{2\pi}{T_1} t\right) \quad Y(t) := R_1 \cdot \sin\left(\frac{2\pi}{T_1} t\right)$$


2. ξ параметрінің өзгеру интервалын N интервалдарға бөлейік:

$K := 9$ – Марстың Күнді айнала қозғалуындағы айналу периодының саны,

$$N := 4000 \cdot K, \quad i := 0 \dots N$$

$$\xi_i := \frac{2 \cdot \pi}{N} \cdot i$$

1. Жер мен Марс орбиталарын гелиоцентрлік санақ жүйесінде тұрғызу (Сурет 1.5).



1.5 Сурет

Марс қозғалысының негізгі сипаттамаларының бірі Жер мен Марстың ара қашықтығы $s(t)$. Ара қашықтық Жермен байланысты Марстың санақ жүйесіндегі орнын сипаттайтын радиус-вектордың модулі арқылы анықталады. Жер мен Марстың ара қашықтығының уақытқа тәуелділігі 1.6 суретте көрсетілген.

1.6 суретте көрсетілген тәуелділік анализі Жер мен Марстың қашықтығы уақыттың күрделі периодты функциясы екендігін көрсетеді.


Бірінші жуықтауларда Марс орбитасын шеңбер ретінде қарастыруымызға болады, сондықтан да $s(t)$ функциясы келесі түрде жазылады:

$$S(t) = \sqrt{R_M^2 + R_1^2 - 2R_M R_1 \cos\left[2\pi \left(\frac{T_M - T_1}{T_M T_1}\right) t\right]} \quad (1.11)$$


Бұдан $s(t)$ периодты функция екендігі көрініп тұр

$$T_s = \frac{T_M T1}{T_M - T1} \quad (1.12)$$

(1.11) өрнекте көрсетілген $s(t)$ тәуелділігі 1.7 суретте көрсетілген.



1.6 Сурет



1.7 Сурет

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Омаров Т., Күн және табиғи құбылыстар, – Алматы : Қазақстан, 1978ж.
- 2.Жаңабаев З.Ж. Жалпы астрономия. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы : Қазақ университеті, 2010ж.
- 3.КирьяновД.В. Мультимедийный учебник по Mathcad 14

ӘОЖ 98.27

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕСТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

АРЫМБАЕВА САНДУГАШ ДУНЕНБАЕВНА

М.Мақатаев атындағы №14 орта мектебінің география пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье родителям следует рассматривать общение и непосредственный контакт со школой как свою основную задачу в воспитании детей, ведь от результатов воспитательной работы класса и школьного коллектива зависит их успех в воспитании детей. Данная ситуация требует сотрудничества семьи и школы для улучшения содержания, качества и эффективности образовательного процесса.

Summary. In the article, parents should consider communication and direct contact with the school as their main task in raising children, because their success in raising children depends on the results of the educational work of the class and school staff. This situation requires cooperation between family and school to improve the content, quality and effectiveness of the educational process.

Ата-аналар балаларды тәрбиелеу ісінде мектеппен қарым-қатынас, тікелей байланыс жасауды басты міндетіміз деп есептеуі тиіс, өйткені олардың өз балаларын тәрбиелеудегі жетістіктері сынып, мектеп ұжымының оқу-тәрбие жұмысының нәтижесіне байланысты. Бұл жағдай оқу-тәрбие процесінің мазмұнын, сапасын және тиімділігін жақсарту үшін, отбасы мен мектептің ынтымақтасып жұмыс істеуін қажет етеді.

Сынып жетекшінің бұл бағыттағы жұмыстары ата-аналар комитетін құрып, оның мүшелеріне белгілі бір бағытта тапсырмалар беру және олардың жұмыстарын ұйымдастыруға кеңес беріп, қолқабыс көрсетуден басталады. Кейбір ата-ана өз балаларының сыныпта атқарып жүрген қоғамдық жұмыстарына барынша қолдау көрсетеді. Мысалы: баласы спорттық шараға, мәдени жорыққа жауапты болса, оның ата-анасы да өз мүмкіндігінше баласына қолдау көрсетіп, оған қажетті материалдарды табуға көмектесіп отырады. Мұндай ата-аналарды сынып өміріне араластырып отыру да сынып жетекшісінің осы бағыттағы жұмысына жатады. Сонымен бірге, сынып жетекшісі бұл бағытта ата-аналармен, жалпы мектеп көлеміндегі қоғамдық ұйымдармен де мектепке қатысты жалпы мәселелерді ортақтаса шешуде бірлесе жұмыс жүргізеді.

Мектеп – өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Мектеп еш уақытта отбасынан, қоғамнан бөлініп мекеме болған емес. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен, қоғаммен, еңбек ұжымдарымен тығыз байланысты. Мектепте іс-әрекеттің ең бастысы – тәрбие түрлерінің (дүниетаным, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі және т.б.) мақсаты мен міндеттері жүзеге асырылады. Осы жұмыстарға мектеп басшылық жасайды, көмектеседі, тиісті тұлғалармен, ұйымдармен, отбасымен бірігіп, іске асыруды қамтамасыз етеді. Балалармен жұмыс істеу көп ізденуді, еңбек етуді қажет етеді. Әсіресе, сынып жетекшісіне жүктелер жауапкершілік мол. Балалардың ата-аналарымен тығыз байланыста болған жағдайда ғана талапқа сай жұмыстар жүргізуге болады. Мектеп пен отбасының сынып жетекшісі арқылы реттелетін педагогикалық процестерінің арақатынасы мұғалім қызметінің диагностикасы негізінде қойылған міндеттерімен анықталады.

Бала үшін отбасы – ең алғашқы да аса белсенді тұлғалық қалыптасу көзі. Отбасында қабылданған көзқарас, салт-дәстүр, ұстаным, әрекет-қылқылқ үлгілері тұлға микроэлементіне бастау беріп, оның барша өмірінің негізгі сипатын қалайды. Отбасы тәрбиесінде қолданылатын басты

әдістер – үлгі-өнеге, бірлікті еңбек, іс-әрекет, әңгіме-сұхбат, қолдап-қуаттау, баланы қорғау. «Мендей бол!», «Мендей істе!» ұранымен тәрбиелей отырып, ата-аналар өз өнегесімен қалай жасау, еңбектену қажеттігін үйретіп, сыйластық, сүйіспеншілік сезімін білдіреді.

Кей мектепте құрамына жергілікті әкімшілік өкілдері, кәсіпорын, фирма, мәдени-ағартушылық ұйымдар, мәдени ұлттық орталықтар басшылары кіретін қамқорлық кеңестері қызмет етеді. Мектептің отбасымен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстар жүйесінде мектеп кеңестерінің қызмет-әрекеті ерекше орын алады, олардың қызметтері сан түрлі болып келеді. Олар ата-аналардың мектеппен байланысын нығайтуға, олардың педагогикалық сауаттылығын ұйымдастыруға ықпал етіп, кейбір отбасына бала тәрбиелеуде көмек көрсетеді (көп балалы отбасыларға, жағдайы нашар отбасыларға).

Мектеп қызметкерлерінің және ата-аналардың балаға қатысты өзінің міндеттерін орындау үшін оларға әрекеттестік жауапкершілігі жүктеледі. Олай болса, үлкендер міндетін сапалы атқару үшін – бірлік қажет. Бірлік – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы маңызды этикалық ұғым. Бірлік – адамдар арасындағы ынтымақтастық, үйлесімді тіршілік әрекетінің көрінісі.

Отбасы мен мектептің бірлікте болуы үштіктің өзара айналымына байланысы қажет: үлкендер, балалар олардың арасындағы бірліктен шынайы қарым-қатынас, өзара келісім, түсіністік туындайды. Отбасы мен мектептің бірлігі – бала тәрбиесінде отбасы мен мектептің бірін-бірі толықтыруы, өзара келісе әсер етуі, ықпал жасауы.

Педагогтар ата-аналармен жұмыс жасағанда оларды оқу-тәрбие процесіне ұдайы тартуға ықпал етеді. Оларды әртүрлі үйірмелер, спорттық секцияларды ұйымдастыру және т.б. жұмыстарға қатыстырады. Сонымен бірге, ата-аналармен бірігіп, жүйелі бірді-екілі өткізілген сыныптық жұмыстардың тәрбиелік тұрғыда тиімділігі жоғары. Мысалы, бос уақыттарында отбасы мүшелері өздері қолдан жасаған бұйымдарын және т.б. заттарын көрсететін «Менің отбасым» «Менің отбасымның жетістіктері» және т.б. тақырыптағы іс-шаралар өткізеді.

Педагогтардың ата-аналармен жұмыстарының жүйесі, оларды мектепке тартуды көздейді. Ата-аналар заңды түрде мектеп ұжымына кірмейді, бірақ олар мектеп жұмыстарын орнымен ұйымдастыруға педагогтармен бірдей атсалысады. Олар мектепке әлеуметтік тапсырыс берушілер, сондықтан олар мектеп өміріне белсене араласуы тиіс. Өздері ассоциация құра отырып, өзін-өзі басқару органдарын құра алады және мектептің кейбір мәселелерін өз беттерінше шеше алады. Олар мектептің ата-аналар жиналысы, ата-аналар комитеті және оның комиссиясы, секциялар және т.б. жұмысшы органдар болуы мүмкін. Сонымен бірге ата-аналар мектеп кеңесінің толық құқылы мүшесі де бола алады.

Бала тәрбиесінің өзегі – отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ – бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана – баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Сондықтан, әрбір ата-ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, жан-жақты етіп тәрбиелеуге міндетті. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Оған «Балалар құқығы туралы Конвенция», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Балалардың құқығы туралы» Заңы және т.б. құжаттар дәлел бола алады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті», – делінген. Бұл жолдар әр баланың білім алуына мемлекеттің басты назар аударатынын және ол отбасының парызы екенін айғақтай түседі. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 49-шы бабында ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер «баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға, ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға, білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға, өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері жөнінде психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек алуға құқығы бар» және олар «балаларға өмірі мен оқуы үшін саламатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуға, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті» – деп жазылып, жас ұрпаққа тәрбие, білім беру процесінде қатысушы субъект ретінде ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктелген.

Қазіргі кездегі жасөспірімдердің арасындағы қылмыстың көбеюі, адамзаттың басына төніп тұрған әртүрлі дерттің қанат жаюы, бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Баланың негізгі тәрбиешісі – өзінің туып-өскен ортасы, ата-анасы. Баланың дұрыс азамат болып өсуі немесе өспеуі көбінесе үлкендерге байланысты. «Баланы-жастан...» деген сөздің мазмұны өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң, баласының теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Жасөспірімдердің білім алуында, тәрбиесінің дұрыс қалыптасуында мектеп пен отбасының тығыз ынтымақтастық қарым-қатынаста болуы қажетті жағдай болып табылады.

Бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасы ынтымақтастығы дегеніміз – жеке тұлғаны тәрбиелеу мақсатында үйлестірілген тәрбиелік іс-шаралардың бір жүйеге бірігуі. Оқушыларды тәрбиелеуде мектеп пен отбасы ынтымақтастығының жоғары өлшемді болуына сынып жетекшісі, педагог-психолог, әлеуметтік-педагогтың орны ерекше. Сонымен қатар, мектеп оқушыларын тәрбиелеуде пән мұғалімдерінің де алатын орны зор. Пән мұғалімдері оқушылардың пәнге деген ынта-ықыласына байланысты дара ерекшеліктерін, танымдық қызығушылықтарын ашады.

Мектеп пен отбасы байланысының басты формасы – ата-аналар жиналысы. Онда күнделікті өмір, еңбек, демалыс, балалардың бос уақыты, кәсіптік бағдар, оқу, тәрбие жұмысы және т.б. талқыланып, оларды одан әрі жетілдірудің нақты жолдары қарастырылады. Сыныптың ата-аналар жиналысында ата-аналар комитеті, олардың төрағасы сайланады.

Ата-аналар жиналысы мектеп бойынша жылына екі рет, сыныптар бойынша төрт рет өткізіледі. Жиналысты дұрыс ұйымдастырып өткізуге, ата-аналар комитеті мен ата-аналар белсенділері және мектеп басшылары сынып жетекшілерімен бірдей жауап береді. Ата-аналар жиналыстарында оқу-тәрбие жұмысы қаралады, оның сапасын жақсартудың негізгі жолдары белгіленеді. Кейбір ата-аналар отбасылық тәрбие жайлы есеп береді. Жиналыстарда сынып жетекшілері ата-аналарды сынып ұжымының оқу-тәрбие жоспарымен, ал мектеп басшылары балалар және ата-аналар комитетінің іс-жоспарларымен таныстырады.

Мектеп өмірінде тақырыптық ата-аналар жиналыстарын өткізіп отырудың тәрбиелік мәні зор. Мұндай жиналыстардың мақсаты – ата-аналарды психологиялық-педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, ой қорыту. Ата-аналар қауымының тұрақты органы – ата-аналар комитеті. Ол мектеп ұжымымен бірге, оқу-тәрбие және жұртшылық көмегін пайдалана отырып, оқу-тәрбие және шаруашылық жұмыстарын жақсартудың шараларын жасайды, оларды іске асырудың барлық мүмкіншіліктерін қарастырады. Ата-аналар комитеті айналысатын басты мәселелерге мектеп және сыныптар бойынша ата-аналар жиналыстары, конференциялар, семинарлар өткізуге көмектесу; үлгермейтін және қиын балаларды назарда ұстау, сынып жетекшілеріне көмектесу; үйірме жұмыстарын басқару; балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру; экскурсия, жорықтарды ұйымдастыруға қатысу; мектеп үйін жөндеу және т.б. жұмыстар жатады.

Ата-аналар комитеті мүшелерінен және ата-аналар белсенділерінен комиссия құрылып, мектеп жұмысының кейбір түрлерін педагогикалық ұжым мүшелерімен одақтасып бірге басқарады (оқу-тәрбие жұмысы; педагогикалық насихат; қоғамдық пайдалы еңбек; мәдени көпшілік жұмысы және т.б.).

Ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс ата-аналар комитеті (жалпы мектептік, сыныптық), ата-аналар жиналысы және конференциялары сияқты формалар арқылы жүзеге асады. Ата-аналар комитеті – ең белсенді, ықыласты деген ата-аналардан тұратын қоғамдық орган, ол жалпы мектептік немесе сыныптық жиналыстарда сайланады. Ол 5-6 адамнан (өзара негізгі міндеттерді бөліп алатын төрағадан және 4-5 мүшесінен) тұрады. Керек болған жағдайда, ата-аналар комитетінің жанында кеңестер, комиссияның ынталы топтары құрылуы мүмкін.

Ата-аналар жиналысы – мектеп өміріндегі қажетті атрибуттардың бірі. Оны қызықты және тиімді өткізу әсіресе, енді жұмыс бастаған жас сынып жетекшісіне ең пайдалы кеңес болары сөзсіз.

1. Ата-аналар жиналысын өткізу үшін, барынша ыңғайлы күнді және уақытты таңдаған жөн. Осы уақытқа сіздердің балаларыңыздың ата-аналарының да ешқандай істері жоспарланбауы тиіс.

2. Ата-аналарды жиналысқа шақырудың тиімді әдістерінің бірі – шақыру қағаздарын даярлау. Шақыру қағаздарын түрліше безендіруге болады. Мәселен, типографиядан шыққан үлгілі-нұсқауды (балалардың өз қолымен жасалған нұсқасы немесе ата-аналар комитетінің көмегімен). Ең бастысы, бұл шақыру қағаздары ата-ана қолына жиналысқа 2 сағат қалғанда емес,

алдын ала жеткізілуі тиіс. Шақыру қағаздарына жиналыстың нақты тақырыбы, күн тәртібіне қойылған мәселелер, байланысу үшін сынып жетекшісінің, сынып ата-аналар комитеті төрағасының (төрайымы) телефон нөмірі жазылғаны жөн. Шақыру қағаздары сынып қорында жиналып, кез келген мейрам, әсіресе оқу жылының аяқталуы немесе мектеппен қоштасу кештерінің көркі болуы мүмкін.

3. Сынып ата-аналар жиналысына «Сіздердің балаларыңызды қызықтыратын маңызды проблеманы таңдаңыз және ата-аналармен бірге шешімін таба білуге әрекеттеніңіз» сияқты мәселелерді шешу үшін «Сіз не дейсіз?» педагогикалық ток-шоуын өткізуге болады.

Тәрбие – нәрестенің ана құрсағында пайда болған сәтінен басталса, саналы тәртіп – тәрбиенің нәтижесі ретінде бала санаға жүгінген кезден бастап қалыптасады. Балаларды тәрбиелеуші ортаға – отбасы, балабақша, мектеп және т.б. жатады. Ал, тәрбиелеуші мүшелер (ата-ана, сынып жетекшісі және т.б.) балаларға тәрбие беруде жетекшілік қызметті атқаруы тиіс. Ата-ана өз балаларының жан дүниесін жақсы түсініп, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудыруы үшін, бала тәрбиесіне қатысты білімі мен білігін ұдайы көтеріп отыру қажеттілігін өздері түсінуі қажет.

Ата-аналармен хат жазысу (электронды пошта арқылы) – ата-аналарға олардың балаларының жетістіктері туралы жазбаша ақпарат беру формасы. Бұл жағдайда ата-аналарды алда бірігіп атқарылатын іс-әрекеттерге тартуға және оларға бала тәрбиесі бойынша ақыл-кеңестер беруге болады. Мұндай хат алысудың басты шарты – көңілді де жақсы қарым-қатынас жасау.

Ата-аналармен хат жазысуға баланың күнделік дәптері пайдаланылады. Сынып жетекшісі оған баланың оқуға, қоғамдық жұмысқа қатысты тәртібі туралы қысқаша жазып отырады.

Дегенмен, мектеп пен отбасының өзара қарым-қатынасының нәтижелі болуы, көбінесе педагогикалық тұрғыдан таңдалған қарым-қатынас пен өзара іс-әрекет формасына байланысты. Олай болса, сынып жетекшісі және ата-аналардың өзара жағымды қарым-қатынасын ұйымдастыруға сай жоғарыда аталған жағдайлардың межеге айналуы, бала тәрбиесіндегі олардың өзара тәрбиелік, ұйымдастырушылық іс-әрекетінің біртіндеп жоғары деңгейде нәтижелі болуына септігін тигізеді.

Отбасы, мектеп, мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, балалар және жасөспірімдер бірлестіктері, көше, бұқаралық ақпарат құралдары – бұлардың бәрі де тұлға дамуындағы қалыптастырушы ықпал жасайтын ерекше «тәрбиешілер» тобын құрайды. Бала осы аталған ұйымдардың өз өмірінде қайсысы басым болса, сонысын таңдайды, соның ықпал тәуелділігінде болады. Отбасы айтқанына көндіріп тәрбиелейді; мектеп оңтайлы қылық, дұрыс көзқарас қалыптастыруға ұмтылады; балалар мен жеткіншектер ұйымдары қарым-қатынас жүйелеріне ендіреді; ал көше болса, отбасы, мектеп, әрқилы бірлестік топтар бере алмағандардың орнын толтырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мухаметжанова, А.О. Тәрбие жұмысының әдістемесі және технологиясы [Мәтін]: оқу құралы / А.О.Мухаметжанова. - 2-ші басылым. - Қарағанды: "Medet Group" ЖШС, 2019. - 182б. - ISBN 978-601-7938-78-9

2. Керімбаева Р.Қ. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдіснамасы [Электрондық ресурс]: электронды оқу құралы / Р.Қ.Керімбаева. - Тараз: ЖАТО, 2019. – 433. Мб: CD. - б/ж.

ӘОЖ 88(021)

МАТЕМАТИКАНЫҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУ

КАСЕНОВА Г.А., КАДИРБАЕВА Г.К.

№21 жалпы орта білім беретін мектебінің математика пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. Данная статья посвящена теме использования информационных технологий в преподавании математики. В ней анализируются цели и задачи преподавания математики.

преимущества и ограничения информационных технологий и их влияние на школьников. В статье также рассматриваются новые направления в математике.

Summary. This article is devoted to the topic of using information technology in teaching mathematics. It analyzes the goals and objectives of teaching mathematics, advantages and limitations of information technologies and their impact on schoolchildren. The article also discusses new directions in mathematics.

Математиканы оқыту методикасының міндеті математиканы оқыту процесін зерттеу, заңдылықтарын ашу, оны пән ретінде оқыту теориясын жасау болып табылады.

Математиканы оқыту методикасының жалпы міндеттерін көрсете отырып, оның мынадай дербес міндеттерін атап айтуға болады.

Пәннің мазмұны мен құрамы туралы жалпы міндеттер:

1) мектептегі оқу пәні ретінде математика курсының мазмұнын анықтау және оның ғылыми негізін жасау; курс мазмұнының шығуы мен дамуының ерекшеліктері мен алғы шарттарын ашып көрсету;

2) математика курсының мазмұны мен құрылу логикасын ғылым мен техниканың және қоғамымыздың бүгінгі талаптарына сәйкестендіру.

Сөйтіп, бұл міндеттерді шешу – математика пәннің мазмұнын анықтау мен жасаудың ғылыми негіздеріне теріледі.

Пәннің мазмұны мен құрамы жөніндегі дербес міндеттері:

1) математиканы оқытудың қазіргі таңдағы міндеттері мен мақсаттарын анықтап, осыған сай пән мазмұнының ғылыми дәрежесін көрсету;

2) математика пәніне керекті ғылыми материалдарды іріктеп алу принциптерін көрсету және оларды оқыту ретін анықтау;

3) шетелдік мектептердегі математика пәнінің мазмұнын зерттеу және кәдеге жарайтындарын пайдалану;

4) оқушыларға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын дайындаудың және оларды одан әрі жетілдірудің ғылыми негіздерін жасау болып табылады.

Математиканы оқыту жөніндегі жалпы міндеттер:

1) Математиканы оқытудың ерекшеліктерін анықтау және оларды ғылыми негіздеу;

2) педагогикалық процестің жалпы заңдылықтарын математиканы оқытудың нақты ерекшеліктеріне қолдану процестерін зерттеу;

3) математиканы оқытудағы озат тәжірибені зерттеу және қорытындылау;

4) педагогикалық жаңалықтар мен жетістіктерді математиканы оқыту процесіне икемдеу және практикаға енгізу техникасы мен методикасын жасау.

Сонымен, бұл міндеттерді шешу ғылыми негізделген, практикада сыннан өткен оқыту методикасы мен әдістерін мектеп өміріне енгізу болып табылады.

Математиканы оқыту жөніндегі жеке міндеттер:

1) оқытуды ұйымдастыру формаларын жасау;

2) оқушылардың білімін бағалау және оқытудың жеке әдістері мен тәсілдерін жасау;

3) оқыту процесінің тиімділігін тексеру;

4) мұғалімнің сабаққа дайындалуының мәнін ашып көрсету;

5) кластан тыс жұмыстарды жүргізу ерекшеліктері мен мазмұнын ашып көрсету.

Оқу процесінің бұл проблемаларын зерттеу мақсаты оқу және тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру мен оның жоғары көрсеткіштерге жетуін қамтамасыз ететіндей оқыту теориясы мен методикасының принциптік негіздерімен қаруландыру.

Математиканы оқыту теориясы жайындағы ілім бойынша жалпы міндеттер:

1) математиканы оқыту процесінде жүзеге асырылатын оқушылардың оқу қызметінің әр түрінің ерекшеліктерін анықтау және талдау, сондай-ақ олардың тәрбиелік мәнін ашып көрсету;

2) оқушылардың математикалық білімдерін, іскерліктері мен машықтарын жетілдіру мен оларды игеру процестерін зерттеу;

3) математика сабағында оқушылардың творчестволық қызметі мен қабілетін арттыру мен дамытудың тиімді әдістерін анықтау.

Бұл мәселелерді шешу оқушылардың творчестволық қызметі мен пәнге деген қызығушылықтарын қалыптастыруды қамтамасыз ететін, математикалық теориялар мен

идеяларды меңгерудің және оқу қызметін тиімді ұйымдастырудың түрлері мен әдістерін оқыту процесіне енгізуге тіреледі.

Математикаға деген сүйіспеншілік пен қызығушылық дегеніміз – мәселелерді шеше білу дегенді білдіреді. Мәселелерді шешу балалардың өмір туралы идеяларын тереңдетуге және кеңейтуге, олардағы практикалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мәселелерді шешу процесі балалардың психикалық дамуына жағымды әсер етеді. Математикада есептерді шешу қабілеті – математика деңгейінің негізгі көрсеткіштерінің бірі баланың дамуы, оның оқу материалын игеру тереңдігі. Бастауыш сыныпта интерактивті ойындар арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артып, есептерді шешуден қабілеттері арта түседі. Тапсырмаларды шешу барысында мәселенің шешімі екі–үш оқушының дұрыс жауаптарымен шектеледі, ал қалғандары дайын шешімдерді терең түсінусіз жазып алады. Сыныптағы кейбір оқушылардың математика сабағына деген белсенділіктері азаяды, олар проблемаларды шешуге қызығушылық танытпайды. Жаңа мемлекеттік стандарттың қабылдануы мектептерде математикалық білім беруді модернизациялаудың жаңа әдістерін табу және дамыту қажеттілігін туындатады.

Осыған орай жеке міндеттер:

1) оқушылардың дербес ерекшеліктеріне қарай математиканы оқыту процесінде тәрбие жұмысын жүргізудің тиімді тәсілдерін анықтау;

2) оқушылардың оқу қызметінің жеке түрлерін жетілдіруге және оларды игеруге ықпал туғызатын тәсілдерді анықтап, оларды зерттеу;

3) теориялық материалдарды игеруде және есеп шығаруда кездесетін қиындықтар мен оқушылар жіберетін қателердің алдын алудың тиімді тәсілдерін табу;

4) оқушылар өздігінен орындайтын жұмыстардың тиімділігін арттыру жолдарын анықтау және зерттеу;

5) оқушылардың абстрактілі ойлауы мен кеңістік туралы түсініктерін жетілдіру жолдарын зерттеу;

6) кластан тыс жұмыстарда оқушылардың творчестволық қабілетін тәрбиелеу жолдары мен олардың математика пәніне ынтасын арттырудың тиімді тәсілдерін анықтау.

Сонымен қатар математиканы оқыту процесінде прогресшіл көрнекі оқу құралдары мен оқытудың техникалық құралдарын жасау мен зерттеу және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін оқу құрал-жабдықтарын зерттеу міндеті қойылады.

Жалпы білім беретін мектептерде математиканы оқытудың маңызы мен мақсаты

Математика мұғалімі әрбір адамның өмірі мен ісіндегі математикалық білімнің ұлы күшін терең түсінуі керек және өз оқушыларын оған сендіруге міндетті.

Математика қоғам мүшесіне тән қабілет пен творчестволық ізденіске не жаңалыққа жаны құмар азаматтарға қоршаған ортаны одан әрі жақсарту және жетілдіру сияқты қасиеттерді дарытуда ролі зор. Бұл қасиеттердің нышандары мектеп қабырғасында қалыптаса бастайды.

Ғылым мен техниканың қарқындап өсуі «математикалық биология», «математикалық лингвистика», «математикалық экономика», «математикалық психология» сияқты пәндердің пайда болуына себепші болды. Математика жаратылыстану ғылымдарымен бірге, гуманитарлық ғылымдарда да қолданыс тапты.

Математиканың мектептік курсы оқушылардың ойлау қабілеті мен жалпы білім дәрежесін дамытуда және тәрбиелеуде әрі жетекші, әрі жауапты орын алады.

Математиканы мектепте оқыту:

а) оқушыларға қоршаған ортаны танып-білудің математикаға тән құралдарын меңгеруді үйретеді;

ә) оқушылардың политехникалық білімін дамытуға және оларды практикалық дайындауға көмектеседі; оқушылардың азаматтық қасиеттерінің жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз етеді;

б) оқушыларды математиканың практикалық қолданымымен таныстыра отырып, олардың ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттары мен маңызын түсінуіне көмектеседі;

в) оқушылардың логикалық ойлауы мен танымдық қызметтерін және кеңістік туралы түсініктерін дамытуға, творчестволық қабілеттерін қалыптастыруға ұйытқы болады;

г) оқушылардың зейіні мен байқағыштығын, ұқыптылық пен дәйектілік, дербестік пен жоспарлылық тәрізді еңбек мәдениетін дарытуға ықпал жасайды;

ғ) математика теориялары мен олардың дәлелдемелерінің әдемілігі эстетикалық тәрбие беруге; математикалық объектілердің материялығы оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыруға қолайлы жағдай туғызады.

Жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыруда ақпараттық технологиялардың маңызы зор. Күнделікті өмірде біз ақпараттық технологияларды күнделікті қолданамыз. Ақпараттық технологиялар ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және тарату үшін қажетті ресурстар. Ақпараттық технологиялар мыналарды пайдалануды білдіреді: электрондық форматтағы ақпарат (мәтін, бейне, аудио, анимация, сурет), ақпараттық тасығыштар (DVD, CD, флэш-жад), мультимедиа (ойын компьютерлік бағдарламалары, презентациялар және т. б.), аудиовизуалды жабдықтар (компьютер, ноутбук, СК-теледидар, проектор, интерактивті тақта). Қазіргі таңдағы мұғалім ақпараттық коммуникациялық технологиялар құзыреттілігіне ие болуы керек. Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік ақпаратқа қол жеткізу, оны іздеу, ұйымдастыру, өңдеу, бағалау үшін, сондайақ қалыптасқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты өмір сүру және жұмыс істеу үшін жеткілікті болатын өндіру және беру немесе тарату үшін ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану қабілеті.

Мұғалімнің АКТ құзыреттілігі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылады. «Интерактивті» сөзі ағылшынның «interact» сөзінен шыққан. «Интер» - «өзара», «акт» - әрекет ету. Интерактивтілік өзара әрекеттесу немесе сөйлесу режимінде болу, бір нәрсемен (мысалы, компьютермен) немесе біреумен (адаммен) диалог жасау мүмкіндігін білдіреді. Демек, интерактивті оқыту – бұл білім алушының оқу ортасымен, оқу тәжірибесінің аймағы ретінде қызмет ететін оқу ортасымен өзара әрекеттесуіне негізделген оқыту. Интерактивті оқытудың мәні оқу үрдісінің барлық мектеп жасына дейінгі балалардың үнемі белсендіру және өзара әрекеттесу жағдайында өтуінде жатыр. Үздіксіз ынтымақтастық пен өзара оқу бар: мұғалім-бала, бала-бала. Сонымен бірге мұғалім мен бала тәрбиенің тең субъектісі болып табылады. Мұнда тренингке бір қатысушының екіншісінен артықшылығы алынып тасталады. Интерактивті әдістердің көмегімен балалар ойлауға, қарым-қатынас жасауға, шешім қабылдауға үйренеді. Интерактивті оқытудың мақсаттарының бірі – оқушы өзінің жетістігін, өзінің интеллектуалдық өміршеңдігін сезінетіндей оқуға қолайлы жағдай жасау, бұл бүкіл оқу үдерісін нәтижелі және нәтижелі етеді. Интерактивті әрекет диалогтік қарым-қатынасты қамтиды, өйткені ол өзара көмекті, өзара түсіністікті талап етеді және адамдарды мәселелерді бірлесіп шешуге тартады. Интерактивті технология мектеп жасына дейінгі балаларда жаңа қасиеттер мен дағдыларды дамытуға бағытталған ойын, оқыту және еңбек – адамның негізгі қызметі.

Демек, математиканы оқыту барысында ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың үлгерімі мен нәтижелерін едәуір арттыра алады.

Қорыта келе, сабақтарда және сабақтан тыс математика сабақтарында ақпараттық технологияларды қолданудағы тәжірибе көрсеткендей, оқушылар қажетті тақырыптарды игере отырып, пәнге өте жоғары қызығушылық танытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Габдрахманова Ш.Т. Мұғалімнің өзіндік дамуы: педагогикалық рефлексия (электронды әдістемелік құрал). Орал, 2014.
2. Абдраманова Г.А. Рефлексия тәсілдері және олардың тиімділігін бағалау. Астана, 2017
3. Абдраманова Г.А. Сабақты зерттеу – мұғалімнің оқыту тәжірибесін жетілдіру тәсілі. Астана, 2017

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

АБИШЕВА Г.Н., КУРМАНЧАКОВ Р.Е.

№21 жалпы орта білім беретін мектебінің математика пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. Данная статья посвящена истории преподавания математики. В ней анализируются этапы истории развития математики. В статье также рассматриваются задачи, стоящие перед методикой преподавания математики в настоящее время.

Summary. This article is devoted to the history of teaching mathematics. It analyzes the stages of the history of the development of mathematics. The article also discusses the challenges facing the methodology of teaching mathematics at the present time.

Математиканы оқыту әдістемесі – педагогиканың бір саласы. Ол математика ғылымының белгілі бір даму дәрежесіне лайық қоғамның алға қойған оқыту мақсаттарына сай математиканы оқытудың заңдылықтарын зерттейді. Методика (әдістеме) терминінің төркіні «метод» «әдіс» — «жол» деген грек сөзінен шыққан. Математика әдістемесін басқаша «математика педагогикасы», «математика дидактикасы» деп те атайды. Олардың мағынасы бір-біріне өте жақын, сондықтан да оларды біз бір мағынада қолданамыз.

Математиканы оқыту әдістемесі ең алдымен математика ғылымымен тікелей байланысты дамиды. Сондықтан да математика әдістемесінің мазмұны мен даму барысын дұрыс бағдарлап түсіну үшін математика ғылымының даму тарихынан мағлұматтар білу қажет.

Математика ақиқат дүниенің кеңістіктік формалар мен мөлшерлік қатынастарын зерттейді.

Математиканың даму тарихын төрт кезеңге бөледі.

1. Математиканың тууы. Бұл кезең тарихқа дейінгі өте ерте дәірден басталып, біздің заманымызға дейінгі VI-V ғасырларға дейін созылды. Бұл аралықта математикалық білім дағдылар молайып, қорланады, математиканың алғашқы да негізгі ұғымдары (сан, фигура т.б.) қалыптасады.

2. Тұрақты шамалар немесе элементар математика кезеңі. Біздің заманымызға дейінгі VI-V ғасырлардан басталып біздің заманымыздың XVII ғасырына дейін созылған бұл аралықта негізінен тұрақты шамалардың қасиеттері зерттеліп, ашылады. Арифметика, геометрия, алгебра, тригонометрия ғылымдары дербес салалар болып бөлініп шығады.

3. Айнымалы шамалар немесе жоғары математика кезеңі. XVII ғасырдан бастап XIX ғасырдың орта тұсына дейін созылған бұл дәірде жоғары математикалық білім негізін қалайтын математика салалары болды. Олар Декарт (1596-1650) еңбектерінде жасалынған аналитикалық геометрия, Ньютон (1642-1727) және Лейбниц (1646-1716) негізін құрған дифференциалдық және интегралдық есептеулер, ықтималдықтар теориясы т.б.

4. Қазіргі математика кезеңі. Бұл дәуір XIX ғасырдың ортасынан басталады. Мұнда математика пәні мен қолданылу облыстары мейлінше кеңейіп, көптеген математикалық жаңа теориялар пайда болады.

Математиканың дамуына әсер ететін негізгі екі себеп бар: өмірлік практика мұқтажы және математика дамуының ішкі өз талабы. Математика өз тарапынан басқа ғалымдардың даму барысына да пәрменді әсер етіп отырады.

Математика мен математиканы оқыту тарихи тұрғыда қарбалас жүреді, өйткені адамзат қоғамының тіршілік етуінің негізгі шарттарының бірі – ұрпақтан ұрпаққа ғылым, білім ауысуы, яғни оқу, оқыту дәстүрінің қалыптасуы болып табылады. Бұл түптеп келгенде педагогика, әдістеме мәселелеріне саяды. Мысалы, біздің қолымыздағы ең ескі математикалық жазба ескерткіштер бұдан 4-5 мың жыл бұрын Египетте жазылған папирустар екені мәлім. Осы құжаттармен мұқият таныса келе олардағы арифметикалық, геометриялық есептермен қоса оларды шешудің әдістемелік қолайлы ережелерін де кездестіреміз, оқушылардың ынтасын арттыруды көздеген қызық есептер де бар.

Математикалық білім мен дағдылар молайып, мазмұны тереңдеп, ауқымы кеңейген сайын, оны үйретудің, үйренудің мәселелері де өзгеріп, күрделене береді, осылай әдістемелік жаңа

тәсілдер пайда болады. Математика әдістемесінің алдына қойылатын екі күрделі мәселе – іріктеу, сұрыптау мәселесі, яғни мұқият мол қорланған математикалық мұра ішінен қазіргі заман талабына сай, оқушылардың ой-өрісіне, күш-қабілетіне лайық келетіндерін таңдай білу проблемасы. Осыған байланысты математика оқу пәнінің мазмұны үнемі өзгеріп отырады. Бұл өзгерістер мынадай негізгі себептердің салдарынан туындайды:

а) оқыту мақсаттарының кеңеюі және қоғам дамуы мен оның техникалық – экономикалық мұқтаждығына байланысты мектепке қойылатын жаңа талаптар;

ә) ғылымның (математиканың) үздіксіз дамуы, онда жаңа пәндер, салалар пайда болуы;

б) қоғамның даму барысында оқушылардың жалпы дамуының күшейе түсуі, сәбилер мен жасөспірімдердің таным қабілетінің жаңа мүмкіндіктері мен қырларының ашылуы;

в) педагогика ғылымдарының, математика әдістемесінің дамуы, көпшілік мектептердегі алдыңғы қатарлы оқыту тәжірибелерін пайдалану. Мысалы, бұдан 25-30 жыл бұрын мектеп математикасы құрамында «арифметика», «тригонометрия» деп аталатын пәндер болатын, қазір бұлар дербес емес, олардың мазмұны басқа пәндерге енгізілген (бастауыш сыныптағы математика, жоғарғы сыныптардағы алгебра, геометрия, алгебра және анализ бастамалары). Бұлардың орнына көптеген ғылыми жаңа тараулар енгізілді (туынды, векторлар, координаттар, геометриялық түрлендірулер т.б.).

Математиканы оқыту әдістемесі өзара тығыз байланысты үш сауалға жауап беруге тиіс:

1) Математиканы не үшін оқыту керек?

2) Нені оқыту керек және қандай тәртіппен, ретпен оқыту керек?

3) Математиканы қалай оқыту керек?

Осыған сәйкес математика әдістемесінде үш негізгі кешенді проблема туындайды. Олар:

1) мектеп (немесе басқа оқу орны) математика курсының мазмұны жайлы проблема;

2) осы курстың құрылымы туралы проблема;

3) оқыту әдістері жайлы мәселе. Осы проблемелардың мән-мағынасына қысқаша тоқталып өтейік.

Математиканы оқытудың көпқасырлық тарихына қарап отырсақ, оның мазмұны өте ерте замандағы жай санау мен қарапайым фигурларды оқытудың ХХ ғасырдың бас кезінде қалыптасқан математикалық пәндер жүйесіне дейін қалай өзгергенінің куәсі боламыз (көрнекі геометрия элементтері аралас келетін арифметиканың бастауыш курсы, арифметика, алгебра, планиметрия, стереометрия және тригонометрияның жүйелі курстары).

ХХ ғасырдың басында орта мектептерде математиканы оқытуды кемелдендіру, жаңартуды көздеген реформа жүргізу үшін прогрессивті халықаралық қозғалыс пайда болды. Бұл қозғалыс ХХ ғасырдың екінші жартысында онан сайын күшейе түсті. Қазіргі кезде еліміздегі жалпы білім беру мектептерінде жүргізіліп жатқан математика курсының реформасы осының айғағы болып табылады. Ол толассыз іске асырылып отыратын үдіс: бір реформа аяқталысымен келесісіне ғылыми практикалық дайындық басталады. Осыған байланысты әдістеме алдына жалпы мектеп үшін математикалық ақпарат жүйесін іріктеу принциптерін негіздеу және дидактикалық өңдеу, талдау міндеті қойылады.

Математика пәнінде қандай ақпараттар беру керек, нені оқыту қажет деген мәселені шешумен қарбалас, оларды қандай ретпен, тәртіппен оқыту, яғни оқу курсын барынша тиімді түрде жеткізу проблемасы шешуін табу керек. Бұл үшін отандық және шетелдік психолог, педагог және әдіскерлердің жаңа зерттеулерінің нәтижелері есепке алынады. Мысалы, психология ғылымының қол жеткен табыстары бастауыш мектеп жасындағы балалардың қазіргі математиканың кейбір идеяларын игеруге бейім келетінін ашып отыр. Бұл жағдайда бастауыш мектеп математикасының құрылымы мен мазмұнын кемелдендіруде, өзгертуге еске алынууда.

Математика пәнін оқытуда және оны жақсартуда мынадай факторларды еске алу қажет:

1) пәннің ішкі логикасы мен оны өзгерту, түрлендіру мүмкіндіктерін пайдалану;

2) курстың мазмұнын құрайтын мәселелер арасындағы барлық ішкі байланысты ескеру;

3) бұл мәселелердің мектептегі математикалық білім берудегі мәнін анықтау;

4) материалды дидактикалық өңдеу, талдау, оның ұғымдылығын, қоғамдылығын арттыру мүмкіндігін ашу.

Математика әдістемесінде оқытудың жаңа да тиімді әдістерін іздестіру проблемасының маңызы үлкен, өйткені математика курсының жаңа мазмұны мен түзіліс жүйесі мұғалім мен шәкірттің жаңа әдістерді пайдалануын талап етеді. Оның үстіне оқытудың ежелгі дәстүрлі әдістері

эрқашанда ойдағыдай нәтижеге жеткізе бермейді. Сондықтан соңғы кездерде сабақ үстінде оқушылардың белсенділігін арттырып, мұғалімнің басшылығымен жүргізілетін оқушылардың өзіндік жұмыс істеуіне негізделген оқыту әдістері кең қолданылуда.

Оқыту әдістерінің тиімділігін арттыру жолында әдіскер ғалымдарымыз толассыз ізденіс жұмыстарын атқаруда, олармен бірге мыңдаған математика мұғалімдері де күнделікті әрбір сабақ үстінде тәжірибелер жинақтап бұл іске өз үлестерін қосуда.

Сондықтан да жоғарыда көрсетілген математиканың қазіргі дидактикасының үш негізгі проблемасы арасында оқыту әдістерінің дәстүрлі проблемасы, бұл ғылымның ең басты проблемасы болып қала береді.

Математика пәні бойынша мектепте қандай материал қандай ретпен өтілуге тиіс екендігі мектеп математикасы бойынша бағдарламалар мен оқулықтарда көрсетілген.

Бағдарламалар мен жаңа мектеп оқулықтарына талдау әрбір сыныпқа арналған оқулықтарда, мұғалімдерге арналған қосымша кітаптарда келтіріледі. Ал «математиканы қалай оқыту керек» деген мәселе «математиканы оқыту әдістемесі» пәнінің еншісіне тиеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Құрманалина Ш.Х. және т.б. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар.- Алматы: Атамұра, 1997.

2.Қосанов Б.М., Әміртаева Р.А. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар. - Алматы: Атамұра, 1998.

3.Оспанов Т.К. және т.б. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математикасы оқыту әдістемесі. - Алматы: Атамұра, 2005.

УДК. 004

ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ

БАЙДАУЛЕТОВА ЛАЗАТ ЫНТЫКБАЕВНА

Керімбай атындағы №12 мектеп - гимназиясы директорының құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, информатика пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье исследуются стремления к мировому образовательному пространству, новые складывающиеся условия в развитии общества, проблемы, вызванные целиной, обуславливающие необходимость адаптации к меняющейся жизни. Изучено, что появление новых реформ требует поиска новых методов и эффективных технологий организации учебного процесса и тесной связи с цифровыми технологиями.

Summary. This article focuses on the adaptation of the Russian language to modern technological requirements, problems and prospects of its preservation and development in the electronic environment. The paper analyzes data from both domestic and foreign studies. The main purpose of the article is to systematize knowledge about the role of the Russian language in the digital environment and identify the main problems and prospects for its development in the context of digital transformation.

Өркениетті қоғамның индустриалды-инновациялық мүмкіндіктері артқан сайын білім беру саласының өзгеруі заңды құбылыс. Ақпараттық қызметтердің күн сайын өміріміздің маңызды бөлігіне айналуы адамға көптеген жаңа мүмкіндіктерді игеруге негіз болады. Атап айтқанда, цифрлы қоғам құру тенденциясы адамның көптеген қызметтерін алмастыра алады.

Мемлекеттің экономикалық, саяси, мәдени көрсеткіштері ақпараттың жедел, қарқынды даму үдерісімен тығыз байланысты. Сондықтан да білім саласында цифрлық технологияларды меңгерген педагогтың болуы заңдылық.

Өлемнің көптеген дамыған елдерінде қалыптасқан дәстүрлі білім беру жүйесін түбегейлі реформалау қажеттілігі туындады. Бұл, өз кезегінде заманауи қоғамның сұраныстарын қанағаттандырмайтыны, жаңа заманның шарттарына сәйкес келмейтіндігі, қоғам дамуына кедергі

болатындығы айқындалды. Сондықтан да барлық саланы жаңартудың әдістері мен инновациясын ойлап табу қажет болды. Цифрлы технологиялар білім беру саласының негізгі трендіне айналды.

Интернет – адамның мүмкіндігін арттырып, ақпаратқа қол жетімді орта құруға әсер етті. Әсіресе, білім беру жүйесінің де іргетасын дамытуға септігін тигізді. Интернет арқылы адамзат өзіне қажетті ақпараттарды жылдам алатын деңгейге жетті. Онлайн курстар мен семинарлар білім беруді дамытудың индикаторы ретінде көптеген көрсеткіштерге жетті. Онлайн платформалары арқылы педагог білім берудің жаңалықтарын игерді. Бұл да цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін көрсетеді. Әртүрлі тапсырмаларды онлайн платформаларға ілі арқылы мұғалім мен оқушының цифрлық сауаттылығы мен дағдысы қалыптасты.

Н.Ә.Назарбаев өзінің баяндамасында: «Адамзат үшін ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында».

Ол негізінен білім беру саласында жаңаша ойлайтын, цифрлық технологияларды меңгерген, инновациялық үрдістерге ілесетін, заманауи шешім қабылдайтын, жаңа тұрпатты педагогты қажет етумен тығыз байланысты.

Себебі, әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр. Жаңа реформалардың пайда болуы жаңа әдістерді және оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімді технологияларын іздестіруді талап етеді. Ол цифрлық технологиялармен тығыз байланысты.

Бүгінгі қоғамның жаңа ұрпағы (Z буыны) цифрлық технологиялармен өмір сүреді. Сондықтан да мұғалім сабақта әртүрлі цифрлы технологияларды қолданады. Оның ішінде жасанды интеллект, робототехника мүмкіндіктері, виртуалды технологиялар, SMART технологиялар, электронды ресурстар т.б.

Цифрлы технологиялар алғаш рет Америка елінде пайда болды. Цифрлы технология ұғымы көптеген отандық және шетел авторларының зерттеу нысаны болды. Соның ішінде Б.С.Ахметовты, Р.Г.Бияшевті, А.В.Барабановты, Д.П.Зегжданы, М.Н.Калимолдаевті, С.В.Казмирчукті, М. Atighetchi, R.H. Campbell, J. Dawkins және т.б. атап айтуға болады.

Ресей ғалымы И.С.Глушков «цифрлық технологиялар-ақпарат өңдеумен байланысты пайда болған ұғым» — деп дәлелдеген. Ақпараттық технологиялар арқылы біз ақпарат алмасамыз, талдаймыз, сұрыптаймыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі адамзаттың жағдайы инновациялық технологиялардың дамуымен тығыз байланысты екенін айта келе, білім беру үрдісінде жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін арттыруды тапсырды. Бұл міндеттер экс-министр А.Аймағамбетовтің баяндамаларында жалғасын тапты.

Цифрлық технологиялардың шарықтау шегі Электронды Үкімет порталын, виртуалды электронды жүйелерді, виртуалды кітапханалар мен лабораторияларды дамытты. Цифрлы технологиялардың ауқымы кеңейді. Соның нәтижесінде жастар қолжетімді ақпараттарды қабылдап, сұрыптауды үйренді.

Цифрлы технологиялардың бірі - SMART. Ақылды технология, ақылды оқыту, ақылды техника - деп атауға болады. SMART - технологияның негізі Америка, Англия, Корея сияқты дамыған мемлекеттерде пайда болды. Ол ағылшын тіліне аударғанда «ақылды» деген ұғымды білдіреді. SMART технология – бұл барлық ақпаратты жинақтауға, қолайлы жұмыс мерзімдерін белгілеуге, ресурстардың жеткіліктілігін анықтауға мүмкіндік беретін заманауи тәсіл. Оның көмегімен көптеген проблемалардың алдын алып, өмір сүру деңгейін біршама жақсартуға болады.

Smart оқыту ортасын қалыптастыруда назар аударатын бірқатар ұғымдар бар. Ең алдымен, Smart learning – ақылды оқыту, кибер білім алу – онлайн тәртібінде білім алу түрі, контент – ақпараттық ресурсты немесе веб-сайтты кез келген маңызды мазмұнмен толықтыру.

E-learning – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Ақпараттық технологиялардың арқасында сабақ беру әдісі жаңаланып, білім беру үрдісіне қатысушылардың міндеті өзгереді. Электронды оқыту жүйесі педагог пен білім алушыға жаңа бағытты үйретеді.

E-learning білім беру жүйесінің мазмұны – сандық технологияларды, құрылғылар мен бағдарламаларды пайдаланудың әр түрлі тәсілдерін қолдана отырып, студенттердің танымдық құзыретін қалыптастыруды көздейді.

Plickers – статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдетіп, білім алушылардың жауабын лезде бағалап беретін қосымша. Бағдарлама өте қарапайым технологиямен жасалған. Қолдану барысында қиындық туғызбайды. Негізгі құрылымдары: мобильді қосымша, QR-код. Бұл – студенттермен кері байланыс жасауда онлайн тестілеу жүйесі бағдарламасының бір түрі. Plickers-тің тиімділігі сонда – ол оқу үрдісін өзгертпейді. Тек студенттерді қызықтыратын бағалаудың өзгеше тәсілі ретінде ғана қолданылады. Бұл қосымшаны қолдану үшін компьютерлік сынып немесе басқа да техника қажет емес, тек қана мұғалімнің ұялы телефоны қажет. Сонымен қатар, студенттердің өзіне де қызықты, себебі сабақта бір жағынан білімді тексеру жүргізілсе, екінші жағынан жақсы көрсеткішке жету үшін өзара бәсекелестік пайда болады.

Бұл технологияның ерекшелігі – мұнда QR-кодтардың қолданылуы. Біз кез келген жарнамалардағы QR-кодтарды қосымша ақпарат алу үшін арнайы бір сайтқа сілтеме жасайтынын білеміз. Алайда бұл QR-кодтардың жалғыз қолданысы ғана емес. Бұны Plickers қосымшасының бір элементі ретінде де көре аламыз. Сабақ барысында оқытушының ұялы телефоны білім алушылардың карточкаларындағы QR-кодтарды оқу үшін пайдаланылады. Олар сабақ үстінде телефонды пайдалану маңызды емес, әр балаға жеке карточка болады, яғни педагог-психолог алдын-ала QR-коды бар қағаздарды таратып береді.

Wordwall технологиясы арқылы педагогтер жаңа сабақты құрастырады. Білім беру процесінің негізгі міндеттерінің бірін шешуге көмектесетін оқу ресурсы ретінде оқушылардың ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Осы ресурстың көмегімен әр баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, интерактивті немесе баспа жаттығуларын құру арқылы оқытуды саралау мен дараландыруды ұйымдастыруға болады. Әртүрлі тапсырмаларды құрастыру арқылы мұғалім өзінің сабағын қызықты өткізеді. Викториналық сұрақтар, тест тапсырмалары, сәйкестендіру жаттығулары, ментальды карта, интеллект карта құрастыру т.б. тапсырмалар жасау арқылы білім алушының ізденуін, оқуға деген мотивациясын жетілдіреді. Сонымен қатар wordwall арқылы интерактивті ойындар өткізуге болады. Оқу тапсырмасын жасау үшін өз контентін таңдау қажет, содан кейін тапсырманы енгізу қажет.

Қорыта айтқанда еліміздің президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter желісіндегі парақшасында: «Цифрландыру- еліміздің болашағы мен ертеңі. Оны дамыту жастардың қолында. Еліміздің технологиялық келешегі жалынды жастарымыздың қарым-қабілетіне байланысты», — деп жазған болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы. — Нұр-Сұлтан, 2016 //www.akorda.kz/
2. Назарбаев Н.Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - Нұр-Сұлтан, 2018 //www.akorda.kz/
3. Аймағамбетов А.А. Отандық ғылымда жаңа серпіліс болады <https://egemen.kz/article/233068-askhat-aymaghambetov>
Қазақстан бүгінгі мен ертеңі <https://qazaq1913.com/2020/08/11/aza-stan-ylymy-b-gin->

МАЗМҰНЫ

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ.....	3
ПОЭТИКАЛЫҚ АРНАУЛАР.....	4
ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ	
ӘБЛОВ МЕНДІБАЙ. АЙТМҰХАНБЕТ ИСАҚОВТЫҢ СУРЕТКЕРЛІК, САЗГЕРЛІК	
КЕЛБЕТІ.....	7
МАҚАШЕВ БАҚЫТЖАН МАХАНҰЛЫ. ЖАМБЫЛ ӨҢІРІНДЕГІ АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ	
ДАМУЫ ЖӘНЕ АЙТМҰХАНБЕТ ИСАҚОВТЫҢ АҚЫНДЫҒЫ.....	9
МУРАТОВ ДАНАБЕК ДАУЫЛБАЙҰЛЫ. МҰХАМЕДЖАН ТАЗАБЕКОВ ПЕН	
АЙТМҰХАНБЕТ ИСАҚОВ АЙТЫСЫНДАҒЫ ОЙ БАРЫМТАСЫ МЕН СӨЗ	
ҚАРЫМТАСЫ.....	12

АЙТЫС – ҚОҒАМДЫҚ ОЙДЫ ҚОЗҒАУШЫ КҮШ

ЕСЕНОВ Ш.Н, ҒАНИҚЫЗЫ Б. РИНАТ ЗАЙТОВ ПЕН ҚЫРҒЫЗ АҚЫНЫ ТУТКУЧЕВ	
ААЛЫНЫҢ ЕЛ ТУРАЛЫ АЙТЫСЫ.....	14
ДЖАНАБАЕВА Д.А. ХАСАН-ХОДЖАЕВА К.А. АҚЫНДАР АЙТЫСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ	
ҚЫЗМЕТІ.....	17
ТӨЛЕНДІ Н.Ә. АЙТЫС - БАБАЛАР МҰРАСЫ.....	20
МҰСАБЕКОВА М.Д., ҚАЗЫБАЙ А.Р. АЙТЫС ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ЭТНОМӘДЕНИ	
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУЫ.....	21
ШНАЛИЕВА А.А., БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ Н. АЙТЫС – ҚОҒАМДЫҚ ОЙДЫ ҚОЗҒАУШЫ	
КҮШ.....	24

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІ

КОБЛАНДИНА М.И. ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ	
ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	27
НЕСІБЕРГЕНОВА Ә.Қ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ТАРИХИ-	
ЭТНОМӘДЕНИ ТҮРҒЫДАН ҚАРАСТЫРЫЛУЫ.....	30
АЛТЫНБЕКОВА М.Ж. Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНДЕГІ ТІЛДІК ДӘСТҮР	
КӨРІНІСІ.....	31
АДАМКУЛОВА Ш.Д., ҚАНАТҚЫЗЫ Д. АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ШЫҒЫСҚА ҚАТЫСТЫ	
ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....	35
АДИЕВА Ж.Ш., ҚЫЛЫШБЕКОВА К.С. ҮСТЕУЛЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	37
ОРМАНОВА Н.А. ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМДЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ	
САБАҚТАСТЫҒЫ.....	39
БОЛМАШ Д.К., АЛДОҒАРОВА Қ.Е. ҚАРСЫ МӘНДІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ	
КӨПМАҒЫНАЛЫҚ ПАРАДИГМАТИКАСЫ.....	43
ИГЛИКОВА Г.О., КОПАТЬ Ю.Д. ЗЕЙІН ШАШКИННИҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫ.....	46
НАМЕТКУЛОВА Г.Н., НАУРЫЗБАЕВА З.Н. М.ӘУЕЗОВТИҢ ФОЛЬКЛОРТАНУҒА	
ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....	49
НАДЫРБАЕВА Б.З., ӘСКЕРБЕК А.А. КӨПМАҒЫНАЛЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ	
СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ.....	52
АЛПЫСБАЕВА С.К. МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫН ҰЛТТЫҚ РУХТА	
ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОРНЫ.....	54
МАНАПОВА Г.Е., КАСЕНОВА А.А. ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ – МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛ	
БІРЛІКТЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ.....	58
ТУЙМЕБЕКОВА А.А. Б.МОМЫШҰЛЫ – ЕРЛІК ДАСТАНЫ.....	60
ДЖАСЫБАЕВА А.Р. , БІРӘЛІ А.Н. МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ СУРЕТКЕРЛІК	
ШЕБЕРЛІГІ.....	63
АБДЫХАНОВА Ғ.Т. АБДЫҚАДЫРОВА Т.Р. М.Х.ДУЛАТИДЫҢ АҚЫНДЫҒЫ.....	66
ОЛЖАБАЕВА Г.А., БЕЙСЕНБЕК Г.М. А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТАБИҒАТ ТУРАЛЫ	
ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ АУЫЛ ТҮРМЫСЫ.....	70

НУРДИНОВА Т.Е., САРТАЕВА А.А. АБАЙДЫҢ МӘДЕНИ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРІН АЙҚЫНДАЙТЫН АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ.....	71
КОКЕНОВА Ж.И., ДЖЕЛДЕРБАЕВА Ж.Р. АБАЙДЫҢ ҮСТІНЕН ЖАЗЫЛҒАН АРЫЗ-ШАҒЫМДАРДЫҢ АҚЫН ӨМІРБАЯНЫН НАҚТЫЛАУДАҒЫ РӨЛІ.....	73
НАЗАРКУЛОВА У.С. САРБАС МАЙКӨТҮЛЫНЫҢ АҚЫНДЫҒЫ.....	76
ЖАНТАЙБЕКОВА М.Ш., НҮРҒАЗЫ І.Д. ӘРІП ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	80
АМИРХАНОВА А.Б. ЗАМАН ХАЛІН ТАНЫТҚАН ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....	82
КУЛАМАНОВА С.М. ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ АҚЫНДАР МЕН ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ.....	85
БЕКЕТАЕВА Г.Т. М.МЫРЗАХМЕТҰЛЫ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	90
ШОРТАНБЕКОВА Н.М. АБАЙ ӨЛЕНДЕРІНДЕ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР МЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	94
АЮБАЕВА Р.К., ШАХМЕТОВА Г.Ж. Ғ.МҰСТАФИН ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР	98
ИСМАМБЕТОВА Л.М., БАЙШОНОВА И.Ш. ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТИМІЗДІҢ ДАРА САҢЛАҒЫ.....	101
ҚЫРҒЫЗБАЙ С.Д., ПЕРТАЕВА Э.Қ. ӘДЕБИ ШЫҒАРМАДАҒЫ КӨРКЕМ ХАРАКТЕР.....	103
ҮКІБАЙ Н.С., ПЕРТАЕВА Э.Қ. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	106
РЫСҚҰЛ Ә. Ж., ПЕРТАЕВА Э.Қ. ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	108
АЙБЕРГЕНОВА Ж.Қ., БЕРКЕНОВА Р.А. ЭДГАР АЛЛАН ПО – ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫНЫҢ АТАСЫ.....	112
ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА С.Ж., БЕРКЕНОВА Р.А. ОҚУШЫЛАРҒА ЕРТЕГІЛЕРДІ ОҚЫТУ.....	116
МӘДИЕВА ІНЖУ МАРЖАН., БЕЛБОТАЕВ А.Б. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРІНІҢ МАҒЫНАСЫ.....	120
ТУЛЕПОВА М.А., САРСЕНОВА М.Б. ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ.....	123
ҚАМЫСБЕКОВА Д.Н., САРСЕНОВА М.Б. ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СИНТАКСИСТІК ДЕРИВАЦИЯСЫ.....	125
ТАНЕКЕЙ Қ.А., ИГИЛИКОВА Э.С. ҚАЗАҚ ЖАҢЫЛТПАШТАРЫНЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ БАСҚА ДА ҮЛГІЛЕРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ.....	128
ЕСЕНОВА Д.Ж., ИГИЛИКОВА Э.С. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ М.МАҒАУИННІҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....	132
БАЛТАБАЙ Б.А., БЕРКЕНОВА Р.А. Ш.МҰРТАЗАННЫҢ ЖАЗУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ.....	136
ОҢЛАСЫН А.Б., АРХАБАЕВА Г.Е. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ.....	140
MURZABAЕVA B, NAURYZBAEVA A. SOCIAL ASPECTS OF KAZAKH ALPHABET TO LATIN GRAPHICS.....	143
ҚҰРМАНБЕКОВА А.Т. ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ.....	149
ЖАЛМАГАМБЕТОВА А.И., МЫРЗАТАЙ Н.Е. IDIOMS IN THE ENGLISH LANGUAGE.....	151
МАСЕЛБЕК Ж.Ш., ӨТЕБАЕВА Ш.Ш. АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЕНГЕН СӨЗДЕРМЕН ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	153

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУЫ

ОМАРОВА Г.Д. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН

ЗЕРТТЕУ.....	156
ДАЛИЕВА Э.Х., МЕДЕТ ҚАЗЫНА. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР.....	158
МИРЗАХАЛЫКОВА М.Ш., МИРЗАХАЛИКОВА К.М. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫН ОҚЫТУ.....	160
ОРДАБАЕВА Р.Б. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ САБАҚТА ҚОЛДАНУ ӘДІСНАМАСЫ.....	163
БИСЕИТОВА Ж. Р. СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЖҮЙЕСІ.....	166
САДҒАЛИЕВ С.Н. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ МЕНЕДЖМЕНТІ.....	169
АЛИМБАЙ А., ОРДАБАЕВА Р.Б. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ.....	172
ОРДАБАЕВА Ү.Б. ОҚУШЫЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕСТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	175
ҚАЛМАХАН Ө., ОРДАБАЕВА Р.Б. СПОРТҚА БАУЛУ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	179
АТАХОДЖАЕВ Ю., ОРДАБАЕВА Р.Б. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	181
АЛИМБЕКОВ Р.Т. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ.....	185
ЕРДЕН А.С., АЛИМБЕКОВ Р.Т. ҚАЗАҚСТАНДА ФУТБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ.....	188
КУЛМУРАТОВА С.К. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	190
ДАУЛЕТБАҚОВА С.Е. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ.....	192
ХАЙТАНОВА С.Ж., ТЕМИРТАЙ Б.Н. ОРЫС ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ.....	195
ПАПИЕВА Н.А. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	197
САРЫМУЛЛАЕВА Р.К. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МҰҒАЛІМ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ.....	200
КАДИРКУЛОВА К.О., САТАЕВА Ж.Е. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ.....	202
КАРАБАЛАЕВА З.А. АЛИК АЙШЫРЫН. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН САУАТТЫЛЫҚҚА ДАҒДЫЛАНДЫРУ.....	205
БЕРКЕН Ж.Қ. БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	207
ҚАСАБОЛАТОВА А.Ж. БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІС - ТӘСІЛДЕР.....	210
БОШҚАЕВА С.А. ТЕМПЕРАМЕНТ ТИПТЕРІНІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ЫҚПАЛЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	212
НАЗАРКУЛОВА А.С. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ДЕВИАНТТЫ ТӘРТІБІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ.....	215
БЕКСҰЛТАНОВ М.Е., АЛИМБЕКОВ Р.Т. СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ЗЕРТТЕУ.....	218
БЛЕЙМАН Ә.М., АЛИМБЕКОВ Р.Т. ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАЛЫҚ ЖҮГІРУДІҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ.....	220
СЕЙІТБЕК Қ.С., АЛИМБЕКОВ Р.Т. ЖҮРЕК ҚАН-ТАМЫР АЙНАЛЫМЫНА ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ ӘСЕРІ.....	223
ТҰРАР М.Е., АЛИМБЕКОВ Р.Т. СПОРТТЫҚ ШЫНЫҒУДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ.....	226
ШАКИР А.С., АЛИМБЕКОВ Р.Т. ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАЛЫҚ СЕКИРУЛЕР МЕН ЛАҚТЫРУЛАРДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ.....	228
ТОЙШЫБЕКОВА Г.Б. БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕ КОММУНИКАТИВТІК ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	231

ЖАЛБИЕВА А.С. ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	234
СЕИТОВА Т.Е. ҚОЛЖЕТИМДІ ЕҢБЕК ӨРЕКЕТТЕРІНЕ ТАРТУ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ БАСЫН ДАМЫТУ.....	237
ТУГАНБАЕВА К.Т. БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМГЕ ҚҰШТАРЛЫҒЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РОЛІ.....	239
НАГИЗБАЕВА Г.Ж. ӨРТҮЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА САБАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	241
ЖУНИСОВА А.К. БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЗАТТАРДЫҢ ПШІНІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	243
АКЧИБЕКОВА М.И., ШУЛЬГИН В.А. ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ В СТАРШИХ КЛАССАХ.....	245
АЖИБЕКОВА Ж.Т. С.ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	247
СЕГІЗБАЕВА Г.И. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ.....	249
АДИЛОВА С.Ж. ӘДЕБИЕТ ПӘНІН МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	253
БЕКТУРАЛИЕВА Ж.К. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ ПӘН РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ.....	256
НУСКАБАЕВА М.О. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	260
АЛИМБАЕВА Г.Б. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР.....	262
МУХАМЕДЖАН Е.А., АЛИМБЕКОВ Р.Т. ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫНАН КЕЙІНГІ ШАРШАУДЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛУДІҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ.....	265
ЕСИМХАНОВ А.М., АЛИМБЕКОВ Р.Т. ДЕНЕ САПАЛАРЫН (ҚИМЫЛДЫ) ЖЕТІЛДІРУДІҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ.....	267
ЕРКЕБАЙ Е.Н., АЛИМБЕКОВ Р.Т. ФУТБОЛ, БАСКЕТБОЛ, ВОЛЕЙБОЛ СИЯҚТЫ СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІМЕН ТАНЫСУ.....	270
АЛИМКУЛОВА К.А., ӘБЛҰХАН АЯУЛЫМ. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	272
АСЕТОВА М.Ғ. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНА ОҚЫТУ.....	275
ЖАНАБАЕВА С.А. ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ МӘНЕРЛЕП ОҚУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	278
КИСТАУБАЕВА Е.С. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР.....	280
АҚҚҰМАН А.Е. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	282
САНДЫБАЕВА П.Б. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНА ОҚЫТУ.....	285
ТАСҚАРАЕВА А.Б. ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ» САБАҚТАРЫНДА Б.СОҚПАҚБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ.....	288
ОМАРОВ А.Ж., КАРБОЗОВА И.А. ПРИМЕНЕНИЕ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ.....	292
АМІРОВА L.A. THE RELEVANCE OF USING DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCES IN MODERN ENGLISH LANGUAGE LESSONS.....	296
АКИЛОВА А.А. ПОВЫШЕНИЕ УРОВНЯ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ.....	297
УРАЗАЛИЕВА А.С. БАСТАУЫШ СЫНЫП МАТЕМАТИКАСЫН ОҚЫТУДА ЖАҢАРТЫЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ.....	300
ИЛЬЯСОВА Ж.А. ОҚУДА ЖАҢА ТӘСІЛДЕРДІ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМНІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҮДЕРІСТЕРІ.....	304

ДЖАНДАРБЕКОВА А.Ш. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ.....	306
АКЫЛБЕКОВА К.А. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ПӨНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕГІ ТИІМДІЛІГІ.....	308
ДЖОЛДАСБАЕВА Д.А МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУЫЗША ЕСЕПТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	310
АБИШЕВА А.Б. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ.....	312
БАЙМАМЫРОВА Л.Х. БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІ ДАМУЫ АРҚЫЛЫ ҚОЛАЙЛЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.....	315
ЕСБАЕВА М.Қ. БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ.....	318

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ТАЙСЕНГИРОВА А.М. НАЛИБАЕВА К.Д. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНДАҒЫ ХАНДЫҚ БІЛІК.....	322
БИНАЗАРОВА Б.К., АСИМБЕК А.Б. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	324
ТАЗАБЕКОВА С.Д., ТҮРҒЫНБЕК М.Ғ. ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	326

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ЖАКИПБЕКОВА Ж.Ж., БЕЙСЕНОВА Б.А. ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	329
КАРАБАТЫРОВА Н.Б., ТУРСЫНАЛЫ М. ТОПЫРАҚТЫҢ СУ ЭРОЗИЯСЫ.....	331
МУСАЕВА Ж.М., ШЛЯХОВА Г.В. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ.....	333
АЛТЫНБАЕВА А.А., ИВАНОВА К. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ГРАФИКЕ И ДИЗАЙНЕ.....	336
ТОЙЫМБЕКОВА Ж.Ж., ӨЗБЕК Е. САНАҚ ЖҮЙЕСІНДЕ МАРС ОРБИТАСЫН ЖЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП ТҮРҒЫЗУ.....	339
АРЫМБАЕВА С.Д. ОҚУШЫЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨРЕКЕТТЕСТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	342
КАСЕНОВА Г.А., КАДИРБАЕВА Г.К. МАТЕМАТИКАНЫҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУ.....	345
АБИШЕВА Г.Н., КУРМАНЧАКОВ Р.Е. МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ.....	349
БАЙДАУЛЕТОВА Л.Б. ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ.....	351

**«АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ АҚБЕРЕНІ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ
9-10 қазан, 2024 ж.**

Жарияланған мақалалардың стиліне, мазмұнына редакциялық алқа мүшелері жауап бермейді.

Шартты б.т. 22
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана
Тапсырыс №

ХТИИ баспаханасы,
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 75А